

Б 46(5А)
А 90

ындағы ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ

Қамбар Атабаев


ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ
ДЕРЕК КӨЗІ (1870-1918)

Қамбар Атабаев

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ
ДЕРЕК КӨЗІ (1870-1918)



АЛМАТЫ 2000

876.02(5Каз)


Д 90

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті
тарих факультетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

П і к і р ж а з ғ а н д а р:

тарих ғылымдарының докторы, профессор **Т.Омарбеков**,
тарих ғылымдарының докторы, профессор **Қ.С.Қаражанов**

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ



471882

Атабаев Қ.

Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). Ғылыми монография. - Алматы: Қазақ университеті, 2000. - 358 бет.

ISBN 5-7667-6764-1

Ғылыми зерттеу жұмысында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының жазба дерек көздерінің бірі - қазақ баспасөзінің пайда болуы, қалыптасуы, дамуы және деректері ерекшеліктері туралы әңгімеленген, баспасөзден шынайы, ғылыми құндылығы жоғары мәліметтер алудың теориялық-методологиялық принциптері көрсетілген, баспасөзге деректанулық талдау жасаудың тәсілдері мен жолдары ұсынылған.

Еңбек гуманитарлық ғылымдар факультетінің студенттеріне, магистранттарына, аспиранттарына, оқытушыларға, қазақ баспасөзі тарихымен және тарихи деректану мәселелерімен айналысушыларға арналған.

ISBN 5-7667-6764-1

© "Қазақ университеті" баспасы, 2000.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3-28
1. МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДЫ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ ТАЛДАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	29-70
1.1 ДЕРЕКТАНУ ҰҒЫМДАРЫ МЕН ТЕРМИНДЕРІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДЫ СЫНЫПТАУ	29-48
1.2 ҚАЗАҚ ТАРИХЫНА КАТЫСТЫ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМ- ДАР: ӨРКЕНДЕУ КЕЗЕНДЕРІ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ ТАЛДАУ ПРИНЦИПТЕРІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ	48-70
2. “ТҮРКІСТАН УАЛАЯТЫНЫҢ ГАЗЕТІ” ЖӘНЕ “ДАЛА УАЛАЯТЫ ГАЗЕТІНІҢ” ҚАЗАҚ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ МЕН ОРЫНЫ	71-123
2.1 ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ: ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАРЫ, МАКСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	71-96
2.2 РЕСМИ ГАЗЕТТЕРДІҢ БАҒЫТ-БАҒДАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕГІ МАҢЫЗЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ХІХ Ғ. СОҢЫ)	96-123
3. ҰЛТТЫҚ-БЕЙРЕСМИ БАСЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДЕРЕКТІК ОРНЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	124-176
3.1 “ҚАЗАҚ ГАЗЕТІ” ЖӘНЕ “СЕРКЕ” - ҚАЗАҚТЫҢ ТҮНҒЫШ БЕЙРЕСМИ ГАЗЕТТЕР	124-140
3.2 ҰЛТТЫҚ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАР: ПАЙДА БОЛУЫ, АЛҒЫШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ ЖАҒДАЙЛАРЫ	140-160
3.3 “АЙҚАП” ЖУРНАЛЫ ЖӘНЕ “ҚАЗАҚСТАН” ГАЗЕТ ..	160-176
4. “ҚАЗАҚ” ГАЗЕТІ - ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ	177-252
✓ 4.1 “ҚАЗАҚ” ГАЗЕТІНІҢ ШЫҒУЫ, ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТІК ЕРЕКШЕЛІГІ	177-203
4.2 “ҚАЗАҚ” ГАЗЕТІНІҢ СИПАТЫ МЕН НЕГІЗГІ АВТОРЛАРЫ	203-233
4.3 “ҚАЗАҚ” ГАЗЕТІНІҢ МӘЛІМЕТТЕРІ - БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ ӨМІРІНІҢ ДЕРЕГІ	234-252

5. 1917-1918 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ	253-321
5.1 АҚПАН ТӨНКЕРІСІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМ- ДАР: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ДЕРЕКТІК МАНЫЗДАРЫ	253-272
5.2 ОРЫС ТІЛІНДЕГІ БАСЫЛЫМДАР - ТҮРКІСТАНДЫҚ КЕҢЕС ОРГАНДАРЫ МЕН ТҮРКІСТАН АВТОНОМИЯСЫ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУКӨЗІ	273-294
5.3 ҰЛТТЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ БАСЫЛЫМДАР МӘЛІМЕТІ - АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ БОЛЬШЕВИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХИДЕРЕГІ	294 -321
ҚОРЫТЫНДЫ	322-332
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ	333-358

XX ғасырдың карама-қайшылықтарға толы сан алуан уақиғаларының тірі куәгері әкем Махамбет Атабайұлына арнаймын.

КІРІСПЕ

Енді ғана өз билігі өзіне тиіп, ұлттық мемлекетінің іргетасын қалай бастаған қазақ халқы үшін өзінің жүріп өткен жолының ғылыми шынайы тарихын жазу қажеттілігі күннен-күнге айқын сезілуде. Өйткені ұлттың бүгінге дейінгі тарихы - оның ертеңгі тағдыры. Барлық халықтар сияқты қазақтар да өзінің тарихи жолында жиған тәжірибесінің арқасында бүгінге жетті, бүгінгі болмысына сүйеніп ертеңіне қол созып отыр. Демек, қазақтың бүгінгі - қалтарысы мен қапылысы, шырғалаңы мен үмтылысы, қайғысы мен қасіреті көп кешегісінің, арманға, мақсатқа жеткізер, мол үмітін артар ертеңі - бүгінгі күнінің жалғасы. Сондықтан ұлттың кешегісін бүгінінен, бүгінін ертеңінен айыру мүмкін емес. Ал, осы біртұтас ұлт өмірінің алтын дінгегі, оның тұла бойындағы өзегі - оның тарихы.

Қазақ елі сияқты бодандық бұғауынан енді ғана босанып, алдына әлемдегі өркениетті халықтар санатына қосылу мақсатын қойып отырған ұлт үшін өзінің өткенін білу, төл тарихынан тағылым алып, оның сабақтарын ескеру - болашақ мақсаттарға жеткізер негізгі факторлардың бірі. Демек, қазақ халқының келешегінің қалай қалыптасуы, көп жағдайда, оның ғылыми тарихының қазіргі кезеңде қалай жазылуына, оның тарихи санасының қалай қалыптасуына да байланысты.

“Өзінің өткенінің жолы мен мәні жалпы ұлт санасының байлығына және сол өткеннің санасы әдеттегі ойлаудың актісіне айналған халық қана өз тарихын біледі” - деп жазды, өткен ғасырдың соңында белгілі орыс тарихшысы В. Ключевский (1). Міне, осындай қазақ елінің жүріп өткен жолы, осы жолда жиған мол тәжірибесін ұлттық рухани болмысының қайнар бұлағына айналдырар қуатты құралдардың бірі - оның ғылыми тарихы.

Демек, халқымыздың өткенін объективті көрсете алатын іргелі ұлттық тарихымыздың жазылуы, тарих ғылымдарының тәуелсіз еліміздің талаптарына сай дамуы талабынан, өмір сүранысынан туындап отырған қажеттілік. Еліміздің 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының бірінші жылы – 1998 жылдың Президент жарлығымен “Халықтар татулығы және ұлттық тарих жылы” болып жариялануы да сондықтан. Бұл халық жады – тарихтың қоғам өміріндегі, ұлт болашағындағы алар орнының маңыздылығының тағы бір дәлелі.

Сонымен, бүгінгі қазақ халқы үшін өз психологиясын, шаруашылығын, экономикасын өркениетті нарықтық қатынастар талабына сай қайта құра білу қаншалықты өмірлік маңызға ие болып отырған болса, тәуелсіз ұлттың рухани талғамын қанағаттандырар, оның санасы мен сезіміне әсер етер іргелі, ұлттық мәні бар ғылыми тарихтың пайда болуы да сондай маңызға ие болып отыр.

Соңғы уақытқа дейін саясаттың құралы ретінде пайдаланылып, өзінің тікелей міндетін атқаруға енді ғана мүмкіндік алған тарих ғылымының басқа ғылымдардан басты ерекшелігі оның зерттеу объектісінің, яғни қоғамдық құбылыстар мен оқиғалардың жаңа үрдістерде қайталанбай, алға өрлеп отыратындығында. Мұның өзі тарих ғылымын ылғи да соны, тың тарихи деректермен жұмыс істеуге мәжбүр етеді. Ал, өз кезегінде осы деректер өздерін үздіксіз сараптауды, яғни ғылыми сыннан өткізуді қажет етеді. Себебі, тарих деректері еш уақытта табиғатта “таза” күйінде кездеспейді. Оларды жасаған адамдарға тән кемшіліктер оларда да бар.

Ал, қазақ халқының төл тарихының табиғи негізі, оның өн бойында өрлеген өзегі – өзінің тума деректері. Қазақ қоғамы туралы негізгі мәліметтер сақталу формасы әр алуан болып келетін (ауызша, жазбаша т.б.) ұлттық деректерде сақталған. Қазақтарға қатысты басқа тілдерде пайда болған деректер сол мағлұматтарды толықтырады, тарихи құбылыстардың әр түрлі қырын ашуға көмектеседі. Олай болса, қазақ халқының толыққанды іргелі тарихын жазу үшін алдымен, сол тарихтың негізін құрайтын ана тілімізде дүниеге келген деректермен жұмыс істей білу қажет. Яғни, “кез келген халықтың нағыз ғылыми тарихын жазу, ең алдымен, сол халықтың өзі жасаған деректерді толық меңгермей мүмкін емес” (2). Халық тарихының қайсыбір беттерін оның

жасаған деректерінсіз-ақ жазбақ болған кеңестік тарихнаманың бүгінгі тағдыры осы пікірдің орынды екендігіне айғақ бола алады.

Демек, халқымыздың ғасырлар бойғы өмірі бейнеленген, саналуан объективті жағдайларға байланысты туындаған, әр түрлі түрде атадан балаға ауысып, бүгінгі ұрпаққа жеткен жәдігерлерімізді ұлт байлығы ретінде бағалап, ата мұрасы ретінде қастерлеп, келер ұрпаққа жеткізу, тарихи дерек ретінде пайдаланып, ұлт игілігіне жарату мемлекетіміздің де, қазіргі зерттеушілердің де міндеті.

Міне, осы тарихи деректерді іздеп тауып, ғылыми талдаудан өткізу арқылы оларда жинақталған ақпараттарды тарих игілігіне пайдаланумен деректану ғылымы айналысады. Тарих ғылымының өзінің ірге тасын құрайтын, негізін қалайтын деректану ғылымы арқылы ғана дами алатынын ескерсек деректанудың зор маңызы айқындала түседі.

Зерттеушілерді тарихи деректерді іздеп табуға (эвристика), оларды сыныптауға (классификация), деректанулық талдаудан (сыннан) өткізуге, сол арқылы деректерде кездесетін мағлұматтарды анықтауға олардың ғылыми құндылығын (толықтығын және шынайылық дәрежесін) айқындауға және оларды ғылыми-зерттеу жұмыстары айналымына енгізуге үйрететін ғылым саласы - деректану.

Бірнеше ғасырға созылған бодандықтың салдарынан бізде тарих ғылымының дамуы кенжелеп қалса, сол ғылымның маңызды саласы - деректану елімізде жүйелі ғылым ретінде әлі толық қалыптасқан жоқ. Еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты, бір жағынан ұлт тарихына қатысты деректердің жаппай жариялануы басталса, екінші жағынан, сол деректермен жүйелі жұмыс жүргізетін нақты ғылымның әлсіздігі жалпы ұлттық тарих ғылымының өркендеп дамуына тосқауыл болып отыр. Қазіргі кезде қалыптасқан мұндай жағдайдың өзінің зерттеу проблемасында тудырып отырған қиындықтары туралы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Т. Омарбеков: “Деректану ғылымынан, яғни тарих деректерін тану ісінен, дербес, арнайы еңбектер жазып жүрген тарихшы ғалымдардың Қазақстанда әлі де жоқтығы 20-30 жылдардағы күрделі кезеңнің деректерін ғылыми негізде жүйелеп, жіктеуге толық мүмкіншілік бермей отыр” - деп жазды (3).

Қазақстан тарихы ғылымының маңызды құрамдас бөлімі - деректанудың қажеттілігін өмірдің өзі ұлттық тарихымыздың дамуына байланысты күннен-күнге батыл талап етуде. Мысалы, ҚР ҒА академигі М. Қозыбаев ғұмырнама жазу мәселесіне байланысты, өзінің шығу тегі жағынан жеке адамдық деректер тобына жататын мемуарларды, Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтсақ - заманхаттарды, ғылыми талдаудан өткізудің қажеттілігі туралы: "Мемуарлық әдебиетке сын көз керек, ондағы деректерді ой елегінен өткізіп, басқа деректермен салыстырып отыру керек" - десе (4), қазақ халқының негізгі тума деректерінің бірі - шежірелер туралы: "...соңғы жылдары ұлтшылдық, жүзшілдік иесі аңқыған, қолдан жазылған "киіз" кітаптар, одан қалды шежірелер көбейіп барады. Өз аталарын дәріптеу белең алды, тіпті оларды Гомермен, Аристотельден жоғары қою байқалады. Көшіріп алып кісі еңбегін пайдалану, ата-бабасының жасанды шежіресін баспадан шығару індетке айналды. Біз аруақтар алдында, тарих алдында жауапкершілік алып мұндай алаяқтыққа, көргенсіздікке тиым салуымыз керек" - дейді (5).

Біз қазақтың тәуелсіз тарихының негізін қалаушылардың бірі профессор М. Қозыбаевтың бұл пікіріне толық қосыла отырып, деректерді сын көзден өткізудің, тарих ғылымындағы келеңсіз істерге қарсы күресудің барлық өркениетті елдерде бұрыннан қалыптасқан бір ғана жолының бар екендігін айтқымыз келеді. Ол - тарихи деректану ғылымын дамыту. Осы іспен айналысатын мамандар даярлау. Тек сол ғылым ғана деректерді деректанулық талдаудан өткізіп, шынды жалғаннан ажыратып, халықтың інжу-маржанын жолдан қосылған қоспадан айырып, өз игілігіне пайдалану үшін өзіне қайта ұсына алады. Енді ғана өз мемлекетін қалыптастыра бастаған қазақ халқы үшін жүзшілдікті, рушылдықты тарихи талас негізінде қайта қоздырмай, әрбір дерекке (шежіре, естелік, күнделік, заманхат т.т.) әділ бағасын бере алатын бір ғана төреші бар. Ол - деректану ғылымы. Ғылым алдында бәріміз бірдейміз. Барлық ғылымдар сияқты деректану ғылымы да өзінің табиғаты жағынан жалпы адамзатқа ортақ ғылым. Себебі, ол тек өз заңдылықтарына ғана бағынады. Ғылымға ғана қызмет етеді. Сол арқылы шындыққа жақындауға көмектеседі. Олай болса, елімізде тарих деректерін тану ғылымының дамуына көмектесу, оның қалыптасуына мүмкіндік жасау - қазақ халқының төл

тарихының өз негізінде іргесі берік қалануына, осы бастан дұрыс дамуына жағдай жасау болып табылады.

Көп жылдар бойы “КСРО тарихы” деген атпен оқытылып келген Ресей тарихына қарасақ, бұл елдің тарих ғылымы мен деректану ғылымының қатар дамығандығын, сөйтіп өзара игі ықпал еткендігін көреміз. Тарихи ойдың, ғылыми жүйенің қалыптасуы деректерге сын көзбен қараудың қажеттігін тудырды. Осылай, біртіндеп орыс деректану мектебі қалыптасты. Ал өз кезегінде тарихи деректерді тану ғылымының дамуы орыс тарихының негізгі кезеңдерінің, көптеген күрделі мәселелерінің тарихи еңбектерде жан-жақты ашылуына әсерін тигізді. Әрине, отарлаушы ел мен отар елдің жағдайы екі басқа. Ол осы екі елдің тарих ғылымының дамуының бүгінгі жағдайынан да айқын көрінеді. Егер, Ресей тарихшыларының алдында қалыптасқан дәстүрлі тарих ғылымын большевиктік-кеңестік идеология зардабынан тазартып, қайта қалпына келтіру, жаңа тарихи концепция негізінде оны одан әрі дамыту міндеті тұрса, біздің Қазақстан тарихы ғылымының алдында жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде ұлттық мүддені басшылыққа алатын толыққанды төл тарихымызды жазу міндеті тұр.

Бұл ретте деректану ғылымының алар орны, атқарар міндеті ерекше. Себебі, Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтсақ, тарихтың жемі болып табылатын кез келген шынайы дерек өзінің табиғаты жағынан объективті, өйткені ол белгілі бір уақиғаның немесе қоғамдық құбылыстың салдарынан пайда болады. Сондықтан дерек сол оқиға не қоғамдық құбылыс туралы өз бойында мәлімет сақтайды. Екінші жағынан, кез келген дерек субъективті, себебі оны белгілі бір субъект (жеке адам) жасайды, дүниеге әкеледі. Ал өз кезегінде ол субъект белгілі бір ұлттың, не таптың, не әлеуметтік топтың өкілі. Сондықтан деректер оқиға не қоғамдық құбылыс туралы объективті ақпараттармен қатар субъективті мағлұматтар да береді. Басқаша айтсақ, оқиғаның деректе белгілі бір дәрежеде бейнеленуімен қатар, дерекке дерек авторының дүниеге деген көзқарасы, түсінігі, психологиясы да енеді. Сондықтан зерттеуші тарихи деректі деректанулық талдаудан өткізуге тиіс болады.

Дәл осындай сыннан өткізуді қажет ететін жазба деректерінің үлкен бір тобын мерзімді басылымдар құрайды. Патша жарлығы мен оның жергілікті әкімшілік органдарының шешімдерін

халыққа жеткізіп отыру мақсатында 1870 жылдың сәуірінен бастап қазақ тілінде шыға бастаған алғашқы “Түркістан уалаяты газетінен” бастау алатын қазақ баспасөзі ХХ ғасырда негізгі ақпарат құралына айналды.

Қоғамда болып жатқан әр алуан, ірілі-ұсақты уақиғалар туралы дер кезінде оқырмандарына мәлімет жеткізу міндетін атқаратын мерзімді басылым, уақыт өте келе баға жетпес құнды деректер көзіне айналады. Халыққа болған оқиға туралы жедел ақпарат таратқан мерзімді басылым, сол оқиға туралы өз бойына қажетті мағлұматтар да жинайды, сөйтіп уақыт өте келе өзі де тарихи дерек көзі ретінде ғылымға қызмет етіп, оқиғалардың кейбір қырларын ашуға көмектеседі.

Дегенмен, мерзімді басылымдар жазба деректердің басқа түрлерінен тек өзіне ғана тән сипаттарымен ерекшеленеді. Сондықтан оларда сақталынған мәліметтерден объективті мағлұмат алу мақсатында зерттеушілер баспасөзді тарихи дерек көзі ретінде арнайы қарастыруға тиіс болады.

Мерзімді басылымдар мәліметтерін тарих дерегі ретінде зерттеумен, оларды белгілі бір дәрежеде талдаумен немесе сыннан өткізумен тарихшы-зерттеушілердің бәрі де айналысады. Дегенмен, оларды нақты тарихи проблемаларды зерттеуші-тарихшылар және мерзімді басылымдарды тарих дерегінің көзі ретінде зерттеушілер-деректанушылар деп бөлуге болады. Алғашқылары әдетте нақты басылымдағы өздерін қызықтыратын жылдардағы белгілі бір материалдарға талдау жасаса, соңғыларының міндеті нақты басылымның өзін жан-жақты зерттеу. Нақты мерзімді басылымның ерекшеліктерін жан-жақты көрсету арқылы деректанушы, нақты проблемаларды зерттеуші-тарихшыларға өз уақыттарын дұрыс пайдаланып, басылымнан қажетті мағлұмат ала білуге көмектеседі. Бұл жерде деректанушы тарихшы-зерттеушілерге жол көрсетуші міндетін атқарады. Бір деректанушының еңбегі, ондаған тарихшылардың өз уақыттарын тиімді пайдалануларына мүмкіндік жасайды.

Әсіресе, соңғы жылдары еліміздің тәуелсіздік алып, өз тарихын объективті жазуға мүмкіндік тууына байланысты ұлттық деректерге, оның ішінде қазақ тіліндегі басылымдарға деген жаппай қызығушылық, оларды ел тарихының дерегі ретінде ғылыми айналымға молынан тарту, қазақ баспасөзін өзіндік

ерекшеліктері бар тарихи дерек көзі ретінде кешенді талдаудың қажеттілігін күннен-күнге арттырып отыр.

- Газет не журнал белгілі бір мерзімділікпен өткенді өз бетінде бейнелейді. Сондықтан олар қоғам өмірінің өткені жазылған өзіндік күнделік міндетін атқарады. Демек, уақтылы шығып тұрған газеттер өткеннің белгілі бір кезеңдегі үздіксіз даму тарихын қалпына келтіруге көмектесе алады. Газет материалдары өзінің құрамы жағынан әр алуан болып келеді. Онда ақпараттық мәліметтермен қатар өзінің мазмұны жағынан әр түрлі жанрларға жататын жеке адамдық деректер: хаттар, күнделіктер, естеліктер т.б., ресми құжаттар, статистикалық мәліметтер, көркем шығармалар т.т. кездеседі. Баспасөз материалдарының өзінің құрамы жағынан күрделілігі оның басты деректік ерекшелігі болып табылады. Баспасөз мәліметтерінің формасы жағынан да мазмұны жағынан да әр түрлі болып келуі, олардан ұлт өміріне қатысты жан-жақты мәлімет алуға мүмкіндік береді.

Мысалы, қазақ тілінде пайда болған газеттерден қазақ тарихын зерттеушілер ХІХ ғасырдың соңғы үшінші бөлігінен бастап бүгінге дейінгі ел өміріне қатысты сан-алуан мағлұматтар ала алады. Бейнелеп айтсақ, ХІХ ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ жерінің одан әрі отарлану тарихынан бастап бүгінгі тәуелсіз мемлекет құру тарихына дейінгі қазақ халқының жүріп өткен жолын сарғайған газеттер беттерінен көруге болады. Көп жағдайда баспасөз материалдары біздің өткеніміздің кейбір сәттері туралы мәлімет бере алатын бірден бір дерек көзі болып шығады. Демек, ХХ ғасырдағы қазақ тарихын мерзімді басылымсыз толық ашып көрсету мүмкін емес деп сеніммен айта аламыз. Олай болса, алдымен сол мерзімді басылымдарды тарих дерегінің көзі ретінде зерттеу бүгінгі деректану ғылымының алдында тұрған міндеттердің бірі.

Мерзімді басылымдарды түрлі мамандық иелері әр түрлі мақсаттармен, әр түрлі қырынан зерттеуі мүмкін. Егер, журналистерді нақтылы басылымның әдеби-публицистикалық сапасы, автордың материалды бере білу шеберлігі қызықтырса, тарихшыны өзі зерттеп жүрген тақырыбы бойынша жарияланған фактылық материалдар қызықтырады. Ал, деректанушы баспасөзді оның деректік маңызы мен ерекшеліктерін көрсету үшін, жалпы тарих дерегі ретіндегі ғылыми құндылығын анықтау үшін зерттейді.

Мерзімді басылымды деректанушылық талдауға жататын мәселелерді зерттеуші И. Я. Биск төмендегідей төрт топқа бөлуді ұсынады:

1) сыртқы белгілеріне қарай: қағазы, мерзімділігі, таралымы, оқырмандардың әлеуметтік құрамы, таралым жолдары және аймағы;

2) иелеріне, қызметкерлеріне және экономикалық базасына қарай: баспагер-шығарушы, редакторы, редакция және оның ақпарат көздері, танымал авторлары, баспаханасы, қағаздың және басқа да қажетті шикі заттардың бағасы, қызметкерлердің жалақысы мен қаламақысы, сату бағасы және жарнама төлемі, жалпы ақша қоры, бәсекелестері;

3) мерзімді басылым тарихы ретінде: қашан шықты, атының өзгеруі, бұрын кімдердің иелігінде болғандығы, әр түрлі кезеңдегі қоғамдық өмірдегі алған орны, дәстүрі;

4) мазмұнына қарай: мерзімді басылымның таптық сипаты және партиялық бағыты, әр түрлі материалдар мен бөлімдердің ара салмағы, қарастырылып отырған кезеңдегі күнделікті өмірдегі негізгі мәселелерді, қоғамдық ой-пікірді көрсете білу дәрежесі (6).

Әрине, орыс деректанушысының бұл ұсынысымен негізінен келісуге болады. Көрсетілген мәселелерді анықтаудың мерзімді басылымның деректік құндылығын ашуға көмектесері даусыз. Дегенмен, қазақ баспасөзінің өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Ол өзі пайда болып кең тарала бастаған 130 жыл ішінде әр түрлі қоғамдық-саяси жүйеде шығарылып тұрады. Мысалы, тек бір ғана 1917 жылдың барысында қазақ баспасөзі үш түрлі саяси жағдайды басынан өткерді. Оның әрқайсысы да басылымдардың бағыт-бағдарына, мақалалар мазмұнына әсер етпей қоймайды. Сондықтан біздер үшін баспасөзге қатысты мәселелердің бастысы - оның қандай тарихи жағдайда шығып тұрғандығын, қандай мақсат-мүдде үшін күрескендігін, қандай құндылықтарды қорғағандығын анықтау.

Барлық өркениетті елдерде газет-журналдарға қатысты мәселелермен арнаулы “газеттану” ғылымы немесе деректану ғылымы айналысады. Мысалы, Германияда газеттану ғылымы өткен ғасырдың 20 жылдарында пайда болды. Сол жылдары елде газеттану әдебиеті көптеп шығарылды. 1926 жылдан бастап “Цайтунгсвиссеншафт” (Газет туралы ғылым) журналы шыға

бастады. 1930 жылы О. Гроттың “Газета” деп аталатын төрт томдық іргелі еңбегі жарияланды. Жалпы Веймар республикасы жылдарында газеттану саласында 522 диссертация қорғалып, олардың көбі жарияланды. Ол еңбектерде баспасөз ісінің теориясы мен методикасы, басылымдар жағдайы, мамандар туралы мәліметтер, рецензиялар т.т. басылып тұрды (7).

Дәстүрлі деректану мектебі қалыптасқан Ресейде мерзімді басылымдарға тарихи дерек ретінде әр түрлі еңбектерде талдау жасалынған (8). Егер, С. И. Антонова өз еңбегінде баспасөзді қазан төңкерісіне дейінгі КСРО тарихының дерегі ретінде қараса, А. М. Панфилова кеңестік мерзімді басылымдарды қазан төңкерісінен кейінгі КСРО тарихының дерек көзі ретінде қараған. Осылардың және басқа да орыс ғалымдарының еңбектерінде баспасөздің деректік ерекшеліктері, олармен жұмыс істеудің жолдары айтылып, баспасөз мәліметтерін ғылыми еңбектерде пайдалана білудің маңызы көрсетілген.

Сөз жоқ, ұлт тарихының деректерін, оның ішінде мерзімді басылымдарды да тарих деректері ретінде тану ісін енді ғана қолға ала бастаған біздер үшін, Ресей ғалымдарының осы саладағы еңбектерімен жете танысудың тигізер пайдасы мол. Дегенмен, мына нәрселерді ескергеніміз дұрыс: біріншіден, көрсетілген еңбектер кеңес өкіметі кезінде дайындалып жарық көрген. Сондықтан мерзімді басылымдар сол кездегі үстем коммунистік идеологияға сай таптық тұрғыдан қаралып, негізінен тап күресінің қуатты қаруы ретінде зерттелінген, екіншіден, КСРО тарихының дерегі деп аталғанымен, бұл еңбектерде тек орыс тілінде, орталықтан шығып тұрған басылымдар ғана Ресей тарихының дерегі ретінде қарастырылған.

Мерзімді басылымның тарих дерегі ретінде бейнелеу объекті мен ауқымдылығы тап күресінен әлдеқайда кең және жан-жақты. Газет пен журнал материалдары қоғамдық-саяси өмірдің кең суреттемесін қалпына келтіріп, зерттеудегі кезеңнің басты актуалды проблемаларын анықтауға мүмкіндік береді. Және де әр елдің, тіптен бір елдегі әр түрлі ұлттардың деректерінің, оның ішінде мерзімді басылымдардың да өзіндік ерекшелігі болмай қоймайды. Ол - заңдылық. Сондықтан тарихи сынның да ерекшеліктері болатындығы туралы В. О. Ключевский: “Барлық жерде тарихи сын қосымша ғылым ретінде бірдей болу керек пе,

жок әр жерде өз ерекшелігіне қарай жергілікті тарихи сынның да өз ерекшелігі болу керек пе,” (9) - деген сауал қойып, оған өзі: “Тарихи сынның өз ерекшелігі болу керек. Ол тарихи сынның міндеттері мен тәсілдерінің тарихи деректің өзіндік қасиеттерімен тығыз байланыстылығынан туындайды. Ал, деректердің өзіндік қасиеттері барлық жерде бірдей емес” (10) - деп жауап береді.

Яғни, Қазақстандық мерзімді басылымдар, әсіресе қазақ тіліндегі газет-журналдар Қазақстан тарихының дерек көзі ретінде арнайы зерттелуі тиіс.

Жұмыстың өзіндік ерекшелігі мен көпқырлылығы оның зерттеу деңгейін бірнеше топқа бөліп қарастыруды қажет етеді. Елімізде деректану мәселесімен арнайы айналысатын белгілі орталықтар болмаса да, Қазақстан тарихына қатысты деректерді талдау ісімен Б. Е. Көмеков (11), В. П. Юдин (12), К. Ш. Хафизова (13), Т. И. Сұлтанов (14), М. Х. Әбусейтова (15), М. А. Қадыртаева (16), Г. А. Сексенбаева (17), С. А. Жакишева (18) т.б. деректанушы ғалымдар айналысты. Мысалы, Б. Е. Көмеков ширек ғасырға жуық уақыт VIII-XIII ғғ. қыпшақтар, күмандар және кимақтар тарихына қатысты араб деректерін зерттеп, оларға деректанулық талдау жасаса, бір топ ғалымдар орта ғасырлық Қазақстан тарихын ашуға көмектесетін шығыс деректерін іздеп табу, жариялау және оларды өңдеу ісімен айналысты. Ал, М. А. Қадыртаева, Г. А. Сексенбаева және С. А. Жакишевтер кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихының әр түрлі проблемаларына қатысты мұрағат құжаттарына деректанулық талдаулар жасады.

Аталған кәсіпқой деректанушылардың еңбектерінде қазіргі қазақ халқының негізін құрайтын орта ғасырлық тайпалар туралы деректерден бастап, соңғы жылдары пайда болған деректерге дейін зерттеу объектісі ретінде қарастырылғанымен, әр деректанушының өзін ғана қызықтыратын деректерді талдау ісімен айналысқандығын, сондықтан белгілі бір деректанулық зерттеу жүйесінің қалыптаспағандығын және деректанушы ғалымдарымыздың өз еңбектерін негізінен орыс тілінде жазғандығын айтуымыз керек.

Ұлттық деректеріміз туралы деректанушылық ойлар, олардың ерекшеліктері мен құндылықтары туралы ғылыми көзқарастар Ш. Уәлиханов (19), Ә. Бөкейханов (20), А. Байтұрсынов (21), О. Сүлейменов (22) сияқты қазақ ғалымдары мен ойшылдарының

еңбектерінде де айтылған. Мысалы, Шоқан Уәлиханов өзінің жазбалары мен зерттеу жұмыстарында ұлтымыздың төл деректері — жыр-дастандардың, шежірелердің пайда болуының объективтілігі, олардың сақталу формалары, деректік маңызы туралы айтса, (23) Әлихан Бөкейханов “Қазақ” газетінде жарияланған ғылыми рецензияларында өзінің деректанушылық ойларын білдірген (24). Ахмет Байтұрсынов “Айқап” журналы мен “Қазақ” газетінің беттеріндегі мақалаларында және “Әдебиет танытқышында” жалпы тарих ғылымы, оның ішінде тарихтың “жемі” деректер туралы, әсіресе, шежіре мен заманхат (мемуар — Қ.А.) туралы, олардың деректік ерекшеліктері туралы құнды пікір айтқан (25). Ал, замандасымыз Олжас Сүлейменовтің “Азия”-сы деректану ғылымының аса бір күрделі проблемасы жазба деректің түпнұсқалық мәселесіне арналған. Халқына кеңінен танымал ақын, зерттеуші және мемлекет қайраткері О. Сүлейменовтің 1975 жылы орыс тілінде жарияланған “Азия”-сы кезінде үлкен қоғамдық құбылыс ретінде, баршаның көңілін өзіне аударғандығы белгілі. Өз уақытында үлкен шу тудырған ол кітап, славян халықтарының XII ғасырда дүниеге келген жазба ескерткіші “Игорь жасағы туралы жырды” тарих дерегі ретінде зерттеуге арналған еді.

Сонымен қатар, қазақ тарихының деректеріне қатысты деректанушылық зерттеулер отан тарихымен айналысқан және қазір де айналысып жүрген кәсіпқой тарихшыларымыздың да еңбектерінде кездеседі. Халқымыздың ғұлама ғалымдары Әлкей Марғұлан (26) мен Ермұхан Бекмахановтан (27) бастап, бүгінгі күні тарихымызда жемісті еңбек етіп жүрген ғалымдарымыз К. Нұрпейісов (28), Ж. Қасымбаев (29), М. Қойгелдиев (30), Т. Омарбеков (31), С. Сыздықов (32), Б. Ермұханов (33) т.б. өздерінің зерттеу жұмыстарына сай пайдаланған деректерді “өңдеу” барысында, сол деректерге қатысты ой-пікірлерін білдіріп, ұлттық деректеріміздің ерекшеліктерін, маңызын, олармен жұмыс істеу тәсілдерін көрсеткен.

Демек, төл тарихымыздың негізін құрайтын ұлттық деректеріміз туралы деректанушылық ойлар әр түрлі дәрежеде кәсіпқой деректанушыларымыздың, ғалымдар мен ойшылдарымыздың және тарихшы-зерттеушілеріміздің еңбектерінде біршама айтылған. Әрине, оны жеткілікті деп айту қиын. Дегенмен,

осылардың өзін жинақтап, бір жүйеге келтіру, отан тарихының деректану деп аталатын саласының дамуына әсер етері даусыз.

Жұмыстың тікелей зерттеу объектісі болып табылатын мерзімді басылымдардың Қазақстан тарихының дерегі ретінде пайдалану мәселесіне келсек, онда зерттеушілер К. Кереева-Канафиева (34), В. С. Толочко (35), В. Н. Алексеенко (36) т.б. еңбектерінде революцияға дейінгі орыс баспасөзінің, оның ішінде әскери басылымдардың қазақтар туралы жазған материалдарына талдау жасалынғандығын айтуымыз керек. Мысалы, В. С. Толочконың кандидаттық диссертациясы өткен ғасырда Ресейде шығып тұрған “Военный сборник” және “Русский инвалид” газеттерінің беттерінде айтылған XIX ғасырдағы Қазақстан тарихының мәселелеріне арналған. Автор Қазақстанның Ресейге қосылуына және оның жерін игеруге Ресейдің әр түрлі қоғамдық жіктерінің, қазақ халқының әр алуан әлеуметтік топтарының және басқа мемлекеттердің (бірінші кезекте Ұлыбританияның) басшыларының көзқарастарын көрсетуді өзіне мақсат етіп қойған. В. Н. Алексеенконың диссертациялық жұмысы “Вестник Европы”, “Русская мысль” және “Русский вестник” сияқты орыс журналдарындағы Орта Азия мен Қазақстандағы саяси және әлеуметтік-экономикалық өмір тарихының бейнелену мәселесіне арналған. Журналдардың жалпы идеялық бағытын зерттеу барысында аталған региондағы орыс мерзімді басылымдарын қызықтыратын мәселелер шеңбері көрсетілген. Журналдардағы Қазақстан тақырыбының орны анықталған.

Дегенмен, біздің жұмысымыздың өн бойынан өтер өзегі, оның негізгі зерттеу объектісі қазақ тілінде шыққан алғашқы газеттер мен ұлттық бейресми басылымдар болғандықтан, сол басылымдардың тарихнамасына кеңірек тоқталайық.

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ тілінде жарық көрген газеттер мен журналдардың тарихына қатысты алғашқы мақалалар сол басылымдардың өз беттерінде жарияланған. Ұлттық-бейресми басылымдар арасындағы ең ұзақ уақыт шығып тұрған “Қазақ” газетінде “Қазақстан”, “Айқап”, “Алаш”, “Сарыарқа”, “Бірлік туы”, “Ұран” және “Тіршілік” туралы көптеген мақалалар басылған. Олардан аталған басылымдар туралы деректік мәліметтермен қатар, сол басылымдар туралы алғашқы тарихнамалық мағлұматтар да алуға болады. Мысалы, кезінде бір мезгілде қатар шығып тұрған “Айқап” пен “Қазақтың”, кейіннен

кеңестік тарихнаманың өзекті тақырыбына айналған, өзара пікірталастары туралы Бейімбет (Бейімбет Майлин – Қ.А.) 1915 жылы “Қазақ” газетінде: “Енді келейік “Айқап” пен “Қазақ” арасына. Бұл екеуінің кейбір пікірлерінің бір-біріне қиғаштығы, ол туралы бірсыпыра сөздің болып өткендігі оқушыларға белгілі. Бірақ ол тақырыпта араларында дұшпандық жоқ. Себебі екеуінің де түп мақсаттары бір еді. Сондықтан бір жағына кіріптарлық етуге орын жоқ” (37) - деп жазса, “Айқап” журналы өзінің жабылу себебі туралы 1915 жылғы соңғы, 14-ші санында соғысқа байланысты туындаған қымбатшылық салдарынан “қағаз бағасы һәм баспахананың жұмысының бағасы көтерілуі” (38) екендігін айта келе, өзінің оқырмандарына арналған қоштасу сөзінде: “Ал енді алаштың азаматтары! “Әркім барына мәзір” деген ғой. Біз қолымыздан келген жұмысымызды алаш пайдасына жұмсаудан тартынбай қазақ жұртымызға аз да болса, бір соқпақ жол болсын деп бастап журнал шығардық, мақсатымыз дүние жиып байымақ, пайдаланбақ емес, тек қана жұрттың көзі, құлағы болмақ еді. Білгенімізді жаздық, айттық. Жазылған сөзімізде, ойлаған ойымызда жаңылыстарымыз көп шығар (пенде қатеден кенде болмайды ғой). Алайда не жазсақ та таза жүрек, таза ниетпен жазып едік. Соның үшін азаматтар бізді айыпқа алмас деп үміт етеміз. Журнал шығарғандағы мақсатымыз халыққа жол көрсетпек еді. Газеташылық, журналшылық қазақ жігіттерінің қолынан келетін жұмыс екендігін сыпат етпек еді. Біз бұл мақсатымызға жеттік. Ендігі жұмыс оқыған жастардың мойнында” (39) - деп жазды.

Қазақ халқының тарихынан берік орын алған осы басылымдардан келтірілген бұл екі үзіндінің, біздің ойымызша, тарихнамалық дерек ретінде принципті маңызы үлкен. Олай дейтініміз, әр түрлі саяси күштердің ықпалынан тыс пайда болған бұл деректер, кейіннен кеңестік тарихнамада бұлжымас шындықтай бекіген “екі басылым арасындағы айтыс таптық сипатта болды” және “Айқап” журналы “Қазақ” газетінің қастандық әрекетінің салдарынан жабылды” (40) - деген тұжырымның негізсіз екендігін көрсетеді.

Ұлттық бейресми басылымдарға берілген алғашқы тарихи баға да сол басылымдардан кездеседі. Мысалы, “Бірлік туы” газеті 1918 жылы қаңтардағы большевиктердің “Қазақ” газетін жабуына байланысты: “Қазақ” газеті жабылды деген хабарды естігенде

Әрбір алаш баласының жүрегі су етіп, қабырғасы қайысар. Біз бұған сенеміз. “Қазақ” газеті алаштың қараңғы заманында жол көрсетіп тұрған шам шырағы, сасқанда ақыл айтып тұрған көсемі” (41) - деп жазды.

Мұндай ұлттық бейресми басылымдардың көш бастаушысы “Қазақ” газетінің ұлт мүддесі үшін еткен еңбегін шынайы бағалау кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында да өз жалғасын тапты. Мысалы, 20 жылдардың басында Мұхтар Әуезов “Шолпан” журналында “жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын - “Қазақ” газеті (42)” - деп жазса, “Ақ жол” газетінде, Ахмет Байтұрсыновтың елу жылдық мерей тойына арналған мақаласында: “Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширатып ширықтырған, етек-жеңін жиғызған “Қазақ” газеті болатын” (43) - деп жазды. Бір басылымға екі түрлі саяси жағдайда берілген бағаның бір бірімен үндестігі, ол бағаның объективтілігін көрсетеді деп ойлаймыз.

Өкінішке орай, тарихқа деген мұндай объективті көзқарас көп ұзамай таптық көзқараспен ауыстырыла бастады. 20 жылдардың басынан, әсіресе екінші жартысынан бастап тарихи фактілерге объективті қараудан ауытқып, ғылымды саясаттандыру және тікелей қуғындау әрекеттері белең алды. Саясаттағы осындай бетбұрыс нысанасына алдымен алаш көсемдері және олардың шығарған ұлттық-биресми басылымдары ілікті. Бұрынғы одақ көлемінде жаңа өкіметті жақтамаған демократиялық бағыттағы басылымдар “ұсақ буржуазиялық және буржуазиялық басылымдар” - деп аталса, Қазақстан тарихнамасында олар “ұлтшыл, байшыл басылымдар” тобына жатқызылды. Ұлттық бейресми басылымдарға қарсы большевиктік көзқарас тұрғысынан жазылған алғашқы мақалалар да сол 20 жылдардың басынан, дәлірек айтсақ, 1920 жылдың ортасынан бастап жариялана бастады. Сол жылдың 24 тамызы мен 14 қыркүйегінде ақмолалық “Красный вестник” газетінде Ақпан төңкерісінен кейін қазақ тілінде шыққан саяси-қоғамдық газеттер мен олардың шығарушылары туралы айтылған Манап Шамилдің мақалалары жарияланды. Сол мақалалардың негізінде 25 қарашада мәскеулік “Жизнь национальностей” газетінде “О киргизской интеллигенции” атты мақала басылды. Онда: “После свержения царизма во

всех почти областных киргизских городах появились политическо-общественные газеты, например в Семипалатинске “Сары-Арка”, в Астрахани “Уран”, в Ташкенте “Бирилик-Тува” и в Акмолинске “Тирчилик”, которые плясали под дудку киргизских “майдарингов”, Букейханов и К^о.

Но ознакомившись о партийном течении и уже почувствовав, куда ведут киргизский народ эти мурзы Букейхановы, Дулатовы и Байтурсыновы, акмолинская газета “Тирчилик” одна выступила против них” - (44) делінген.

Бұл мақалалардың авторы С. Сейфуллин екендігі белгілі. Кейіннен бұл жолдар түгелімен дерлік оның белгілі еңбегіне енді. Онда тек “Тіршілік” газетінің де алғашында басқалармен бір бағытта болғандығы айтылмайды.

Сәбит Мұқановтың 1925 жылы 5 мамырдағы “Еңбекші қазақ” газетінде жарияланған “Қазақстанда қандай газеттер болды?” деген мақаласында “Қазақ”, “Сарыарқа”, “Бірлік туы” сияқты газеттердің кеңес өкіметіне қарсы газеттер ретінде жабылғандығы туралы айтылады (45). Келесі, 1926 жылы жарияланған Ә. Бәйділдаұлының мақаласында: “... төңкерістен бұрын қазақта оңған баспасөз болмаған... бардың өзі молдалар мен байлардың қолынан әрмен аспайтын” (46) - деп жазылды. Қазақстанда кеңес өкіметін өз қолымен орнатушылардың белсенді өкілдерінің бірі Сәкен Сейфуллин, өзінің 1927 жылы Қызылордада басылып шыққан, “Тар жол тайғақ кешуінде” елімізде кеңес өкіметі толығымен орнағанға дейін шығып тұрған ұлттық бейресми басылымдар туралы: “Газеттердің бәрі көз жұмбай ұлтшыл болды. Ұлтшыл болған соң, әрине, байшыл газет болды. Бәрінің орталық туы “Қазақ” газеті болды” (47) - деп, оларға таптық көзқарас тұрғысынан баға берді.

Осылайша, 30 жылдарға қарай ұлттық бейресми басылымдарға “ұлтшыл”, “байшыл басылымдар” деген ат қойылып, айдар тағылды. Коммунистік идеология мен таптық тұрғыдан алашордашылар мен олардың баспа органдарына берілген мұндай баға А. К. Богачев (48), С. Брайнин, Ш. Шафиро (49), Т. Рыскулов (50), С. Д. Асфендияровтың (51) еңбектерінде де кездеседі.

“30-шы жылдардың ортасына қарай Алаш ардагерлерінің “халық жаулары” ретінде толығымен дерлік жойылуына байланысты, “Алаш” қозғалысының тарихын зерттеуге де тыйым

салынды. Ал, “Алаш” қозғалысының түп нұсқалық деректері жарияланып тұрған “Қазақ”, “Сарыарқа”, “Бірлік туы” сияқты газеттер буржуазияшыл ұлтшылдардың органдары деп айыпталды және оларды ғылыми зерттеу ісіне пайдалануға рұқсат етілмеді” - деп жазды К. Нұрпейісов (52).

Осылай, қазақ халқының тарихынан оның әдебиетінің, тілінің, жалпы мәдениетінің дамуына ХХ ғасырдың басында өлшеусіз үлес қосқан қайраткерлері алынып тасталды. Олардың тарихымыздағы өзіндік берік орнын компартия рухында тәрбиеленген жаңа толқынмен ауыстыруға белсенді әрекеттер жасалды.

Дегенмен, ұлт тарихынан ұлт өкілдерін алып тастағанмен ұлттық басылымдарды алып тастау қиын еді. Өйткені олар ХХ ғасырдың басындағы ұлт өмірінің ажырамас құрамдас бөліміне айналған басылымдар болатын. Демек, қазан төңкерісіне дейінгі қазақ халқының өмірі туралы жазып, сол жылдары қазақ тілінде шыққан басылымдар туралы, оның ішінде ұлттық-бейресми басылымдар туралы да жазбау мүмкін емес еді.

Сондықтан, соғыс кезінде орталықтан Алматыға қоныс аударып келген ірі кеңестік ғалымдардың қатысуымен дайындалып, 1943 жылы жарық көрген “Қазақ ССР тарихында”, “Айқап” журналын шығаруға қазақтың алдыңғы қатарлы ақын, жазушы, ауыл мұғалімдерінің қатысуы, журнал бетінде қазақ халқы үшін ең өзекті қоғамдық-саяси мәселелердің көрсетілуі... қазақ халқының ұлттық санасының өсуіне әсер етті” (53) - деп айтылды. Белгілі заңгер-зерттеуші С. З. Зимановтың ойынша, бұл “Қазақ ССР тарихында” ұлттық басылымдарға берілген шындыққа ең жақын баға (54). Кейінгі, 1957 жылғы “Қазақ ССР тарихында”, немесе 70 жылдардағы көптомдықта қазан төңкерісіне дейін шыққан ұлттық-бейресми басылымдар “ұсақ буржуазиялық” және “буржуазиялық ұлтшылдық” шеңберінен шығарылмады.

Ұлттық басылымдарда жарияланған материалдар туралы кейбір мәліметтер 1947 жылы шыққан Н. Сәбитовтың библиографиялық көрсеткішінде аталды (55). 1949 жылы қазақ баспасөзі тарихын зерттеуді өзінің өмірлік мұратына айналдырмақ болған (кейін өмір көрсеткендей - Қ.А.) жас зерттеуші Х. Бекхожин, Е. Бекмахановтың ғылыми жетекшілігімен “Дала уалаяты” - бірінші қазақ газеті” - деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 1950 жылы Б. Кенжебаевтың ұлттық басылымдардың аты ғана аталған,

бар - жоғы 37 беттен тұратын шағын кітапшасы жарияланды. Қазақ зерттеушілерінің мұндай “еркінсуі” коммунистік партия тарапынан көп ұзамай айыпталып, ғалымдарды қудалау басталды.

1951 жылы 17 ноябрьде Қазақстан Коммунистік (большевиктік) партиясының Орталық Комитетінің органы “Социалистік Қазақстан” газетінде “Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеудегі өрескел қателіктер” деген үлкен мақала жарияланды. Онда ұлттық баспасөз тарихын зерттеушілер Х. Бекхожин мен Б. Кенжебаев қатал сынға алынды.

Уақыттың қатал талабы, ресми органдардың тарапынан тиген ауыр соққы бекерге кеткен жоқ. Зерттеушілер амалсыз өз “қателіктерін” мойындап, оларды “түзетуге” мәжбүр болды. Мысалы, Х. Бекхожинның осы сыннан кейін, 30 жылдан соң, 1981 жылы шыққан “Қазақ баспасөзі тарихының очеркі” деген еңбегінде: “Қазақ баспасөзі - Октябрь революциясының перзенті. Ол республикамызда Совет өкіметін орнату және нығайту жолындағы күресте пайда болды” (56) - деп жазуын, тәжірибелі зерттеушінің қазақ баспасөзінің қашан пайда болғандығын білмегендіктен емес, өзінің өмірден алған ащы сабағын ескеріп, зерттеу жұмысына уақыт талабына сай идеялық мазмұн беру мақсатында жазғандығын түсіну қиын емес. Осылайша, қазақ мерзімді басылымының тарихын объективті, таза ғылыми мақсатта зерттеу ісі ұзақ жылдарға шегерілді.

50 жылдардың соңы мен 80 жылдардың екінші жартысына дейін еліміздегі баспасөз тарихына арналған Т. Амандосов (57), С. Имашев (58), М. Фетисов (59), Б. Кенжебаев, Т. Қожакеев (60), Х. Бекхожин (61), Х. Бекхожин, С. Матвиенко, С. Қозыбаевтардың (62) еңбектері жарық көрді.

Еңбектерде қазақ баспасөзіне қатысты көптеген деректік мәліметтер келтірілгенімен, оларда баспасөз тарихы негізінен большевиктер партиясы тарихының контекстінде қарастырылып, сол партияның халқымызды жеңістен жеңіске жеткізген дана басшылығының айғағы ретінде келтірілді. Сонымен қатар, осы жылдары ұлттық бейресми басылымдар туралы пікірлер қоғамдық ғылымдардың әр түрлі саласында еңбек етіп жүрген ғалымдарымыз К. Б. Бейсембиевтің (63), А. Б. Тұрсынбаевтың (64), Д. К. Қабдиевтың (65), С. З. Зимановтың, К. З. Ыдрысовтың (66), Д. Й. Дулатованың (67) т.б. еңбектерінде де айтылды.

Бұл авторлардың еңбектерінен де кеңестік заман ықпалын аңғару қиын емес. Мысалы Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстандағы қоғамдық ойлардың тарихы туралы жазған К. Б. Бейсембиев өз еңбектерінде ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқы үшін өзекті мәселелер жер, отырықшылық т.б. туралы “Қазақ” газетінің консервативтік-буржуазиялық позицияда болғандығын көрсетсе, ал осы мәселелер бойынша “Айқап” журналының буржуазиялық-прогрессивтік бағытта болғандығын дәлелдеуге тырысқан. Өкінішке орай, кейде автор саяси асыра сілтеулерге ұрынып: “Газета “Казах”, по существу, стала органом царской колониальной администрации на казахском языке” - (68) деп, “Қазақ” газетіне тікелей жала жабуға дейін барған. Бірінші нөмірінен бастап, соңғы нөміріне дейін өз ұлтының мүддесі үшін күрескен газетті: “Лицемерная политика царизма и действия консервативного байства, от имени которого выступала газета “Казах”, в сущности совпали. Они совместно выступили против жизненных интересов казахского народа” - (69) деп, қазақ халқының жауы ретінде көрсеткен.

К. Б. Бейсембиев еңбектеріндегі мұндай әділетсіздікке кеңес өкіметінің кезінде-ақ өз замандастары да көңіл аударуға мәжбүр болды. Мысалы, солардың бірі С. З. Зиманов: “Несколько работ по истории общественной мысли дореволюционного Казахстана написал К. Б. Бейсембиев. К сожалению, в них в наибольшей степени отразились особенности периода догматизма и необъективности, приклеивания ярлыков и отнесения того или иного деятеля к двум противоположным лагерям...” (70) - деп жазды.

Сонымен қатар, аталған авторлардың еңбегінде ұлттық басылымдар арасында “Айқап” журналының тарихы біршама көрсетіліп, оның шығарушы-лары мен авторлары туралы онды пікір айтылды. Мысалы, С. З. Зиманов пен К. З. Ыдрысовтың М. Сералиннің қоғамдық-саяси көзқарастарына арналған зерттеу жұмыстарында журнал тарихына қатысты көптеген мәліметтер келтіріліп, авторлар тобы туралы деректер берілген. Басқа еңбектер де кейбір айырмашылықтары болғанымен негізінен, “Айқап” журналының демократиялық-прогрессивті ролі көрсетіліп, тоталитарлық жүйе тұсындағы заман талабына сай қалғандарының, әсіресе, “Қазақ” газетінің “ұлтшылдық”, “буржуазиялық”, “ұсақ буржуазиялық” сипаты “дәлелденіп”

сыналды. Авторлардың басқаша жазуға мүмкіндіктерінің аз болғанын ұмытпауымыз керек.

Тағы бір көңіл аударатын нәрсе, ол 1966 жылы, “Айқап” журналы Қазақстан тарихының дерегі ретінде” - деген тақырыпта Г. К. Сәтбекованың кандидаттық диссертация қорғауы болды. Бұл ұлттық басылымдар негізінде қорғалған бірінші диссертация еді. Онда автор қазақ тілінде шыққан тұңғыш журналдың тарихына қатысты мағлұматтар келтіріп, журнал көтерген тақырыптарға, әсіресе оқу-ағарту ісіне кеңінен тоқталған. Дегенмен, диссертациялық жұмыстың тақырыбы деректанулық мағынада аталғанымен, жұмыстың мазмұны оған сай болмағандығын және онда, “Айқап” журналына деректанулық талдау жасау орнына, журнал көтерген мәселелерге шолу жасау мен ол мәселелердің маңызы туралы баяндаумен шектелу орын алғанын айтуымыз керек.

Алғашқы қазақ тіліндегі басылымдардың деректік ерекшеліктерін ашуға көмектесетін мағлұматтар тіл мамандары Б. Әбілқасымов (71) пен С. Исаевтың (72) еңбектерінде де бар. Сондықтан ХІХ ғасырдың соңындағы Қазақстан тарихын зерттеушілерге аталған авторлардың еңбектерімен танысуды ұсынамыз.

Егер ресми газеттер “Түркістан улаятының газеті” мен “Дала улаятының газеті” туралы азды-көпті бұрын айтылып келсе, ұлттық-бейресми басылымдардың тарихын объективті зерттеу, олардың материалдарын халқымыз тарихының дерегі ретінде пайдалану, тек 90 жылдардың басынан, бұрынғы КСРО-дағы қайта құру мен демократияландыру шараларынан, әсіресе, еліміздің тәуелсіздік алуынан кейін ғана мүмкін болды. Бұл салада аз жылдар ішінде көп іс атқарылды деп айта аламыз. Саяси жағдай мен Қазақстан тарих ғылымында болған түбегейлі өзгерістер “Қазақ” газеті мен басқа да жазықсыз ұмыт болуға айналған ұлттық басылымдар туралы баспасөз бетінде ондаған мақалалардың жариялануына әсер етті (73).

Әр түрлі мамандық иелерінің - тарихшы, әдебиетші, журналист т.б. зерттеу жұмыстары немесе естеліктері ретінде жазылған мақалаларда, ұлттық басылымдар тарихын түрлі қырынан тануға көмектесетін тарихнамалық ойлар айтылған. Олардың біразы еңбекте пайдаланылды. Дегенмен, кейбір авторлардың естеліктерінде ұлттық басылымдар, әсіресе, “Қазақ” газетінің тарихына қатысты

шындыққа сай келмейтін тұстар да кездеседі. Әрине, естеліктердің субъективті болып келетіндігі белгілі. Сондықтан да зерттеушілерден естеліктер сияқты өздерінің пайда болуы жағынан жеке адамдық топқа жататын деректерге ерекше сын көзбен қарау талап етіледі. Біздің жағдайымызда әңгіме шындықты белгілі бір мақсатта, саналы түрде бұрмалау әрекеті туралы болып отырғандықтан, жұмыста оларға жан-жақты талдау жасалынады.

Сонымен қатар, тәуелсіздік жылдары қазақ бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде газет-журналдар тарихына арналған Н. Омашевтың (74), Ө. Әбді-мановтың (75), Қ. Аллабергеннің (76) монографиялық еңбектері де жарық көрді.

Аталған авторлардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында өткен ғасырдың соңына қарай пайда болып қалыптаса бастаған бұқаралық ақпарат құралдарының құрылу тарихының көптеген қырлары ашылғандығын айтуымыз керек. Мысалы, Н. Омашевтың еңбегінде біз қарастырып отырған уақыт аралығында, қазақ жерінде пайда болған бұқаралық ақпарат құралдарының тағы бір түрі - радионың және сонымен байланысты дамыған қазақ радиожурналистикасының алғашқы қазақ тіліндегі мерзімді басылымдармен ара қатынас тарихы туралы айтылса, Ө. Әбдімановтың еңбегінде “Қазақ” газеті бірінші рет арнайы ғылыми-зерттеу жұмысының объектісі ретінде қарастырылды. Ал, Қ. Аллабергеннің қатысуымен соңғы жылдары шыққан бірнеше кітаптарда ұлттық-бейресми басылымдарға қатысты жарияланған материалдарға жалпы шолу жасалынған.

Алаш ардагерлерінің большевиктік жаладан толық ақталуы, олардың аяулы есімдерінің туған халқына қайта оралуы, кезінде сол арыстарымыздың ерлікке тең еңбектерінің нәтижесінде шығып тұрған ұлттық-демократиялық басылымдар тарихын зерттеп, оларды тарих дерегі ретінде пайдалануға кең жол ашты. Атап айтсақ, соңғы он жылдың көлемінде жарық көрген Д. А. Аманжолова (77), М. Қойгелдиев (78), К. Нұрпейісов (79), Ғ. Ахмедов, (80) О. Мұхатовалардың (81) еңбектерінде және А. Махаева (82), Т. Мекебаев (83), С. Рүстемов (84), А. Раджапов (85), К. Ілиясова (86) дайындаған кандидаттық диссертацияларда ұлттық басылымдар тарихына қатысты құнды деректер келтірілуімен қатар, сол басылымдардың өздері де дерек көздері ретінде тиімді пайдаланылған.

Ұлттық-бейресми басылымдар тарихына қатысты әр түрлі дәрежедегі мағлұматтар, туған жерін амалсыз тастап кетуге мәжбүр болып, ұлтының тәуелсіздігі үшін күресін өмірінің соңғы күніне дейін шет елде жалғастырған ұлы қандасымыз Мұстафа Шоқай еңбектерінде (87) және француз ғалымдары А. Беннигсен, Ш. Лемерсье-Келькежей (88) мен американдық зерттеуші Б. Дениздің (89) зерттеу жұмыстарында да кездеседі. Осы орайда, француз ғалымдарының “Қазақ” газеті қазақтың қоғамдық пікіріне төрт жыл бойы, ақпан революциясына дейін еркін билік жүргізді” (90) - деп, “Қазақ” газетіне әділетті баға бергендерін мақұлдай отырып, сонымен қатар, сол газеттен келтірген үзінділерде олардың түпнұсқадан өрескел ауытқығандарын, жалпы ұлттық басылымдарға қатысты бірнеше қателіктер жібергендерінде айтуымыз керек. Бұл факт бізге шетел тарихшыларының еңбектеріне мұқият қарау қажеттігін көрсетеді.

Сонымен қатар, тәуелсіздік жылдары ұлттық басылымдарды тарих дерегі ретінде қарастыру әрекеттері де байқалды. Осы мақсатта Р. Құдабаеваның “Газета “Казах” как исторический источник” (91) - деген және Ж. Сімітовтың “Ұлттық басылымдар тарихи дерек ретінде” (92) - деген мақалалары жарияланды. Егер, Ж. Сімітовтың мақаласында ұлттық басылымдарға деректанулық талдау жасаудың орнына (мақала атына сай) С. Қожановтың “Бірлік туы” және “Ақ жол” газеттеріне жарияланған мақалаларына шолу жасалынса, Р. Құдабаеваның мақаласында “Қазақ” газетінің деректік маңызы көрсетіліп, бірақ, оған деректанулық талдау жасалынбаған. Автор алдына ондай мақсат қоймағандығын: “В целом задачи данной статьи носят постановочный характер” (93) деген пікірі де аңғартады. Оның үстіне автор тарапынан кейбір кемшіліктер де жіберілген. Егер деректанушының басты міндеті деректі әр түрлі көзпалардан “тазарту” болса, Р. Құдабаеваның мақаласында, керісінше, қоспаға қоспа қосылып, “Қазақ” газетінің тарихы мен таралымына қатысты шындыққа сай келмейтін мәліметтер берілген, сөйтіп, мақалада принципті сипаттағы қателіктер жіберілген.

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ мерзімді басылымы тарихының зерттелуі, олардың ХІХ ғасырдың соңымен ХХ ғасырдың

басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде пайдаланылуы туралы айтқанда, зерттеуші-ғалым, библиограф Үшкөлтай Субханбердинаның осы саладағы атқарған еңбегіне ерекше тоқталуымыз керек.

1956 жылдан бастап, өзінің бүкіл саналы өмірін революциядан бұрынғы қазақ баспасөзін іздеп табу, олардың тарихын зерттеу, газет және журнал беттерінде жарияланған мақалалардың мазмұндалған библиографиялық көрсеткіштерін жасау және олардың мәтіндерін қазіргі оқырмандарға лайықтап, кириллицаға көшіріп қайта жазып жариялау ісіне арнаған Ү. Субханбердинаның атқарған жұмысын, тұтас бір ғылыми-зерттеу институтының атқарған жұмысымен салыстыруға болады. Ү. Субханбердина еңбектерінің үлкен бір тобы ұлттық мерзімді басылымдар тарихын зерттеуге арналған. Бұл саладағы алғашқы 1962 жылғы мақаласында қазақ тілінде шыққан тұңғыш газет “Түркістан улаятының газеті” екендігін дәлелдеуден бастаған зерттеуші күні бүгінге дейін қазақ басылымдарының тарихын зерттеумен айналысуда (94). Ғалым еңбектерінің негізгі бөлігі назарға ұсынылып отырған жұмыстың деректік негізін құрағандықтан, олар туралы төменде айтылады.

“Халықтар татулығы және ұлттық тарих жылы” - деп жарияланған - 1998 жылы ұлттық басылымдарды зерттеу ісінде біршама жұмыстар тындырылды. Ең бастысы, Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сақовтардың құрастыруымен “Қазақ” газетінің материалдары кітап түрінде жеке жинақ болып басылып шықты (95). “Ақиқат” журналы өзінің сол жылғы 4-ші санынан бастап “Мұра” айдарымен, жылдық және сандық ретін сақтап, “Қазақ” газетінен үзінділер жариялап тұрды. Жинақ шықпастан бұрын дайындалып басталған бұл жұмыс, жинақ жарық көрген соң да жалғастырылды. Осылай, “Қазақ” сөзі, большевиктер зорлығымен жабылғалы 80 жыл өткен соң, өзінің бүгінгі оқырмандарына жинақ түрінде де, журналдағы жарияланымдар түрінде де жетті.

Қазақстан тарихнамасында бірінші рет жас зерттеуші Қ. Сақов “Қазақ” газеті туралы кандидаттық диссертация қорғады (96). Сонымен қатар, “Айқап” журналы мен “Қазақ” газеті туралы өз ойын Президент Н. Назарбаевта өзінің 1999 жылы жарық көрген

“Тарих толқынында” атты кітабында білдірді (97). Дегенмен, біздің ойымызша, мұндай ұлттық басылымдарға деген соңғы жылдары кең өріс алған заңды қызығушылық, келешек үлкен істің - сол басылымдардың тарихын терең зерттеу және оларды тарих дерегі ретінде талдау ісінің бастамасы ғана.

Жұмысты орындау барысында қазақ зиялыларының, түрлі көзқарастағы өкілдері жасаған, ғылыми құндылығы мен маңыздылығы әр түрлі дәрежедегі көптеген деректер пайдаланылды. Біздің тақырып тұрғысынан қарағанда бұлар негізінен ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасыр басындағы қазақ тілінде жарық көрген мерзімді басылымдардың түпнұсқаларынан алынған деректер екендігі түсінікті. Мұндағы маңызды нәрсе - кез келген деректің түпнұсқасымен жұмыс істеу, зерттеушіге деректің пайда болған уақытының ерекшелігін сезінуге, сол арқылы деректен алынған мағлұматтың ғылыми құндылығын анықтауға көмектесері белгілі. Демек, “Қазақстан”, “Қазақ”, “Сарыарқа”, “Бірлік туы” сияқты газеттердің және “Айқап” журналының тын деректерін зерттеу оларды диссертациялық тақырыптың басты объектісі ретінде қарастыру ғасыр басындағы халқымыздың тыныс-тіршілігін сезінуге көмектесті. Түпнұсқамен қатар жұмыста алғашқы қазақ басылымдарының жарық көрген жинақтары да дерек көзі ретінде кеңінен пайдаланылды. Атап айтсақ, Ү. Субханбердинаның құрастыруымен 1994 жылы жарық көрген “Дала уалаятының газетінің” жинағының адам, қоғам, табиғат туралы мақалалары енген 4-ші кітабы (98), Ү. Субханбердина, С. Дәуітов құрастырған “Айқап” журналының (99) және Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сақов құрастырған “Қазақ” газетінің (100) жинақтары пайдаланылды. Көп жағдайда жұмыстың орындалуының осы жинақтардың негізінде мүмкін болғандығын айта отырып, біз олардың құрастырушыларына өз ризашылығымызды білдіреміз.

Сонымен қатар, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, яғни соңғы жылдары жарияланған “Алаш” көсемдері: Ә. Бөкейхановтың (101), А. Байтұрсынов (102), М. Дулатовтың (103) аталмыш басылымдарда жарияланған мақалалары енген жинақтары да жұмыстың деректік негізін құрайды. Егер, Ә. Бөкейхановтың “Қазақ” газетінде жарияланған мақалалары, аудармалары және

рецензиялары М. Қойгелдиевтің құрастыруымен 1994 жылы жеке кітап түрінде шықса, А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың “Айқап”, “Қазақ” т.б. басылымдарында жарияланған еңбектері, олардың шығармалар жинағына енген. Алаш ардагерлерінің шығармалар жинағын дерек көзі ретінде пайдалану, жұмыстың алдында тұрған кейбір міндеттерді ойдағыдай шешуге көмектескендігін айтуымыз керек. Мысалы, алғашқы ұлттық-бейресми басылымдарымыздың бірі “Серкеде” басылған М. Дулатовтың мақалаларымен танысу оның 1997 жылы жарияланған шығармаларының негізінде ғана мүмкін болды.

Біз қарастырып отырған уақыт аралығындағы ұлтымыз тарихына қатысты деректер қазақ газеттерімен қатар орыс тілінде шығып тұрған басылымдарда да көптеп кездеседі. Жұмыста солардың біразы дерек көзі ретінде пайдаланылды. Мысалы, “Московские ведомости”, “Оренбургский листок”, “Степной край” сияқты газеттерде басылған кейбір мақалалар салыстырмалы дерек ретінде пайдаланылса, “Туркестанский вестник”, “Туркестанские ведомости” газеттері, Түркістан өлкесінде 1917 жылы орнаған, бірден-бір заңды өкімет, Түркістан автономиясының құнды дерегі ретінде пайдаланылды. Бұл жерде біз қазақтың тұңғыш ұлттық газеті қай газет? Ол дәл қай жылы, қай күні шыққан? — деген сұрақтарға да жауапты, сол орыс тіліндегі “Тургайская газета” деген басылымынан тапқанымызды айтуымыз керек.

Жұмыстың деректік негізінің бір бөлігін куәгерлердің, яғни ұлттық басылымдар авторларының замандастары қалдырған мәліметтер құрайды. Мысалы, С. Сейфуллиннің мемуарында ұлттық басылымдардың қазақ тарихындағы ең бір күрделі кезеңі 1916-1917 жылдарғы орны мен тарихына қатысты аса маңызды мағлұматтар келтірілсе, М. Әуезовтың еңбектерінде “Қазақ” газетінің ұлт өміріндегі алған орнын анықтауға көмектесетін деректер бар. Ал, Т. Шонанұлының еңбегінде мерзімді басылымдардың өзекті тақырыптарының бірі жер мәселесі туралы көптеген құнды мағлұматтар кездеседі (104).

Соңғы онжылдықта жариялана бастаған ұлттық басылымдар және Алаш қозғалысының тарихына арналған мақалалар мен монографиялық еңбектер де жұмыстың деректік негізінің үлкен бір бөлігін құрайды. Мысалы, М. Мырзахметовтың (105), Ғ. Ахме-

довтың (106), М. Құл-Мұхаммедтің (107), С. Өзбекұлының (108), Ж. Қалиұлының (109) еңбектерінде мерзімді басылымдар мәліметтерінің деректік маңызын ашуға көмектесетін көптеген фактілі мәліметтер жинақталған. Сонымен қатар, баспасөз тарихына арналған кеңестік тарихнаманың да деректік маңызын жоққа шығаруға болмайды. Методологиялық кателіктерге карамастан, олардан алғашқы қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуге көмектесетін нақты мағлұматтар алуға болады. Деректанулық “сыннан” өткізу негізінде олардың біразын жұмыста пайдаландық.

Қазан төңкерісіне дейін қазақ тілінде жарық көрген мерзімді басылымдарға деректанулық талдау жасауда, оларда салынған ақпараттардың шынайылық дәрежесін анықтауда мұрағат құжаттарының алар орыны ерекше. Біріншіден, мұрағат құжаттары алғашқы қазақ газеттері мен журналының пайда болу тарихын зерттеуге, сол арқылы олардың бағыт-бағдарын, мақсатын, ерекшеліктерін анықтауға көмектессе, екіншіден, жұмыстың барысында мерзімді басылымдардан алынған нақты мәліметтерді мұрағат құжаттарымен салыстыру арқылы олардың шынайылық дәрежесін, жалпы ғылыми құндылығын анықтауға мүмкіндік береді. Осы мақсатта диссертациялық жұмысты орындау барысында Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының (ҚР ОММ), Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатының (ҚР ПМ), Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының (ӨР ОММ) және Ресейдің Омбы, (Ом ОММ) Орынбор (Ор ОММ) қалаларындағы мемлекеттік облыстық мұрағаттарының қорларындағы құжаттар зерттелініп пайдаланылды.

Дәлірек айтсақ, ҚР ОММ 15 және 64 қорларында “Дала уалаятының газетінің” және “Сарыарқаның” шығуы және таралымы туралы айтылған. Ал, 76 77 қорларда “Қазақ” газетінде айтылған сайлау төңірегіндегі талас-тартыстардың растығын дәлелдейтін мағлұматтар сақталған. ӨР ОММ И-1 қорында “Түркістан уалаятының газеті” тарихына, 17 қорында “Алаш” газетінің тарихына қатысты құнды құжаттар бар. Ал, Омбы және Орынбор қалаларындағы мұрағаттардан кезінде сол қалаларда шыққан “Дала уалаятының газеті” және “Қазаққа” қатысты құжаттар алынды. Сонымен қатар, жұмыста Ү. Субханбердина

жариялаған (110) Санкт-Петербург қаласындағы Орталық мемлекеттік мұрағаттың 776 қорындағы “Қазақ” газетіне қатысты мұрағат құжаттары, кеңес өкіметінің мерей тойларына орай жарияланған (111) Ресей мемлекеттік Октябрь революциясы тарихы мұрағатының 393 қорындағы Қазақстандағы кеңес өкіметінің, ұлттық басылымдарда айтылғандай, большевиктер партиясының күш қолдану арқылы зорлықпен орнатылғандығын дәлелдейтін құжаттар пайдаланылды.

Және де жұмысты орындауда Ү. Субханбердинаның жарты ғасырға жуық тынымсыз жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде дүниеге келген “Айқап” бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар”, “Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар”, “Қазақ”, “Алаш”, “Сарыарқа”, “Дала уалаятының газеті” және “Қазақ халқының атамұралары” атты мазмұндалған библиографиялық көрсеткіштері де жиі қолданылды (112).

I. МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДЫ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Деректану ұғымдары мен терминдері және мерзімді басылымдарды сыныптау

Деректанудың жалпы мазмұны, мақсаты және мәні барлық жерде бірдей болғанымен, оның белгілі бір ұлттың тарихын зерттеуде, сол ұлттың төл деректерінің негізінде және, ең бастысы, сол ұлттың тілінде жазылғанда ғана өзінің міндетін дұрыс атқара алатындығы анық. Егер, орыс ағартушысы Н. Г. Чернышевскийдің: "Верный признак удовлетворительного или неудовлетворительного состояния науки - удовлетворительность или неудовлетворительность ее терминологии" (113) - деген қағидасынан шықсақ, онда біздегі деректанулық еңбектердің жазылу барысына қарап оның ғылым ретіндегі қазіргі жағдайын қанағаттандырарлық деп айту қиын. Әр алуан еңбектерде деректанулық терминдердің әр түрлі жазылуы соның дәлелі. Объективті және субъективті факторлардың салдарында қалыптасқан мұндай жағдай бізден алдымен деректанудың қазақша ұғымдары мен терминдеріне көңіл бөлуімізді талап етеді.

Ұғым - зерттеушілердің тәжірибелік-эмпирикалық және ғылыми-танымдық іс әрекеттерінің барысында қалыптасқан, зерттеудегі объектер мен кубылыстардың мәні мен ерекше белгілерін тұтас және жалпылама ашатын ойлау формасы. Терминдер - сол ұғымның сөздік, табиғи тілдік айтылуы. Олар не бөлек сөздерден, немесе белгілі бір сөз сәйкестіктерінен тұрады. Терминология әлі қалыптаспаған жағдайда ұғымның мазмұны суреттеу арқылы ашылуы мүмкін.

Алғаш қазақ халқының өз тіліндегі ғылыми терминдерін қалыптастыру қажеттігін айтып, мәселе көтерген алаш ардагерлері болды. "Қазақ" газетінің бірінші нөмірінің бас мақаласында: "Сөз - қару, мұны бұзуға жұмсасақ бұзады, түзеуге жұмсасақ түзейді" - (114) деп, сөз күдіретін жоғары бағалаған А. Байтұрсынов, М. Дулатовтар алты жыл бойы газет арқылы өз халқын сөздің мағынасын дұрыс ұғынып, орынды пайдалана білуге үйретті. Тәуелсіздік төбесі көрінгендей болған 1918 жылы, алаштың жас қайраткері, Мұхтар Әуезов қазақша ғылым тілінің қажеттігін

негіздеп, "Абай" журналының 7-ші санында "Ғылым тілі" деген мақала жариялады. Мақала атының астына "Научный термин" деп, оның орыс тіліндегі аудармасын да көрсеткен. Әрине, мұны автор өзінің не туралы айтып отырғандығы оқырманға түсінікті болсын деп жазғандығы белгілі. Демек, ол кезде термин деген сөз біздің тілімізге әлі ене қоймаған. Сондықтан, авторлар оның орнына әртүрлі сөздер қолданған. А.Байтұрсыновтың да өз еңбектерінде қазіргі кең қолданылып жүрген "терминнің" орнына "сөзді" пайдалануы соның дәлелі. ("Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағанасы сәйкес келуі айтылады. Ұғымға сөз дәл келуі үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек". Ақ жол. 352 б). Осылай, ғасыр басында зиялыларымыз "терминнің" орнына "тіл" не "сөзді" қолданған.

Ал аталған мақаланың мазмұнына келсек, қазақ әдебиетінің келешек классигі өзінің мақаласын: "Ғылым тілі - бұл уақытқа шейін қазақ оқығанының бір қалыпқа қойып, бір негізге күра алмай келе жатқан мәселесінің бірі" - (115) деп, ғылыми терминнің сол кездегі қалыптасу жағдайын анықтаудан бастаған. Одан әрі автор ғылыми терминдерді қалыптастырудағы орыс және жапон халықтарының тарихи тәжірибелеріне талдау жасай келе терминдерді басынан дұрыс қалыптастырудың маңызын дәлелдеген. Ғылым жолы туысқандыққа салып бүрмалауға көнбейтін жол екендігін айтып: "Біреу оңға, біреу солға тартып, илей беруге көне беретін ғылым жолы - терінің пұшпағы емес. Әуелде қалай беттесе, көп уақытқа шейін сол бетінде жол болып бекіп қалады. Сол себепті қазақ оқуының бетіне қандай жаңалық кіргіземіз десек те, әуелі кеңінен толғанып ойланбай іс қылудың артынан талай аурулы мәселе туып кетуін ұмытпау керек" - (116) дейлі.

"Абай" журналының 8 және 10 сандарында "Ғылым тілі туралы жауап", "Ғылым тілі туралы сұрау" деген М.Әуезовтің пікірін қолдаған мақалалар жарияланған. Бұл ғылыми термин қалыптастыру проблемасының сол күндердің маңызды проблемаларының бірі болғандығын көрсетеді. Пікір алмасуға Шәкәрім Құдайбердіұлы да қатысқан. Ол: "Қазір қазақ тілінде жазылған ғылыми кітаптар, мектептерде қолданып жүрген біраз кітаптар татардікі, түріктікі, арабтікі. Бұдан былай оқу қазақтың нағыз тілінде болатын болса, қазақша кітаптар өте қажет.

Орысша оқығандардың кейбіреулері бірсыпыра орысша кітаптарды қазақ тіліне аудармақ ниеті бар... Орыс тілінен қазақшаға аударғанда ғылым тілдері көп ұшырайды. Жеткенше қазақ тілінен табуға жаһат етілер. Жетпеген жерде тілді кімнен аламыз. Осы мәселені шешу өте керек.... Бұл сөзді аяқсыз қалдырмай барлық қазақ газеттері тезірек пікірлерін жазуын өтінеміз" - (117) деп өз ойын айтқан.

Қазақ тіліндегі ғылыми терминдер қалыптастыру ісі кеңес өкіметі тұсында да жалғастырылды. Мысалы, 1926 жылы Бакуде өткен Бүкілодақтық екінші тюркологтар съезінде А. Байтұрсынов термин сөздерді мынадай үш қайнардан алып қалыптастыруды ұсынды: "1) ана тілінің өзінен 2) тектес, жүйелес түркі тілдерінен 3) басқа тілдерден" (118). Сонымен қатар ол алғашқы терминдер жасауға да қатысты. 1935 жылы бірнеше тілді жетік меңгерген қазақтың лингвист ғалымы Құдайберген Жұбановтың басшылығымен қазақша терминдер сөздігі жасалынды. Ұзақ жылдар бойы Қ. Жұбановтың аты аталмағанымен сөздіктің өзі ғылымның көптеген салаларында пайдаланылып келді.

Әрине, қазақша ғылыми терминдер жасау ісінің жаңа қарқынмен тез дами бастауы еліміздің тәуелсіздік алып, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуымен тікелей байланысты екендігі түсінікті. Соңғы жылдары ғылымның әр түрлі саласы бойынша орысша-қазақша терминдер сөздігі жасалынып, ресми орындарда бекітілді. Бұл қуанарлық жағдай. Дегенмен, әрбір ғылым саласының өзіне ғана тән ерекшеліктері болатындықтан, терминдер қалыптастыру ісімен алдымен сол саланың мамандарының айналысулары қажет екендігін өмір көрсетіп отыр. Осы талапқа сай біз деректануға қатысты терминдер туралы өз ойымызды назарға ұсынып отырмыз. Бұл жерде сілтемелердің әдеттегідей жұмыстың соңында емес, терминология ерекшелігіне сәйкес мәтінде берілетіндігін ескертеміз.

Алдымен, "деректану" туралы айтсақ, оның өзекті категориясы - дерек. "Дерек" сөзі термин ретінде бүгінгі күні екі мағынада қолданылып жүр. 1. Дерек - хабар-ошар, мәлімет, мағлұмат сөздерінің синонимі ретінде. ("Қадырғали би еңбектеріндегі қазақ тарихына тікелей қатысы бар деректердің бірі мына жолдарда берілген: Р. Сыздықова, М. Қойгелдиев. Қадырғали би Қосымұлы

және оның жылнамалар жинағы. Б-40). Бұл 1978 жылы шыққан "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігімен (ҚТТС) де сай келеді. Онда, "Дерек-І. хабар-ошар, мәлімет" - деп көрсетілген (ҚТТС. 3 том, 116 б). 2. Дерек көзі (шежіре, жылнама т.б.) ретінде жиі қолданылып жүр. (Тарихи деректер өзінің саны, көлемі жағынан аса көп, мазмұны, түрі жағынан әр алуан. "Қазақ тарихы", 1995, № 1. 74 б.). ҚТТС-де "деректің" бұл мағынасы туралы еш нәрсе айтылмаған.

Демек, "деректану" түсінік ретінде нақты уақиғалар туралы зерттеушіге жеткен деректерді (хабар, мағлұмат, мәліметтерді), немесе, сол деректерді (мағлұматтарды) жеткізген дерек көздерін (шежіре, жылнама т.б.) зерттеу, талдау мағынасын білдіреді. Ол жалпы деректану ғылымының міндеттеріне сай келеді. Егер, тарихшы-зерттеуші өз проблемасы бойынша жинаған деректерінен алған нақты мағлұматтарды деректанулық талдаудан өткізу арқылы өз еңбектерінде пайдалануға тиіс болса, деректанушы-зерттеуші сол мағлұматтар көздерінің пайда болуын, олардың ерекшеліктерін зерттейді. Яғни, "деректану" түсінік ретінде тарихшы-зерттеушілердің де деректанушылардың да іс-әрекеттерінің мәнін аша алады.

Өткен ғасырдың басында "дерек" бір ғана мағынада - хабар, мағлұмат мағынасында пайдаланылған. ("Шежіре - өткеннен дерек беретін сөздің бір түрі". А. Байтұрсынов. Ақ жол. 358 б.). Ал дерек көздері "тарихтың жемі" - деп айтылған. ("Шежіре, заман хат, өмірбаян, мінездеме - бәрі де тарихтың жемі есебіндегі нәрселер". А. Байтұрсынов, Ақ жол. 358 бет. "Анық тарих — осы екіншісі. Бұған жем нәрселер (материал) жақсы, шын ақындар шығарған, бұзылмаған жырларда болады". Ә. Бөкейханов. Шығармалар. 302 б.). Бұл жерде Ә. Бөкейхановтың "жем нәрселердің" қазақша нақты термині болмағандықтан оның орыс тіліндегі анықтамасын да беріп отырғандығын байқау қиын емес.

Демек, "дерек" түсінігі ғасыр барысында өзіндік даму жолынан өткен, оның мағынасы кеңейген, яғни "дерек" түсінік ретінде трансформацияланып, қосымша мәнге ие болған. Бұл кез келген ғылымда болып тұратын заңды құбылыс. Әрбір ғылым саласына бір-бірімен байланысты түсініктер жүйесі тән. Нақты ғылыммен бірге олар үнемі дамиды және байиды. Ескі түсініктердің мазмұны кеңиді немесе олардың кейбірі мүлдем ұмытылады. Жаңа

түсініктер және олардың мәнін ашатын терминдер пайда болады. Бұл ғылыми-таным процесі барысында үздіксіз жүріп отыратын табиғи-тарихи кұбылыс.

Келесі бір көңіл аударатын нәрсе, ол нақты дерек атына қатысты кейбір мәселелерді анықтап алудың қажеттілігі. Олай дейтініміз кей әдебиеттерде әр түрлі деректер бірдей терминдермен аталса, кей деректердің қазақша өзіне лайықты аты болғанымен, басқа тілде айтылып жүргендігі де жиі кездеседі. Мысалы, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде "шежіре" мен "жылнама" мағынасы бір сөздер ретінде берілсе ("Шежіре – тарихи оқиғаларды жазып отыратын жылнама". ҚТТС. 10-том, 189 б.), өзінің пайда болуы жағынан жеке адамдық деректер тобына жататын жазба деректердің маңызды бір түрі "мемуар" деп аталып жүр.

Біріншіден, шежіре мен жылнама өзіндік ерекшеліктері бар, бір-бірінен бөлек тарихи деректердің екі түрлі тобын құрайды. Егер, шежіре атадан балаға жалғасып келе жатқан халқымыздың ауызша тарих айту дәстүрінің тамаша үлгісі болса ("Қазақтардың әрбір ру басылары өз ру-тайпасының шежіресін – шыққан тегін, елдің әдет-ғұрпы заңдарын, ескі жарлықтарын, халықтың басынан өткен тарихи жайларды көп жасаған ақсақалдардан іждағаттылықпен үйреніп, өзінің шешендік өнерін шындауда көптеген аңыз-әңгімелерді, мақал-мәтелдерді, маңызды оқиғаларға қатысты ұлағатты асыл сөздерді ұзақ уақыт жаттайды". Ш. Уәлиханов. Таңдамалы. 115 б.), жылнама – оқиғаны болған жылы бойынша баяндайтын жазба дерек ("Орта ғасырлар тарихының аса маңызды жазба деректерінің бірі - оқиғаны болған жылы бойынша баяндайтын жылнамалар "Қазақ тарихы". 1995. № 67, 75 бет). Сондықтан жылнамалар, негізінен, жазу дәстүрлі қалыптасқан отырықшы халықтарға тән. Мысалы, орыс халқының тарихи деректері арасында өзінің көлемі жағынан да, қамтитын уақыты жағынан да ең көбі сол жылнамалар.

Екіншіден, өткен ғасырдың 70 жылдары мен 80-жылдарының аралығында дайындалған көп томдық "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің", Қазақстан ҒА корреспондент-мүшесі А. Ы. Ысқақов бастаған ғалымдар тобының, ондаған жылдарға созылған зерттеу жұмыстарының арқасында дүниеге келген күнды еңбек екендігінде күмән жоқ. Дегенмен, онда да өз уақытының ізі қалатындығы көрініп тұр. Себебі, сөздік сол жылдардағы

әдебиетте, ғылымда қолданылып жүрген сөздер мен сөз тіркестеріне негізделіп жасалынған. Ал қазір олардың біразы ескірген, бүгінгі күннің талабына сай келмейді. Мысалы, сөздікте “деректеме” деген терминге мынадай мысал келтірілген: “Жазба деректемелер мен жер астынан табылған искусство бұйымдары сол кездің өзінде-ақ профессионал шеберлердің болғандығын көрсетеді” (ҚазССР тарихы). Бұл жердегі сөздіктің авторлары сілтеме жасап отырған “ҚазССР тарихының” өзінің де, оның қазақша мен орысша араластырып жазған тілінің де біраздан бері жарамсыз болып қалғандығы баршаға аян. Сондықтан кей жағдайда деректанулық түсініктер мен терминдерді өз беттерімізше іздестіруге тура келеді.

Ал, “мемуар” туралы айтсақ, оның термин ретінде біздің тілімізден берік орын алғаны рас. (“Ғұмырнаманың тағы бір қайнары - естелік, мемуарлық еңбектер”. “Қазақ тарихы”. 1997, № 4, 42 б.). Дегенмен, Ахмет Байтұрсынов жазба деректің бұл түріне кезінде “заман хат” деп ат қойып, “Біреудің заманында болған тарихи уақиғадан, яки өзі ішінде болған істерден дерек беруі заман хат деп аталады” - деп, оның мәнін толық ашатын анықтамасын да берген еді (А. Байтұрсынов. Ақ жол. 398 б.). Мүмкін, біздің де сол атқа қайта оралғанымыз дұрыс болар.

Әрине, деректануға қатысты барлық терминдерге талдау жасап шығу мүмкін емес. Ол арнайы зерттеу жұмысының тақырыбы. Дегенмен, деректану ғылымы үшін маңызы үлкен өзекті терминдердің тағы біріне тоқталайық. Деректануда “классификация” деген термин жиі қолданылады. Қазақ тілінде ол “топтау”, “жіктеу” деп жазылып жүр. Осы жолдардың авторы да солай жазып келді. (“Орыс деректану мектебінде жазба және басқа да тарихи деректерді әр түрлі белгілеріне қарай топтау, жіктеу әрекеттері жасалынған” “Қазақ тарихы”. 1995. № 1. 74 б.).

Ахмет Байтұрсыновтың “Ұғымға сөз дәл келу үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек” (Ақ жол. 352 бет) - деген қағидасына сай жүргізілген ізденістер “топтаудың” да “жіктеудің” де “классификацияның” мағынасына сай келмейтіндігін көрсетті. Олай дейтініміз, біріншіден, деректерді категорияларға бөлу зерттеушіге тәуелсіз объективті өлшемдерге негізделуі тиіс. Олар деректердің өзіне тән объективті қасиеттерінен шығуы керек. Екіншіден, онда деректегі шындықтың ену және шағылысу

зандары көрінуі қажет. Сондықтан деректерді бөлу “классификация” проблемасы тек таза техникалық емес, методологиялық та проблема болып табылады және тек қалың деректер арасында бағыт көрсету қызметін ғана атқарып қоймайды, сонымен қатар олар зерттеу тәсілі қызметін де атқарады. Орыс тілінде “классификация” осы мағанада қолданылады.

“Топтау” да “жіктеу” де ол мағынаны бере алмайды. Біріншіден, бұл сөздер орыс тілінде басқа мағына білдіреді (“группировать”, “склонять”). Екіншіден, олар деректерді тек механикалық бөлшектеуді білдіреді. Сондықтан біз “классификацияның” баламасы ретінде “сыныптау” деген араб сөзін қолдануды ұсынар едік. Себебі, түрік тілінде бұрыннан да кең қолданылып жүрген бұл сөз соңғы жылдары біздің тілімізге де ене бастады. Қазіргі мектептерде бұрынғыдай “класс” демеі “сынып” деп айтылуы соның дәлелі. (“Бірінші орынды Алматы қаласындағы № 161 көпсалалы гимназияның 11 сынып оқушысы Нұрахметова Гүлжан жеңіп алды”. Қазақ тарихы. 1999. № 4-57, 81 б.).

Екіншіден, араб тілінде белгілі бір жүйені соған сай келетін майда жүйелерге бөлу “сыныптау” деп, ал оның нәтижесінде алынған бөлшектерді “сыныптар” деп атайды. Бұл “классификацияның” мағынасымен сай келеді. (“Сыныф-род, сорт, класс, категория”. Баранов Х. К. Арабско-русский словарь. М., “Русский язык”, 1984. С.447).

Осы және басқа да деректанулық ұғымдар мен терминдерге қатысты өз ұсынысымызды № 1 қосымшадағы кестеде беріп отырмыз. Кесте терминолог мамандар мен тарихшы ғалымдардың пікірлерін ескере жасалынған, және де “Қазақ тарихы” журналының осы жылғы бірінші санында жарияланып, көпшілік талқысынан өткен. Сондықтан жұмыста сол кестеде көрсетілген деректанулық ұғымдар мен терминдер қолданылды. Дегенмен, олардың да өзгеріске ұшырау мүмкіндігін жоққа шығармаймыз. Ол болмай қоймайтын табиғи процесс.

Деректердің аса бір үлкен тобын белгілі бір формаға ие болған, қоғамдық мәні бар, әлеуметтік-мәдени міндеттер атқаратын мерзімді басылымдар -газетпен журналдар күрайды. Газет-журналдардан тарихшылар кез келген тақырыпты зерттеу барысында өздеріне қажетті мәліметтер таба алады деп айтуға болады. Дегенмен,

тарихшы-деректанушы деректің осы тобына жататын түрлерінің әр қайсысы әр түрлі уақытта және әр түрлі тарихи жағдайларда пайда болып қалыптасқан өзіндік ерекшелігі бар дерек ретінде, нақты-деректанушылық зерттеу нысаны бола алатын, күрделі деректер комплексінен тұратындығын білуі қажет. Сонымен қатар, мерзімді басылымдарда жарияланған түрлі мәтін-деректер әр алуан деректер түрлеріне де жатуы мүмкін екендігін де зерттеуші ұмытпауы керек. Газет-журнал беттерінен заң актілерін, іс қағаздарын, хаттамаларды, естеліктерді, мемуарларды т.б. кездестіруге болады. Әсіресе, соңғы жылдары еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты қазақша басылымдарда ұлт тарихына қатысты жәдігерлердің алуан түрлері көптеп жариялана бастады.

Осындай әр түрлі мәтін-деректерге нақты жағдайға сай келетін зерттеу тәсілдері мен талдау әдістерін қолдану қажеттілігі түсінікті. Сондықтан, зерттеуші деректану ғылымының методологиясын, ортақ заңдылықтарын, теориялық негіздерін, деректермен жұмыс істеу тәсілдерін меңгеруі қажет.

Әрбір ғылымның міндеті - белгілі бір құбылыстар мен процестердің мәнін және объективті заңдылықтарын танып білу керек екендігі белгілі. Ал ғылым ретінде, А. Байтұрсынов айтқандай: "тарихтың қызметі бүтін адам баласының, яки бүтін бір жұрттың, я бір таптың өткен өмірін болған күйінде айнытпай айту" (119) болса, деректану ғылым ретінде тарихи деректердің пайда болу заңдылықтарын және оларда тарихи процестердің объективті шағылысун зерттейді.

XX ғасыр тарихының ерекшеліктерінің бірі оның деректік негізінің бұрынғыдан әлдеқайда кеңейюінде, тарихи деректердің ғасыр сырларын өз бойына жинаған кино, фото, фоно, бейнефильм сияқты жаңа түрлерінің пайда болуында.

Қазақ тарихы үшін осындай XX ғасырға тән тарихи деректердің бірі, ол - жазба деректер тобына жататын мерзімді басылымдар. Негізінен ғасыр басында пайда болып, қалыптасқан мерзімді басылым тез арада маңызды дерек көзіне айналды. Бүгінгі күні ұлт тарихындағы, XX ғасырда болған бір де бір оқиға мерзімді басылымды тарихи дерек көзі ретінде пайдаланусыз зерттелінбейді деп сеніммен айтуға болады.

Басқа деректер сияқты мерзімді басылым мәліметтері де тарихи "сынды", басқаша айтсақ, деректанулық талдауды қажет етеді. Сол арқылы ғана баспасөзден объективті мағлұмат алуға болады.

Мерзімді басылымға ең басты белгісі мерзімділігімен ерекшеленетін әр түрлі басылымдар: газеттер, журналдар, белгілі бір уақытта шығып тұратын жинақтар, ғылыми еңбектер және жазбалар жатады. Олардың ішінде мерзімділік принципіне сай екі негізгі түрін ерекше айтуға болады. Олар:

1. Газет - жиі шығып тұратын (әдетте күнделікті) мерзімді басылым түрі, оның басты міндеті - болып жатқан оқиғалар ағымы туралы мәліметтер жеткізу және түрлі ақпараттық мазмұнды материалдар жариялау.

2. Журнал - жиілігі аптасына бір реттен аспайтын (әдетте ай сайын шығатын) мерзімді басылым, ол кітап түрінде әр алуан саяси, ғылыми, әдеби материалдармен жарық көрді.

Газеттер мен журналдар өзінің саны, көлемі жағынан аса көп, мазмұны, бағыт-бағдары, мақсаты жағынан әр алуан болып келеді. Оның бәрін қамту өте қиын. Сондықтан, баспасөз бетіндегі деректер теңізінде дұрыс жол табу, тарихи зерттеулерде оларды тиімді қолдана білу қажеттілігі оларды сыныптау проблемасын туғызады. Басқаша айтсақ, газет-журналдарды ортақ қасиеттері бар, бірақ бір-бірінен ерекше белгілерімен айырылатын топтарға бөлу.

Мерзімді басылымдарды сыныптау, зерттеушіге тәуелсіз объективті өлшемдерге негізделуі тиіс. Олар объективті деректердің өзіне тән қасиеттерінен шығуы қажет. Онда деректердегі шындықтың ену және бейнелену заңдары көрінуі керек.

Демек, газеттер мен журналдар әр түрлі белгілеріне қарай бірнеше ұсақ топтарға бөлінеді:

- мерзімділігіне қарай (күнделікті және апталық газеттер; апталық, айлық немесе тоқсандық журналдар);
- территориялық белгілеріне қарай (астаналық, орталық, жергілікті);
- тіліне қарай (казак, орыс, ағылшын т.б.);
- баспасына қарай (ресми-үкіметтік, ведомстволық, жеке меншік, қоғамдық, ұйымдық т.б.);
- цензураға қатынасына қарай (жария, жасырын);
- әлеуметтік бағытына қарай (жастар, әйелдер, балалар, студенттер т.б.);
- мазмұнына қарай (әдеби, қоғамдық, ғылыми, сатиралық т.б.).

Мерзімді басылымның ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы дамуы туралы айтқанда, ондағы жіктелудің жетекші

екі тенденциясын байқауға болады:

а) саласына қарай -

экономикалық;

әкімшіл-саяси және заң;

ағарту және мәдениет мәселелері бойынша;

тарихи;

әдеби-көркем және театралдық-музыкалық;

әскери-патриоттық;

сықақ және мысқыл;

діни-шіркеулік т.б. басылымдар.

ә) таптық және қоғамдық-саяси позицияларына қарай - ұлттық газет және журналдар;

пролетариаттық-марксистік;

әртектілік-демократиялық;

либералдық-буржуазиялық;

консервативтік және реакциялық;

бейсаясатты бульварлық-көшелік пресса т.б.

Қазан төңкерісіне дейін Ресейде көптеген партиялық, қоғамдық-саяси басылымдар шығып тұрды. Олар қоғамдағы әр түрлі таптардың, әлеуметтік топтардың, саяси ағымдардың ой-пікірлерін білдірді, мақсаттарын көздеді. Мысалы, ХХ ғасырдың басында әр түрлі партиялардың: октябристер, кадеттер, меньшевиктер, эсерлер, каражүзділіктердің және тағы басқалардың газет-журналдары шығып тұрды. 1905 жылдың өзінде большевиктердің жүзге жуық органдары жарық көрген. Қазақстанда ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында “Түркістан уалаятының газеті”, “Дала уалаятының газеті” сияқты ресми газеттер, “Айқап”, “Қазақ”, “Сарыарқа”, “Алаш” сияқты ұлттық бағыттағы бейресми басылымдар, “Тіршілік” сияқты таптық позициядағы газет қазақ тілінде жарық көрген.

Елімізде кеңес өкіметінің толық орнауына байланысты, әр түрлі ағымдағы басылымдар күштеу арқылы өмір сүруін тоқтатып, тек большевиктік басылымдар ғана қалдырылды. Демек, капитализм дәуірінде, тіпті реакция жылдарының өзінде, Ресейде әр түрлі ағымдағы, әр түрлі мақсаттағы мерзімді басылымдардың кеңінен шығып тұруы, патшалық Ресейдің, большевиктер көсемінің сөзімен айтсақ “халықтар түрмесінің”, кеңес өкіметіне қарағанда әлдеқайда демократиялық құрылыс болғандығын

көрсетеді. Өйткені, баспасөздің әр алуандылығы - қоғамдық ой-өрістің дамуының, әр алуандылығының көрінісі. Бұл демократиялық қоғамға тән негізгі белгілердің бірі.

Сонымен, мерзімді басылымды әр түрлі белгілеріне қарай немесе қоғамдық-саяси бағыттарына қарай сыныптау, зерттеушіге өз жұмысында дұрыс бағдар алуына көмектесетін факторлардың бірі.

Газеттер мен журналдарды талдаудың ерекшеліктері олардың жазба деректердің түрі ретіндегі күрделілігі мен өзіндік орнынан туындайды. Біріншіден, мерзімді басылым әр алуан жазба деректердің түрлерінен, екіншіден, әлеуметтік функциясы, формасы және мазмұны жағынан тегі бір деректердің өзіндік түрлерінен тұрады.

Тарихи талдаудың нақты объектісі ретінде белгілі бір басылымды тұтас, оның жарыққа шығу хронологиясын қатаң сақтай отырып алуға болады, не сол басылымда жарияланған нақты бір тексті дерек ретінде алуға болады. Осыдан келіп, мерзімді басылымды зерттеудің екі жолы шығады:

1. Белгілі бір баспа органын тұтас дерек көзі ретінде жан-жақты зерттеу.

2. Зерттеу тақырыбына сай, сол басылымнан нақты деректі іздеп тауып, соны талдау.

Дегенмен, бұл жолдардың едәуір айырмашылықтарына қарамастан, олар бір-бірімен тығыз байланысты және екеуі де белгілі принциптер мен ережелерді сақтауды мерзімді басылымдардың сипатын және бағытын ескеруді талап етеді.

Журналдар мен газеттер барлық уақытта белгілі бір қоғамдық топтардың идеологиясы мен іс тәжірибесінің, олардың өзара қарым-қатынастарының және пікірталастарының құралы болып келді.

Таптық және саяси күрестердің сипаты мен мән-мазмұны, қоғамдық-идеологияның карама-қайшылықтары мерзімді басылымның өмір сүруінің нақты тарихи жағдайы т.б. айналып келгенде баспасөз тағдырына шешуші әсерін тигізеді. Өркениет жолымен дамыған қоғамдарда кез келген баспа органдарының өзіндік, белгілі бір қоғамдық-идеялық бағытқа тән саяси бет-бейнесі болады.

Тек, кеңес өкіметі сияқты адамзаттың даму жолынан аулақ кеткен қоғамдарда ғана, мерзімді басылымның мұндай табиғи даму заңдылығы бұзылады. Өзіміз куә болғандай, В. И. Лениннің "Партиялық ұйым және партиялық әдебиет" (1905 ж.) деген еңбегіне сүйенген коммунистер, әдебиеттің партиялығы дегенді тек коммунистік партиялығы деп түсініп, оған жатпайтындардың бәрін қуғын-сүргінге ұшыратты. Ұзақ жылдар бойы баспасөз тек бір ғана идеологияны (марксистік) дәріптеп, тек бір ғана бағытты (коммунистік) қолдап келді.

Егер дамыған елдерде қалыптасқан, бұқаралық ақпарат құралдарын, тек бір ғана көзқарасты тұтынушыларға тану үшін пайдалану, адамның пікір таңдау құқын шектеген қылмыс ретінде қаралатын дәстүрден шықсақ, онда басқа ақпарат құралдары сияқты, мерзімді басылымды да өз идеологиясын халыққа зорлап тану мақсатында пайдаланған большевиктік-коммунистік партия, адамзат алдындағы басқа қылмыстарымен қатар, бұл салада да ұзақ уақыт қылмысты іспен айналысты деп айтуға болады.

70 жылдан астам уақыт мерзімді басылым жаппай бұқаралық ақпарат құралы емес, бұқараны жаппай алдау құралы қызметін атқарып келді. Сондықтан сол жылдардағы мерзімді басылымды тарихи дерек ретінде пайдаланғанда зерттеуші осы ерекшеліктерді ескеруге тиіс. Мысалы, 30-жылдардың басында Қазақстанда елуге жуық газет-журналдар шығып тұрды. Ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру жылдарында редакцияның алдында адамдар аштан өліп жатты. Ал газеттер болса күн сайын колхоздастыру ісіндегі партия табысын мадақтаумен болды.

Демек, жоғарыда айтылғандай, алдымен патша өкіметі, кейіннен Уақытша үкімет тұсында, сан алуан бағыттағы газет-журналдардың шығып тұруы елде аз да болса демократияның барлығын көрсетететін тарихи дерек болса, кеңес өкіметі кезінде бұның бәрінің толық дерлік жойылуы, тек большевиктердің мерзімді басылымдарының шығып тұруы, сол қоғамда тоталитарлық жүйенің толық орнағанын дәлелдейтін тарихи дерек болып табылады.

Сонымен, мерзімді басылымның қоғамдық саяси бағытын анықтау және есепке алу - деректанулық талдау жасаудың және онан алынған мәліметтерді ғылыми зерттеулерде пайдаланудың ең басты және міндетті алғышарты. Оны қалай іс жүзіне асыруға болады?

Ірі, көпшілікке танымал газеттер мен журналдардың таптық-саяси бағытының қысқаша мінездемесі мерзімді басылым туралы таныстырмалық еңбектерде және анықтамаларда беріледі. Дегенмен, бұл мінездемелерге толығымен сенуге болмайды. Оларды жиі тексеріп, анықтап, тіптен түзетіп отыру қажет болады.

Бұл міндетті іс жүзінде шешу үшін, ең алдымен зерттелудегі органдардың редакторлары мен шығарушылардың бағдарламалық мәлімдемелеріне, мақалаларына, хабарландыруына көңіл аударған жөн. Мерзімді басылымның шығуы туралы мәлімет журналдың сыртқы бетінде беріледі. Онда мерзімділігі басты мазмұны, баспасы көрсетіледі. Басылымның соңғы жағында оның мазмұны, бөлімдері, басты қызметкерлері, шығарушылары, редакторы, мекен-жайы, оған жазылу шарты туралы мәліметтер бар.

Шығарушылардың және редакторлардың, басты жетекші қызметкерлердің және сол органның тұрақты авторларының партиялылығын және қоғамдық-саяси бағыттарын зерттеудің де маңызы зор. Ол үшін редакцияның және баспахананың архивтеріндегі материалдармен, журналистердің, жазушылардың, ғалымдардың, саясаткерлердің (осы органдардың авторларының) жеке фондтарымен, жеке сипаттағы деректерімен (естеліктер, күнделіктер, заманхаттар т.б.) танысқан дұрыс.

Дегенмен, ұлттық басылымдар үшін баспаның тіркелуінің реттеушісі цензура болғандығын ұмытпау керек. Сондықтан, цензуралық мекемелерді, цензуралық саясатты және цензуралық тәжірибені білу аса қажет.

Тарихшы көп жағдайда газеттермен жұмыс істеуге мәжбүр болады. Өйткені, онда аса көп фактілі материалдар сақталынған. Әр түрлі әлеуметтік топтар туралы суреттемелер, саяси көсемдердің сөздері, демонстрациялар, митингілер, ереуілдер туралы мәліметтер, программалық құжаттар, өмірбаяндар, басқа да толып жатқан мағлұматтар бар. Бірақ, газет жай фактілер жиынтығы емес. Ол ең алдымен белгілі бір таптың, топтың, саяси партияның қаруы. Редакция не коллегия алдына қойылған мақсатқа сай саяси күрес жүргізе келе, өз қарсыластарымен тек ашық күрес қана жүргізіп қоймайды, сонымен қатар, өз жағына уақытша одақтастар тартуға да әрекет жасайды. Осы мақсатта материалды берудің түрлі тәсілдерін пайдаланады. Олар: кейбір мәселелер туралы үндемей қалу, фактілерді тандап беру, оларды

мақсатқа сай түсіндіру т.б. Міне, осылардың барлығын тарихшы ескеруге тиіс болады.

Газет-журналдармен жұмыс істегенде олардың негізгі жанрларын білу де қажет. Олар: 1. Мақала (публицистикалық, сын, ғылыми т.б.). 2. Бас мақала (тек газетке тән жанр). 3. Очерк. 4. Шолулар (ішкі, шетелдік, әдеби т.б.). 5. Фельетон. 6. Әр түрлі әдеби шығармалар (әңгімелер, повестер т.б.). 7. Сот есептері. 8. Некролог. 9. Хабарландыру. 10. Жарнамалар т.б.

Егер, өркениетті дамыған елдердің экономикасының негізі нарықтық қатынас десек, сол қатынасты дамытудың, демек, экономиканы дамытудың қозғаушы күші - жарнама. Қазан төңкерісіне дейінгі баспасөзде, әсіресе орыс тіліндегі басылымдарда жарнамаға негізгі орын берілуі ғасыр басында елімізде нарықтық қатынастың кеңінен дами бастағанын көрсетеді. "Қазак", "Сарыарқа" сияқты жетекші ұлттық басылымдарда жарнама негізгі орын алмағанмен, олардың беттерінде де әр түрлі жарнамалар басылуы олардың нарықтық қатынасқа бейімделуге әрекеттенгенін байқатады. Демек, кей жағдайда жарнамалар да деректік қызмет атқарады.

Мерзімді басылымдардың бір тобын арнаулы тарихи журналдар мен баспасөзде жарияланған тарихи материалдар құрайды. Олардың да өзіне тән ерекшеліктері бар.

Қазақ тарихына байланысты тарихи басылымдарды үш топқа бөлуге болады:

1) қазан төңкерісіне дейінгі Орталықтан, Қазаннан т.б. қалалардан шығып тұрған журналдар;

2) кеңес өкіметі тұсындағы арнаулы тарихи басылымдар (хабаршылар, ғылыми жазбалар, жинақтар т.б.);

3) "қайта құру" кезеңінің соңы және тәуелсіздік жылдарындағы тарихи журналдар мен баспасөзде жарияланған тарихи материалдар.

Жалпы қазан төңкерісі қарсаңында Ресейде 35-40-қа жуық тарихи журналдар шығып тұрған. Олардың бетінде Қазақстан тарихына байланысты көптеген тарихи деректер, қазақтар туралы зерттеу жұмыстары басылып тұрды. Оның біразы ғылыми айналымға түссе, көпшілік бөлігі өзінің зерттеушісін күтуде.

Кеңес өкіметі кезінде де біршама тарихи басылымдардың шығарылып тұрғаны рас. Бірақ, олар негізінен орыс тілінде және

арнаулы мақсатпен (қазақ тарихын бұрмалау мақсатымен - Қ.А.) шыққандықтан, қазақ тіліндегі деректер назардан тыс қалды. Қазақ халқының объективті тарихын зерттеу ісіне үлкен нұқсан келтірілді. Дегенмен, оларда Қазақстан тарихына қатысты көптеген деректердің кездесетіндігін ескеріп, деректанулық сыннан өткізу арқылы, оларды ғылыми мақсатта пайдалануға болады.

Елімізде 80 жылдардың аяғына қарай өріс алған жариялылық, демократиялық өзгерістер, әсіресе еліміздің тәуелсіздік алуы тарихқа деген жаппай, бүкілұлттық қызығушылықты тудырды. Бұл кездейсоқ пайда болған қызығушылық емес еді. Ұзаққа созылған ауыр науқастан соң есін енді жинай бастаған адам сияқты, қазақ халқы да өзінің өткенін жадына түсіргісі келді. Халықтың жадысы - тарих. Сол тарих арқылы қазақ, қалайша осындай жағдайға душар болғанын білгісі келді, өзін-өзі түсінгісі келді. Ол заңды құбылыс.

Тарихқа деген сұраныс ұсынысты тудырды. Мерзімді басылым беттерінде тарихи деректер мен тарихи мақалалар тасқыны басталды. Журналистердің, әдебиетшілердің, басқа да зиялы қауым өкілдерінің тарихи тақырыпқа арналған мақалалары көптеп жарияланды. Ақырында, ұлт тарихында тұңғыш рет деп айтуға болады, қазақтың кәсіпқой тарихшылары ешкімге жалтақтамай, өз халқының тарихы туралы өз ойларын еркін жаза алатын жағдайға жетті. 1993 жылдың екінші жартысынан бастап елімізде тарих мәселелеріне арналған қазақ тіліндегі тұңғыш журнал "Қазақ тарихы" шыға бастады.

Әсіресе, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен, 1997 жылдың "Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы" - деп, 1998 жылдың "Халық бірлігі мен Ұлттық тарих жылы" - деп жариялануы, баспасөз бетінде саяси қуғын-сүргін тарихына арналған, жалпы ұлт тарихына арналған тарихи материалдардың көптеп жариялануына әсер етті. Осылай, Қазақстан тарихының деректік негізі молая түсті. Дегенмен, бұл материалдарды тарихи дерек ретінде пайдалану барысында зерттеуші қазақ баспасөзінің соңғы жылдары жаңа жағдайда, еліміздің тәуелсіздігі жағдайында жарық көре бастағандығын, бұл фактордың газет-журнал материалдарына, олардың деректік маңызына әсер еткендігін ескеруі тиіс.

Тәуелсіздік тұсындағы басылымдардың негізгі ерекшеліктеріне көңіл аудару мақсатында республикалық "Егемен Қазақстан", "Жас алаш" және "Қазақ әдебиеті" газеттерінде жарияланған, Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихына арналған материалдарға қысқаша талдау жасайық.

Аталған басылымдардың бәрі де айқын ұлттық бағыт-бағдар ұстаған газеттер. Және де бұл газеттерде жарияланған материалдар қасіреттің жаппай етек алуына 60 жыл толуына орай, саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу мақсатында жарияланғандықтан, көбісі естеліктер ретінде жазылған. Олар негізінен, қасірет құрбандарының, олардың жақындарының және куәгерлердің естеліктері болып үш топқа бөлінеді.

Дерек ретінде барлық естеліктерге тән ортақ ерекшелік - олардағы баяндалған материалдардың объективтілігі деп айтуға болады. Оның айқын дәлелі - жарияланған барлық естеліктерде өшпенділіктің, кек алу ниеттің жоқтығы. Тіпті, кейбір естеліктерде, жазықсыз құрбан болған жандардың жақындары, нақты кімдердің көрсетуімен туысының ұсталғанын біле тұра, оларды атамауы, бұл деректерге деген сенімді арттырады.

Баспасөз беттерінде жарияланған материалдарды талдау барысында байқалған тағы бір нәрсе - "саяси қылмыскерлер" бар да, саяси қылмыстың ізі жоқ. Қандай да болмасын өмір сүріп тұрған саяси жүйе өзін мүмкіндігінше қорғайды. Ол - заңдылық. Сондықтан, барлық елдерде саяси қылмыс құжаттары маңызды тарихи дерек тобын құрайды. Бір елдерде ол мемлекеттің қауіпсіздігі мен тәуелсіздігі үшін күрес тарихының дерегі болса, екінші бір халықтар үшін ол құжаттар тәуелсіздік, саяси бостандық үшін жүргізген күрес тарихының дерегі болып табылады. Мұндай деректер өзінің құрамы жағынан үлкен екі топқа бөлінеді:

1. Саяси іздеу және бақылау органдарының құжаттары.
2. Сот-тергеу құжаттары.

Мұндай тұжырымның дұрыстығын мерзімді басылымда жарияланған, аталған тақырыпқа байланысты материалдардың пайда болуын сынау және оларды бір-бірімен салыстырудың қорытындылары да растайды.

Әрине, бұлардың ішінде сол сталиндік зобаланнның бар қасіретін өз басынан өткерген, тағдырдың жазуымен аман қалған немесе сол зұлматтың куәсі болған, адам құқының қалай аяқ

асты болғандығын өз көзімен көрген адамдардың естеліктерінің тарихи дерек ретіндегі орны ерекше. Олар, өздерінің пайда болуының субъективтілігіне қарамастан, маңызды дерек ретінде көптеген сұрақтарға жауап табуға көмектеседі. Мысалы, бір-бірімен байланыссыз, еліміздің әр түрлі жерлерінде дүниеге келген естеліктердің бәріне ортақ бір нәрсе, ол - "қасірет құрбандарының жазығы не, не үшін жазаланды" - деген сұраққа өзіндік жауап берулері. Бәріне ортақ бірінші жауап, ол - жазаланған адамдардың кеңес өкіметі алдында ешқандай кінәларының жоқтығы, саяси құрылысқа қарсы қандай түрде болмасын, қылмысты іс-әрекеттер жасамағандығы, екінші жауап, ол - "халық жаулары" деген атпен жауапқа тартылған адамдарға тағылған айыптың ойдан шығарылған жала екендігі, еш негізсіздігі және түрпайылығы. Бір ғана мысал келтірейік. Әулиеаталық Байтама Смайылулы 1937 жылы 30 желтоқсанда, 39 жасында НКВД үштігінің қаулысымен, 1936 жылы Қазақ ССР-і Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Ұзақбай Құлымбетов Әулиеатаға келгенде бірге жүріп, қызмет көрсетіп, суретке түскендігі үшін "халық жауы" ретінде 10 жылға сотталады. 1944 жылы 10 қаңтарда Қиыр Шығыста қайтыс болды.

1957 жылы 18 қарашада Жамбыл облыстық сотының коллегиясының шешімімен "қылмыс құрамы дәлелденбегендіктен" ақталды (120).

Міне осылай, жүздеген-мыңдаған істер осы сарындас болып келе береді. Естелік авторларының айтқандарының шындық екендігінің дәлелі де сол саяси құрылыстың өзі. Әр түрлі дәрежедегі сот шешімдерімен саяси "қылмыскерлерді" ақтауы соның көрінісі. Бұл әрине, деректердің шынайылық дәрежесін арттырады. Оның тағы бір дәлелі куәгерлер мәліметі.

Ғалым Ахмедовтің "Қазақ әдебиеті" газетінде жарияланған естелігінде: "Бір жолы Алматының Сталин аупарткомының бюросына бардым. Ылғи "персональное дело". Солардың ішінде өзім жақсы білетін, 1919 жылдан коммунист, республика жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары Хамит Чурииннің ісі қаралды. Партком хатшысы, көруге байсалды-ақ адам Хамит ағаны қаралап: "Бұл кісінің фамилиясы - Чуриин қазақта (айтып тұрған орыс) Чура деген ат жоқ, шын ұлтын жасырған болса керек. Патша заманында прогимназияда оқыпты, соған қарағанда

әкесі бай болса керек. Жиырманшы жылдары Оралда меңдешевшілдер жігі болған. Чуриин оған қосылуы мүмкін" - деп соғып тұр. Жас, албырт кезім, әлгінің сөзіне күліп жіберіппін. Аупарткомның хатшысы: "Неге күлесің?" - деп маған қарады, ішкі істер қызметкері де маған сүзіле қарап отыр. Абыржып қалсам да, мен "Ескі коммунистердің тағдырын әлгідей тиянақсыз дәлелдермен шешуге бола ма, ондай жорамалдармен кез келген кісінні айыптауға болады ғой" - дедім. Сонсоң хатшы да: "Шынында дәлелдері тым әлсіз екен, қайта тексеруге жіберілсін" - деп қаулы алды. Бұл істің аяғы науқан бәсендеген кезге дейін созылып барып, Хамит аға аман қалды. Сол жылдары адамды айыптау түрлері осындай болып келетін" (121) - деп айтылған.

Қазак тіліндегі баспасөздерде жарық көрген өзге материалдарды айтпағанның өзінде, бұл шағын дерек пен естеліктердің өзі мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, айыптаушылардың арнайы тапсырманы орындауы анық. Сондықтан, "көруге байсалды-ақ адамның" әйтеуір бір кінә тағу мақсатында дәлелсіз, айғақсыз айыптар тағуға мәжбүр болғандығы. Әйтпеген күнде Чурииннің басына туған күн ертеңіне өз бастарына туатынын олар жақсы түсінген.

Екіншіден, адам тағдырының соншалықты ойыншыққа айналуы. Егер Ахмедов жастықпен, албырттықпен күліп жібермесе, басқалар сияқты аса маңызды "қылмысты" істі тыңдап отырғандай сыр бермей отыра берсе, онда Чуриин кем дегенде 10 жыл (одан аз ол кезде бермейтін) алып кете берер еді. Демек, бір жастың мысқыл күлкісі бір азаматтың, сол арқылы тұтас бір әулеттің тағдырын шешті.

Осылай баспасөз беттерінде жарияланған саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты материалдарға қысқаша талдау жасау маңызды қорытындылар жасауға мүмкіндік берді. Демек, тәуелсіздік кезіндегі мерзімді басылымдар да басқалар сияқты деректанулық талдауды қажет етеді.

Зерттеушілер үшін тарихи басылымдардағы деректанулық талдаудың ең басты объектісі - "мәтін-дерек". "Мәтін-деректерге:

а) Жазба деректердің барлық түрлері: актілер, грамоталар, заңдар, бұйрықтар, хаттамалар, шағымдар, күнделіктер, заманхаттар т.б.;

ә) Әр түрлі мақалалар: публицистикалық, ғылыми-зерттеу, тарихнамалық, деректанулық, сын-библиографиялық т.б.;

б) Қосымша сипаттағы текстер: сілтемелер, ескертпелер, әдебиеттер тізімі.

Мәтін-деректер - асинхронды және синхронды деп бөлінуі мүмкін.

- Асинхронды - мерзімді басылымнан немесе оның жеке сандарынан бұрын пайда болғандар. Бұл текст-деректер өзінің дүниеге келуі жағынан өздерін жариялаған басылымнан тіптен тәуелсіз (олар негізінен тарихи деректер).

- Синхронды мерзімді басылыммен не оның белгілі бір томдары, сандарымен тікелей байланысты, сол басылымды дайындау барысында дүниеге келген мәтін-деректер.

Егер асинхронды мәтін-деректерді талдау басқа деректер түрлерін талдаудан еш айырмашылығы жоқ деуге болса, синхронды "мәтін-деректерді" талдау кезінде бірінші кезекте сол басылымның сипаты мен бағытын анықтау қажет болады.

Асинхронды мәтін-деректер ең алдымен өздері пайда болған уақыт контексінде талдауды қажет етеді. Дегенмен, ол, сол текст басылған басылымның жалпы сипаты мен бағдарын анықтаудың қажеті жоқ деген сөз емес. Сондықтан тарихи басылымдармен жұмыс істеген кезде деректерді талдаудың жалпы принциптерімен қатар, нақты мәтін-деректің синхрондылығымен байланысты сол басылымның ерекшелігін де ескерген дұрыс.

Европада феодализмнің ыдырау дәуірінде, жаңа буржуазиялық қатынастардың қалыптасу кезеңінде жазба деректердің ерекше түрі ретінде пайда болған мерзімді басылым XIX ғасырдың 70 жылдарында қазақ тілінде де жарық көріп, XX ғасырда кеңінен тарай бастады. Ол әр түрлі әлеуметтік функциялар (ақпараттық, идеологиялық т.б.) атқарумен қатар, бұқаралық тарихи деректер көзіне де айналды.

Бүгінгі күні баспасөз әр түрлі әлеуметтік топтардың, ағымдардың күрестерінің аренасына айналды. Сонымен қатар ол өзінің ең бастапқы функциясы - тарихи мәлімет құралы міндетін де сақтап қалды. 100 жылдан астам даму процесінің барысында ұлттық мерзімді басылым әр алуан асулардан өтті. Тек, ғасыр соңында ғана ұлттық баспасөз өз халқына алаңсыз қызмет етуге мүмкіндік алды.

Сонымен, құрамы жағынан аса күрделі деректер тобына жататын мерзімді басылым зерттеу мақсатына байланысты өзіне ерекше тәсілдерді пайдалануды талап етеді.

1. 2. Қазақ тарихына қатысты мерзімді басылымдар: өркендеу кезендері, дерек көзі ретінде талдау принциптері және негізгі проблемалары

Мерзімді басылым беттерінде әр түрлі тарихи кезендерде жарияланып зерттеушіге жеткен тарихи деректер, басқа да жазба деректер сияқты өздерін сыннан өткізуді, талдауды қажет етеді. Өкінішке орай, қазақ тарихының негізін құрайтын төл деректерімізді деректанулық "сыннан" өткізудің дәстүрлі мектебі, жүйелі тәсілінің қалыптаспауы бұл істе де едәуір қиындықтар туғызып отыр. Осыған байланысты соңғы жылдары қазақ тарихшыларының еңбектерінде тарихи "сынның" қажеттігі туралы жиі айтыла бастады. Мысалы, ҚР ҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Манаш Қозыбаев: "... мемуарлық әдебиетке сын көз керек, ондағы деректерді ой елегінен өткізіп, басқа деректермен салыстырып отыру керек" (122) – десе, тарихшы Меруерт Әбусейтова: "Следует подчеркнуть, что использование источников дает положительные результаты лишь при критическом осмыслении, глубоком анализе, установлении их достоверности и оригинальности" (123) – дейді.

Әрине, мұндай пікірлердің өз негізінде енді ғана жедел дами бастаған Қазақстан тарихы ғылымының талаптарынан туындап отырғандығы түсінікті.

Бір өзі бірнеше ғасырға татырлық XX ғасыр тарихы да белгілі объективті себептерге байланысты, тек соңғы жылдары ғана жалпы адамзат тарихы контекстінде, ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеле бастағандығы белгілі. Бұл ретте тарих ғылымы үшін ғасыр айнасы іспетті болған мерзімді басылымның деректік орны ерекше. Негізінен ғасыр басында дүниеге келіп, ғасырмен бірге дамыған қазақ баспасөзінің деректік орнын, олардың өзіндік ерекшеліктерін, олармен жұмыс істеу тәсілдерін айту үшін, біз алдымен ұлттық мерзімді басылымның тарихының зерттелу жағдайына қысқаша тоқталайық. Себебі, біріншіден, тоталитарлық жүйе, коммунистік идеология қазақ халқының тағдыры сияқты, баспасөз тағдырында да шешуші роль атқарды. Оның тарихының зерттелуіне, өрескел бұрмалауына өз ықпалын тигізді. Екіншіден, қазақ мерзімді басылымының өз дәрежесінде ұлт мүддесі тұрғысынан зерттелуі, оның деректік маңызын ашуға,

ондағы салынған ақпараттардың шынайылық дәрежесін айқындауға, сол арқылы халық тарихын жазуға көмектеседі.

Қазақ мерзімді басылымының тарихы көптеген еңбектерде арнайы зерттелді. (124) Дегенмен, олардың бәрінде дерлік қазақ баспасөзінің қалыптасу және даму тарихы негізінен таптық тұрғыдан қаралды. Қазақстанда кеңес өкіметінің жеңуімен, большевиктік партияның басшылығымен байланыстырылды. Қалыптасқан жағдайда басқаша жазу мүмкін емес те еді. Зерттеушілердің әрбір сөзі, басқан адымы үнемі бақылауда болды. Лениндік сара жолдан сәл де болса ауытқушылық қатал айыпталынды. Мысалы, 1937-1938 жылдарды айтпағанның өзінде, 1951 жылы 17 қарашада Қазақстан Қоммунистік (большевиктік) партиясының Орталық Комитетінің органы "Социалистік Қазақстан" газетінде "Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеудегі өрескел қателіктер" деген үлкен мақала жарияланды. Онда ұлттық баспасөз тарихын зерттеушілер Хайыржан Бекхожин мен Бейсембай Кенжебаев "идеологиялық бұрмалаушылақтар мен өрескел саяси қателіктері" үшін қатал сынға алынды. Олардың еңбектері "... халқымыздың таңдау-талғауына сай емес, тарихи шындықты бұрмалаған, бұқпа-жалтағы көп, маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалып жазылмаған күнсыз еңбектер" (125) - деген үзілді-кесілді баға алды.

Біріншіден, "аса өрескел қателіктерін" түсіну үшін, екіншіден, мұның өзі де қазақ баспасөзінің тарихы болғандықтан, газеттің бір бетін түгелдей дерлік алған Х. Бекхожиннің «Дала уалаяты» - қазақтың тұңғыш газеті" деген кандидаттық диссертациясын және Б. Кенжебаевтің "Қазақ баспасөзінің тарихынан" атты кітапшасын түгін қалдырмай сынаған мақаладан біраз үзінді келтірейік.

"Автор (Б. Кенжебаев туралы - Қ.А.) Х. Бекхожиннің жоғарыда айтылған диссертациясын негізге алып, "Дала уалаятының газетіне" кеңірек тоқтайды. Бекхожиннің қателерін тереңдетіп, ұластыра түседі, газеттің тарихи және әдеби қызыстарды дәріптегенін, қазақ халқының қас жауы Кенесары Қасымов туралы, орда ақыны Бұқар туралы жазғандарын, реакцияшыл ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің мақалалары мен өлеңдерін үзбей жариялап тұрғанын мадақтап, бұларды "тарихтық, ғылымдық мәні бар материалдар" (7-бет) деп көкке көтереді. Б.Кенжебаев буржуазияшыл-ұлтшыл бағыттағы газеттер ("Қазақ", "Серке" тағы

басқалар) жөнінде кулшына баяндайды: алашордашылардың орталық органы "Сарыарқа" газетінің совет үкіметіне, оның ұлт саясатына қарсы жазған контрреволюциялық, жалақорлық мақаласынан бір кулаш цитата келтіреді (28-бет), сөйтіп контрреволюциялық идеяға трибуна береді.

Кітапшала Б. Кенжебаев совет өкіметі тұсында шыққан баспасөз органдарына ат үсті тоқталады: кейбір газеттердің атын атап, қай жылы, қайдан шыққанын айтады да, "Бұл газеттерді тауып оқи алмадық" деген сияқты сылтау айтып, өте шығады" (126) - деп, "кінәләрін" атап-атап көрсетеді. Сонымен қатар, мақалада зерттеушілердің соншалықты "өрескел қателіктер" жіберулерінің себебі де тайға таңба басқандай айқын көрсетілген: "Х. Бекхожиннің мұндай өрескел қателер жасауы кездейсоқ емес. Диссертация жазуда оған кеңес берген, оның жұмысына басшылық еткен ғылыми жетекшісі, жалған тарихшы буржуазияшыл-ұлтшыл Бекмаханов болды" (137) - деп еш күмәндануға жатпайтын тұжырым жасалынды.

Осы үлкен мақаладан келтірілген үзінділердің өзін казак баспасөзінің тарихының дерегі ретінде алып қарасак, мыналарды көруге болады. Біріншіден, тарихи деректану ғылымының заңдылықтарына сүйенсек, мақалада айтылғандай, тіптен "тарихи және әдеби қоқыстарды дәріптеген" газеттің өзі де казактардың құнды тарихи дерегі болып табылады. Өйткені, кез келген дерек объективті. Себебі, еш нәрсе еш уақытта өзінен-өзі пайда болмайды. Олай болса аталған газет бетінде жарияланған әрбір материал негізінде белгілі бір құбылыс, оқиға не өмір шындығы жатыр. Мақалаларда солар белгілі бір дәрежеде бейнеленеді. Басқаша айтсак, мақалалар өз бойында сол құбылыстар, оқиғалар т.б. туралы мәліметтер жинады. Тіптен, сынаушылар сүйенген марксизм-ленинизм тұрғысынан қараған күннің өзінде де "Дала уалаятының газеті" Қазақстандағы патшалық самодержавиенің отарлау саясатының тарихының, еліміздегі қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық қатынастар тарихының дерегі екендігі даусыз. Ал қазір қолымызға тиген, белгілі баспасөз зерттеушісі Ү. Субханбердинаның құрастыруымен жарыққа шығып, оқырман қауымының игілігіне айналған "Дала уалаятының газеті" бетінде кезінде жарияланған материалдарды тек шолып шығудың өзі-ақ, газеттің ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы

қазақ халқының өмірінің әр саласынан тарихи мағлұматқа тұнып тұрғанын байқау қиын емес. Әңгіме тек сол мағлұматтарды деректанулық талдау арқылы ғылыми мақсатқа пайдалана білуде. Демек, өзінің кандидаттық диссертациясында "Дала уалаятының газеті" "...қазақтың қоғамдық пікірінің, ұлттық мәдениетінің, қазақтың жазба әдебиеті мен әдеби тілінің, орыс халқының ұлы мәдениеті ықпалының дамуы тарихын сипаттайтын бағалы тарихи құрал болып табылады" (128) - деп жазған Х. Бекхожин көп жағдайда зерттеуші ретінде шындыққа жақын келгендігі анық.

Екіншіден, келтірілген үзінділерден зерттеушілердің сталиндік жүйенің шексіз үстемдік құрып тұрған жылдардың өзінде мүмкіндігінше қазақ баспасөзі туралы шындықты халқына жеткізуге әрекет еткендігін байқау және олардың ұлттық басылымдарға деген ішкі ойларын сезу қиын емес. Әрине, Б. Кенжебаевтың "Қазақ", "Серке" туралы күлшына жазып, Совет өкіметі тұсында шыққан газеттерді "тауып оқи алмауын" кездейсоқ дей алмаймыз. Сол жылдары мұндай әрекеттерге бару ерлікпен тең еді.

Дегенмен, кіріспеде айтқанымыздай, уақыттың қатал талабы, ресми органдардың тарапынан тиген ауыр соққы бекер кеткен жоқ. Зерттеушілер амалсыз өз "қателіктерін" мойындап, оларды "түзетуге" мәжбүр болды. Қазақ мерзімді басылымының тарихын таза ғылыми мақсатта зерттеу ұзақ жылдарға осылай шегерілді. Х. Бекхожиннің сол сыннан кейін 30 жылдан соң, 1981 жылы шыққан "Қазақ баспасөзі тарихының очеркі" деген еңбегінде: "Қазақ баспасөзі - Октябрь революциясының перзенті. Ол республикамызда Совет өкіметін орнату және нығайту жолындағы күресте пайда болды" - деуі (129). 1988 жылы жарық көрген "Очерки истории журналистики Казахстана" еңбегінің өн бойында қазақ баспасөзіне республикамыздағы большевиктік, кейіннен коммунистік партияның қазақ халқын жеңістен жеңіске жеткізген дана басшылығының айқын көрінісінің дерегі ретінде баяндалуы соның салдары еді.

1996 жылы жарық көрген Қ. Аллаберген, Ж. Нұсқабайұлы және Ф. Оразай-лардың "Қазақ журналистикасының тарихы (1870-1995 жылдар)" еңбегінде маркстік-лениндік методологиядан бас тарту байқалады. Еңбекте қазақ мерзімді басылымдары тарихының көптеген мәселелері көтерілгенімен, қазақ баспасөзінің 125 жылдық тарихы түгел айтылды деу қиын. Еңбек

"Қазақ журналистикасының тарихы" деп аталғанымен, негізінен әр түрлі басылымдарға шолу жасау арқылы баспасөз тарихынан мағлұмат берген.

Егер, жоғарыда аталған еңбектерді ондап саналатын монографиялық зерттеулердің объектісі болған орыс баспасөзінің немесе бұдан бірнеше жыл бұрын "Гистория белорусской журналистики" деген атпен іргелі үлкен кітап шығарған белорус баспасөзінің тарихымен салыстырсақ, олардың қазақ баспасөзі тарихын зерттеудегі олқылықтардың орнын толтыра алмайтындығы күмәнсіз. Демек, жалпы қазақ тарихы сияқты, қазақ баспасөзінің тарихы да өз зерттеушілерін күтуде.

Тарихи шындық қазақ баспасөзі тарихын қайта қарауды талап етеді. Ешкімге жалтақтамай, алдына өз ұлтының, өз елінің аласапыран оқиғаларға толы, ХХ ғасырдағы тарихын білу мақсатын қойған зерттеушілер үшін тарихи шындықты білу аса қажет. Тек сол жағдайда ғана зерттеуші мерзімді басылымды тарихи дерек ретінде дұрыс пайдаланып, одан объективті мағлұмат ала алады.

1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін, бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайында етек алған саяси және экономикалық дағдарыстарға қарамастан, жалпы адамзаттық өркениетті даму жолына бағыт алған Ресей тағдырына қазан төңкерісі келіп араласты. Әкені балаға, ағаны ініге қарсы айдап салған ала күйін дауыл басталды. Ғасырларға созылған кара түнек патшалықтан соң, демократияның таза ауасын қана жұтып үлгермеген бұрынғы империяның құрамында болған миллиондаған халықтардың тағдыры, оның ішінде қазақ халқының тағдыры да дүлей күш арқылы зорлықпен шешілді. Ұзақ жылдарға созылған атып-асу, алдап-арбау, халықтарды мәңгүрттендіру саясаты басталды. Зымияндықпен өкімет басына келген большевиктік партияның қанқұйлы саясатының құрбандығына алғашқылардың бірі болып қазақ халқы шалынды. Қазақ жеріне алдымен азамат соғысы болып енген, кейіннен күні кешеге дейін әр түрлі тәсілдермен жалғасқан бұл кесапаттың аты, коммунистер ойлап тауып халыққа күшпен таңылған тап күресі еді.

Әрине, халықтың қайғылы тағдыры оның баспасөзіне де тікелей әсер етті. ХХ ғасыр басында қалыптасып, енді ғана дами бастаған қоғамдық ой-сананың қалыптасуына өз әсерін тигізген,

тұтас бір халықтың көзі мен құлағына айнала бастаған, қай жағынан қарасаң да айқын демократиялық сипатта болған қазақ мерзімді басылымы күшпен өмір сүруін тоқтатты. Оның орнына партияның тап күресіндегі қуатты қаруы міндетін атқарған большевиктік баспасөз пайда болды.

Осылай, ғасыр бойында ел өмірінде болған күрделі өзгерістерге байланысты, баспасөз де бірнеше рет мақсаттық, мазмұндық сипаттық өзгерістерге ұшырады. Зерттеуші үшін бұл өзгерістерді білу және өз зерттеулерінде оларды ескеру басты деректанулық шарт болып табылады. Демек, бүгінгі Қазақстандағы мерзімді басылым тарихының, әсіресе республикамыздың негізгі халқы қазақтар туралы мол деректер көзі сақталған қазақ баспасөзі тарихын қайта зерттеу айқын қажеттілік. Ол, әрине, қиын да күрделі іс. Келешектің ісі.

Дегенмен, ұлттық баспасөз тарихын зерттеудің негізгі бағыттары мен кезеңдері туралы өз пікірімізді айтсақ, олар мыналар: біріншіден, өмір айнасы аталған мерзімді басылым тарихын еліміз тарихының контекстінде қарау; екіншіден, әр тарихи кезеңнің өзгешелігінен шыға отырып, баспасөздің негізгі мақсатын, бағыт-бағдарын, сол уақытқа тән ерекшеліктерін анықтау; үшіншіден, мерзімді басылымға әр түрлі дәрежеде әсер ететін факторларды анықтау; төртіншіден, әрбір нақты газет не журналдың шығарушыларын, авторларын анықтау; бесіншіден, нақты мақала авторы туралы мәліметтерді толық білуге ұмтылу; алтыншыдан, нақты деректің дүниеге келуінің объективті алғышарттарын, себептерін анықтау; жетіншіден, егер мүмкіндік болса құнды деректік маңызы бар түпнұсқасымен салыстыру, сол арқылы автор айтқысы келген, бірақ баспасөз бетінде жарияланбаған мағлұматтарды табу; сегізіншіден, әр түрлі жағдайларға байланысты автор ашып айта алмаған, бірақ мензеген нәрселерді анықтау т.б.

Мұның бәрі зерттеушіге баспасөздегі деректердің шынтуайттылық дәрежесін, оның ғылыми құндылығын анықтауға көмектеседі.

Мерзімді басылым тарихының келесі бір үлкен, принципті мәселесі оның дамуының негізгі кезеңдері туралы мәселе.

Егер баспасөздің негізгі даму кезеңдерін коммунистік партияның алдымен "социалистік", кейіннен "дамыған социалистік" қоғам

орнату жолындағы "ерлік істерінің" тарихына қарай емес, қоғамдық базис пен қондырмалардың түбегейлі өзгеруінен, соған байланысты саяси жүйенің өзгеруінен шығар болсақ, онда алғашқы қазақ тілінде жарық көрген "Түркістан уалаятының газетінен" бастап бүгінгі күнге дейінгі ұлттық баспасөз тарихын төмендегідей басты кезеңдерге бөлуді ұсынар едік:

I. 1870-1917 жылдың наурызы, "Түркістан уалаяты газетінің" шыққан күнінен бастап патша өкіметінің құлатылған күніне дейінгі қазақ баспасөзінің тарихы.

II. 1917 жылдың наурызы - 1918 жылдың ортасы. Уақытша үкімет тұсындағы демократиялық бастамалар кезіндегі ұлттық баспасөз.

III. 1918 жылдың ортасы мен 1920 жылдың аяғы. Демократиялық күштердің большевиктік авантюраға қарсы жанталасқан күресі кезеңіндегі баспасөз.

IV. 1921 жыл - 1991 жылдың аяғы. Кеңес өкіметі немесе большевиктік диктатураның толық орнауы, тоталитарлық жүйенің қалыптасуы және коммунистік партияның шексіз үстемдік етуі жылдарындағы мерзімді басылым.

V. 1991 жылдың соңынан бүгінгі күнге дейінгі, тәуелсіз Қазақстан тұсындағы ұлттық баспасөз.

Бұл негізгі тарихи кезеңдерді, ұлттық мерзімді басылым тағдырына белгілі бір дәрежеде әсер еткен тарихи жағдайларға байланысты, бірнеше шартты кезеңдерге бөлуге болады. Мысалы, 70 жылдан аса уақытқа созылған кеңестік билік жылдарында республикамыздың ұлттық басылымдарының бас газеті мен журналы деп аталып жүрген "Егеменді Қазақстан" мен "Ақиқаттың" аттарының кемінде бес реттен өзгеруі кездейсоқ емес. Ол бір ғана саяси жүйе шеңберінде жүргізілген тарихи өзгерістерден туындаған.

Сондықтан, қазақ халқының да, оның баспасөзінің де тарихында терең із қалдырған (өкінішке орай, ол із көп жағдайда қанды із болып шықты) сол жылдарды, біздің ойымызша, келесі шартты кезеңдерге бөлуге болады:

I. 1921 жылдың басы - 1925 жылдың наурызы, қазақ баспасөзіндегі еркін ойлаушылықтың қандай түріне болмасын толық тиым салған, РКП(б)-ның Орталық комитетінің белгілі қаулысына дейін.

2. 1925 жылдың наурызынан 1936 жылғы Қазақстанды қағаз жүзінде болса да "одактас" республикалар санатына қосқан КСРО конституциясына дейін.

3. 1936 жылдың соңынан 1941 жылдың 22 маусымына дейін. Жаппай саяси қуғын-сүргіннің ең шарықтау жылдарындағы және соғыс қарсаңындағы баспасөз.

4. 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы баспасөз.

5. 1945-1956 жж. Жеңіс күнінен бастап, сталиндік жеке басқа табынушылықты айыптаған партияның XX съезіне дейінгі басылымдар тарихы.

6. 1956-1985 жылдың сәуірі. "Жылымық жылдар" мен тоқырау кезеңіндегі баспасөз.

7. 1985 жылдың сәуірі - 1991 жылдың соңы. Тарихқа "қайта құру" деген атпен енген жылдардағы мерзімді басылым.

8. 1991 жылдың аяғынан бүгінгі күнге дейін. Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы ұлттық баспасөз.

Кеңестік дәуірді мұндай шартты кезеңдерге бөлу ең алдымен ғылыми қажеттіліктен туындайды. Көрсетілген тарихи кезеңдердің ерекшеліктерін білу, оларды ғылыми ізденістерге, сол кезеңдегі басылымдарды тарихи дерек ретінде пайдалануға, олардан құнды мағлұматтар алып, сол арқылы шындыққа жақындауға көмектеседі. Мысалы, 1985 жылдың сәуірінен басталған "қайта құру" жылдарына партияның "қуатты қаруы" ретінде енген ұлттық басылымдардың көпшілігінің азғана жылдар ішінде, КСРО сияқты әлемдегі ең үлкен империяның күйреуі қарсаңында, атын да, затын да өзгертіп, таптықтың орнына ұлттық бағыт-бағдар алып шыға келуін қалай түсінеміз? Кеше ғана желтоқсан оқиғасына қатысқан "нашақорлар" мен "маскүнемдерді" әшкерелеген газет-журналдардың арада 3-4 жыл өтпей жатып "желтоқсан" ерлерін мадақтауын қалай түсінеміз?

Зерттеуші бір басылымның, бір редактордың тұсында бір оқиға туралы айтқан бір-біріне қарама-қайшы екі түрлі мәліметтерінің қайсысына сенуі керек? Тарихи шындық қай деректе дұрыс бейнеленген?

Осы және басқа да сұрақтарға жауап табу үшін зерттеуші жалпы мерзімді басылымдардың, оның ішінде қазақ баспасөзінің де бағыт-бағдарының, мазмұнының өзгеруіне әкеліп соққан факторларды сол жылдардағы қоғамда болған саяси-әлеуметтік

өзгерістерден, олардың ұлттық сана-сезімге тигізген әсерінен іздеуі қажет. Баспасөз тарихын қоғам тарихымен байланыстыра зерттегенде ғана дұрыс жауап табуға болады.

Қазақ баспасөзі тарихын жан-жақты терең зерттеу ғана "Октябрь революциясынан бұрын "Түркістан уалаяты", "Дала уалаяты", "Қазақ", "Серке" газеттері мен "Тұрмыш", "Айқап" журналдарынан басқа қазақ тілінде газет, журналдар шыққан емес" (130) деген, кеңестік тарихнаманың тұрпайы тұжырымынан бас тартып, төл тарихымыздың қайнар көздерінің бірі ұлт басылымдарының тарихи орнын анықтап, деректік маңызын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен, ұлттық баспасөздің пайда болу, қалыптасу және даму тарихын еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты қайта зерттеу, оның жүріп өткен жолын, қилы кезеңдерін айқын бейнелеу мерзімді басылымды халқымыздың ХХ ғасырдағы тарихының дерегі ретінде пайдаланудың басты алғы-шарттарының бірі болып табылады.

Дегенмен, біздің мақсатымыз еліміздің баспасөз тарихын жазу емес. Ол арнайы зерттеуді қажет ететін үлкен, ұлттық проблема. Бірақ мерзімді басылымды Қазақстан тарихының дерегі ретінде қарастыру барысында, біз баспасөз тарихына байланысты кейбір мәселелерді көтеруге тиіс боламыз. Зерттеу жұмысының басты мақсаты - бізден қазақ тілінде шыққан алғашқы басылымдар тарихының кейбір тұстарын нақтылай түсуді талап етеді.

Тарихи дерек қандай формада, қандай мазмұнда дүниеге келмесін, ол ең алдымен өз уақытының жемісі болғандықтан, онда уақыт табының ізі сақталуы заңды құбылыс. Сондықтан, зерттеушілер нақты дерекпен жұмыс істеу барысында деректің пайда болған уақытының ерекшелігіне байланысты туындаған проблемалармен кездесіп отырады. Егер, қазақ тарихының деректеріне қатысты айтсақ, олар жазу таңбаларының өзгеруіне, тілдік ерекшеліктерге, саяси-әлеуметтік қатынастарға т.б. факторларға байланысты пайда болатын проблемалар. Осындай, уақыт тудырған қазіргі деректану ғылымының күрделі проблемаларының бірі, ол – дерек авторын анықтау проблемасы.

Барлық авторы белгісіз деректердің авторын анықтаудың қажеттілігі болмағанымен (көп жағдайда ол тіптен мүмкін де емес) кейбір деректердің авторын анықтау, одан алынған мәліметтердің

шынтуайттылық дәрежесін айқындауға көмектесуі мүмкін. Осындай, мүмкіндігінше авторын анықтауды қажет ететін жазба деректеріміздің үлкен бір тобын ғасыр басында пайда болған ұлттық мерзімді басылымдарымыз кұрайды. Мерзімді басылымдарда, әсіресе қазан төңкерісіне дейінгі және 20-30-шы жылдардағы газет-журналдарда текстер көбіне бүркеншік аттармен, яғни псевдонимдермен берілген. Ол мақаланың (деректің – Қ.А.) авторын анықтау проблемасын тудырады.

Псевдонимдерді шешу және шығармалардың белгісіз авторын анықтау деректану ғылымында атрибуция немесе эвристика (грек. – табу) деп аталады. Бұл проблема, әсіресе ұлттық басылымдарды тарих дерегі ретінде зерттеушілер үшін арнайы айналысуды қажет етеді. Себебі объективті жағдайларға байланысты ғасыр басындағы басылымдарда авторлардың көбі өз аттарын көрсетпей бүркеншік аттарды жиі пайдаланған. Мысалы, 1907 жылы "Серкенің" таратылып үлгермей тұтқындалған екінші санында басылған "Біздің мақсатымыз" деген, патшалық отаршылдыққа қарсы ашық наразылық білдіріп, халықты тәуелсіздік үшін күреске шақырған мақаланы жазған "Арғынның", патша жандармериясы қай арғын скенін біле алмай әуре сарсаңға түсті. Оны тек 1912 жылы Петербургтегі баспасөз комитетінің кеңесшісі В. Д. Смирнов М. Дулатовтың тәркіленген кітаптарын қарап отырып, одан кезінде үлкен шу болған "Біздің мақсатымыз" деген мақалаға тән тәсіл мен ұқсастықты аңғарып қалып, мақала авторы М. Дулатұлы екендігін анықтауы (131) олардың бүркеншік атты бекер пайдаланбағандығын көрсетеді.

Кезінде баспасөзде арғын руынан шыққан бірнеше автордың "Арғын" деген атты, наймандардың "Найман", "Найманский", матайлардың "Матайлық" деген аттарды пайдалануы мақаланың кімнің жазғанын анықтауды қиындатады. Жас авторлардың танымал жазушылардың бүркеншік атын жамылып өз еңбегін өткізіп жіберу әрекеттері осындай қиындықтың қатарына жатады.

Ғасыр басындағы қазақ басылымдары авторларының бәрі дерлік бүркеншік аттарды пайдаланған. Мысалы, Әлихан Бөкейханұлы – Ғ.Б., Ү., Әлихан деп қол қойған. Дегенмен, оның "Қазақ" газетінде пайдаланған негізгі псевдонимі "Қыр баласы". Ахмет Байтұрсынұлы - А.Б., А.А.Б.; Міржақып Дулатұлы - М.Д., М., Арғын, Малияр, Азамат Алашұлы, Мирякуб, Таймінер;

Мағжан Жұмабайұлы - М.Ж., Жәжеке, Мыж-мыж, Балапан, Сахаразада (132) – деп өздеріне ат қойған. Өз аттары мен фамилияларының бас әріптерін қойғаны немесе өздерін "Қыр баласы", "Азамат Алашұлы" деп атағандары түсінікті болса, "Таймінер", "Жәжеке", "Мыж-мыж" деген аттарды не себептен алғандықтарын білу, әрине, мүмкін емес.

Жалпы біздің қазақ зиялылары өздеріне бүркеншік ат ойлап табуда үлкен тапқырлық танытқан сияқты. Мысалы, Бейімбет Майлин өзіне 22 ат ойлап тапса, көбі оншақты атты пайдаланған.

Деректану ғылымы үшін мақала авторын анықтаудың деректі талдауда субъективті факторларды ескеруге, сол арқылы деректің шынайылық дәрежесін анықтауға тигізер көмегі мол. Ол туралы Мұхтар Құл-Мұхаммед алаш ардагерлерінің бірі Жақып Ақбаевқа байланысты: "Өкінішке қарай Ж.Ақбаевтың бүркеншік аттары әлі күнге дейін анықталған жоқ. Егер олар анықталса, Ж.Ақбаевтың "Айқапта" жарияланған басқа материалдарын анықтауға болар еді" (133) – дейді.

Авторды анықтау ісі негізінен мұрағат қорларындағы құжаттық мәліметтерді іздестіруге негізделінеді. Сонымен қатар, текстерге стилистикалық талдау жасау және оларды авторы белгілі басқа текстермен салыстыру арқылы да жүргізіледі. Егер қолжазба сақталынған болса, онда қолтаңбалық талдау жасалынады.

Бүркеме аттарды анықтауға не авторсыз мақалалардың авторын анықтауға кейде мұрағаттарда сақталынған әскери-цензуралық комиссиялардың жазбалары да көмектесуі мүмкін. Олардың рұқсат берген не тиым салған жазуларында қолжазбаны кімнің әкелгені туралы мәлімет болуы мүмкін. Тағы бір мүмкіндік - редакцияның мұрағаты: онда мақала үшін қаламақыны кімге төлегендігі туралы мәлімет сақталуы мүмкін.

Дерек авторын анықтау мақсатында зерттеушілер әр түрлі тәсілдер қолданады. Мысалы, белгілі ғалым Түрсынбек Кәкішев 1915-1918 жылдары Уфадағы "Ғалия" медресесінде оқыған қазақ шәкірттері айына екі рет қолжазба түрінде шығарып тұрған "Садақ" журналын зерттеу барысында қолжазбадағы қолтаңбаларды салыстыру арқылы, журналды даярлауға қатысқан, ол кезде әлі көзі тірі куәгерлерден сұрастыру арқылы Бейімбет Майлиннің бұрын белгісіз болған "Бекет" деген, 22-ші бүркеншік атын анықтаған (134). Ал қалған 21-і Т. Нұртазиннің 1966 жылы

шыққан "Бейімбет Майлиннің творчествосы" деген монографиясында айтылған.

Сонғы жылдары алаш ардагерлерінің еңбектерін жеке жинақ етіп бастыруда, ұлт басылымдары материалдарының ғылыми-зерттеу жұмыстарына көптеп тартылу барысында дерек авторларын қате көрсету, бірінің еңбегін екіншісіне таңу сияқты, осы бастан абай болатын фактілер де кездесіп жүр. Мұндай жағдайда, ақиқатты анықтау мақсатында, егер мүмкін болса, күдік тудырған материалды түпнұсқасымен салыстыру қажет болады. Мысалы, 1994 жылы М.Қойгелдиевтің құрастыруымен Әлихан Бөкейхановтың "Қазақ" газетінде жарияланған мақалаларынан тұратын, "Шығармалары" жарық көрді. Сол жинақтың 96-99 беттерінде, "Үшінші Дума һәм казак" деген мақала басылған, осы мақала, 1997 жылы шыққан Міржәкып Дулатұлының шығармаларының II томының 64-67 беттерінде, соңына "М. Д." деген белгі қойылып, М. Дулат-ұлының мақаласы ретінде басылған. Қазақтың тағдырын қазақтың қатысуынсыз шешкен үшінші Дума туралы айтылған мақаланың тарихи деректік маңызы үлкен. Сондықтан бұл жағдай деректанушылық қызығушылық тудырары даусыз. Авторын анықтау мақсатында түпнұсқамен салыстырып қарау, бұл мақаланың "Қазақ" газетінде, 1913 жылы 2 және 13 сәуірдегі, 9 және 10 сандарында жарияланғандығын және газеттің екі санында да басылған мақаланың соңында "Қыр баласы" деп жазылғандығын көрсетті. Ал, "Қыр баласы" Ә. Бөкейхановтың баршаға белгілі бүркеншік аты. Демек, "Үшінші Дума һәм казактың" Ә. Бөкейханов туындысы екендігіне еш күмән жоқ. Сондықтан, М. Дулатұлының шығармасын құрастырушылар келешекте мұны ескерер деп ойлаймыз.

Зерттеушілерге 1985 жылы шыққан, Қазақ ССР кітап палатасы дайындаған, "Журнал мақалаларының көрсеткішінің (1917-1930 жж.)" де үлкен пайдасы бар. Көрсеткішті құрастырушылар: "Ескерте кететін бір жайт: ол кездегі жағдайға байланысты авторлар шығармаларын өз атымен емес, бүркеншік аттармен (псевдониммен) шығара берген. Сондықтан да мақала авторлары ҚКП ОК жанындағы партия тарихы институтының – КПСС ОК жанындағы марксизм-ленинизм институтының филиалында анықталды.

Көрсеткішті құрастыруға, авторларды, бүркеншік аттарды анықтауға Б. Кенжебаев, Ғ. Мүсірепов, Т. Кәкішев т.б. қатысқан" (135) – деп жазды.

Әрине, бұл көрсеткіште алашордашыларға, ұлтшылдарға орын болған жоқ. Сондықтан ұлттық басылымдарды дерек ретінде пайдаланушыларға Үшкөлтай Субханбердинаның дайындауымен шыққан "Қазақ"; "Алаш", "Сарыарқа" – атты мазмұндалған библиографиялық көрсеткіштің "Ашылған бүркеншік аттар" деген тарауымен, "Айқап" жинағының, "Айқап" журналының белгілі авторлары" деген тарауымен, "Қазақ" газетінің жинағындағы "Бүркеншік есімдер көрсеткіші" және "Ашылмаған бүркеншік есімдер" деген тараулармен танысуды ұсынар едік.

Барлық деректерге ортақ проблемалардың бірі, ол – деректердің түп-нұсқалық проблемасы. Өйткені деректерді көшіріп жазу барысында, қайталап басуда көп жағдайда түпнұсқадан ауытқушылықтар жіберіледі. Бұл іс жүзінде жиі кездесетін құбылыстардың бірі. Мұндай жағдайлар кейде белгілі бір мақсатпен саналы түрде де жүргізілуі мүмкін. Ондай әрекеттің орыс тарихнамасында бірнеше ғасырлар бойы жүйелі түрде жүргізілгендігін Олжас Сүлейменов "Игорь жасағы туралы жыр" негізінде жазылған "АЗИЯ"-сында дәлелдеп берді.

Еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен 1997 жылдың "Жалпыұлттық татулық және ұлттық тарих жылы" деп, жарияланғандығы белгілі. Бұл ел басының кездейсоқ шешімі емес. Біздің бүгіміз, әсіресе келешегіміз көп жағдайда осы факторларға байланысты екендігі даусыз. Біріншісі - еліміздің өзіндік ерекшелігінен, тарихи қалыптасқан көпұлттылығынан туындаса, екіншісі - тарих тағылымынан туындайды. Елімізді мекендеген халықтардың басым бөлігін жергілікті немесе түркі тілдес халықтар мен "орыс тілділер" деп аталып жүрген славян халықтар құрайды. Сондықтан, осы үлкен екі этникалық топтардың татулығы, ауыз бірлігі бүгінгі өтпелі кезеңнің қиыншылықтарын жеңудің негізін құраса, тоталитарлық жүйенің тарапынан саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды еске алу, жалпы ұлт тарихын жете білу, келешекте қара түнек кезеңнің қайта оралмауының, адам құқысының қайта аяққа тапталмауының кепілдігі болып табылады.

Халықтар татулығының еліміздің тағдыры үшін өмірлік мәні бар қағида екендігін, бұдан көп бұрын көре білген, сол татулықтың терең тамырларын сонау тарих қойнауынан іздеп, бұлтартпас айғақтармен дәлелдей білген Олжас Сүлейменов, оның империя аспанында найзағайдай жарқ еткен "АЗиЯ"-сы еді.

Тағдыр тәлкегі сонда, бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда, өзінің ғылыми құндылығы жағынан баға жетпес бұл еңбек, күні кеше ғана, бәріміздің көз алдымызда, жарыққа шығып үлгермей жатып, қазақ халқының мындаған боздақтары сияқты тоталитарлық жүйе тарапынан саяси қуғынға ұшырады.

Өз уақытында үлкен шу көтерген бұл кітап славян халықтарының XII ғасырда дүниеге келген жазба ескерткіші дерегі "Игорь жасағы туралы жырды" зерттеуге арналған еді. Автор тарихи деректану ғылымында деректерді зерттеудің ең бір күрделі тәсілі тілді негізгі зерттеу объектісі ретінде алып, сол арқылы "Жырдың" пайда болған уақытының ерекшеліктерін, сол кезеңде Русь пен Даланы мекендеген халықтардың сан-қырлы қарым-қатынасының дамуын, олардың бір-біріне тигізген табиғи әсерін көрсетуге әрекеттенген.

"Тарихи деректердің қайнар көзі - тіл. Ол - өткен дәуірдің ең сенімді шежірелердің "өз көзқарасынан" мүлде ада. Құжат тіл - уақыт мүддесінен тыс: идеологиялық толқуларға бағынбайды, нағыз дәл дерек" (136) - деген қағидаға сүйенген автор "Жырдың" бүгінгі күнге дейін жеткен бірнеше тізімдерінің (Ипатьев, Лаврентьев тізімдері, әсіресе "Задонщина") түпнұсқаларын салыстырып, мынадай қорытындыға келеді: "Күтпеген жерден тіл қуәлік береді екен. Христиан дәуіріне дейін славяндардың түркілерімен бейбіт қатынаста болғанына тіл дәлел табады. Олар бірге мал бағып, жер жыртқан, кілем тоқып, киім тіккен, бір-бірімен сауда жасасқан, ортақ жауға бірігіп қарсы шапқан, ортақ әріптермен жазған, бірге ән салып, ортақ аспаптарда ойнаған, сенімі де ортақ болған" (137) - дейді. Оған дәлел "Жырдың" өзі, "Игорь жасағы туралы жырдың" тілі.

О. Сүлейменовтің айтуынша, "Жыр" авторы текске өз замандастарының күнделікті өмірде жиі пайдаланатын түркі сөздерін ғана емес, өмірде бар түркі атаулары мен сөз тіркестерін еркін де табиғи түрде пайдалана білген. Ол шығармасын XII ғасырдың екі тілді оқырманына арнаған" (138).

Иә, бүгін біздің өмірімізде орыс тілінің, орыс мәдениеті ықпалының зор екендігі қандай тарихи шындық болса, X-XII ғасырларда славян халықтарының тілі, мәдениеті, дәстүрі үшін де далалықтардың ықпалының сондай мол болғандығы тарихи шындық. Оны О. Сүлейменов өзінің "АЗиЯ"-сында бұлтартпас нақты деректермен дәлелдей білді. Басқа да көптеген деректер зерттеуші тұжырымдарын шындыққа жақын екендігін растайды.

Империялық пиғылдан әлі тазара қоймаған орыс деректанушылары мен тарихшыларының омартасын бұзған арадай гу ете қалуы, ұлардай шулап "АЗиЯ"-ны жамандауы, О. Сүлейменовтің шындыққа жақын келгендігінің дәлелі емес пе? Демек, тарихи ақиқатты айтуы О. Сүлейменовтің кешірілмес "күнәсі" болды.

Дүниеге жаңа ғана келген туынды жағынан сезілген қауіп оларды қатты дүрліктірді. Егер, "АЗиЯ"-ның мазмұны, автордың дәлелдері мен тұжырымдары шындықтан алыс болса, онда ол соншалықты дүрбелең туғызбаған болар еді.

Келешекте бүгінгідей өтпелі кезеңнің ауыртпалығын татулықтың, бірліктің арқасында жеңе білген еліміздің халықтары (түркі тілдестері де, орыс тілділері де) өздерінің бірліктерінің, татулықтарының тамырлары сонау XII ғасыр қойнауынан бастау алатындығын мақтанышпен айтып, оған нақты тарихи дәлелдер келтіретіндігі, сол кезде "АЗиЯ"-да, оның авторы да өздерінің лайықты бағасын алары анық.

Дегенмен, әдетте мұндай ауытқушылықтар түрлі себептерге байланысты кездейсоқ жіберіледі. Осындай жағдайлар әсіресе ұлттық басылымдарды ұлт тарихының дерегі ретінде пайдалану барысында жиі кездесуде. Оның негізгі себептері, жоғарыда айтылғандай, басылымдардың сапалық жағдайының нашарлығы, текстердің араб әріптерімен басылуы, алғашқы қазақ газеттерінің тілдік ерекшеліктері т.б. Аталған факторлар деректерді оқуда қиындықтар тудырады. Кей жағдайда сөздің, сөйлемнің дұрыс оқылмауы жалпы деректің мағынасын өзгертеді, мәнін төмендетеді.

1997 жылы ұлттық басылымдардың белсенді авторларының бірі Міржақып Дулатұлының "Шығармаларының" 2-ші томы жарық көрді. Онда М. Дулатұлының баспасөз бетінде әр жылдары жарияланған мақалалар жинағы басылған. Бұл, сөз жоқ, үлкен, тарих үшін пайдалы іс. Бірақ, бір өкініштісі, жинақты

құрастырушылар тарапынан мақалалардың деректік маңызына нұқсан келтіретін кейбір түпнұсқалық кемшіліктер жіберліген. Мысалы, М. Дулатұлының өзі "Қазақтың" 1917 жылғы 239 санында, "Жер аудару" деген мақала басылған 9-шы нөмірден бастап кешегі өзгеріске шейін тергеу, тексеру, тінту, абақты, штрафтан "Қазақтың" көзі ашылған жоқ" – деп жазды. Отарлаушылардың көзіне түскен сол, М. Дулатұлының 1913 жылы 2 сәуірде жарияланған "Жер аудару" деген мақаласы, ғасыр басында Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарында кеңінен қолданылған 1891 жылғы 25 наурыздағы Дала ережесінің 17 статьясына қарсы наразылық ретінде жазылған еді. Мақаланы автор: "Степной положенияның 17-ші статьясы бойынша дала олаятының генерал-губернаторына үкіметке сенімсіз һәм мал ұрлаушы қазақтарды бес жылға жер аударуға ерік берілген" (139) – деген жолдармен бастап, одан әрі ол статьяның қазақ даласында орынды-орынсыз, онды-солды пайдаланылғандығы туралы нақты мысалдар келтіріп дәлелдеп берген еді.

Айта кететін бір нәрсе, сол аты шулы 17-ші статьямен Дала генерал-губернаторының 1908 жылғы 1 желтоқсандағы қаулысы бойынша, Санкт-Петербург университетін бітірген қазақтың тұңғыш құқық магистрі Жакып Ақбаев та Ақмола облысының Омбы уезіне этаппен бес жыл мерзімге жер аударылған.

Міне, сол мақаланың өзегі болған 17-ші статья түпнұсқада араб цифрымен "IV статья" деп басылған, оны шығарманы баспаға дайындаушылар рим цифрымен жазылатын "IV" пен шатастырып, көшірмеде мақаланың өн бойында "17 статья" "IV статья" болып кете барған. Сөйтіп, жинақта М. Дулатұлы мақаласы тарихи дерек ретінде өзінің ең басты мәнінен айырылған.

Кейде Алаш көсемдерінің шығармалар жинағына тіптен басқа автордың шығармасы еніп, оны зерттеушілер Алаш ардагерінің еңбегі ретінде пайдаланып, оған сілтеме жасаған сәттер де кездеседі. Мысалы, 1995 жылы "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы шығарған Әлихан Бөкейхан таңдамаларына, "Қазақ" газетінің шыға бастағанына бір жыл толуына байланысты жарияланған "К годовщине киргизской газеты "Казах" деген мақала мәтіні кіргізілген. Мақала соңында оның авторы, не бүркеншік есімі, не басылымы көрсетілмеген. Бірақ ол Ә. Бөкейханов таңдамаларына енгендіктен, зерттеушілер мақалада "Қазақ"

газетінің атына айтылған жақсы сөздер мен газет ісіне берілген объективті бағаны Бөкейханов, бағасы ретінде келтіріп жүр (140).

Әзірге ол мақаланы кімнің, қай газетте жазғандығын білмейміз. Бірақ оның Бөкейханов туындысы емес екендігі анық. Оған көз жеткізу үшін мақала мәтінімен мұқият танысып шығудың өзі жеткілікті. Онда мынадай жолдар бар: "Особенно энергично работали, не говоря уже о самом редакторе, пламенном патриоте, Али-Хан Букей-Ханов – бывший член Государственной Думы, специалист по аграрному вопросу Степных областей, неутомимый борец за народное право, не раз подвергавшийся опале в виде ареста, ссылки и т.п." (141).

Үзіндіде айтылғандай, Бөкейхановтың ұлт жолында жанын тіккен жалынды патриот екендігі де, Дала облыстарының аграрлық мәселелерінің терең білгірі екендігі де, өз халқының құқы үшін қажымай-талмай күрес жүргізгені де, сол үшін талай рет құғын-сүргінге ұшырағаны да, ең бастысы "Қазак" газетінің редакторымен бірге қызу жұмыс істегені де рас. Мұндай бағаның Бөкейхановтың ісіне лайық берілген әділ баға екендігі де рас. Тек, оны Бөкейхановтың өзіне өзі емес, оның іс-әрекетімен жақсы таныс замандасының беріп отырғаны анық.

Олай дейтініміз, 1914 жылдың ақпанында, "Қазак" газетінің шыға бастағанына бір жыл толуына байланысты орыс тілді газеттердің біразында апталық пен оның авторларының атына арналған осы сарындас мақалалар жарияланған. Мысалы, "Оренбургская газетада" "Юбилей Казака" деген арнайы мақала басылды. Онда газеттің бір жылда халық арасында кең таралғандығы туралы: "За год издания газета достигла сравнительно большого распространения среди киргизского населения и стала популярным органом..." (142) дей келе, оған әр түрлі мамандық иелерінің үлес қосқандығы және олардың еткен еңбектерінің халыққа берген іс жүзіндегі пайдасы туралы "газету поддерживали и принимали в ней участие писатели, юристы, врачи и учителя из киргиз, и их старания не были бесплодные. Во многих местах под влиянием газеты, появились школы, открылись степендии для киргиз при некоторых учебных заведениях, учреждены мелкие кредитные товарищества, так необходимые для развития экономической жизни края" - (143) деп, газеттің мәдениет, оқу-ағарту және әлеуметтік-экономикалық

мәселелерге тигізген онды ықпалын көрсетеді. Мақала жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ зиялыларының атына айтылған: “Нельзя не пожелать дальнейшего успеха такому благому начинанию народившейся киргизской интеллигенции, которая, приобщившись к мировой культуре, не отошла от своего родного народа, а сделалась проводником этой культуры в самые темные углы” (144) - деген әділ бағамен, ізгі тілекпен аяқталған.

Бұл мысал прогрессивті бағыттағы демократиялық орыс басылымдарының қазақ зиялыларының іс-әрекеттерімен жақсы таныс болғандығын және оларға объективті баға бергендігін дәлелдейді. Демек, “К годовшине киргизской газеты “Казах” деген мақала да осындай газеттердің бірінде басылған. Оны Ә. Бөкейхановтың тандамаларын құрастырушылар не басылымын, не авторын көрсетпей еңбекке кіргізген.

Сондықтан зерттеушілерге жалпы қандай мақаланы дерек ретінде пайдаланбасын алдымен оның мәтінімен толық танысуды ұсынар едік.

Мұндай ірілі-ұсақты кемшіліктер ұлт басылымдарына байланысты еңбектерде жиі кездеседі. Мысалы, 1991 жылғы “Қазақстан коммунисті” журналының 10 санындағы 77-бетте қазақ баспасөзіне байланысты мақалада “Қазақ” газеті “1912 жылдың наурызында жабылды” десе, 1993 жылы 11 ақпанда қайта шығарылмақ болған жаңа “Қазақта” “М. Әуезов газеттің тұңғыш редакторы А. Байтұрсыновтың мүшелтойына орай жарияланған “Ақ жол” газетінің 1928 жылғы ақпанның 4-дегі санындағы” дейді. Мұндағы айтылған мүшелтой 1923 жылы өткендігі, мақаланың да сол жылы жазылғаны баршаға аян. Сол сияқты әр түрлі еңбектерде ұлттық басылымдарға жасалынған сілтемелер де түпнұсқамен сай келе бермейді. Еңбекте келтірілген сілтемелер газеттің сілтемеде көрсетілген санында емес, басқа санында болып шығады.

Әрине, қазіргі оқырмандар үшін мұндай жағдайлар байқаусызда жіберілген қателіктер екендігі түсінікті. Дегенмен, бұл еңбектерді келер ұрпақ тарихи дерек ретінде пайдалануы мүмкін екендігін де ұмытпағанымыз жөн. Сондықтан осы бастан ұлт мұрасына қатысты әрбір сөзге, өз тарихыңнан ақпарат берер жәдігерге үлкен жауапкершілікпен қарағанымыз дұрыс болар.

Аз да болса кейбір олқылықтар 1998 жылы кітап түрінде жеке Жинақ болып қайта басылып шыққан “Қазақта” да кездеседі.

Мысалы, Жинақтың 78-бетінде Қыр баласының "Ұры тию" деген мақаласының жалғасы мен А. Байтұрсынов және М. Дулатовтың "Алаш азаматтарына" деген, "Азамат" серіктігін құру туралы мақаласы басылған. Міне, сол екінші мақаланың үлкен бір бөлігі бірінші мақалаға қосылып кеткен. Қорытындысында, Қыр баласының не ұры тию туралы айтып отырғаны, не "Азамат" серіктігін құру туралы айтып отырғаны белгісіз болып шыққан.

Мұндай үлкен істе болмай қоймайтын бірен-саран кемшіліктер, Үшкөлтай Субханбердина бастаған Жинақты құрастырушылардың еңбегінің маңызын төмендете алмайды. Бүгінгі күні Жинақ көптеген зерттеушілердің қолынан түспейтін дерек көзіне айналып отыр. Дегенмен, зерттеушілер Жинаққа "Қазақ" газетінің 265 санында жарияланған материалдардың бәрі бірдей еңбегендігін ескергендері жөн. Мысалы, кітапқа жоғарыда айтылған Міржақып Дулатовтың "Жер аудару", Әлихан Бөкейхановтың майданға алынған қазақ жігіттерінің жайы туралы жазған мақалалары сияқты, деректік маңызы жоғары дүниелер еңбей қалған. Сондықтан, әлі де көп жағдайда зерттеушілерге "Қазақ" газетінің түпнұсқасымен жұмыс істеуге тура келеді.

Жалпы келешекте "Қазақ" газеті сияқты ұлт мақтанышына айналған басылымды бірнеше кітап етіп түгел қайта жарияласа дұрыс болған болар еді.

Келесі бір мәселе, ол деректерді іздеп табу (эврика – Қ.А.), олардың сапалық жағдайын анықтау және сақтау. Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген ұлттық газет-журналдар ішінде "Қазақ газеті", "Серке", "Дала", "Тіршіліктердің" түпнұсқалары сақталмаған. Олар туралы мәліметтер басқа деректерден алынған. Ал қалғандарының бізге жеткен сандары түрлі орындарда сақталуда. Мысалы, "Айқап" журналы, "Қазақ", "Сарыарқа" газеттері мен "Абай" журналының біраз сандары ҚР ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар қорында, "Сарыарқа" газетінің 80 санының 57, "Бірлік туының" 6-шы санынан бастап 23 саны ҚР ОМА кітапханасында, "Айқап", "Алаш" т.б. пленкаға түсіріліп алынған күйінде ҚР ҒА кітапханасында, "Қазақстанның" 16 саны (барлығы 18) мемлекеттік кітап палатасының қорында, "Ұранның" екі саны мемлекеттік кітап музейінде сақтаулы.

Ұлт байлығы болып табылатын бұл басылымдардың сапалық жағдайы өте нашар. Газеттер тозған. Кей сандары, беттері

жоғалған, жыртылған, өшкен. Пленкалардың да саны өте төмен. Көп жағдайда оларды оқу мүмкін емес. Сондықтан, оларды қалпына келтіру ісін тезірек қолға алып, жетіспейтін сандарын іздестіріп әрқайсысын жеке жинақ ретінде қайта басып шығарсақ дұрыс болар еді. Біздің ойымызша, бұл кезек күттірмейтін ұлттық дәрежедегі маңызды істердің бірі.

Соңғы жылдары баспасөз бетінде ұлттық мерзімді басылымдарды тарих дерегі ретінде қарастыру әрекеті жасалып жүр (145). Ол, сөз жоқ, қуанарлық іс. Дегенмен, кей жағдайда зерттеушілердің нақты басылымдарға қатысты мәліметтерді "сыннан" өткізіп, оқырманға тексерілген мәліметтерді жеткізудің орнына, шындыққа сай келмейтін мәліметтер ұсынған жағдайлары да кездеседі. Мысалы, Р. Құдабаеваның, 1993 жылы жарық көрген "Газета "Казах" как исторический источник" – деген мақаласында, М. Дулатұлының 1922 жылы жазған "Ахмет Байтұрсынұвич Байтұрсынов" – атты мақаласындағы, "Қазақ" газетінің жабылар қарсаңындағы жағдайы және таралымы туралы ақпарат беретін: "... газета перед закрытием имела свою собственную типографию, большой запас бумаги, небольшую библиотеку, тираж превышал 8000" (146) – деген жолдар, "... газета перед закрытием имела свою собственную типографию, большой запас бумаги, небольшую библиотеку, тираж превышал 18000" (147) – деп келтіріліп, газет таралымы сол уақыттың өлшемімен қиял жетпейтін санға өсіп кеткен.

Одан әрі Р. Құдабаева француз зерттеушілері А. Беннигсен мен Ш. Ламарсье-Келькежейдің еңбектеріне сілтеме жасап: "Несмотря на ярлык "прислужницы царизма", газета "Казах" неоднократно подвергалась штрафным санкциям. В 1913-1914 годах газету арестовывали 26 раз" (148) – деп жазып, принципті қателік жіберген. Ең бастысы, Р. Құдабаеваның осы мәліметтеріне сенген, басқа емес Елбасының өзі "Тарих толқынында" атты кітабында: "Қазақ" газеті туралы айта келе "1913-1916 жылдардың өн бойында газет 26 рет жабылды, ал А. Байтұрсынұвтың өзі әлденеше мәрте тұтқындалды. (Қазақстан ХХ ғасырдың басында. Алматы, 1994, 18-бет)" (149) – деп жазған.

Бұл жерде көңіл аударатын бір нәрсе, 1994 жылы шыққан "Қазақстан ХХ ғасырдың басында" атты еңбекте "Қазақ" газеті туралы мақала жоқ. Ондай мақала 1993 жылы шыққан "Қазақстан

XX ғасырдың басында" атты мақалалар жинағында бар. Ол жоғарыда айтылған Р. Құдабаеваның мақаласы. Демек, ел басы осы мақалаға сүйенген.

Ал айтылған мәліметтердің шындығына келсек, дәл сол жылдары "Қазак" газеті бір де бір рет тұтқындалған да, жабылған да жоқ. 1913-1914 жылдары газет аптасына бір рет шығып тұрса, 1915 жылы аптасына екі рет шығып тұрған, кейіннен қайтадан аптасына бір рет шыға бастаған. Апталық болғандықтан бір нөмірмен екінші нөмірдің арасы 7 күн, кейде ғана 10-11 күнге дейін барған. Біз оған газеттің әрбір нөмірінің шыққан күндерін бір-бірімен салыстырып көз жеткіздік.

Егер газет ең болмаса бір рет тұтқындалса не жабылса, онда нөмірлер арасында мұндай тұрақтылық сақталмаған болар еді. Тұтқындалған, не жабылған газетті қайта шығару үшін біраз уақыт қажет болатындығы түсінікті. Мысалы, бірінші саны таратылып, екінші саны таратылып үлгермей тұтқындалған "Серкені" зиялыларымыз қайтып шығара алған жоқ. Ал, 1918 жылы қаңтарда большевиктердің бұйрығымен бірінші рет жабылған "Қазақты" қайта шығару үшін жеті ай қажет болды.

Бейресми газеттің 5 жыл бойы үздіксіз шығып тұруы (казак халқының тарихында тұңғыш рет), әрине, патша өкіметінің жақсылығынан емес, сол газетті жаптырмау үшін барын салған Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатұлының жанкешті еңбектерінің арқасы еді. Біріншіден, олар газетті жабылудан сақтау үшін, әрбір сөзін аңдып сөйлеп, мың ойланып жүз толғанып барып жазуға мәжбүр болды. Екіншіден – газетті сақтау үшін Ахмет Байтұрсынов денсаулығының нашарлығына карамастан бірнеше мәрте түрмеге отырды. Ол туралы алдағы тарауларда кеңінен айтылады.

Демек, патша өкіметінің түсында "Қазак" газеті 26 рет тұтқындалды, не жабылды деп жазу, біріншіден, шындыққа сай емес, екіншіден, патша өкіметінің жергілікті шенеунектерінің озбырлығын көрсету емес, бар қиыншылыққа төзіп, газетті 5 жыл бойы үзбей шығарып тұрған арыстарымыздың ерлікке бергісіз еңбектерін жоққа шығару болып табылады. Мәселенің принциптілігі осында.

Олжас Сүлейменовтің сөзімен айтсақ: "Зерттеушілердің міндеті ескі бояудың үстіне баттастырып бояу жақпай, қайта соңғы сылақтардың ізін жойып, түпнұсқаға жету" (150), басқаша айтсақ,

деректердегі қоспаның үстіне жана қоспалар қосу емес, керісінше, оны әр түрлі қоспадан айырып, оқырманға "таза" мәліметтер ұсыну. Екіншіден, зерттеушілер өз жауапкершіліктерін үнемі сезіну қажет. Оның жіберген қателіктерінің басқаларды адастыруы мүмкін екендігін ұмытпауы керек.

"Қазақ" газетінің тарихы туралы АҚШ-ғы Висконсон университетінің ғылыми қызметкері Дениз Балғамыш ханым да өз "зерттеулерін" жариялады. Оның айтуынша, большевиктер бұйрығымен Орынбордағы "Қазақ" газетінің редакциясы жабылған соң: "Қазақ" газетінің негізгі бағытына қосылмайтын басым бөлігі "Үш жүз" деген социалистік саяси партия құрып, Ташкент қаласында осы аттас газет шығарды. Бұл газеттің редакторы Көлбай Тоғысов болды. "Үш жүзге" қосылмаған "Қазақтың" қызметкерлері бұрынғы бағыттарын жалғастыру үшін "Бірлік туы" газетін шығарып, осының маңына топтасты. Бұл газеттің редакторы болып Қожақан (осылай жазылған - Қ.А.), Сұлтанбек, Шоқай Мұстафа, Балғынбай Хайретин қызмет еткен" (151).

Әрине, американдық түрік қызының өз қандастарының тарихын зерттемек болған әрекеті құлтарлық іс. Оның шын ниетімен қазақ бауырларының тарихын білгісі келгендігіне еш күмәніміз жоқ. Дегенмен, шындық бәрінен де қымбат. Сондықтан көлемі жағынан алақандай ғана шағын мақалада тұтас бір ұлттың қадір тұтып, қастерлеп отырған жәдігерлерінің тарихының өрескел бұрмаланғандығын айтуға тиіспіз. Біріншіден, "Үш жүз" де, "Бірлік туы" да 1917 жылы, "Қазақ" газеті жабылмай шыға бастаған газеттер. Ол үш газет біраз уақыт қатар шығып тұрған. Екіншіден, "Үш жүз" партиясының құрылуына да, оның газетінің шығуына да "Қазақ" газетінің редакция мүшелерінің ешқандай қатысы болған жоқ. Керісінше, "Қазақ" газетінің Алаш партиясының тілі ретінде "Үш жүзбен" жүргізген айтысы жалпыға белгілі тарихи факт. Үшіншіден, "Үш жүз" газеті Ташкентте емес Петропавл қаласында шыққан. Төртіншіден, Көлбай Тоғысов та, басқа аталған азаматтар да еш уақытта "Қазақ" газетінің редакциясында жұмыс істеген адамдар емес. Сондықтан, "Үш жүз" және "Бірлік туы" газеттерін жабылған "Қазақ" газетінің қызметкерлері шығарды деген еш қисыны жоқ.

Жаңы казак тарихының күрделі мәселелерінің бірі болып табылатын 1916 жылғы июнь жарлығына қатысты туындаған оқиғаға қатысты “Қазак” газетінің шығарушыларының ұстаған бағытын Д. Белғамыш: “Орыс үкіметінің сеніміне ие болып, жер мәселесінде өз мүдделерін өткізу үшін “Қазак” газетінің шығарушылары 1916 жылғы патша жарлығына қолдау көрсетті” - деп, өзінше түсіндірген (152).

Екі оттың ортасында қалған қазағын қайтсем аман алып шығамын деп, екі қасіреттің кішісін тандауға мәжбүр болған Алаш ардагерлерінің, өз халқын амалсыз патша жарлығына көнуге шақыруын “орыс үкіметінің сеніміне ие болу үшін жасады” - деп, біздің тарихымызды үстірт білетін адам ғана жазуы мүмкін. “Қазак” газетінің шығарушыларының кімдер екендігін білмейтін адам ғана, патша өкіметінің қазақтарға қарсы жүргізіп отырған зулымдық саясатының қаншалықты терең екендігін жете түсініп, бүткіл саналы өмірлерін соған қарсы күреске арнаған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатовтар: “патшаның айтқанын істесек жерімізді тартып алуын тоқтататын шығар деп ойлады” - деп жазуы мүмкін. Жұмсартып айтсақ бұл шындықтан тым алыс жатқан тұжырым. Мұндай мысалдарды тек “Қазак” газетінің тарихына ғана қатысты емес, жалпы казак тарихының кез келген мәселелеріне байланысты келтіруге болады. Дегенмен, осының өзі де шетелдік авторлардың еңбектеріне ерекше көңіл бөліп, аса сақтықпен қараудың, олардың әр түрлі себептермен жіберілген қателіктерін дер кезінде түзетіп отырудың қажеттілігін көрсетеді деп ойлаймыз.

Қорыта айтсақ, ғасыр басындағы ұлттық басылымдармен жұмыс істеу барысында зерттеушілер жалпы басылымдарға тән ортақ проблемалармен немесе нақты басылымға ғана тән ерекшеліктермен кездесіп отырады. Сондықтан, олар деректану ғылымымен таныс болулары тиіс. Ол зерттеушілерге деректерден “сыннан” өткен, ғылыми құндылығы жоғары мәліметтер алуға көмектеседі.

2. "ТҮРКІСТАН УАЛАЯТЫ ГАЗЕТІ" ЖӘНЕ "ДАЛА УАЛАЯТЫ ГАЗЕТІНІҢ" ҚАЗАҚ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ МЕН ОРНЫ.

2.1. Қазақ баспасөзінің пайда болуы: тарихи алғышарттары, мақсаты мен міндеттері

XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болып, XX ғасырда қоғам өмірінің ажырамас бір бөлігіне айналған қазақ баспасөзінің тарихы "Түркістан уалаяты газетінен" бастау алары баршаға аян. 1870 жылы сәуірдің 28-інде (ескі стиль бойынша) Ташкент қаласында жарық көрген бұл газет, тек қазақ тілінде емес, жалпы Ресей қол астындағы барша түркі халықтары тілінде шыққан алғашқы басылым болды. Әзербайжан тілінде тұңғыш газет 1875 жылы, Қырым татарлары тілінде 1883 жылы шыға бастады. Ал, 1809 жылдан бастап өз тілінде газет шығаруға тырысқан татар зиялыларының қолы оған бір ғасырдан соң, яғни 1905 жылы ғана әрең жетті (153).

Дегенмен, бұл жерде айта кететін бір жағдай, "Түркістан уалаяты газетінің" қазақ тілінде шыққан тұңғыш газет екендігін дәлелдеп, оны халқына жеткізген Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының бас библиографы Үшкөлтай Субханбердина екендігі.

Ол өзінің 1961 жылы жарық көрген "Айқап" бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар" деген еңбегінде: "Революциядан бұрын қазақ тілінде шыққан басылымдар "Түркістан уалаятының газетінен" басталады" (154) - деген пікір айтты. 1962 жылы "Білім және еңбек" журналының 5-ші санында жариялаған "Түркістан уалаятының газеті" деген мақаласында оқырмандарды осы газеттің шығу тарихымен, оның шығарушыларымен, газет бетінде 1870-1882 жылдар аралығында айтылған негізгі мәселелерімен, газет авторларымен таныстырды.

Бұл қазақ баспасөзі тарихындағы Ү. Субханбердина ашқан үлкен ғылыми жаңалық еді. Ол туралы "Білім және еңбек" журналының редакциясы: "Революциядан бұрын Қазақстанда қазақ тілінде не бары 10-15 қана газет пен журнал шығып тұрған... Көп уақытқа дейін біздер солардың ішіндегі ең тұңғышы - 1888 жылдан бастап Омбы қаласында шыға бастаған "Дала уалаяты

газеті" деп есептеп келген едік. Сөйтсек, бұдан бұрын да қазақ тілінде шыққан газет бар екен. Ол "Түркістан уалаяты" газеті деп аталады. Төменде сол газет жөнінде материал жариялап отырмыз" (155) - деп жазды Ү. Субханбердинаның мақаласына арналған алғы сөзде.

Осы мақала жарияланған күннен бастап, қазақ баспасөзінің тарихына арналған барлық ғылыми-зерттеу жұмыстарында "Түркістан уалаяты газеті" қазақ тіліндегі тұңғыш газет ретінде айтыла бастады.

Бір қызығы, содан бері жарияланған ондаған іргелі ғылыми еңбектерде не мақалаларда "Түркістан уалаяты газетін" қазақ үшін қайта ашқан Ү. Субхан-бердина екендігі туралы бір ауыз сөз айтылмаған. Тек, 1995 жылы "Ақиқат" журналының 5-ші санында жарияланған "Сойыл соғар үнпарақтар" деген мақаласында Мырзантай Жақып, осы газет туралы айта келе: "Бұл басылым туралы тұңғыш ғылыми тиянақты пікір білдірген мақала "Білім және еңбек" газетінің (осылай жазылған - Қ.А.) 1962 жылғы 5-ші санында жарық көрген" - дейді (156). Бірақ, сол "тұңғыш ғылыми тиянақты пікір білдірген", мақаланың авторы Ү. Субханбердина екендігін айтуды, неге екенін білмейміз, М. Жақып қажет деп таппаған.

Қазақ тіліндегі алғаш жарық көрген "Түркістан уалаятының газеті" (бұдан әрі "ТУГ") де, "Дала уалаятының газеті" (бұдан әрі "ДУГ") де біздер үшін де, келер ұрпақ үшін де, ең алдымен, қазақ тарихының өзіндік ерекшеліктері бар жазба деректері, әсіресе қазақ жерлерін Ресейдің отарлау тарихының дерек көзі ретінде қымбат.

Кез келген дерек сияқты, олар да нақты уақиғаның, қоғамдық құбылыстың негізінде, белгілі бір уақыт пен кеңістікте, белгілі бір әлеуметтік топтардың не таптардың сұранысына, қажеттігіне сай дүниеге келді. Сондықтан, олар алдымен өзін дүниеге әкелген уақыт пен ортаның жемісі ретінде өз бойында, сол уақыт табын сақтайды, сол ортаны бейнелейді. Аталған басылымдардың тарихи дерек ретіндегі мұндай табиғи қасиеттері оларды тарих үшін, сол өздері пайда болған уақыты мен ортасы туралы объективті мәлімет көзіне айналдырды.

Сонымен қатар, зерттеушілер бұл газеттердің дерек ретіндегі субъективті сипатын де ескерулері керек. Өйткені, оларды да басқа

деректер сияқты белгілі бір субъектер, белгілі бір мақсатпен шығарып тұрды. Сондықтан, олар өз бойында, сол субъектер туралы ақпараттар сақтаумен қатар, көптеген мәселелерді солардың, яғни өзін шығарушылардың мүддесіне сай бейнелейді.

Егер, ұлт тарихы мүддесінен қарап, деректану ғылымының негізгі қағидаларынан шығар болсақ, онда "ТУГ" де, "ДУГ" де қазақ жерін Ресейдің отарлау тарихының жазба деректерінің өзіндік ерекшеліктері бар, жана түрі, жаңа тобы деп айта аламыз. "ТУГ" мен "ДУГ"-нің қазақ тіліндегі жазба дерек ретіндегі басты ерекшелігі - олардың мерзімділігі. Газетке тән басқа ерекшеліктерін айтпағанның өзінде, белгілі бір мерзімде ұзақ жылдар бойы шығып тұруы, оларға қазақ тарихында тұңғыш рет, Ресейдің Қазақстанды отарлау процесінің барысын қазақ жазба дерегінде синхронды бейнелеуге мүмкіндік берді. Сондықтан бұл екі газетті тарихи дерек көзі ретінде талдау зерттеушілерге, бір жағынан, қазақ жерін отарлаудың динамикасын көруге, тәсілдерін байқауға, нақты қолданған шараларымен танысуға, жалпы мақсаттарын тереңірек түсінуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан ұлт өміріндегі ең бір күрделі кезең, ХІХ ғасырдың соңғы үшінші бөлігіндегі ел тарихынан мол мағлұмат береді.

Бұл газеттерді тарихи дерек көзі ретінде пайдалану барысында, зерттеуші олардың басты ерекшеліктерімен қатар, басқа қазақ тіліндегі басылымдардан айырмашылығын да ескеруге тиіс болады. "ТУГ" мен "ДУГ"-нің өздерінен соң дүниеге келген қазан төңкерісіне дейінгі қазақ тіліндегі басылымдардан басты өзгешелігі - олардың ресмилігі. Екеуінің де патша өкіметінің арнайы шешімімен, белгілі мақсатта, ең бастысы соның қаржыландыруымен, жергілікті әкімшіліктің басшылығымен және бақылауымен шығып тұрғандығы.

Сондықтан, олардың бүгінгі күні бағалы тарихи дерек көзі міндетін атқарып отырғанымен, кезінде патша өкіметінің қолындағы, қазақтарды рухани отарлауының негізгі қаруы болғандығын да ұмытпауымыз керек.

Елімізде большевиктік диктатура толық орнағанға дейінгі кезеңде ана тілімізде шығып тұрған 14-15 газет-журналдар арасында ең ұзақ өмір сүргендері де осы екеуі болғандығы кездейсоқ емес. "ТУГ" 1870-1882 жылдар аралығында, "ДУГ" 1888-1902 жылдары шығып тұрған. Демек, екеуін қоссақ патша

өкіметінің жергілікті жердегі ресми органдары тура 27 жыл бойы шығып тұрған. Көрсетілген мерзімдегі қалған барлық қазақ тіліндегі газет-журналдардың шыққан уақытын қоссақ та, мұның жартысына да жетпейді. Егер, отарлаушыларға қажет болмаса, патша өкіметі 27 жыл бойы ақша жұмсап, бұл газеттерді шығарып тұрмаған болар еді.

Сонымен, "ТУГ" де, "ДУГ" де пайда болуының және мерзімді басылым ретінде қалыптасуының ең басты объективті алғышарты қазақ жерін, қазақ елін отарлаудың одан әрі күшеюі болды. Т. Шонанұлының "Қазақ жерінің тарихы - колония тарихы. Колония тарихы - бірте-бірте қазақ жерін сырттан келіп иемденудің тарихы, талаулардың тарихы" (157) - деп, "Қазақ жерін көп талаған, қазақ шаруасына көп кесірі тиген - ресми отарлау болды" (158) - деп жазған кездерінің аталған басылымдардың дүниеге келген уақытымен сәйкес келуінің де кездейсоқ емес екендігі түсінікті.

"ТУГ"-нің қандай мақсатпен шығарылғандығы туралы Х. Бекхожин: "Газет патшаның отаршылдық саясатын күшейте түсу, Россияға жаңадан қосылған өлкенің жай-жапсарын, табиғат байлығын орыс буржуазиясының талабына орай зерттеп білу мақсатымен шығарылды" (159) - десе, "ДУГ" туралы: "Бұл газетте патша үкіметінің отаршылдық саясатын күшейте түсу, оның бұйрық-жарлықтарын, ресми көзқарастарын халық арасына кең таратып, бұқараның санасын уландыру мақсатымен шығарылды" (160) - дейді.

Бұқараның санасын уландыру, жергілікті мұсылман халықтарын өздерінің дінінен, тілінен, ділінен айыру, түптеп келгенде орыстандыру мақсатында патша өкіметіне ұзақ жылдар бойы адал қызмет еткен, орыстың миссионер ғалымдары да өз мақсатында ресми баспасөзді тиімді пайдалануға әрекеттенді. "Миссионер ғалымдарының елеулі мән берген мәселелерінің бірі - деп, жазды Мекемтас Мырзахметов, - баспасөз арқылы миссионерлік идеяны таратып, насихаттау үшін арнаулы зерттеу жинақтарын, газет, журналдар, аударма кітаптар шығарумен айналысуында жатыр" (161).

Қазақ ғалымдарының ресми басылымдарға байланысты айтқан бұл пікірлерінің шындықтан алыс емес екендігін, сол газеттерді шығарушылардың өздері де дәлелдейді. Мысалы, "Туркестанские

ведомости" газетінің шығарылуына байланысты, сол газеттің бірінші санында жарияланған бас мақалада патша өкіметінің Түркістан өлкесін отарлаудағы мақсатын, алдарында тұрған міндеттерін еш бүкпесіз ашық айтқан. Газеттің тікелей Түркістан генерал-губернаторының ұйымдастырумен және басшылығымен шыққандығын ескеріп, бұл бас мақаланы әкімшілік бағдарламасы ретінде және құнды тарихи дерек ретінде толық келтірейік: "Біздің пайымдауымызша, Түркістан өлкесінің қазіргі әкімшілігінің міндеті мынадай: орыс өкіметіне бағынған халықтарды екінші мәрте жеңу, бірақ оларды қара күшпен емес, ақылмен және рухани басымдықпен жеңіп шығу, орыстардың Орта Азияға әкелген қоғамдық және әкімшілік құрылымы жергілікті жұрт бұған дейін бірнеше ғасырлар бойы тікелей мойынсұнып келген құрылымнан әлдеқайда жоғары және жемісті екендігін сезінуге оларды мәжбүр ету. Бұл басымдылық түземдіктердің көз алдында жылдам және өздігінен айқындала салады деп күтіп отырмау керек. Ескі әдет-ғұрыптар өміршең, оларды түбегейлі жою үшін бірте-бірте әрекет жасау қажет, түземдіктерді жаңаша ұғымдарға, жаңа өмірдің жағдайларына тәрбиелеу керек...

Түркістан өлкесінің қазіргі әкімшілігі алдына қойып отырған басты және негізгі міндет осы. Осы мақсатқа жету өте-мөте қажет. Өйтпеген жағдайда Түркістан өлкесіне орыс элементтерін енгізу - тек қара күшпен ғана жаулап алу дәрежесінде қалып қояды. Орта Азияны дәл солай бағындырып, арада біршама уақыт өткенде із-түзсіз жоғалып кеткендер де болған. Егер орыс халқының рухани орасан зор күш-қуаты жәрдемдеспесе, Орта Азияға орныға бастаған орыс элементі де жойылып кетуі мүмкін" (162).

Құрамына қазақтардың Сырдария және Жетісу облыстары кірген Түркістан генерал-губернаторлығы 1867 жылы құрылып, оның тұңғыш генерал-губернаторы болып, Орта Азияны жаулап алу кезінде орыс армиясын басқарған генерал Константин Петрович Кауфман (1818-1882) тағайындалды.

Қасиетті Түркістан жеріне мәңгіге орналасып, оның шексіз байлығын иеленудің бірден-бір сенімді жолы - жергілікті халықтарды рухани жеңу екендігін жақсы сезінген Түркістан өлкесінің алғашқы генерал-губернаторы өз мақсатына жету үшін өлкелік басылымның қажеттігін де жақсы түсінді. Сондықтан газет шығару ісімен тікелей өзі айналысқан.

Зерттеуші М. Жакыптың айтуынша, ол “1868 жылы патшалық Ресейдің сол кездегі астанасы Петерборға барған сапарында Түркістан генерал-губернаторлығының ресми үні - “Туркестанские ведомости” газетін шығарудың қамына кірісті. Түркістан өлкесінде жарыққа шығатын тұңғыш орыс отаршыл газеті “Туркестанские ведомости” деп аталды.

Ресей патшалығының әскери министрі, генерал-адъютант Д. А. Милютиннің баяндамасы бойынша, император ІІ Александр Түркістан генерал-губернаторлығы өкіметінің газетін шығару жөніндегі шешімді тікелей өзі қарап бекіткен.

Патша шешімімен келешек газеттің редакторы генерал-губернаторлықтың құрамында болып, соның ғана нұсқауларын орындауға тиіс болған.

Генерал-губернатор К. П. Кауфманның таңдауымен 1869 жылғы 2 қараша күні “Туркестанские ведомости” газетінің редакторы болып штабс-капитан Н. А. Маев тағайындалып, 1869 жылғы қараша айында Петербургке жіберіледі. Ол астанадан Ташкентке 1870 жылғы наурызда қайтып оралып, газет қағазын, баспахана әріптерін әкеледі.

Осыған байланысты 1870 жылдың 1 наурызына шығаруға жоспарланған газеттің бірінші саны сәуірдің 28-інде (10 мамырда) шықты (164).

Әрине, біздің басты зерттеу объектіміз Түркістан өлкесінде шыққан алғашқы мерзімді басылым “Туркестанские ведомости” газеті емес, қазақ тіліндегі тұңғыш газет “Түркістан уалаятының газеті”. Бірақ, “ТУГ” тарихын ашу, мақсаты мен міндетін көрсету үшін “Туркестанские ведомости” газетінің шығу тарихына тоқталуға тиіс боламыз. Себебі, басқа да Түркістандық жергілікті ұлттардың газеті сияқты, “ТУГ”-де сол газеттің қосымшасы ретінде шыққан. Оның дәлелі келешек газет редакторы штабс-капитан Н. А. Маевтың өз қолымен жазған “1870 жылы Ташкент қаласында шығатын “Туркестанские ведомости” газетінің хабарландыруы”. Онда былай делінген: “Цена за годовое издание “Туркестанских ведомостей” - 7 руб. серебром с пересылкою...

Цена за “Приложения”, отдельно от газеты, 2 руб, сер, в год. Подписка, как на “Туркестанские ведомости”, так и на “Приложения” принимается в Ташкенте, в редакции газеты “Туркестанские ведомости” - деп жазған (165).

Хабарландырудан алынған бұл үзіндіден “ТУГ” алғашқы қатынас қағаздарда “Қосымша” ретінде айтылғандығын, оған жазылу бағасының жылына күміс ақшамен 2 сом болғандығын және ең бастысы оған жазылудың “Туркестанские ведомости” газетіне жазылумен бірге жүргізілгендігін көреміз. Демек, екі газеттің тарихы ортақ тарих.

“Хабарландырудан” аталған газеттер тарихына қатысты басқа да құнды мәліметтер алуға болады. Мысалы, Түркістан генерал-губернаторының жарлығымен 1870 жылдың 1 наурызында Ташкентте апталық газет “Туркестанские ведомостидің” шығатындығын айта келе Н. А. Маев: “Аз зерттелінген, шетаймақтағы Түркістан өлкесінде шығатын басылымның жергілікті жердің жағдайына байланысты ерекше, жан-жақты ойластырылып жасалынған бағдарлама бойынша шығарылуы қажет екендігін айтқан” (166). Газеттің басты міндеті туралы: “Главная задача газеты - быть органом правительственной власти в Туркестанском крае” - делінсе (167), мақсаты туралы: “Цель газеты”: дать возможность каждому следить и ясно видеть, как постепенно, общими мерами правительства и распоряжениями местной администрации, совершается огромный труд: водворение гражданского порядка, общенародной безопасности, цивилизации и общечеловеческих идей в стране, столь долго косневшей под гнетом мусульманства и азиатского деспотизма” - делінген (168).

Яғни, газеттің басты міндеті - басқарушы өкіметтің Түркістан өлкесіндегі органы болу, ал, мақсаты ұзақ жылдар бойы мұсылмандық пен азиялық деспотизм езгесінде болған елде азаматтық тәртіп орнату, жалпыхалықтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және өркениеттілік пен жалпыадамзаттық идеяларды енгізу жолында жүргізіліп жатқан үкімет шаралары мен жергілікті әкімшілік бұйрықтарын әрбір адамның қабылдауына және көруіне мүмкіндік жасау. Яғни, басқаша айтсақ, әр түрлі әдемі сөздермен бүркемеленген мұндай мақсаттың мәні: жаңа билеушілердің жергілікті халықтарды діни сенімі мен қалыптасқан дәстүрлі басқару жүйесінен айыру жолында жүргізіліп отырған отаршылдық іс-әрекеттерді ақтау. Олардың халық мүддесі үшін жүргізіліп жатқандығына әрбір адамды сендіру.

Одан әрі хабарландыруда Ресейдің түпкі мақсаты Түркістан жерін өзіне түпкілікті қосып алып, халқын орыстандыру екендігін ешқандай сөздермен бүркемелеусіз-ақ ашық айтқан. Онда: “Россия смотрит на Туркестанский край как на свою новую, неотъемлемую часть, которая неминуемо должна исподволь подчиниться общему строю русской жизни” - (169) деп, осыған сәйкес газеттің бірінші ресми бөлімінде: үкіметтің ағымдағы маңызды шешімдері, әсіресе Түркістан өлкесіне қатысты шаралары, генерал-губернатордың шешімдері мен жарлықтары, өлкедегі мемлекеттік қызметтегі қозғалыстар, Орта Азияның тәуелсіз хандықтарымен дипломатиялық қатынастар, сот, финанс, статистика, сауда, почта байланыстары, Арал флотилиясы, қоғамдық, әскери-инженерлік жұмыстар, тау-кен ісі, денсаулық, топография т.б. туралы мәліметтер басылады (170) делінген.

“Туркестанские ведомости” газетінің екінші бір маңызды міндеті: “Түркістан өлкесінің Ресей үшін маңызы туралы барлық жат мақсаттардан таза, дұрыс көзқарас қалыптастыру. Өйткені, кейде шетелдік газеттерде орыстардың Орта Азиядағы іс-әрекеттері туралы шындыққа сай келмейтін бүрмаланған материалдар кездесіп қалады. Газеттің міндеті сол жалғандықтар мен бүрмалаушылықтарды дер кезінде әшкерелеу. Түркістан өлкесі туралы жазған орыс және шетелдік мерзімді басылымдарды, кітаптар мен кітапшаларды талдаудан өткізу (171) - деп, келешек газетке, сол жылдары орыстың демократиялық басылымдарындағы және шетел баспасөзіндегі Ресейдің Түркістандағы отаршылдық саясатын айыптаған мақалаларға қарсы күресу міндетін де жүктеген.

Жергілікті жерге, оның табиғи-әлеуметтік ерекшеліктеріне қатысты материалдар газеттің үшінші бөлімінде жариялануға тиіс болған. Онда: “Газеттің үшінші бөлімінде Түркістан өлкесінің тарихы, географиясы, этнографиясы, статистикасы туралы ғылыми мақалалар мен заметкалар, атап айтқанда, Ішкі Азияның таулы аймақтарының орографиялық құрылымы, олардың геологиялық құрлысы, литологиялық ерекшеліктері туралы мақалалар жергілікті жердің аңы мен күсы туралы заметкалар. Орта Азияның, әсіресе, Түркістан өлкесінің көшпенді және отырықшы халықтарының этнографиялық ерекшеліктері туралы, археологиялық зерттеулер мен жаңалықтар, жергілікті ертегілер,

аңыз-әңгімелер, өлкедегі түземдіктер мен орыстардың сауда және өнеркәсіп саласындағы қызметі, Ресейдің Орта Азиямен сауда қатынасы туралы мәліметтер, метеорологиялық бақылау, Ташкент және басқа да Түркістан өлкесіндегі қалалардағы қоғамдық өмірі туралы заметкалар, жергілікті маңызы бар әр түрлі хабарлар, анықтамалар, хабарландырулар, жаңа шыққан кітаптар, карталар және өлкеге қатысты жоспарлар туралы мазмұндалған библиографиялық еңбектер т.т. басылады” - делінген (172).

Сонымен қатар, хабарландыруда “Туркестанские ведомости” газетінің шығу мерзімі мен көлемі туралы да мәліметтер айтылған. Мысалы, онда: “Туркестанские ведомости” газеті басында айына 2 рет, әрқайсысы 4-6 баспа табақ көлемінде, 1870 жылдың 1 тамызынан бастап апта сайын, әр нөмірі 2-3 парақтан шығады. “Туркестанские ведомости” газетінің жылдық көлемі 104-тен 156 баспа табаққа дейін жетеді” - делінген (173).

“Туркестанские ведомости” газетінің алғашқы редакторы жасаған бұл “Хабарландыру” газет туралы жан-жақты мәлімет берген бірден-бір дерек көзі болып табылады. Аталған газетке қатысты кейінгі құжаттарда ондағы мәліметтердің біразы жоқ. Мысалы, газет шығардың қарсаңында қабылданған “Туркестанские ведомостидің” бағдарламасында “Хабарландыруда” айтылған газеттің мақсаты мен міндеттері, газет шығарушылардың түпкі ойын білдірген жолдар т.б. еңбеген. Онда газеттің ресми бөлімінде қандай материалдар, ресми емес бөлімінде қандай материалдар басылуы керектігі айтылып газеттің мерзімділігі, көлемі, жазылу бағасы туралы мәліметтер келтірілген (174). Олар “Хабарландыруда” айтылған мәліметтермен толық сай келеді. Демек, газет “Хабарландыру” негізінде жасалынған бағдарлама бойынша шығып тұрған.

“Түркістан уалаятының газеті” “Туркестанские ведомости” газетінің қосымшасы ретінде шыққандықтан олардың пайда болу тарихының, мақсаттары мен міндеттерінің бір болғандығы түсінікті. Дегенмен, ол газеттердің бағдарламаларында, қаржыландыруында және таралымында өзіндік ерекшеліктер де болды. “Түземдіктер тілінде шығатын Түркістандық газеттердің бағдарламасында”: “Газета назначается исключительно для туземцев Туркестанского края и потому издается на туземном наречии с буквальным русским переводом” - (175) деп, газеттің

тек түземдіктер үшін, түземдіктердің тілінде шығатындығын, бірэк оның тікелей орыс тілінен аударылып басылатындығын айтқан. Одан әрі “Туркестанские ведомости” газетінің бағдарламасының “Түркістандықтарға ғана қатысты қысқартылған үш бөлімнен тұратын нұсқасы берілген. Бағдарламаға “редактор Н.Остроумов” - деп қол қойылған (176). Осылай бір мезгілде пайда болған екі газет екі түрлі бағдарламамен шығып тұрған.

Газет не журнал шығарудың ең негізгі мәселесі қаражат көзі екендігі белгілі. Басылымды кім қаржыландырса бағыт-бағдарын да сол анықтайды. Аталған Түркістандық газеттер жергілікті патша әкімшілігінің ақшасына шығып тұрды. Дегенмен, құжаттар әкімшілік тарапынан газеттердің екі түрлі қаржыландырылғанын көрсетеді. Мысалы, “Туркестанские ведомости” газетін шығару үшін генерал-губернатор 1870 жылы 12000 сом қаржы бөлген. Оның 2500 сомы редактордың, ал 1500 сомы редактордың көмекшісінің жалақысы үшін жұмсалынған (177). Демек, редактордың айлық жалақысы 208 сом, оның көмекшісінікі 125 сом болған. Ал, “ТУГ” қызметкерлерінің жалақысы туралы 1878 жылдың 24 ақпанында генерал-губернатордың атына жазылған Канцелярия бастығының хатында былай делінген: “В 1870 году Ваше Высокопревосходительство изволили признать необходимым издавать при “Туркестанских ведомостях” Приложения на сартовском и киргизском языках. Расходы по изданию этих Приложений изчислены были тогда в размере 150 рублей в месяц по следующему расчету:

Редактору Приложений ...	100 руб.
Помощнику его ...	30 руб.
Сартовскому писарю ...	10 руб.
Киргизскому писарю...	10 руб.
ИТОГО:	150 руб.” (178)

Одан әрі хатта түземдіктердің тілінде шығып тұрған қосымшалардың жеті жылдың ішінде біртіндеп өзгере келе айына 4 рет үздіксіз шығатын өзіндік газеттерге айналғандығын және оның редакторы Сарай Кеңесшісі Ибрагимовтың жеті жыл бұрын белгіленген қаражатқа газетті одан әрі шығарып тұрудың қиындағаны туралы айтқан. Хатта Ибрагимовтың ай сайын өзіне тиісті 150 сомды соңғы жылдары қалай бөлгендігі туралы.

“Сартовскому писарю...	40 руб.
Киргизскому писарю...	15 руб.
Помошнику редактора...	30 руб.
Русскому писарю...	20 руб.
Джигиту для развозки газет...	15 руб.
ИТОГО:	120 руб.

Следовательно, самому редактору причитается вознаграждения всего 30 руб. в месяц” - дейді (179).

Демек, “ТУГ” редакторы “Туркестанские ведомости” газетінің редакторымен, немесе оның көмекшісімен салыстырғанда тым аз жалақы алған. Мұндай жағдайдың әділетсіздік екендігін Канцелярия бастығының өзі де мойындауға мәжбүр болған. Ол: “Признавая вследствие сего за туземными газетами весьма большое значение, и находя, что непосильный труд надворного советника Ибрагимова оплачивается слишком скудно, Канцелярия полагаебы вполне справедливым увеличить средства, отпускаемые на издание газеты, до 250 руб. в месяц”. - (180) деп генерал-губернатордан “ТУГ” бөлінетін каражаттың көлемін 100 сомға көбейтуді өтінген.

Әкімшіліктің жергілікті халықтардың тіліндегі газеттерге деген көзқарасын білдіретін басқа да фактілер келтіруге болады. Дегенмен, осының өзі де көп нәрсені аңғартады ғой деп ойлаймыз.

Мерзімді басылымдар тарихына қатысты зерттеушілерді қызықтырмай қоймайтын мәселелерінің бірі сол басылымдардың таралымы. Нақты газет не журналдың таралымын анықтау зерттеушіге оның деректік орнын, дерек көзі ретіндегі маңызын анықтауға көмектесері даусыз. “ТУГ” таралымына қатысты нақты деректер Қазақстан тарихнамасында жоқ. Сондықтан, “Туркестанские ведомости” редакциясы үшін, 1873 жылдың 1 қаңтары мен 1 қыркүйегінің аралығындағы Әскери-халықтық басқармасының баспаханасында атқарылған жұмыстардың № 226 есебінің осы кемшіліктің орнын белгілі бір дәрежеде толтырары анық.

Нақты атқарылған жұмыстар мен төленуге тиісті ақшаның мөлшері көрсетілген бұл құжатта: “1873 г. 6 марта “Тур. вед. “№ 10-400, Приложение на азиатском языке: сартовские - 250, тоже на киргизском - 250, 12 марта на сарт. яз. № 3-350, на кирг.яз. -

250, ... 12 июля № 12, на кирг. яз. - 200, 3 августа № 14, на кирг. яз. - 200" - делінген (181).

Егер, әдетте, финанс мәселесіне қатысты құжаттардың шынайылық дәрежесінің жоғары болып келетіндігін ескерсек, онда орыс тіліндегі "Туркестанские ведомости" газетінің таралымы - 400, "ТУГ" өзбек тіліндегі таралымы - 250-350, қазақ тіліндегі таралымы - 200-250 болған деп айта аламыз. Бұл, әрине, Түркістан өлкесін мекендейтін халықтардың жартысына жуығын құрайтын қазақтар үшін онша көп таралым емес.

"ТУГ" алғашында айына төрт рет, екі нөмірі қазақша, екі нөмірі өзбекше шығатын болған. Түркістан генерал-губернаторының пайымдауынша газеттің бағдары: "Үкімет пен әкімшіліктің Түркістан өлкесіне қатысы бар жарлықтарын тарату, өлкені жан-жақты танып-білуге ыждақат қою, маңызды ғылыми мақалалар жариялау болады. Таза көркем шығармалар, повестер, романдар басылмайды. Пікірталас тұрғысындағы саяси мақалалар басылмайды. Ресейдің ішкі өмірінің саяси және әлеуметтік жағдайлары туралы материалдар олардың Түркістан өлкесіне қаншалықты қатысы бар екендігіне қарай жарияланады" (182) - деп көрсетілген.

Бірақ, бұл бағдаралама кейіннен кеңейтіліп, газеттің бейресми бөлімінде жергілікті халықтардың әдебиеті мен мәдениеті, тарихы мен салт-дәстүрі, географиялық және экономикалық жағдайы туралы мәліметтер жарияланып тұрды. Дегенмен, жергілікті патша әкімшілігінің басшылығымен және қатаң бақылаумен шығып тұрған "ТУГ" - негізінен басты бағдарламасын орындағандығына күмән болмаса керек.

Осы орайда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған журналист Пайзулла Кадеевтің мақаласындағы патша үкіметінің "ТУГ" шығарудағы мақсаты туралы: "Өздерінің бұйрық-жарлығын, өкімің жер-жердегі итаршылары әкім-сұлтандарға, болыс-старшындарға тез жеткізу, олардың халықты билеп-төстеуіне таптырмас көмек беру мақсатында істеді" - (183) деген пікіріне және де қазақ тілінде шыққан тұңғыш газет ретінде атқарған істеріне байланысты "ТУГ" атына айтқан ризашылық сөздеріне, негізінен қосыла отырып, дегенмен автордың газет материалдарына талдау жасай келе: "Міне, осылайша қазақ баспасөзінің қарлығашы (демек - "ТУГ" - Қ.А.) М. Әуезовтің

сөзімен айтқанда, халқымызды мәңгі өлі ұйқыдан сейілтуде, жансыз денесіне нәрлі қан жүгіртіп, тірілтуде, күзгі таңның салқын желіндей әсер етіп, айтып тіл жеткісіз, еңбек сіңірді" - (184) деген пікірлерімен келісе қою қиын.

Әрине, "ТУГ" қазақ тілінде жарық көрген, тасқа басылып үлкен таралыммен шыққан тұңғыш газет ретінде, тек қазақ баспасөзі тарихында емес, жалпы қазақ тарихында алар орны ерекше екендігіне, оның бетінде жарияланған материалдардың деректік маңызының жоғары екендігіне ешкімнің дауы жоқ. Дегенмен, әрбір тарихи тұлғаға ұлт алдындағы сіңірген еңбегіне қарай халық өзінің әділ бағасын беретіндігі сияқты, әр басылымның да өзіне лайық орны, халық берген бағасы бар.

Отарлаушылардың мүддесін көздеп, небары 200-250 таралыммен шығып тұрған газеттің қазақ халқына өлі ұйқысынан оянардай дәрежеде әсер етті деу, шындыққа сай келмейді. Тіптен, әр түрлі фактілерді бір-бірімен салыстырып қарау "ТУГ" шығуын тоқтатқан соң, көп ұзамай мүлдем ұмыт болғандығын көрсетеді. Мысалы, М. Дулатов 1923 жылы "Баспасөз үмессі" деген мақаласында: "Мерзімді баспасөз бізде қашан туғаны белгілі.... Қазағы, қырғызы бар Қазақстан, Түркістанды қоса санағанда бұл күнге шейін шығып тоқтаған нәм шығып тұрған газет, журналдар мыналар: 1."Дала уалаятының газеті". 2."Серке"... - деп барлығы 42 басылымды атаған (185). Бұдан М. Дулатовтың қазақ тілінде шыққан тұңғыш газеттің "ДУГ" екендігіне еш күмән келтірмей, сеніммен айтқандығын көреміз. Қазақ баспасөзі тарихын зерттеуші Б. Кенжебаев: "Қазақ халқының тарихында тұңғыш рет ХІХ ғасырдың ақырынан бастап қазақша газет шықты. Ол "Дала уалаятының газеті" деп аталды" (186) - деп жазса, Х. Бекхожин "Первая казахская газета "Дала уалаяты" (1888-1902гг.)" деген тақырып бойынша арнайы диссертация қорғаған (187). Оның үстіне Ү. Субханбердинаның "ТУГ" кездейсоқ тауып алуы біздің ойымыздың дұрыстығын дәлелдейді.

Жоғарыда "ТУГ" қазақ тілінде шыққан тұңғыш газет екендігін кімнің және қашан дәлелдегені туралы айтылды. Ал, оны Ү. Субханбердинаның қалай тапқандығы туралы М. Ғұмарова: "Бір жоқты екінші жоқ табады" дегендей "Дала уалаяты газетінің", "Айқап" журналының номерлерін толықтыруды іздеу үстінде Ү. Субханбердина жолдас осы кезге дейін белгісіз болып келген

"Түркістан уалаяты газетін" тауып алды. Бұл қазақтың журналистикасы тарихындағы үлкен жаңалық еді" (188) - деп жазды.

Ү. Субханбердинаның осы еңбектің авторына айтқан әңгімесінде, - "1956 жылы Петербордағы М. Е. Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік кітапханасында "Айқаптың" жетіспеген сандарын іздеп жүріп бір газет тігіндісінің бетінде жазылған "Кир." деген, екінші бір тігіндінің бетіндегі "Сарт" деген сөздерге көзім түсті. "Кир. деген (демек, "Қаз." деген, бұрын орыстар қазақтарды "киргизы" деп кемсітіп атаған - Қ.А.) сөз көзіме оттай басылды. Еріксіз газет тігіндісін қолыма алып қарадым. Сөйтсем, бірі қазақ тіліндегі, бірі өзбек тіліндегі "Түркістан уалаятының газеті" екен" - дейді.

Сонымен, "ТУГ" халық жадында бір рет ұмыт болып, қайта жаңғырғандығын келтірілген фактілер толық дәлелдейді. Ал өз кезегінде бұл фактордың "ТУГ" тарихи орны, деректік ерекшелігін анықтауда салмақты роль атқарары даусыз. Мысалы, "Айқапты" немесе "Қазақты" қазақтың ұмытуы мүмкін бе? Әрине, мүмкін емес. Кеңес өкіметінің 70 жыл бойы "Қазақты" қазақтың жадынан шығаруға қанша ұмтылғанымен, халыққа оны ұмыттыра алмады. Тіптен, бір ғана нөмірі шығып, жабылып қалған "Серкені" де қазақ бір күн де ұмытқан жоқ.

Демек, әр түрлі басылымдардың халықтан алар бағасы да, халық жадынан алар орны да әр басқа. Бұл біріншіден, екіншіден, жоғарыдағыдай бағаны М. Әуезов А. Байтұрсынұлының 50 жылдық мерей тойына арналған "Ақ жол" газетінің 1923 жылғы 4-ші ақпандағы 270 санында жарияланған мақаласында "Қазақ" газетіне бергендігі баршаға аян. М. Әуезовтің бір басылымға берген бағасын екінші бір басылымға әкеп таңу, әрине әділеттілікке жатпайды.

Газет шығару ісіндегі негізгі тұлғалардың бірі редактор екендігі белгілі. "ТУГ" алғашқы редакторы (демек, жалпы қазақ баспасөзі тарихындағы тұңғыш редактор) өз кезіндегі алдыңғы қатарлы озық ойлы, білімді адамдардың бірі, шығыстанушы-ғалым, генерал-губернатордың тілмашы Ш. М. Ибрагимов болған. Бірнеше шығыс тілдерін жетік білген Ш. Ибрагимов "ТУГ" қазақ тілінде біршама таза шығып тұруына жалпы газет материалдарының сапасының жақсы болуына көп әсер еткен.

Патша миссионері, белгілі библиограф-ғалым А. Е. Алекторов Ш. Ибрагимовтың қайтыс болуына арнап жазған мақаласында: "Действительный статский советник Ш. М. Ибрагимов был консулом в Дезде, где умер в 1891 г. Назначение его консулом состоялось в 1890 году. Кончина этого сравнительно еще молодого, энергичного человека, на которого возлагалось много надежд и русскими и мусульманами, произвела удручающее впечатление на всех, кто знал и уважал Шагимардана Мирясовича Ибрагимова" (189) - деп жазды.

Зерттеушілер кейін "ТУГ" редакторы болған кеңсе тілмашы Хасан Жакышевтің кезінде газет мақалаларының тілі шұбарланып, татар сөздерінің көп араласқандығы туралы айтады.

Бұл жерде ескеретін бір нәрсе, казак тіліндегі ресми газеттердің редакторлары мен кейінгі ұлттық басылымдардың редакторларының газет шығарудағы рөлдерінің екі басқалығы. Егер ұлт басылымдарының редакторлары газет шығару ісіне өздері толық жауап берген болса, ресми басылымдар редакторы әкімшілікке тәуелді адамдар ретінде газет материалдарына тек белгілі бір дәрежеде ғана ықпал ете алды.

Түркістан генерал-губернаторы М. Г. Черняевтің 1883 жылғы 30 қаңтардағы әскери-халық басқармасы бойынша жария етілген, 29-бұйрығына сай "ТУГ" жабылып, оның орнына орыс және өзбек тілінде "Туркестанская туземная газетаны" шығару патша миссионері Н. П. Остроумовқа тапсырылды (190). Қазакша 13 жыл бойы 200-250 дана таралыммен шығып тұрған "ТУГ" казак бөлімінің жабылу себебі туралы Заркын Тайшыбай: "1882 жылы Қыр өлкесінде дербес генерал-губернаторлық құрылып, Жетісу облысы соның құрамына кіруімен байланысты болса керек. Газетті шығарушылар бұдан былай оны оқитын казак қалған жоқ деп түсінгендей" (191) - деген болжам айтады.

Егер, "ТУГ" дерек ретіндегі өмір сүру формасына (форма бытования источника) келсек, оның түпнұсқасы түгелдей Санкт-Петербургтағы М. Е. Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік кітапханада, пленкаға түсірілген көшірмесі ҚР ҒА Ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар бөлімінде сақтаулы. "ТУГ" мазмұндалған библиографиялық көрсеткіштерінің, 1963, толықтырылып 1999 жылы Ү. Субханбердинаның авторлығымен жарыққа шыққанымен, (192) көптеген еңбектерде ондағы

жарияланған материалдарға шолулар жасалғанымен, "ТУГ" әлі күнге дейін кең көлемде Түркістан өлкесін мекендеген түркі халықтарының, оның ішінде қазақтардың да тарихының дерегі ретіне ғылыми айналымға өз дәрежесінде тартыла қойған жоқ. Өйткені, кезінде кеңестік тарихнама үшін, белгілі жағдайларға байланысты, оның онша керегі бола қоймаса, енді ұлт тарихы үшін қажет кезінде түпнұсқаға қол жеткізу қиындап кетті. Ал, қолда бар пленканы оқу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Біріншіден, ондағы жазулар ескіше араб әріптермен және бүгінгі оқырманға түсінуге ауыр, Абайға дейінгі қазақ тілінде жазылған. Екіншіден, пленкалар тозған, көрінуі өте нашар.

Дегенмен, мұндай қиыншылықтарға қарамастан Ү. Субханбердинаның жетекшілігімен "ТУГ" материалдарын құрастырып баспаға әзірлеу жұмысы жүріп жатқандығы белгілі. Демек, "ДУГ" сияқты "ТУГ" де ғылыми айналымға кеңінен тартыла бастар күнде алыс емес сияқты.

Патша өкіметі тарапынан қазақ тілінде шығарылған келесі және соңғы ресми газет "ДУГ" болды. Ол Омбы қаласында, 1888 жылдың 1 қаңтарынан бастап, 1902 жылдың 12 сәуіріне дейін шығып тұрды. "ДУГ" дүниеге келуі 1882 жылы құрамына Ақмола, Семей және Жетісу облыстары кірген, Дала генерал-губернаторлығының құрылуымен байланысты. Өйткені, баспасөз жөніндегі Бас басқарма "ДУГ" жергілікті халықты үкімет бұйрықтарымен таныстырып отыру үшін шығарылып тұруға рұқсат етті" (193).

✓ "ДУГ" дүниеге келіп, жарыққа шығып тұрған жылдары туралы Т. Шонанұлы: "Қазақ даласында переселен мәселесі (патша өкіметінің орыс мұжығына қазақтың жерін талату саясаты) өткен ғасырдың 80 жылдары аяғында 90-жылдар басында кенеттен көтерілді. Осы 90-жылдар басынан бері қарай ішкі қара шекпенді көшкен бұлттай түнертіп, қазақ жеріне үкімет аудары бастайды. Шын талау енді басталып, бұрынғылар ойыншық болып қалды" (194) - десе, сол талаудың іс жүзіндегі көрінісі туралы Ә. Бөкейханов: "Алаштың жайында қара топырақ, қара жер болса, аққан өзен, шалқар көл, тұщы құдық, мөлдір су-бұлақ, жайлы жазық, орман болса, майлы ет біздің орыстың сыбағасы деп отаршыл орысқа тартып әперген" (195) - деп, қазақтың қандай жерлерінен айрылғанын айтады.

Демек, "ДУГ" ең алдымен сол қазақ жерінің келімсектер (переселендер - Қ.А.) пайласына талауының дерегі, қазақ жерін отаршылардың қандай жолдармен, қандай тәсілдермен алуының дерегі.

Сонымен қатар, "ДУГ" беттерінде ХІХ ғасырдың соңына қарай қазақ даласында болып өткен сан алуан қоғамдық құбылыстар да бейнеленеді. Сол құбылыстар туралы "ДУГ" өз бойында ақпараттар сақтады. Демек, өткен ғасыр соңындағы жазба деректер түрінің бірі ретінде газет жалпы қазақ өмірінің де дерегі болып табылады.

"ДУГ" арнайы зерттеген ғалым ретінде Х. Бекхожин, оның мақсаты, бағыт-бағдары, көтерген мәселелері, газет қамтыған қоғам өмірінің салалары туралы: "Газета, согласно программы, состояла из двух отделов: официального и не-официального. ✓

В официальном отделе печатались на казахском и русском языках официальные материалы - указы, циркуляры, распоряжения правительственных и административных органов...

В неофициальном отделе помещались материалы следующего характера: сведения о происходящих событиях в империи и окраинах, о различных благотворительных и полезных нововведениях в разных местностях, о лучших условиях жизни и хозяйств". Сведения о тех торговых центрах и тех ярмарках, куда шли предметы торга из казахской степи. ✓

Статьи и материалы по местной географии (описание степей, гор, озер, путей сообщения и пр.) по истории (прежние обитатели страны, заселение степей переселенцами, основания городов, развитие торговли и проч.); по этнографии и народонаселению (состав местного населения по племенам и языку, общественно-родовой и семейный быт кочевников, обычаи, предания, сказки, легенды и проч.);

Статьи и сведения по степному хозяйству и скотоводству, о деятельности и значении сельскохозяйственных школ, о состоянии грамотности среди казахов, о местных промыслах и ремеслах, торговые известия и сведения о ценах на ярмарках в казахской степи.

Описание народных празднеств, некрологи о известных лицах; отчеты о судах биев и волостных съездов; сведения о различных явлениях природы и происшестввиях в степи.

Таким образом, газета ставила перед собой широкие задачи. Программа показывает, что газета "Дала уалаяты" является официальным органом, издававшимся в целях распространения среди местного населения на родном их языке правительственных распоряжений и воспитания среди них верноподданнических чувств к "белому царю" и, наконец, собрания нужных сведений для колониальной политики царского правительства.

В течение всего периода издания газета должна была придерживаться принципов укрепления и оправдания самодержавного строя. Эти принципы красной нитью проходили не только в официальном отделе, но и в неофициальном. Этим и характеризуется правительственное, реакционное направление газеты" (196) - дейді.

Ғалымның бұл тұжырымдарының дұрыстығын, "ДУГ" бағыт-бағдарын, шығарылудағы мақсатын дәл басып көрсете білгендігін көптеген ресми құжаттар сол, "ДУГ"-де жарияланған материалдар да дәлелдейді. Мысалы, "Дала уалаятының газетінің" бағдары туралы деген құпия құжатта былай деп жазылған: "Қазақтар сияқты қараңғы халыққа жергілікті бастықтардың бұйрықтары мен жарлықтарынан басқа, шаруашылық жүргізу жөнінде, қазақтардың өз міндетін дұрыс түсіне білуі жөнінде мағлұматтар беріп, бұл шеңберден шықпауын қадағалап отырған жөн болар еді. Ал Вамберидің "Түрік тарихы" сияқты кітапты қазақшаға аударып басудың қандай қажеті бар еді?... " (197).

Бұл жерде венгер ғалымы Вамбери Арменийдің түркі халықтарының тілі, мәдениеті, тарихы, этнографиясы туралы неміс тілінде басылып шыққан "Түрік халықтары" деген еңбегінен аударылып "ДУГ" 1889 ж. 35-37, 40-42, 45, 47, 50, 52-ші сандарында басылуы туралы айтылып отыр.

У Газеттің негізгі міндеттері жөнінде "ДУГ" 1894 жылғы бірінші санында мынадай кулактандыру жарияланды: "Газеттің ресми емес бөлімінде:

1. Ресей империясындағы және оған қарайтын халықтардың арасындағы оқиғалар, әр түрлі жерлердегі шаруашылық бастамалары, сауда-өнеркәсіп орталықтары мен жәрменкелердегі жағдайлар, қазақ даласынан шығарылатын өнімдердің қалай сатылатыны туралы мағлұматтар;

2. Өлкенің жағрапиясы, тарихы, этнографиясы, бұратана халықтың тайпалық және тілдік құрамы, көшпенділердің қоғамдық-рулық тірлігі, салт-дәстүрлер, аңыздар, ертегілер сияқты мақалалар;

3. Ауыл шаруашылығы және мал шаруашылығына арналған мақалалар;

4. Халық мейрамдарының сипаты, халық арасындағы белгілі адамдардың өліміне арналған минакиптер (некролог) мен билер сотының, болыс сияздарының үкімдері, табиғат құбылыстары мен апаттар туралы материалдар жарық көреді" (198).

"ДУГ" редакторы ретінде әр кезде И. Козлов, К. Михайлов, Г. Абаза деген кісілер қол қойып отырған. Дала уалаятында қазақ тілінде газет шығару ісін қандай адамдарға тапсырылғандығын білу үшін солардың біреуінің өмір тарихына тоқталайық. "ДУГ" редакторларының бірі - Абаза Григорий Вениаминович, Харьков губерниясында дворян отбасында дүниеге келген. 1888 жылы Харьков университетінің физико-математика факультетін бітірген. 1893 жылдың 3 ақпанында Үкімет жарлығымен Кеңесші атағы берілген. 1895 жылдың 29 наурызында Ақмола облысының вице-губернаторлығына тағайындалған. 1901 жылдың 29 маусымынан Ақмола облысының әскери-губернаторы міндетін атқарған. 1902 жылдың 14 мамырынан бастап Омбы округтік сотының бітім судиясы. 1903 жылы екінші дәрежелі қасиетті Анна орденімен, 1906 жылы 4-ші дәрежелі қасиетті Владимир орденімен марапатталған (199). Әрине, мұндай өз өмірін патшаға қалтықсыз қызмет етуге арнаған адамдардың өздеріне тапсырған жұмысты адал атқарып, "ДУГ" алдына қойған міндетін "дұрыс" орындауына өз үлестерін қосқандығына еш күмән жоқ. ✓

Бұл патша өкіметінің жергілікті жердегі ресми газет шығаруға ерекше көңіл бөлгендігін және газет ісін аса жауапты адамдарға, өзінің сенімді өкілдеріне тапсырғандығын көрсетеді.

Басылымның қазақшасын үзбей редакциялаған генерал-губернатор канцеляриясының аға тілмашы Е. Аблайханов пен Д. Сұлтанғазиндер болды. Газетте Р. Дүйсенбаев, Б. Чалымбеков және тағы басқа бірнеше адам аудармашы әрі әдеби қызметкер міндетін атқарған (200).

Жалпы газет қазақ баспасөзін шығарудың, таратудың, журналистік шеберлікті қалыптастырудың өткен ғасыр соңындағы

өзіндік мектебі болды деп айтуға болады. Оның беттерінде Абайдан бастап, XIX ғасырдың аяғындағы ұлтымыздың белгілі азаматтарының шығармалары, хаттары, мақалалары басылып тұрды. Оларда бұдан бір ғасыр бұрынғы қазақтардың қоғамдық-саяси өмірі, таптық-әлеуметтік жағдайы, экономикасы, шаруашылығы, мәдениеті т.т. туралы мол мәліметтер берілген. Бүгінгі күні, әсіресе келешекте, бұл мәліметтердің XIX ғасыр соңындағы халқымыз тарихын зерттеуде баға жетпес дерек көзі міндетін атқарары даусыз.

"ДУГ" авторларының қазақ тарихындағы алар орындары, олардың басым бөлігінің келешекте алаш ардагерлері ретінде жеке тұлғаларға айналуы, олардың кезінде "ДУГ" бетінде жарияланған еңбектерінің қазақ тарихының дерегі ретіндегі маңызын арттыратын фактор екендігі даусыз. Мысалы, газеттің белсенді авторлары: Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Шәкәрім Құдайбердиев, Әлихан Бөкейханов, Асылқожа Құрманбаев, Отыншы Әлжанов, Садуақас Шорманов, Мейрам Жанайдаров, Қорабай Жапанов, Барлыбек Сыртанов, Жакып Ақпаев, Жағыпар Айманов, Әміре Айтбакин т.б. өткен ғасыр соңындағы қазақ өмірін терең білетін, ол халықтың тек өзіне ғана тән ұлттық ерекшеліктерін, мүддесі мен мақсаттарын жан дүниесімен сезініп, газет бетінде айта білген (әрине, мүмкін болған объективті жағдайдан шыға отырып - Қ.А.) адамдар екендігіне ешкімнің күмәні жоқ деп ойлаймыз.

✓ Бұл субъективті фактордың "ДУГ" өзі жарыққа шығып тұрған жылдар ішінде жарияланған, қазақ қоғамының әр қырын ашатын саналуан материалдардың тарихи дерек ретінде шынайылық дәрежесіне, олардың қазақ даласы туралы әр түрлі формада пайда болған деректер арасындағы өкілеттілік орнына әсер етері күмәнсіз.

Сонымен, "ДУГ" материалдары XIX ғасырдың соңғы онжылдығындағы қазақ тарихының өзіндік ерекшеліктері бар жазба деректерінің бірі. Дегенмен, ол да басқа деректер көзі сияқты өзін ғылыми "сыннан" өткізуді қажет етеді.

Мысалы, газет материалдарының пайда болуына, жариялануына, қазақ тілінен орыс тіліне немесе керісінше аударылып басылуына әсер ететін, басқаша айтсақ, газет материалдарының деректік ерекшеліктеріне әсер ететін факторлардың бірі - цензура. "ДУГ" патша үкіметінің өз

мақсатында шығарылып тұрған ресми газет болғанымен ол да үздіксіз бақылауда болған. Оның кейбір материалдары цензурадан өтпей қалып газет беті ақтандақтанып басылған жағдайлар да кездеседі. Ондай жағдайда редакция цензураның қысқартқаны деп көрсетіп отырған.

Газет шыққан күннен бастап, оның саяси бағыты, тілі, аударманың сәйкестігі, сапасы т.б. жергілікті әкімшіліктің тарапынан қатаң бақылауда болғандығын, патша үкіметінің қазақ даласындағы көзі мен құлағы орыс миссионерлерінің хаттары да дәлелдейді. Сондай құпия бақылаушының бірі (негласный надзор) Н. И. Ильминский 1888 жылы Н. П. Остроумовқа жазған хатында: "Раз, давно получаю из департамента народного просвещения поручение - несколько номеров киргизско-русской газеты из Омска, с мнением попечителя Томского университета В. М. Флоринского, что газеты мусульманские вообще вредные, - у меня требовали заключения. Я газету вообще защитил, но в этих номерах нашел некоторую нескладицу: действительно странные встретились непонимания довольно обыкновенных русских слов. Об этом я писал конфиденциальное сообщение Г. А. Колпаковскому..." (201) деп жазса, обер-прокурор К. П. Победоносцевқа 1889 жылғы жазған хатында: "Об особом "прибавлении" к Акмолинским ведомостям я давно писал Г. А. Колпаковскому, что эту газету надо ограничить официальной лишь частью, а неофициальную часть лучше бы прекратить, ибо при неумелых и необразованных переводчиках (в доказательство чего я привел примеров), требующих бдительного наблюдения и опытного руководства, рискованно отваживаться на помещение трудных, научных и политических статей... Притом они выходят вон из программы, разрешенной бывшим генерал-губернатором..." (202) - деп жазған.

Н.Ильминскийдің бұл хаттары, тарихи құжат ретінде "ДУГ"-не қатысты деректану ғылымы үшін маңызды мәліметтер жеткізіп отыр. Біріншіден, хаттар отарлаушылардың қазақ тілінде ресми газет шығара отырып, оның зиянды ықпалынан өздері қауіптенгендігін, сондықтан оны белгілі бір шеңберде ұстау мақсатында үнемі бақылап отырғандығын тағы бір рет дәлелдейді. Екіншіден, хаттарда аударма сапасының нашарлығы айтылады.

"ДУГ" материалдарынын аударма сапасы туралы, олардын мөндүк-мағыналык дәрежеси және газеттин пайда болу ерекшелігі туралы миссионер А. Васильев: "...Главную и существенную часть этой газеты составляет не русский текст, а киргизский, так что правильнее было бы сказать (по цели издания), что газета издается на киргизском языке с переводом на русский. Несмотря на такое видное значение, какое, без сомнения не можем не заметить, что он ведется в ней далеко не безупречно как в отношении правильности передачи мысли, так и чистоты языка" (203) - деп жазды. ✓

Егер, "ДУГ" тарихи дерек ретіндегі өзіндік басты ерекшеліктерінің бірі - онын материалдарынын аударма түрінде катар берілетіндігін ескерсек, онда аударма мәселеси, онын дәрежеси зерттеушілерден ерекше көңіл бөлуді талап ететін принципті мәселе болары түсінікті.

Газеттин алдына қойылған негізгі мақсатына сай, патша үкіметінің жергілікті әкімшілік орындарынын бұйрық-жарлықтары, нұсқаулары т.б. ресми материалдар орысшадан қазақшаға аударылып басылса, жергілікті авторлардың мақалалары, аңыз-әңгімелер, әдеби нұсқалар, өлең-жырлар т.б. қазақшадан орыс тіліне аударылып басылған. Газетте сапалы аудармалармен катар, аударма тәжірибесінің жоқтығы, сауатты аудармашылардың жетіспеуі, қазақ баспасөз ісінің енді ғана қалыптаса бастауы, жатық газет тілінің әлі қалыптаспауы т.б. себептерге байланысты аудармаларда кемшіліктер жиі кездеседі. Мысалы, "ДУГ" 1891 жылғы 26-шы санындағы "Военное министерство, в ведении которого находится народное управление Закаспийской области, предполагает устроить во многих местах области русско-туземные школы..." деген жолдар қазақша "Ғаскарина уәзіріне таиг Каспиа облысының ниетлері бар. Русиа һәм мүсылман тіліншече оқулатурған медресе ачбаққа..." деп аударылған.

Әрине, мұндай аудармадан бір нәрсе түсіну оңай емес. Сондықтан, "ДУГ" тарихи дерек ретінде пайдаланушылар нақты мақаланың түпнұсқасын аудармамен немесе аударманы түпнұсқамен салыстырып қарағаны дұрыс болады. Материалдың екі тілде бірдей катар берілуі, ол тілдерді жақсы білетін қазіргі зерттеушілерге ондай жұмысты еш қиындықсыз іске асыруға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл бір тілде оқығанда бұлыңғыр көрінген ақпаратты, екінші тілде оқу арқылы айқындай түсуге

көмектеседі... Мысалы, Дала генерал-губернаторлығына қараған облыстардағы көшпелі қазақтарды басқару жүйесі туралы күнды мәлімет беретін "ДУГ" 1888 жылғы 9-шы санындағы мақалада 1868 жылы шыққан " Уақытша Ереже" туралы айтады. Сол мақаладағы қазақтар атқара алатын ең жоғарғы билік болыстардың қызметі мен негізгі міндеттері туралы қазақшасында: "Әрбір болыснай управительдердің өзіне тиісті қызмет дәреже орындары болады. Бұны ғадалаттілікпен әр уақытта қарап тұрмақ-дүр. Бұл аталмыш болыстар қарап тұрса керек, қол астында болғыш елдердің тыныш болмақтарын һәм түзік болмақтарын. Әсіресе қарап тұрса керек, барымта болмастықтарын һәм орнына келтіріп тұрса керек низам хақимдерін әрбір қылынған бұйрықтарын, әрбір бітірілміш істерін орнына келтіріп тұрса керек. Әрқашан алым-шығындарын түгел қылып жинап беріп тұрса керек. Барша болыснай беріп тұрса керек. Барша болыснай управительдер низам бойынша түзік қылып берілмеш бұйрықтарын орындарын біліп тұрғыш, оязный начальниктерінің һәм әмірлерін орнына келтіріп тұрса керек" (204) - деп жазылса, орыс тілінде: "Волостные управители сосредоточивают в себе власть полицейскую и распорядительную в волости. Они наблюдают за сохранением спокойствия и порядка, в особенности за тем, чтобы не производилось барымты, за исполнением законов, административных распоряжений и судебных постановлений, за исправным поступлением податей и повинностей" (205) - деп жазылған.

Екеуінде де бір нәрсе туралы айтылғанымен, бүгінгі оқырман үшін, әрине орыс тіліндегі нұсқасы нақты да түсінікті. Сондықтан, зерттеушілер "ДУГ" мұндай ерекшелігін барынша тиімді пайдаланып, өздеріне қажетті мәліметтер ала білулері қажет.

Мүмкіндікті пайдаланып мақалаларды бір-бірімен салыстырып отырудың қажеттігі, олардың кейде бір-бірімен сәйкес келмеуінен де туындайды. Бір тілде берілген мәлімет екіншісінде айтылмауы мүмкін. Мысалы, аталған мақаладағы танымдық маңызы бар орыс тілінде басылған мына:

"Какие лица должны быть избираемы пятидесятниками и десятниками?"

По циркулярному предложению г.Степного генерал-губернатора от 29-30 марта 1884 г. за № 2002 (п.6). уездные

начальники обязаны производить выборы должностных лиц киргизского общественного управления в центре каждой волости, проверяя перед этим правильность выбора пятидесятников через опрос кибитковладельцев. Киргизы нередко жалуются на то, что пятидесятники выбираются не самим народом, а волостными управителями, которые, естественно, могут подобрать себе людей преданных. Уездные начальники должны внушать кибитковладельцам важность обязанностей, лежащих на выборных от 50 и 10 юрт и то, что от степени добросовестности этих преставителей общественных интересов зависит благосостояние народа, а для этого на должности выборных должны быть назначаемы люди честные, неподкупные" (206)- деген жолдар казакша вариантында жок.

Дала уалаятындағы әкімшілік биліктің негізі туралы айтылған бұл циркулярлық нұсқаудың казак тіліне аударылып, газетке басылмағаны анық. Ал оның казак даласындағы XIX ғасырдың аяғындағы басқару жүйесінің ірге тасы болыстықтың қандай жолмен сайланатындығын көрсететін құнды тарихи дерек екендігі даусыз.

Қарапайым халықтың елу үй, он үй болып болыс сайлауына қатысатын өз өкілдерін тағайындау арқылы ел басқару ісіне араласуына жол беретін бірден-бір мүмкіндігі туралы жазылған губернатордың бұл нұсқауының казак тіліне аударылмай қалуын оның маңызының жоқтығынан деп түсіндіру қате болар еді. Керісінше, бұқараның өз өкілдерін тағайындау арқылы, аз да болса өз мүддесін қорғауына мүмкіндік беретін заңды құқы туралы айтылған бұл құжаттың казак тіліне аударылмауы, оның саяси маңызының тым үлкендігінен болуы мүмкін. Олай дейтініміз, қарапайым халықтың өзінің заңды құқын жете білмеуін саясаткерлер барлық уақытта өз мүддесі үшін тиімді пайдаланған. Ал халыққа заңды құқын білдірмеудің бір жолы оны халықтың өзінен жасыру. Бұл талай сыннан өткен ескі тәсіл.

Демек, Дала генерал-губернаторының 1884 жылғы 29-30 наурыздағы - 2002 (6 п.) циркулярлық нұсқауын казакшаға аударып газетке жарияламау арқылы редакция халық бұқарасының ел басқару ісіне араласу құқығын халықтан жасырған деп қорытынды жасауға болады.

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ баспасөзіне, әсіресе "ТУГ" мен "ДУГ"-ке тән проблемалардың бірі - тіл мәселесі. Сондықтан зерттеушілерге Б. Әбіл-қасымовтың "Алғашқы қазақ газеттерінің тілі" (Алматы, 1971) және С. Исаев-тың "Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы" (Алматы, 1983) атты еңбектерімен танысуды ұсынамыз.

"ДУГ" таралымы туралы бір құжатта "газетке міндетті жазылушылар дегеннің (болыстық, ауылдық қызмет адамдары) саны 1332 адам" деп көрсетілген. (207) Ал оның түпнұсқасы "алғашқы санынан соңғысына дейін түп-түгел С.Петербургтағы Салтыков-Щедрин атындағы кітапхананың баспасөз қорында сақтаулы. Былғарымен қапталып, түптелген, сыртына "Киргизская степная газета" деп басылып жазылған. Танысамын дегендерге микрофильмін немесе фотокөшірмесін береді" (208).

"ДУГ" басында (1888 ж.) көлемі 1/2 баспа табақ болып 4 бетке басылып тұрған. Сол жылдың 8-ші санынан бастап газет көлемі екі есе көбейтіліп тұтас бір баспа табаққа жетіп 8 бет болып шыға бастаған.

4 беттік сандарында газет беті екі бөлікке бөлініп басылған. Сол жақтағы бірінші бөлігінде, араб әріптерімен жазылған қазақша мақалалар, оң жақтағы екінші бөлігінде орыс тіліндегі материалдар басылған. Ал 8 беттік сандарында алғашқы төрт беті түгел қазақша, қалған төрт беті орысша басылған. Газет Ақмола облыстық Басқармасының баспаханасында басылған.

"ДУГ" аптасына бір рет, алдымен жұма сайын, кейіннен жексенбі сайын шығып тұрған. Таралымының аздығына қарамастан газет Қазақстанның қазіргі территориясына түгел дерлік тараған.

Бізде "ДУГ" түпнұсқадан түсірген фото және микро көшірмелері ҚР ҒА Ғылыми кітапханасының сирек кітаптар бөлімінде сақтаулы. Сол фотокөшірмелер мен микрокөшірмелер негізінде Ү. Субханбердинаның құрастыруымен "ДУГ" материалдар жинағы 150 б.т. тұратын төрт кітап болып басылып шықты.

1989-1992 жылдары шыққан алғашқы үш кітапта кезінде газет бетінде жарияланған әдеби нұсқалар жинағы: ертегілер, аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, өлең-жырлар, әдеби аудармалар, өсиет сөздер, көркем шығармалар т.т. жылдық ретімен басылса, 1994 жылы шыққан төртінші кітапқа газет бетінде әр жылдары

басылған адам, қоғам, табиғат туралы мақалалар топтастырылған. Әрине, дерек көзі ретінде бізді қызықтыратын осы 4-ші кітап.

Сонымен қатар Ү. Субханбердина 1996 жылы "ДУГ" 5 кітабы Мазмұндалған библиографиялық көрсеткішін жарыққа шығарды. Егер ғылым библиографиядан басталатындығын ескерсек, онда Ү. Субханбердинаның бұл еңбегінің "ДУГ" еліміздің ХІХ ғасырдың соңындағы тарихының дерегі ретінде пайдаланушыларға тигізер көмегінің аз болмасы белгілі.

2.2. Ресми газеттердің бағыт-бағдарлары және Қазақстан тарихы бойынша дерек көзі ретіндегі маңызы мен ерекшеліктері (ХІХ ғ. соңы)

Қазақ тілінде жарық көрген алғашқы газеттер, патша үкіметінің жергілікті әкімшілік мекемелері шығарған ресми басылымдар "ТУГ" мен "ДУГ" болғандығы жоғарыда айтылды. Оларды кімдер, қандай мақсатпен шығармасын екеуі де маңызды дерек көзі болып табылады. Себебі, қоғамда жүріп жатқан саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени т.б. сипаттағы процестер мерзімді басылым беттерінде із қалдырды, белгілі бір дәрежеде бейнеленді. Ал, ол бейнеленулер уақыт өте келе тасқа басылған деректерге айналады.

Демек, "ТУГ" мен "ДУГ" арқылы жеткен деректер кезінде қоғамдағы болған объективті құбылыстардың, газет беттерінде субъективті бейнеленуінің диалектикалық жемісі деп айта аламыз. Нақтырақ айтсақ, алғашқы қазақ газеттері ХІХ ғасырдың соңғы үшінші бөлігінде елімізде болған оқиғалар мен құбылыстар тарихының дерегі.

Бұл кезең, Ресей империясының құрамындағы басқа да халықтар сияқты, қазақ халқы үшін де күрделі өзгерістерге толы тарихи кезеңге жатады. Түркістан өлкесін орыс армиясының жаулап алуына байланысты, қазақ жерлерінің толығымен дерлік Ресей құрамына енуі, ХІХ ғасырдың 60 жылдарынан басталған ішкі Ресейдегі реформалар салдарынан болған империяның саяси және экономикалық өміріндегі түбегейлі өзгерістер, қазақ даласында да терең із қалдырды.

Қазақ тарихындағы бұл кезең қазақтар жерін орыс отарлаушыларының толық және түпкілікті тартып алу мақсатында жүргізген кең көлемді шараларының басталуымен ерекшеленеді.

Қазақ даласын отарлау динамикасының, А. Байтұрсынұлы өзінің "Закон жобасының баяндамасында", 1822 жылғы 22 июльдегі Сібір уставынан бастап, Қазақ халқын билеу туралы, 1868 жылы шыққан "Уақытша Ережеде" 1891 жылы 25 мартта шыққан "Степное положениеде" (209), қалай "заңды" жолмен тереңдей түскенін көрсетіп берсе, Ж. Аймауытов ол кезең туралы: "Қазақтың жерін тілгілеп, келімсек мүжықтарға аударып бере бастады, тілін бұзуға, дінін бұзуға ауылный школ, миссионерлер таратты, әдет-ғұрпын, салт-санасын өзгертіп, орыска бас игізуге жаңа закон, мировой судья, крестьянский начальниктер шығарды. Қазақты ішінен тоздыруға сайлау, штат деген шырға тастап, өзді-өзін жұлыстырып, қырқыстырды" (210) - деп, отарлаудың, орыстандырудың қандай жолдармен, қандай тәсілдермен жүргізілгендігін әшкереледі.

Бұл кезең туралы қазақтың көрнекті энциклопедист-ғалымы Т. Шонанұлы: "Қазақ жерін отарға айналдыру, қазақ даласын талау тарихын екі дәуірге бөлуге тура келеді: 1) Орысқа бағынғаннан бастап ХІХ ғасырдың 80-жылдарының басына дейін. Бұл атты казактардың пайдасына, әскерлік кісілердің пайдасына деп жер алу дәуірі; 2) 80-жылдардың аяғынан, 90-жылдардан бастап бері қарай Николай құлағанға шейін кара шекпенділер үшін жер алу дәуірі" (211) - дейді.

Француз тарихшылары А. Беннигсен, Ш. Лемерсье-Келькежей сол жылдардағы қазақ даласына тән басты ерекшелікті: "ХІХ ғасырдан бастап қайыршылыққа душар болған қазақтар тіпті тіршілік етуіне де қауіп төнгенін мықтап сезді. Орыс кара шекпендері мен көшпенділер арасындағы жанжал дала өмірінің негізгі көрінісіне айналды да, қазақтарға орыс үрдісіне көшу жанға батарлықтай ауыр болды" (212) - деп, суреттейді.

Осылай, қазақ даласында жер үшін шешуші күрес басталды. Жер тағдыры, демек ел тағдыры шешілер күн туды. Азулы жауға, алып империяға қарсы тұра алмаған бабаларымыз біртіндеп ата-қонысы, қасиетті мекенінен айрыла бастады. Нулы орман, көк майса жеріне кара шекпендер қоныстанған қазақ шөл мен шөлейтке ығыса бастады. Жерінен айрылған қазақтың қасіретін Т. Шонанұлы былай деп бейнеледі: "Жерден айрыларда қазақтың қабырғасы қайысып, омыртқасы майысады. Жалғзынан айрылғандай жермен қоштасады. Ботадай боздап өлең айтады.

Қазақтың шаруаға тәуір қоныстан айырылғанда айтқан өлеңдері - өлікті жоқтаған жылаулармен бірдей" (213).

Қазақ басына түскен осындай қасірет себептері көптеген деректерде айтылды. Солардың бірі қазақ тілінде алғаш шыққан мерзімді басылымдар "ТУГ" пен "ДУГ". Келешекте олардың деректану ғылымының зерттеу объектісі ретінде арнайы қаралары даусыз. Ал, әзірге біз олардың басты бағыт-бағдарына, XIX ғасырдың соңындағы Қазақстан тарихының дерегі ретіндегі маңызына тоқталамақшымыз..

Қазақтарды түпкілікті отарлау мақсатында - олардың жерін тартып алу, отарлаушылардың өз сөзімен айтсақ: "...орыс өкіметіне бағынған халықтарды екінші мәрте жеңу, бірақ оларды кара күшпен емес, ақылмен және рухани басымдылықпен жеңіп шығу" (214) әрекетімен қатар жүргізілді. Орыстардың ондай әрекеттері туралы М. Мырзахметов: "Патша отаршылдарды бодандыққа айналған бұратаналардың рухани болмысына терең бойлап ену үшін миссионер ғалымдардың алдына ол елдің дінін, тілін, әдебиетін, фольклорын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, тарихын, этнографиялық, психологиялық ерекшелігін жан-жақты терең танып меңгеруді - басты шарт ретінде талап етті. Осы талап тұрғысынан келіп өздерінің жан-жақты алдын ала даярлықтары мен осы жолға қалтқысыз берілген миссионер ғалымдар Ильминский, Остроумов, Алекторовтар өз орталарынан екшелеп шығып, ұзақ жылдар бойы белсене қызмет атқарды" (215), - дейді. Міне, осындай бұратаналардың яғни қазақтардың "рухани болмысына терең бойлап енудің" негізгі бір жолы ретінде "ТУГ" пен "ДУГ" пайдаланылды.

Дегенмен, бұл газеттер бүгінгі ұрпақ үшін ең алдымен өзіндік ерекшелігі бар тарихи дерек көздерінің бірі ретінде қымбат. Оларда сақталынған тарихи мәліметтердің басқа деректерді толықтыра түсері анық.

Қазақ тілінде тасқа басылып, көп таралыммен, белгілі бір мерзімде шығып тұрған тұңғыш газет - "ТУГ" бағыт-бағдарын, оның XIX ғасырдың 70-80 жылдарындағы Түркістан өлкесін мекендеген қазақтар тарихынан мағлұмат беретін жазба дерек көзі ретіндегі маңызын анықтауда Ү. Субханбердина дайындап жариялаған "Түркістан уалаятының газетінің" мазмұндалған библиографиялық көрсеткішінің маңызы ерекше. Газет мақалаларының көрсеткіші алғаш 1963 жылы шыққан "Қазақтың

революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар” атты кітапта берілді. Екінші рет көрсеткіштер толықтырылып, 1999 жылы “Қазақ халқының атамұраларында” шықты.

Газет не журналдың мазмұндалған библиографиялық көрсеткіштерін жасаудың ұзақ уақытты, шыдамдылықты, ең бастысы көп ізденуді қажет ететін өте күрделі жұмыс екендігі белгілі. Олай болса қазан төңкерісіне дейінгі қазақ баспасөзінің мазмұндалған библиографиялық көрсеткіштерін жасап оқырманға ұсынған Ү. Субханбердинаның ұлттық көлемдегі үлкен іс тындырғаны анық. Бұл жұмыстардың ғылыми-танымдық мәні бар, өзіндік зерттеу жұмысына жататындығы және олардың практикалық маңызының жоғары екендігі де даусыз.

Бұл көрсеткіштердің ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан тарихын зерттеу ісімен айналысып жүрген ондаған зерттеушілерге тигізіп жүрген (келешекте де тигізе беретін) іс жүзіндегі күнделікті пайдасымен қатар, сол басылымдарды дерек көзі ретінде зерттеу де Ү. Субханбердина еңбектерінің негізінде мүмкін болғандығын айтуымыз керек. “Қазақ халқының атамұраларына” енген бір журнал сегіз газеттің мазмұндалған библиографиялық көрсеткіштері сол кезеңдегі арнайы проблемалар тарихын зерттеушілерге мақалалар теңізінде дұрыс жол тауып, өзіне қажетті материалдарды аз уақытта қиындықсыз табуына, сөйтіп өз уақыттарын үнемдеулеріне көмектесе, деректанушыларға қазақ тіліндегі алғашқы мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалар мазмұнына талдау жасап, олардың бағыт-бағдарын, деректік маңызын анықтауға көмектеседі.

Мысалы, “Түркістан уалаятының газетінің” 1963 жылы жарияланған көрсеткішінде 1870-1882 жылдар аралығында шыққан газеттің 323 санында жарияланған 505 мақаланың аттары көрсетіліп, олардың қысқаша мазмұны берілген. Дегенмен, ол көрсеткіш толық болған жоқ. Автордың айтуынша, сол кездегі талапқа сай кейбір мақалалардың аттары, мазмұны және авторлары еңбекке енбей қалған. Сондықтан, көрсеткіш толықтырылып, 1999 жылы қайта басылды. Онда көрсетілген мақалалардың жалпы саны 633. Яғни, екінші нұсқасына 128 мақала қосылған.

Әрине, бұл сандарды да “ТУГ” беттерінде жарияланған мақалалардың дәл көрсеткіші деп қарауға болмайды. Өйткені, кейбір себептерге байланысты олар бір бірімен толық сәйкес келе бермейді. Біріншіден, түп-нұсқада жеке берілген кейбір мазмұндас мақалалар

көрсеткіште топтастырылып берілген, екіншіден, бірнеше санда жарияланған мақалалардың да басылған сандары көрсетілгенмен, бір атпен аталып, бір мақала ретінде берілген, үшіншіден, техникалық себептерге де байланысты барлық мақалаларды көрсетіп жату мүмкін емес. Яғни, әдетте, түпнұсқада жарияланған мақалалардың саны көрсеткіштегіден әдеуір көп болып келеді.

Дегенмен, мазмұндалған библиографиялық көрсеткіште берілген мақалалар негізінде де газеттің бағыт-бағдарын анықтауға, ондағы мақалалар мазмұнына талдау жасауға болады.

Мысалы, 1870-1882 жылдары “ТУГ” беттерінде жарияланған мақалалардың негізгі тақырыптарын, олардың саны мен % қатынастарын №1 кестеден көруге болады.

№ 1 кесте

№	Тақырыптары	саны	% қатынасы
1	Ресми орындардың бұйрық-жарлықтары	54	8,5
2	Ресейдің Қытаймен қатынасы	80	12,6
3	Ресейдің Бұқармен қатынасы	14	2,2
4	Ресейдің Қоканмен қатынасы	29	4,5
5	Ресейдің Хиуамен қатынасы	24	3,7
6	Түркмендердің Ресейге бағынуы	11	1,7
7	Орыс-Түрік соғысы	11	1,7
8	Қытайдағы ұйғырлар мен дунгендер көтерілісі	12	1,8
9	Почта-телеграф	24	3,7
10	Сауда-саттық	2,8	
11	Жол қатынасы, көпір салу, суландыру	32	5,0
12	Ел басқару ісі, әкімшілік бөліну, сот ісі	21	3,3
13	Жер сілкіну, күн тұтылу, өрт, дауыл т.б.	25	4,1
14	Мектеп-медресе, оқу-ағарту	18	2,8
15	Ертегі, жұмбақ, мақал-мәтелдер, әңгімелер, өлеңдер	34	5,3
16	Қазақтардың шаруашылығы, мәдениеті, салт-дәстүрі т.б.	28	4,4

Кестеде көрсетілгендей газеттің ең өзекті тақырыбы Ресейдің өзімен көрші елдермен қарым-қатынасы болған. Егер, кестеге еңбеген Ресейдің Европа елдерімен (8 мақала), Ауғанстанмен (4 мақала) т.б. қарым-қатынастарына арналған мақалаларды қоссақ, онда Ресейдің сыртқы саясатына арналған мақалалар газет материалдарының үштен бірін құрағандығын көреміз. Әрине, ол кездейсоқтық емес. Ол Ресей империясының өзге халықтардың жерін жаулап алу мақсатында жүргізіп отырған басқыншылық саясатының айқын көрінісі.

Кестеден Ресейдің Қытаймен қатар Орта Азия хандықтарымен қатынасқа ерекше көңіл бөлгендігін көруге болады. Тәуелсіз Орта Азия мемлекеттеріне деген қызығушылықтың негізінде, сол отаршылдық мақсаттың жатқандығын аңғару қиын емес. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап Бұхар, Қоқан және Хйуа хандықтарына өз ықпалдарын арттыру мақсатында Англиямен өрши түскен бәсекелестік Ресейге өзінің бұл бағыттағы саясатын белсенді жүргізуге итермеледі. Осындай белсенді саясаттың көрінісі белгілі бір дәрежеде “ТУГ” бетінде де бейнеленді. Дегенмен, патша өкіметі бастаған ол саясатты кеңес өкіметінің ғана аяқтай алғандығы тарихтан белгілі. ХХ ғасырдың 20 жылдары Орта Азия мемлекеттерін өз тәуелсіздіктерінен толық айырып КСРО құрамына енгізу процесі аяқталды.

Мақалалардың үлкен бір тобы орыс отарлаушыларының Түркістан өлкесіндегі өз билігін нығайту, өлкені игеру, әр түрлі жолдармен басқару жүйесін қалыптастыру мәселелеріне арналған. Бұл ретте, “ТУГ” негізгі міндетіне және бағдарламасына сай, ресми орындардың үздіксіз жарияланып тұрған бұйрық-жарлықтарының алар орны ерекше. Түркістан генерал-губернаторының, облыстық әскери губернаторлардың т.б. бұйрықтарында негізінен әкімшілік бөлінісі, ел басқару, салық жинау, сот жұмыстары, жер-су иемдену құқықтары т.б. туралы айтылады. Біздің есептеуімізше, газетте барлығы 54 бұйрық-жарлықтар жарияланған. Олар көрсеткіштегі жалпы мақалалардың 8,5% құрайды.

Бұл бұйрық-жарлықтар Түркістан өлкесін отарлау тарихының өзіндік ерекшелігі бар жазба деректерінің бір бөлігі болып табылады. Олар өлкеде ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр арқылы басқару жүйесінен, өлкені бұйрық-жарлықтар, заң

актілері арқылы басқару жүйесіне көшіру тарихынан мол мағлұматтар бере алады. Мысалы, газеттің бірнеше санында М. Федоровскийдің жариялаған мақалаларында Түркістан өлкесіне қарайтын елдерді Ресей заңымен таныстырып, Түркістан аймағын басқаруда Ресей заңының кіре бастағандығы айтылған (217).

Осы топқа жататын мақалалардың бір бөлігі байланыс жүйелерін қалыптастыру, жол қатынастарын реттеу, көпірлер салу мәселелеріне арналған. Кең байтақ Түркістан жерін өз мүдделеріне сай игеру ісі бірінші кезекте сол уақыттың ең озық байланыс құралдарын - почта мен телеграфты өлкеде жедел іске қосуды талап етті. Газетте “Түркістан өлкесінде бірінші рет ашылған почта-телеграф қатынасы туралы” (218), “Ташкент пен Алматы арасына телеграф қатынасын жүргізу туралы” (219), “1872 жылы телеграф сымының Ташкенттен Меркеге дейін жеткендігі туралы” (220) хабарлар жарияланып тұрды.

Ондаған мақалалар Орта Азия темір жолын келтірудің экономикалық пайдасын дәлелдеуге, Орынбор-Ташкент темір жолын салудың қажеттігін көрсетуге арналды. Отарлаушы елдердің не мақсатпен отар елдерге темір жолын жеткізуге асығатындықтары тарихтан жақсы белгілі. Олай болса, “ТУГ” неліктен темір жол салу мәселесін қолдаған мақалалардың басылғандығын түсіну қиын емес. Көп ұзамай салына бастаған Орынбор-Ташкент темір жолы ұзақ жылдар бойы отарлаушылардың мүддесіне қалтқысыз қызмет етті. Егер, темір жол арқылы ішкі Ресейден Орта Азияға орыс мүжықтары жеткізілсе, кері бағытқа қарай Түркістанның табиғи байлығы, жемісі мен мақтасы, еті мен жүні тасыла бастады.

Сонымен қатар, газетте Талас, Шу өзендеріне көпір салу туралы да мақалалар кездеседі. Ондай шаралар негізінен сол өзендердің бойына орналаса бастаған орыс мүжықтарының мүддесіне сай жүргізілді. XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап Түркістан жеріне қоныстаған орыс мүжықтары туралы газет мәліметтерін мұрағат құжаттары да толықтырады. Солардың бірі патша шенеунігінің аса ұқыптылықпен толтырған келесі беттегі № 2 кестесі.

Кестеде көрсетілген орыс келімсектерінің 1875-1891 жылдар аралығында қоныстанған жерлерінің, бұрынғы Әулие ата (қазіргі Жамбыл облысы - Қ.А.) уезінің тау бөктерін жағалай орналасқан

Наименование поселений	Годы возникновения поселений	Число семейств, предполагающихся к поселению	В то число причислены к поселению					В том числе семей
			Число семейств	Число душ		Обоего пола	Отставных и записанных нижних чинов	
				Мужского	Женского			
Русскія поселенія								
А. Въ Аудиетинскомъ уездѣ								
1) Селение Михайловское	1875	50	46	142	124	266	44	
2) - Чалдовар	1876	151	151	331	511	642	135	
3) - Дмитриевское	1877	114	102	247	218	465	88	
4) - Покровское	1881	85	95	258	241	499	70	
5) - Николаевское	1884	56	56	161	147	108	46	
6) - Мерке	1885	100	100	292	223	515	85	
7) - Александровское	1886	85	75	206	166	372	68	
8) - Кузьминка	1886	26	30	104	76	180	24	
9) - Каменка	1888	30	25	73	69	142	18	
10) - Шаповаловка	1888	48	45	114	100	214	40	
11) - Подгорное	1889	30	6	18	14	32	5	
12) - Луговое	1890	10	9	27	29	56	9	
13) - Бурное	1890	55	55	125	116	241	37	
14) - Ключевое	1891	45	20	69	53	122	16	
ИТОГО:	-	885	815	2167	1887	4054	685	

Наименование поселений	Годы возникновения поселения	Число семейств, переехавших к поселению	Количество отведенной земли			Количество скота у переселенцев			Число дворов
			Под усадьбы	Под выгон - ульцы, пашади, церковь и школу	Под пастбища и сенокосы	Лошаден	Рогатого скота	Овец, свинок и прочего	
Русскія поселения									
А. Въ Аудисатинскомъ уезды									
1) Селение Михайловское	1875	50	34	290	1007,5	72	269	16	46
2) - Чалдовар	1876	151	232	645	3718	475	1000	700	151
3) - Дмитриевское	1877	114	71	174	2039	180	635	688	63
4) - Покровское	1881	85	142	620	1550	217	263	725	80
5) - Николаевское	1884	56	95	365	123	135	384	120	48
6) - Мерке	1885	100	70	564	1608	228	312	288	81
7) - Александровское	1886	85	70	384	1488	47	223	270	40
8) - Кузьминка	1886	26	15	89	54	86	134	95	28
9) - Каменка	1888	30	26	240	1243	35	72	39	24
10) - Шаповаловка	1888	48	58	204	917	58	85	150	33
11) - Подгорное	1889	30	25	181	634	22	38	40	5
12) - Луговое	1890	10	8,5	13	227	20	35	-	9
13) - Буиное	1890	55	45	185	1581	51	62	7	48
14) - Ключевое	1891	45	-	-	-	21	32	112	20
ИТОГО:		885	-	-	-	1647	3544	3319	686

елді мекендер екендігі баршаға аян. Демек, өз бастауларын сол таудан алатын өзендерге көпір салу жаңа қоныстанушылар қажеттігін өтеу мақсатында жүргізілгендігі анық. Сонымен қатар, бұл кестеден бірлі-екілі жер аттарынан басқаларының бәрі дерлік сол жылдары-ақ орысша атала бастағандығы, екіншіден, орыс мүжықтарын қоныстандыру ісі алдын ал ойластырылып, жан-жақты дайындықпен жүргізілгендігін, үшіншіден, оларға әр түрлі мақсатта пайдалану үшін қазақ жерінен қаншалықты жер кесіліп берілгендігін көруге болады.

Зерттеушілерді қызықтыратын келімсектердің әлеуметтік құрылымы, жанұяларының орташа саны және экономикалық жағдайлары туралы мәліметтерді де осы кестеден алуға болады. Мысалы, кестеде көрсетілгендей келімсектердің 815 жанұяларының 130 отставкадағы немесе запастағы кіші шенділер, 685 шаруалар. Әр бір жанұяның орташа саны 5 адамнан тұрған. Орта есеппен Түркістан жеріне қоныс аударған әрбір от басының 2,4 аты, 5 сиыры, 4-5 қойы мен шошқасы болған.

Бұл, біріншіден, келімсектердің әлеуметтік құрылымының біртекті болмағандығын, екіншіден, кеңестік тарихнамада айтылғандай қоныс аударушылардың жоқшылық салдарынан амалсыз келген, аш-жалаңаш адамдар емес екендігі, керісінше, Түркістан өлкесінің шұрайлы жерлерінен үлес алып қалу үшін ұмтылған, күш-көліктері бар, қуатты шаруалар екендігін көрсетеді.

Газет бетінде көтерілген тақырыптардың жалпы саны 40-тан асады. Оларда газет-кітап шығару, тарих, археология, этнология, алым-салық, ақша-кредит, өнеркәсіп, денсаулық, мал ауруларын емдеу, дін, әйел мәселелері т.б. туралы айтылған. Сонымен қатар, газетте ертегі, жұмбақ, мақал-мәтелдер, әңгіме, өлеңдер және қазақтардың шаруашылығы, мәдениеті, салт-дәстүрі т.б. туралы да мақалалар көптеп кездеседі.

Сонымен, қорыта айтсақ, “ТУГ” бағыт-бағдары шығарушыларының мақсат-мүддесіне сай болған. Ол Түркістанның жаңа қоныстанушыларының өлкедегі өз үстемдіктерің нығайту, билік жүргізудің жаңа жүйесін қалыптастыру, орыс келімсектерінің Түркістан жерінің өмір сүруге қолайлы аймақтарына орналасуын қамтамасыз ету, патша үкіметінің Түркістан жеріне азаттық әкелгендігіне жергілікті халықты сендіру т.т. Дегенмен, “ТУГ”

үстанған бағыт-бағдары оның деректік маңызын жоққа шығара алмайды. Газеттің Түркістан тарихынан жан-жақты мағлұмат беретін дерек көзі екендігі даусыз.

Қазақ тілінде шыққан екінші ресми газет “ДУГ” беттерінде кезінде жарияланған мақалалардың жинағы жеке кітаптар түрінде басылып шығуы оларды тарих дерегі ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Әрине, біз тарих дерегі ретінде қарастырып отырған “ДУГ” 4-ші кітабына адам, қоғам және табиғат туралы барлық мақалалардың мәтіндері еңбегендігі түсінікті. Дегенмен, жинаққа енген мәтіндердің өзінен де патша үкіметінің қазақтарды рухани отарлау тарихына қатысты көптеген деректер табуға болады.

Бұл жерде ескеретін бір жағдай, ол жоғарыда айтылғандай, “ДУГ” материалдарының екі тілде қатар берілуі. Жазба дерек ретінде “ДУГ” мұндай ерекшелігінің зерттеушілер үшін тиімді жағымен қатар қиыншылық туғызатын жағы да бар. Бір жағынан, зерттеуші екі тілде берілген бір мақаланың мәтіндерін бір-бірімен салыстырып, оның мазмұнын аша түсуге мүмкіндік алады. Әсіресе, Абайға дейінгі қазақ тілінде басылған мақалалардың мазмұнын түсіну қиын екендігі белгілі. Сондықтан, қазіргі зерттеушінің мақаланың қазақ тіліндегі мәтінінен гөрі орыс тіліндегі мәтінін оқу арқылы оның мазмұнын тереңірек түсінетіндігі жасырын емес.

Егер, зерттеушіні қызықтырып отырған мақаланың түпнұсқасы орыс тілінде жазылып, сонан кейін қазақ тіліне аударылған болса, онда зерттеуші сол орыс тіліндегі мақаланы дерек ретінде пайдалануға тиіс болады немесе керісінше. Өйткені, зерттеушінің дерек мазмұнын терең түсінуі деректану ғылымының басты шартының бірі. Онсыз деректегі ақпараттың толықтық, шынтуайттылық дәрежесін анықтау, сол арқылы мәліметтің ғылыми құндылығын дәлелдеу қиындық туғызар еді.

Екінші жағынан, кез келген аудармашының түпнұсқаны сол қалпында дәл бере алмайтындығы да деректану ғылымы дәлелдеген заңдылықтардың бірі. Ол туралы О. Сүлейменов: “Нұсқа мен оның көшірмесінде толық сәйкестік болуы мүмкін емес, түпнұсқаның өзіне сай ерекшелігін сақтау да қолдан келмейді” (222) - дейді. Егер, көшірменің өзінде түпнұсқадан ауытқушылықтың болатындығы табиғи нәрсе болса, онда

аудармада түпнұсқаның өзгеріске ұшырайтындығы ешқандай таңданушылық туғызбаса керек. Тек, бұл факторды зерттеуші үнемі есте ұстауға тиіс болады. Ал, "ДУГ"-қа келсек, оның аудармашыларының қабілеті, білім дәрежесі әр түрлі деңгейдегі қарапайым аламдар болғандығын ескерсек, олардан әрбір мақаланы дәл сол қалпында аударуды күту орынсыз болар еді.

Дегенмен, мәтіндерді бір-бірімен салыстыру, аударма барысында болмай қоймайтын табиғи ауытқушылықтармен қатар, "ДУГ" мақаланы бір тілден екінші тілге аудару кезінде оның мазмұнын өзгертетін, тіпті кейде қарама-қарсы мәнге ие ететін, саналы бұрмалаушылықтың да кездесетіндігін көрсетеді. "ДУГ" аударманың нұсқамен үнемі сәй келе бермейтіндігі, бір тілде басылған мәтінде бар мәліметтердің екінші тілдегі мәтінде кездеспеу мүмкін екендігі туралы жоғарыда айтылды. Сонымен қатар, жолма-жол аударманың өзі де бір-бірімен үнемі сәй келе бермейтін кездері де кездеседі. Мысалы, қазақша "Қазақ халқының қазіргі һәм ілгергі күні турасынан бірнеше ойға келген сана" (орысшасы "Несколько слов о настоящем и будущем киргизов") деген мақаланың қазақшасында: "Европаның һәм Азияның жартысының патшаларының патшасы ақ патшаға қарағанымызға 60-100 жыл болды. Қазақ халқы Орал тауынан Алтай тауына шейін, Арал теңізінен Алтай тауына шейін қаптап жатыр. Осы күнге шейін ұрыс-керіс, зорлық, жанжалын қоймайды" (223) - деген жолдар, орысшасында: "Со времени нашего подчинения под лучезарную Корону Белого Царя, Царя царств половины Европы и Азии, прошло от 40 до 100 лет с лишним и киргизы, раскинувшие свои юрты от Урала до Алатау, от Аральского моря до Алтая, окончательно успокоились от прежних беспорядков и произволов" (224) - деп, аударылған.

Міне, осындағы не бары төрт жолдан ғана тұратын сөйлемде жолма-жол аудару барысында түпнұсқадан бірнеше ауытқушылықтардың жіберілгені көрініп тұр. Басқаларын аудару кезінде бола беретін табиғи ауытқушылықтар деп қарағанымен, автордың негізгі ойын білдіретін "Осы күнге шейін ұрыс-керіс, зорлық, жанжалын қоймайды" деген соңғы сөздердің "окончательно успокоились от прежних беспорядков и произволов" деп, тіптен, қарама-қарсы мағынада аударылуын жай ауытқушылық деп айту қиын.

Зерттеуші мұндай бір мақаладағы бірін-бірі жоққа шығаратын екі түрлі мәліметтің қайсысына сенуі керек? Ресей құрамына енген жылдар арасында қазақтарда, орыс тілінде жазылғандай, дау-жанжал, зорлық-зомбылық тиылып, ел өмірінде бейбітшілік біржола орнады ма? Жок, қазақшасында айтылғандай, ол жағдайлар әлі сол қалпында жалғасып келе ме? Қай тілдегі мәтіндегі мәлімет шындыққа жақын?

Әңгіме Ресейдің бір ғасырдан артық уақыт бойы казак даласында жүргізген отарлау саясатының нәтижесіне берілген принципті маңызы бар, тарихи-саяси сипаттағы баға туралы болып отырғандықтан, осы жолдардың шынайылық дәрежесін қарастырайық. Мұндай жағдайда мақала туралы қосымша анықтамалар беретін деректерді қараған жөн. Мысалы, үзінділер келтірілген мақала-мәтіндері басылған жинақтың соңындағы "1888-1902 жылдарда "Дала уалаятының газеті" беттерінде басылған саяси-әлеуметтік ахуал туралы нұсқауларға (нұсқаларға болуы керек - Қ.А.) түсініктемеде" айтылған мақала туралы, "1896 жылғы 29 санында басылған мақалада казак елінің тұрмыс халін, экономикасын алға бастыру үшін оқу-ағарту ісін жөндеп, ғылым үйрену керектігі дәлелденген. Мақала соңынан "Алатау баласы" деп қол қойған. Алатау баласы - Барлыбек Сыртановтың бүркеншік аты" (225) делінген. Ал, "Дала уалаятының газеті", 5-кітап. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіште "(Сыртанов Барлыбек) Алатау баласы. Қазак халқының қазіргі ьәм ілгергі күні турасынан бірнеше ойға келген сана //ДУГ, 1896, 29, 24 июль.

Қазак шаруасын, тұрмыс-халін жөндеу үшін оқу-ағартудың, ғылымның пайдасы дәлелденген мақалада автор Ресейге бағынған соң болған казак еліндегі өзгерістерге тоқталған" (226) - делінген. Екі анықтаманы да жазған Ү. Субханбердина.

Бұл анықтамалардан мақаланың "ДУГ" 1896 жылғы 21 июльдегі 29 санында басылғандығын, оның авторы Сыртанов Барлыбек (Алатау баласы) екендігін көреміз. Демек, мақала казак тілінде жазылып орыс тіліне аударылған. Мақала мәтінімен толық танысу да соны дәлелдейді. Автор "біздер казактар" деген сөздерді жиі пайдаланып, ұлт атынан сөйлеген. Ал оның ұлт атынан өзге тілде емес өз тілінде сөйлеуі әбден мүмкін.

Бұдан автордың "Ресейге бағынғаннан соң болған казак еліндегі өзгерістер туралы" казакша айтқан ойын саналы түрде

орыс тілінде өзгертiп басқан деген қорытынды жасауға болады. Ал, оның себебіне келсек, біріншіден, "ДУГ" отаршылдардың ресми басылымы болғандықтан, Ресейдің қазақтарды отарлау саясатын ақтау, оның көрсетілген уақыт аралығында қол жеткізген "табыстарын" дәріптеу мақсаты болды деп ойлауға болады. Екіншіден, автордың қазақ тілінде айтқан ойларын сол қалпында қалдырып, тек орыс тіліндегі аудармасының керісінше берілуі, аудармашылардың осындай тәсіл арқылы цензурадан өтіп, істің жайын қалың елге өз тілдерінде жеткізбек болған әрекеттері болуы да мүмкін.

Егер, алғашқы қазақ тіліндегі ресми газеттердің үнемі қатаң бақылауда болып отырғанын, ал ондағы қызмет еткен қазақ оқығандарының мүмкіндігінше өз ұлтына пайдалы материалдар жариялауға әрекеттенгендігін ескерсек, онда солай болуы да әбден ықтимал.

Ал қай тілде айтылған пікір шындыққа жақын келеді десек, онда қазақтарда Ресейге қосылғаннан кейінгі жылдарда ұрыс-керіс, дау-жанжал жойылмағандығы, керісінше, патша үкіметінің болыс сайлауы сияқты күйтұрқы саясат енгізуі салдарынан ел арасындағы бүліншіліктің өрши түскені белгілі. Оны толып жатқан деректермен дәлелдеуге болады. Тіптен, ешкім қазақтарды жақтап объективті жағдайды бұрмалап отыр деп айта алмайтын, тек қазақтар арасында қалыптасқан жағдайда амалсыз мойындауға мәжбүр болған орыс журналистері мен патша шенеуніктері де ол туралы жазған.

Мысалы, 1891 жылы "Русский вестник" журналының бетінде "Итоги 27-летнего управления нашего Туркестанским краем" - деген Ю. Южаковтың үлкен мақаласы басылған. Онда автор әскери губернаторлардың өлкені басқарудағы керемет ақылдылық танытқандықтарын айта келе, сайлау туралы "... выборы в настоящем их виде внесли в их жизнь лишь порчу нравов, разврат и разорение... При этих выборах, раздорах, кляузничестве и интригах между партиями населения, начальство остерегается, старается никому не верить, но по слабости людский и при ловкости и смышленности некоторым волостным удаётся задобрить начальство, снискать его благорасположение - тогда эти волостные уже действуют смелее и озабочиваются об успехе для себя на будущих выборах" (227) - деп, жазды.

XIX ғасырдың соңына қарай сайлау төңірегіндегі талас-тартыстың қазақ даласында кең тарағандығын жоғары дәрежелі патша шенеуніктері де мойындауға мәжбүр болды. Мысалы, Дала генерал-губернаторы өзінің 1897 жылы 16 қаңтарда Жетісу облысының әскери-губернаторына жолдаған хатында “Выборы должностных лиц туземной администрации, как известно, часто проходят не спокойно. Главное зло при настоящей системе киргизских выборов - это борьба партий, подкупность выборных и интриги между лицами, являющимися кандидатами на должности...” (228) дей келе, мұндай жағдайға бұған көбіне уезд бастықтарының өздері кінәлі екендігін де айтады. Ол: “Между тем мои наблюдения убедили меня, что некоторые из уездных начальников мало того не предупреждали возникавших при выборах интриг. Не преследовали виновных в подкупе, обещаниях или угрозах, для склонения к подаче голоса в пользу того или другого лица, но сами были иногда причиною разных беспорядков” - деп жазды (229).

Бұл деректерден болыстық үшін қазақ арасындағы партиялық күрестің қалай, қаншалықты лас тәсілдермен жүретіндігі айтылғандығын көреміз. Демек, Барлыбек Сыртановтың мақаланың түпнұсқасында объективті шындықты айтқандығына еш күмән жоқ.

Бұл мысал зерттеушілерге “ДУГ” материалдарын тарихи дерек ретінде пайдалану барысында әрбір мақаланы деректанулық “сыннан” өткізудің қажеттігін тағы бір дәлелдейді ғой деп ойлаймыз. “ДУГ” материалдарымен тереңірек танысу, отарлаушылардың газетті қазақ даласына өз үстемдіктерін берік орнауына көмектесетін бұқаралық ақпарат құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар, газетті адам өмірінің рухани сураныстарын қамтамасыз ететін қайнар көздердің бірі ретінде, газет шығару фактісінің өзін де, өз мақсаттарына тиімді пайдалануға ұмтылғандығын көрсетеді. Олар қазақ тілінде газет шығаруды ақ патшаның және губернатордың қазақтарға деген шексіз қамқорлығының көрінісі ретінде беруге әрекеттенген. Мысалы, “Сәлем достыма далада тұрғыш - Поклон приятелю в степи” - деген мақаланы алайық.

1888 жылы газеттің 13-санында жарияланған мақала “ДУГ” шығарушылар алқасының атынан жазылған. Демек, оның орыс тілінде жазылып қазақ тіліне аударылғандығы анық. Сондықтан үзінділерді орыс тіліндегі түпнұсқасынан келтіргеніміз дұрыс болар.

"ДУГ" шығарушы өзінің далада тұрған досына (демек қазаққа - Қ.А.) былай дейді: "Вероятно, уже знаете, что с нынешнего года при Акмолинском областном правлении началось издание особой для степи газеты с переводом на родной ваш кайсакский язык. Ожидало ли кочевое население такой драгоценный для него подарок? Думаю, и во сне никому не снилось об этом (230) - деп, жақында ғана қазақ тілінде шыға бастаған газеттің, қазақтың өңі түгіл түсінде де көрмеген, қымбат сыйлық екендігін, оның губернатордан қазақтардың осы күнге дейін алып келген және де алып жүрген сыйлықтарынан өзгеше, бәрінен де бағалы, сыйлық екендігін айта келе: "... не из бархата, не из серебра, не из золота он выделан, но выработан душевными заботами Главного Начальника края генерала от инфантерии Герасима Алексеевича Колпаковского для общей пользы и жизненного развития кочевого народа вверенного ему обширного края.

Не нам ценить высокие его заботы о порядке управления об улучшении хозяйственной жизни и обеспечений народных нужд! Степь сама видит это. Не знаю, где живут теперь известные в степи акыны (певцы-импровизаторы) атагаевец Арыслан и киреевец Урунбай ... если живы, воспользуются газетною пищею и воспоют имя того, который изливает заботы и на степь: воспоют так же, как воспевали они о делах, о подвигах замечательных людей. А мы с тобой, как не имеем дара соловья, но все же повыше воробья, споем, что чувствует душа, да здравствует Степной генерал-губернатор Герасим Алексеевич Колпаковский; да здравствует он на многие лета: Ура. Ура. Ура...

Надобно только молиться за Белого Царя, благославлять правительство и благодарить того, который изливает заботы о степи.

Читайте газету, знакомьтесь и просвещайте ваш ум на пищу для себя и на пользу и благо всего кочевого народа" /189/ - дейді.

Әрине, қазақ тілінде өлкелік газеттің шығуы үлкен де маңызды іс. Дегенмен, ол қазақтың бар мәселесін шеше алмайтындығы түсінікті.

Жалпы генерал-губернаторды мақтау, оның ел басқару ісіндегі кеменгерлігін дәріптеу, қазақтарға деген әкелік қамқорлығын жыр етіп айту, шексіз әділеттілігін халық санасына сіңіру, газеттің өзекті тақырыптарының бірі ретінде, қазақтарды рухани

отарлау мақсатында пайдаланылғандығын байқау қиын емес. Мысалы, "ДУГ" 1888 жылғы 3-санында Омбыдағы гимназияда оқитын казак ер балаларының, 3 кантарда генерал-губернатормен болған кездесуде, оның күрметіне арнап мынадай өлең шығарғанын жазған:

*Ассалаумаалейкум, алдиарым,
Степной губернатор генералым.
Сұңқардай қолға қонған үлкен ұлық,
Біз көрдік дидарыңыз, келіп жуық.
Ыстықта көлеңкеңізге саялауға,
О, таксыр, заманыңызда біздер тудық (232).*

Мұндай өлендермен қатар газет бетінде елге танымал, сыйлы адамдардың өлкенің бірінші басшысын жер-көкке сыйғызбай мақтаған мақалалары да басылып тұрған. Мысалы: Г. А. Колпаковскийдің дала уалаятының генерал-губернаторы ретіндегі атқарған қызметін казактың сол жылдардағы беделді адамдарының бірі Шорманов Садуақас:

"Бұл біздің сібір казактары ақ патша ағзам хазіретіне бағыт етіп, Россия уалаятына так болғалы неше-неше жақсы, атакты генерал-губернаторлар келіп кетті. Мысалы, граф Сперанский, Казнаков секілділер. Олар да бұ қаріп казак халықтарына ілтипат назарларын салып, пайдаларына жаһут етсе де, бұ өткен ұлығымыз Г. А. Колпаковский ұқсасты жеткер қылғандай бірде-бірі ғылым өсірмек хақында шаруа қылған жоқ. Бұл мәртебелі дала уалаятының бас хакімі деген атты кәміл орнына келтірген еді.

Талайымыз күрмет тұтамыз ... Осындай зор пайдаларына жаһут етіп, себепші болған хакімдерін казак әулеті көп-көп заманға кәдірін ұмытпаса керек" (233) - деп бағалаған.

Бар күш-жігерін, кабілеті мен білімін өз ұлтының, өз табының мүддесі үшін, казак жерін молырақ талауға жұмсаған дала генерал-губернаторларының казак үшін кандай "зор пайдалар" жасағандығы, не үшін казактар оларды "көп-көп заманға ұмытпайтындай есте сақтайтындығы" тарихтан жақсы белгілі. Демек, мақаланың көздеген мақсаты Шорманов Садуақас сияқты ел ағасы аузымен казактың Бас отарлаушысын казактың Бас камқоршысы етіп көрсету, оған халықты сендіру, сөйтіп жұрт санасында камқор басшы туралы пікір қалыптастыру болғандығы анық.

Біз Шорманов Садуақастың не себептен олай деп жазғанын білмейміз. Мүмкін пендешілікпен жазған болар, мүмкін газеттегілер ол жолдарды қадірмен ақсақалдың, "ДУГ" 1890 жылы 30 марттағы 13-санында басылған, "Қазақ халқының тұрақ-мекендері" атты мақаласына өз тараптарынан қосқан шығар. Ол жағы белгісіз. Бірақ мұндай тәсілдің талай сыннан өткен сенімді тәсіл екендігі белгілі.

Генерал-губернатордың қазақтардың бір тобын марапаттау туралы бұйрықтарын жариялауды да осы қатарға жатқызуға болады. Әрине, мұндай марапаттаулардың отарлаушылардың жергілікті халықтар арасында өздеріне тірек болатын жақтастар табу мақсатында жүргізілетіні белгілі. Дегенмен, ондай шараларды "ДУГ" бетінде жария ету арқылы, өлке билеушісінің іс жүзіндегі шексіз жомарттығын, өзіне адал қызмет еткендердің еңбегін бағалай білетін әділеттігін, халыққа жеткізу мақсатында көздегенін жоққа шығаруға болмайды.

Мысалы, "Степной генерал-губернаторының 10 июль 1890 жылдағы нөмірі 65-ші бұйрықтары" бойынша 61 адам: 1-ші, 2-ші, 3-ші дәрежелі шапандармен, күміс қасықтар, күміс стакан салғыштар, күміс баулы күміс сағаттар, күміс теңге салғыштармен және мақтау қағаздарымен марапатталғаны туралы "ДУГ" өзінің 1890 жылғы 30 санында жазған. Марапатталғандардың 12-сі болыс, 27-сі би, 5-уі старшын. Олардың ішінде болыстыққа кандидаттар, тілмаштар, шабармандар, молдалар т.б. бар (234).

"ДУГ" 1892 жылғы 26 санында басылған Дала генерал-губернаторы Барон Таубенің 1891 жылғы 18 маусымдағы № 43 бұйрығы бойынша жоғарыдағыдай сыйлықтармен 13 болыс, 25 би, 6 старшын, барлығы 66 адам марапатталған (235).

Бұл мысалдан патша өкіметінің қазақ даласын басқарудағы қолданған тәсілімен қатар; газет арқылы жергілікті халыққа моральдық әсер ету әрекетін де көруге болады.

Газет бетінде Россияның күш-қуатын дәріптейтін, оның әскерлерінің соғыс қабілетінің жоғары екендігін көрсететін мақалалар да басылып тұрған. Мысалы, 1891 жылғы 26 санында басылған "Хроникада": "Россия - государство великое и могущественное: каждый год для пополнения войск в России собирается более двухсот тысяч молодых солдат: это всегда знают все даже в других государствах, так как об этом печатается в

газетах" (236) - десе, казак жерлерін жаулаушылардың бірі, каракшы Ермактың құрған сибір казак-орыстарының әскерлері туралы, "ДУГ" 1900 жылғы 43-санындағы "Сибирские казаки" деген "Каспий" газетінен көшіріп басылған мақалада: "Храброе и выносливое войско создано не вдруг, не в силу приказа, а появилось в Сибири еще во времена Ермака, и с тех пор осело там и не переставало служить грозным оплотом против покушений кого бы то ни было нарушить мирное течение жизни в великой стране.

Теперешний сибирский казак представляет из себя идеального воина: он вынослив, терпелив, сметлив, великолепный стрелок" (237) - дейді.

Мұндай мақаланың казактарға арналған газетте не үшін, қандай мақсатпен басылғанын сезу қиын емес. Ресейдің жақсы дайындалған әскері бар "ұлы да қуатты держава" екендігін казактардың есіне салғысы келгендігі анық. Демек, бұл олардың әлі Кенесары Қасымұлының азаттық үшін, тәуелсіздік үшін жүргізген күресін ұмыта қоймағандығын көрсетеді.

"ДУГ" жергілікті мұсылман халықтарын, оның ішінде казактарды да рухани отарлау мақсатында пайдалану әрекетінің, отарлаушылар тарапынан газет арқылы орыс мұжықтарының Орта Азияға келуінің түркістандықтар үшін өте пайдалы болғандығын дәлелдеу әрекетінің жарқын мысалы "Отношения русских к туземцам Средней Азии" (түпнұсқа орыс тілінде жазылғандықтан сол тілде алып отырмыз - Қ.А.) деген мақаладан айқын көрінеді.

Егер, 1888 жылғы "ДУГ" 12-санында жарияланған редакциялық шағын мақалаға сенсек, онда: біріншіден, орыстарға қараған 25 жыл ішінде негізінен казактар мекендеген Сырдария облысының халықтары жаппай байыған; екіншіден, бұрын бір-бірімен жуыспай, соғысып жүрген халықтарды орыстар келіп біріктіріп, өлкеде бейбітшілік пен тәртіп орнатқан; үшіншіден, өздерінің саны жағынан аздығына қарамастан орыстар өздеріне тән табиғи имандылықтың, елмен тіл тапқыштығының арқасында түземдіктермен тез тіл табысып, олар жағынан ешқандай наразылыққа кездеспеген. Сондықтан, "Простой русский крестьянин, торговец или промышленник, один, без оружия, проникает в самые отдаленные и глухие местности, всегда встречая привет и помощь со стороны туземцев. Эти особенности

народного характера дали возможность русскому населению довольно тесно сблизиться с туземцами, так, что между русскими и инородцами не замечается ни розни, ни вражды, несмотря на резкие отличия в племенном происхождении, языке и религии" (238) - деп, жазады "ДУГ" аталған мақалада.

Демек, Түркістан өлкесінің қазақтарына, мұндай жақсылыққа ризашылық білдіріп, өздерін орыстарға отар еткен тағдырына алғыс айтудан басқа ештеңе қалмаған. Тек, Түркістан тарихына қатысты көптеген деректер бұл мақалаға қарсы тіптен басқа мазмұндағы мәліметтер береді. Фактілер Ресейге қараған Түркістан қазақтарының, дала қазақтары сияқты тағдырларының да, орыстармен ара қатынастарының да басқаша қалыптасқандығын көрсетеді.

Түркістан өлкесіне қоныс аударған келімсектердің моральдық бет-бейнесі, олардың "имандылығы", орыс саудагерлерінің "адалдығы" және зиялыларының түземдіктерді жатырқамайтын "жарқын мінезі" туралы басқа емес, сол халықтың өзінің мерзімді басылымдарынан біраз деректер келтірейік.

1892 жылы "Московские ведомости" газетінде А. Жакмон деген автор өзінің "К вопросу о колонизации киргизских степей" деген мақаласында, Сырдария облысын іс жүзінде отарлаудың 1876 жылы, Әулиеата уезінің үш елді мекеніне орыс мужықтарын қоныстандырудан басталғанын, 1889 жылы облыс бойынша қоныс аударушылар үшін Сырдарияның жағасынан, ең құнарлы деген жерлерден жаңадан 30 пункттер дайындалғандығын, ол пункттерге жалпы саны 10 000 жуық 2 мыңдай орыс семьясы қоныстануға тиіс екендігін айта келе: "В Туркестанский край приходят по большей части самые захудалые случайные переселенцы, которые, пространствовав по России и побывав в Сибири, нигде не могли устроиться. Что не может быть ближе сердцу православного христианина, как святая церковь, а между тем в некоторых местах Туркестанского края переселенцы, прожив более десяти лет, не подумались построить церкви... девушки живут с парнями невенчаные и приживают незаконных детей, которых отцы со временем бросают, дети остаются некрещенными, люди плодятся без молитвы, умирают без напутствия и лишены христианского погребения" (239) - дейді.

Иә, мұндай фактілерді басқа деректерден келтірсек, тұтас бір ұлтқа жабылған жала деп қабылданар еді. Ал, өздерінің орталық газеттерінің бірінің өз ұлттарының шеткі аймақтағы өкілдері туралы осылай деп жазуын, демократиялық бағыттағы күштердің өмірде кең өріс алған фактілерді амалсыз мойындауы деп караудан басқа жол жоқ.

Орыс мүжықтарымен қатар қасиетті Түркістан өлкесіне орыс саудагерлері де келе бастағаны белгілі. Орыс әскерінің соңына ілесе өлкеге қаптап келе бастаған орыс көпестерінің жергілікті мүсылман халықтарының арасында жүргізген сауда-саттық істерін, белгілі орыс миссионері А. Алекторов, өзінің “История Оренбургской губернии” деген мақаласында, нағыз отаршылдық тонау болғандығын, халықтың ашу-ызасын тудырған жыртқыштық болғандығын айта келе: “Всем и каждому известно, что вслед за покорением Ташкента оренбургские купцы быстро нахлынули в Туркестан: но все их операции клонились там не к упрочению русской торговли на среднеазиатских рынках, а к скорейшей наживе, во что бы ни стало, и сопровождались в таких случаях хищническими приемами, обнаруживающими вовсе не дух предприимчивости, а дух обмана, надувательства, умение торговать, там где плохо лежит, способность пользоваться смутным временем, чтобы всучить азиатцу за его добро куда негодный хлам и втридорога” (240) - дейді.

Патшаға ұзақ жылдар бойы адал қызмет еткен А. Алекторов бұлай деп қазақтарға жаны ашығандықтан емес, орыс көпестерін сауданың жыртқыштық тәсілінен біртіндеп өркениетті тәсіліне көшуге шақыру арқылы, орыс үстемдігін өлкеде нығаюына әсер ету мақсатында жазып отырғандығы түсінікті. Дегенмен, оның көп шындықтың бетін ашқандығы да рас.

Орыс тіліндегі мерзімді басылымдарда мүжықтардың имансыздығы, саудагерлерінің тойымсыздығымен қатар, орыс шенеуніктерінің ұлыдержавалық шовинистік пиғылдары туралы да көптеп айтылған. Мысалы, Омбы қаласында шығатын “Степной край” деп аталатын қоғамдық-әдеби газет, бір мырзаның азғана қазақ зиялыларының өкіліне менсінбеушілікпен қарағандығы туралы айтады. Газеттің айтуынша, бұл нәсілшіл шенеунік Ақмоладағы қалалық клубта өзінің бір шаңырақ астында оқыған қазақпен бірге отырғысы келмейтіндігін айтып, қазақты клубтан шығаруды талап еткен (241).

Мұндай оқиғаның ойдан шығарылмағандығының тағы бір дәлелі "Абай жолы" роман-эпопеясы.

• Семейдің кітапханасында болған бір уақиғаны, орыс шенеунігі тарапынан көрсетілген астамшылықтың немен аяқталғанын М. Әуезов былай деп бейнелейді:

"Залдың бергі шетінде, муртын сәнмен ширатқан, бұйра шашты, жыттыр жүзді чиновник отыр еді. Ол қатарындағы биік прическасы бар, сәнді киінген жас әйелге күлімдеген көзбен жиі иіледі. Бұл жерде де бозбастық дағдысын ұмытпағандай.

Сол жігіт кітапханаға Абай кіргенде, қасында отырған паң жүзді көрді әйеліне Абайдың келе жатқанын көрсетті. Залдың ішіндегі оқушының біразына естіртіп, даурмыз түсіп, тұрпайы бір әзіл айтты. Ол әзілі, кең шапан киіп, бұнда отырған жүрт үлгісінен басқаша көрініспен келген, сахара қазағы Абайды қағытқан сөз еді.

- Бү не ғажап! Гоголь кітапханасына қашаннан бері түйелер жіберілетін болған? - деді.

Абай бұл кезде кітапханашы қартқа қол беріп амандасып, өзіне керек кітабын енді атағалы тұр еді. Жанағы тұрпайы әзілді құлағы шалдығымен, чиновник жаққа салқын ызамен, жалт етіп бір қарады. Чиновникке жақын отырған бірер жас оқушы оны қостап, ойсыз күліп қалған екен. Бірақ жігіттің қасындағы тәрбиелі, көрнекті әйел күлген жоқ. Чиновникке, тұңғық қарақөк көздерін кейіппен бұрды. Қабағын аз шытынып, жігіттің әдепсіздігі үшін қызарып кетті. Абайдың алғашқы ашуы бір-ақ сәтке білінгендей еді. Енді күлкілі мысқыл жүзбен жігітке бұрылды да, лезде жауап қатты:

- Чиновник мырза, түйе кірсе несі бар, бұнда ол түгіл, есек те отырыпты ғой! - деді.

Чиновник бір қуарып, бір қызарды да, үні өшті. Оның қасындағы әйел шалқия түсіп, қатты күліп жіберді. Абайға соншалық мейірлі жүзбен, көз қиығымен бір қарап, бетін басып, төмен иілді. Абайдың сөзін естіген оқушының бәрі де қатты күлісті (242).

Сонымен, үстем ұлттың өз өкілдері жасаған деректерді бірімен-бірі салыстырудың өзі-ақ "ДУГ" басылған "Отношения русских к туземцам Средней Азии" - деген мақаланың, шындықтан тым алыс жатқан, аса субъективті мақала екендігін, онда Түркістан

өлкесіне қаптап келе бастаған қоныс аударушылар мен жергілікті тұрғын халықтар арасында қалыптасқан жағдайдың саналы түрде бұрмаланып, керісінше баяндалғанын көрсетеді. Бұл ойымыздың дұрыстығын, тек бір ғана көркем шығарма арқылы емес, жүздеген өзіміздің тума деректеріміз арқылы да дәлелдей аламыз. Дегенмен, тарихи дерек ретінде арнайы талдаған мақаланың шынтуайттылық дәрежесін айқындау үшін жоғарыда келтірілген деректер де жеткілікті болған шығар деп ойлаймыз.

Демек, мұндай шынтуайттылық дәрежесі өте төмен мақаланың сол жылдары шығып тұрған қазақ тіліндегі жалғыз газетте басылуының себебі - отаршылдық. Әзірге адамзатқа белгілі бұқаралық ақпарат құралдарының сол кездегі бірден-бір түрі газетті, жалған айту арқылы болса да, қазақтардың сана-сезіміне әсер ету үшін пайдалану мақсаты - отаршылдық.

“ДУГ” редакциялық алқасы, жинақтан байқалғандай, барлық қолайлы сәтті Россияның империалистік саясатына идеологиялық негіз жасауға, яғни қазақ жерін орыстардың отарлауын ақтау үшін пайдалануға тырысқан. Мысалы, 1889 жылы “ДУГ” 44-санында “Мейрам болған күн - Туркестанский юбилей” деген, Ресейдің Орта Азияны, Түркістан аймағын, қазақ жерлерін жаулап алуының аяқталуының 25 жылдығына орай арнайы мерейтойлық мақала жариялады. Онда: “Сол уақыттан бері 25 жыл өтіп орыстың өнер, білімі артықшылығын көрсетті. Халқы бұрын хандарынан қорлық көріп жүрген соң орыстың туының түбіне үймелей қалды. Халықтары ешкім тимейтін болып тыныштанды және бар жері ақ патшаға қараған соң. Өздерін жеңіп алған орыстармен дәреже, праволары бірдей болды” (243) - деп жазылған.

Мақалада айтылғандай “ақ патшаның туының астына үймелей қалған” қазақтардың, қалай “өздерін жеңген орыстармен дәреже, праволарының тең болғандығы” туралы жоғарыда айтылды: Сондықтан, оның шынайылығын анықтап жатудың қажеті жоқ. Дегенмен, бұл мақала газет иелерінің өз ойларын оқырманға мақсатты түрде, жүйелі түрде таңбақ болғандығын айқын көрсететіндігі даусыз.

“ДУГ” газеті жарыққа шығып тұрған 1888-1902 жылдар аралығындағы қазақ сахарасындағы ең негізгі өзекті уақиға, қазақ жерін орыс мужықтарының пайдасына күшпен тартып әперу екендігі жоғарыда айтылды. Демек, біз тарихи дерек ретінде

қарастырып отырған “ДУГ” жер туралы мақалалардың жариялануы, қазақтарды туған жерінен айыру жолдарының объективті құбылыс ретінде газет бетінде бейнеленуі - заңдылық. Сонымен қатар, “ДУГ” отарлаушылар қолындағы басылым болғандықтан, ондағы жер туралы айтылған мақалалардың солардың позициясынан, кара шекпендер мүддесін көздеп жазылатындығы да шындық. Бұл зерттеушілер ескеруге тиіс болатын объективті факторлардың бірі.

Газет материалдарына талдау жасау барысында байқағанымыз, патша үкіметінің жергілікті басқару орындарының баспасөзді өздерінің отаршылдық істерінің заңдылығына, яғни қазақтың жерін тартып алудың заңдылығына, қазақтың өзінің көзін жеткізу мақсатында, демек зорлықтың заңды негізін дәлелдеу мақсатында пайдаланғандығы. Мысалы, “ДУГ” 1895 жылғы 17,18-сандарындағы “Қазақтардың жерін қалайша билеп пайдаланып тұрғанының баяны” - деген мақалада, 1891 жылғы “Дала ережесінің” 120, 122 статьялары туралы айта келе, заң бойынша қазақ жерінің нағыз қожасының кім екендігі туралы: “Жоғары айтылған екі статьяның мәнісі бойынша болса керек: жерлердің баршасы патшалыққа тиісті болады. Бірақ жерлерді қазақтарға өздерінің әдет, рәсімдерімен пайдаланып тұруға ғана берген еді” (244) - дейді.

Демек, қазақтардың ежелден мекен етіп келе жатқан, ғасырлар барысында талай жаумен қасық қаны қалғанша шайқасып аман сақтап қалған қасиетті жері, екі статья бойынша түгел патшаның меншігі болып шыға келген. Ал патша болса, өзінің мейірбандылығынан ол жерді қазақтарға “өздерінің әдет, рәсімдерімен пайдалана тұруға” ғана келісім берген. Олай болса, патша кез келген уақытта “өзінің жерін” қазақтардан қайтып алып, басқаға беруге праволы. Ол заңға толық сәйкес келетін шара болып табылмақ.

1895 жылғы “ДУГ” 38, 39 және 40-сандарындағы “Қазақ халқына атадан балаға мирас қалған жермен пайдалану турасынан” деген мақалада орыстардың қазақ жеріне деген шексіз правосының заңды негізі туралы былай делінген: “Дала уалаятының низамындағы 1891 жылғы 120-статьяларында айтылған, жер қазынанікі, күні кесусіз қазақ пайдасына қалады деп. Қазақ өз заңына пайдалана тұрады деп. Оның үшін егерде Дала уалаятында

казынаға бір жер керек бола қалса, ол жерді найдаланып тұрған қазаққа еш нәрсе төлеместен жерін алады” (245).

Осылай “ДУГ” арқылы патша үкіметі қазақтарға заң бойынша өз жерінен толық айрылғаны туралы мәлімдеді. Әрине, мұндай жер тағдырын, яғни ел тағдырын шешкен заңның қабылдануына қазақтың еш қатынасының болмағандығы, бодандағы халық ретінде оның тағдыры сырттай шешілгендігі түсінікті. Қазақтардың көбі ондай заңның шыққандығын білмеуі де мүмкін. Сондықтан, “ДУГ” міндеті оны қазақтарға жеткізіп, заңның “өте әділеттілігін” дәлелдеу болды. Газет материалдарынан редакцияның бұл бағытта аянбай еңбек еткендігін көруге болады.

Көп ұзамай-ақ Дала уалаятында казынаға бір емес, көп жер керек бола бастады. Орталық аймақтардан қаптап келе бастаған қара шекпенділерге патша шенеуніктері қазақтың егін салуға жарамды құнарлы жерінен жер кесіп әперу ісіне кірісті. Енді “ДУГ” алдында, отарлаушылардың үні ретінде, қазақтың жерін тікелей тартып алу шараларын ақтау, оның “әділеттілігін” көрсету міндеті тұрды. Осыған байланысты газет беттерінде ішкі Ресейден қоныс аударып келіп жатқан мүжықтарға жер бөліп берудің қажеттігі туралы мақалалар жариялана бастады.

Мысалы, 1894 жылы “ДУГ” 10-санындағы “Қазақ халқының арасында егін егіп тәрбие етпектің маслихаты” - деген редакциялық мақалада: “Жыл сайын Дала уалаятының ішінде тұрған болыстарға Ресейдің ішкі жағынан мүжықтар көп көшіп келіп жатыр. Бұл себептен оларды орнықтырмаққа бұларға патшалық бос жерден нәм үшбу уақытта қазақтар тұрған қазақтың жерінен жер бөліп беруге керек болады-дүр. Жаңадан көшіп келген мүжықтарды орнатпақ үшін бұлардың шаруасына тиесілі жақсы, сулы, ағашты, шөбі көп өсімтал жерді нәм ыңғайлы жүретуғын жолы бар орындарды оларға сайлап бөліп берерге қажет-дүр” (246) - делінген. Осылай кімдерге, не үшін, кімнің жерін және басқа емес, “жақсы, сулы, ағашты, шөбі көп өсімтал, ыңғайлы жүретуғын жолы бар” жерлерді беру керектігін айта келе: “Көшіп келген адамдарға бөлініп берілетуғын жерлер қыр даласының кеңдігіне қарағанда онша көп емес” (247) - деп, қазаққа жұбаныш айтпақ болады. Одан әрі мақала авторлары өздерінің қазақтың да қамын ойлайтындарын білдіріп: “Сонда да мұншалық азғана пайдалы жерлерін алған соң бағзы бір

ауылдарға бұрынғысынан гөрі қысылшаң болып қалады” (248) - дей келе, дегенмен бұл істің әділетті, амалсыз істелген қажетті іс екендігін “Енді не қыламыз, мұндай жұмыстарды халықтың пайдасы үшін қылғаннан басқа, әр адам жай әділетшілік жөнінде ойласа жарайды, бір патшаның қол астында қараған бағзы бір адамдар бір жапырақ кішкентай жерменен күн көре алмай, қарекет етіп пайдаланып тұрса, бағзы бір адамдардың кісі басына 100 десятинадан жері болып тұрса” (249) деп, дәлелдемек болады.

Степан Артеменко деген автор өзінің, “ДУГ” 1896 жылғы 28 шілдедегі 30-санында басылған, “Россия ішінен мужықтардың қыр уалаятына келгені турасынан” - деген мақаласында, орыс шаруаларының казак жеріне қашаннан бастап жаппай келе бастағандығы және оның себебі туралы “Россия ішінен мужықтар 1888-1889 жылдан бері қарай келе басталы. Әсіресе көбі-ақ 1891 жылғы ашаршылықта, 1892 жылы жазғытұрым келді. Сібірге теміржол салынған соң, әсіресе мужықтар мінетін әдейілеп отарба жасаған соң жылдан-жылға келуі көбейді. Оларды мұнда келуге өз отандарында жердің жоқтығы итермеледі” (250) - деп, біраз мәлімет береді. Ол мужықтардың қайдан шыққандары және неліктен, басқа емес, казак даласына келгендігі туралы “Бұрын осы мужықтар бай орыстардың қолында тұрған құлдықта, құлдықтан азат қылған, жері болмаған соң. Олар ондай болып жатқанда қыр даласында мұндай егінге жарайтын үлкен, кең жер бар әлі соқа тимеген. Мужықтарға күн көрмекке бірдеме тауып бермекке айла ойлап жүргенде ұлықтардың ойына түсті мұндағы казактардың бос жерін оларға беруге” (251) - дейді.

Демек, крепостниктік құлдықтан құтылған орыс шаруаларына, күн көруі үшін, ішкі Ресейдегі помещик, шіркеу, сарайдағылардың миллиондаған десятина жерлерінен жер кесіп беру ұлықтардың ойына түспеген, олардың ойына казактардың соқа тимеген “бос жатқан жерлері” түскен. “Сол себепті 1893 жылы егінге ыңғайлы жерді өлшемекке қырға жер өлшеушілерді шығарған Ақмола облысына бәм биыл екінші партия жер өлшеушілерді жіберді... Мужықтарға деп бөлген жерлерге халық келіп түсіп жатыр, себебі күнде Россиядан партия-партия болып келіп тұр, оларды қалай болса да орнықтыру керек” (252) - деп, казак жерін “партия-партия болып келіп тұрған” мужықтарға алдын ала өлшеп, кесіп, дайындап қойғанын айтқан.

Одан әрі автор орыс мужықтарына жермен бірге ақшалай көмек беру қажеттілігін де дәлелдеген. Ол: “Ұлықтардың оларға болысып, ақша беріп жатқанын мұнан білуге болады. Бұларға болыспауға болмайды, болыспасаң жол жүріп бар малын ұстап келген адамдар қаражатты адамдардың көзінше аштан өледі. Өлтіріп қою законға да, шарифатқа да сыймайды” (253) - дейді.

Әрине, аштарға көмектесу керек. Ол қасиетті іс. Бірақ автордың “Бұл орнықтырған мужықтардың қайсыбіреуі берген жерге риза болмай, өзге жақтан іздеп жеріне қайтып жатыр” (254) - деуіне қарағанда, орыс мужықтары аштықтан, жоқшылықтан әлсіреп тағдырдың жазғанына мойынсұнған адамдарға ұқсамайды.

Мақаланың соңында С. Артеменко, жерінен айрыла бастаған қазақтар туралы: “Қазақтың пайдасында тұрған патшалық жер бұл күнде тарылды, мал шаруасымен тұрғандар жер тарылған соң өздері де егінге мойын қояр” (255) - деп, қазақтың түбінде өзінің дәстүрлі шаруашылығынан айрылатындығын айтып сәуегейлік танытады. Өкінішке орай, алдымен патшаның жері болған қазақтың жері кейіннен кеңес өкіметінің жеріне айналып, қазақ малынан да, жанынан да түгел айрылу қаупіне дейін жетті. Қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан, далалық аймақтың ерекшеліктеріне негізделген, табиғат қойнауында өсіп-жетілген дәстүрлі шаруашылығының, аздаған жылдар ішінде астаң-кестені шықты. Сөйтіп, С. Артеменконың өткен ғасырдың соңында айтқан сандырағы кеңес дәуірінде шындыққа айналды.

“ДУГ” жер туралы жариялаған материалдарынан келтірген мысалдар, газеттің қазақ жерін кең көлемде ашықтан-ашық талауды бастаған патша шенеуніктерінің отарлаушылық істерін ақтау ниетінде болғандығын, ол істің өмір қажеттілігінен туындаған “әділетті іс” екендігін дәлелдеп, оған қазақтың көзін жеткізу мақсатын көздегендігін көрсетеді.

Сонымен, XIX ғасырдың 70 жылдарынан бастап, қазақ тілінде шығып тұрған мерзімді басылымдардың жалпы бағыт-бағдарына, оның адам, қоғам туралы жариялаған мақалаларына деректанулық талдау жасау, олардың мазмұнын “сынау”, газеттің ресми басылым ретінде, қазақтарды рухани отарлау құралы міндетін атқарғандығын толық дәлелдейді деп ойлаймыз.

Әрине, бұл “ТУГ” мен “ДУГ” қазақ тарихының дерегі ретіндегі маңызын жоққа шығарғандық емес. Керісінше, еңбекте көрсетілгендей, олардың дерек ретіндегі ерекшеліктерін ескеру, оларда басылған материалдардың пайда болуының объективтілігін айқындау, олардың субъективтілігін терең білу зерттеушілерге, өздері пайдаланып отырған мақаланың тарихи дерек ретінде шынайылық дәрежесін ашуға, сөйтіп оның ғылыми құндылығын дәлелдеуге көмектесері анық.

Демек, басқа да деректер сияқты “ТУГ” мен “ДУГ” де жазба деректің бір түрі ретінде, өздеріне деректану ғылымының тұрғысынан келуді талап етеді. Сол кезде ғана ол өз бойындағы тарихи мағлұматтарды, құнды ғылыми ақпараттарды зерттеушілерге, яғни тарих ғылымына молынан бере алады.

3. ҰЛТТЫҚ-БЕЙРЕСМИ БАСЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДЕРЕКТІК ОРНЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

3.1 “Қазақ газеті” және “Серке” - қазақтың тұңғыш ұлттық - бейресми басылымдары

Мерзімді басылым тарихын, әсіресе ұлттық баспасөз тарихын, бүгінгі күн талабына сай, ұлттық мүдде тұрғысынан қайта қарау, төл тарихымызды толықтыра түсері, оларды тарихи дерек көзі ретінде пайдалану бұралаңы мол ХХ ғасырдағы қазақ тарихын тереңірек зерттеуге мүмкіндік берері анық. Өйткені, ел тарихының жазба деректер тобына жататын мерзімді басылымдардың, оның ішінде, ғасыр басында дүниеге келіп, бірі қысқа, бірі ұзақ өмір кешкен биресми, ұлттық бағыттағы демократиялық басылымдардың ұлт тарихына байланысты берер мәліметтері, жеткізер деректері мол.

Ұзақ жылдар бойы қазан төңкерісіне дейінгі ұлттық басылымдардың тарихын зерттеуші, олардың мазмұндалған библиографиялық көрсеткішін жасап, мәтіндерін қайта бастыру арқылы бүгінгі оқырманға жеткізуші ғалым Ү. Субханбердина: “Революциядан бұрын қазақ тілінде 14 газет, бір журнал шыққан. Олар: “Түркістан уалаятының газеті” (1870-1882), “Дала уалаятының газеті” (1888-1902), “Серке” (1907), “Қазақ газеті” (1907), “Дала” (жылы белгісіз), “Қазақстан” (1911-1913), “Ешім даласы” (1913), “Қазақ” (1913-1918), “Айқап” (1911-1915), “Алаш” (1916-1917), “Бірлік туы” (1917), “Сарыарқа” (1917), “Ұран” (1917), “Үш жүз” (1917), “Тіршілік” (1917)”, – дейді (256).

Жалпы ел тарихында, оның ішінде қазақ баспасөзі тарихында өзіндік орын алған, аталған газет-журналдардың алдыңғы екеуі белгілі мақсатпен шығарылған, ресми газеттерге жатса, қалғандары ғасыр басында сап түзеп, ұлт мүддесі үшін күреске шыққан, халқымыздың аяулы азаматтарының, озық ойлы ұлт зиялыларының саналы іс-әрекеттерінің салдарында дүниеге келген ұлттық бағыттағы саяси басылымдарға жатады.

Алға қойған мақсаты мен бағыт-бағдарлары, тарихы мен тағдырлары бөлек, сол бір топ басылымдардың алғаш жарыққа шыққандары да, ғасыр басындағы өмір шындығымен бетпе-бет кездесіп опат болғандары да “Серке” мен “Қазақ газеті” болды.

Өркениетті халықтар тарихында, олардың ұлттық мүддесіне сай басылымның дүниеге келуі аса маңызды оқиғалар қатарына жағалды. Демек, біздің тарихымыз үшін қазақ тілінде шыққан бейресми, ұлттық бағыттағы басылымның қай жылы, қай күні жарыққа шыққандығы туралы мәселе, ұлттық маңызы бар принципті мәселе. Сондықтан, осы екі басылымның дүниеге келуі жалпы ұлттық көлемдегі оқиға ретінде, олардың тарихына қатысты деректерді жан-жақты таллауды қажет етеді.

Екі бірдей ұлттық басылымның ғасыр басында бірінен соң бірінің жарыққа шығуының басты себептері біріншіден, француз зерттеушілері А. Беннигсен мен Ш. Лемерсье-Келькежейдің сөзімен айтсақ: "XX ғасырдың басында патшалық Россияға деген жеккөрушілік бойын түгелдей билеп алған қазақ зиялыларының" (257) отаршылдық езгіге қарсы күресте, жалпы ұлт мүддесі үшін күресте, баспасөздің қажеттігін терең сезінуі болса, екіншіден, бүкіл империяны дүрліктірген бірінші орыс революциясының әсері еді. Ол туралы "Серкені" шығарушылардың бірі, оның негізгі авторы Міржақып Дулатұлы: "1905 жылдан бері біздің қазақ жұрты да басқалардың дубіріне елендеп, олардың ісіне еліктеп ұлт пайдасын қолға ала бастады", — деді (258).

Сол қазақ жұртының қолға алған ұлт пайдасының бірі газет шығару болды. Дегенмен, қазақ зиялыларының өз тілдерінде бейресми газет шығармақ болған алғашқы нақты әрекеттері сәтсіз аяқталды. 1906 жылы 29 мамырда Торғай облысының мемлекеттік думаға депутат сайлаушылары Ақтөбе қаласында өткен бас қосуда, қазақ тілінде газет шығару мақсатымен 3000 сом ақша жинап, оны газет шығару ісін өз мойнына алған, Троицкі қаласының тұрғыны Смағұл Иманшаловқа тапсырған. Бірақ, ол газет шығармай түрлі сылтау айтып, жиналған ақшаны өзі пайдаланып кеткен. Ж. Сейдалин Троицкі қаласында шығатын "Степь" газетінің редакторына жазған хатында С. Иманшаловтың бұл әрекетінің газет шығару сияқты ұлт ісіне тигізген зияны туралы, "Желая нажать 3000 руб., Яманчалов своей проделкой отпугнул киргизский народ от газеты и печатного слова, какой нравственный ущерб нанес он тем, кто говорил и говорит киргизам о необходимости газеты?"

Я вас убедительно прошу, г.Редактор, не дайте возможности мироедам совершить гнусную эксплуатацию народа на газете.

Газета должна быть открыта теперь - иначе киргизы потеряют веру всякому честному слову.

Ж. Ш. Сейдалин. Москва 6 июня.", - дейді (259).

Қазақ тілінде тұңғыш бейресми газет шығару төңірегінде мұндай келеңсіз оқиғаның болғандығын зерттеушілер С. Зиманов пен К. Ыдрысовтар да растайды. Олар өздерінің М. Сералинге арналған зерттеу жұмыстарында, "Против бая С. Иманшалова М. Сералин писал памфлеты и стихи об его бессердечии и произволе по отношению к беднякам, высмеивал его притязания на образованность. Эти материалы в рукописях распространялись по аулам. Позже получил огласку случай утаивания С. Иманшаловым средств, собранных им с населения для издания национальной газеты", - деп жазған (260).

Ал алғашқы бейресми газет шығару мәселесіне келсек, ол тек 1907 жылы ғана мүмкін болды. Сол жылдың көктемінде "Қазақ газеті" мен "Серке" жарық көрді.

Бұл екі газеттің де өмірлерінің тым қысқа болуына байланысты тарихқа берер дерегі мол болмағанымен, алғашқы бейресми ұлттық басылым ретінде жарық дүниеге келгендігін білдіріп, өздерінің зорлықпен тұншықтырылуы арқылы болса да, соңынан келер ұлттық басылымдарға сабақ болған "Қазақ газеті" мен "Серке" халық жадында қалуға тиіс.

Алғашқы қазақ тілінде шыққан тұңғыш газет 1870 жылдың 10 мамырынан бастап Ташкентте шыға бастаған "Түркістан уалаятының газеті" екендігі белгілі болса, қазақтың бейресми, ұлттық бағыттағы, бірінші демократиялық газеті қай газет екендігі, оның қай күні шыққандығы әлі күнге дейін толық анықталған жоқ. Ол туралы Х. Бекхожин: 1906 жылы ақпанда "Қазақ газеті" шықты - десе (261), зерттеушілер: Қ. Аллаберген, Ж. Нұсқабайұлы, Ф. Оразайлар "Қазақ газеті", ол 1907 жылдың наурыз айында жарық көрді (262) - деп, дәл қай күні екендігін айтпайды. Зерттеуші Ә. Әбдіманов: "Серке" - қазақтың биресми, саяси бағыттағы демократиялық баспасөзінің тұңғыш бастау көзі ретінде тарихтан өз орнын алуы керек (263) - десе, француз тарихшылары А. Беннигсен, Ш. Лемерсье-Келькежей: "Саяси және санаткерлік қалыптасулардың дәл осындай буырқанған сәтінде" (264) - деп, алғашқы қазақ газеттерінің дүниеге келген уақытын суреттей келе: "1907 жылы қазақ баспасөзі дүниеге келді. Егер Әбдірашит

Ибрагимовтың Санкт-Петербургте шыққан "Серкесін" есептемесек (оны неге есептемейтіндерді түсініксіз – Қ.А.), онда 1907 жылдың наурызында Троицкіде Андреев пен Ишмұхамед Иманбаев шығарған "Қазақ газеті" жалпы қазақ баспасөзінің қарлығашы болды деуге негіз бар" (265), – дейді.

Ал, журналист Т. Боранғалиұлы: "Серке" мен "Қазақ газетінің" не бары бір-бірден нөмірі шыққанын ескерсек, 1911 жылдың қарлығаштары "Қазақстан" газеті мен "Айқап" журналын ұлттық баспасөздің тұңғышы деуге хақылымыз" (266) – деп, ол екеуін де газет қатарынан мүлдем шығарып тастайды.

Бұған айтарымыз, біріншіден, белгілі бір мерзімде шығып тұрмағанымен, ол екеуінің де көп тиражбен тасқа басылып шығып, көпшілікке таралғаны тарихи факт. Сондықтан, оларды газет емес деп ешкім айта алмайды. Демек, қазақтың тұңғыш ұлттық газеті осы екеуінің біреуі. Екіншіден, баспасөздің маңызы оның шыққан санымен өлшенбейді, ұлтқа сіңірген еңбегімен, ал уақыт контексінде қарасақ, бодандыққа қарсы, ұлт тәуелсіздігі жолындағы күресте көрсеткен ерлігімен өлшенеді. Сондықтан, қазағым деп, елім деп айға шапқан арыстандай мерт болған осы екі газеттің тарихы мен тағдырын тереңірек зерттеу, оларға басқаша көзқарас қалыптастырары даусыз.

Қазақстан баспасөзінің тарихын зерттеушілердің бірі Зарқын Тайшыбай қазақ тілінде жарық көрген алғашқы газеттер "Түркістан уалаятының газеті" мен "Дала уалаятының газеті" туралы айта келе: "Кейінгі "Серке" (1907), "Қазақ газеті" (1911), "Қазақстан" (1911-1913) газеттері, "Айқап" журналы (1911-1915) – бәрі осы "Дала уалаятының" үлгісімен шыққан, соның ізін басқан баспасөз органдары деп сеніммен айтамыз. Оның осы уақытқа дейін өзіне лайық бағасын ала алмай келе жатуының себебі неде?" (267), – дейді.

Мұндағы автордың "Дала уалаяты газетінің" өзіне лайық бағасын ала алмай келе жатыр деген соңғы пікіріне қосыла отырып, "Қазақ газеті" 1911 жылы, демек "Серкеден" төрт жылдан соң шыққан деп көрсетуімен және аталған басылымдардың "Дала уалаятының" үлгісімен шыққан, соның ізін басқан баспасөз органдары деп сеніммен айтқан ойымен келісе алмаймыз.

Біріншіден, "Серкенің" де, "Қазақ газетінің" де 1907 жылдың көктемінде шыққаны анық. Әңгіме тек екеуінің қайсысының бір

күн болса да бұрын шыққандығында. Тіптен қазақ егіз туған екі нәрестенің де арасындағы минуттарын санап бірін үлкені бірін кішісі деп жатпай ма? Ол табиғи заңдылық. Олай болса, қазақтың қазақ болғалы, өзі дүниеге әкелген, тұңғыш бейресми-ұлттық газеті қайсысы екендігін неліктен анықтамасқа?

Екіншіден, "Дала уалаятының газетінің" тарихи орнын да, деректік маңызын да жоғары бағалай отырып, оның материалдарын қазақ тарихының дерегі ретінде арнайы зерттеп, тиісті бағасын беру қажеттігін толық қолдаймыз. Бірақ, жоғарыда аталған басылымдардың пайда болу жағынан да, мақсаттары мен бағыт бағдарлары жағынан да "Дала уалаятының газетінен" бөлек басылымдар болды деп, біз де сеніммен айта аламыз. Егер, олар "Дала уалаятының" үлгісімен шығып, соның ізін басқан болса, "Қазақ газеті" мен "Серке" бірінші нөмірінен кейін-ақ тұтқындалып жабылып қалмаған болар еді. М. Дулатұлы "Қазақ" туралы: "Кешегі өзгеріске шейін тергеу, тексеру, тінту, абақты, штрафтан... көзі ашылған жоқ" (268) – деп жазбаған болар еді.

Сонымен, қазақ тілінде шыққан тұңғыш ұлттық-демократиялық, бейресми газет туралы үш түрлі пікір қалыптасқандығын көреміз. Зерттеушілердің көпшілігі "Серкені" қазақтың тұңғыш ұлттық газеті ретінде атаса, екінші бір тобы, дәл қай күні шыққандығын атап көрсетпесе де, "Қазақ газетін" атайды. Ал, үшіншілері "Қазақстанды" ұлттық баспасөзіміздің төл басы ретінде тануды ұсынады.

Бір қызығы, "Серкені" алғашқы ұлттық газет ретінде атаған М. Дулатов болатын. Ол 1923 жылы "Еңбекші Қазақ" газетінде: "Мерзімді баспасөз бізде қашан туғаны белгілі. Әр жұрттың, әр мемлекеттің мәдениет майданында ілгері-кейінгінің қатесыз бір өлшеуіші – баспасөз болады. Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті, өзі де өнерлі екендігі көрінеді, яки қай жұрт өнерлі болса, оның шексіз баспасөзі күшті болатындығы айдай анық, бұған еш нәрсе білмейтін надандар, соқырлар болмаса, көзі ашық, көңілі тетіктер көптен иман келтірген" (269) – деп, баспасөздің ұлт үшін маңызын көрсете келе: "Қазағы, қырғызы бар Қазақстан, Түркістанды қоса санағанда бұл күнге шейін шығып тоқтаған һәм шығып тұрған газет, журналдар мыналар: 1. "Дала уалаятының газеті", 2. "Серке", 3. "Айқап", 4. "Қазақстан", 5. "Қазақ", 6. "Қазақ газеті" (270) ... деп, ұлттық басылымдардан "Серкені" бірінші етіп көрсеткен.

М. Дулатұлының бұл пікірін замандасымыз Д. Исақанұлы бүгін қайталап отыр. Ол 1999 жылы шыққан "Ақиқат" журналының екінші санында: "Қазақ тіліндегі ұлттық бағыттағы газеттер 1907 жылдан бастап шыққан "Серке" мен "Қазақ газеті" болып табылады" (271) – деп, нық сеніммен жазып отыр.

Міне, осылай алғашқы ұлттық төл газетіміз туралы пікірлер әр түрлі басылымдарда 80 жылға жуық уақыт бойы айтылып келеді. Дегенмен, оның нақты қай газет екендігі және дәл қай күні шыққандығы туралы нақты дәлелдермен әлі анық айтылмай отыр. Бұл, бір жағынан, ұлттық басылымдар тарихының ел өмірінен алар орнының маңыздылығын көрсетсе, екінші жағынан, бұл мәселені анықтай түсудің қажеттілігін көрсетеді. Осыған орай, "Ақиқат" журналында 1998 жылы жарияланған, танымал журналистің бір мақаласындағы, ұлттық басылымдар тарихына қатысты айтқан ойларына, осы мәселедегі жаңсақтықтан оқырмандарды сақтандыру мақсатында тоқтай кетейік. Ол мақалада ұлттық басылымдардың шыққан жылдары: "Серке" (1907), "Қазақ" (1907, 1913-1918), "Қазақстан" (1911-1913) (272) – деп көрсетіліп, одан әрі: "Қазақ" газеті 1907 жылы наурыз айында Троицк қаласында шыққан. Бірақ, газеттің бір нөмірі шығып тоқтап қалған. Оның оқырман қауыммен екінші рет жүздесуі 1913 жылғы 2 ақпаннан басталды" (273), – деп жазылған.

Әрине, бұл жерде автордың "Қазақ газетін" кейінгі, көпшілікке танымал болған "Қазақпен" шатастырып отырғандығы түсінікті. Бұған айтарымыз, екеуі де демократиялық бағыттағы, ұлттық-бейресми басылымдар болғанымен, "Қазақ газеті" мен "Қазақ" газеті аттары ұқсас, екі басқа басылымдар. Ал, "Қазақ" газетінің "оқырман қауыммен екінші рет жүздесуіне" келсек, ол тағдырдың жазуымен, тек 1998 жылдың наурызында (демек, 80 жылдан кейін) ғана мүмкін болды. Газет мақалаларының жинағы кітап түрінде қайта басылып шығып, "Қазақ" енді тарих дерегі ретінде оқырмандарымен қайта жүздесті.

"Серкенің" жарыққа шыққан күні туралы барлық еңбектерде 1907 жылдың 28 марты деп нақты айтылса, "Қазақ газетінің" шыққан күні туралы әр түрлі пікірлер айтылады. Мысалы, қазақ баспасөзі тарихын зерттеуші белгілі ғалым Х. Бекхожин "Жалпыхалықтық революциялық қозғалыстың әсерімен 1906 жылы февральда "Қазақ газеті" шықты. Біз "Торғай газетінде"

басылған материалдарды зерттеу үстінде, оның 1906 жылғы бір нөмірінің бетінен "Новая киргизская газета" деген библиографиялық заметканы кездестірдік. Онда "И" деп қол қойған бір автор былай деп жазған: "Біздің қолымызға Оренбург губерниясындағы Троицк қаласында жаңа шыға бастаған "Қазақ газетінің" 2 февральдағы бірінші (пробный) номері келіп түсті". Заметкада бұл "газеттің редакторы Х. Сосновский, бастырушы Қостанайдың қазағы Е. Иманбаев" екенін... айтылған...

Автор өзінің пікірін Сосновский мен Иманбаев қазақ халқының қамқоры болу сияқты ауыр да құрметті міндетті алдына қойып отыр. Іске сәт, ізгі талапкерлер! - деп қорытады, - дейді (274).

1996 жылы шыққан "Қазақ журналистикасының тарихында (1870-1995)" "Қазақ газеті" туралы, "Ол 1907 жылдың наурыз айында жарық көрді. "Торғай газетінің" 1907 жылдың 1-нөміріндегі "Новая киргизская газета" деген библиографиялық мақалада (автор "И" деп қана көрсетілген): "Біздің қолымызға Оренбург губерниясындағы Троицк қаласында жаңа шыға бастаған "Қазақ газетінің" 2-ақпандағы бірінші (пробный) нөмірі келіп түсті" (275) – деп жазылып... Шолу "Сосновский мен Иманбаев қазақ халқының қамқоры болу сияқты ауыр да құрметті міндетті алдына қойып отыр. Іске сәт, ізгі талапкерлер!", – деген жолдармен аяқталған" (276), – делінген.

Келтірілген екі үзіндіден газеттің шыққан жылы әр түрлі көрсетілгенмен екеуі де бір дерекке сүйенгендігін көреміз. Ол "Торгайская газетадағы" "И" деген атпен басылған редакцияның "Қазақ газетінің" бірінші (пробный) нөміріне жасаған библиографиялық шолуы. Екі үзіндіде де "шолушының айтуынша газет 2 ақпанда шыққан", – деп айтылған. Көңіл аударатын тағы бір маңызды мәселе – шолушының, яғни редакцияның, "Қазақ газетін" шығарушы "ізгі талапкерлерге" сәт сапар тілеуі.

Үзінділерде көрсетілгендей, екі үлкен монографиялық зерттеуде де шолу "іске сәт, ізгі талапкерлер!" – деген жақсы тілекпен аяқталды деп жазылған.

Бір қызығы, тура осы жолдар 1998 жылы шыққан С. Қозыбаев, А. Рамазанова, Қ. Аллабергеннің "Әлем баспасөзінің тарихынан" деп аталған еңбектерінде де жолма-жол қайталанған.

Сөйтіп, "Тургайская газетаның" негізгі бағыт-бағдарын ескермей, оның жалпы саяси позициясын анықтамай, мақалада

(тарихи деректе – Қ.А.) айтылған басқа пікірлермен салыстырмай қорытынды жасау, бұл еңбектердің авторларын, өз еріктерінен тыс, "Тургайская газетаның", оның редакциясының "Қазақ газетіне", сол арқылы жалпы қазақ халқына деген теріс көзқарасын бұрмалап, тіптен керісінше көрсетуге әкеп соқтырған.

Біздің ойымызша, "Тургайская газетаның" "қазақ халқының қамқоры болу сияқты ауыр да құрметті міндетті алдына қойып отырған" адамдарға шын ниетімен тілектес бола қоюы екі талай еді. Олай дейтініміз, 1904 жылы "Оренбургский листок" өзінің жана жылдық редакциялық мақаласында "Тургайская газетаның" қоршаған өмір шындығынан толық қол үзгендігін және қазақ халқының мүддесіне ашықтан-ашық мәнсізбеушілікпен қарайтындығын айтып: "Тургайской газете" кроме того желаем быть "Тургайскою". Хотелось бы встречать в ней поменьше полемики с разными "измами", для киргизских, т.е. "тургайских", степей и не понятными и совершенно бесполезными" (277) – деген ескертпесіне "Не будем печатать всякие побасенки, которые киргизское население знает и без того и которые для русского населения совершенно не интересны" (278) – деп, жауап берген газеттің, қазақтардың адам төзгісіз қайыршылануын және олардың жерін жаппай әкімшілік жолмен тартып алуын айтып "Киргизскому вопросу" деген мақала жариялағаны үшін, басқа емес, астаналық "Санктпетербургские ведомости" – газетінің өзіне, барып тұрған ұлыдержавалық шовинизм тұрғысынан: "Не дело прессы разбирать действия правительства, направляемые в данном случае к некоторым изменениям киргизского быта и не дело допускать, чтобы автор статьи разжигал страсти и волновал умы киргизского населения. Правительство лучше знает, что быть должно и как должно быть..." (279) – деп, пілге үрген қандендей, шабуыл жасаған, не туралы жазып, не туралы жазбау керектігін астаналық басылымға үйреткен, нағыз реакцияшыл, қаражүзділік газеттің "Қазақ газетін" шығарушыларды қолдай қоюы мүмкін емес еді.

Сондықтан, тарихи деректану ғылымының түпнұсқалық проблемасының талабына сай, біз сол деректің өзінен яғни түпнұсқасынан үзінді келтірейік. "Библиографическая заметка" "Новая киргизская газета" деп, аталған бұл мақала "Тургайская газетаның" 1907 жылғы 25 наурыздағы 12-санында басылған. Ол:

“Нам доставлен №1 (пробный) от 28 февраля новой издающейся в г. Троицке Оренбургской губернии “Киргизской газеты”. Редактор - небезызвестный Оренбургу еврей Х. Сосновский, издатель кустанайский киргиз И. Иманбаев...” (280) – деп басталып, “Итак Сосновский и Иманбаев взяли на себя добровольно почетную и непосильную роль благодетелей киргизского народа. Исполать вам, добрые молодцы, но только не суетесь ли вы в воду, не зная броду?!” “И” (281), – деп, аяқталған.

Бұл келтірілген сілтемелерден біріншіден, “Қазақ газетінің” 1907 жылы 28 ақпанда шыққандығын көреміз, екіншіден, мақаланың соңғы сөздерінен редакцияның газет шығарушыларға сәт санар тілеу емес, керісінше, шамалары келмейтін істі алғандығын айтып, орыс халқының мақалын қазақша мағанасында айтсақ, “Әлін білмеген әлектің кері келіп жүрмесін” – деп, мысқылмен аяқтағанын байқаймыз.

Өзінің сыртқы формасы жағынан осы мақалаға өте ұқсас, бірақ мазмұны бөлек мақала, 1913 жылы “Қазақ” газетінің бірінші санының жарыққа шығуына байланысты да жарияланды. Ол “Оренбургский край” газетінің “Киргизская газета в Оренбурге” деп аталатын мақала. Мақала: “2-го сего февраля вышел первый номер издающейся в Оренбурге киргизской газеты “Казах” (Киргиз). Редактором газеты состоит известный киргизский писатель Ахмед Байтурсунов, автор популярного среди киргиз сборника “Крык-Мисал” (Сборник басен) (282), - деген жолдармен басталып, газеттің қазақ халқы үшін қажеттілігі, негізгі мақсаттары, атқарар істері туралы айта келе: “Горячо приветствуя появление в Оренбурге киргизской газеты, от души желаем успеха этому молодому печатному органу, призванному служить святому делу просвещения народа.

Пусть газета “Казах” оправдает то общепризнанное мнение, что народ киргизский, имеющий свою обширную литературу, владеющий богатым, самобытным языком достоин иметь и свой самостоятельный печатный орган. В добрый час! “Ш”, - деп аяқталған (283).

Ешқандай мысқылсыз “Қазақ” газетіне шын жүрегімен сәт санар тілеген бұл мақаланың сыртқы формасы жағынан 1907 жылғы мақалаға соншалықты ұқсас болып келуін кездейсоқтық

деп айту қиын. Ол өзінің демократиялық көзқарастарымен бұрыннан белгілі болған "Оренбургский край" (бұрынғы "Оренбургский листок") газетінің редакция мүшелерінің "Тургайская газетада" істейтін әріптестерінің қазақ тілінде шыққан бірінші бейресми газетаға қатысты жасаған өрескел қылықтарын ұмытпағандығын көрсетеді.

Сонымен, "Тургайская газетада" жарияланған қазақ тіліндегі газет туралы мақаланың түпнұсқасын талқылау, біріншіден, қазақтың тұңғыш бейресми, ұлттық-саяси газеті "Қазақ газеті" болғандығын, оның шыққан күні 1907 жылдың, ескі стиль бойынша, 28 ақпаны екендігін айқын дәлелдесе, екіншіден, ол мақаланы жан-жақты зерттемей пайдалану тәжірибелі зерттеушілердің өздерін жаңсақ тұжырымдар жасауға соқтырғандығын көрсетеді. Бұл мысал кез келген деректі деректанулық талдаудан, тарихи "сыннан" өткізудің қажеттігін дәлелдейді.

Мақаланы одан әрі талдау "Тургайская газетаның", оның қызметкерлерінің қаражүзділік бет-бейнесін аша түседі. Мысалы, олар барынша қырағылық танытып, жаңа шыққан қазақ газетінің саяси жүйе үшін аса қауіпті "солшыл бағыттағы ұйымдардың жауынгер тактикасын ұстайтындығын" сезіп қойып, оны тиісті орындарға білдіруге асықты: "В краткой передовице редакция уклоняется от определения своего политического кредо, но судя по содержанию статей, безошибочно можно сказать, что намерено держаться боевой тактики органов левого направления" деп жазып, одан әрі өздерінің үкіметке деген адалдығын дәлелдеп: "И, конечно, ничего не доказывает, хотя и не жалеет слов на "критику" действий правительства" (284) — деп, "Қазақ газетін" үкіметті еш дәлелсіз "сынағанын" айыптайды. Олар: "Заканчивая заметку, редакция говорит, что оно употребит все свои силы на отстаивание киргизских интересов, в связи с общерусскими" (285) — деп, газет редакциясының негізгі мақсатын әшкерелеуді де ұмытқан жоқ.

Келтірілген мысалдар, бір жағынан, "Тургайская газетаның" ұстаған бағыт-бағдарын, оның патшалық самодержавияның мүддесінің жергілікті жердегі адал күзетшісі екендігін және "Қазақ газетіне" шолу жасағандағы мақсатын айқын көрсетсе, екінші жағынан, өз еркінен тыс қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық газеті туралы құнды мәліметтер беріп отыр. Әсіресе, бүгінгі ұрпақ

үшін, ұлттық тарихымыз үшін бұл заметканың тарихи дерек ретіндегі басты маңызы "Тургайская газетаның" редакциясындағы қазақ халқының жауларының, жаңа ғана шыққан газеттің, отарлаушылар мүддесіне қаншалықты қарсы екендігін ашып көрсету мақсатында "Қазақ газетіне" сілтеме жасап басқан мына жолдары: "Газета в целом ряде статей силится доказать подлежащим сферам, что "колонизация пригодной лишь для скотоводства степи разорит и уничтожит киргиз, обессилит скотоводство и не принесет пользы переселенческому делу" (286).

Бұдан, қазақ атымен аталған бірінші бейресми ұлттық газеттің бірінші және соңғы санындағы бірнеше мақалаларда сол қазақты ширек ғасырдан соң болатын, дәстүрлі малшаруашылығын күштеп талқандау салдарынан туындайтын, жаппай қырғыннан сақтандырмақ болғанын, солай боларын "тиісті орындарға" жеткізбек болғандығын көреміз. Бұл көріпкелділік пе, әлде халық өмірін, дала сырын терең білгендік пе? Әрине, соңғысы.

Сонымен қатар, егер "Қазақ газетінің" түпнұсқасының сақталмағанын ескерсек, бұл мақала газеттің мақсаты мен бағыт-бағдары және неліктен шықпай жатып тұншықтырылғандығы туралы мәлімет беретін бірден-бір дерек көзі болып отыр. Одан кезінде профессор Х. Бекхожин: "Қазақ газетінің" пайда болуының, оның патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы күрес жариялауының, әсіресе, патша үкіметінің ұлт араздығын қоздыру әрекетіне жауап ретінде еврей Хаим Сосновский мен қазақ Ешмұхамет Иманбаев, Жетпісбай Андреевтердің бірлесіп орыс және қазақ газетін шығаруының үлкен саяси мәні бар факт" (287) — деп, бағалаған, "Қазақ газетінің" мақсаты өз халқының мүддесі үшін күрес екендігін бүкпесіз айтқандығын, отаршылдық езгіге қарсы ашық күрес жариялағандығын көреміз. Газеттің шықпай жатып жабылуының басты себебі осы екендігі даусыз.

"Қазақ газеті" туралы К. Аллаберген, Ж. Нұсқабай, Ф. Оразай "Қазақ журналистикасының тарихында (1870-1995 жылдар)": "Қазақ газетінің" материалдарынан байқалғанындай, ол "солшыл бағыттағы органдардың тактикасын", яғни революцияшыл бағытты қолдады. Ондағы мақсаты — самодержавиені құлату, буржуазиялық-демократиялық өзгерістер мен бостандық үшін үгіт-насихат жүргізу болды" (288) — деп тұжырым жасаған. Әрине, мұндай шындыққа сай келмейтін, ғылыми негізі жоқ тұжырыммен

келісу қиын. Өйткені, бір ғана нөмірі шығып жабылып қалған "Қазақ газеті" түгіл 6 жыл бойы дерлік шығып тұрған, 265 нөмірі жарық көрген "Қазақ" та өзінің алдына "самодержавиені күлату, буржуазиялық-демократиялық өзгерістер мен бостандық үшін үгіт насихат жүргізу" мақсатын қойған жоқ.

Ондай мақсатты большевиктік "Правда" газеті өз алдына қойса қойған болар, ал біздің, 1917 жылғы ақпан төңкерісіне дейінгі шыққан ұлттық-бейресми басылымдарымыз революцияшыл да, төңкерісшіл де болған жоқ. Оған олардың мүмкіндігі де болған жоқ. Егер, кезінде Х. Бекхожин, 1964 жылы жарық көрген "Қазақ баспасөзінің даму жолдары" деген монографиясында, "Қазақ газетінің" бағыт-бағдары, мақсаты туралы: "... революцияшыл бағытта шыға бастаған. Газетің мақсаты... самодержавиені күлату" (289) — деп жазса, ол зерттеушінің өзін қоршаған саяси жүйенің ерекшелігін тым жақсы білгендіктен, "Қазақ газетіне" "революцияшыл", "патшаға қарсы күрескер" деген жамылғы жауып литодан (большевиктік цензурадан — Қ. А.) өткізіп, өз ұлтына сондай газеттің болғандығын жеткізуі деп түсінуіміз керек. Ал, оның 60 жылдары амалсыз солай жазуға мәжбүр болған сөздерін, тарихилық принципті ескермей, тәуелсіздік жылдарында сол қалпында көшіріп жазу (көп жағдайда еш сілтемесіз) жоғарыдағыдай қателіктерге әкеп соқтырып отыр.

Патша үкіметінің және оның жергілікті жерлердегі әкімшіліктерінің өз үстемдіктеріне қарсы ашықтан-ашық күрес жариялаған басылымның өмір сүруімен келісе алмайтындығы, оны тезірек жабуға ұмтылатындығы келешек газет шығарушыларға сабақ болуға тиіс еді, бірақ бірден олай болмады. "Қазақ газетінің" көзсіз ерлігін де, объективті жағдайды ескеріп өз мақсаттарын бүркемелей алмаған қателіктерін де, тура бір айдан соң, 1907 жылы 28 наурызында "Серке" қайталады.

Ол туралы қазақтың тұңғыш журналы "Айқаптың" редакторы М. Сералин, журналдың 1911 жылы шыққан I-санының бас мақаласында: "Соңғы замандарда біздің қазақ жұртында аз-мәз тіршілік көрсетіп газет шығара беруді қолға алып қараса да не себепті іске ұқсатып шығара алмайды. 1907 жылы II Мемлекеттік думаның жиынымен Шәмәрдән Қошығұлов "Серке" есімді журнал шығара бастап еді. Ұзаққа бармай, үкімет тарапынан тоқтатылды.

Сол жылы Троицкіде Есмағамбет Айманбаев "Киргизская газета" есімді орысша-қазақша бір газет шығармақ болып, алғашқы нөмірді шығарды да тоқтатты..." (290), – дейді.

1907 жылы шыққан "Нәжет" (Азаттық) деген жинақта "Серке" атты екі жетілік газеттің... 28 мартта бірінші саны шықты. Ол "Улфат" газетінің 67 санына қосымша болып шықты" (291) - деп айтылған.

Кейбір деректерде "Серкенің" 3-4 саны шықты деп айтылғанымен (292), әр түрлі деректерді салыстыру оның 1907 жылы 28 мартта (ескі стиль бойынша) бір саны шығып таратылып, екінші санының дайындалып, бірақ таратылып үлгермей тұтқындалғанын көрсетеді.

"Серкенің" не жазғаны, не айтпак болғаны, жалпы бағыт-бағдары мен мақсаты, неліктен "Серке" атанғандығы туралы газет шығарушылардың бірі, оның 22 жасар албырт авторы Мыржақып Дулатовтың, газеттің бірінші санында жарияланған "Жастарға" деген өлеңі мен екінші санына даярлаған "Біздің мақсатымыз" атты бас мақаладан көруге болады.

Өлеңнің бірінші шумағында:

*Найзамен тұртсе де,
Жатырсың, қазақ, оянбай.
Мұнша қалың ұйқыны
Бердің бізге, ой, алай-ай!*

десе, соңғы шумағында:

*Халыққа, жастар, басшы бол!
Қараңғыда жетектеп.
Терең судан өтср ме,
Мың қойды серке бастамай?*

дейді (293).

Бірінші шумақтан М. Дулатовтың бүкіл саналы өмірінің басты мақсатына айналған, қалың ұйқыдағы қазағын оятудың әрекеті байқалса, соңғы шумақта жастарға, қараңғыда халқына жол көрсетер, қой бастаған серкедей, халқың соңына ертер деген үміті байқалады. Және де, осы шумақтан газеттің неліктен "Серке" атанғандығын байқау да қиын емес.

Патшалық Россияның астанасы Петербургта басылып шыққан, алғашқы ұлттық басылымдардың бірі "Серкенің" 2-ші санында, "Арғын" деп қол қойған М. Дулатов "Біздің мақсатымыз" деген мақаласында:

"ҚАЗАҒЫМ МЕНІҢ, ЕЛІМ МЕНІҢ!"

Ең алдымен қазақ халқы -- Россияға тәуелді халық... Оның ешқандай правасының жоқтығы ыза мен кек тудырады. Халықтан жиналатын салық қаражатының көп бөлігі халыққа тіптен де керек емес нәрселерге жұмсалады...

... Өздеріңіз көз жазбай байқап отырғандай... Чиновниктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, мал-мүлкін тартып, ойына не келсе соны істеді...

Енді бұл чиновниктер қазақ даласына мыңдаған мүжықтарды жер аударып, қазақтардың даласына суы мен шұрайлы жерлерін тартып, әперуде. Чиновниктерді арқаланған олар өздеріне жайлы қазақ жерлерін еркін иемденуде. Тұтас ауыл болып келсе бұлар сорлы қазақтарды ұрып-соғып, бар мал-мүлкін тартып алып кетуде...

Қазақ жеріне бұл мүжықтарды не үшін жер аударды... Әлде Россияда жер аз ба? Шұрайлы жер аз емес, бірақ бәрі байлардың, дворяндардың, помещиктердің қолында, олар өз жерлерін ешқашан тегін бермек емес, ал аштан өлуге шак жүрген мүжықтардың оны сатып алуға шамасы жоқ. Түрлі деңгейдегі министрлер, жоғары чиновниктер мен генералдар Россияда көбейіп келе жатқан мүжықтардан құтылу үшін оларды біздің қазақтардың арасына жер аударуда...", - дейді (294).

Кезінде Петербург баспасөз істері комитеті, "Полицияға түскен мәліметтер бойынша, бұл қазақ халқын өкімет орындары мен оның өкілдеріне қарсы күреске шақыратын "барлық қазақ халқына арналған үндеу сияқты" — деп "өте жоғары бағалаған", сондықтан, "газеттің осы нөміріне қатысты барлық адамдар жауапқа тартылсын" — деп шешім қабылдаған, өзінің батылдығымен бүкіл Петербург полициясын дүрліктірген мақаланың одан арғы тағдыры туралы мыржакыптанушы ғалым Марат Әбсемет былай дейді: "Полиция қанша іздегенімен мақаланың лақап атпен жүрген авторын таба алмады. Полицияның заңсыз әрекеттері ақын жанына қатты батты".

1912 жылы Петербургтегі баспасөз комитетінің кеңесшісі В. Д. Смирнов Мыржакыптың тәркіленген кітаптарын қарап отырып, одан кезінде үлкен шу болған "Біздің мақсатымыз" деген мақалаға тән тәсіл мен үксастықты аңғарып қалады. Тез арада архивтен "Улфат" газеті мен оның қосымшасы "Серке" алынып, сот палатасының шешімі бойынша 1913 жылғы мамырдың 15-күні ол жойылды" (295).

Санкт-Петербург мемлекеттік орталық тарих мұрағатының қорында сақталған құжаттарға негізделіп жазылған бұл ақпарат "Біздің мақсатымыздың" патша сақшыларының есінде жақсы сақталғандығын білдіреді.

Сонымен, ғасыр басындағы қазақ баспасөзін талдау, барлық бейресми, ұлттық басылымдардың өзегі болған негізгі мәселелер – жер мәселесінің, қалың ел қазақты ұйқыдан ояту мәселесінің, баспасөз бетінде, алғаш осы екі газетте көтерілгенін, бұқаралық ақпарат құралдарының бірі – газетті ұлт мүддесі үшін, азаттық үшін күрес жолында пайдалану әрекеті солардан басталғанын көрсетеді. "Қазақ газеті" мен "Серкенің" көзсіз ерлікке тең бұл істері қазақ даласында ізсіз, бекер кеткен жоқ. Көптеген қазақ зиялыларына қозғау салумен қатар, олар, баспасөз арқылы отаршылдық езгіге қарсы күрес жүргізудің алғашқы қадамдары ретінде, келешек бейресми, ұлттық бағыттағы газет шығарушыларға сабақ та болды деп айта аламыз. Өйткені, алғашқы газеттер тағдыры түпкі мақсатқа жету үшін, көп қиындықтармен шығарылған басылымды сақтай білудің керектігін, кейде, айла-тәсілдерге барып, өз ойларын бүркемелей білудің қажеттігін көрсетті. Сөйтіп, кейіннен шыққан "Қазақстан", "Айқап", "Қазақ" сияқты басылымдардың әдәуір өміршен болуына әсер етті.

Ондай тұжырым жасауға, біздің ойымызша, бірнеше негіз бар. Біріншісі, аталған басылымдарды шығарушылардың "Қазақ газеті" мен "Серкенің" тарихын да, тағдырын да жақсы білгендігі. Жоғарыда айтқанымыздай, "Айқап" журналы редакторының бірінші санындағы бас мақалада солар туралы айтуы соның бір дәлелі. Екінші дәлел, "Серкенің" негізгі авторы Міржақып Дулатұлының "Қазақ" газетінің шығарушыларының бірі болуы. Демек, ол өзінің "Серкеден" алған сабағын ескерері түсінікті.

Екіншісі, "Қазақ" газетінің бірінші санының, бірінші жолдарында "Заманына қарай амалы" – деген сөз бар. Мұның мағанасы – заманның түріне қарап іс істеу" (296), – деп басталып, сол өздерінің заманын: "Төңірекке қарасақ түнерген-түнерген бұлттар көрінеді. Түбі қандай белгісіз. Не боларын білмейміз" (297), – деп суреттеуі. Бұл жерде, Ахмет Байтұрсыновтың өзін қоршаған ортаның, саяси құбылыстың көрінісін, осылай, жұмбақтап жеткізуге, "заманына қарай амал" қылуға, мәжбүр болып отырғандығы талас туғызбас деп ойлаймыз.

Үшіншісі, қазақтардың ХХ ғасыр басындағы ұлт азаттығы жолындағы күрестің танымал көсемі, "Қазақ" газетінің негізгі авторларының бірі Әлихан Бөкейхановтың 1913 жылы "Қазақ" газетінің 24-санында "Ашылып ақыл жазатын қалім бар ма? Көкіректе сайрап тұр, қолымды заман байлап тұр" (298) – деуі.

Бұл мысалдар кейінгі мерзімді басылымдарды шығарушылардың "Қазақ газеті" мен "Серкенің" сабақтарын, тарихы мен тағдырларын ескеріп, өздері өмір сүрген уақытпен, қалыптасқан объективті жағдаймен санасуға мәжбүр болғандығын көрсетеді.

Сонымен, тарихы мен тағдыры судың екі тамшысындай ұқсас, "Қазақ газеті" мен "Серке" қазақ халқының алғашқы биресми, ұлттық газеттері ретінде баспасөз тарихынан өз орнын алуға толық құқылы. Егер, бүгінгі ұрпақ алдында тұрған ең басты, ең қасиетті міндет еліміздің тәуелсіздігін сақтау болса, ғасыр басындағы аталарымыз алдында тұрған ең басты, ең қасиетті міндет еліміздің тәуелсіздігіне қол жеткізу болғандығы белгілі. Демек, сол кезеңдегі құндылықтың бәрі де сол міндет, сол мақсат жолында еткен еңбекпен, төккен термен есептелінуі әділеттілік. Олай болса, қазақ зиялыларының тәуелсіздік үшін күрес жолында тұңғыш рет қолданған ұлттық, бұқаралық ақпарат құралы ретінде де екеуінің орны ерекше.

Ақырында, бір-ақ қана нөмірлерінің шығып үлгергеніне карамастан, екеуінің де тарихы мен тағдыры, қазақ халқының азаттық жолындағы күресі тарихының бір көрінісі ретінде, екеуі де сол күрестің құрбандары ретінде халық жадында мәңгі қалуға тиіс. Ал, екі газеттің қайсысы бірінші болып жарық көрді? – деген принципті сұраққа келсек, онда бірінші шыққан "Қазақ газеті". Ол "Серкеден" тура бір ай бұрын шыққан. Сондықтан "Қазақ газетінің" шыққан күні ескіше 28 ақпан, жаңаша 13 наурыз (1907 жылы ақпан айы 28-мен аяқталған) қазақтың тұңғыш ұлттық бейресми газеті шыққан күн ретінде тарихқа еніп, ұлттық күнтізбектерден, дайындалып жатқан Қазақ энциклопедиясынан өз орнын алуы тиіс.

Тағы бір ұсынысымыз, бізде ұзақ жылдар бойы большевиктік "Правда" газетінің алғаш рет жарыққа шыққан күні 5 мамыр, баспасөз күні ретінде аталып келгендігі белгілі. Еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты баспасөз туралы заң қабылданған 28 маусым баспасөз күні ретінде аталып жүр. Ал, барлық өркениетті елдерде

баспасөз күні ретінде ұлттық басылымның шыққан күні аталады. Оның үстіне, қоғамда болмай қоймайтын өзгерістерге байланысты, қазіргі заң өзгеріп, жаңа заң қабылдануы қажет болады. Ол өмір заңдылығы. Олай болса, баспасөз күні ретінде 28 маусымды да өзгертуге тиіс боламыз. Сондықтан, біз өз тарапымыздан, бұл мәселені ұлттық мүдде тұрғысынан біржола шешу мақсатында, сол қазақтың тұңғыш, демократиялық бағыттағы, ұлттық бейресми басылымы "Қазақ газетінің" шыққан күнін, яғни 13 наурызды "Ұлттық баспасөз күні" деп жариялауды ұсынамыз.

Мұндай шешім қай жағынан болса да әділетті шешім болған болар еді. Ол "Қазағым!", "Елім!" – деп айға шапқан арыстандай, алып Ресей империясына қарсы шауып мерт болған "Қазақ газеті" мен "Серкеге", олардың бүгінгі ұрпақтары атынан қойылған ескерткіші болар еді.

3.2. Ұлттық мерзімді басылымдар: пайда болуы, алғышарттары және тарихи жағдайы

Қазақ халқының жоғын жоқтап, мүддесін қолдаған, елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жерінің тұтастығын қорғаған ұлттық-бейресми басылымдардың пайда болуы, ел өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі болды. Бүгінгі күні халқымыз тарихының баға жетпес дерек көзіне айналған, кезінде белгілі бір мерзімде қазақ тілінде шығып тұрған басылымдардың пайда болып ел арасына таратылуы ғасыр басындағы қазақ өмірінде ерекше қоғамдық құбылыс болған еді. Тарихы да тағдыры да бөлек, қазақ тарихында өзіндік із қалдырған, ұлттық басылымдар туралы біраз еңбектерде айтылды. Тағы да айтылары даусыз. Ал біздің мақсатымыз, сол басылымдардың деректік ерекшеліктерін ашуға, олардан алынған мәліметтердің ғылыми құндылығын анықтауға қатысты кейбір тарихи мәселелерге көңіл аудару.

Егер большевиктер диктатурасына дейінгі дүниеге келген қазақ тіліндегі газет-журналдардың тарихына көз салсақ, онда олардың үш түрлі тарихи жағдайда жарыққа шыққандығын байқауға болады. Мысалы, алғашқы қазақ тілінде шыққан газеттер "Түркістан уалаятының газеті" мен "Дала уалаятының газеті" арнаулы мақсатпен, патша өкіметінің қолдауы арқылы шықса, 1907 жыл мен 1917 жылдың ақпаны аралығындағы шыққан

газеттер мен "Айқап" журналы қазақ зиялыларының ұзақ жылдарға созылған, ерлікке тең, саналы іс-әрекеттерінің арқасында, патша өкіметінің жергілікті жерлердегі әкімшілік органдарының ресми рұқсатынан соң ғана дүниеге келіп, солардың қатаң бақылауымен шығып тұрған. Ал, ақпан төңкерісінен кейін шыққан "Сарыарқа", "Бірлік туы", "Тіршілік", "Үш жүз" және "Ұран" газеттері тіптен басқа тарихи кезеңде, біршама демократиялық жағдайда дүниеге келген.

Басылымдардың дүниеге келуінің тарихи жағдайлары олардың жалпы бағыт-бағдарына, мазмұнына әсер ететін фактордың бірі. Сондықтан, ақпан төңкерісі қарсаңындағы Қазақстан тарихының маңызды жазба деректерінің бірі ретінде, алғашқы қазақ газеттерінің негізгі тобын құрайтын ұлттық басылымдардың пайда болу, өмір сүру, жабылу тарихының кейбір мәселелеріне тоқталайық.

Патшалық самодержавие жағдайында, қазақ сияқты бодандағы ел үшін ұлттық, бейресми газет шығарудың оңай іс емес екендігін, оның кедергісі де, қиыншылығы да көп, әуре-сарсаңы мол жұмыс екендігін екі орыс революциялары аралығында шыққан біздің ұлттық басылымдар тарихынан айқын көруге болады. Ұлт мүддесін көздейтін басылым шығарудың ең басты кедергісі үстемдік етіп отырған саяси жүйе тарапынан қойылған тосқауыл еді. Өз қарауындағы бұратана халықтардың қандай формада болмасын ұлттық мүдде үшін әрекет етуіне мейлінше қарсыласқан патша өкіметі, әр түрлі тәсілдермен ұлттық газеттер шығаруға жол бермеуге, ал шыға қалған жағдайда оларды үнемі бақылап отыруға тырысты.

Ол туралы толып жатқан қазақ деректерін айтпағанда, орыс өлкетанушысы А. Костров, ғасыр басында Жетісу өлкесінде қалыптасқан жағдай туралы айта келе: "Малейшие попытки создания газет на казахском языке немедленно и жестко пресекались. Уездным начальникам Джаркента, Капала и Лепсинска предписывалось усилить наблюдение за настроением умов и о всех антиправительственных выступлениях неблагонадежных лиц немедленно доносить" (299) – деп жазды.

Осындай, отаршылдық саясаттың салдарынан бейресми ұлттық басылымдар шығару тек 1905-1907 жылдардағы толқулардан кейін ғана мүмкін болды.

1907 жылдың көктемінде шыққан алғашқы ұлттық газеттер, олардың тарихы мен тағдыры, деректік маңызы туралы жоғарыда айтылды. Ал, қазақ тілінде белгілі бір мерзімде шығып тұрған, сондықтан мерзімді басылым деген атқа толық сай келетін, ұлттық бейресми басылымдар 1911 жылдан бастап шыға бастады. Олар, патша өкіметінің тұсында шыққан "Қазақстан", "Қазақ", "Алаш" газеттері мен "Айқап" журналы.

Кез келген деректің пайда болуының объективті екендігін, деректің кездейсоқ, өзінен-өзі пайда болмайтындығын ескерсек, онда, Қазақстан тарихының жазба деректерінің үлкен бір тобын құрайтын ұлттық мерзімді басылымдардың пайда болуының объективті алғышарттарының бірі, ол — ғасыр басындағы баспасөзге деген ұлттық қажеттілік, қоғамдық сұраныс деп айтуға болады.

Әлихан Бөкейхановтың 1910 жылы Санкт-Петербургте басылып шыққан "Киргизы" ("Қазақтар") деген еңбегінде: "На киргизском языке пока нет ни одной газеты, точно так же киргизы не располагают до сих пор своей типографией. Мысль о том и другом возникала в Киргизской степи в счастливые дни свободы, но не осуществилась... Киргизская степь покорно несла беззакония, глубоко затаив ненависть и злобу" (300) — деп жазуы сол қажеттіліктен туындаған еді. Ол туралы тарихшы М. Қойгелдиев: "XX ғасырдың алғашқы он жылдығында қазақ ұлттық интеллигенциясы үшін жалпыелдік зәру мәселелерді көтеретін қоғамдық ойға қозғау салып, бағыт бере алатын газет-журналдар шығару үлкен қоғамдық мәселеге айналған болатын. Қарқаралы петициясында өкімет алдына қойылған негізгі талаптардың қатарында қазақтардың "күнделікті мұқтажын айқындап отыру үшін қазақ тілінде газет шығару қажеттілігі" деп айтылған еді" (301), — дейді. Демек, бұл басылымдардың мән-мағынасы да сол жалпыұлттық қажеттілікпен айқындалады.

Қажеттіліктен басқа, баспасөз тасқа басылып шығып, оқырманға жетіп, келешекте тарихи дерекке айналғанға дейін оның мазмұнына, демек, деректік құндылығына әсер ететін бірнеше белестен өтетіндігі белгілі. Аталған басылымдар үшін оның бірінші белесі, белгілі бір топтың, не жеке адамдардың газет шығармақ болып шешім қабылдап, сол мақсатта нақты істерге кірісулері, газет шығарудың қажеттігін негіздеп, тиісті орындардан

рұқсат сұрап арыз беруі болды. Келешек басылымның қандай болып шығары да сол топтың не жеке алаштардың саяси көзқарастарына, қоғамдық позициясына байланысты еді.

"Қазақстан" газетінің шығуы туралы журналист Тілекқабыл Боранғалиұлы: "1911 жылы Жәңгір Ордасында ақындар Шәңгерей Бөкеев пен Ғұмар Қарашев, қайраткер Бакытжан Қаратаев, дәрігер Мәжит Шомбалов, мұғалімдер Сейтқали Мендешев пен Елеусін Бүйрин өз қаражаттарын ортаға салып, қазақ тілінде газет шығаруға бел байлады", - дейді (302).

"Айқап" журналы оның әрі шығарушысы, әрі редакторы Мұхамеджан Сералиннің белсенді еңбегінің арқасында шықты. "Алаш" газеті ерлі-зайыпты Мәриям және Көлбай Тоғысовтардың әрекеттерінің арқасында дүниеге келді.

Осылай, бүгінгі күні деректік маңызын ешқандай теңеумен айтып жеткізуге болмайтын ұлттық басылымдар, сол кездегі өз заманының озық ойлы адамдарының, ғасыр басындағы қазақ зиялыларының көп жылдық ой-армандарының, мақсатты да тынымсыз еңбектерінің арқасында ғана пайда болды.

Ал, ол басылымдардың заңды негізде дүниеге келуінің нақты қадамы газет шығарушылардың тиісті орындарға арыз берулерінен басталған. Біздің қолымызда, өкінішке орай, әзірге тек Мәриям Тоғысованың "Алаш" газетін шығару үшін рұқсат сұрап жазған арызы ғана бар. Деректану ғылымы үшін ол арызды аталған мерзімді басылымдар тарихының дерегі ретінде талдаудың маңызы үлкен. "Алаш" газетінің ақпан төңкерісіне дейінгі кезеңде шыққан соңғы бейресми ұлттық газет екендігі тарихтан белгілі. Сондықтан, осы арыз арқылы басқа да ұлттық басылымдардың қандай жолмен шыққандығын аңғаруға болады.

Демек, Өзбекстан республикасының орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған М. Тоғысованың арызының түпнұсқасы мен басқа да сол газеттің шығарылуына қатысты құжаттар, жалпы патша өкіметі тұсындағы бейресми басылымдар деректерінің өкілі ретінде, олардың шығу тарихын зерттеуге және деректік мәнін ашуға көмектеседі деп ойлаймыз. Сондықтан, қазақ баспасөзі ішінде, өзіндік ерекше бір топты құрайтын басылымдардың дерегі ретінде М. Тоғысованың арызын түпнұсқадан еш ауытқусыз, сол жазылған тілінде келтірейік:

"Его Превосходительству

Господину Военному Губернатору Сыр-Дарьинской области.
Постоянно проживающей в городе Намангане, Ферганской области, в I части, Мариям Саидовной Тогусовой заявление.

На основании п.15 приложения к ст. 114 Устава о цензуре и печати, имею честь заявить Вашему Превосходительству, что я желаю издавать в городе Ташкенте газету на киргизском языке, а иногда некоторые статьи с переводом на русский и сартский языки, под наименованием "Алаш" (киргиз) - по программе:

1. Приказы и распоряжения Правительства и местной администрации

2. Телеграммы Петроградского телеграфного агентства и собственных корреспондентов

3. Передовые статьи по местным и общим вопросам

4. Фельетоны

5. Местная хроника

6. Внутренние известия

7. Иностранные известия

8. Беллетристика

9. Корреспонденции

10. Научные статьи

11. Отчеты Государственного Совета, Государственной и городской Думы.

12. Судебные отчеты

13. Маленькие фельетоны

14. Портреты и рисунки

15. Объявления

16. Коммерческий отдел, причем это издание будет выходить раз в неделю, с подписной ценой за год 3 р. 50 к., за полгода 2 р. 40 к., за четверть года 1 р. 50 к., а в розницу по 5 коп. каждый номер, и печататься оно будет в типографии "Туркестанского Курьера", находящейся по Шапинской улице.

Обязанности ответственного редактора этой газеты принимаю на себя в полном объеме и заявляю, что я удовлетворяю всем требованиям, указанным в п. 4 приложения к ст.114 Устава о цензуре и печати, т.е. что я русско-подданная, имею от роду 25 лет и обладаю общею гражданскою правоспособностью.

Вследствие изложенного имею честь покорнейше просить Ваше Превосходительство о выдаче мне, согласно п. 17 того же приложения к ст. 114 Устава о цензуре и печати, свидетельства

...право выпуска в свет означенного повременного издания. При сем прилагаю 4 марки по 1 руб. каждая.

Гор. Наманган. Апреля 22 дня 1916 года.

Мариям Сайдовна Тогусова" (303).

Түпнускадан ксерокс арқылы өткізілініп алынған бұл құжаттан, Ферғана облысының тұрғыны М. Тоғысованың, келешек газетті Ташкент қаласында шығармақ болғандықтан, арызды Сырдария облысының әскери губернаторының атына жазғандығын, арыздың "Цензура және баспасөз туралы Уставының", 114 бабының қосымшасының 4, 15 және 17 пункттеріне сай жазылғандығын көреміз. Арызда газеттің атын, қай тілде, қай жерде, қай баспаханада шығатынын, бағасын білдіретін мәліметтер де бар. Сонымен қатар, арыз беруші 25 жасар М. Тоғысованың жауапты редактор ретінде газетке байланысты жауапкершілікті толық өз мойнына алатындығын білдіріп, арыз бергендігі үшін 1 сомдық 4 марканы қоса тапсырғанын айтады. (Маркалар арыз бетінде жапсырылған).

Арыздағы басты мәлімет, келешек газеттің 16 пункттен тұратын бағдарламасы. Онда арыз беруші ең алдымен Үкімет пен жергілікті әкімшіліктің бұйрықтары мен шешімдерін жариялайтындығын айтқан. Бұл пункттің бейресми газеттерге қойылатын басты талап екендігін басқа газеттерге қатысты құжаттар да көрсетеді. Бағдарламада айтылған фельетондар деген сөзді әңгімелер деп түсіну керек. Ол кезде әңгімелер солай аталған.

Бұл мұрағат құжатының басқа да бейресми газеттердің шығу тарихынан түсінік берері даусыз. Сонымен қатар, құжатқа түскен қосымша жазбаларға көңіл аудару, зерттеуші үшін нақты осы газет туралы қосымша мәліметтер беруі мүмкін. Мысалы, жазылған арыздың бірінші бетінің ашық жерінде: "дано свидетельство от 16 июля с/г за № 21329. Получила 18/VII Мариям Тогусова" (304). - деп жазылған.

Бұл жерде М.Тоғысованың газет шығару үшін куәлікті қай күні алғандығынан хабарлар болумен қатар, көңіл аударатын бір нәрсе, мұндағы "Мариям Тогусова" – деген сөздердің жазуды жана ғана үйреніп жүрген, әріптерді зорға жаза алатын адамның қолымен жазылғандығының қарусыз көзге де көрініп тұрғандығы. Демек, куәлікті алу үшін, тәртіп бойынша, М.Тоғысованың өзі амалсыз қол қоюға мәжбүр болған. Сондықтан, маңызды құжатты

алғандығын растап ол жазуды Мәриямның өзі жазғандығы даусыз. Олай болса, аты мен фамилиясын зорға жазған әйелдің бүкіл бір газеттің жауапты редакторы міндетін атқара алуы үлкен күмән туғызады.

Мұндай күдіктің орынды екендігін, М. Тоғысованың газет шығару ісіне қатысы жоқ, тек оның атын ғана пайдаланған бөгде адам (подставное лицо – Қ.А.) екендігін басқа құжаттар да дәлелдейді.

М.Тоғысованың арызының соңында мынандай қосымша жазулар бар:

(секретно

Военному Губернатору Ферганской области.

Препраовождая настоящее прошение, прошу Ваше Превосходительство не отказать сообщить сведения о личности просительницы Тогусовой. г.Ташкент "7" апреля 1916 года.

И.д.Военного Губернатора, генерал-майор (колы)

И.д. Помощника Губернатора, полковник (колы)

советник, полковник (колы)" (305).

Бұл құжат, біріншіден, арыз түсісімен тиісті орындардың арыз берушінің кім екендегін анықтауға кіріскендігін көрсетсе, екіншіден, бұл іспен қандай лауазымды патша шенеуніктерінің, қандай дәрежеде айналысқандығын көруге болады. Бұл жерде көңіл аударатын тағы бір нәрсе, осындай жоғарғы дәрежедегі қатынас қағаздарында да қарапайым қателіктердің кету мүмкіндігі. Сондықтан, зерттеушілердің қандай құжатты болмасын мұқият тексеруді керек ететіндігін есте ұстауы қажет. Мысалы, текстегі: "г.Ташкент "7" Апреля 1916 года" деген жолдардағы "апреля" қате басылған, ол "мая" болуы керек. Олай дейтініміз, арыз 1916 жылдың 22 көкегінде жазылған. Сырдария облыстық басқармасында, арыздың бетіне қойылған белгі (штамп – Қ.А.) бойынша, 26 апрельде 12215 нөмірмен тіркелген. Екінші қойылған белгі бойынша, Ферғана облыстық басқармасына, сол жылдың 10 мамырында келіп түсіп, 595 нөмірмен тіркелген (306). Демек, ол жол "г.Ташкент "7" мая 1916 года" болып оқылуы керек.

Ал, нақты "Алаш" газетіне келетін болсақ, жоғарыдағыдай өтініштен соң, тиісті орындар көп ұзамай-ақ газеттің негізгі шығарушысы да редакторы да Көлбай Тоғысов екендігін толық анықтады.

Ұлттық басылымдардың жарыққа шығуына қарай жасалынатын келесі нақты қадам, ол арнайы мекемелердің оған келісім беруі. Аталған газеттер мен журналдың шығарылуына мүмкіндік берген және олардың мазмұнына тікелей әсер еткен ресми орындардың куәлік қағаздарында, сол басылымдар тарихынан мағлұмат беретін көп материалдар бар. Мысалы, "Қазақстан" газетін шығару туралы Орал облыстық әскери губернаторы Дубасовтың берген куәлігінде: "Настоящее свидетельство выдано Военным губернатором Уральской области имеющему звание народного учителя из киргиз Внутренней орды Илеусину Бюйрину, согласно его заявления, на право издавать под его личным ответственным редактором, газеты на киргизском языке под названием "Казахстан", что означает в переводе "Киргизский край".

Газета будет печататься в собственной типографии Илеусина Бюйрина, под названием "Казахстан", находящейся в г. Уральске на углу Самарской и Сакмарской улице" (307), – делінген.

Мұнда, біріншіден, "Қазақстан" деген атпен, қазақ тілінде шығатын келешек газеттің жауапты редакторы ретінде Ішкі орданың халық мұғалімі Елеусін Бүйринге газет шығару құқы берілгендігі, екіншіден, ол газеттің Елеусін Бүйриннің Орал қаласындағы "Қазақстан" деп аталатын жекеменшік баспаханасында шығарылатындығы айтылған. Соңғы ақпаратқа ерекше көңіл бөлу қажет. Өйткені, дәл осы "жекеменшік баспахана" деген жолдар кейіннен Е.Бүйринге ажырамас пәле болып жабысады.

Дегенмен, бұл жерде көңіл аударатын тағы бір нәрсе, ол газеттің "Қазақстан" деген аты. Ол туралы газет тарихын зерттеушілердің бірі Т.Боранғалиұлы: "Қазақ атымыз мәңгіліктен келе жатқанмен, 1911 жылы газет өзіне ту еткен "Қазақстан" сөзі бұрын-соңды ресми тілде, не жазба шежіреде, орыс тарихшыларының бірде-бір еңбегінде, ауыз әдебиетіміздің нұсқасында кездеспеген тың ұғым еді" (308) – деп, бүгінгі әлем білетін, әрбір қазақ үшін анасының атындай ыстық "Қазақстан" деген сөз осы газетке байланысты бірінші рет пайдаланылды деген пікір айтады. Әрине, бұл тағы да зерттей түсуді қажет ететін тарихымыз үшін де, жалпы таным үшін де өте маңызды да қызықты пікір.

Егер "қазақ" деген сөздің шығуы туралы мәселе қаншама ғылыми-зерттеу жұмыстарына арқау болғанмен әлі күнге дейін толық шешімін таппағанын ескерсек, онда "Қазақстан" деген сөздің жазба деректерде алғаш кімнің, қашан, қайда пайдаланғандығы туралы мәселе арнайы көңіл аударып, анықтауды қажет етуге тұрарлық мәселе екендігі даусыз.

Тек, қазақ баспасөзі тарихында ғана емес, жалпы ұлт тарихындағы елеулі оқиғалардың бірі, ол – тұңғыш қазақ журналы "Айқаптың", 1911 жылдың қаңтарынан бастап шыға бастауы болды. "Айқаптың" шығуы туралы Санкт–Петербургтағы Орталық мемлекеттік тарихи мұрағат қорында сақталған деректе былай делінген: "Орынбор губерниясының Троицк қаласында шығатын қазақ журналы туралы 1910 жылы 18 январда берілген куәлік бойынша Қостанай облысы, Шұбар болысының № 5 аулының қазағы М. Сералиннің редакторлығымен және жауапкершілігімен "Айқап" атты журналды төменгі программамен шығаруға рұқсат берілді.

1. Бас мақала.
2. Шет ел хабарлары.
3. Мұсылман өмірінен мәселелер.
4. Фельетондар мен өлеңдер.
5. Хроника.
6. Библиография және ғылыми мақалалар.
7. Әр түрлі хабарлар мен редакцияға хат (309).

Бұл деректен, біріншіден, журналды шығарушы туралы мәліметтерден басқа, М. Сералинге, рұқсат алғаннан кейін де, журналды шығару үшін тура бір жыл уақыт дайындық жұмыстарына кеткендігін, екіншіден, рұқсат куәліктері негізінен бір форма бойынша берілгенімен, ресми орындардың журнал үшін бекіткен бағдарламасының газет бағдарламасынан біршама айырмашылықтары бар екендігін байқауға болады. Оны "Қазақ" газетін шығаруға берілген, сол Санкт-Петербургтағы аталған мұрағат қорынан алынған ішкі істер министрлігінің рұқсат қағазынан да көруге болады. Ол туралы алдағы тарауларда айтылады.

Газет не журнал шығару үшін қажетті ең басты нәрсе – ақша. Сол ақшаға байланысты шешілетін баспахана мәселесі. Аталған басылымдардың жеке адамдардың, не белгілі бір топтың, не жалпы халықтың қаржыларына шығып тұрғаны белгілі. Олардың ұлттық

синапта болуы да тікелей осы факторға байланысты. Дегенмен, бұл әлі де тереңірек зерттеуді қажет ететін, ұлттық басылымдар тарихындағы күрделі проблемалардың бірі. Өйткені, біріншіден, бұл басылымдардың тағдыры, көп жағдайда, газет шығарушылардың осы проблеманы қалай шеше білгендігіне тікелей байланысты болды, екіншіден, ұлт болып ұйымдасып өзінің ой-тілегін білдіретін баспасөз органын шығару кеңестік дәуірде мүлдем ұмыт болса, тәуелсіздік жылдарында әлі де қалыптасып үлгермеген қазақ халқының тарихындағы ерекше қоғамдық кұбылыс екендігі анық.

Соңғы уақыттарда, әр түрлі дәрежеде, қазақ тілінде шыққан биресми басылымдар, әр жерден бой көрсетіп қалып жүргенмен, бүгінгі күні мынау жалпыхалықтық газет еді деп айтатын, қазақ газеті әлі дүниеге келе қоймағандығы да шындық. Сондықтан, бұл проблеманы арнайы зерттеудің танымдық маңызымен қатар тәжірибелік маңызы да жоқ емес.

Жан-жақты зерттеуді мақсат етпегенімен, ұлттық басылымдардың деректік мәнін ашуға көмектесетін факторлардың бірі ретінде, осы мәселеге қысқаша тоқталайық.

Деректерде 1911 жылы "Қазақстан" газетін шығаруға шешім қабылдаған қазақтың бір топ зиялы азаматтары өз қаражаттарын ортаға салып, газет шығару үшін дайындық жұмыстарына кіріскендігі туралы айтылады. Мысалы, "Қазақстанды" шығару үшін: "Әбілқайыр ұрпақтары Шәңгерей Бөкеев өз қаражатынан, 1500 сом берсе, Бақытжан Қаратаев қайраткерлік беделін жұмсап қаржы толықтырған. Ғұмар Қарашев Бакуге аттанып, әзербайжан аukatтысы Зейнелғабиден Тафиевтен газетке шашу ретінде берген 1000 сомын әкелген. Бірі мұғалім, бірі дәрігер ретінде осы өлкеге танымал С. Мендешев пен М. Шомбалов ел-ағайын арасынан қаржы жинауға ат салысқан" (310).

Бұл азаматтар кейін де, "Қазақстан" газетінде мақалалар жазып, жалпы халықты газетке қаржылай көмек көрсетуге шақырып отырған (311). "Қазақстанның" акша жоқтығынан тоқтап қалып, 1913 жылдың басында қайта шыққандығы туралы "Қазақ" газеті: "Уральск қаласында он шақты нөмірі шығып тоқтаған "Қазақстан" жаңадан шыға бастады. Уральскіде 20 шақты оқымысты қазақ жастары, ішінде Бақытжан Қаратаев бар, бас қосып, "Қазақстанды" шығарып жүргізіп жіберу туралы турасында кеңесіпті. Кеңестен соң қылған... (өшіп қалған — Қ.А.).

"Қазақстанның" 27 януарда шыққан бірінші нөмірі басқармамызға келді. Кітап формасында сегіз бет болып басылады екен. Аяғында бір беті орысша (312) – деп, "Қазақстан" туралы біраз мағлұматтар береді.

"Қазақстан" газетінің баспаханасы туралы да әр түрлі пікірлер бар. Кейбір әдеби деректерде: "Көпшілік одағының мүшелері 1910 жылы елден қаржы жинап, Орда қаласындағы А. Н. Щелкованың меншікті баспаханасын ұйымдастыруға көмектеседі. Сөйтіп, 1911 жылдың наурыз, мамыр айларында орыс баспаханасынан "Қазақстан" газетінің алғашқы екі нөмірі жарық көреді...

Редакция ұжымы Оралға көшіп келген соң... татар қайраткерлерінің араб әріпімен өз тілдерінде газет, журнал шығарып тұрған баспаханасын несиеге сатып алады" (313) – десе, жоғарыда айтылғандай, генерал Дубасов берген куәлікте: "Газета будет печататься в собственной типографии Илеусина Бюйрина, под названием "Казахстан", находящейся в г. Уральске на углу Самарской и Сакмарской улице" (314) – деп, Е. Бүйриннің жеке меншік баспаханасы болғандығын, оның аты мен мекен жайына дейін көрсеткен.

Ол туралы 1930 жылы Е. Бүйриннің қызы Ғайшаға Мәскеу медицина институтына түсер кезде, әкесі революцияға дейін жеке газет шығарған, баспахана ұстаған деген кінә тағылуына байланысты, Қазақстан оқу-ағарту халық комиссары Сейтқали Мендешевтың өз қолымен жазған хатында: "Небольшая типография, которой руководил гражданин Илеусин Бюрин в 1910-1913 годы, вовсе не принадлежала Бюрину, а была приобретена на нелегально собранные у населения средства, частные пожертвования. Никогда Бюрин не эксплуатировал людей путем содержания типографии. За издание газеты Бюрин терпел немало гонения от царского правительства. Было бы величайшей несправедливостью припятствовать теперь поступлению его дочери в высшую школу за то, что Бюрин издавал и держал типографию.

Все вышесказанное удостоверяю, как современник и как один из инициаторов сбора денег на типографию.

НКПрос Казахстана С. Мендешов 18.IX-1930 г. Алма-Ата" (315) – дейді. Мұндай, жоғары дәрежеде жазылған хат та Бүйринді, оның отбасын қызыл қырғыннан құтқара алмады. Өзіне төнген

қауіпті сезген ол 1932 жылы күзде Сталинабадқа кетуге мәжбүр болды. Көп ұзамай сонда аштық пен жоқшылықта қайтыс болды. 1933 жылы НКВД Бүйриннің 18 жасар ұлы Әнуарды Мәскеуде тұтқындап, оқудан шығартты, 21 жасар қызы Ғайшаны да иниституттан аластатып, Свердловскіге жер аударды. Әнуарды анасымен және алты жасар қарындасы Хадишаны бірге Тагилден 40 шақырым жерде ормандағы "III Интернационал" кенішіне қара жұмысқа айдады. Қиындық пен қорлық көрген отбасы мерзімін өтеп, 1937 жылы лагерьден босанып, Алматыға жетті (316).

Ия, шын мәніндегі қазақтың тұңғыш ұлттық мерзімді басылымын ұйымдастырушы әрі редакторының тағдыры осылай қайғылы аяқталды. Басқаларының да тағдыры Бүйриннің тағдырынан жақсы болмағаны белгілі.

Дегенмен, жоғарыда келтірілген деректер Бүйриннің шағын болса да жекеменшік баспаханасының болғандығын дәлелдейді деп ойлаймыз.

Халықтың "Айқап" журналы мен "Алаш" газетін шығаруға да, ақша жинап көмек көрсеткені туралы көптеген деректер бар. Мысалы, "Айқап" журналының редакторы М. Сералин журналдың шыға бастауына бір жыл толуына арналған мақаласында өзіне ақшалай көмектескен адамдарға алғыс айтса, (317) 1914 жылы да журналды шығарып тұру үшін қаражат керектігін айтып "қазақтың ұлт қамын ойлайтуғын азаматтарынан" көмек сұраған (318).

Мұндай "Айқапқа" көмекке ақша жинау туралы деректер "Қазақ" газетінде де бар. М. Дулатов: "Ай-қап" журналының "Мәшһүр жиһанкезі аты нәм суреті "Айқапта" басылып жүрген Мұхамет-Салим Кашимов өткен жаз Қоянды жәрмеңкесінде "Айқапқа" жәрдем деп (подписчик ақшасынан басқа) 3-4 жүз сом, күзді күні Зайсан уезінен 3-4 жүз сом жиып әкетіп еді" (319) – десе, мұрағат құжаттарының бірінде Мұхамет-Салим Кашимовтың Қазақстанның оңтүстігінде "Айқап" үшін ақша жинап жүргендігі айтылады (320).

"Қазақ" газеті үшін де алты жыл бойы күн тәртібінен түспеген мәселенің бірі, сол ақша, баспахана мәселесі болды. Газеттің жеке адамдардың қаржылай көмегі арқасында шыққандығы, оның қорында газет шыға бастағанда барлығы 750 сом болғандығы тарихтан белгілі. Газет тарихымен, оның материалдарымен

тереңірек танысу, газет шығарушылардың қаражат көзін табудың жолдарын үздіксіз іздестіргендігін және оны таба білгендігін, өзімен бір уақытта өмір сүрген "Қазақстан", "Айқапқа" қарағанда өмір талабына сай бейімделе білгендігін көрсетеді.

Қазақ баспасөзі тарихына арналған еңбектердің бірінде: "Айқап" журналының тоқталып қалуының ең негізгі себебінің бірі 1913-1914 жылдары "Қазақ" газетінің оған қарсы жүргізген қастандық айтысы болғаны анықталды" (321), – делінген. Әрине, бұл жолдардың уақыт, заман талабына сай жазылғаны, ол автордың шын ойы емес екендігі түсінікті. Дегенмен, бұл басын ашып алатын, тарихымыздың өте бір нәзік тұстарының бірі екендігін де мойындауымыз керек.

"Қазақ" пен "Айқаптың" арасында бірнеше мәселелер бойынша айтыс болғаны рас. Мерзімді басылымдар арасында пікір таластарының болып тұруы әдеттегі нәрселердің бірі. Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екендігін өмірдің өзі көрсетеді. Сондықтан, сол айтыстың кесірінен "Айқап" тоқтап қалды деп ойлау шындыққа сай емес еді. Ал, "Қазақстан" газетінің жабылуына келсек, ол туралы: "Газет 1913 жылы жабылды... негізгі себеп газеттің прогресшіл-демократиялық сарынынан қорыққан патша әкімдерінің кертартпа әрекетінен еді" (322) – деген, пікір айтылған. Әрине, ешкім "Қазақстан" газетінің прогресшіл-демократиялық сарынын, оның кезінде қуғын-сүргін көргендігін жоққа шығармайды. Дегенмен, оның тоқтап қалуын тек сол себептермен түсіндіру жеткіліксіз болар еді.

Мысалы, "Қазақтың" сарынының прогресшіл-демократтығы "Қазақстаннан" кем болған жоқ. Ол үкімет тарапынан қуғын-сүргінге бәрінен көп ұшырады. Әйтседе, "Қазақ" бар мүлкін большевиктер зорлықпен тартып алғанға дейін, яғни 1918 жылдың қазанына дейін өмір сүре алды. Ол фактіні немен түсіндіруге болады?

Біздің ойымызша, бұл жерде басылымдар тағдырында шешуші роль атқарған басқа да объективті және субъективті факторлар жоқ емес.

Ең алдымен, ұлттық басылымдар өмірге келген уақыт Ресейде, оның ішінде Қазақстанда да нарықтық қатынас, бәсекелестік ел өміріне терең ене бастаған кез еді. Сондықтан, газет шығарушылар осы объективті жағдайды ескеріп, тек тауар өндірудің (газет-журнал шығарудың – Қ.А.) жолдарын ғана іздестіріп қоймай,

кез келген іскер адамдар сияқты өз тауарларының өтімді болу жолдарын, демек оның сапасының жақсы болуын, тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыру жолдарын іздестірулері керек еді. Өкінішке орай, бұл нарықтық қатынастардың айнымас заңын, басты талабын ұлттық басылымдарды шығарушылардың бәрі бірдей түсініп, орындай алмады.

Ұлт басылымдар тарихымен танысу, олар жарияланған материалдарды талдау, "Қазақ" газетін шығарушылардың өмірдің осы талабына жақсы түсіне білгендігін, олардың тек тауар өндіріп қана қоймай, шығарған өнімдерінің сапасының үнемі жоғары дәрежеде болуын қамтамасыз ете алғандығын көрсетеді.

Газеттің 6 жылға жуық шығып тұруын, оның жоғары сапасын қамтамасыз ете алған "Қазақ" газетін шығарушылардың ұйымдастырушылық, іскерлік қабілеттерін, кезінде газетті қаржы тұйығынан алып шыққан "Азамат" серіктігін күрудан да байқауға болады.

1913 жылдың соңында А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлы "Алаш азаматтарына" деген ашық хат жариялады. Онда, газет шығару ісінің дамыған елдердегі жолдарына талдау жасай келе, қазақтар үшін газет шығарудың тиімді деген жолын ұсынады. Олар: "Қазақта кесек сома шығарарлық байлар аз болғанымен, аз сомасы мен адамгершілігі мен серіктікке жарайтын азаматтар аз емес. Сондықтан, "Азамат" серіктігін ашып, "Қазақ" газетасын мұнан былай алаш азаматтарының серіктесіп қосылған пұлмен жүргізбекшіміз..." (322) — дейді. Көп ұзамай "Азамат" серіктігі құрылып, жемісті жұмыс істей бастады. Серіктікке сол кездегі қазақ зиялыларының көбі мүше болып, өздерінің аз сомасымен болса да газет шығаруға үлестерін қосты. "Қазақ" газеті өз бетінде "Азамат" серіктігінің мүшелері, қаржысы туралы есебі, баспахана мәселесі, жиналысы т.б. туралы үнемі жариялап отырды. Демек, серіктік ісі ешкімге күдік туғызбайтындай құпиясыз, ашық жүргізілді.

Өмір "Қазақ" газетінің басшыларының сол уақыттағы өз халқына газет шығарудың бірден-бір мүмкін болған жолын дұрыс таңдап, ұсына білгендігін көрсетіп берді. Сөйтіп, "Қазақ" газеті нарықтық қатынасқа бейімделуді, тек сөз жүзінде ғана насихаттап қойған жоқ, оны өздері іс жүзінде де көрсете білді.

Сонымен, "Қазак" газетінің басшыларының ұйымдастырушылық және іскерлік қасиеттері, газет авторларына тән кәсібилік қабілет пен журналистік шеберлік газетті басқа ұлт басылымдары жете алмаған табыстарға жеткізді, басқалар шыға алмаған биікке шығарды. Газеттің большевиктер тарабынан күшпен жабылар алдындағы жағдайы туралы М. Дулатұлы, 1922 жылы А. Байтұрсынұлының 50 жылдығына арналған "Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов" деген биографиялық очеркінде: "Қазак" просуществовал до октября 1918 года. Созданная почти из ничего и просуществовавшая в тяжелых условиях царско-полицейского режима, благодаря умелому руководству и самоотверженному труду А. Байтұрсунова, газета перед закрытием имела свою собственную типографию, большой запас бумаги, небольшую библиотеку, тираж превышал 8000.

Таким образом, возглавляемая Ахметом Байтұрсуновым газета "Казах" в истории молодой киргизской прессы заняла первое и почетное место" (324) – деп, "Қазак" газетінің қол жеткізген табыстары мен қазақ баспасөзі тарихындағы орнын көрсеткен.

Басқа бейресми ұлттық газет-журнал шығарушылардың тарих алдында, халық алдында сіңірген еңбектерін жоғары бағалай отырып, дегенмен, олардың басылымдарының тоқтап қалуының басты себептерінің бірі, сол қаржы тапшылығынан жол тауып шыға алмауы болды деп айта аламыз. Ол туралы, "Қазақстан" газетінің редакциясы, газеттің 1913 жылғы 27 қаңтардағы санында ашық айтса, "Айқап" журналының жарты жылдық жазуларына талдау жасай келе, Азамат Алашұғылы (М. Дулатұлының бүркеншік аты – Қ.А.) өзінің, қазақ халқының оқыған, іс басындағы бас адамдарына арнаған мақаласында: "Журналдың асыл мақсаты. Қазақ халқының халін, жайын, мұқтажын бір жерге жиып танысу еді ғой. Осы мақсатқа жетпек түгіл, жақындады ма? Жауап қысқа. Бір-екі кісінің жер хақындағы ойымен... Ертегі секілді болып кеткен құрғақ сөздермен халықтың тілегі бір жерге жиылды деуге болмайды. Меніңше, әлі қазақ пайдаланарлық бәм пайдаланған сөз көрінбейді" (325) – деп, журналдағы негізгі кемшіліктің бетін ашып көрсетіп, қазақтың бас адамдарынан журнал материалдарының сапасын көтеру үшін оған сөз жазуға шақырады.

Бұл жерде мына нәрселерді ескеруді өтінер едік. Біріншіден, бұл мақаланы М. Дулатұлының келешекте "Қазақ" газетінің қызметкері ретінде өзі айтысатын "Айқаптың" беделін түсіру үшін жазды деп ойлау орынсыз болар еді. Себебі, бұл мақала жазылған 1911 жылдың ортасында "Қазақ" сияқты газеттің пайда болары әлі белгісіз болатұғын. Олай болса, автордың бұл мақаланы шын жүрегімен "Айқап" журналының жұмысын жақсартуды ойлап жазғандығына еш күмән болмауы керек.

Екіншіден, біздің бәріміз үшін де бірдей қымбат, ұлт басылымдарын бір-бірімен салыстырудағы мақсатымыз, олардың бірін асырып, бірін төмендету емес, салыстыру тәсілінің тарихи таным жолындағы жиі қолданылатын, деректану ғылымының қарапайым тәсілі, ондағы мақсат тарихи шындыққа мүмкіндігінше жақындау екендігі түсінікті шығар деп ойлаймыз.

Ұлттық басылымдардың тарихы мен тағдырына, оларда жарияланған материалдардың мазмұнына, демек деректік ерекшелігіне әсер еткен, зерттеушілер ескеруге тиіс, келесі бір негізгі объективті фактор – жергілікті патша әкімшілігі мен әскери-цензуралық комиссиясы тарапынан бір күн де тоқтамаған бақылау. Ол да ұлттық басылымдар тарихының өзіне тән ажырамас бір қыры.

Цензура туралы тек соңғы жылдары ғана айтыла бастады. Кеңестік тарихнамада жалпы ұлттық басылымдардың тарихы жан-жақты зерттелмеуіне байланысты оның бұл қыры да назардан тыс қалған еді. Ол туралы зерттеуші Р. Құдабаева "Почти всеми исследователями упускался из виду такой важный момент, как национальная периодика и цензура. Между тем многочисленные факты карательных мер со стороны цензурных органов говорят об очень сложном положении издателей прессы на казахском языке. Упущение этого момента означает пренебрежение принципом историзма" (326), – деп жазды.

Шықпай жатып патша өкіметінің жергілікті әкімшілік орындарының жіті қадағалауында болған ұлттық басылымдар, шыға бастаған соң да әрбір сөзіне жауап беруге, алдын ала әскери-цензуралық комиссиясынан өтіп отыруға тиіс болды. Ұлт мәселесін көтеру үшін ұлттық басылымның қажеттігін түсінген қазақ зиялылары өздеріне қойылған мұндай талаптарды амалсыз орындауға мәжбүр еді.

"Қазақ" газетінің тарихын зерттеушілердің бірі М. Қойгелдиев ол туралы: "Жоғары үкімет орындарының арнайы рұқсатымен шыққан газет белгілі бір дәрежеде сол орындардың талап-тілегіне мойынсұнбаса бірден жабылып қалатыны түсінікті... Газет редакторлары мен шығарушылары өкімет тарапынан күдік туғызбау үшін, алғашқы жылдары мойнына алған міндеттерге сай материалдар беріп, түрлі бүркеме айлаларға да барды. Бұл жергілікті биліктің сеніміне кіру, сол арқылы газетті жабылып қалудан сақтау әрекеті болатын" (327), — дейді.

М. Қойгелдиевтің бұл пікіріне толық қосыла отырып, оған қосарымыз, газет шығарушылар тек алғашқы жылдары емес, Ресейде патшалық билік толық жойылғанға дейін, бүркеме айлаларға баруға мәжбүр болды. Өздерінің түпкі мақсаттары "Бостандық, теңдік, туысқандық... Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ" (328) — екендігін 1917 жылдың жазында ғана ашып айта алды.

Оған дейін "Қазақ газеті" мен "Серкенің" сабақтарын ұмыта қоймаған газет редакторлары барынша сақтық танытуға тырысты. Соның өзінде, патша өкіметінің жергілікті қырағы сақшылары ұлттық басылымдарда жарияланған материалдардан үнемі заңға қайшы келетін, саяси күрлысқа қауіп төндірген мақалалар тауып редакторларды айыптап, штраф салумен, газетті жауып тастау қауіпімен қорқытумен болды.

Әрине, ұлттық басылымдар тарихының бұл қыры да әлі зерттей түсуді қажет ететіндігі даусыз. Дегенмен, "Алаштан" басқа ұлт басылымдарының патша әкімшілігі тарапынан көрген қуғын-сүргін тарихы әр түрлі әдебиеттерде біршама айтылды. Сондықтан, ресми жүйенің ұлт басылымдарына қатысты ұстанған саяси бағытынан мағлұмат беретін, нақты қандай орындардың бейресми басылымдарға қарсы, қандай іс-әрекеттер жасағанын көрсететін, жалпы ұлттық газеттердің қандай жағдайда шығып тұратындығынан түсінік беретін, кезінде шекесіне "күпия", "аса күпия" деген белгі салынған, "Алаш" газетіне қатысты мұрағат құжаттарының бірнешеуіне тоқтайық.

Түркістан әскери округінің штаб бастығының Сырдария облысының әскери губернаторына 1916 жылдың 3 желтоқсанында жолдаған хатында, жергілікті "Туркестанский курьер" газетінің, 30 қарашадағы 259-санында, қазақ газеті "Алаштын" бірінші

санының 26 карашада жарык көргені туралы жазғанын айта келе: "Ввиду того, что все газеты на мусульманском языке выходят с предварительной цензурой, прошу распоряжения Вашего Превосходительства сообщить программу газеты "Алаш" и кто состоит редактором, а также обязать этого последнего представлять накануне выхода номера этой газеты, корректурный оттиск такового для предварительного цензурного просмотра в местной военно-цензурной комиссии.

Приложение: Выписка из газеты "Туркестанский курьер" за 30 ноября 1916г. № 259.

За Начальника штаба. Полковник (колы)" (329).

Бұл құжат біріншіден, барлық мұсылман газеттерінің алдында жергілікті әскери-цензуралық комиссиядан өту керектігін көрсетсе, екіншіден, сол кездегі Түркістан билеушілерінің "Алаш" газетінің шығуына жедел көңіл аударғандығын көрсетеді.

Екінші бір "Алаш" газетінің шығуы, оның шығарушылары туралы мол мәлімет берген, олардың максаттары туралы айтқан, газетке терең және жан-жақты талдау жасаған, деректік маңызы үлкен мұрағат құжаты, сол 1916 жылдың 19 желтоқсанында Түркістан өлкелік қорғау бөлімінің бастығының Түркістан генерал-губернаторының атына жазған 4 беттік үлкен хаты.

Хатта, сол жылдың 16 шілдесінде Сырдария облысының әскери губернаторының Мариям Тоғысоваға Түркістан өлкесінде казак тіліндегі бірінші бейресми "Алаш" атты газет шығаруға № 21329 куәлік берілгенін айта келе, "Алаш" деген сөздің мәнін, сол атпен Ташкентте құрылған қоғам туралы және олардың құрушысы туралы: "Слово "Алаш" – "Киргиз" в то же время означает призыв на помощь. Под этим же названием "Алаш" известно целое племя киргизов и существует в Ташкенте культурно-просветительное общество "Алаш", прогрессивного направления членами коего принимаются лица, вносящие не менее 25 рублей в год.

Учредителем сего общества является муж упомянутой Тогусовой киргиз Семипалатинской области Зайсанского уезда, Чарпинской волости Кольбай Тогусович Тогусов, он же Толенгутов, 32 лет" (330) – дейді.

Одан әрі хатта қорғау бөлімінің бастығы К.Тоғысов туралы онша жақсы емес мәліметтер алуыма байланысты мен олардың өмір тарихын тереңірек тексеруге мәжбүр болдым дей келе, Тоғысовтардың Ташкентке қашан келгендігі, К. Тоғысовтың

Зайсан уезінде тұрған кезінде, 1908 жылы тергеуде болғандығын, 1911 жылы сотталып, Семей түрмесінде 1 жыл отырып, 1912 жылы шыққандығы, Наманган уезінде оған қарсы қылмысты іс қозғалғандығы туралы айтып, барлық істері бойынша нақты статьяларын көрсете келе: "По сведениям агентуры, Кольбай Тогусов является фактическим редактором и издателем газеты "Алаш", также как и главным вдохновителем деятельности культурно-просветительного общества того же имени" (331) — деп, К.Тоғысовтың бар өмір тарихын айтып береді. Ал М. Тоғысова туралы қолайсыз мәліметтер табылған жоқ дейді.

Хатта "Алаш" қоғамының алдына өз баспа органын шығарып, қазақтар арасына қазақ тілінде баспа өнімдерін: газет, журнал, кітап тарату арқылы, өз халқын қалың ұйқыдан ояту, ғылымға, білімге, мәдени өмірге тарту, барлық қазақтарды ұлт ретінде бірігуге үгіттеу дей келе: "По словам Тогусова киргиз в России около девяти миллионов и представляется необходимым пробудить их к культурной работе и объединению, чтобы в конечном результате добиться автономии, как для совершенно отдельной национальности" (332) — деп, халықты оятудың, мәдени шаралардың түпкі мақсаты қазақтарға жеке ұлт ретінде автономия әперу екендігін айтады. Одан әрі бұл хаттың көңіл аударатын бір қызықты жері, ол — К. Тоғысовтың неліктен қазақтарды біріктіруге асығуы себебін көрсетуі. Хатта: "Скорейшее объединение киргиз особенно необходимо потому, что в недалеком будущем большую опасность для самобытности киргизского населения Туркестанского края может представить надвигающаяся опасность со стороны их соседей сартов, среди которых за последние время стали усиленно пропагандироваться идеи о необходимости отрешения от первобытного образа жизни и распространения образования. Таким образом, если киргизы теперь-же не пробудятся от вековой спячки и не примут меры к проведению в жизнь национального и культурного объединения, то они рискуют быть поглощенными высшей цивилизацией и навсегда утратят свою национальную самобытность" (333) — деп, Түркістан өлкесінде басталып келе жатқан, қазақ зиялыларын ойландырған қоғамдағы өзгерістерден хабардар етеді.

Ия, бүгінгі күні Өзбекстанда миллионнан астам қазақтардың төл құжаттарына "өзбек" деп жаздырып, "өзбек" болып өмір сүріп

жүргенін ескерсек, онда кезінде К. Тоғысовтың бекер қауіптен-бегендігін көреміз.

Хатта "Алаш" газетінің шығарылуына қатысты мынадай құнды мәліметтер бар. Біріншіден, "Алаш" газетін шығаруға Түркістан өлкесінің барлық оқыған саналы қазақтары: зангерлер, дәрігерлер, аудармашылар, студент жастар т.б. тартылған. Екіншіден, олар тек газетке басу үшін мақала жазып қана қоймай сонымен қатар, "Алаш" газетін қазақтардың арасына кеңінен таратуға, мәдени-ағарту ісінің және барлық қазақтардың бірігуінің қажеттігін насихаттауға тиіс болған (334).

Одан әрі, "Алаш" газетінің 1-саны 1916 жылдың 26 карашасында шыққандығын, онда газет бағдарламасының қазақша текстімен қатар орыс тілінде де басылғанын айтып, сол бағдарламаға кеңінен тоқтаған.

Хаттың аяғында көп нәрсені аңғартатын төмендегідей қосымша мен сол қосымшаның бұрышына жазылған резолюция бар:

"Секретно

Военному Губернатору Сыр-Дарьинской области.

Препровождая настоящую копию, Канцелярия уведомляет, что ввиду неблагоприятных в политическом отношении сведений о Кольбае Тогусове, являющемся главным организатором издания газеты "Алаш", Главный Начальник края высказал мнение о необходимости не только следить, чтобы в газете не было ничего противного интересам русского правительства, но и воспользоваться ею как средством проведения в туземную среду взглядов, полезных русскому делу в крае.

Управляющий Канцелярией Туркестанского Генерал-Губернатора

Действительный Статский Советник (колы).

30 декабря 1916 г. № 1308 г. Ташкент" (335).

Міне, осылай өлкенің бас бастығы генерал-губернатор – К.А.) өзінің қарамағындағыларға "газетте орыс үкіметінің мүддесіне қайшы келетін еш нәрсенің болмауын қадағалау ғана емес, сонымен қатар, газетті түземдіктер арасына өлкедегі орыс ісіне пайдалы көзқарастарды енгізудің құралы ретінде де қолдана білу керектігін" – айтып, ақыл берген. Демек, қазақтардың өз ақшасына шығарған ұлттық газеті қазақтарды одан сайын отарлау үшін қызмет етуі керек болған.

Жолдама бұрышындағы резолюцияда былай деп жазылған: "К точному исполнению! По выходу каждого номера переводчику докладывать мне содержание статей, обращающих своим содержанием на себе внимание" (336). 9/1-17 (қолы).

Сырдария әскери губернаторының қойған бұл резолюциясының ұлттық басылымдар тарихи үшін деректік маңызын ескеріп, дәл аудармасын да келтірейік: "Бұлжытпай орындалсын! Әр нөмірі шығысымен аудармашы маған өзіне көңіл аудартатын мақаланың мазмұнын баяндап отырсын".

Біріншіден, бұл бұйрықтың бұлжымай орындалғанына күмән жоқ, екіншіден, бұл құжаттың ұлттық басылымдарға отарлаушылардың қаншалықты көңіл бөлгендігін көрсететін айқын айғақ екендігі даусыз.

Сонымен, "Алаш" газетінің шығарылуына байланысты пайда болған құжаттар, тек сол "Алаш" емес, жалпы бейресми ұлттық басылымдардың қандай жағдайда дүниеге келіп өмір сүргендігін көрсетеді. Әрине, қатаң бақылау жағдайында олардың өз ойын өз оқырмандарына ашып айта алмағандығы, жазар сөзін ашық жаза алмағаны түсінікті. Сондықтан зерттеушілер оларды тарихи дерек ретінде пайдалану барысында бұл факторды ескеруге тиіс болады.

3. 3. "Айқап" журналы және "Қазақстан" газеті

Қазақтардың рухани өмірі тарихына 1911 жыл туңғыш ұлттық бейресми мерзімді басылымдар шыққан жыл ретінде енді. Сол жылдың қаңтарынан бастап қазақ тіліндегі бірінші журнал "Айқап" шықса, наурызынан бастап "Қазақстан" газеті шыға бастады. Бұл басылымдар туралы кеңестік тарихнамада біршама айтылды. Дегенмен, олардың дерек көзі ретіндегі маңызы мен ерекшеліктерін ашатын кейбір мәселелерге көңіл аударайық.

Басылымдардың дерек көзі ретіндегі маңызы мен ерекшеліктерін, олардан алынған мәліметтердің ғылыми құндылықтарын анықтау үшін, жалпы газет-журналдардың пайда болуының алғышарттары, тарихи жағдайларымен қатар, нақты басылымның дүниеге келу тарихын зерттеудің де маңызы үлкен. Мысалы, "Айқап" туралы айтсақ, оның әрі шығарушысы, әрі редакторы, әрі негізгі авторларының бірі Мұхаметжан Сералиннің ұзақ жылдарға созылған ізденістері туралы да айтуға тиіспіз.

М. Сералиннің 1906 жылдан бастап газет шығармақ болған бірнеше әрекеттері сәтсіз аяқталды (337). Тек, 1911 жылдың басына қарай ғана журнал шығару мүмкін болды. Ол туралы бұрынғы социал-демократиялық бағыттағы “Степь” газетінің тілшісі, москвалық М. Л. Страховенко: “М. Сералину к 1911 г. удалось собрать вокруг себя несколько казахских интеллигентов, с энтузиазмом воспринявших идею об издании казахского журнала. С их помощью, а также с помощью татарских друзей и собственными усилиями, им были собраны необходимые средства для начала издания”, - дейді (338).

Журналдың шығу тарихын анықтаудың тек танымдық қана емес, сонымен қатар ғылыми маңызының да жоғары екендігін, журналды шығару себептері мен мақсатының оның мазмұнына әсер етпей қоймайтын маңызды фактор екендігін айта келе, академик С. З. Зиманов: “Изданию журнала предшествовала значительная подготовительная работа: накопление средств, хлопоты о получении специального разрешения от официальных властей на это, подбор будущих авторов и переговоров с типографскими учреждениями и лицами, способными участвовать в издании журнала и поддерживать его материально”, - дейді (139).

Жалпы, Қазақстан тарихындағы тұңғыш журналдың шығу тарихының ұлт үшін маңыздылығы, осы мәселенің кейбір тұстарын анықтай түсуді қажет етеді. Себебі, әдебиеттерде журналдың қалай шыққандығы туралы әр түрлі айтылып жүр. Кейде бірін-бірі жоққа шығаратын пікірлер де кездеседі. Мысалы, жоғарыда айтылғандай, М. Страховенко журнал шығаруға казак зиялыларының бір тобы және М. Сералинның татар достары көмектесті десе, С. Зиманов: “Сложными были организационная и техническая сторона издания журнала: поиск арабских шрифтов, наборщиков, бумаги, типографской базы. В решении многих из этих вопросов значительную помощь оказали М. Сералину старые друзья и товарищи - русские революционные социал-демократы Ф. Сыромолотов, С. С. Ужгин, Зиссер, Юдин. Они помогали ему заключить договор с владельцем типографии “Энергия” Хаимом Сосновским...” - деп, (340) журнал шығаруға орыс революционерлерінің қатысқандығын, демек олардың журнал мазмұнына ықпал еткендігін дәлелдейді.

Ал, М. Сералиннің өзі журнал шығаруды не себептен және қалай бастағаны туралы: “1910 жылғы декабрь жұлдызының акырында “Айқап” журналын бастап жіберуге ойланып, шығарайын десем журналдың таралып кетуіне һәм халықтың құптап қарсы алуына сене алмай, шығармайын десем алты миллиондай халықтың ортасында бірімен-бірі танысқандай, түсінігендей бір журналдың яки газеттің жоқтығына шыдай алмай, толғақ кысқан әйелдерше түйсініп жүрген замандар болып еді. Журнал шығаруға көңіл шын тілесе де шығару үшін керекті аспаптардан екі аспаптың бірі жоқ. Өзім жалғыз, ақылдасатуғын, көмек беретуғын кісі тағы жоқ болып, “жалғыз кісі жау алмас” деген мысал бар болса да, тәуекел етіп журналды шығара бастап едім. Садағасы кетейін жұрт мүлдем ілтифатсыз тастамады”, - деп жазған (341).

Сонымен, журнал шығаруға қатысты үш түрлі пікір айтылғандығын көреміз. Бұл жерде, әрине, М. Сералиннің айтқанының шындыққа жақын екендігі күмәнсіз. Себебі, біріншіден, “Айқап” журналының қалай шыққандығын оның шығарушысынан артық ешкім білмейді. Екіншіден, егер журнал шығаруға шынымен бір топ қазақ зиялылары мен татар достары, немесе орыс революционерлері белсенді көмек көрсетсе, онда не бары бір жылдан соң, М. Сералин олардың бәрін ұмытып, журнал шығаруды жалғыз бастадым деген болар еді. Кейін, журналдың шығып тұруына көмектескен адамдарға өз ризашылығын білдіріп жазған М. Сералиннің мақалалары соның дәлелі.

М. Сералиннің өз ұлтының тарихындағы ана тілінде бірінші рет журнал шығару сияқты үлкен іске жалғыз кіріскендігін оның замандастары да растайды. Мысалы, “Айқап” журналының алғашқы жылдарындағы белсенді авторларының бірі Азамат Алашұлы (М. Дулатов - Қ.А.) ол туралы: “Троицкіде Мұхамеджан Сералин деген жігіт қазақ халқына қалай етсем пайда келтірем деп жүргендіктен болса керек... тәуекел етіп айына бір мәртебе “Айқап” журналын шығара бастады. Білімі де, байлығы да қатар жүрген жігіттерден артық емес шығар, оның жалғыз үміті жоқтан бар етіп, бастап жіберейін, онан соң жұрт өзі көтеріп әкетер деп ойлаған шығар, - деп жазды (342).

Демек, шындық солай болған. “Алты миллиондай халықтың ортасында бір журналдың яки бір газеттің жоқтығы “М. Сералинді,

тәуекелге бел байлап, журнал шығаруды жалғыз бастауға итермелеген. Әрине, ол М. Сералинге журнал шығаруына және оны үзбей шығарып тұруына мүлдем ешкім көмектескен жоқ деген сөз емес. Жаксы істің басталуына, оның іске асуына әрдайым тілектестер мен мүмкіндігінше көмек көрсететіндер табылатындығы сияқты, М. Сералинге де тілектес болып, оған қол үшін бергендер болды. Журнал шығысымен халық оны жылы қабылдады. Жан-жақты көмек көрсетті. Көптеген адамдар журналдың үзбей шығып тұруына өз үлестерін қосты.

Журналдың шығуына бір жыл толуына арналған мақаласында М. Сералин: “Сөз соңында жыл бойынша журналдың тоқтамай шығуына себеп болған мырзаларға “Агла риза болсын” айтпай қала алмадық. Әуелі, мәтбуғат қожасы Сосновскийге арзан бағамен журналымызды басып нәм білген мәслихаттарын айтып жәрдемдескеніне. Екіншіден, Тәңірберген Тұрысбеков, Сәдуақас Шорманов, Ғабділрахман Жүсіпов... жәрдем еткен үміт иелеріне. Үшінші, бір жылдан бері тынбай сөз жазып келе жатқан шәкірттерге” - деп жазды (343).

Бұл жолдардан М. Сералиннің “Айқап” журналын шығарып тұруға көмектескендердің ішінен бірінші етіп Сосновскийді атағандығын көреміз. 1907 жылы шыққан “Қазақ газетін” шығарушы да Х. Сосновский болғандығы белгілі. Олай болса қазақ тілінде шыққан тұңғыш бейресми газет пен журналдың шығуына көмектескен Х. Сосновский кім? - деген сұрақтың туары занды.

Хаим Шулевич Сосновский, ұлты еврей. Троицкі қаласының мешаны (344). Алты жылдан астам Троицкіде шығып тұрған “Степь” газетінің редакторы болған. Сол қаладағы “Энергия” баспаханасының иесі (345).

“Степь” газеті өзінің демократиялық бағытымен Орынбор губерниясына танымал болған патша жандармериясының қатаң бақылауында шығып тұрған газет. Үкіметке қарсы мақалалар жариялаған көптеген сандары тәркіленген. 1915 жылдың 13 наурызындағы генерал-губернатордың атына жазған Орынбор казак әскерінің үшінші бөлімінің атаманының № 362 хатында: “Долгом считаю обратить внимание Вашего Превосходительства на высшей степени вредное направление издающейся в городе Троицке евреем Хаимом Сосновским газеты: “Степь”.

Газета эта по видимому поставила своей целью систематически

роить в глазах простого народа, в среде которого она распространяется, уважение к церкви и ее представителям и уважение к общественной и правительственной власти вообще. С этой целью она выискивает в газетах левого направления соответствующие статьи и выдержки из них помещает на своих столбцах” - делінген (346).

Осы мәлімдеменің негізінде Орынбор генерал-губернаторы, генерал-лейтенант Н. А. Сухомлиновтың 1915 жылғы 28 мамырдағы жарлығымен 6 жыл бойы шығып тұрған “Степь” газетінің басылуы тоқтатылған (347).

Демек, Х. Ш. Сосновский газет бетінде жүйелі түрде “шіркеу мен оның өкілдеріне, жалпы қоғамдық және үкімет билігіне қарсы бағытталған материалдарды іздеп тауып жариялап отырған” солшыл ағымдағы; прогрессивті көзқараста болған адам. Оның қазақ тілінде бейресми басылымдар шығаруға көмектесуі де сол қоғамдық позициясынан туындауы мүмкін. Қалай болғанда да Х. Сосновскийдің қазақша басылымдар шығаруға өз үлесін қосқаны рас. Сондықтан ол қазақ баспасөзінің тарихынан өз орнын алуы тиіс.

“Айкап” журналының шығарылу тарихына қатысты кейбір мәліметтер “Оренбургский край” газетіндегі 1912 жылы жарияланған “Мусульманская печать” деген редакциялық мақалада да кездеседі. Онда: “Киргизский двухнедельный общественно-политический журнал “Айкап” представляет собой в высшей степени самобытное и по характеру и по типу издание. Редактором названного журнала является коренной степняк-киргиз М. Сера-лин, редко одаренная натура, совмещающая талант организатора, публициста и духовного вождя. Это киргиз по духу и крови!... Пять дней в неделю он проводит у себя за работой в ауле, а на шестой день приезжает в город для редакционной работы. Зная его как человека мелкого достатка, просто удивляешься, как это можно осуществить солидный (до 4-5 листов) двухнедельник, имеющий небольшой тираж в 900-1000 экземпляров. Но это секрет только для тех, кто не постиг тайны того духовного родства, которое установилось среди киргизской интеллигенции, журналом и киргизской массы... Назвать этот журнал предприятием, основанным на коммерческих началах, было бы тягчайшей ошибкой. Это удивительно

выдержанный тип туземно-народного издания, являющегося лучшим показателем успехов культурной работы прогрессивной киргизской мысли” - деп, жазылған (348).

Мұндағы журналға қатысты бірімен-бірі байланысты мәліметтерді шартты түрде үш топқа бөлуге болды. Бірінші, журналды шығарушының жеке басына берілген мінездеме. Оның журнал шығарушысы, редакторы, авторы ретіндегі қасиеттері, жұмыс істеу тәртібі. Екінші, журналдың көлемі мен таралуына қатысты мәліметтер. Үшіншісі, журнал шығарудың қазақ зиялылары, журнал және қазақ халқы арасында орнаған рухани туыстыққа негізделуі.

Әрине, “Айқап” журналының дерек көзі ретіндегі ерекшелігін айқындауда бұл мәліметтердің бәрінің де маңызы үлкен. Олардың қай-қайсысы да журнал жеткізген тарихи деректердің шынайылық дәрежесін, ғылыми құндылығын анықтауда зерттеушіге белгілі бір дәрежеде көмектесері даусыз. Дегенмен, “Айқап” журналын өз уақытының жемісі ретінде қарастыру үшін, соңғы үшінші топтағы мәліметтерге ерекше көңіл бөлу қажет деп ойлаймыз. Себебі онда журналдың басты ерекшелігі мен қатар, оның келешек тағдыры да айтылған. Мақала авторының, яғни “Айқап” замандасының айтуынша, журнал сол кезде кеңінен тарай бастаған нарықтық қатынасқа емес, қазақ арасындағы дәстүрлі рухани жақындыққа негізделген, түземдік-далалық басылымның ерекше бір түрі. Біздің ойымызша бұл тұжырым негізсіз де емес.

Кеңестік тарихнамада айтылғандай, журналдың өзімен қатар шығып тұрған “Қазақ” газетінен басты айырмашылығы таптық идеялық позицияларында емес, олардың қаржылық негіздерінің екі түрлі құрылуында, қаржы көздерін екі түрлі жолдармен іздестірілуінде болды. Басқаша айтсақ, басылымдарды қаржыландырудың уақыт талабына сай нарықтық негізде жүргізілуінде, немесе, керісінше уақыт талабына сай жүргізе алмауында болды.

XX ғасыр басындағы ұлт алдында тұрған мәселелерді ұлттық деңгейде көтеріп, ұлттық көлемде қоя білген, сондықтан ұлттық басылым деген ұғымға толық сай келетін екі басылымның бірінің әлемдік соғыстың басталуына байланысты туындаған қиыншылық қыспағына шыдай алмай өз шығуын тоқтатуы, екіншісінің, сол қиыншылыққа қарамастан шығуын жалғастыруы қайсысының дұрыс жол тандай білгендігін көрсетіп берді.

Сонымен, қорыта айтсақ, “Айқап” журналы М. Сералиннің бастамасымен соның ерлікке тең еңбегінің арқасында және соның қаражатына 1911 жылдың 10 қаңтарынан бастап Троицкі қаласында Х. Сосновскийдің “Энергия” баспаханасында шыға бастаған. Көлемі 4-5 баспа табақ, таралымы 900-1000 дана. 1915 жылдың қыркүйегіне дейін барлығы 88 саны жарық көрген. Кей жылдары 12-14, кей жылдары 24 нөмірге дейін шыққан. Тұңғыш журналдың неліктен “Айқап” атануы туралы М. Сералин: “Біздің қазақтың неше жерде “қап” деп қапы қалған істері көп. “Қап” дегізген қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз да өкінішімізге ылайықтап “Айқап” болды” - дейді (349). Журналға келіп түскен хаттарға қарағанда ол қазіргі Қазақстан, Қырғызстан территориясына түгел дерлік және Ресейдің біраз бөлігіне тараған.

Кезінде қазақ қоғамында ұлттық сананың оянуына әсер етіп, “...қалың орманға кіріп, адасқан адам секілді, қалай жүрсе жөн боларын білмей дағдарған кезінде” - (350) қазағына жол сілтеген “Айқап”, бүгінгі күні ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының өзіндік орны бөлек дерек көзіне айналып отыр. “Айқаптың” деректік маңызы туралы С.З.Зиманов: “Ни один исследователь истории культуры Казахстана и идейного движения не может обойти журнал “Айқап” как письменный памятник и источник сведений о различных сторонах жизни казахского общества, в том числе социально-экономической и идейно-политической” - деп, өте дәл көрсетті (351).

Дегенмен, “Айқап” журналын дерек көзі ретінде талдауда, ондағы мәліметтерді тарих дерегі ретінде қарастыруда Ү. Субханбердина дайындаған “Айқап” бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар” атты мазмұндалған библиографиялық көрсеткішінің алар орны ерекше екендігін айтуымыз керек. Ә. Марғұланның сөзімен айтсақ, көрсеткіш: “Революцияға дейінгі мерзімді басылымның мазмұнымен танысып, бай да ерекше деректер әлеміне еруге көмектеседі” (352).

Көрсеткіш бірінші рет 1961 жылы жарияланды. Ол Ү. Субханбердинаның осы салада жарияланған алғашқы еңбегі еді. Бір қызығы, егер журнал патша өкіметінің жергілікті әкімшілік орындарының қатал бақылауымен шыққан болса, оның тура жарты ғасырдан соң жарияланған библиографиялық көрсеткіші кеңес өкіметінің одан да қатал бақылауымен шыққан. Осылай

журнал мен оның көрсеткішінің арасында өзіндік тарихи сабақтастық пайда болды. Егер, журнал авторларды кезінде өз ойларын мақалаларында ашып айта алмай қиналса, көрсеткіште сол авторлардың біразының атын да атауға тыйым салынды.

1999 жылы шыққан “Қазақ халқының атамұраларында”, “Айқап” бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлардың” библиографиялық көрсеткіштерінің толықтырылып екінші рет басылуына байланысты Ү. Субханбердина: “1961, 1963 жылдары “Айқап” журналы мен “Түркістан уалаятының газеті”, “Дала уалаятының газеті”, “Қазақстан” газетінің бетінде басылған материалдарының мазмұндалған библиографиясы басылып шыққан болатын. Бірақ өкінішке орай, ол көрсеткіштерде Байтұрсынов Ахмет, Бөкейханов Әлихан, Дулатов Міржақып, Аймаутов Жүсіпбек, Жұмабаев Мағжан, Құдайбердиев Шәкәрім, Қарашев Ғұмар, Ақпаев Жақып, Баржақсин Ахмет, Бірімжанов Ахмет, Жанайдаров Мейрам, Жұбанов Құдайберген, Досмұхаметов Халел, Ермеков Әлмұхан, Қоңыратбаев Қалжан, Мәрсекөв Райымжан, Сейтов Асылбек, Тынышбаев Мұхаметжан, Шоқаев Мұстафа т.б. жазған ең құнды материалдары қысқартылып берілген еді”, - дейді (353).

Дегенмен, Ү. Субханбердинаның “Алаш” көсемдерінің атын атамай кейбір мақалаларын көрсеткіштің бірінші басылымына қосқандығын байқауға болады. Мысалы, “Арғынның” (М. Дулатовтың - Қ.А.) журналдың 1912 жылғы 6 санында жарияланған “Ай астында еш нәрсе басқарылмай тұрмақ емес” атты мақаласы, (354), авторын көрсетпей А. Байтұрсыновтың “Қазақ Һәм 4-ші Дума” деген мақаласы (355), Карагин М. Д. деген атпен М. Дулатовтың “Жиһангер Николай Степанов” деген мақаласы (356), Қол қойған “Маса” деп, А. Байтұрсыновтың “Кітаптар жайынан” деген мақаласын еңбегіне енгізген (357).

Ол туралы еңбек авторының өзі былай деп еске алады: “Қолжазба дайын болып редактор мұқият қарап шыққаннан кейін Главлито тексерді. “Қырағы көрегендер” кітаптың ішінен Ә. Бөкейхановтың, А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, Ш. Құдайбердиевтің, Ғ. Қарашевтің, М. Жұмабаевтың т.б. материалдарын жібермей алып тастады.

... Кітап шықпай қалатын болған соң айтқандарына көнуге тура келді. Қанша еңбек сіңіріп жинаған дүниенің ең құнды, маңызды

материалдарын қысқартып, күйрық-жалын күзегендей етіп шығаруға тура келді. Сөйтсе де, кейбір материалдардың авторын көрсетпей, немесе бүркеншік атымен, инициалымен жіберген кезім болды. Олар цензордың көзіне түспей, еңбектің редакторы “көрмеген” болып мен “білмеген” болып шығып кетті” (358).

Әрине, Ү. Субханбердинаның бұл “қулығын” сезіп қойып оны тиісті жеріне хабарлап үлгеретіндердің табылғандығы түсінікті. Көп ұзамай-ақ кітап авторы Ү. Субханбердина мен редакторы Есмағамбет Ысмайловты Қазақстан коммунистік партиясының орталық комитетіне, яғни “Үлкен үйге” шақырта бастады. Сол күндердің бірінде кітапқа араша түскендей болған профессор Б. Кенжебаевтың “Айқап” журналы туралы еңбек” деген мақаласы жарық көрді. Мақаланың өз тағдыры үшін шешуші роль атқарғандығы туралы Ү. Субханбердина: “Тұңғыш еңбегім туралы алғашқы сын мақала! Мақала болғанда қандай мақала! Бұл мақала мен үшін ажал оғын қағып жіберген періштенің қанатындай әсер етті” - деп жазды (359).

Аталған мақала “Қазақстан мұғалімі” газетінің 1961 жылғы 4 тамыздағы 32 санында басылған. Онда Б. Кенжебаев: “Қазақ тілінде революциядан бұрын шыққан газет-журналдарда көптеген мақала, хат-хабар жарияланған, елеулі мәселелер қозғалған. Қазақ халқының өткен-кеткені, тарихы туралы, сол кездегі саяси, шаруашылық, мәдени жағдайы, ғұрып-әдеті, салт-санасы, ізгі тілек-арманы туралы толып жатқан дәл, айқын ақпар-деректер берілген, талай күнды ой-пікірлер айтылған” - деп /360/, жалпы революциядан бұрынғы басылымдардың деректік маңызын жоғары бағалай келе: “Ал осындай деректерді, күнды ой-пікірлерді біздің бүгінгі оқушыларымыз бен зерттеушілеріміздің, ғылыми қызметкерлеріміздің бәрі бірдей жете біле бермейді. Себебі бізде қазақ тілінде революциядан бұрын шыққан газет, журналдар бетінде жарияланған мақалалар мен хат-хабарлардың библиографиялық көрсеткіштері жоқ, болған емес.

Міне, осы жағдайда Қазақ ССР Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының ғылыми қызметкері Ү. Субханбердинаның қазақ тілінде революциядан бұрын шыққан мерзімді баспасөздер бетінде жарияланған материалдардың көрсеткіштерін жасауы - қуанарлық іс” - деп Ү. Субханбердинаның еңбегін жоғары бағалаған (361).

Б. Кенжебаевтың осы мақаласының дер кезінде шығуы Ү. Субханбердинаның айтуынша, оны үлкен бір жазадан құтқарған. Сондықтан, ол өзінің құрастыруымен 1995 жылы кітап түрінде “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясының баспаханасында шыққан “Айқап” журналындағы материалдардың Жинағын профессор Бейсембай Кенжебаевтың рухына бағыштаған. Яғни, жақсылыққа жақсылықпен жауап беру үшін 34 жыл қажет болған. Себебі, “Айқап” журналының материалдар жинағын шығару тек тәуелсіз Қазақстан тұсында ғана мүмкін болды.

Жинақ бүгінгі күні көптеген зерттеушілердің ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан тарихына қатысты өздеріне керекті мәліметтерді еш қиындықсыз алып отыруларына мүмкіндік беретін дерек көзіне айналды. Онда, сонымен қатар, мақалалардың деректік маңызын ашуға көмектесетін “Айқаптың” белгілі авторлары туралы да құнды мәліметтер берілген. Дегенмен, біздің есептеуімізше, Жинаққа “Айқап” бетінде жарияланған материалдардың төрттен біріне жуығы ғана енген. Оған тарихи деректік мәні жоғары көптеген мақалалар енбей қалған. Ал оларды түпнұсқадан іздеп тауып, ғылыми айналымға енгізуге зерттеушілердің бәрінің бірдей мүмкіндігі жоқ. Сондықтан, “Айқап” журналының әрбір саны толық қалпына келтіріп, қазіргі жазуға лайықтап қайта жарияласа дұрыс болар еді.

Ұлттық бейресми басылымдар арасынан Қазақстан тарихына масында жиі айтылған басылымдардың бірі - “Қазақстан” газеті. М. Ысмағұловтың (362), Х. Бекхожиннің (363), Е. Нығметовтың (364), Қ. Аллаберген, Ж. Нұсқабайұлы, Ф. Оразайдың (365) т.б. еңбектерінде “Қазақстан” газетінің шығу тарихы, авторлары, көтерген мәселелері т.б. туралы біршама айтылған. Дегенмен, газет туралы жазған әр түрлі әдебиеттерді бір бірімен салыстыру газет тарихына қатысты кейбір мәліметтерді анықтай түсудің қажеттілігін көрсетіп отыр. Осындай әр жылдары шыққан еңбектерде әр түрлі айтылып жүрген мәліметтердің бірі “Қазақстан” газетінің шыққан жалпы саны туралы мәлімет.

Мысалы, зерттеушілер М. С. Бурабаев пен О. А. Сегізбаев ұлттық бейресми басылымдар арасындағы өзіндік орны бар “Қазақстан” газетінің 15 саны шыққан десе (366), З. Тұрарбеков газеттің қазақ және орыс тілдерінде шыққан сандарын қосып 36 рет жарық көрген дейді (367). Бұл, әрине, шындыққа ешқандай

сай келмейді. Себебі, газеттің орыс тіліндегі беттері жеке нөмір ретінде емес, қазақшасына қосымша ретінде беріліп отырған. Сондықтан оларды жеке нөмірге санау дұрыс емес.

“Қазақстан” газетінің қай жылы қанша нөмірі шыққандығы туралы Е. Нығметов: “Қазақстан” газетінің 1,2 нөмірлері 1911 жылы март, май айларында Орда қаласында жарыққа шықты. Сонан кейін осы жылы редакциясы Орал қаласына көшті де, Оралда газет нөмірін қайтадан 1-ші нөмірден бастап ноябрь, декабрь айларында № 1,2 сандары жарыққа шықты, сонымен 1911 жылы “Қазақстанның” барлығы 4 нөмірі шықты. 1912 жылы январь айында 3 нөмірі шықты да, осы жылдың июнь айына дейін барлығы 9 нөмірі жарық көрді. 1913 жылы январь-февраль айында 1,2 нөмірлері шықты” - дейді (368). Егер, Е. Нығметов көрсеткен сандарды қарапайым түрде бір біріне қоссақ ($4+9+2=15$), онда “Қазақстан” газетінің 15 нөмірі шыққан.

Дегенмен, зерттеушілердің көпшілігі “Қазақстан” газетінің 18 нөмірі шыққан деген пікір айтады. Мысалы, Х. Бекхожин “Қазақстан” газеті туралы айта келе: “Не бары 18 нөмірі шығып тоқтатылды” десе (369), Қ. Аллаберген, Ж. Нұсқабайұлы, Ф. Оразай: “Басылымның үш жыл ішінде 18 нөмірі жарық көрді” - дейді (370). Соңғы жылдары жарық көрген С.Өзбекұлының еңбегінде де: “Көп жылдар бойы “Қазақстан” газетінің саяси-құқықтық бағытын зерттеу барысында, біз Санкт-Петербург, Москва қалаларының кітапханаларында сақталған осы газеттің 18 санын ғана анықтадық” - делінген (371). Бірақ; бұлардың ешқайсысы да газеттің қай санының қай жылдары шыққандығы туралы ешнәрсе айтпайды.

Ал, шындығында “Қазақстан” газетінің бастапқы екі санының Ордада шыққаны, Оралда қайтадан бірінші нөмірінен бастап шыға бастағаны рас. Бірақ, 1911 жылдың қараша-желтоқсан айларында, Е.Нығметов айтқандай, Оралда екі емес, үш саны шыққан (15 қараша, 1 және 15 желтоқсан). Ал, 1912 жылдың 2 қаңтарынан бастап шыққаны газеттің үшінші емес, төртінші нөмірі. Сол жылдың 31 мамырына дейін барлығы 9 нөмірі шыққан (372). Газет қаражат жетіспеуіне байланысты біраз уақыт шығуын тоқтатып, тек 1913 жылдың 27 қаңтарында ғана қайта шыға алды. Ол туралы жаңа шыға бастаған “Қазақ” газеті: “Оралский қаласында он шақты нөмірі шығып тоқтаған “Қазақстан” жаңадан шыға бастады...

“Қазақстанның” 27 қаңтарда шыққан бірінші нөмірі басқармамызға келді” - деп жазды (373). Бірақ, газеттің қайта шыға бастауы да ұзаққа бармады. Сол жылдың 16 ақпанында шыққан екінші нөмірінен кейін газет өзінің шығуын біржола тоқтатты.

└ Сонымен, “Қазақстан” газетінің 1911 жылы 5, 1912 жылы 9, 1913 жылы 2 нөмірі шыққан. Газеттің әр нөмірінің шыққан жылы мен күнін көрсетіп, ондағы мақалалардың мазмұндалған библиографиясын жасаған Ү. Субханбердинаның еңбегі де соны дәлелдейді. Демек, “Қазақстан” газетінің барлық шыққан саны - 16. Газет бетіне жарияланған мақалаларға жасалынған барлық шолулар да сол нөмірлердің негізінде жасалынған. Бұл “Қазақстан” газетінің басқа нөмірлерінің болмағандығын толығымен дәлелдейді. Ал, газет таралымы туралы ешқандай мәлімет әзірге жоқ.

Жалпы, алғашқы қазақ басылымдарына қатысты әр түрлі көрсетіліп жүрген мәліметтер басқа да газет-журналдарға тән. Сондықтан, біз кеңес өкіметіне дейінгі қазақ басылымдарына қатысты мәліметтерді бір жүйеге келтіріп № 3 кестеде ұсынып отырмыз. Кестеде көрсетілген мәліметтер, негізінен, нақтыланып түзетілгенімен кестедегі сызықшалар алғашқы қазақ баспасөзіне қатысты көптеген мәліметтерді әлі де анықтау қажет екендігін көрсетеді.

Бір уақытта дерлік шыға бастаған “Айқап” журналы мен “Қазақстан” газетіне дерек көздері ретінде талдау жасау екеуіне де тән көптеген ортақ нәрселердің болғандығын көрсетеді. Ең бастысы олардың тек қазақтың тұңғыш бейресми мерзімді басылымдары ғана емес, сонымен қатар, бағыт-бағдарлары да ұқсас, бір бірімен үндес, және тағдырлас басылымдар болғандығын, көтерген мәселелерінің де, ұлт алдында тұрған міндеттерді шешудегі ұсынған жолдарының да бір болғандығын байқау қиын емес.

Мысалы, “Айқап” журналы өзінің 1912 жылы алдында тұрған міндеттері туралы: “Биылғы жылы “Айқап” журналының алдымен қолға алатуғын мәселесі былтырғыдай жер мәселесі болар... Жерден соңғы журналымыздың көп ой жүргізетуғын мәселесі таласу нәм партия болуды жоғалту хақында болар... Үшінші мәселеміз, оқу нәм оқыту хақында қалайынша тәрбиелер жасау керек, соларды қарастыру.

Төртіншіден, катын-қыздарымыздың кемшілікте тұрғандық-тарын халыққа ескерту” - деп жазса (374), “Қазақстан”: “Газеттің мақсат-міндеті: кәсіп айту, ғылым, өнер тұрғысында” - деп жазды (375).

Журнал мен газеттің мақсат-міндеттерінің бірлігі олардың мазмұн жағынан да жақын болуына әсер етті. Екі басылымға да тән ортақ тақырыптар: оқу-ағарту, білім беру, ғылым, өнер үйрену, жер, отырықшылық, әйел теңдігі, шаруашылық жүргізу, әдет-ғұрып, салт-дәстүр мәселелері, надандыққа және партиялық бүліншілікке қарсы күрес т.т. болды. Екеуінің де ғасыр басында ұлт алдында тұрған отырықшылыққа көшу, қала болып тұру, бас қосу сияқты қазақ зиялыларының арасында талас тудырған мәселелерде бір позицияда болғандығы белгілі. Және екеуі де қаражат жетіспеуіне байланысты өз шығаруларын тоқтатты.

Келтірілген мысалдар “Айқап” журналы мен “Қазақстан” газетінің бір бағытта болған, мақсат-міндеттері мен тарихы ортақ басылымдар болғандығын толығымен дәлелдейді ғой деп ойлаймыз. Оның тағы бір дәлелі кеңестік тарихнамада бұлжымас шындықты берік орнаған және журнал мен газет туралы жазуға, олардың беттерінде жарияланған материалдарға (таптық тұрғыдан болса да) біршама талдау жасауға мүмкіндік берген: “Қазақ баспасөзінің тарихында негізінде екі бағыт болды. Бірі - қазақ ағартушылары бастаған прогресшіл-демократиялық бағыт. Екіншісі - буржуазияшыл-ұлтшылдық реакцияшыл кертартпа бағыт. Демократ ақын-жазушылар “Қазақстан” газеті мен “Айқап” журналының төңірегіне топталды, буржуазияшыл ұлтшылдар “Қазақ”, “Алаш” газеттерін және басқаларын өздерінің кертартпалық идеяларының қаруы етті”, - деген тұжырымның қалыптасуы (376).

Әрине, ақпан төңкерісіне дейін қазақ тілінде шыққан не бары төрт басылымның екеуін “прогресшіл-демократ”, екеуін “ұлтшыл-кертартпа” деп бұлай бөле жарып қараудың уақыт талабынан туындаған, шындықтан тым алыс жатқан тұжырым екендігі түсінікті. Дегенмен, мына бір фактіні ескермеуге тағы болмайды.

Ұлт дамуын жол айрығына әкеп тіреген 1917 жылдың соңы мен 1918 жылдың басында, тұтас бір империя азаматтары бір бірімен қарама қарсы екі лагерьге бөліне бастаған тұста, Ресей орталығында басталған ол бүліншіліктің қазақ даласын да қамти бастаған кезінде, “Айқап” журналы мен “Қазақстан” газетінің

бұрынғы шығарушылары мен редакторларының және негізгі авторларының басым бөлігінің большевиктер партиясының жел сөзіне еріп, елде кеңес өкіметін орнату ісіне белсене араласқандары да, керісінше “Қазақ” газетінің маңына топтасқан ұлт зиялыларының большевиктер тарих аренасына шыққан күннен бастап, олардың сандырақ идеяларын әшкерелеп, кеңес өкіметіне қарсы соңына дейін күрескендері де рас.

Демек, “Қазақ баспасөзінің тарихында негізінде екі бағыт болғаны” тарихи шындық. Бірақ, кеңестік тарихнамада айтылғандай бағыттар емес, тіптен басқа, одан әлдеқайда тереңде жатқан, қазақ зиялыларының ішкі дүниетанымдарынан туындаған бағыттар болған сияқты. Біздің ойымызша, бұл өзін әлі терең зерттеуді қажет ететін күрделі қоғамдық күбылыс.

Сонымен, қорыта айтсақ, “Айқап” журналы мен “Қазақстан” газеті қазақтың шын мәніндегі тұңғыш бейресми мерзімді басылымдары бола білді. Екеуі де баспасөзге деген ұлттық қажеттіліктің, қоғамдық сұраныстың нәтижесінде пайда болды. Және екеуі де бүгінгі ғасыр басындағы қазақ тарихының өзіндік ерекшеліктері бар қайнар көздерін құрап отыр.

№ 3 кесте

Қазақ төңкерісіне дейін шыққан қазақ тіліндегі газеттер мен журналдар туралы мәліметтер

р/с	Аты	Шыққан уақыты, жері	Жабылған уақыты, себебі	Саны, таралымы	Сипаты	Шығарушылары	Редакторы және негізгі авторлары
1	“Түркістан уалаятының газеті”	1870 28 көкек Ташкент	1882 31 желтоқсан	323 200-250	ресми	патша әкімшілігі	Ш.Ибрагимов, Х.Жанышев, З.Әлібеков т.б.
2	“Дала уалаятының газеті”	1888 I қаңтар Омбы	1902 27 наурыз	704 1332	ресми	патша әкімшілігі	Е.Аблайханов, Д.Сұлтанғазин, Р.Дүйсенбаев, М.Ж.Көпеев т.б.

3	“Қазак газеті”	1907 28 ақпан Троицк	1907 патша үк.жапты	1 -	бей- ресми	Х. Сос- нов- ский	Ж.Андреев, Е.Иманбаев т.б.
4	“Серке”	1907 28 наурыз	1907 патша үк.жапты	2 -	бей- ресми	Ш. Қос- шығу- лов	М.Дулатов, Х.Ибрагимов т.б.
5	“Дала”	-	-	-	-	-	-
6	“Айкап”	1911 қантар Троицк	1915 қырк- үйек қаржы жоктығы	88 1000	үлттык бей- ресми	М.Се- ралин	М.Сералин, С.Дөнентаев, С.Көбеев т.б.
7	“Қазак- стан”	1911 16 наурыз Орда Орал	1913 16 ақпан қаржы жоктығы	16 -	бей- ресми	Е.Бүй- рин	Е.Бүйрин, Ш.Бөкеев, Ғ.Қарашев, Б.Қаратаев, С.Мендешев т.б.
8	“Қазак”	1913 2 ақпан Орын- бор	1918 16 қырк- үйек кеңес өк.жапты	365 3000 1600 8000	үлттык бей- ресми	М.Ора- заев 1913ж. “Аза- мат” серік- тігі 1914- 1918жж.	А.Байтұрсы- нов, М.Дулатов, Ә.Бөкейха- нов, Р.Марсеков т.б.
9	“Ешкім даласы”	1913 қырк- үйек Петро- павл		-	-	-	

10	“Алаш”	1916 26 қа- раша Таш- кент	1917 25 мамыр	22 -	бей- ресми	М.То- ғысо-	К.Тоғы- А.Баржаксин, Т.Жанбаев, Т.Жомарт- баев, Б.Майлин
11	“Тірші- лік”	1917 көкек Ақмола	1918 шілде	-	бей- ресми таптық	“Жас казак” ұғымы	Р.Дүйсенбаев, С.Сейфул- лин, А.Асылбеков, Б.Серікбаев т.б.
12	“Сары- арка”	1917 15 мау- сым Семей	1919 мамыр кеңес өк.жапты	80 -	ұлттық бей- ресми	“Тең- дік” серік- тігі	Р.Мәрсеков, Х.Ғаббасов, И.Әлімбаев, Ш.Керейбаев т.б.
13	“Бірлік туы”	1917 24 мау- сым	1918 5 көкек кеңес өк.жапты	29 -	ұлттық бей- ресми	“Бір- лік туы” серік- тігі	М.Шоқайұлы, С.Қожанов, Х.Болғанбай- ұлы т.б.
14	“Ұран”	1917 Астра- хан	кеңес өк. жапты	-	бей- ресми		А.Мұсаұлы
Төңкерістен кейінгі бейресми газеттер							
15	“Үш жүз”	1917 желтоқ- сан Петро- павл	-			“Үш жүз” пар- тиясы	К.Тоғысов Ш.Әлжанов

16	“Абай”	1918 4 ақпан Семей	1919 кеңес өк.жапты	11 900	бей- ресми	“Уақ қарыз” қауы- мы	Ж.Аймауы- тов, М.Әуезов, С.Торайғы- ров, Ш.Кудайбер- диев т.б.
17	“Жас аза- мат”	1918 30 шілде Қызыл- орда	1919 5 ақпан кеңес өк.жапты	22 -	бей- ресми жастар ұйымы	“Жас аза- мат”	Қ.Кеменгер- ұлы, Б.Малдыбай- ұлы, Б.Мырзалы- ұлы т.б.

4 "ҚАЗАҚ" ГАЗЕТІ - ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ

4.1 "Қазақ" газетінің шығуы, қалыптасуы және деректік ерекшелігі

Өмір айнасы деген атаққа ие болған мерзімді басылымдардың басқа жазба деректерден ерекшелігі сонда, олардың беттерінде мерзімділігіне байланысты қоғамда болып жатқан әр алуан оқиғалар мен құбылыстар болған уақыттарына қарай әр түрлі дәрежеде бейнеленеді. Ол бейнелер, яғни құбылыстың сөздік суреттемелері тасқа басылу тәсілі арқылы газет-журнал беттерінде бекітіледі. Сөйтіп, болған уақиға не құбылыс туралы мәлімет баспасөз бетінде ұзақ уақыттар бойы сақталу мүмкіндігіне ие болады. Екіншіден, кез келген уақиға мен құбылыс белгілі бір кеңістік пен уақытта болатындықтан, сол құбылыстар негізінде пайда болған объективті дерек ретінде, баспасөз материалдары өз бойларында өзі дүниеге келген жері мен уақытының, яғни белгілі бір тарихи кезеңінің ерекшеліктерін де сақтайды. Осылай, мерзімді басылымдар жазба тарихи деректің бір түрі ретінде келешек ұрпаққа оқиғамен қатар сол оқиға болған елі мен жері және уақыты туралы да мәліметтер жеткізеді.

Сонымен қатар, газеттер мен журналдар нақты субъектердің (басылымды шығарушы, редакторы, автор т.б. – Қ.А.) саналы іс әрекеттерінің жемісі ретінде дүниеге келгендіктен, яғни оларда салынған ақпарат сол нақты субъектердің дүниеге көзқарастары арқылы енгендіктен, сол субъектің не субъектердің қоғамдағы орнына, әлеуметтік және таптық позициясына байланысты белгілі бір топтың, таптың не саяси ұйымдар мен партиялардың, кейде тұтас бір ұлттардың да тарихы туралы мағлұматтар береді.

1998 жылдың басында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің "Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын" деген еңбегінде "Тегінде тарихи сабақтастық пен заңдылықтарды әркім өзінше түсініп-түйсінеді, яғни өз елі, өз халқы өткен жолдың байыбына әр адам өзінше барады. Мұнда бәріне ортақ, әрі бәріне де жарамды әмбебап әдістеме жоқ және болуға да тиіс емес. Тарихтың соншама бай, сан қырлы болып келетіні сияқты, танымның жолы да сан тарау" (377) – деп жазды.

Осындай біздер үшін өз еліміздің, өз халқымыздың өткен жолының байыбына апаратын танымның тек бізге ғана тән жолдарының бірі, ол – ғасыр басында шығып тұрған ұлттық басылымдарды тарихи дерек көзі ретінде пайдалану. Оларды зерттеп зерделеу, тарихи дерек көзі ретінде талдау, олардағы мәліметтерді синтездеу.

Тарих сияқты тарихи деректердің де, олармен айналысатын тарихи сынның да әр алуандылығы туралы белгілі орыс тарихшысы, "Тарихи деректану" курсы бойынша Москва университетінде туңғыш дәріс оқыған профессор В. О. Ключевский, өзінің 1888 жылы оқыған дәрісінде, тарихи сын қосымша ғылым ретінде барлық жерде бірдей болуы керек пе, әр түрлі материалдарға бірдей тәсіл қолданылып, бірдей мақсат қойылуы қажет пе, немесе әр халықтың өзінің ерекше тарихы болатындығы сияқты ерекше, жергілікті тарихи сын болуы мүмкін бе деген сұраққа, жергілікті, өзіндік ерекшелігі бар тарихи сын қажеттігін дәлелдей келе: "Эта необходимость вытекает из тесной связи задач и приемов исторической критики со свойством исторических источников, а эти источники не везде однородны" (784) – деп жауап берді.

Міне осындай, қазақ халқына ғана тән, өзіндік жергілікті ерекшелігі мол, төл деректеріміздің бір тобын, жоғарыда айтылғандай, қазан төңкерісіне дейінгі ұлттық мерзімді басылымдар құрайды. Олардың ішінде "Қазақ" газеті де бар.

Қазақстанның ХХ ғасырдың басындағы тарихын зерттеуде "Қазақ" газетінің тарихи дерек көзі ретінде алар орны ерекше екендігіне, оның ғылымға берер мағлұматтарының құндылығының жоғары екендігіне бүгінгі күні бәріміздің де көзіміз жеткен сияқты. Кеңестік тарихнаманың "Қазақ" сияқты қазақ тарихының деректік мөлдір көзінің бірін, 70 жылдан астам уақыт бойы, ғылым үшін жауып тастағандығы ұлттық тарих ғылымына өлшеусіз зиян келтіргендігін дәлелдеп жатудың қажеті болмас деп ойлаймыз.

Қазақ аспанын қара бұлттай торлаған қара түнек патшалық дәуірде дүниеге келіп, ақын айтқандай: "қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам" деген газет туралы, "Ақиқат" журналы: "Қазақ" өзі өмір сүрген бес жыл ішінде талай күрделі құбылыстардың, қоғамдық сілкіністердің куәсі болды. Бір ғана қолдың саусағымен

санауға болатын жылдар ішінде бір емес бірнеше ұрпақтың ғұмырына жетерліктей оқиғаларды басынан өткерді. Тарих үшін қас-қағым деп де айтуға келмейтін уақыт аралығында бірнеше ғасырға татырлық өзгерістерді басынан кешірді.

Атап айтсақ, "Қазақ" екі жойқын соғыстың (I дүниежүзілік және азамат соғыстары), 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің, екі қоғамдық-саяси төңкерістің (ақпан және қазан), төрт саяси биліктің (патша өкіметі, Уақытша үкімет, Алаш Орда үкіметі, кеңес өкіметі) куәсі болды" (379) – деп жазды.

Біздің бұған қосарымыз "Қазақ" тек аласұрған заманның, аласапыран оқиғалардың сырттан қараған бақылаушысы ғана болып қойған жоқ. Ол сол буырқанған оқиғалардың бел ортасында жүрді. Қайнаған құбылыстар барысын суретке түсіргендей өз беттерінде бейнеледі. Олар туралы мәліметтерді тасқа басып өз беттерінде қаттады. Сөйтіп "Қазақ" қазақ өмірінің аса бір күрделі кезеңінің шежіресіне, баға жетпес дерек көзіне айналды.)

Большевиктік-коммунистік саяси басқару жүйесінің, уақыт сынына шыдамай, тарих аренасынан кетуі және КСРО сияқты алып империяның көз алдымызда күйреуі нәтижесінде еліміздің тәуелсіздік жолына түсуіне байланысты туындаған қазақ халқының ғылыми тарихын қайта жазудың объективті қажеттігі, жалпы тума төл деректерімізге, оның ішінде ұлттық бейресми басылымдарға, әсіресе "Қазақ" газетіне деген қызығушылықты тудырды. Тәуелсіздікке қол жеткізген бірнеше жылдың ішінде ғана "Қазақ" газеті материалдарын кеңінен пайдалану негізінде бір докторлық және бірнеше кандидаттық диссертациялар қорғалды, ғылыми-зерттеу еңбектері жарияланды. Осындай еңбектердің бірінде, зерттеушілердің "Қазаққа" деген қызығушылығының себебін ҚР ҒА мүше-корреспонденті, профессор Кеңес Нұрпейісов: "Әңгіме болып отырған ұлттық баспасөз органдары қатарында "Қазақ" газетінің алатын орны ерекше. Өйткені ол басқа басылымдармен салыстырғанда ұзақ мерзім (1913-1918 жылдар) шығып, 265 саны жарық көрді. "Қазақты" дүниеге келтірген және оның тұрақты авторларының қатарында Алаш қозғалысының халық таныған жетекшілері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сияқты қайраткерлер болды. Осы азаматтар мен олардың сенімді серіктері "Қазақ" газетін жалпыұлттық басылым дәрежесіне көтерді", - деп түсіндірді (380).

Жұртшылыққа танымал қазақ ғалымының бұл пікірінің дұрыстығын соңғы жылдары "Қазақ" газеті материалдарының әр түрлі жолдармен, қазіргі оқырмандарға түсінікті етіліп, қайта басылып шығарыла бастауы да дәлелдейді. Бұл сол газетке деген жаппай қызығушылықты қанағаттандыру мақсатында жасалынып отырған шара екендігі белгілі. Мысалы, 1993 жылы Үшкөлтай Субханбердинаның "Қазақ", "Алаш", "Сарыарқа" атты мазмұндалған библио-графиялық көрсеткіші шықса, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтардың "Қазақ" газетінде кезінде жарияланған мақалалары олардың жеке жинақтарына енді. 1998 жылы "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы газет материалдарының жинағын кітап түрінде жарыққа шығарды. Сонымен қатар, "Ақиқат" журналы өзінің 1998 жылғы үшінші санынан бастап "Мұра" айдарымен газет мақалаларынан, сандық және жылдық ретін сақтап, үзінділер жариялай бастады. Осындай, жан-жақты жүргізілген шаралардың арқасында "Қазақ" газетімен танысуға тек зерттеушілер ғана емес, өз халқының өткені қызықтыратын жалпы оқырмандар да мүмкіндік алды. Әрине, "Қазақтан" әркім алдымен өзіне керегін іздері даусыз. Дегенмен, оның газет ретіндегі ең басты құндылығы қазақ тарихының аса бір күрделі кезеңінің маңызды жазба деректерінің бірі екендігінде ешкімнің таласы жоқ деп ойлаймыз. "Қазақ" газетінің тарихшы ғалымдар үшін басты құндылығы туралы М. Қойгелдиев: "... газет материалдары ХХ ғасырдың алғашқы жиырма жылдығындағы қазақ қоғамындағы болып өткен түрлі қоғамдық процестерді зерттеп тану үшін аса бағалы деректер болып табылады" (381) — деп жазды.

Дегенмен, тарихи дерек көзі ретінде "Қазақ" газеті де тарихи сыннан өткізуді қажет етеді. Себебі басқа да тарихи деректер сияқты, "Қазақ" та әлеуметтік сұраныстарға сай, нақты тарихи жағдайда, өзін қоршаған қоғамдық-саяси ортада, белгілі бір субъектердің саналы іс әрекеттерінің жемісі ретінде пайда болған объективті дүние. Сондықтан, газеттің жарыққа шығуының объективті тарихи алғышарттарын және оның шығарушыларының қоғамдық позициялары мен әлеуметтік жағдайларын терең білудің ондағы мағлұматтардың ғылыми ақпараттық және танымдық маңызын ашуға көмектесері даусыз.

Бұл жерде зерттеушілердің "Қазақ" газетінің мазмұнына түбегейлі әсер еткен үш түрлі тарихи кезеңде шығып тұрғандығын

ұмытпағаны дұрыс. Қалыпты объективті жағдайдың өзгеруі газеттің бағыт-бағдарына да, оның алдына қойған мақсатына да, мақалалардың мазмұнына да әсер етуі заңдылық. Аз-ғана уақыт аралығында елімізде болып өткен түбірлі қоғамдық өзгерістер "Қазақты" да осындай өзгерістерге ұшыратты. Мысалы, 1913 жылдың ақпанында дүниеге келіп патшалық самодержавие тұсында 4 жыл бойы шығып тұрған "Қазак" пен 1917 жылдың ақпанынан кейінгі "Қазақтың" арасында үлкен айырмашылық бар болса, қазан төңкерісінен кейінгі "Қазақтың" мазмұны да, тарихы мен тағдыры да тіптен бөлек. Демек, "Қазақты" тарихи дерек көзі ретінде қарастырғанымызда осы айырмашылықтарды ескеруге тиіс боламыз.

XX ғасырдың басындағы ұлттық бейресми басылымдарға деген қоғамдық қажеттілік пен олардың пайда болуының тарихи алғышарттары туралы алдыңғы тарауларда айтылды. "Қазақта" солардың бірі ретінде пайда болған еді. Дегенмен, оның өз тарихы, пайда болып өмір сүруінің өз ерекшеліктері де жоқ емес.

"Қазак" сияқты, казак баспасөзі тарихында әлі бірде бір басылым көтеріліп көрмеген биікке көтерілген, сөздің шын мағынасында, жалпыұлттық сипатқа ие болған газет шығару үшін үлкен дайындық, көптеген адамдардың бірігіп еңбек етуі қажет болды. Ол туралы тарихшы М. Қойгелдиев: "Ә. Бөкейханов және А. Байтұрсынов бастаған белсенді топтың жалпыұлттық газет шығару ісін 1905 жылдан бастап қолға ала бастады" (282), — деп, олардың нақты атқарған істеріне тоқтай келе: "Егер қорықта айтсақ, "Қазак" газеті, белгілі бір дәрежеде, сол кезеңдегі ұлт-азаттық қозғалысының ең белсенді қайраткері А. Байтұрсынов және М. Дулатовтың үлкен еңбегінің ортақ жемісі еді" (383) — деген әділетті пікір айтады.

Қазақтардың күнделікті мұқтажын айқындап отыру үшін қазақ тілінде газет шығару қажеттілігі туралы айтып, өкімет алдына талап қойған 1905 жылғы Қарқаралы петициясы мен, тікелей "Қазак" газетін шығару ісіне кіріскенге дейін едәуір уақыт қажет болды. Себебі, 1905-1907 жылдардағы қазақтарды да қамтыған саяси толқуларға басшылық жасап, белсенділік көрсеткен келешек газет шығарушылар патша жандармериясы тарапынан саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Жоғарыда аталған "Алаш" көсемдерінің үшеуі де әр түрлі уақыттарда тұтқындалып, бірінен кейін бірі,

Семей түрмесіне жабылды. Аса қауіпті саяси қылмыскерлер ретінде Қазақстаннан тыс жерлерге жер аударылды. Тек, осындай тар жол тайғақ кешулерден кейін ғана, 1910 жылдан бастап, олар газет шығару ісімен тікелей айналысуға мүмкіндік алды. Зерттеуші Ө. Әбдиманов "Қазақ" газетін шығарудағы А. Байтұрсыновтың ұйымдастырушылық істерін айта келе: "Егер оның Орынборға 1910 жылы наурызда келгенін ескерсек, газет шығару дайындығына аттай үш жыл кеткенін аңғарамыз", – дейді (384). Сонымен, "Қазақ" жалпыұлттық сұранысқа сай, оның шығарушыларының бірнеше жылдарға созылған дайындық жұмыстарының нәтижесінде дүниеге келген газет. Оның барлық алғышарттары пісіп жетілген табиғи іс ретінде пайда болғандығы туралы Міржақып Дулатов: "Қазақтың" шығуы толғағы жеткен баланың тууындай еді" – деп, дәл айтты (385).

"Қазақ" газетінің пайда болуы және оның қайта шығуы туралы Тіней Оразайдың Мұртазасының Файзолласы: "Газеттің 80 жылдығына арнап баяғы 265-санынан кейінгі 266-санын шығаруға ниет етіп отырмыз.

Жалпы бұлай етуге бүгінгі Оразай әулетінің моралдық хұқы бар деп білеміз. Өйткені, "Қазақ" газетін шығару идеясы Ахмет Оразаевтікі болғанын, сол Ахмет Оразаев аулына Міржақып Дулатов барғанда осы кісі тарапынан идеяның мақұл тапқанын және Оразаев Ахметтің газетті шығаруға қаржы беріп, құрылтайшылық еткенін газет тігіндісі де, Орынбор генерал-губернаторлығының құжаттары да дәлелдеп отыр" – дейді (386).

Әрине, Ахмет ишан Оразаевтың "Қазақ" газетін шығаруға қаржылай көмек көрсеткенін, Мұстафа Оразаевтың алғашқы құжаттарда газеттің бастырушысы ретінде көрсетілген, сөйтіп Оразай әулетінің "Қазақ" газетін шығару сияқты ұлт ісіне өз үлестерін қосқандығын ешкім жоққа шығармайды. Дегенмен, мақала авторының "Қазақ" сияқты ұлттық мұраның пайда болу идеясын өз атасына таңуын, түптеп келгенде бүкіл "Қазақты" өз әулетінің "қайта тірілтуге" (мақалада солай жазылған – Қ.А.) құқы бар, меншігіне айналдыру ниетін қолдай алмаймыз.

Біріншіден, газет шығару идеясы бір адамның ойына келіп (мейлі ол ел силаған қадірлі адам болсын) екінші адамға (мейлі ол ұлтым деп еңіреген азамат болсын) айтқандығынан "Қазақ" сияқты ұлттық дәрежедегі газет шыға бастады деу мәселеге тым

үстірт қарағандық болар еді. Дәлірек айтсақ, ол ғылыми тұжырым емес, жай пендешілік.

Ұлттық көлемдегі газет шығару идеясының XX ғасыр басындағы Алаш зиялыларының ортақ идеясы екендігін, ол идеяның өмірлік қажеттіліктен туындағанын жоғарыда айттық.

Екіншіден, "Қазақтың" қайта шығуына келсек — 1993 жылдың 11 ақпанда "Егемен елдің ерікті газеті" деген айдармен "Қазақтың" кезекті 266 санының шыққанын көріп қуанғанымыз рас. Бірақ, көп ұзамай "Қазақ" "Қазақ үніне" айналды. Ал, ең бастысы, бұл "Қазақтың" ол "Қазақ" емес екендігі сезіле басталды. Газетті бастырушы Оразай тегінің табылғанымен, "Қазақты" "Қазақ" еткен, оның жаны мен тәнін құраған А.Б., М.Д., Қыр баласының (Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейхановтардың "Қазақ" газетінде жиі пайдаланған бүркеншік аттары — Қ.А.) табылмағандығына көзіміз жетті.

Біздің субъективті пікірімізше, өзін қаншалықты сол "Қазақтың" тікелей жалғасымын демесін, оның таңбасын (әрбір қазаққа ыстық көрінетін киіз үйдің суретін) пайдаланбасын, газеттің қалыптасқан дәстүрін сақтап, әр жылдың ақпанында "... енді біз онға немесе он бірге аяқ бастық" — деп жазбасын, өзінің әр жаңа санына бұрынғы "Қазақтың" санын жалғастырып баспасын бәрібір бұл "Қазақ" ол "Қазақ" бола алмады. Олай болуы мүмкін де емес еді.

Сондықтан, ол "Қазақты" қайта тірілтуге әуреленбей-ақ, оған мәңгі сақталар ұлт мұрасы ретінде қастерлеп қарасақ, ал "Қазақ үні" өзінің бет-бейнесін тапса дұрыс болар еді деп ойлаймыз.

Газеттің болашақ редакторы Ахмет Байтұрсыновтың "Қазақты" неліктен, басқа емес, Орынбор қаласында шығармақ болғандығын зерттеушілер мынадай факторлармен түсіндіреді: біріншіден, Орынбор шығыс пен батысты жалғастырып тұрған ірі мәдени-сауда орталығы, екіншіден, онда араб графикалы, қазақ тілінде газет шығаруға қолайлы бірнеше татар баспаханалары бар (387). Өмір А. Байтұрсыновтың бұл шешімнің дұрыстығын толығымен дәлелдеді. Орынбор көп ұзамай бүкіл қазақтың ақыл-ойының орталығына айналды.

Сонымен, ұзақ жылдарға созылған алдын ала жүргізілген жан-жақты дайындықтардан кейін "Қазақ" 1913 жылдың 2 ақпанынан бастап Орынбор қаласында шыға бастады.

Сол жылдардағы басқа да ұлттық бейресми басылымдар тәрізді "Қазақтың" да жарыққа шығуы сол жылдардағы басқа да ұлттық бейресми басылымдар тәрізді, тиісті мекемелерден газет шығару үшін рұқсат сұрап арыз беруден және сол мекемелердің келешек газеттің бағдарламасын бекітіп, нақты тұлғаларға рұқсат еткен куәлік қағазынан басталады. Мерзімді басылымдарды тарихи дерек ретінде пайдаланушылар үшін арыздың да, куәлік қағаздың да бағалы құжат екендігі, олардың басылым тарихынан мәлімет беретін деректік маңызы туралы алдыңғы тарауларда айтылды. Сондықтан, Ү. Субханбердинаның Ленинградтағы (қазіргі Санкт-Петербург қаласы – Қ.А.) орталық мемлекеттік мұрағат қорынан тауып жариялаған, ішкі істер министрлігінің рұқсат қағазының, ұлт үшін орыны бөлек "Қазақ" газетінің тарихынан күнды мәліметтер беретінін, оның бағыт-бағдарының ерекшеліктерін анықтауға көмектесетіндігін ескеріп, мұны да түпнұсқа қалпына келтірейік.

"Дело III отделение Канцелярии Главного Управления по делам печати. По издании в гор. Оренбурге на киргизском языке газеты "Казах" (киргиз) МВД Военного Губернатора Уральской обл. 5 января 1913 г.

Согласно циркулярному распоряжению от 9 декабря 1905 года за №14508 уведомляю Главного Управления, что мною одновременно с этим разрешаю киргизу № 8 аула Кзылжингильской волости Тургайской области Мустафе Ахмедовичу под ответственным в полном объеме, редакторством киргиза №5 аула Тусунской волости Тургайского уезда Ахмета Байтурсунова в г.Оренбурге еженедельную газету на киргизском языке, под названием "Казах" (Киргиз) по следующей программе: 1. Указание и правительственные распоряжения. 2. Работы Государственной Думы и Государственного Совета. 3. Внешние и внутренние известия. 4. История и быт киргиз. 5. Этика, история, этнография и культура. 6. Экономия: торговля, сельское хозяйство, скотоводство. 7. Народное образование: мектебе, язык и литература. 8. Гигиена, медицина и ветеринария. 9. Фельетоны. 10. Корреспонденция и телеграммы. 11. Местная хроника. 12. Иллюстрации. 13. Почтовый ящик. 14. Объявления" (388).

Куәлік қағаздарда жазылғандай, газеттер үшін бағдарламаның бірінші пункті, Үкімет жарлықтары мен шешімдерін жариялаудан.

Мемлекеттік Дума мен Мемлекеттік Кеңестің жұмыстары туралы жазудан басталса, журналда ондай талаптар жоқ. Ол журналдың мерзімді басылым ретіндегі ерекшелігінен туындаған болуы керек.

Ал, осы құжаттағы "Қазақ" туралы нақты мәліметтерге келсек, онда, бұл құжаттан газет шығаруға рұқсаттың қандай орындардың, қандай заңның негізінде бергендігін білумен қатар, келешек газеттің шығарушысы М. А. Оразаев, редакторы А. Байтұрсынов екендігін де көреміз.

Басқа да куәліктердегідей, мұнда да келешек газеттің нақты бағдарламасы бекітілген. Егер, "Бәрі де салыстыру арқылы танылады" – деген қағидаға сүйенсек, онда келешек "Қазақ" газетінің бағдарламасының басқалардан өзінің ауқымдылығымен ерекшелінетіндігін байқау қиын емес. Бағдарламаның халық өмірінің барлық саласын қамту мақсатында, жан-жақты ойластырылып жасалынғандығын аңғаруға болады.

Газеттің тарихы мен деректік ерекшелігін тереңірек түсінуге көмектесетін куәлік қағаздың соңындағы жолдарға көңіл аударайық. Онда: "Печататься газета будет в Оренбурге в типографии товарищества Каримов, Хусаинова. Подписная цена на газету в год – 3 руб. На полгода – 1 руб. 75 коп. На 3 месяца – 1 руб. Отдельный номер - 5 коп.

Губернатор генерал-лейтенант Подп. Сухомлинов" – делінген (389).

Бұдан ресми орындардың келешек газеттің қайда, кімнің баспаханасында шығатындығын және тіпті оның нақты бағасына дейін бекітіп бергендігін көреміз.

"Қазақ" газеті осы куәлік негізінде екі жылдай шығып тұрды. Газетті жаздырып алушылар мен оған ақшалай көмек көрсетушілердің қаржысына шығып тұрған газет, сол жылдардағы "Айқап" журналы мен "Қазақстан" газеті сияқты, үнемі қаражат тапшылығын көрумен болды. Мұндай жағдай "Қазақ" газетінің шығарушыларын газетті қаржыландырудың басқа, уақыт талабына сай жаңа тиімді жолын іздестіруге итермеледі.

"Қазақ" газетін үзбей шығарып тұру үшін қазақтың кесек сома шығарарлық байлары аз болғанымен аз сомасымен, адамгершілігімен серіктікке жарайтын азаматтарының аз еместігіне сенген А. Байтұрсынов пен М. Дулатов, 1913 жылдың соңына қарай "Азамат" серіктігін күрмақ болғандықтары туралы,

“Қазақ” газетінің 42-санында “Алаш азаматтарына” деген мақалада жариялады. 1914 жылдың басынан бастап “Қазақ” газетін бастырушы міндетін атқарған “Азамат” серіктігінің іс-әрекеттері (мүшелері, қаржысы, серіктік мүшелерінің жиналыстары т.б. мәселелері) туралы мәліметтер апталық бетінде жариялана бастады.

Ол туралы “Айқап” журналы: “Орынборда шығатын “Қазақ” газетасының бастырушысы Мұстафа Оразаев бастырушылықтан шығып, орнына “Азамат” есімді серіктік жасады. Бұл серіктік 2-ші декабрьде ашылды. Бастап ашушылар Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов. Мұнан былай “Қазақ” газетін сол “Азамат” серіктігі бастырып тұрмақшы. Бұл “Азамат” серіктігіне азаматтықпен қосыламын деген Алаш азаматтары болса салатын жарнамасының ең азы 100 теңге. “Азамат” серіктігінің бас мақсаты Алаш азаматтарының серіктескен пұлыменен ең әуелі “Қазақ” газетінің аяғынан нық бастырып жүргізіп тұрмақ. Онан соң істің ұлғаюы, ақшаның көбейюіне қарап қазаққа пайдалы қазақша кітаптар бастырмақ. Бұл ерлік істің ілгері басуын тілейміз” - деп жазды (390).

Дегенмен, серіктіктің заңды фирма ретінде қашан, қандай құжаттардың негізінде пайда болып қызмет еткендігі және оны ашушылардың қандай құқықтық негізде серіктік ісін жүргізгендігі туралы мәліметтер бұрын белгісіз болып келген еді. Орынбор мемлекеттік облыстық мұрағатының 10-шы қорынан “Азамат” серіктігінің шарттарының” түпнұсқасының табылуы осы олқылықтың орнын толтырып отыр.

Шарт 1913 жылы желтоқсан айында орыс және қазақ тілінде Орынбор қаласындағы Каримов-Құсайынов баспаханасында кітапша түрінде басылып шыққан. 12 беттен тұрады. Орыс тіліндегі бөлімінде серіктікті кімдердің ашқандығы айтылып, оның 19 шарты көрсетілсе, қазақша бөлімінде алдымен “Алаш азаматтарына” деген А. Байтұрсынов, М. Дулатовтың мақаласының мәтіні толық беріліп, содан кейін шарттың орыс тіліндегі аудармасы берілген. Құжаттың соңында шарттың 1913 жылы желтоқсанның 2 күні 3548 нөмірмен тіркелгендігін нотариус А. С. Старновский, өзінің Троицкі көшесіндегі Глузгала үйіндегі кеңсесінде куәландырығаны айтылып, қол қойылып, мөр басылған. Демек, серіктік заңды фирма ретінде толығымен сол кездегі заңға сай ашылған.

Шарттың кіріспе бөлімінде серіктікті ашушылар А. Байтұрсынов пен М. Дулатов екендігі туралы айтылып, бірінші шартында “Бұл серіктік “Азамат” серіктігі деп аталады, мұның мақсаты: қазақ арасына өнер, білім жаю. Ол үшін газет, журнал, кітаптар бастыру, бұларды әкімнің рұқсатымен сатып тарату”, - делінген (391). Екінші шартта: “Әлгі айтылған мақсаттар үшін серіктік өз атына үй-мүліктер алуға ерікті” - деп (392), оның мүлік меншіктенуге құқылы екендігі айтылған. Үшінші шартта “серіктік ісін өз бетімен билеуге және басқаруға... құнды қағаздарға қол қоюға және соттарға, әкімдерге кіруге ... жеке билеуші Ахмед Байтұрсынов және ашушы Міржақып Дулатов Байтұрсыновтың сенімі бойынша құқылы екендігі жазылған (393).

Одан әрі серіктікке 100 сом өткізгендер мүше болатұндығы туралы айтып, “Серіктестіктің сомасы ашушылар мен жарнамаластардың салған ақшаларынан құралады. Бұл ақшаның 50% (сомасына 50 тиын) түб сомаға қалғандары іс жүргізуге шығарылады” делінген (394). Серіктікке түскен пайданы бөлісу туралы: “Серіктіктің таза пайдасы былай бөлінеді: 20% (сомасына 20 тиын, түб сомаға есептеледі, қалғанын одақтастар салған ақшаларының аз-көбіне лайықтап бөліп алады” - делінген (395).

Бірнеше шарттарда серіктіктің ең жоғарғы басқару органы болып табылатын оның мүшелерінің жылына бір рет өтетін түгел (жалпы - Қ.А.) жиылысы туралы, оны шақыру ережелері, оған қатысу және дауыс беру шарттары туралы айтылған. Мысалы, дауыс беру туралы: “Әр одақтас члендердің түгел жиналысында болуға және берген ақшасы неше сыбаға (неше жүз сом) екендігіне қарамай бір-ақ дауысқа ие болады” - делінген (396).

Маңызды мәселелердің бірі серіктік басқарушысының құқы мен жауапкершілігі туралы II-ші шартта: “Билеуші (распорядитель - Қ.А.) серіктік істерін және ақшасын өз бетімен билейді, бұған члендердің айрықша рұқсаты қажет емес. Бірақ жыл сайын 15-ші январға қарсы члендер жиналысына түгел дәлелді қағаздарымен есеп беруге міндетті” - делінген (397).

Басқа шарттарда да осы сияқты серіктік ісіне қатысты мәселелер нақты анықталған.

“Азамат” серіктігінің шарттарына жан-жақты талдау жасау мыналарды көрсетеді: біріншіден, А. Байтұрсынов пен М. Дулатов газет шығару ісін сол кезеңдегі қазақ арасына да кеңінен еніп, берік орнай бастаған нарықтық қатынастар талабына сай

ұйымдастыра білген, екіншіден, шартта серіктікті ашушылардың және оның мүшелерінің құқықтары нақты анықталған, үшіншіден, серіктіктің қаржы қорларының құрылу және оның табысын бөлу принциптері де айқын айтылған, төртіншіден, серіктік ісін басқару демократиялық принциптер негізіне сай ұйымдастырылған. Оның дәлелі серіктіктің ең жоғары басқарушы органы оның мүшелерінің Түп жиналысы екендігі және оның шешімдерінің демократиялық негізде қабылданатындығы, бесіншіден, серіктік басшыларының серіктік ісін күнделікті басқарудағы құқы мен міндеттерінің де анық айқындалғандығы.

Демек, “Азамат” серіктігінің шарты, қазіргі күннің өлшемімен қарағанның өзінде де, ең алдыңғы қатарлы өркениетті елдер талабына сай жасалынған. Өмір “Қазақ” газетін шығарушылардың сол шешімінің дұрыстығын толығымен дәлелдеді. Серіктік 4 жыл бойы “Қазақ” газетінің үздіксіз шығып тұруын қамтамасыз ете алды. Ақпан төңкерісінен кейін серіктік өз ісін жан-жақты дамыту мүмкіндігіне ие болған. Көп ұзамай серіктік өз меншігіне баспахана сатып алып, ісін одан әрі дамыту мақсатын көздеді. Бірақ, сол жылдың күзінде басталған большевиктік бүліншілік тарихтың табиғи ағымын зорлықпен басқа арнаға бұрып әкетті. Большевиктік зорлыққа алғашқылардың бірі болып “Қазақ” газеті және оның шығарушысы “Азамат” серіктігі ұшырады.

Шарттағы тағы бір көңіл аударатын нәрсе, ол сол шартты растаушы нотариустың серіктікті ашушылардың мекен-жайын дәл көрсетуі. Мысалы, А. Байтұрсынов “Орынбор қаласы Гришковская көшесіндегі Дмитриеваның үйінде, М. Дулатов Поцеуевский бұрылысындағы Абрамованың үйінде тұрады” - деп жазылған (398). 1867 жылғы жасалынған Орынбор қаласының картасында бұл көшелердің 27-квадратқа жататындығы және екеуінің бір-бірімен қиылысатындығы көрсетілген (399). Сонымен қатар, “Қазақты” шығарушылар газеттің мекен-жайы туралы: “Алдырушыларға адрес мынау: Оренбург, ул. Гришковская, дом Дмитриевой. Редакция газеті “Казак” - деп жазған (400). Демек, газет редакциясы А. Байтұрсынов тұрған үйде орналасқан. Оның тағы бір дәлелі - 1916 жылы 29 шілдеде “Қазақ” газетінің редакциясына тінту жасау жөнінде Орынбор қаласының 2-ші бөлігінің приставына берілген Ордерде редакция Гришковская көшесіндегі Дмитриеваның үйінде орналасуы жөнінде айтылған (401)

1996 жылы жарық көрген Орынбор қаласының көшелерінің анықтамасында бұрынғы Гришковская көшесінің қазіргі Чичерин көшесі екендігі, ал “Поцеуевский” бұрылысының қазір “Хозяйственный” деп аталатындығы көрсетілген (402). Бұл мәліметтің дұрыстығын сол анықтаманың авторы, Орынбор мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті, өлкетанушы В. В. Дорофеев те растайды.

Дегенмен, Гришковская көшесіндегі Дмитриеваның үйінің дәл қай үй екендігін анықтау үшін бізге аталған көшелерде тұратын байырғы орынборлықтармен кездесу қажет болды. Ондаған адамдармен әңгімелесу нәтижесінде өзімізге қажетті адамды таба алдық. Балалық шағын сол көшелерде өткізген, қазіргі Әскери теңіз флотының запастағы екінші рангілі капитаны, зейнеткер, башқұрт жігіті И. Г. Алишев А. Байтұрсынов тұрып газет шығарған үйді жақсы білетіндігін айтты. Қазақтардың осы үйді ерте ме кеш пе әйтеуір бір іздеп келетіндігіне сенгендігін айта отырып, ол өз естігендерін жазба түрде жеткізуге келісті. Онда, бала кезінде оған нағашы атасы Болатов Кенжалының Чичерина көшесіндегі 75 үйдің бірінші қабатында А. Байтұрсыновтың жұмыс бөлмесінде талай рет болып, сол жерден Шалқар қаласында тарату үшін “Қазақ” газетін алатындығы туралы айтылған.

Будан, 1886 жылы дүниеге келіп, 1983 жылы 97 жасында қайтыс болған Кенжалы Болатов Шалқар қаласындағы “Қазақ” газетін таратушы өкілі (курьері - Қ.А.) міндетін атқарған деген қорытынды жасауға болады. Оның үстіне, ол кезде газет таратулың мұндай тәсілі кеңінен қолданылғандығын айтуымыз керек. Орынбор қаласы мен Шалқар қалаларының арасында сауда ісімен айналысқан К. Болатовтың бұл іске лайық адам болғандығы және ол білгенін немересіне айтуы мүмкін екендігі даусыз.

Демек, И. Алишев көрсеткен қазіргі Чичерина көшесі 75 үйде 1913-1918жж. аралығында А. Байтұрсынов тұрып, “Қазақ” газетін шығарғаны анық. Ал, М. Дулатовтың тұрған үйін анықтаудың мүмкіндігі болмады. Себебі, құжатта көрсетілген бұрылыстағы ескі үйлер бұзылып, олардың орнына жаңа құрылыс жүргізіліп жатыр екен. Дегенмен, М. Дулатовтың редактің үйіне жақын жерде тұрғандығы анық.

1915 жылдың 1 қаңтарынан бастап “Қазақ” газетінің аптасына екі рет шыға бастағаны белгілі. Газетті аптасына екі рет шығару

үшін ресми орындардың, газеттің бағдарламасын бекіткен, арнайы куәлігі қажет болған. Сондықтан, “Қазак” газетінің шығарушысы және редакторы, “Азамат” серіктігінің билеушісі А. Байтұрсынов 1914 жылдың 8 желтоқсанында Орынбор генерал-губернаторының атына: “Намереваясь выпустить газету “Қазак” с 1-го января будущего 1915 года два раза в неделю, имею честь почтительнейше просить Ваше Превосходительство не отказать в выдаче свидетельства на выпуск названной газеты по прежней программе, под моим издательством и ответственным редакторством, в полном объеме, два раза в неделю, начиная с вышеозначенного 1-го января 1915 года... Ноября 8 дня 1914 г. г.Оренбург” - деп, арыз жазған (403).

Көп ұзамай А.Байтұрсыновқа қайта бекітілген бағдарлама бойынша, “Қазак” газетін аптасына екі рет толық көлемде шығаруға рұқсат етілген №7021 куәлік тапсырылған (404). Жаңа бекітілген бағдарлама алғашқы бағдарламамен толық сай келеді (405).

А. Байтұрсыновқа куәлік тапсыруымен қатар Орынбор генерал-губернаторы баспасөз істері бойынша Бас басқармаға мынадай хат жолдаған:

“В главное управление по делам печати. Декабря 1914 г.

Согласно циркулярным распоряжениям от 9-го декабря 1905г. и 10 апреля 1906 года за № 14508 и 3171 и в дополнение к отношению от 8-го ноября минувшего года за № 7022, уведомляю Главное управление, что мною одновременно с этим разрешено образованному в г.Оренбурге издательскому товариществу “Азамат” издаваемую в г.Оренбурге под издательством и ответственным редакторством, в полном объеме, распорядителя этого товарищества киргиза... Ахмета Байтұрсынова еженедельную газету на киргизском языке “Қазак” (киргиз) выпускать в свет с 1-го января 1915 года два раза в неделю, по той же программе... Наблюдение за упомянутым изданием поручено наблюдающему за повременными изданиями, выходящими в Оренбургской губернии на татарском языке, переводчику Тургайского областного правления г.Тунгачину (406).

Бұдан Орынбор генерал-губернаторының Орталыққа “Қазак” газеті туралы дер кезінде мәліметтер жіберіп отырғандығын және газетті бақылау міндетін Торғай облыстық басқармасының тілмәші Тунганчинге арнайы тапсырғандығын көреміз.

Демек, зерттеушілер "Қазақтың" жарық көрген 265 нөмірінің басым бөлігінің нақтырақ айтсақ, 220-сының қатаң бақылау жағдайында шығып тұрғанын, сондықтан олардың өзіндік ерекшеліктері бар екендігін ескерулері керек. "Қазақ" ақпан революциясынан кейін ғана, "Зор өзгеріс" деген мақала жариялап, 1917 жылғы 9 наурыздағы 221-санынан бастап демократиялық жағдайда шыға бастады.

"Қазақ" газеті өзінің алғашқы адымын, саналы да мақсатты күрес жолын, өзі дүниеге келген уақыты мен қоршаған қоғамдық ортаның ерекшелігін және ұлтының жағдайын анықтаудан бастады. Газеттің бірінші нөмірінің бірінші жолдары "Заманына қарай амалы" деген сөз бар. Мұның мағынасы – заманның түріне қарап іс істеу" (407) деген сөздермен бастап, өздерінің қалыптасқан объективті жағдайға қарай әрекет етуге мәжбүр екендігін ескертсе, одан әрі: "Төңірекке қарасақ түнерген-түнерген бұлттар көрінеді. Түбі қандай белгісіз. Не боларын білмейміз. Нұр болып жауып, жерімізді көгертіп, несібемізді молайтар ма, болмаса дауыл болып соғып, үйімізді жығып, үй-ішімізді (бұл жерде түпнұскала "общинамызды" деп жазылған) шашып тастар ма?! Көзіміз бұған жетпейді. Жалаң аяқ, жалаң бас, жеңдеріміз киюсіз, етектеріміз жиюсіз ашылып-шашылып қамсыз жатқан халықпыз" (408) – деп, қазақ қоғамындағы ғасыр басында қалыптасқан, сол объективті жағдайды жұмбақтап, қазаққа тән теңеулермен суреттейді. Әрине, бұл жерде басқарманың атынан жазылған Бас мақаланың авторы Ахмет Байтұрсыновтың мензеп отырғаны қазақ жеріне қарай қаптап келе жатқан қара шекпендер екендігі, солардың тарапынан бейқам жатқан жұртына төнген қатер екендігін түсіну қиын емес. Ол туралы газеттің келесі нөмірінде "Іргеміз тұтас ыдырамай, бірыңғай жатқан халық едік, енді арамызға бөтендер келіп кірісейін деп тұр... Арамызға түрлі жұрт кіріскенде солармен қатар атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра аламыз ба? Осы бізді төсекте төңбекшітіп ұйқымызды бөлетін нәрсе..." (409) – деп, өз ойын ашығырақ айтқан. Ал өздерінің түпкі мақсаттары "Бостандық, теңдік, туыскандық..." – екендігін, тек 1917 жылдың жазында ғана ашып айта алды (410).

Газет шығарушылардың "Қазақ газеті" мен "Серкенің" қайғылы сабақтарын ескеріп ішкі ойын жасыру да, шын мақсаттарын

бүркемелеу де, айтар сөзін жұмбақтап жеткізу де, "Қазақты" саяси қуғын-сүргіннен құтқара алмады. Газет соңына шам алып түскен патша үкіметінің жергілікті сакшылары "Қазақ" беттерінде жарияланған мақалалардан үнемі заңға қайшы келетін, өмір сүріп тұрған саяси құрылысқа қауіп төндіретін материалдар тауып, газет редакторы Ахмет Байтұрсыновты айыптап, штраф салумен, абақтыға жабумен, газетті жауып тастау қауіпімен қорқытумен болды. Ол туралы ақпан революциясынан кейін, 1917 жылдың жазында, "Қазақ" басына орнаған азғана шуақты күндердің бірінде Міржақып Дулатов: "Жер аудару" деген мақала басылған 9 нөмірден бастап кешегі өзгеріске шейін тергеу, тінту, абақты, штрафтан "Қазақтың" көзі ашылған жоқ. Дәл Николай түсіп өзгеріс болардан бес-алты күн ғана бұрын жауыз хакімдер "Қазақты" тағы да тексеріп, біржола жабуға айналып тұрғанда, өздері су түбіне кетті" — деп, қуана жазды (411). Иә, осылай патша зорлығынан құдайдың өзі құтқарған "Қазақты" келер жылы большевиктер зорлығынан ешкім де құтқара алмады.

"Қазақтың" патша жандармериясы тарапынан қай мақала үшін қалай жазалағаны және газет шығарушылардың газетті сақтап қалу жолындағы жүргізген күресі туралы әдебиеттерде біршама толық айтылды. "Қазақ" газетінің тарихының бұл қыры ғылыми-зерттеу жұмыстарда жан-жақты көрсетілген деп айтуға болады (412). Дегенмен, сол қуғын-сүргіннің ерекшеліктерін аша түсуге және оның жалпы сипатын нақтылауға көмектесетін кейбір сәттеріне тоқталайық.

Мұрағат құжаттарымен танысу, газеттің ресми орындардың арнаулы рұқсатымен шығарылуына қарамастан, патша шенеуніктерінің "Қазаққа" теріс көзқараста болып, одан әйтеуір бір кінә табу арқылы оның шығарушыларын жазалауды өз алдарына мақсат етіп қойғандығын көрсетеді. Мысалы, Ішкі істер министрлігінің баспасөз істері бойынша Бас басқармасының бастығы граф Татищев өзінің 1913 жылғы 26 қыркүйектегі №13248 Орал облыстық Әскери губернаторға жолдаған құпия хатында: "имея в виду, что газета "Казах", по-видимому, принимает за последнее время нежелательное направление, Главное Управление считает долгом просить Ваше Превосходительство сделать зависящее распоряжение о тщательном наблюдении за названным изданием и о привлечении редактора его к судебной

ответственности в каждом случае нарушения изданием уголовных законов", – деп жазған (413).

Ішкі істер министрлігінің осындай талаптарына сай жергілікті әкімшілік орындары "Қазақты" жіті бақылауға алып, оның редакторы мен жетекші авторларына қатысты мәліметтер жинапқан. Осындай, Орынбор губерниялық жандарм басқармасының агентінің 1914 жылдың 1 ақпанында дайындаған мәліметтердің бірінде: "...киргиз Тургайской обл. Ахмет Байтұрсынов 37 лет, женат, с февраля 1913 года проживает в доме Дмитриевой, по Гришковской улице, 3 части, имеет паспортную книжку от 6 мая 1901 года за № 42.

Киргиз 1-го аула, Сарсиклинской волости, Тургайской обл. Мир-Якуб Дулатов 28 лет, холост, с 12 января 1913 года проживает в доме № 10 Абрамовой Поцецуевский пер., 3 часть, имеет паспорт от 13 сентября 1913 года за № 94.

Бывший член Государственной Думы Али-Хан Букейханов и Присяжный поверенный Раймжан Марсекович Марсеков на местожительстве в гор. Оренбурге мною не обнаружены, а также по адресному Оренбургскому столу прописанными не значатся", – делінген (414).

Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты "Қазаққа" қарсы қысым жасау әрекеті одан әрі күшейтілді. Егер, бұрын газет жарыққа шыққаннан кейін ондағы сезік тудырған мақала орыс тіліне аударылып оның ресми жүйе үшін қаншалықты зиянды екендігі анықталса, енді Ресейдің әлемдік соғысқа араласуына байланысты, 1914 жылдың 24 тамызында шыққан "Қазақтың" 75-нөмірінен бастап, газет материалдары алдын ала әскери цензурадан өтуге тиіс болды. Тек цензурадан өткен мақала ғана жарияланып, газетте "Дозволено военной цензурой" деп жазылатын болды. Мұндай шараның "жемісі" өзін көп күттірген жоқ. Газеттің келесі 76-нөмірі бас мақаласыз шықты. Оның орны үнірейіп бос тұрды. Газеттің бірінші бетінің жартысын алып тұрған ақтандақтың бел ортасында "Басқармадан болмаған себептермен бас мақала басылмай қалды" деген жазу түр (415). Мұндай ақтандақтар (сөздің тікелей мағынасындағы – Қ.А.) газеттің № 84, 122 т.б. кездеседі.

1916 жылғы белгілі июнь жарлығына қарсы ел арасында наразылықтың басталуына байланысты "Қазақ" газетіне және

оның шығарушыларына қарсы жүргізілген қуғын-сүргін одан әрі күшейтілді. Күннен күнге өршіп келе жатқан халық наразылығының басында сол “Қазақ” газетінің басшыларының тұрғанына еш күмәні болмаған патша жандармериясы енді редакция басшылығының басқан ізін аңдуға көшті. Орынбор губерниялық жандарм басқармасының бастығы 1916 жылдың 12 тамызында Орынбор губернаторы атына жолдаған хатында Торғай өңірінде етек жая бастаған халық қозғалысы туралы айта келе: “как установлено, Байтурсинов с 23 мая с.г. находился в Тургайском уезде, куда он командирован Тургайско-Уральским переселенческим управлением для переписи скота и возвратился лишь в первых числах сего августа ... за квартирой Дулатова было установлено в течение нескольких дней наблюдение, которое, однако, не отметило ни одного посещения его киргизами” - делінген (416).

Дегенмен, өз ойларының дұрыстығына шексіз сенген жандармерия “М. Дулатовтың пәтеріне бірнеше күн бойы бірде-бір қазақтың бас сұқпағанына” қарамастан, наразылық басшыларын әшкерелеп тезірек жазалау мақсатында “Қазақ” газетінің редакциясы мен сол күндері газет редакторының міндетін атқарып отырған М. Дулатовтың пәтеріне тінту жүргізген. Ол туралы хатта: “Принимая, однако, во внимание, что Дулатов действительно мог принимать какое-либо участие в агитации киргиз по поводу отказа от исполнения высочайшего повеления о призыве на работу в тылу армии, у Дулатова на квартире, а равно и в его редакторском столе был произведен 30-го июля обыск” - деп жазылған (417).

Әрине, бұл тінтудің жандарм бастығы күткендей нәтиже бермегендігі түсінікті. Өйткені, дәл осы мәселе турасында “Қазақ” газетінің ұстаған тактикалық бағыты, тағдырдың тәлкегімен, патша саясатымен сай келді. Газет қазақтарды патша жарлығына қарсы күреске шығуға емес, керісінше, босқа қан төгуден өз халқын құтқару мақсатында жарлықты орындауға шақырған еді. Газеттің ұстаған бұл бағытын патша жандармдары да амалсыз мойындап, А. Байтурсинов пен М. Дулатовты тұтқындауға ешқандай себеп таба алмағандықтарын жазды. Ол туралы хатта: “Принимая во внимание, что со времени состоявшегося высочайшего повеления о призыве инородцев для работы в тылу

армии направление газеты "Казак" в части, касающейся этого призыва, было самое корректное, я не нашел возможным возбудить против Дулатова и Байтурсынова дела не имея более конкретных данных" - делінген (418).

Сол бір аласапыран жылдардағы бүкіл бір халықтың, сөздің тікелей мағынасында да, ауыспалы мағынасында да, бетіне қарап отырған жалғыз газеті "Казак" пен оның шығарушыларының жағдайы туралы М. Дулатов 1916 жылғы "Июнь жарлығының" 10 жылдығына арналған "Он алтының ойраны" деген мақаласында: "Ол кезде қазақта жалғыз-ақ "Казак" газеті бар еді. Ол заманның жуан ортасында болмаған, ашы-тұщысын татпаған бүгінгі бақытты жастар ол "Казак" газетін енді оқыса, "Бишара қалай жасқаншақ, қалай қорқақ, былай жазса болмас па еді, олай жазса болмас па еді?" дер еді. Ол кездегі газеттердің бет-аузын алапес қылып шығаратын цензураны бүтінгі жастар көрген жоқ қой. Өз ойынды, өз бойынды өзін үрлап, "осылай жазсам, жұрт бірдеңе қып түсінер-ау" деп ишаралап, жасқанып, жалтақтап отыруды бүгінгі жастар көрген емес", - деп жазды (419).

Егер, 1913 жылы Әлихан Бөкейхановтың: "Ашылып ақыл айтып жазатын қалім бар ма? Көкіректе сайрап тұр, қолымды заман байлап тұр" -

(420) - деп жазғанын ескерсек, онда "Қазақтың" 221-нөміріне дейінгі сандарымен жұмыс істейтін зерттеушілердің, газеттің осы ерекшелігін ескеріп, авторлардың айтпақ болған, бірақ айта алмаған ойларын "бірдеңе қылып түсініп", жол арасын оқи білулері қажет.

Тек, 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін ғана "Казак" қуғыннан құтылып, оның авторларының қолы бұғаудан босанды. Сол жылдың 9 наурызындағы 221-нөмірінен бастап "Казак" өз халқы - қазағына ашықтан-ашық, еш бүркемесіз қызмет етуге мүмкіндік алды. Сөйтіп, "Казак" газеті тарихының жаңа кезеңі басталды.

Ресейдегі саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты туындаған: комитеттер құру, казак съездерін өткізу, өз жеріне өзі ие болу мақсатында Құрылтайға депутаттар сайлау, Алаш париясы мен Алаш Орда үкіметін құру, түптеп келгенде ұлттық автономияға қол жеткізу сияқты ұлт алдында тұрған ірі, ауқымды істерге "Казак" ашық араласып, ұйтқы бола білді. Сол істердің қажеттігі

мен маңызы, барысы мен тұрындаған қиыншылықтардан шығудың жолдары туралы жазды. Сол арқылы "Қазақ", бұрын қазақ даласында болып көрмеген, саяси құбылыстар тарихының күнды жазба деректер көзіне айналды. Жаңа демократиялық жағдайда пайда болған "Қазақ" газетінің деректік ерекшелігі де, сол газет бетінде жарияланған ұлт мүддесіне қатысты мәселелердің ашық айтылуы, еркін жазылуына туындайды.

1917 жыл туралы "Қазақ". "Өткен жыл қазаққа қалай болды?" – деген мақалада: "Өткен жыл қазаққа жаман болған жоқ. Көпке бірдей болған бостандықтың айрықша қазаққа жақсылығы тиген орны болды. Алдыңғы 1916 жылдың ауырлығын өткен 1917 жыл жоғалтқан жыл болды... Қысқасын айтқанда, өткен 1917 жыл қазаққа өшкені жанып, өлгені тірілгендей қуанышты жыл болды" – деп, шаттана жазды (421).

Бірақ, 1917 жылдың күзінде Ресейдің астанасында басталған большевиктік бүлікшілік көп ұзамай қазақ даласын да қамтыды. Алданған солдаттар мен жұмысшыларға арқа сүйеген большевиктер алдымен Түркістан өлкесінде, кейін Дала уалаятында өкімет билігін өз қолдарына күшпен тартып алып, барлық жерлерде, жергілікті халықтарға жат, саяси мәні түсініксіз, кеңес өкіметін зорлықпен орната бастады. Осылай "Қазақ" тарихының жаңа кезеңі басталды.

Қазан төңкерісінен кейінгі, әсіресе соңғы, 1918 жылғы "Қазақ" газетін большевиктерге қарсы ымырасыз, принципті күресімен ерекшелінеді деуге болады. Газет большевиктер партиясы тарихи аренаға шыққан күннен бастап олардың авантюристік әрекеттерін, адамзатқа қарсы істерін әшкереледі. Сондықтан, "Қазақ" газеті Қазақстанда кеңестік тоталитарлық жүйенің орнау тарихының ең алғашқы жүйелі жазба деректерінің бірі ретінде ғылым үшін, тарих үшін қымбат.

Өз кезегінде кеңес үкіметі де "Қазаққа", оның шығарушыларына қарсы аяусыз күрес жүргізгені белгілі. Бұл күрестің ең алғашқы құрбандарының бірі "Қазақ" газеті болды. Орынборда кеңес өкіметінің орнауына байланысты өзінің бес жылға жуық тарихында "Қазақ" бірінші рет, 1918 жылдың 17 қаңтарындағы, 260 нөмірінен кейін шығуын ұзақ уақытқа тоқтатты. Оны біржола жабу туралы Омбы атқару комитетінің 1918 жылы 4 наурызда Орынбор совдепіне берген

телеграммасында: "Ввиду того, что киргизский орган партии Алаш "Казак" является контрреволюционным, открыто выступает против Советской власти, организуя Алаш-Орду, просим немедленно закрыть газету" – делінген (422).

Үш күнге созылған соғыстың нәтижесінде, Орынбор қаласының, 1918 жылдың 20 маусымында (жаңаша – Қ.А.), большевиктерден азат етілгеннен кейін ғана, шілденің 23, 30-да "Қазақтың" 261, 262, қыркүйектің 5-16-да 263-265-нөмірлері жарыққа шықты. "Қазақтың" өз жұмысына қайта кірісуіне байланысты, оны шығарушыларының және негізгі авторларының бірі Мадияр (М. Дулатов – Қ.А.) "Жандарм үкіметтің штрафынан, абақты-айдауынан аман өткен "Қазақты" жауыз большевиктер қанды қолымен тоқтатып еді, құдайға шүкір, бүгін жарық дүниеге қайта шығып, ардақты Алашын тағы аралап отыр. Сағынып көрген жұртына "Қазак" жеті айдан бері көкірегінде байланған шерін тарқатып, көрген-білгенін айтқысы келеді" – деп, жазды (423).

Газеттің соңғы нөмірлерімен тереңірек танысу оны шығарушылардың келешекке үлкен сеніммен қарағандығын байкатады. Мысалы, "Қазақтың" 1918 жылғы 16 қаңтардағы 265-нөмірінде басқарма: "Январьдың 17-нен бері большевиктің кесірінен "Қазак" тоқталып тұрды. Енді газет жұмысы реттеліп келеді. Мезгілінде шығып тұрады" – деп, өз тілшілері мен оқырмандарын газетпен үзбей байланыс жасап тұруға шақырды. Бірақ өмір басқаша шешті. Бұл нөмір "Қазақтың" соңғы нөмірі болды.

Осы жерде тағы бір көңіл аударатын нәрсе, ол "Қазақтың" 261-нөмірінің екі рет шыққандығы.

Әр жылдары "Қазак" туралы жазған түрлі әдебиеттерді салыстыру, газеттің 261 нөмірінің екі рет шыққандығын және ең бастысы, оның алғашқысын газеттің негізгі шығарушыларының мойындамағандығын көрсетеді.

Қазак баспасөзі тарихының белгілі зерттеушісі Х. Бекхожин өзінің 1964 жылы жарық көрген "Қазак баспасөзінің даму жолдары" деген іргелі зерттеу жұмысында: "1918 жылы 18 январьда Орынборды большевиктер алғанда Алашорданың, оның газеті "Қазақтың" басшылары контрреволюцияшыл атаман Дутовтың әскерімен бірге қаладан қашып шығып, Семейге қарай жөнелді:

Оған орай "Қазак" газеті екінші түрге боянып шыға келді, редакторы – екі жүзді, ұлтшыл Әбділхамит Жүндібайұлы деген бола қалды. "Қазак" газеті 1918 жылғы 27(14) февральдағы бас мақаласында Орынборда Совет өкіметінің орнағандығын мақұлдаған бола отырып, Ревкомның оны басқарған большевиктердің жүзеге асыра бастаған шараларын астарлы пікірлермен мұқата, құбыжық ете көрсетеді. Сондықтан да, большевиктер Орынборды алғанда Әліби Жанкелдин "Қазак" газетінің Советке қарсы бағытта шыққан номерінің таралуына тиым салған болатын" – деп жазған (424).

Ал, "Қазақтың" 1918 жылы 17 қаңтарда шыққан 260-санынан кейінгі, келесі, 261-саны жарты жылдан соң, яғни 1918 жылы 23 шільде де шыққандығы тарихтан белгілі. М. Дулатов газеттің жарты жылдан кейін ғана қайта шыға бастағандығы туралы: "Құрметті оқушылар! Көрмегелі көп айдың жүзі болды. Алты жылдан бері алты алашты аралаған "Қазак" тоқтап, арамыздағы қатынас үзілгеніне жарты жылдан асты. Сонан бері зор өзгерістер болды, халқымыздың басынан қайғылы күндер өтті" – деп жазса (425), газет басқармасы атынан жазылған бір хабарламада: "Январьдың 17-нен бері большевиктің кесірінен "Қазак" тоқталып тұрды" – деп жазылған (426). Ү. Субханбердинаның "Қазак", "Алаш", "Сарыарқа" атты мазмұндалған библиографиялық көрсеткішінде де "Қазақтың" 261-нөмірінде жарияланған мақалалар, сол 23 шільдедегі саны бойынша көрсетілген.

Олай болса, Х. Бекхожин жазған "Қазақтың" "өңін айналдырып" 1918 жылы 27(14) ақпанда шыққан нөмірі қай нөмір?

Сәкен Сейфуллиннің "Тар жол тайғақ кешуінде" мынадай жолдар бар: "1918 жылдың январь айында Орынборды большевиктер алды, атаман Дутов қашты деген хабар алынды.

Енді біраз күнде Орынбордағы "Алашорданың" бастықтары: Бөкейханұлы, Байтұрсынұлы, Дулатұлы, Омарұлдары, Орынбордан қашқан бетімен біздің Ақмола уезін басып, Семей өтті ...

Орынборды большевиктер алған соң "екінші түрге боянып" шыққан "Қазак" газетінің нөмірі келді. Газеттің шығарушысы жаңа адам – Әділхамит Жүндібайұлы деген кісі. Боянып қайта шыққан газетті "Қазак" газетінің 1918 жыл 27(14) ақпанда шыққан

261-нөмірінде жазылған "Орынбор жайы" деген мақаласында Орынбор алынғаннан кейінгі түрді және алынған қарсаңындағы түрді өзінше баяндап жазады. Совет үкіметі орнаған қалада қайта боянып шыққан "Алаш" партиясы газетінің тілі енді екінші түрге түсіпті" – деп жазылған (427).

Демек, "Қазақтың" 27(14) февральда шыққан нөмірі де 261 нөмір. Екіншіден, біздің ойымызша, Х. Бекхожин жоғарыдағы мәліметтерді осы жолдардан алған болуы керек. Олай дейтініміз, Сәкен Сейфуллиннің 1960 жылы, "ақталып", қайта басылып шыққан мемуарын көптеген зерттеушілер кезінде тарихи дерек көзі ретінде кеңінен пайдаланған. Х. Бекхожин да солай еткен. Мысалы, оның аталған еңбектегі С.Сейфуллин шығарған "Тіршілік" газеті туралы жазғандары түгел дерлік "Тар жол тайғақ кешуге" сүйеніп жазылған. Олай болса, "Қазақ" туралы жоғарыда келтірілген мәліметті де сол кітаптан алуы әбден мүмкін. Оның үстіне жоғарыда келтірілген үзінділердегі "Қазақ" газеті екінші түрге боянып шыға келді" – деген сөйлем мен "Боянып қайта шыққан "Қазақ" газетінің" – деген сөйлемдердің шығу тегінің бір екендігін де байқау қиын емес.

Егер, "Қазақтың" 261 нөмірі 1918 жылы февральда шыққан болса, онда, сол жылдың 23 июльдегі нөмірі де неліктен 261 деп көрсетілген? Неліктен газеттің кейінгі нөмірлерінде февральдағы нөмір туралы ешнәрсе айтылмаған?

Біздің ойымызша оның мынандай себептері болуы мүмкін: Біріншісі, газетті қайта шығарушылар февральдағы "Қазақтың" 261 нөмірі шыққандығын білмеген. Екіншісі, 1918 жылдың февраль айында "Қазақтың" ешқандай нөмірі шықпаған. Оны тап жауларын мұқату мақсатында С. Сейфуллиннің өзі ойдан қосқан. Үшіншісі, "Қазақты" шығарушылар ақпанда 261-нөмірдің шыққанын білген, бірақ оны "Қазақтың" кезекті саны деп, тіптен, "Қазақ" газеті деп мойындаудан бас тартқан. Шындыққа осы үшінші жорамал жақын келетін сияқты.

Олай дейтініміз, тарихи деректер алғашқы екі жорамалдың негізсіз екенін көрсетеді. Керісінше, нақты айғақтар газеттің 261 нөмірінің халық арасына таралғандығын және оның мазмұнын газетті қайта шығарушылардың жақсы білгендігін дәлелдейді. Мысалы, С. Сейфуллиннің: "Орынборды большевиктер алған соң екінші түрге боянып шыққан "Қазақ" газетінің нөмірі келді" –

деп және ол нөмірдің 261-нөмір екендігі туралы жазғанын жоғарыда айттық. Демек, Х. Бекхожин: "Большевиктер Орынборды алғанда Әліби Жанкелдин "Қазақ" газетінің Советке қарсы бағытта шыққан нөмірінің таралуына тиым салған болатын" — деп жазғанымен, газеттің бұл нөмірі де таратылған.

Ал оның мазмұнын газетті қайта шығарушылар жақсы білген деуіміздің себебі, екі нөмірді де шығаруға Жанұзақ Жәнібекұлы қатысқандығы. Оның 27 (14) ақпандағы "Қазақтың" 261-нөмірінде, "Орынбор жайы" деген үлкен мақаласы жарияланса, 23 шілдедегі 261-нөмірде, "Орынбор хабарлары" деген дәл сондай мақаласы жарияланған. Егер, бірінші мақала: "Бір айдан бері большевиктермен соғысқан, казак-орыс әскері мен юнкерлер 17 январьдың түнінде жеңіліп, Орынборға қарай қаша бастады" — деген жолдардан басталса (428), екінші мақалада: "Айдан артық большевикке қарсы шабуыл жасап соғысып жатқан атты казактар Орынборды 20 июньде күн шыға алды" — деген жолдардан басталған (429). Одан әрі: бірінші мақаласында Орынборда большевиктердің өз билігін қалай орнатқандықтары туралы жазса, екіншісінде Орынбордан большевиктердің қалай қашқандығы туралы жазған. Демек, екі мақаланың да авторы бір адам, бірақ екеуі екі басқа мақалалар. Оның үстіне, осы мақалалардың авторы Жанұзақ Жәнібекұлының "Қазақ" газетінің 23 шілдедегі 261 нөмірінің уақытша шығарушысы екендігін ескерсек, онда оның өз мақаласы жарияланған ақпандағы нөмірді білмеуі тіптен мүмкін емес.

Сонымен, "Қазақтың" 261 нөмірін екінші рет шығарушылар алғашқысын білгендігі анық. Екінші, С. Сейфуллин оны ойдан шығарған болар деген жорамалдың да қисыны жоқ. Өйткені, ол заманхатын жазған кезде, яғни 1926 жылы "Қазақтың" басқа да нөмірлерімен бірге, ақпандағы 261 нөмірі де қолында болған деп сеніммен айтуымызға болады. Олай дейтініміз, жазушы сол нөмірде жарияланған мақалаларды түгел дерлік шығармасында пайдаланған. Мысалы, Ж. Жәнібекұлының "Орынбор жайы" деген мақаласын бастан-аяқ түгелімен, сол нөмірге уақытша шығарушы деп қол қойған Әбділхамит Жүндібайұлының жазған бас мақаласын түгел дерлік: "Газеттен" деп атап көрсетіп, үтір, нүктесіне дейін қалдырмай өз еңбегіне енгізген. Қолда бар газет түпнұсқасына сүйенбей соншалықты көлемді мақалаларды ойдан

қосу мүмкін емес. Оны С. Сейфуллиннің "Тіршілік" газеті туралы жазғандары да дәлелдейді.

Заманхатта "Тіршілік" газетінің бетінде жарияланған мақалаларға, оның ішінде өзі жазғандарына да нақты сілтемелер жасамай, көбіне өз жадына сүйеніп, жалпылама жазған. Оның себебін автор кітаптың Беташарында: "Газеттің керекті нөмірлерінің қолына түспегендігімен" – түсіндіреді (430).

"Қазақ" газетінің С. Сейфуллиннің қолында болғандығында еш күмән жоқ. Олай дейтініміз "Тар жол тайғақ кешу" де, ол "Қазақ" газетінің 250-санынан бастап, ақпандағы 261-нөміріне дейінгі сандарында жарияланған ондаған мақалалардың толық көшірмесін келтірген, не үзінділер берген. Олардың бәрі "Қазақ" газетінің түпнұсқасымен толық сай келеді.

Ендеше, Орынборды большевиктерден азат еткеннен кейін бір айдан соң, 1918 жылдың 23 шілдесінен бастап "Қазақ" газетін қайта шығарушылар, кеңес өкіметі тұсында Орынборда "өңін бояп" шыққан "Қазақтың" – 27 (14) ақпандағы 261-санын танудан саналы түрде бас тартқан. Оның бір ғана себебі болуы мүмкін. Біздің ойымызша, ол саяси себеп.

"Қазақтың", амалсыз болса да, Орынборда кеңес өкіметінің орнағаны туралы айтқан нөмірін тану, оны "Қазақ" газетінің кезектегі нөмірі деп мойындау, Алаш көсемдері үшін, жалпы кеңес өкіметінің орнауын мойындау болып табылар еді. Ал, олардың нақты іс-әрекеттеріне қарағанда, 1918 жылдың жазында, олар Қазақстанда кеңес өкіметі жеңеді деген ойдан аулақ болатын. Керісінше, большевиктердің қорқынышты түс сияқты өте шығып, көп ұзамай ұлт жадынан ұмытылатындығына шексіз сенімді еді. Сондықтан, олар сол жылдың жазы мен күзінде кеңес өкіметін танудан үзілді-кесілді бас тартып, оған қарсы күрес жүргізумен болды. Сондықтан, олар "Қазақ" газеті арқылы: "Аттан, Алаш азаматы!" – деп, бүкіл қазаққа ұран тастап, газеттің жазғы, 261 нөмірінде: "Ер түріктің ер жүрек ұлдары, сілкін, ат тұрманыңды даярлап атқа мін, жауға аттан! - деп жазды (431).

Ғылым үшін "Қазақтың" басқа 265 нөмірі сияқты, ақпандағы 261-нөмірі де тарих дерегі ретінде қымбат. Әзірге, біздің қолымызда оның түпнұсқасы жоқ. Сондықтан, онда не жазылғандығы туралы С. Сейфуллиннің заманхаты арқылы ғана білуімізге болады. Бір жақсысы, Сейфуллин өз еңбегінде дәл сол

нөмірге кеңінен тоқталған. Жоғарыда айтылған Ә. Жүндібайұлы мен Ж. Жәнібекұлының мақалаларынан басқа "Ұран" газетінде басылған "Тағы да өзгеріс" деген хабарды, "Қазақтың" сол нөмірінде көшіріп басқанын айтып, сол хабардың мәтінін толық берген және Түркістан автономиясының тағдыры туралы Қоқант қаласынан келген хабар басылғандығын айтып: "Түркістан қазақтары әлі де бөлек автономиялы болудың сандырағында еді. Бірақ, "Қазақ" газетінің, большевиктер Орынборды алған соң шыққан, 1918 жыл 27(14) ақпандағы 261-нөмірінде мынадай бір хабар басылған: "... Қоқант. Қоқантта Совет үкіметінің әкімшілігі жүрді. Түркістан Мұқтарият ағзаларынан қазақ Мұстафа Шоқайұлы мен Әбдірахман Оразайұлдары тұтқынға алынды. Басқа мүшелері бой тасалап қашып кетсе керек"... – деп, жазған (432).

Жалпы, С. Сейфуллин газеттің осы нөмірін түгел дерлік өз еңбегіне енгізбесе де, онда берілген мақалалардың көлеміне қарағанда, газеттің басым бөлігі, "Тар жол тайғақ кешуге" енген сияқты. Бұл, бір жағынан, нөмірдің деректік маңызының жоғары болғандығын көрсетсе, екінші жағынан, бізге де сол нөмірге деректанулық талдау жасауға мүмкіндік береді.

Бұл нөмірдің "Қазақ" газетінің басқа 265 нөмірінен басты айырмашылығы, оның кеңес өкіметі "кезінде" жарыққа шыққан "Қазақ" газетінің бірден-бір нөмірі екендігінде. Әрине, бұл фактор газеттің мазмұнына да, оның ұлтым деп шығар үйреншікті үніне де әсер етпей қойған жоқ. Нөмірде не большевиктерді жақтап, олардың Орынборда өз билігін орнатуына байланысты басылған қуанышты мақала да, не оларға қарсы, бұрынғыдай, ашық күреске шақырған үндеу де болған жоқ. Сондықтан, большевик Әліби Жангелдин, ол нөмірдің таралуына тыйым салса, Алаш көсемдері ол нөмірді өз газеті, яғни "Қазақтың" кезекті 261-нөмірі деп танудан бас тартты. Осылай, "Қазақтың" 1918 жылы 27(14) ақпанда шыққан 261-нөмірі, тағдырдың тәлкегіне ұшырады.

Газеттің уақытша шығарушысы Ә. Жүндібайұлы өзінің бұл нөмірді шығару себебін: "Осындай заманның аударылып тұрған шағында, жұрт газет хабарына аса мұқтаж екендігін еске алып, жан-жаққа хабар беріп, жөн сілтеп, нұсқа көрсетіп тұрған "Қазақ" газетінің басында тұрған азаматтардың Орынборда жоқ екендігін көріп, жауын тілеген егін қалпындағы жұрттың үмітіне қарсы

бару нәтижесімен Орынборға февраль басында келіп... "Қазақ" газетін шығаруды мен мойныма алдым" – деп түсіндірсе (433), мақсаты туралы: "Қазақтың" соңғы жүретін жолы – халыққа болып жатқан өзгерістен хабар беру, заманына қарай амал қылу, жол көрсету, сасқанда алдынан шығып жәрдем беру... " – деп, жазды (434).

Ә. Жүндібайұлының алдына қойған мақсатын орындауға большевиктердің мүмкіндік бермегені белгілі. Дегенмен, бұл нөмірден большевиктердің билеуші партия ретінде жасаған алғашқы қадымдарын көрсететін, Орынбор қаласында атқарған нақты істері туралы көптеген құнды мағлұматтар алуға болады.

Сонымен, қорыта айтсақ, "Қазақ" газеті қоғамдық сұранысқа сай пайда болған, А. Байтұрсынов бастаған ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының іс-әрекеттерінің негізінде, жергілікті жердегі патша әкімшілігінің рұқсатымен және қатаң бақылауымен шығып тұрған, өзіндік ерекшелігі бар ұлттық бейресми басылым.

4. 2 "Қазақ" газетінің сипаты және негізгі авторлары

Мерзімді басылымның сипатын, оның қоғамдық-саяси бағытын анықтау және оны есепке алу – оған деректанулық талдау жасаудың, одан алынған мәліметтерді ғылыми-зерттеу жұмыстарында пайдаланудың ең басты және міндетті алғышарты. Ол үшін, алдымен нақты газеттің не журналдың кімнің қаржысына немесе қандай қаражат көздерінің арқасында шығып тұрғандығын анықтау қажет. Себебі, басылымның сипаты, бағыт бағдары, түптеп келгенде, оның деректік маңызы мен шынтуайттық дәрежесі осы фактормен тікелей байланысты. Сондықтан, бұл кез келген басылымды тарих дерегі ретінде пайдалану барысында ерекше көңіл аударатын принципті мәселелердің бірі.

Ал, енді өзіміздің негізгі зерттеу объектісі ретінде қарастырып отырған "Қазақ" газетіне келсек, онда оның қаражат көздері туралы бүгінге дейін үш түрлі пікір айтылып келгендігін көреміз. Біріншісі – газетті қазақтың қалталы байлары бірігіп ақша жинап шығартқан. Сондықтан, ол өзінің сипаты жағынан "байшыл" газет болған. Екіншісі – газет негізінен бір адамның ақшасына шыққан. Сондықтан, ол бір ғана әулетке тән газет. Үшіншісі – газет байы

бар басқасы бар жалпы халықтың қолдауымен, газетті жаздырып алушылардың алдын ала төлеген ақшасына және жарнамадан түскен қаражатқа шығып тұрған, негізінен өзін-өзі қаржыландырған газет. Сондықтан, ол жалпыұлттық сипатта болған газет. Осы пікірлерге жеке-жеке тоқталып, қай пікірдің шындыққа жақын екендігін қарастырып көрейік.

Газеттің қаражат көздерін арнайы зерттеген Қайрат Сақов "Қазақ – өзін-өзі қаржыландырған газет" (435) – деген мақаласында, бірінші пікірді айтқан белгілі жазушы Сәбит Мұқанов екендігін айтады. Ол мақалада жазушының 1932 жылы шыққан "XX ғасырдағы қазақ әдебиеті" деген кітабындағы: "Қазақ" газетін шығару үшін қазақ байлары 7 жыл дайындық жасап, 5000 сом ақша жинаған. Оны газет шығарту үшін Смайыл қажы Жаманшаловқа тапсырған. "Қазақ" сол ақшаға шыққан" (436) – деген пікірдің негізсіз екендігін, ондай болжамның сол кездегі уақыт талабына сай пайда болған, тарихи шындықтан алыс, саяси болжам екендігін дәлелдейді.

Қ. Сақовтың айтуынша ондай жолдар: "1929 жылғы Қазақстан өлкелік партия комитетінің V пленумының шешіміне сәйкес жазылған. Онда: "Қазіргі қазақ әдебиеті негіздерінде ескі байшыл, ұлтшылдардың, алашордашылардың әдебиеті. Сондықтан байшыл, ұлтшыл әдебиеттің сырын ашып, әдебиеттегі, жалпы көркем өнердегі оның ықпалымен қатты күресу керек" – деген нақты нұсқау берліген-ді. Оны орындау үшін, әуелі, қазан төңкерісіне дейінгі қазақ баспасөзіне тағылған нақак жала, кінәләрді (байшыл, ұлтшыл деген) дәлелдеп, жұрттың көзін жеткізу керек емес пе? Осы мақсаттарын орнына келтіру үшін қолдарына түскен деректердің анық-қанығын айқындамай, онды-солды қажеттеріне жаратуға асыққандары байқалды. Соның нәтижесінде "Қазақ" байлардың қаражатымен жарық көргендіктен солардың сөзін сөйледі, сондықтан байшыл басылым болды деген қорытынды шығады. Оның соңы "байлар, байшыл оқығандар кеңес өкіметіне қарсы шыққанда таптық мақсаты қайшы келген соң қарсы шықты" деген пікір туғызбай қоймайды" (437).

Жас ғалымның бұл пікіріне толық қосылуға болады. Себебі, біріншіден, С. Мұқановтың өзінің таптық-әлеуметтік шығу тегіне байланысты, большевиктердің тап күресі саласындағы саясатын толығымен қолдап, әрқашан партияның нұсқауларын асыра

орындап келгендігі белгілі. Оның дәлелі өзінің кітаптары. Екіншіден, егер "Қазак" газетінің о бастан-ақ 5000 сом ақшасы болса, онда оны шығарушылар, бірінші санынан бастап газетті үздіксіз шығарып тұру үшін жанталасып ақша іздемеген болар еді. Көп ұзамай оның таралымы үш мыңнан бір мың алты жүзге түспеген болар еді. Үшіншіден, "Қазак" еш уақытта байшыл да кедейшіл де болған емес. Ол надандығы, сарандығы үшін байларды да сынады, жалқаулығы, бейқамдығы үшін кедейді де сынады. Демек, бірінші пікірдің еш негізсіз екендігіне күмән жоқ. Ал, С. Жаманшаловқа тапсырылған ақша туралы жоғарыда айтылды.

Екінші пікірге келсек, "Қазактың" 1993 жылы қайта шыққан 266-санында, Оразайдың Ахметінің Мұхамедрахымы өзінің "Газеттің шығу тарихынан" деген мақаласында: "Мен Мүстакеңнің ("Қазактың" алғашқы бастырушысы Мүстафа Оразаевты айтып отыр – Қ.А.) ең жақын інісі болғандықтан әрі бір кезде бірге тұрғандықтан газеттің қалай шыққан себептерін ауызекі сұрап, анық-қанығын білуге тырысқан едім... Ахмет ишан Оразайұлы берген қаржы бір мың сомның көлемінде. Сол кезде бір кой 5 сом, ірі кара мал отыз-қырық сомның мөлшерінде екен. Осыдан-ақ оның аз ақша емес екенін аңғаруға болады" – десе (438), "Ана тілі" газетінде Мұхамедрахым Жармұхамедұлы: "Ахмет Оразайұлы кезінде "Қазак" газетінің шығуына ат салысып, қазіргі тілмен айтқанда демеуші болған" (439) – дей келе, "Осы тұста басын аша кететін бір сауал - газетті шығаруға Ахмет ишан қанша қаржы бөлді және оған себепші болған кім еді?"

Осы мәселеге байланысты көзі тірісінде Мүстафаға сұрақ қойып, сыр тартқанымда, ол кісі: "Негізгі қаржыны әкемнің өзі берді, елдің басқа да игі жақсылары үлес қосты. Газетті шығаруға дайындық кезеңінде ол кісі менің қолыма екі мың сом бергені есімде", – деп әңгімесін қысқа қайырған еді. Сол кезеңнің нарқымен есептегенде әлгі қаржының мөлшері газетті аяғын қаз бастырып, алғашқы нөмірлерін іркіліссіз шығаруға жеткілікті болғанын, тіпті "Серіктікке" айналар тұста да жиналған қор көлемінің әлгі шамалас екендігі "Қазак" газетінің мақалаларында келтірілген" – дейді (440).

Екі мақалада айтылғандай, Мүстафа Оразаевтың өз аузынан естіген әңгімесін жазып отырған, екі мақаланың авторы Мұхамедрахымның бір адам екендігі түсінікті. Олай болса, Ахмет

бар басқасы бар жалпы халықтың қолдауымен, газетті жаздырып алушылардың алдын ала төлеген ақшасына және жарнамадан түскен қаражатқа шығып тұрған, негізінен өзін-өзі қаржыландырған газет. Сондықтан, ол жалпыұлттық сипатта болған газет. Осы пікірлерге жеке-жеке тоқталып, қай пікірдің шындыққа жақын екендігін қарастырып көрейік.

Газеттің қаражат көздерін арнайы зерттеген Қайрат Сақов "Қазақ – өзін-өзі қаржыландырған газет" (435) – деген мақаласында, бірінші пікірді айтқан белгілі жазушы Сәбит Мұқанов екендігін айтады. Ол мақалада жазушының 1932 жылы шыққан "XX ғасырдағы қазақ әдебиеті" деген кітабындағы: "Қазақ" газетін шығару үшін қазақ байлары 7 жыл дайындық жасап, 5000 сом ақша жинаған. Оны газет шығарту үшін Смайыл қажы Жаманшаловқа тапсырған. "Қазақ" сол ақшаға шыққан" (436) – деген пікірдің негізсіз екендігін, ондай болжамның сол кездегі уақыт талабына сай пайда болған, тарихи шындықтан алыс, саяси болжам екендігін дәлелдейді.

Қ. Сақовтың айтуынша ондай жолдар: "1929 жылғы Қазақстан өлкелік партия комитетінің V пленумының шешіміне сәйкес жазылған. Онда: "Қазіргі қазақ әдебиеті негіздерінде ескі байшыл, ұлтшылдардың, алашордашылардың әдебиеті. Сондықтан байшыл, ұлтшыл әдебиеттің сырын ашып, әдебиеттегі, жалпы көркем өнердегі оның ықпалымен қатты күресу керек" – деген нақты нұсқау берліген-ді. Оны орындау үшін, әуелі, қазан төңкерісіне дейінгі қазақ баспасөзіне тағылған нақақ жала, кінәләрді (байшыл, ұлтшыл деген) дәлелдеп, жұрттың көзін жеткізу керек емес пе? Осы мақсаттарын орнына келтіру үшін қолдарына түскен деректердің анық-қанығын айқындамай, онды-солды қажеттеріне жаратуға асыққандары байқалды. Соның нәтижесінде "Қазақ" байлардың қаражатымен жарық көргендіктен солардың сөзін сөйледі, сондықтан байшыл басылым болды деген қорытынды шығады. Оның соны "байлар, байшыл оқығандар кеңес өкіметіне қарсы шыққанда таптық мақсаты қайшы келген соң қарсы шықты" деген пікір туғызбай қоймайды" (437).

Жас ғалымның бұл пікіріне толық қосылуға болады. Себебі, біріншіден, С. Мұқановтың өзінің таптық-әлеуметтік шығу тегіне байланысты, большевиктердің тап күресі саласындағы саясатын толығымен қолдап, әрқашан партияның нұсқауларын асыра

орындап келгендігі белгілі. Оның дәлелі өзінің кітаптары. Екіншіден, егер "Қазақ" газетінің о бастан-ақ 5000 сом ақшасы болса, онда оны шығарушылар, бірінші санынан бастап газетті үздіксіз шығарып тұру үшін жанталасып ақша іздемеген болар еді. Көп ұзамай оның таралымы үш мыңнан бір мың алты жүзге түспеген болар еді. Үшіншіден, "Қазақ" еш уақытта байшыл да кедейшіл де болған емес. Ол надандығы, сарандығы үшін байларды да сынады, жалқаулығы, бейкамдығы үшін кедейді де сынады. Демек, бірінші пікірдің еш негізсіз екендігіне күмән жоқ. Ал, С. Жаманшаловқа тапсырылған ақша туралы жоғарыда айтылды.

Екінші пікірге келсек, "Қазақтың" 1993 жылы қайта шыққан 266-санында, Оразайдың Ахметінің Мұхамедрахымы өзінің "Газеттің шығу тарихынан" деген мақаласында: "Мен Мүстакеңнің ("Қазақтың" алғашқы бастырушысы Мұстафа Оразаевты айтып отыр – Қ.А.) ең жақын інісі болғандықтан әрі бір кезде бірге тұрғандықтан газеттің қалай шыққан себептерін ауызекі сұрап, анық-қанығын білуге тырысқан едім... Ахмет ишан Оразайұлы берген қаржы бір мың сомның көлемінде. Сол кезде бір қой 5 сом, ірі қара мал отыз-қырық сомның мөлшерінде екен. Осыдан-ақ оның аз ақша емес екенін аңғаруға болады" – десе (438), "Ана тілі" газетінде Мұхамедрахым Жармұхамедұлы: "Ахмет Оразайұлы кезінде "Қазақ" газетінің шығуына ат салысып, қазіргі тілмен айтқанда демеуші болған" (439) – дей келе, "Осы тұста басын аша кететін бір сауал - газетті шығаруға Ахмет ишан қанша қаржы бөлді және оған себепші болған кім еді?"

Осы мәселеге байланысты көзі тірісінде Мұстафаға сұрақ қойып, сыр тартқанымда, ол кісі: "Негізгі қаржыны әкемнің өзі берді, елдің басқа да игі жақсылары үлес қосты. Газетті шығаруға дайындық кезеңінде ол кісі менің қолыма екі мың сом бергені есімде", – деп әңгімесін қысқа қайырған еді. Сол кезеңнің нарқымен есептегенде әлгі қаржының мөлшері газетті аяғын қаз бастырып, алғашқы нөмірлерін іркіліссіз шығаруға жеткілікті болғанын, тіпті "Серіктікке" айналар тұста да жиналған қор көлемінің әлгі шамалас екендігі "Қазақ" газетінің мақалаларында келтірілген" – дейді (440).

Екі мақалада айтылғандай, Мұстафа Оразаевтың өз аузынан естіген әңгімесін жазып отырған, екі мақаланың авторы Мұхамедрахымның бір адам екендігі түсінікті. Олай болса, Ахмет

ишан берген ақшаның мөлшерін екі түрлі көрсетуі бұл мәліметке күмән тудырады. Бұл жерде біз, қайталап айтсақ, Ахмет ишан Оразай мен баласы Мұстафа Оразаевтың "Қазақ" газетін шығаруға қосқан үлестерін, атқарған игі істерін жоққа шығарудан аулақпыз. Біздің бұл мәселеге ерекше көңіл бөліп, әр түрлі дерек көздерін бір-бірімен салыстырып карауымыздың себебі, Оразай ұрпағының тағы бір өкілінің жоғарғыдай дәлелденбеген күмәнді мәліметтерге сүйеніп: "Газеттің 80 жылдығына арнап баяғы 265 санынан кейінгі, 266 санын шығаруға ниет етіп отырмыз. Жалпы бұлай етуге бүгінгі Оразай әулетінің моралдық хұқы бар деп білеміз. Өйткені "Қазақ" газетін шығару идеясы Ахмет Оразаевтікі болған, сол Ахмет Оразаев аулына Міржақып Дулатов барғанда осы кісі тарапынан идеяның мақұл тапқанын және Оразаев Ахметтің газетті шығаруға қаржы беріп, құрылтайшылық еткенін газет тігіндісі де, Орынбор генерал-губернаторлығының құжаттары да дәлелдеп отыр" — деп, газетті өз әулетінің жеке меншігіне айналдырмақ болған әрекеті (441).

Газеттің шығуы туралы идеяның кімдікі екендігі, ол идеяның қашан, қалай пайда болғандығы және "Қазақты" қайта тірілтпек болған әрекеттен не шыққандығы туралы алдағы параграфта айтылды. Ал берілген қаржы мәселесіне келсек, "Қазақ" газетінің тігіндісінде де, Орынбор генерал-губернаторлығының құжаттарында да Ахмет ишанның газет шығару үшін мың не екі мың сом ақша бергендігі туралы мәлімет жоқ. Демек, газет бір әулеттің ғана газеті деген пікір де дәлелсіз пікір.

Оразай әулетінің өкілі көрсеткен деректердегі мәлімет бойынша "Қазақ" газетінің бастапқы қор мөлшері 750 сом болған. Мысалы, газет тігіндісін алсақ, онда газет редакторы А. Байтұрсынов, газеттің "бірге толып екіге аяқ басуына" орай жазған мақаласында: "Шығаруға бел байлағанда қолдағы пұлымыз не бары 750 сом еді. Халықта баспасөзге аңсаған адамдардың барлығымен газет кетті. Әйтпесе 750 сом қаншаға шыдар еді?" — деп, анық айтқан (442). Газеттің жайын А. Байтұрсыновтың өте жақсы білгендігіне және газет қорына түскен әр бір тиынды санап отырған редактордың сөзіне ешкім күмән тудыра қоймас деп ойлаймыз. Орынбор генерал-губернаторының құжаттарына келсек, оларда да газеттің өз жұмысын азғана ақшамен бастағандығы айтылады. Мысалы, М. Қойгелдиев: "Қазақтың"

шығу тарихының байланысты принциптік мәселелердің бірі — газеттің қаржылық негізі” — дей келе (443), Орынбор генерал-губернаторының мұрағат құжаттарынан мынадай мәліметтер келтіреді: “Орынбордағы жандарм бастығы Бабич 1913 жылы Петербургтегі полиция департаментінің директорына жолдаған құпия есебінде Орынборда қазақ тілінде газет шыға бастағанын растап, бірақ оның қаржы тапшылығына байланысты көп ұзамай жабылып қалуы мүмкін екенін айтады” (444). Ал, Орынбор губернаторының 1916 жылы ресей Ішкі істер министрлігі рухани істер департаментінің вице-директоры, ерекше тапсырмалар шенеунігі Таранавскийге жолдаған жауап хатында: “Уведомляю Ваше превосходительство, что редактор газеты “Казах” Ахмет Байтұрсынов начал издавать свою газету 2-го февраля 1913 года, имея в своем распоряжении капитал лишь в сумме 750 рублей” — деп жазылған (445). Мұндағы “Қазақтың” басқан ізін аңдып отырған жергілікті жандармерияның мәліметтері А. Байтұрсыновтың сөзімен сай келуі, газеттің бастапқы қорының шындығында 750 сом болғандығын толығымен дәлелдейді. Ал, ол 750 сомның негізінен халықтан (газетке жазылушылар мен мүмкіндігінше көмек көрсетушілерден — Қ.А.) жиналған ақшадан құралғандығын газет тігіндісінен байқауға болады. Ахмет ишанның газет шығару ісіне көмек ретінде берген ақшасы да осының ішінде болуы мүмкін.

Газет өмірге келіп, өз жұмысын бастаған соң да үнемі халықтың қолдауын көріп отырды. Ә. Бөкейханов екі жылдан кейін, газеттің екіге толып үшке аяқ басуына байланысты: “Тәңірден соңғы күшті халық қой. Халық қолдаған іс анау-мынаудың қастығымен өшпейтінін көзбен көріп, қолмен ұстағандай болдық... Әуелі құдайға сеніп, екінші, құдайдан соңғы күшті халыққа сүйеніп, “Қазақ” алдағы жасына аяқ басты. Қайырлы болсын!” - деп жазды (446). Мұнда, “Қазақ” газетінің негізгі сүйенері халық екендігі ашық айтылған. Олай болса, газеттің жалпыхалықтық-ұлттық сипатта болуы заңдылық.

Дегенмен, бір қолдың саусақтарымен санап шығуға болатын жылдар аралығында болып өткен қоғамдық құбылыстар тасқыны “Қазақ” газетінің сипатын өзгерте алмағанымен, оның бағыт-бағдарына, алдына қойған міндеттеріне түбегейлі өзгерістер енгізбей қоймады. Уақыт газет шығарушылардан бұрын-соңды

еш қазақ кездесіп көрмеген мәселелерді шешуді талап етті. Егер, алғашқы жылдары газет авторлары: "Қазіргі қазақ мәселерінің ең зоры жер мәселесі. Бұл қазақтың тірі я өлі болу мәселесі. Бұл тұрасында түсініп жетпей қателесіп, қазақты теріс жолға салғанымыз, 5 миллион адамның обалын мойнымызға жүктегеніміз" — деп (447), жер мәселесінің қазақ үшін өмірлік маңызы бар мәселе екендігін, оған өздерінің аса үлкен жауапкершілікпен қарайтындығын айтып келсе, 1916 жылы қазақтан солдат алу мәселесі газеттің өзекті мәселесіне айналды. Дүниені шарпыған соғыс өртінен қазақты қайтсем аман алып шығамын деп ойлаған "Қазақ" қазақ жастарын патша жарлығына мойынсұнып майданға баруға шақырды. Ал, 1917 жылдың наурызынан бастап газеттің бағыт-бағдары түбірімен өзгерді. Енді ол Алаш ұлына: "Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше күл едік, енді бүгін теңелдік!" — деп (448), ұрандап комитет құру, съез шақыру істеріне кірісіп кетті. Басқа да Ресей халықтары сияқты құрылтай жиналысына көп үміт артып, оған қатысатын қазақ депутаттарын сайлау жұмысымен айналысты. Баспахана сатып алып, келешекке үлкен үмітпен қарады.

Бірақ, "Қазақтың" мұндай шуақты күндері ұзаққа бармады. Сол жылдың күзінде Ресейдің орталығында орын алған қазан төңкерісі "Қазақ" газетінің бағыт-бағдарына кезекті өзгерістер енгізді. Енді ол өзінің бар күш-жігерін большевизмге қарсы күреске арнады. Олардың демагогиялық жөлауыз сөздерін әшкерелеп, ұлтының көзін большевиктердің тарапынан төнген қауіпке жеткізуге тырысты. "Аттан Алаш азаматы!" — деп ұран тастап, қазағына: "Жауың — большевик... Ортақ жау — большевикке қарсы жорыққа аттану кеудесінде жаны, денесінде бабалары түріктің қаны болған алаш азаматына парыз" — деп (449), халықты қазақ жеріне күштеп орнатыла бастаған кеңес өкіметіне қарсы күреске ұйымдастыру ісімен айналысты.

Міне осылай, айналасы бірнеше жылдың ішінде ғана қоғамда болған күрделі саяси өзгерістер "Қазақ" газетіне өзінің бағыт-бағдарына, алдына қойған мақсаттарына, ұлт мүддесінен шығып, бірнеше рет түбегейлі өзгерістер енгізуге мәжбүр етті.

Сонымен, "Қазақ" газетінің өзінің объективті негізі — қаражат жағынан да, атқарған іс-әрекеттері жағынан да жалпыұлттық газет болғандығы, оның қалыптасқан әрбір объективті тарихи,

жағдайы, нақты бағыт-бағдары, алдына қойған мақсаттары ұлт мүддесінен туындағаны анық.

Газеттің ұлттық сипатта болуы, дүниенің астаң-кестені шыққан аумалы-төкпелі уақытта, Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтсақ: "Бұл уақыттың жылдай, саусақпен санағандай аз жыл болса да, болып өткен оқиғаларына қарағанда көп заманға жауап ұратын толқынды заманның бірінде" (450) – талай тар жол тайғақ кешуді басынан өткерсе де, соңғы 265-нөміріне дейін өзінің ұлттық сипатын сақтап қалуы, оның әрбір қазақтың жүрегінен орын алып, жалпыхалықтық сүйіспеншілікке бөленуіне әсер етті. Алаштың естияр азаматы түгіл оқудағы баласына шейін "Қазак" сөзіне құлақ асты. "Қазак" газетінің іс-әрекетінің, оның тарихының куәгерлерінің бірі Мұхтар Әуезовтің: "Мектептегі сабағын оқымайтын бала "Қазак" газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын" – деп жазуы соның дәлелі (451).

Осылай, өзінің алғашқы нөмірінің алғашқы жолдарын: "Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетіміздің есімін "Қазак" қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғайуына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десендер, азаматтар, тура жолдың бірі осы" (452) – деген сөздермен бастаған "Қазак", өзінің саналы өмірін, газеттің соңғы үш нөмірінде бірдей басылған, бірінші беттегі газет атының астында, беттің бір шетінен екінші шетіне дейін созылған **"ЖАСАСЫН АЛАШ АВТОНОМИЯСЫ! КӨРКЕЙСІН АЛАШ!"** деген ұран-айдармен аяқтады.

Қайталанбайтын деректердің (уникальные источники) деректік маңызы, олардан алынатын ақпараттардың ғылыми құндылығы, сол деректерді жасаушы субъектерге тікелей байланысты. Нақты деректі дүниеге әкелуші нақты субъектің қоғамдағы әлеуметтік жағдайы, өзін қоршаған ортаға көзқарасы, дүниетанымы, жалпы білім дәрежесі, қоғамдық позициясы т.б. қасиеттері дерекке енбей қоймайды. Сондықтан деректің берер мәліметі өзі бейнелеп отырған объектінің шеңберінен әлдеқайда кең, себебі ол зерттеушіге деректі жасаушы субъект туралы да қосымша ақпараттар бере алады.

Мерзімді басылымдарда мұндай субъектерге редакторлар, авторлар, тілшілер жатады. Қоғамда болып жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық процестердің газет не журналда қай

дәрежеде, қандай түрғыдан бейнеленуі сол нақты газетті не журналды дайындап, тасқа басып шығарушыларға байланысты. Демек, "Қазақ" газетінің ХХ ғасырдың басындағы еліміз тарихының дерегі ретіндегі орны, жеткізген мәліметтерінің ғылыми маңыздылығы шығарушыларының атымен, яғни Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы және Әлихан Бөкейханның атымен айқындалады.

Олай дейтініміз "Қазақ" газетінің бетінде, бес жылдан астам уақытта, жүздеген авторлардың мақалалары жарияланғанымен, оның бастан аяқ негізгі шығарушылары және тұрақты авторлары сол үшеуі болды. "Ақаң сөйлегенде менің есіме "Қазақ" газетінің әуендері түседі" – деп Мұхтар Әуезов, газет пен оның редакторының біртұтастығын дәл көрсете білді (453). А. Байтұрсынұлының және оның рухани серіктерінің газет өмірінен алар орындарын мына фактілерден де көруге болады. Мысалы, қазіргі зерттеушілер дерек көзі ретінде пайдаланып жүрген "Қазақ" газетінің жинағына енген 422 мақаланың 229 жазғандар: А.Б., Ахмет, А. Байтұрсынұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Ә.Б., Қыр баласы, Әлихан, Әлихан Бөкейханов, Комиссар Бөкейханов, М. Д., Мадияр, Міржақып Дулатов, Басқарма және басқарма атынан авторы көрсетілмей басылған мақалалар. Демек, жинаққа енген материалдардың 53 процентке жуығын жазғандар: Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан және Міржақып Дулатұлы.

Бұл көрсеткіш шамамен газет түпнұсқасымен де сай келеді.

Мұндай дәстүр газеттің өн бойында сақталған. Осылай 5 жыл бойы, большевиктер бүліншілігіне дейін үшеуі газеттің үздіксіз шығып тұруын қамтамасыз етті. Әрине, мұндай істің оларға оңайға түспегендігі белгілі. А. Байтұрсынұлы пен М. Дулатовтың сол жылдары бар өмірін газетке арнап, ұлттық маңызы бар басқа нәрселерге мойын бұруларына мүмкіндіктері болмағаны туралы, Әлихан Бөкейханов, роман жазу мәселесін айта келе: "Мәдени жұртта көркем кітап жазып отыратын Ахмет, Міржақып газеттің уақ ісіне есіл ғұмырды байлап отыр" – деп жазды (454). Өзінің де "Қазақ" газетінде жарияланған мақалаларын дайындау үшін аз уақыт жоғалтпағаны түсінікті.

Газеттің бар жұмысын А. Байтұрсынұлы екеуінің атқарғаны туралы М. Дулатов 1929 жылы 1 қаңтарда ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: "Газетте тек екеуміз жұмыс істедік. Менің

күні-түні жұмыс істеуіме тура келді. Адресстерді қолдан жаздым, көшіріп жазушы, материалдарды өңдеуші, корректор, газетті бүктеуші, таратушы - осы міндеткерліктің барлығы менің мойнымда болды. Газет шағын форматты апталық болды. Газетті әр жерге таратып насихаттаушы да мен болдым. Алғаш шыққан жылдары Павлодар, Омбы, Петропавловск, Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Түркістан, Шымкент, Әулие-Ата және басқа қалаларда болдым" - дейді (455). Сонымен, қорыта айтсақ, "Қазақ" газетінің материалдарын еліміз тарихының дерегі ретінде пайдаланушылардың, көбіне сол үш автордың еңбектерімен кездесетіндіктері анық. Сондықтан, газеттің негізгі авторлары ретінде Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов және Әлихан Бөкейхановтың "Қазақ" газетінде жарияланған мақалаларының деректік ерекшеліктеріне тоқталайық.

Алдымен олардың өздері шығарып отырған газетке үлкен үміт артып, оған аса үлкен жауапкершілікпен қарағандығын айтуымыз керек. "Қазақ" газетінің бетіндегі алғашқы сөздерін "Заманына қарай амалы" деген сөз бар – деп, бастаған Ахаң, сол заман талабына сай амал жасауға көмектесетін нәрсенің бірі газет екендігін айта келе: "Әуелі газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі" – деп, газеттің халық өмірінде алар орнын жоғары бағалай келе, сол газета арқылы: "Дүниенің төріне тырысқандар төрден орын алып жатыр. Тырыспағандар есікте қалып жатыр. Есікте қалмай төрге тырмысалық. Басқалар төрге қалай бара жатқанына қарап, біз де солардың істегенін істейік" – деп, қазағын өзге ғасырлардан орны бөлек ХХ ғасырға лайық іс қылуға, яғни газет шығаруға шақырды (456).

Осылай, өз жұмыстарын газеттің маңызын айқындаудан бастаған оның шығарушылары, газет жұмысын ел мүддесіне сай ұйымдастырып, оны ел керегіне жаратуға барын салды. Өздерінің мақсаты: "...ананы-мынаны жазып, қағаздың төрт бетін шұбарлап, тасқа басып шығару" – емес (457), елді жақсылыққа бастап, жаманшылықтан сақтайтын газет шығару екендігін айтты. Олардың ойынша: "газет адасса, көпті адастырады, жаңылысса көпті жаңылыстырады. Сондықтан қызметін дұрыс атқарамын деген газет жұртты бастар жерінде жан-жағына қарап, аяғын байқап баспақ, ақыл айтар жерінде ар жақ-бер жағын ойлап, аңдап сөйлемек" (458).

Газет материалдары редакцияның бұл қағиданы үнемі басшылыққа алып отырғанын көрсетеді: Мысалы, бар қазақтың көкейтесті мәселесі жер туралы газет 10-санынан бастап қана жаза бастады. Оның себебін басқарма: "Бұл күнде қазақтың қажеті һәм кемшілігі қай жағынан болса да көп, солардың арасындағы ең біріншісі жер мәселесі. Біз бұл туралы мұнан бұрын жазған жоқ едік. Жазбағанда ұмытып кеткендіктен яки керексіз деп білгендіктен емес... Біздің мақсұтымыз, жер қақындағы ойымызды бастан-аяқ түгел баяндап жазбақ һәм жазылған сөзді бекітетін толымды дәлелдер көрсетпек. Біздің жер хақында жазуға асықпай жатқанымыз да сол, оқушыларымыздың есінде болсын" — деп, түсіндірді (459).

Басқарма ескерткендей, кейін жер мәселесі туралы жазылған мақалалар өздерінің тереңдігімен, келтірілген дәлелдерінің толымдылығымен ерекшеленеді. Бұл қасиет тек жер мәселесіне ғана емес, жалпы "Қазақ" газеті көтерген барлық мәселелерге де ортақ деп айта аламыз. Демек, газеттің "көпті адастырып", "көпті жаңылыстырмаудың" жолын мың ойланып, жүз толғанып барып ұсынғандығы күмәнсіз.

Ал, ел басына күн туған "Қазақтың" өз сөзімен айтсақ: "Газеттің басынан өткізген жылдардың ең ауыры", 1916 жылғы маусым жарлығынан кейін, қарапайым халық не істерін білмей тұйыққа тірелген кезде, ұлт зиялыларының сыналар сәті туғанда Әлихан, Ахмет, Міржакып деп қол қойылған "Алаштың азаматы" атты мақалада, патша жарлығына көну керек пе жоқ көнбеу керек пе деген сұраққа: "Біздің жұртқа айтарымыз, бұған көнбеске болмайды" — деп (460), бір жақты жауап беріп, өз пікірлерінің дұрыстығын қалыптасқан объективті жағдаймен дәлелдеуінің, бүгінгі күннің биігінен қарасақ, бірден-бір дұрыс шешім болғандығын көреміз. Бұл: "газеттің жұртты бастар жерінде жан-жағына қарап, аяғын байқап басып, ақыл айтар жерінде ар жақ-бер жағын ойлап, аңдап сөйлегендігінің" — дәлелі

Сонымен қатар, олар: "газеттің ең әуелі белгілі ұстаған жолы, жұртына арнаған мақсаты, оған бастайтын бағыты, жөні боларға газет әдебиет табына жататын болғандықтан жазылған сөздегі мағына жағынан толымды, көңіл жағынан қонымды, түз жағынан тәртіпті, сын алдында сымдай болуға тиіс" — деп (461) газеттің өз жолы, белгілі мақсаты мен бағдары болумен қатар газет сөзінің әсерлі болуына, оның тәрбиелік мәніне ерекше көң

бөлді. Газеттің өзінің ұстаған жолымен жүріп, ұлт мақсаты үшін қызмет еткендігінің дәлелі оның тарихы болса, газет сөзінің оқырмандарға әсерлі де түсінікті болғандығының, көңілдеріне қонғандығының дәлелі Мұхтар Әуезовтің "Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған "Қазақ" газеті болатын" – деп жазуы (462). Оның үстіне газет авторларының: "...газетте өз атымыздан басылған сөздің бәріне де иеміз" – деп айтуы (463), газет сөзінің сенімділігін арттыра түседі.

Келтірілген мысалдар "Қазақ" газетін шығарушылардың өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарағандықтарын көрсетеді ғой деп ойлаймыз. Бұл фактор газет материалдарының (тарихи деректердің – Қ.А.) шынайылық дәрежесінің жоғары болуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі.

Мерзімді басылымдар материалдарының деректік маңызына әсер ететін келесі фактордың бірі – сол басылымдарды шығарушылардың жеке тұлғалық қасиеттері. Газет не журналдарда салынған нақты ақпараттардың ғылым үшін құндылықтары, сол ақпаратты жеткізіп отырған мақала авторының қоғамдағы орнына, өмірлік позициясына, саяси көз-қарастарына, өзі көтеріп отырған мәселені қаншалықты білетіндігіне, жалпы білім дәрежесіне т.б. қасиеттеріне тікелей байланысты. Ал, егер, өзіміз зерттеу объектісі ретінде қарастырып отырған "Қазақ" газетіне келсек, онда оның мақалаларының басым бөлігінің авторлары, жоғарыда айтқанымыздай, алаштың үш ардагері болғандығы белгілі. Демек, газет материалдарының негізгі бөлімінің ғылыми құндылығы да солардың атымен айқындалады.

Газет редакторы және негізгі үш авторының бірі Ахмет Байтұрсынов, газет редакторының көмекшісі және оның белсенді авторы Міржақып Дулатов, газеттің идеологиялық жетекшісі, негізгі авторларының бірі Әлихан Бөкейхан туралы соңғы 10 жыл ішінде көптеген материалдар жарияланды. Олардың өмірі, қоғамдық-саяси қызметі туралы жан-жақты айтылды. Еңбектері, оның ішінде "Қазақ" газетінде басылған мақалалары жеке кітап түрінде басылып шықты. Тек, 1998 жылы ғана Ахмет Байтұрсыновтың 125 жылдығына орай, ол туралы ондаған зерттеу жұмыстары жарық көрді. Әрине, олар туралы әлі де талай

еңбектер жазылары даусыз. Солай болуы тиіс. Өйткені казак халқының өзінің аяулы ұлдарының ел алдында еткен еңбектерін терең білуі, оның рухани жаңғыруының қайнар көзі.

Дегенмен, біздің бұл жердегі міндетіміз олардың еңбектеріне талдау жасау емес, тек "Қазак" газетінің негізгі авторлары ретінде ортақ қасиеттерін ғана көрсету. Біріншіден, үшеуіне де ортақ басты қасиет олардың өз ұлтына деген шексіз сүйіспеншіліктері. Ұлт мүддесі үшін қызмет ету, бүкіл саналы өмірлерін сол мақсатқа арнау, олардың қоғамдағы орнын да, саяси көзқарастарын да, тағдырларын да шешті. Олардың өмір тарихының бір-біріне соншалықты ұқсас болуының негізінде сол ортақ мақсаттың жатқандығы даусыз.

Үшеуі де ұлт бостандығы үшін жүргізілген әр түрлі формадағы саяси күреске өте ерте араласты. Мысалы, Ахмет Байтұрсынов:

*"Ок тиіп он үшімде ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.
Алданып тамағыма, оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі харам"*

деп, (464) өзіне ес біле бастағаннан жүрегің жаралаған "ойды" өмір бойы ұмытпағандығын айтса, Міржақып Дулатов 1907 жылы Санкт-Петербург қаласында шыққан "Серке" газетінің екінші нөміріндегі "Біздің мақсатымыз" деген мақаласын: "ҚАЗАҒЫМ МЕНІҢ, ЕЛІМ МЕНІҢ! Ең алдымен казак халқы – Россияға тәуелді халық... Оның ешқандай правасының жоқтығы ыза мен кек тудірады" (465) – деп, 22 жасында өзінің саяси көзқарасын, өмірлік позициясын айқын көрсетіп берді. Ал, Санкт-Петербургтегі Орман институтының студенті Әлихан Бөкейхан 1894 жылғы студенттер толқуына қатысқаны үшін жандармерия басқармасының назарына ілігіп, "саяси сенімсіздердің қара тізіміне" алынды. Сол "қара тізімнен" Ә.Бөкейханның өмір бойы шыға алмай кеткендігі бәрімізге белгілі.

Осылай, табиғи жас айырмашылықтарына қарай, бірі ерте бірі кеш алғашқы қадамдарын ұлт ісімен бастаған арыстарымыз 1913 жылдан бастап "Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесе қызмет ету казак баласына міндет. Қызмет етемін десеңіздер, азаматтықтың зор жолының бірі осы" – деп (466), "Қазак" газетін шығара бастады. Газетті ұлт ісіне толығымен берілген адамдардың шығарып отырғандығы туралы: "К

годовщине киргизской газеты "Казах" — деген мақалада: "Редактором газеты состоит общественный деятель, известный всему Киргизскому краю и глубоколюбимый киргизским народом истинно национальный поэт Ахмет Байтурсинов... Особенно энергично работали, не говоря уже о самом редакторе, пламенном патриоте, Али-Хан Букей-Ханов — бывший член Государственной Думы, специалист по аграрному вопросу Степных областей, неутомимый борец за народное право, не раз подвергавшийся опале в виде ареста, ссылки и т.п., молодой романист Мир-Якуб Дулатов" — деп жазылған (467).

Будан олардың ұлт алдындағы аткарып отырған істерін замандастарының да жоғары бағалап, жалынды патриот ретінде танығандарын көреміз.

Мерзімді басылымдар беттерінде жарияланған мақалалардың деректік маңызына, ондағы салынған ақпараттардың ғылыми құндылығына әсер ететін негізгі факторлардың бірі ондағы нақты мақала авторларының жалпы білім дәрежесі екендігі түсінікті. Бұл тұрғыдан қарағанда да "Қазақ" газеті арқылы бізге жеткен деректердің құндылығында күмән жоқ. Себебі, газеттің негізгі авторларының энциклопедиялық білімдері оларға өмірдің әр түрлі салалары бойынша ғылыми негізделген мақалалар жазуға мүмкіндік берді.

Мысалы, олардың "Қазақ" газетінің беттерінде басылған мақалаларына және басқа да еңбектеріне талдау жасау бізге, Қазақстан тарихының деректану саласында өзіндік із қалдырған Шоқан Уәлихановтан кейінгі қазақ ғалымдары, Ә. Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы болды деп айтуға мүмкіндік береді. Ә. Бөкейханның деректану ғылымына қосқан үлесін негізінен үш салаға бөлуге болады: Біріншісі, ХХ ғасырдың басындағы, демек, ең бір күрделі кезеңдегі, қазақ халқының өмірінің сан алуан қырынан мағлұмат беретін дерек ретінде Әлихан Бөкейханның өз еңбектері. Ол еңбектердің ұлт тарихының құнды деректер тобын құрайтындығына қазір ешкімнің күмәні жоқ деп ойлаймыз. "Ә. Бөкейханның шығармашылық мұрасы" деген мақалада: "Ғалымның негізгі, басты еңбектері қазақ халқының тарихына, экономикасына, мәдениетіне, шаруашылық жүргізу тәсілдеріне, ру-тайпалар шежіресіне, тұрмыс-салтына, қазақ жерлерінің отарлау тағдырына арналған. Бұл еңбектерде мың сан деректер, цифрлар, таблицалар,

қысқасы, ұшан-теңіз материал бар" - деп (468), әділ айтылған. Бұған қосарымыз бүгінгі күні Ә. Бөкейхан еңбектерін тарихи дерек ретінде пайдаланбай, ғасыр басындағы қазақтар тарихы туралы бірде бір ғылыми-зерттеу жұмысы жазылмайтындығы. Келешекте де солай болатындығы.

Мұндай жағдай Ә. Бөкейхан еңбектерінің деректік маңыздылығы, көтерген мәселелерінің ауқымдылығы, еңбектерде сақталынған деректердің шынайылық дәрежесінің жоғары болуынан туындайтыны даусыз. Автордың терең энциклопедиялық білімі, екі тілде бірдей жазу шеберлігі, өз ұлтының жағдайын және дүние жүзілік тарихты жетік білуі оған мәселелерді кең қойып, терең талдау жасауға, жан-жақты ашып көрсетуге мүмкіндік берді. Сөйтіп, Әлихан Бөкейхан еңбектері ұлттың өшпес мұрасына, сарқылмас қазынасына айналды.

Екінші саласы, деректану ғылымының талаптарына сай, тарихи құжаттарды іздеп тауып (эврика - Қ.А.) жариялауы. Ол: "Из бумаг султана Большой Киргизской Орды Сюка Аблайханова", "Из переписки хана Средней Киргизской Орды Букея и его потомков", "Из переписки киргизских ханов, султанов и проч." секілді құжаттарды жинап бастырды. Алаш ардагерінің бұл салада атқарған ғылыми ізденістерінің қазақ тарихы үшін маңызының зор екендігі де күмәнсіз.

Әлихан Бөкейханның тарихи деректану ғылымына қосқан үлесінің келесі бір бөлігі, ол оның өз шығармаларында айтқан тарихи деректанушылық ойлары, нақты төл деректерімізді сынауға байланысты білдірген көзқарастары.

Біздің тақырыбымыз тікелей осы проблемаға арналғандықтан, бұл мәселеге кеңірек тоқталайық. Ә.Бөкейхан өзінің деректанушылық ойларын негізінен ғасыр басында қазақ тілінде жарияланған шығармаларға жазған ғылыми рецензияларында айтқан. Мысалы, 1911 жылы жарық көрген Шәкәрім Құдайбердіұлының "Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі" деп аталатын кітабына арнаған рецензиясында: "Мұнан бұрын қазақ шежіресі қазақ тілінде кітап болып басылған жоқ. Шәкәрімнің бұл кітабы - қазақ шежіресінің тұңғышы, қазақ шежіресін білмек болған аға-іні іздегенді осы кітаптан табасын. Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі Шәкәрім кітабын әбден білмей қадам баспа. Кітап жиған жері жоқ, көшпелі

далада жүріп Шәкәрім шежіресіндей кітап жазбақ оңай жұмыс емес" - деп бұл еңбектің қазақтың төл дерегінің бірі - шежірені жариялаудағы ерекше орнын, автордың объективті қиыншылықтарға қарамай тындырған еңбегін жоғары бағалайды (469).

"Қара қыпшак Қобыланды" кітабына арналған әдеби сында деректану ғылымының күрделі проблемаларының бірі, деректің, сол деректе бейнеленген уақиғаның уақытын анықтау (датировка - Қ.А.) мәселесін шешуге әрекеттенеді. Әлихан Бөкейхан Тоқтамыс ханның өзінің тоғыз батырының бірі қара қыпшак Қобыландыдан ақыл сұрағанын айта келе: "Тоқтамыс хан Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы нәсілінен. Бұл Ақсақ Темірмен соғысып, жеңіліп қашқан. Бұл Қобыландының ісі XIV ғасыр ортасы болуға лайық. Тоқтамысқа болысқан Литва князы Витофты Воркесала өзені бойында (бұл Полтава губерниясында Днепр ашасы) Ақсақ Темірдің қол басшысы Едіге алған. Бұл соғыс 1399-ыншы жылы болған. Бұған қарағанда Едіге Тоқтамыстан кеткен соң Ақсақ Темірге қол басы болса керек. Мұнан көрінеді: Қобыландының Тоқтамыс, Едігелермен замандас болғаны" - деп негізделген қорытынды жасайды (470).

Әрине, Қобыландының өмір сүрген уақыты туралы мәселені автор толық шешті деп айта алмаймыз. Дегенмен, бұл келтірілген мысал Ә.Бөкейханның деректану ғылымының тиімді тәсілдерінің бірін пайдаланып, өмір сүрген уақыты дәл белгілі тарихи тұлғалар арқылы уақыты белгісіз тұлғаның өмір сүрген мезгілін анықтамақ болғандығын көрсетеді.

Осы еңбектерде Әлихан Бөкейхан көркем шығармалардың деректік маңызы, ондағы халықтың тұрмыс-салтының бейнеленуі, жалпы халықтың рухани, мәдени ескерткіштерінің тарих ғылымында алатын орны туралы өз пікірін білдірген. Ол: "Жақсы көркем жырда сол уақыттағы қазақтың болмыс-салты көрініп тұруға лауық. Тарихтың сарын жолы екіге бөлінеді. Бір бөлек тарихтың пайдаланған соғыс істері. Біздің қазақ білетін тарих осы ... Тарихтың екінші түрлісінің (мұны орыс тілінде история культуры дейді) пайдаланғаны - жұрттың болмыс-салты, рухани мәдениетінің дәрежесі. Бұлардың бәрі сол жұрттың сол замандағы тіккен үйінен, киген киімінен, ұстаған аспаптарынан, сөздерінен білінеді. Анық тарих - осы екіншісі. Бұған жем нәрселер

(материал) жақсы, шын ақындар шығарған, бұзылмаған жырларда болады" - дейді (471). Міне осы жолдарға көңіл аударып көрейік:

Біріншіден, барлық халықтар сияқты қазақ тарихына да тән кемшілік соғыстардың көбірек айтылып, ал халықтың негізгі тарихы болып табылатын күнделікті бейбіт өмірін суреттейтін деректердің аз кездесетіндігін айтуы. Ә.Бөкейхан ойының дұрыстығын біздің заманымыздың зерттеушісі Олжас Сүлейменов: "Бейбітшілік тарихтан тыс түр. Оны сипаттау қиын. Европаның да Азияның да жылнамаларында адамзаттың өткені сұрапыл соғыстар, қанды сарай төңкерістері арқылы ғана бейнеленеді. Ал мәдениет тарихы үзді-жұлды, жол-жөнекей ұшырайды" - деп бекіте түседі (472).

Екіншіден, ғылым үшін (аздығымен, деректік құндылығымен де) маңызды болып келетін мәдениет ескерткішін тек шын ақындардың, үлкен суреткерлердің жырларында ғана кездесетіндігін айтуы. Оның дәлелі ретінде Ә.Бөкейхан ақын шығармасынан мынадай үзінді келтіреді:

*Дыңғырлап арба кетеді
Аттар пыс-пыс етеді.
Ғаскердің ата-анасы,
Және жастау баласы
Етегіне жабысып,
Жапарым-ай деседі,
Сары бұлт айналған
Сәнді шәһәр қасында
Қарға шулап қонады:*

*Соғысшының қатыны,
Кимешегі басында,
Өрмек тоқып болады,
Қарғаның үнін есітіп,
Қызарып күн батқанда
Өрмекті қатын жияды.
Байым өлді-ау деп ойлап,
Төсекке барып жатқанда,
Жаңбырдай жасын күяды" (473).*

Шәкәрім шежіресінен алынған бұл жыр жолдары туралы Ә. Бөкейхан:

"Міне, мәдениет тарихы пайдаланатын жыр сөзі. Бес ауыз өлеңде жұрт салты айнаға түскендей көрініп тұр. Жеккен арба, жемтік іздеп ұшқан қарға, өрмек тоқыған қатын, жылаған бала, қайғырған ару - бәрі мұнда бар. Осы жырдан бұл жерде айтылған істің қашан болғаны көрініп тұр: Шыңғысхан жорығында хәм онан бұрынғы жорықтарда жұрт қатын-баланы алып, малды айдап, ауып жүріп соғысқан" - деп (474) жырдың көркемділігіне, ондағы қарапайым халық өмірінің бейнелену дәржесінің жоғарылығына ризашылық білдіреді.

Келтірілген жыр жолдарын Ә. Бөкейхан "Қобыланды" жырымен салыстыра келе бұл жырды баспаға дайындаушылардың жіберген кемшіліктерін сынға алды. Ол: "Қобыланды" кейінгі

айтушының тепкісін көп көріпті. Бұл айтушылар өз жандарынан көп сөз қосқан" - деп, ескерткіштерді жатқа айту, көшіру кезінде іс жүзінде жиі кездесетін құбылыстан, жатқа айтушының не көшірушінің көп жағдайда тек механикалық орындаушы емес кейде редакторлық, тіпті кейде қосымша авторлық міндеттер атқаратын әдеттерінен "Қобыланды" жырының да аман қалмағандығын көрсетеді (475).

Нақты мысалдар арқылы Ә. Бөкейхан жырдың бұрмаланғандығын, онда түпнұсқадан көп ауытқушылықтың жіберілгендігін, оның бәрі жырдың көркемдік сапасына, демек, оның деректік құндылығына нұқсан келтіргендігін айта келе, жырда кездесетін "Солдат, сухар, түйме, медаль, бал, шай, алтыатар - Қобыланды заманынан көп бері пайда болған нәрселер. Мұның бәрін бейшара жыршы өзінен қосып, жырдың көркем түрін бұзған.

Мұндай айтушының өзінен қосылған Қобыланды заманының салтына үйлеспейтін, қаңғыбас қосымшалар "Қобыландыда" толып жатыр" - дейді (476). Осылай Ә. Бөкейхан зерттеуші ретінде деректану ғылымының аса күрделі проблемаларының бірі - деректің түпнұсқалығын анықтау мәселесін де өз шығармасында көтерген. Ол: "... бұрынғы қазақ тұрмыс-салтының, рухани мәдениетінің исі бар өлеңдер... сөздер жырды ең алғаш шығарған ақынның сөздері болар. "Қобыландыдағы" заманына үйқаспайтын жырларды, қазақ жұртының мәдениет тарихына ешбір пайдасы жоқ өлеңдерді әлгі "Сал-сал", "Заркүмдағы" күл және надан ақындар қосқан" - деп батыл деректанушылық тұжырымдар жасаған (477). Әлихан Бөкейхан жырды қатаң сынға алып, оны келешекте түзетудің де нақты жолдарын көрсеткен. Бұл сыншының, жалпы деректанушылық сынның негізгі мақсаты - деректің түпнұсқалық қасиетін сақтау, сол арқылы оның сапасын, деректік құндылығын арттыру екендігін дәлелдейді.

Сонымен, жоғарыда келтірілген фактілер Ә. Бөкейханның тарихи деректану ғылымы саласында өзіндік із қалдырған, қазақ деректану ғылымына қомақты үлес қосқан ғалым екендігін көрсетеді.

Ғасыр басында Шоқанның ғылыми ізденістерін, Абай ойын, Абай ісін үзбей жалғастырып алып кетушілердің бірі және бірегейі Ахмет Байтұрсынұлы болды. А. Байтұрсынұлының Абайдан соңғы дәуірде еліне, ұлтына еткен еңбектері, сіңірген бейнеті туралы

соңғы жылдары аз айтылған жоқ. Дегенмен, уақыт өткен сайын оның қызметінің кей қырлары өзін аша түсуді, маңызын тереңірек ұғынуды қажет етеді.

Осындай, Ахмет Байтұрсынұлының ерекше назар аударуды қажет ететін қырларының бірі, оның тарих ғылымына, тарихи деректануға қосқан үлесі.

Өз халқының келешегін ойлаған ойшыл ретінде ол тарихқа қатысты өзінің ойларын білдірді, пікірлерін жазды. Қазақ тілінің жұрт мойындаған маманының, қазақ сөзін зерттеушісінің: "Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы - тарих" - деп артында қанағты сөз қалдыруы, оның халық келешегі, халық жады - тарихпен тікелей байланысты екендігін терең түсінгендігінің белгісі.

А. Байтұрсынұлының тарих ғылымы туралы, тарихи деректану туралы негізгі ойлары, оның 1926 жылы жазылған "Әдебиет танытқыш" деп аталатын ғылыми-зерттеу еңбегінің "Әуезе түрлері" деп аталатын бөлімінде айтылған.

Бүгінгі күні - тәуелсіз Қазақстанның төл тарихының қалыптасу кезеңінде, өз бастауымызға көз салсақ, кезінде А. Байтұрсынұлының тарих туралы, әсіресе тарих ғылымының аса бір күрделі саласы, тарихи деректану ғылымы туралы айтқан ойлары, пікірлері өзінің дәлдігімен, ғылыми құндылығымен ерекшеленетіндігін байқауға болады. Мысалы, тарихтың атқарар қызметі, оның ғылым ретінде алдында тұрған міндеттері мен мақсаттары туралы: "Тарихтың қызметі - бүтін адам баласының, яки бүтін бір жұрттың, я бір таптың өткен өмірін болған күйінде айнытпай айту; тарихтың мақсаты - бүтін адам баласының өмірінендей табиғат заңымен өзгеретінін білу" - деуі (478), тарих ғылымының белгілі бір табиғи заңдылықтарға негізделгені, оның жалпыадамзаттық құндылықты басшылыққа алған методологиялық бағдары туралы өте дұрыс, ғылыми негізделген пікір айтса, одан әрі тарихи деректану ғылымының негізгі принципті қағидаларының бірі - кез келген деректің деректанулық талдауды қажет ететіндігі туралы, "тарихшылар халық басынан кешкен түрлі уақиғалардың мағлұматын сымға тартқандай, сынға салып, мінсіз етіп, дұрыстап өткізеді" - деп (479), тарихшылардың өздеріне жеткен мағлұматтарды, яғни тарихи деректерді "сынға салып", демек, деректанулық талдаудан өткізіп, "мінсіз етіп", яғни ғылыми құндылығын анықтап алатындығын айтады.

Ахмет Байтұрсынұлы тарихи деректердің табиғатта "таза" күйінде кездеспейтіндігі, олардың түрлі қоспалардан тұратындығының себептері туралы: "Шежіре жазушылар естіген-білгенін сол қалпында, шикі түрінде тізеді" - десе (480), ғылымның жай шежіре жазудан айырмашылығын "Тарихшылар күр істегенімен қанағаттанбай, рас, өтірігін тексеріп, расын ғана алады" - деп көрсетіп берді (481).

Тарих ғылымының негізін тарихи деректер құрайтындығын, деректерде салынған ақпараттарды алып, ғылыми еңбектерде пайдалану үшін тарихи деректану ғылымының қажеттілігін, "Шежіре, заман хат, өмірбаян, мінездеме - бәрі де тарихтың жемі есебіндегі нәрселер. Тарих олардың айтқанының бәрін ала бермейді. Аударып, ақтарып түрлі жағынан қарап, түрлі мағлұматтармен салыстырып, сипатталған мағлұматтарды ғана алады" - деп, (482) қарапайым ғана сөздермен, аса маңызды ғылыми проблеманың шешімін түсіндіре білді.

Сол кезінде А. Байтұрсынұлы айтқан, деректерді "аударып, ақтарып, түрлі жағынан қарап, түрлі мағлұматтармен салыстырып, сипатталған мағлұматтарды ғана алуға" үйрену қажет екендігі, оған үйрететін ғылым деректану ғылымы екендігі, сондықтан ол ғылымды елімізде қалыптастырып, дамыту қажет екендігі күннен күнге айқын сезілуде.

Кез келген тарихи оқиғаны, не қоғамдық құбылысты ашып көрсету үшін тарихшы алдымен сол оқиғаның немесе құбылыстың пайда болуының тарихи алғышарттарын, объективті себептерін және оқиғаның белгілі бір бағытта дамуына әсер еткен субъективті факторларын көрсету арқылы оның "ішкі мәнісімен де таныстыру" қажеттігін А. Байтұрсынұлы өз еңбегінде ерекше айтады. Ол туралы "Тарихшылардың мақсаты - уақиғаның уақытын ғана көрсету емес, яки не түрде болған тысқы сиқын ғана көрсету емес, ол оқиғаның болуына нендей нәрселер, нендей уақиғалар себеп болғанын көрсетіп, ішкі мәнісімен де таныстыру". - дейді (483).

А. Байтұрсынұлы жалпы тарихи деректану туралы ғана емес, сонымен қатар нақты тарихи деректер туралы да өз ойларын айтты. Тарихи деректер пайда болуына, өмір сүру формасына, шығу тегіне қарай әр түрлі топтарға бөлінеді. Осындай қазақ тарихының тұма деректерінің бір тобын - шежірелер құрайды.

А. Байтұрсынұлы аталған еңбегінде осы шежірелерге қазақ халқының өзіне тән ұлттық тарихи дерегі ретінде арнайы тоқталған. Ол: "Шежіре - өткеннен дерек беретін сөздің бір түрі" - деп шежіренің бәрінен бұрын тарихи дерек екендігін айтады (484). "Шежіреде уақиғадан гөрі өткендердің түс, туысы көп айтылады. Сондықтан шежіре уақиға сарынымен емес, уақыт, туыс сарынымен айтылатын әуезе табына жатады. Шежіре болған уақиға жайынан сөйлесе себебін, мәнісін айтпай тек болғанын айтады да қояды" - деп, (485) шежіренің пайда болуын, тарихи дерек ретіндегі ерекшелігін айтады. Оған әрі шежіреде "Ел шапқан мен қатын-бала шапқан әңгімесі қатар тұрады; бір жерде әңгімені қойыптып, маңызды түрде айтса, екінші жерде сүйылтып, ұсақ-түйекті сөз қылады. Бір жерінде рас болған уақиғаны сөйлесе, екінші жерінде тек жұрт аузындағы әуезе болған өтірік-шынды әңгімелерді сөйлеп кетеді" - деп (486), шежірені ғылыми сыннан өткізіп, ондағы "рас болған уақиға" мен "өтірік-шыны араласқан" жерлерін ажыратудың қажеттігін ескертеді.

Егер орыс халқы үшін тарихи деректер ішінде жылнамалар қандай маңызды орын алса, біздер үшін шежірелер сондай маңызды деректеріміздің бірі. Тек, айырмашылығы сонда Ресейде жылнаматану ғылымы бірнеше ғасырдан бері дамып, жылнамаларды тарихи дерек көзі ретінде зерттеуде үлкен табыстарға қол жеткізсе, бізде шежіретану ғылымы тарихи деректану ғылымының бір саласы ретінде әлі қалыптаса қойған жоқ. Ал, ондай ғылымның қажеттігін өмірдің өзі күннен-күнге батыл талап етуде.

Ахмет Байтұрсынұлы арнайы тоқтаған деректерінің бірі, ол өзінің шығу тегі жағынан жеке адамдық деректер тобына жататын - мемуарлар. Ол туралы А. Байтұрсынұлы: "Біреудің заманында болған тарихи уақиғадан, яки өзі ішінде болған істерден дерек беруі заман хат деп аталады" - дейді (487). Бұл жерде көңіл аударатын жағдай, біріншіден тарихи деректану ғылымында (Ресейдің - Қ.А.) мемуарға берген анықтамасы мен А. Байтұрсынұлының заманхатқа берген анықтамасының толық сай келуі, екіншіден, біз күні бүгінге дейін барлық басылымдарда мемуар деп орысша айтып жүрген деректі А. Байтұрсынұлының қазақша "заман хат" деп атауы. Ендеше, зағына А. Байтұрсынұлы қойған аты сай келіп тұрғандықтан, біз неге мемуарды заманхат демейміз?

Деректану ғылымының талабына сай А. Байтұрсынұлы Заманхаттың пайда болуының себептерін, оның тарихи деректік ерекшеліктерін көрсетті. Ол "Мәдени жұрттың адамында заманында болған көзге түсерлік уақиғаларды, яки өз өмірінде ұшыраған зор істерді жазып, әңгіме ретінде тіркеп отыратын әдет болады. Заман хат шежіредей емес, тәртіпті, жүйелі келеді. Шежірені тек хат білетін адамдар күр тіркей беруге болады. Заман хатты оқымысты адамдар жазады. Сондықтан мұнда күр халық аузында әуезе болып жүрген дәлелсіз сөздер жазылмайды. Заманхатта уақиға уақыт сарынымен жазылмайды, іс сарынымен жазылады" - деп (488), заманхаттың дерек ретінде шежіреден айырмашылығын, онда дәлелсіз сөздер жазылмағандықтан, ондағы мәліметтердің ғылыми құндылығының жоғары болатындығын айтқан.

Сонымен қатар, А. Байтұрсынұлы заманхаттың өзіндік ерекшеліктерінің бірі оның аса субъективтілігі туралы: "Заман хатта боларлық бір кемшілік мынау: Уақиғаны болған күйінде жазбай, жазушы өз көңілінің күйіне бояп, реңкін өзгертуге ықтимал. Олай ету уақиғаның дұрыстығына кемшілік келтіреді" - деп, одан әрі оның табиғи, яғни заңды құбылыс екендігін де зерттеушілерге ескертеді. Ол: "Заман хат шынға жақын болу үшін жазушы өз көңілінің күйіне түспейтін, яғни достыққа да, қастыққа да қарамайтын дал болуға тиіс. Ондай адам табиғаттан тысқары адам болмақ. Адам табиғаттан тысқары бола алмағандықтан, заман хаттары көңіл күйінің әсерінен аман бола алмайды" - дейді (489).

Заманхаттың өзіне тән тағы бір ерекшелігі, оның негізінен жатқа сүйсініп жазылатындығы туралы. "Заман хат жазушы жазуына керек жемді, я уақиғаның болып жатқан үстінен алып жазады, я көп уақыт өткізіп уақиғадан болған халдерді есіне алып жазады. Заман хат мағлұматы айтушының есіне алынып жазылғанда жал дерек деп айтылады" - деп, өте дәл, ғылыми негізделген пікір айтады (490).

Әрине, келешекте қазақ заманхаттарын тарихи дерек ретінде зерттейтін ғалымдар Ахаңның бұл пікірлерімен санасуға, ол көрсеткен заманхаттың деректік ерекшеліктерін ескеруге тиіс болады. Заманхаттың тарихи дерек ретінде ғылыми сыннан өтуінің қажет екендігін ҚР ҒА академигі, профессор Манаш Қозыбаев "Мемуарлық әдебиетке сын көз керек, ондағы деректерді ой

елегінен өткізіп, басқа деректермен салыстырып отыру керек” дейді (491).

Белгілі ғалым-тарихшының бұл тұжырымдарының Ахмет Байтұрсынұлының ойларымен үндестігін байқау қиын емес. Демек, заманхаттар, біріншіден, А. Байтұрсынұлы айтқандай, “Тарихқа беретін жемінің молдығынан ... өте құнды сөздер (деректер - Қ.А.) есебіне қосылады”, екіншіден, олар да өздерін деректанулық талдаудан өткізуді қажет етеді.

Заманхатты тарихи дерек ретінде Ахмет Байтұрсынұлының өте терең, жан-жақты талдауы оның Европа мемуар жазу мектебімен жақсы таныс болғандығын білдіреді. Олай дейтініміз, өз мемуар жазу мектебіміз ол кезде әлі қалыптасып үлгірген жоқ еді. Өкінішке қарай, ондай дәстүр бізде тек соңғы жылдары ғана қалыптаса бастады. Себебі қазақтың ғасыр басындағы заманхат жазар, А. Байтұрсынұлының сөзімен айтсақ, “оқымысты адамдарының” Сәкен Сейфулиннен басқаларының бәрі дерлік заманхат жазуға үлгермей, большевиктер қолынан опат болды.

Аса маңызды тарихи құжат ретінде барлық өркеніетті елдерде заманхат үлкен қызығушылық тудырып, арнаулы деректанулық зерттеулерден өтеді. Мысалы, орыс мемуартану мектебінің қалыптасқанына ғасырдан астам уақыт өтті. Әрине, осы уақыт аралығында олардың мемуартану саласында біраз істер тындырғаны даусыз. Бізде заманхат басқа да деректер сияқты әлі де зерттеу объектісіне айнала қойған жоқ.

Сонымен Ахмет Байтұрсынұлының “Әдебиет танытқыш” - деп аталатын еңбегіндегі деректану проблемаларына арналған ойларын талдау, оның ұлттық деректерімізге ерекше көңіл бөлгендігін, оларды “сыннан” өткізудің, яғни деректану ғылымының қажеттігін нақты аргументтер келтіріп, дәлелдеп бергендігін, ұлттық деректер ерекшелігін дәл басып көрсеткендігін және оның осы салада Шоқан Уәлиханов пен Әлихан Бөкейханнан кейінгі өз ойларын айтқан, қазақ халқының төл деректеріне жан-жақты ғылыми талдау жасаған қазақ ғалымы болғандығын көрсетеді.

Әрине, біздің “Қазақ” авторлары арасынан үш авторға ерекше тоқталғанымыз, басқа авторлардың еңбектерін жоққа шығарғанымыз немесе олардың мақалаларының деректік маңызын төмендеткеніміз емес. Жоғарыда айтқанымыздай,

апталықтағы жарияланған мақалалардың басым бөлігін сол үш автор жазғандықтан біз оларға ерекше тоқталдық. Газеттің басқа авторларының еңбектері де өздеріне зерттеушілердің көңіл аударуын, деректанулық сыннан өткізуін қажет етеді. Газет бетінде жарияланған мақаланың қай-қайсысы да ала білсең берері мол дерек көзі. Мысалы, Ақтөбе уезінің 2-ші Бөрте болысының 5-ші аулының қазағы Бейсембай Тыныштықбайұлы 1915-1916 жылдары "Қазак" газетінде бірнеше мақалалар жариялады. Оның мақалаларының ерекшелілігі, бір жағынан, қазан төңкерісі қарсаңындағы казак ауылына ене бастаған нарықтык қатынастар жағдайындағы жергілікті жерлерде мал өнімдерін қайта өңдеу арқылы дайын тауар өндіруді ұйымдастыру тарихының дерегі ролін атқарса, екінші жағынан, ғасыр соңында сол нарықтык қатынасқа қайта бет алған бүгінгі ауыл үшін де практикалық маңызын сақтауында.

Автор өзінің "Маслодельная артель" деген бірінші мақаласында: "1915 жыл февраль 7 күнінде Ақтөбе уезі, 2-ші Бөрте болысы, 5-ауыл казактарынан 30 кісі сарымай заводын ашуға қаулы қылысып, договор жасалдык, 30 үйден 191 сиыр жиылатын болды. Басқарып іс жүргізу міндетін мен мойныма алдым. Бұл май заводы шаруаға жәрдем етер деген үмітпен атын "Жәрдем" деп атадық... Орта есеппен 4 сиыр бір шелек сүт береді. Егер серіктік күніне 100 сиыр саудырса, бір сауғанда 25 шелек береді, екі рет сауса, бір күнде 50 шелек сүт болады. Бір шелек сүт 30 қадак болады. 50 шелек сүт 1500 қадак болады. 18 қадак сүттен бір қадак май түседі. Сол есеппен 1500 қадак сүттен 83 қадак май түседі, қадағы 40 тиыннан сатылса, 33 сом 33 тиын ақша болады. Бір айда 999 сом 90 тиын ақша жиылады. Бір айда шығатын шығын: май шайқаушы шеберге, жұмысшыға, пәтерге, бөтен уақ түйек шығынға 100 сом кетсе, таза пайда қалады 899 сом 90 тиын. Бұл пайданы 100 сиырға бөлсек, сиыр басына айына 9 сомнан пайда келер еді" — деп жазды (492).

Бұл мақала дерек ретінде Бөрте болысының казактарының өздерінің сүттен май шығаратын серіктігін жан-жақты ойластырып, экономикалық есеп-қисаптарын жасап, тиынына дейін санап, тиімділігіне әбден көздерін жеткізіп барып күрғандықтарын көрсетеді. Ал, олардың бұл әрекеттерінен кандай нәтиже шыққандығын келесі мақаладан көруге болады.

і Тура бір жылдан соң 1916 жылдың қаңтарында газетте басқарма атынан "Үйымдасу" деген мақала жарияланды. Онда Ақтөбе уезі, 2-ші Бөрте болысының 5-ауылынан Бейсембай мырза Тыныштықбайұлының редакцияға: "Осы январдың 12-нен бастап, біздің 5 ауыл потревител дүкенін (үйым дүкенін) ашуға қаулы қылысып, Орынбордан үш мың сомға тауар алып қайттық. Жарна 10 сомнан. Бір адам он жарнадан артық сала алмайды. Қазір жарна салған 45 кісі. Бұлар салған жарнасы мың 500 сом болды. Мың 500 сомды "Сәуле" мектебінің бос тұрған артық ақшасынан 8% (сомына 8 тиын) өсіммен алдық.

Ашудағы мақсат елді ел ішіндегі саудагердің қармағынан қорғау. Жұртқа керек тауарды өзіміз жетістіріп, келтіріп тұру. Онан арғы мақсатымыз маңайымыздағы ауылдарда әр қайсысы осындай дүкен ашса, ауыл дүкендері жалғасып, орталарынан зорырақ, склад-дүкен ашса, тауарды Орынбордан алмай, тіке завод-фабрикалардан алдыруға болар еді. Сөйтіп, сауда өз қолымызда болып, керек тауарларды шығатын жерінен төтесінен алдырып, арада жүріп, артық пайда алушы саудагердің жем қылыуынан құтылар едік" — деп (493), жазғандығы туралы айта келе: "Осы 5 ауыл үйымдасып істеген іс пайдалы екендігіне нағыз түсінген ауыл болып тұр. Алдыңғы жылы үйымдасып, зекетін жинап, оқу жылына жұмсауға қаулы қылысып, "Сәуле" мектебін ашты. Өткен жылы "Жәрдем" деген сарымай артелін ашты. Биыл үйым дүкенін ашып отыр. Қысқасы, үйымдасып іс қылуға үлгі боларлық ауыл болып тұр... Халық қамын ойлап, қайғырып, пайда келтіремін деген ел ішіндегі азаматтар қимылдайтын кез жетті", — дейді, "Қазак" газетінің басқармасы (494).

Деректерде келтірілген мәліметтер, біріншіден, Бөрте ауылының қазақтарының көп ұзамай қазақ даласында басталар аласапыранның қарсаңында нарықтық қатынастар заңдылықтарын едәуір меңгергендерін, өздеріне қажетті тауарларды сатып алудың нарық талабына сай түрлі тиімді жолдарын іздестіргендерін, ізденістер салдарында олардың үйымдасып істеген істерінің сәтті басталып, не бары екі-үш жылдың көлемінде айтарлықтай табыстарға жеткенін көрсетеді. Екіншіден, "Қазак" газетінің басқармасының, қазақ ауылында бой көрсете бастаған жақсы істерді дер кезінде байқап, оларға қолдау көрсетіп, пайдалы істі газет арқылы жалпы халыққа таныта

білгендігін көрсетеді. Демек, "Қазақ" газеті сол жылдардағы ауылда басталған жаңа істердің дерегі болумен қатар, сол істердің жаршысы, насихаттаушысы да бола білген. Үшіншіден, аталған мақалалардың бүгінгі күні де өз актуалдылығын жоғалтпағанын ешкім де жоққа шығармас деп ойлаймыз.

Ұзақ жылдар партия басшылығымен жүріп үйренген кешегі колхоз-совхоз мүшелері, бір күнде басына көктен түскендей болған еркіндікті нарықтық қатынас жағдайында қалай пайдаланарын білмей сенделіп отырғанда Бейсембай Тыныштықбайұлының өз кезінде ауылдастарымен бірігіп істеген істері қазіргі ауыл азаматтарына түйықтан шығудың жолын көрсету мүмкін.

Апталық материалдарына талдау жасау, қазақ арасында қалыптаса бастаған алғашқы іскер адамдардың бірі, Бейсембай Тыныштықбайұлының, тек өз пайдасын ойламай, ұлт пайдасын да ойлап, "Азамат" серктігіне мүше болып, "Қазақ" газетіне қаржылай көмек көрсетіп отырғандығын да білдіреді. Ол туралы, "Қазақ" газеті 1917 жылы: "Ақтөбе уезі, 2-ші Бөрте қазағы Бейсембай мырза Тыныштықбайұғылы 100 сом жарнамен кірісті. Бейсембай бұрын да "Азамат" серігі еді", — деп жазды (495).

Жалпы, Бейсембай Тыныштықбайұлының ісінің де, өзінің де тағдырының "Қазақтың" және оның шығарушыларының тағдырымен өте ұқсас болғандығын айтуымыз керек. Б. Тыныштықбайұлының туған ұлы, Қазақстан баспасөзінің байырғы қызметкері, "Лениншіл жас" газетінің бұрынғы редакторы, журналист-зейнеткер Абай Бейсембаевтың, осы жолдардың авторына айтқан әңгімесіне қарағанда, ол кісі 1885 жылы туған. Әлім руынан. Мұғалімдер семинариясын бітірген. Бір өкініштісі, әкесі туралы мәлімет беретін барлық құжаттар, суреттер салынған чемодан жоғалып кеткен. Сондықтан әкесі туралы білетіні "Қазақ" газетінде басылған мақалар мен балалық шақта есте қалғандары.

Абай Бейсембаевтің айтуынша кеңес өкіметі орнағаннан кейін Бөрте болысында ұйымдастырылған серіктіктер таратылған. Әкесі 20-шы жылдары сот болып Қызыл отауда қызмет істеген. 1931 жылы қамауға алынып, біраз уақыт түрмеде отырғаннан кейін Карелиядағы Медвежья гора деген жерге жер аударылған. Сонда Беломор-Балтық каналын салуға қатысқан. 1933 жылы "ақталдым, жакында елге қайтамын" — деген хаты келген. Бірақ сол жақта ауырып қайтыс болған.

Бейсембай Тыныштықбайұлының тұтқындалуына, А. Бейсембаевтің ойынша, оның туған ағасы Құсайынның 1930 жылы бай-кулак ретінде тәркіленуі және әкесінің Міржакып Дулатовпен дос, жолдас болып араласып тұрғандығы және ең бастысы, ұлт тағдырын ойлауға мүмкіндік берер көзі ашық сауаттылығы себеп болған сияқты. Бұл болжам негізсіз де емес. Олай дейтініміз, "Ұлтына қызмет етемін деп ниет" (496) – білдіріп "Қазаққа" мақала жазып тұрған авторларының көбінің тағдыры осыған ұқсас болып келеді. Мысалы, 1998 жылы жарық көрген жинаққа "Қазақ" газетінің 42 авторының суреті басылып, олар туралы анықтама берілген. Солардың 25 яғни 59%, кеңес өкіметінің тарабынан саяси қуғын-сүргінге ұшыраған.

Әрине, бұл жинаққа енгендер "Қазақ" газетінің авторларының бір бөлігі ғана екендігі белгілі. Газеттің көптеген авторларының, оның ішінде бірнеше жыл бойы мақала жазып тұрған белсенді авторларының да суреттері жинақта жоқ. Мысалы, апталық басқармасы 1914 жылы "Орынбор, 9 январь" – деген мақалада: "Қазақ" газетасы көздеген мақсатына жету үшін шыққаннан бері күш-қуатын жұмсады һәм жұмсамақшы. Бір жылдың ішінде "Қазақта" қаламымен қызмет еткен һәм мұнан былай да пайдалы қызметтері үміт етіліп алашқа аты білінген білімді азаматтар: Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржакып Дулатов, доктор Әубәкір Алдияров, доктор Арғынғазы Поштаев, доктор Халел Досмұхамедов, доктор Дулатша Күсебағалиев, доктор Бенкевич, присяжный поверенный Райымжан Марсеков, инженер Мұхамеджан Тынышбаев, қазақшыл Хасенғали, студент Есенғали Қасаболатов, шежіре Шәкәрім Құдайбердин, Ғабдулғазиз Мосы, Ғұмар Қарашев, Жұмағали Тілеулин, һәм басқалар" – деп, жазған (497). Міне, осындағы "Алашқа аты белгілі білімді азаматтардың" тек сегізіннің суреті жинаққа еніп қалған, сегізінікі еңбеген. Оның ішінде "Қазақтың" ең белсенді авторларының бірі Райымжан Марсеков та бар. Оның себебін Үшкөлтай Субханбердина сол 42 адамнан басқаларының жинақты жарыққа шығару кезінде суреттерінің қолдарында болмағандығымен түсіндіреді.

Біздің есептеуімізше "Қазақ" газетінің авторларының жалпы саны 200-ден асуы керек. Тек, жинақта келтірілген "Ашылмаған бүркеншік есімдер" – деген тізімде 109 "Қазақ" авторларының әлі ғылымға белгісіз бүркеншік аттары көрсетілген. Солардың

бірі мазмұндылығымен, ұлттық мерзімді басылым беттерінде көтерген мәселелерінің маңыздылығымен, өзіне еріксіз көңіл аудартқан мақала жазған, "Қазақ" газетінің 2-ші нөмірінен бастап бірнеше нөмірлерінде (№№ 3, 5, 7, 9) "Қазақтың тарихы" — деген көлемді де қызықты, танымдық маңызы жоғары мақала жариялаған "Түрік баласы".

Қазақтың тарихы туралы салдарлы сөздер айтып, тарихтын ұлт келешегі үшін қаншалықты қажетті екендігіне дәйекті дәлелдер келтірген, өткеніміздің кейбір көмескі тұстарына ғылыми талдау жасауға әрекеттенген мақаланың авторы "Түрік баласының", зерттеушілерге — "Ол түріктің қай баласы екен?" — деген ой тудыратын заңдылық. Сондықтан, осы сауалға жауап іздеп бірнеше анықтамалық құралдары қарастырдық. Сондағы байқағанымыз, "Түрік баласының" кімнің бүркеншік аты екендігі әзірге толық анықталмағандығы. Мысалы, Ү. Субханбердинаның "Қазақ", "Алаш", "Сарыарқа" атты мазмұндалған библиографиялық көрсеткішіндегі "Ашылған бүркеншік аттар" тізіміне "Түрік баласы" енбей, ол "Қазақ" газетінің 1998 жылы кітап түрінде шыққан жинағының "Ашылмаған бүркеншік есімдер", — тізіміне енген (498).

Мұның сырын Жинақты құрастырушылардан сұрағанымызда, олардың үшеуі де (Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сақов) "Түрік баласының" кімнің бүркеншік аты екендігіне толық көздері жетпегендіктен, сол тізімге кіргізгендіктерін айтты. Ал, Міржакып Дулатұлының 1997 жылы шыққан шығармаларының екінші томына: "Міржакып Дулатұлының бүркеншік есімдері (зерттеушілер Ү. Субханбердина мен Т. Қожакеевтердің пікірлері бойынша): Арғын, Торғайлық, Тургайский, М.Д., М-яр, Мадияр, Алашұлы, Азамат, Түрік баласы, Таймінер, Тайбағар, Алакөз, Қолғанат" — деп жазылғанымен, (499) шығармалар жинағын құрастырушылардың (Марат Әбсемет, Гүлнәр Дулатова) "Түрік баласының" Міржакыптың бүркеншік аты екендігіне толық сенімдері болмаған сияқты. Олай дейтініміз Түрік баласының жазған бірде-бір мақаласы М. Дулатұлының мақаласы ретінде шығармалар жинағына енбеген.

Осы бір күрделі мәселенің түйінін шешу мақсатында, деректану ғылымының талаптарына сай Түрік баласының мақалаларына талдау жасап, оны авторы белгілі басқа еңбектермен салыстырып байқайық.

Бейсембай Тыныштықбайұлының тұтқындалуына, А. Бейсембаевтің ойынша, оның туған ағасы Құсайынның 1930 жылы байкулак ретінде тәркіленуі және әкесінің Міржәкып Дулатовпен дос, жолдас болып араласып тұрғандығы және ең бастысы, ұлт тағдырын ойлауға мүмкіндік берер көзі ашық сауаттылығы себеп болған сияқты. Бұл болжам негізсіз де емес. Олай дейтініміз, "Ұлтына қызмет етемін деп ниет" (496) – білдіріп "Қазаққа" мақала жазып тұрған авторларының көбінің тағдыры осыған ұқсас болып келеді. Мысалы, 1998 жылы жарық көрген жинаққа "Қазақ" газетінің 42 авторының суреті басылып, олар туралы анықтама берілген. Солардың 25 яғни 59%, кеңес өкіметінің тарабынан саяси қуғын-сүргінге ұшыраған.

Әрине, бұл жинаққа енгендер "Қазақ" газетінің авторларының бір бөлігі ғана екендігі белгілі. Газеттің көптеген авторларының, оның ішінде бірнеше жыл бойы мақала жазып тұрған белсенді авторларының да суреттері жинақта жоқ. Мысалы, апталық басқармасы 1914 жылы "Орынбор, 9 январь" – деген мақалада: "Қазақ" газетасы көздеген мақсатына жету үшін шыққаннан бері күш-қуатын жұмсады һәм жұмсамақшы. Бір жылдың ішінде "Қазақта" қаламымен қызмет еткен һәм мұнан былай да пайдалы қызметтері үміт етіліп алашқа аты білінген білімді азаматтар: Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржәкып Дулатов, доктор Әубәкір Алдияров, доктор Арғынғазы Поштаев, доктор Халел Досмұхамедов, доктор Дулатша Күсебағалиев, доктор Бенкевич, присяжный поверенный Райымжан Марсеков, инженер Мұхамеджан Тынышбаев, қазақшыл Хасенғали, студент Есенғали Қасаболатов, шежіре Шәкәрім Құдайбердин, Ғабдулғазиз Мосы, Ғұмар Қарашев, Жұмағали Тілеулин, һәм басқалар" – деп, жазған (497). Міне, осындағы "Алашқа аты белгілі білімді азаматтардың" тек сегізіннің суреті жинаққа еніп қалған, сегізіншісі еңбеген. Оның ішінде "Қазақтың" ең белсенді авторларының бірі Райымжан Марсеков та бар. Оның себебін Үшкөлтай Субханбердина сол 42 адамнан басқаларының жинақты жарыққа шығару кезінде суреттерінің қолдарында болмағандығымен түсіндіреді.

Біздің есептеуімізше "Қазақ" газетінің авторларының жалпы саны 200-ден асуы керек. Тек, жинақта келтірілген "Ашылмаған бүркеншік есімдер" – деген тізімде 109 "Қазақ" авторларының әлі ғылымға белгісіз бүркеншік аттары көрсетілген. Солардың

бірі мазмұндылығымен, ұлттық мерзімді басылым беттерінде көтерген мәселелерінің маңыздылығымен, өзіне еріксіз көңіл аудартқан мақала жазған, "Қазақ" газетінің 2-ші нөмірінен бастап бірнеше нөмірлерінде (№№ 3, 5, 7, 9) "Қазақтың тарихы" — деген көлемді де қызықты, танымдық маңызы жоғары мақала жариялаған "Түрік баласы".

Қазақтың тарихы туралы салдарлы сөздер айтып, тарихтың ұлт келешегі үшін қаншалықты қажетті екендігіне дәйекті дәлелдер келтірген, өткеніміздің кейбір көмескі тұстарына ғылыми талдау жасауға әрекеттенген мақаланың авторы "Түрік баласының", зерттеушілерге — "Ол түріктің қай баласы екен?" — деген ой тудырары заңдылық. Сондықтан, осы сауалға жауап іздеп бірнеше анықтамалық құралдары қарастырдық. Сондағы байқағанымыз, "Түрік баласының" кімнің бүркеншік аты екендігі әзірге толық анықталмағандығы. Мысалы, Ү. Субханбердинаның "Қазақ", "Алаш", "Сарыарқа" атты мазмұндалған библиогра-фиялық көрсеткішіндегі "Ашылған бүркеншік аттар" тізіміне "Түрік баласы" еңбей, ол "Қазақ" газетінің 1998 жылы кітап түрінде шыққан жинағының "Ашылмаған бүркеншік есімдер", — тізіміне енген (498).

Мұның сырын Жинақты құрастырушылардан сұрағанымызда, олардың үшеуі де (Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сақов) "Түрік баласының" кімнің бүркеншік аты екендігіне толық көздері жетпегендіктен, сол тізімге кіргізгендіктерін айтты. Ал, Міржакып Дулатұлының 1997 жылы шыққан шығармаларының екінші томына: "Міржакып Дулатұлының бүркеншік есімдері (зерттеушілер Ү. Субханбердина мен Т. Қожакеевтердің пікірлері бойынша): Арғын, Торғайлық, Тургайский, М.Д., М-яр, Мадияр, Алашұлы, Азамат, Түрік баласы, Таймінер, Тайбағар, Алакөз, Қолғанат" — деп жазылғанымен, (499) шығармалар жинағын құрастырушылардың (Марат Әбсемет, Гүлнәр Дулатова) "Түрік баласының" Міржакыптың бүркеншік аты екендігіне толық сенімдері болмаған сияқты. Олай дейтініміз Түрік баласының жазған бірде-бір мақаласы М. Дулатұлының мақаласы ретінде шығармалар жинағына еңбеген.

Осы бір күрделі мәселенің түйінін шешу мақсатында, деректану ғылымының талаптарына сай Түрік баласының мақалаларына талдау жасап, оны авторы белгілі басқа еңбектермен салыстырып байқайық.

Ең алдымен көңіл аударар нәрсе, ол апталықтың 2-ші нөмірінде жарияланған Қазақтың тарихының "Сөз басында" Түрік баласының тарихтың маңызы, оның ұлт үшін өмірлік қажеттілігі туралы айта келе: "Бұрынғының тарихы жазылмай қалушы еді, ендігі тарих күн-күнімен жазылып тұрылады. Кейінгілер ғибрат аларлық үлгі тастап кетіп алғыс, рахмет алармыз ба? Жок, далаға лағып, жөнсіз кетіп қарғыс-лағынет аламыз ба? Кеудесінде көзі бар адам көп ойланарлық жұмыс. Тарих – түзушіліктің кітабы. Тарих тіршілікте жолбасшы дейтініміз осы.

Біз әзірге сөзді осымен қысқарта тұрамыз. Мұнан соң "Қазақ" газетасында қазақтың анық шежіресін жазып тұрмақшымыз."(500) – деген жолдар мен келесі нөмірдегі: "Қазақтың тарихына тиісті сөздер, материалдар жазып басқармаға жіберуші болса, қазақтың тарихын жазғанда пайдаланып тұрмақшымыз" – деген жолдар (501). Бұл жолдардан Түрік баласының басқарма атынан жазып отырғандығын байқау қиын емес. Демек, мақала авторы не Ахмет Байтұрсынұлы, не Міржақып Дулатұлы екендігі анық. Өйткені, басқарма атынан ол кезде сол екеуі ғана жазатын. Осылай, мақала мәтінін дерек ретінде талдау, бізге "Қазақтың тарихының" авторын қайдан іздеу керектігін көрсетіп берді. Ал, А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлының екеуінің қайсысының қазақ тарихы туралы еңбек жазып, тарихи мәселелермен арнайы айналысқандығын анықтаудың еш қиындығы жоқ. А. Байтұрсынұлы "Шежіре", "Заманхаттардың" тарих дерегі ретінде маңызын айтып, ерекшеліктерін көрсеткенімен, "Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих" – деп (502), тарихты жоғары бағалағанымен және мәдениет тарихымен айналысқанымен оның қажетті материал жинап, Түрік баласының еңбегіне ұқсас, қазақ тарихы туралы жүйелі жұмыс жазбағандығы белгілі. Ондай еңбек жазып, оны баспасөз бетінде жариялаған Міржақып Дулатұлы. 1923 жылы ол: "Қазақстан республикасының халық ағарту комиссариаты тапсыруы бойынша орта дәрежелі мектептерде оқытуға лайықтап қазақ-қырғыз тарихын жазып жүрмін. Сол себепті тарихқа керекті кейбір мағлұматтарды елдегі кәрікүлак қариялардан, білімді азаматтардан сұрауға тура келіп отыр. Маған керегі – қазақтың, қырғыздың анық шежіресі" – деп (503), халқына өтініш хат жазып, материал жинап, сол жылы "Шолпан" және "Қызыл Қазақстан" журналдарының беттерінде "Қазақ-қырғыз тарихы туралы" деген

көлемді зерттеу жұмысын жариялады (504). Сондықтан, Түрік баласының мақаласын М. Дулатұлының "Қазак" газетінің беттерінде айтқан тарих туралы ойларымен және осы еңбегімен салыстырып көрейік.

Егер Түрік баласы: "Келешек күннің қандай болашағын білуге тарих анық құрал болады.

Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады", — деп жазса (505), М. Дулатұлы өзінің 1914 жылы Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына байланысты жазған мақаласында: "Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып жоқ болады" — деп жазса (506), 1915 жылы Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев туралы мақаласында: "Бір жұрттың қайдан тарауы, өну-өсуі, ресмі, мінезі, тілі, әдебиеті — осының бәрі әрқайсысы тарих мүшелері, барлығын жиғанда — сол жұрттың тарихы. Тарихын жоғалтқан жұрт — жоғалған жұрт" — деп жазған (507).

Міне, осы әр түрлі мақалалардан алынған үш үзіндінің шығу тегінің бір екендігі, үшеуінде де айтылған "тарихтың жоғалуының — халықтың жоғалуына" әкелетіні туралы сөздер мен ойдың бір адамдікі екендігі анық. Демек, үш мақаланы да жазған бір адам деп айтуға болады. Оның үстіне, Ү. Субхан-бердина өзінің жоғарыда аталған еңбегінде Түрік баласының "Қазақтың тарихы" деген мақаласы туралы: "Автор мақалада жалпы тарих ғылымы туралы түсінік бере отырып, қазақтың шежірелері туралы айтқан. Қазақ халқы мен қырғыз халықтарының арасындағы айырмашылық жайында мәлімет берген. "Қазак", "Алаш" деген сөздердің мағынасын талқылаған. Қыпшак, арғын, найман; қоңырат, жалайыр, керей рулары жайында деректер берген" — деп жазған (508). Дәл осы мәселелер Міржакып Дулатұлының 1923 жылы жариялаған жоғарыда аталған мақаласында да айтылған.

Мысалы, ол: "Тарих кітабы ғылым, білім арқасында ғана дұрыс, я орасан қатесіз шығуы мүмкін" — деп, (509) "жалпы тарих ғылымы

туралы түсінік" — берсе, "Ел-елдің (нәм үйездің, нәм рудың) ашамдары өз аталарын жазып бермесе, бүкіл қазақ-қырғыздың шежіресін қанша дегенмен, бір кісі анық біле алмайды. Қатасы бола береді" — деп (510), қазақтың шежірелері туралы айтады. Ал, Түрік баласының мақаласында айтылған "қазақ халқы мен қырғыз халықының арасындағы айырмашылық" туралы: "Тарих кітаптарындағы көп қатенің бірі — тарих жазушылардың ешбір қазақ пен қырғызды айырмайды. Қазақ — қазақ! Қырғыз өз алдына қырғыз. Түркімен мен башқұрт қандай басқа-басқа ел болса, қазақ пен қырғыз да сондай басқа ел" — деп жазылса (511), одан тура он жылдан кейін жарық көрген М. Дулатұлының мақалсында: "Қазақ өзін қашаннан "қазақ" деп, қырғыз өзін "қырғыз" деп келеді. Қырғыз бен қазақ арғы тегі бір болғанымен, екі атаның баласы, біріне бірі туыс, жақын түркінің екі руы екені мәлім" — деп жазылған (512).

Мұндай екі мақаланың көтерген мәселесі, мазмұны, сөйлем құрылымы, жазу тәсілі жағынан ұқсастығын көрсететін басқа да көптеген мысалдар келтіруге болады. Әйткенмен, осылардың өзі де бізге екі мақаланың авторы бір адам, ол — Міржакып Дулатұлы, деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді ғой деп ойлаймыз. Оның үстіне, М. Дулатұлының 1923 жылғы мақаланы жазу барысында, 1913 жылы "Қазақ" газетінде "Алашы" туралы жазған "Қыр баласы" (Ә. Бөкейхан) мен Халел Досмұхамбетұлына сілтеме жасап, дәл сол газетте, сол жылы, сол мәселе туралы жазған Түрік баласына ешқандай да сілтеме жасамауы біздің бұл ойымыздың дұрыстығын бекіте түседі.

М. Дулатұлы өз мақаласын жаңа материалдармен толықтырып қайта жазып отырғандықтан, өзіне-өзі сілтеме жасамағандығы түсінікті.

"Қазақ" газетінің бетінде 1913 жылы Түрік баласының "Қазақта мүфтилік мәселесі" (№11), және "Бөкейліктердің мүфтилікте қалуы" (№№ 17,19) деген екі мақаласы жарияланған. Екі мақала да өз кезінде актуалды мәселелердің бірі болған мүфтилік мәселесіне арналған. Бұл тақырыптың да М. Дулатұлының тақырыбы екендігін, мақалаларды да жазған сол екендігін, Міржакып Дулатұлының мүфтилік туралы жазған басқа мақалалары арқылы да дәлелдеуімізге болады. Дегенмен, жоғарыда келтірілген дәлелдердің өзі де "Түрік баласы" Міржакып

Дулатұлының “Қазақ” газетінің бетінде бірнеше рет пайдаланған бүркеншік аты деп айтуымызға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Сонымен қатар, зерттеушілер “Қазақ” газетінің авторлары туралы мәліметтердің барлық уақытта бірдей дұрыс берілмейтіндігін де ескерулері керек. Мұндай жағдайда күдік тудырған мәлімет әр түрлі деректер негізінде қайта тексерілуі, яғни “сыннан” өтуі тиіс болады. Мысалы, “Қазақ” газетінің белсенді авторларының бірі Райымжан Мәрсековтың қайтыс болған жылы туралы бір еңбекте 1927 жыл деп жазылса (513), екінші еңбекте 1937 жыл - деп жазылған (514). Мұндай бір адамның өмірі туралы еңбектердегі сәйкессіздік, сөз жоқ, зерттеушінің күмәнін туғызуы тиіс.

Әдетте зерттеушілер шындықты ашу үшін көбіне мұрағат құжаттарына сүйенетіндігі белгілі. Мұрағаттан алынған деректердің ғылыми құндылығының жоғары екендігі даусыз. Дегенмен, кейде мұрағат құжаттарының өздерінде де қарама-қайшылықтар кездесіп жатады. Мысалы, қазан төңкерісіне дейінгі қазақ баспасөзінің белгілі авторларының бірі Жакып Ақпаевтың туған жылы туралы, 1903 жылы 12 қыркүйекте толтырылған “Қызмет туралы формулярлық тізімде: “... родился 25 октября 1874 г.” - деп (515) Ж. Ақпаевқа тапсырылған “Дипломда”, “Предъявитель сего, Якуп Ақпаевич Ақпаев, сын киргиза, вероисповедания магометанского, родившийся 25 октября 1876 года” деп (516), ал “Аттестатта”: “Настоящий аттестат выдан от старшего Председателя Омской судебной палаты старшему кандидату Якупу Ақпаевичу Ақпаеву в том, что он родился 25 октября 1877 года” - деп жазылған (517).

Бір мұрағаттан алынған үш түрлі ресми құжаттарда Ж. Ақпаевтың туған күні бірдей көрсетілгенімен, туған жылдарының әр түрлі көрсетілуі бұл құжаттардағы мәліметтерді де анықтай түсудің қажеттігін дәлелдейді.

Қорыта айтсақ, “Қазақ” газеті халықтың рухани және ақшалай қолдануымен шыққан, ұлттық сипаттағы бейресми басылым. Оның негізін қалаушылар және негізгі авторлар А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейхан, М. Дулат-ұлы және басқалар болды.

4. 3. "Қазак" газеті мәліметтері - бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы қазақ қоғамы өмірінің дерегі

"Қазак" газеті жарыққа шыға бастаған 1913 жылдың әлем халықтарының тарихына I-ші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы соңғы бейбіт жыл ретінде енгендігі белгілі. Әрине, бұл кездейсоқтық болғанымен, ғылым үшін маңызы зор сәйкестік. Басқа да мемлекеттер тарихы тәрізді, Ресей империясының тарихында да 1913 жыл, ел өмірінің белгілі бір кезеңінің аяқталғанын көрсететін ерекше жыл ретінде тарихнамаға енді. Кеңес өкіметінің ұзақ жылдар бойы, өздерінің қол жеткізген табыстарын 1913 жылдың көрсеткіштерімен салыстыруы соның бір дәлелі. Соғыс өрті қазақ даласын тікелей 1916 жылдың жазында шарпығанымен, қазақтардың да соғысушы елдің құрамындағы халықтардың бірі болғандықтан, ол әлемдік оқиғадан тыс қала алмағандығы, 1914 жылдың күзіне қарай басталған соғыстың, белгілі бір дәрежеде, Қазақстанға да өз әсерін тигізетіндігі түсінікті. Демек, 1913 жыл қазақтар үшін де соңғы бейбітшілік жылы болды деп айта аламыз. Ал, соғыс аяғы неге ұласқанын, қандай қоғамдық сілкіністер мен әлеуметтік қақтығыстарға әкеліп соқтырғанын, қорытындысында Ресейдің, онымен бірге Қазақстанның да, адамзаттың жалпы даму жолынан ауытқып, басқа бағытта кеткенін ескерсек, онда соңғы бейбіт жылғы ел өмірін тереңірек білудің қажеттілігі арта түседі. Ол бізге басқалармен бірге ортақ соқпақпен қай жерге дейін келгенімізді, адамзаттан қай тұста бөлініп қалғанымызды айқындауға көмектеседі. "Қазак" газетін алғашқы әлемдік соғыс қарсаңындағы еліміз тарихының дерек көзі ретінде талдаудағы мақсатымыз да осында.

I-ші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы Қазақстан тарихынан мағлұмат беретін, әр түрлі формада (ауызша, жазуша, фото, кино, дыбыс т.б.), әр түрлі мақсатта (ұлттық, топтық, таптық т.т.) пайда болған деректер баршылық. Дегенмен, олардың бәрі бірдей соңғы уақытқа дейін ғылыми айналымға түскен жоқ. Тек, солардың бір бөлігі ғана, үстем ұлттың мүддесіне сай, дәлірек айтсақ, орыс тілінде дүниеге келген деректер ғана, таптық түрғыдан қаралып, кеңестік тарихнамада ғылыми айналымға молынан тартылды. Ал, екінші бір бөлігі, яғни қазақ тілінде дүниеге келген ұлттық деректеріміз саналы түрде назардан тыс қалдырылды. Осындай,

тарихты танудың кеңестік өлшеміне сай келмегендіктен, өткенді өйшеп-пішудің большевиктік қалпына симағандықтан тарих дерегі ретінде пайдалануға қатаң тыйым салынған, төл жәдігерлеріміздің бірі және бірегейі "Қазак" газеті болды.

Еліміздің аласапыран алдындағы бейбіт өмірін, қалыпты тұрмыс-тіршілігін, ұлт мақсатын білдіретін зиялыларымыздың арманы мен ойларын, ұлттық мүдде тұрғысынан, бүгінгі күннің талабына сай зерттеу "Қазак" газетінсіз мүмкін емес. Сондықтан, апталықтың алғашқы жылдары өз беттерінде жарияланған материалдарын, Қазақстанның әлемдік соғыс қарсаңындағы саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірінің дерегі ретіндегі, яғни ақпарат көзі ретіндегі ерекшелігін қарастырайық.

Алдыңғы параграфта айтқанымыздай, халық өміріне қатысты тарихи деректердің көбі соғыстарға байланысты пайда болғандықтан, әр алуан соғыстар тарихы тереңірек зерттеліп, ал сол халықтың негізгі тарихын құрайтын бейбіт тіршілігі, күнделікті қарапайым жасампаздық істері зерттеуші назарынан тыс қалып қояды. Мұндай тарихты зерттеудегі біржақтылық қазақтарға да тән. Ол туралы Президент Нұрсұлтан Назарбаев өзінің жақында жарық көрген "Тарих толқынында" деген еңбегінде: "Халқымыздың тарихы — соғыстардың, әскери жеңістер мен жеңілістердің ғана тарихы емес. Оның қашаннан да жасампаздық сипаты бар. Мемлекет құрып, оны нығайту, қалалар салу, керуен жолдарын тарту, ғылыми трактаттар жазу, төл мәдениетін қалыптастыру — бәрі-бәрі де жасампаздыққа жатады" — деп жазды (518).

Біз зерттеу объектісі ретінде қарастырып отырған уақыттағы халқымыздың жасампаздық істерінің нақты көрінісінің бірі, әрі дерегі, сол "Қазак" газетінің өзі. "Қазак" сияқты қай жағынан қарасаң да деңгейі биік мерзімді басылым шығарып тұру, бір жағынан, төл мәдениетіміздің дамуының айқын дәлелі болса, екінші жағынан, беттерінде ел өмірі әр түрлі қырынан бейнеленген ұлттық жазба дерегіміздің пайда болуы болып табылады.

Ахмет Байтұрсынұлының ұйымдастыруымен Орынборда шыға бастаған "Қазак", бірінші күннен бастап ұлт мүддесіне қатысты көптеген мәселелермен бетпе-бет кездесті. Олар: ұлттың саяси билігін өз қолына түгел алып болып, енді қазақтың өз жеріне, ата мекеніне өзін сыйғызбай ығыстыра бастаған ақ патшаның зорлығы; өз басына, келер ұрпағына төнген қатерді сезбей, қанша

жұлқыласа да оянбай, өлім ұйқысында жатқан қазағы; қазақ қоғамын темір құрсаудай қысып, бойын жаздырмайтын феодалдық мешеулік; біріне бірін айдап салу мақсатында патша берген болар-болмас билікке таласып барын салып шашылып, шапқылаумен ел бүлдірген пысықайлар; ел қатарлы өз мүддесін өзінің қорғауына жол бермеген надандық пен саяси құқысыздық; тағдырдың жазуымен газет шығып тұрған жылдарға дөп келген, бірін-бірі қудалаған теңіздің толқынындай, бірінен кейін бірі қазақ даласын қамтыған қоғамдық қақтығыстар мен сілкіністерден қазақ басына түскен қасірет т.т. Міне, осындай жағдайда "Қазақ" тарих сахнасына шықты. Ғасыр басында елімізде қалыптасқан осындай объективті саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени ахуал "Қазақ" газетінің ұстанар бағытын белгілеп, оның шығарушыларының атқарар міндеттерін айқындады.

Газеттің жалғыз қазақ халқы емес, жалпы адамзат тарихындағы түбегейлі өзгерістер бастауы болған 1914 жылдың алдындағы жылы дүниеге келуі, газетті еліміздің соңғы бейбіт жылының дерегі ретінде пайдаланып, аласапыран алдындағы ұлтымыздың қал-жағдайын біліп, мұң-мұқтажын сезінуге көмектесері даусыз.

1914 жылдың басында "Қазақ" газетінің алғашқы жылы таралу географиясы мен таралым саны туралы Басқарма, "Орынбор. 9 Январь" деген редакциялық мақалада: "Қазақ" газетасын 10 облысқа қараған киіз туырлықты қазақ байдың баласының 1913 жылдың ішінде алдырып тұрғандардың есебі мынау:

1. Торғай облысы	694	6. Жетісу	157
2. Семей	612	7. Ішкі оралдық	136
3. Ақмола	584	8. Ферғана	30
4. Сырдария	327	9. Самарқан	8
5. Орал	301	10. Закаспий	5

Өзге жерлерден

1. Оренбург шаһары	37	6. Түркия	5
2. Уфа	14	7. Мәскеу	3
3. Қазан	13	8. Томск	3
4. Қытай қазағы	10	9. Һәм басқа	
5. Петербург	9	шаһарлар	57

Бәрі 3007", - деп жазды (519).

"Қазақ" газетін дерек көзі ретінде қарастыру, оның алғашқы сандарынан бастап ел алдында тұрған өзекті мәселелерді жеке-жеке атап, жан-жақты ашып көрсетуге ұмтылғандығын, олардың ұлт өміріндегі орнына, келешектегі маңызына кеңірек тоқтауға тырысқандығын көрсетеді. Дәйекті дәлелдер келтіріп, шиыршықталып шешуі қиын түйінге айналған ұлт алдында тұрған мәселелердің түйінін дәл тауып, түйықтан шығар жолды дұрыс көрсеткендігін байқатады. 1913 жылы газет бетінде жарияланған мақалалардың "Жер мәселесі", "Оқу жайы", "Жер аудару", "Білім жарысы", "Қазақ Һәм Дума", "Сайлау", "Шаруа жайы", "Денсаулық туралы", "Земство не нәрсе" деп аталуы, аталған мақалалардағы көтерген мәселелерінің шешілу жолдарын халыққа ұсынуы соның дәлелі.

Газет материалдарымен танысу, алғашқы жылы оның авторларын ойландырған, А. Байтұрсынұлының сөзімен айтсақ: "төсекте дөңбекшітіп ұйқысын бұзған" мәселелер, елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау, қазақ халқын өнер-білімге үйретіп өркениетті елдер қатарына қосу, ол үшін қалың елі қазағын ұйқыдан оятып оқуға, ғылымға шақыру болғандығын көрсетті.

Осылай, шыға бастаған бірінші, яғни 1913 жылдың өзінде-ақ, газет ұлт өмірінің барлық жағын қамти білген. Ү. Субханбердина өзінің "Қазақ", "Алаш", "Сарыарқа" деп аталатын мазмұндалған библиографиялық көрсеткішінде газеттің жарияланған мақалалары мен хат-хабарларын тақырыптарына және мазмұнына қарай: "Россиядағы империялизм дәуіріндегі Қазақстан", "Самодержавиенің аграрлық саясаты және қоныс аудару қозғалысы", "Қазақ елінің әкімшілік және сот құрылысы", "Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы" (ауыл шарушылығы, өнеркәсіп, сауда), "Қазақстанның XX ғасырдың бас кезіндегі мәдениеті мен әдебиеті" т.б. деп, барлығы 20 топқа бөліп көрсеткен (520).

Солардың ішіндегі "Дүниежүзілік империалистік соғыс және оның Қазақстанға тигізген әсері" мен "Буржуазиялық-демократиялық ақпан революциясы кезіндегі Қазақстан" — деген екі топтамадан басқаларының бәріне "Қазақ" газетінде 1913 жылы жарияланған мақалалар енген. Демек, "Қазақ" газеті өзінің алғашқы сандарынан бастап ел өмірінің барлық саласы жайында мақалалар жазып деректер қалдырған деп айта аламыз.

Мысалы, халқымыздың әлемдік соғыс қарсаңындағы саяси-әлеуметтік өмірінен жан-жақты мағлұмат беретін “Самодержавияның аграрлық саясаты және қоныс аудару қозғалысы” деген тарауда осы проблемаға қатысты 29 мақала жарияланғандығы көрсетілген. Оларда: патша өкіметінің қоныс аудару саясаты, “басы артық” жерлерді кесіп алу туралы нұсқаулары, қазақ шаруаларының наразылығы, қоныс аудару басқармасының озбырлығы, қазақтар мен келімсектер арасындағы қақтығыстар т.т. туралы жазылуы айтылған.

Ал, “Қазақстанның ХХ ғасырдың бас кезіндегі мәдениеті мен әдебиеті” деген топқа 1913 жылы шыққан, осы мәселелерге арналған 18 мақала енген. Оларда: қазақ халқының соғыс қарсаңындағы мәдени өмірі, ұлттық ойын-сауықтары, салт-дәстүрі, әдебиеті, тілі, өнер-білімі туралы жазылған. Демек, өздерінің көтерген тақырыбына, мазмұнына қарай топтарға бөлінген мақалалардан зерттеушілер халқымыздың соңғы бейбіт жылғы өміріне қатысты өздерін қызықтыратын деректер таба алды.

Газеттің алғашқы жылындағы материалдарымен танысу оны шағарушылардың әуел бастан-ақ дұрыс методологиялық бағыт-бағдар ұстап, бірінші күннен бастап жалпыадамзаттық құндылықтарды басшылыққа алып, бар күш-қуаттарын, ерік-жігерлерін сол құндылықтарды өз ұлтына, қазағына жеткізу мақсатында жұмсағандығын көрсетеді. Өз тағдырларының өзгелер тағдырымен тығыз байланысты екендігін түсіне білген газет авторлары, басқа халықтар өмірлері туралы да көптеген қызықты мақалалар жазған, әлемде болып жатқан оқиғалар туралы жедел хабарлар беріп отырған. Әсіресе, сол жылдары дүниежүзілік саясаттың орталығына айналған Еуропа туралы мақалалар көптеп жарияланғанын байқауға болады.

Өздерінің ұстанған мұндай бағытын, газеттің жетекші авторларының бірі Әлихан Бөкейхан: “Қазақ” газетасы біреу-ақ, саясат ісі не керек, тіршілікке пайдалы, үлгілі сөз жазу керек емес пе дейтін оқушылар бар. Бұл шала-жансар рас та. Газета алдыңғы көсем жүрген оқушылар үшін шықпақшы, бұлар саясат ісінен хабарлы болмақшы, бұлай болған соң, Еуропа саясат ісіне “Қазақта” орын бермей болмайды. Біздің қазақ құлағы Еуропа саясат ісіне тесік болмаса, біздің үйдегі іске жұрт сарандық қылмақшы” – деп түсіндірді (521). Әрине, бұл мәселеде “Қазақ”

газетінің, объективті жағдайдан шыға отырып, Ресейдің ішкі жағдайына, оның шет елдермен қарым-қатынасына баса көңіл бөлгендігі түсінікті. Мысал, аталған библиографиялық көрсеткіштегі "Россия мен шет мемлекеттердің арасындағы қарым-қатынас" – деген топқа, құрамына қазақтарды қосып алған Ресей мемлекетінің тарихына, оның басқа елдермен жасаған байланыстарына, Балқан соғысына қатысты 19 арнайы мақала енген. Газеттің жиырмадан астам нөмірінде "Сыртқы хабарлар", 6 нөмірінде "Соғыс жайынан" материалдар басылған.

"Қазақ" газетінің бірінші күннен бастап ерекше көңіл бөліп, өз бетінде үздіксіз көтерген мәселесінің бірі оқу-ағарту, білім беру, жалпы халықтың рухани өмірі туралы мәселесі болды деп айтуға болады. Тек, 1913 жылы ғана апталықта оқу-ағарту ісі бойынша 30-дан астам арнаулы мақалалар басылған. Оқу жайы "Тілшілер сөзінде", "Ішкі хабарларда" айтылып тұрған. Егер, оларға басылып шыққан кітаптар туралы хабарларды, оларға жазылған сын-пікірлерді және газет-журнал шығару ісі туралы жазылған мақалаларды қоссақ, онда бірінші жылғы газетте ең көп жазылған тақырып осы тақырып болғандығын көреміз.

Оқу жайы "Қазақ" газетінің бірінші санынан-ақ айтыла бастаған. Мысалы, газеттің бірінші санында ел арасындағы надандық, білімсіздік себептері айтылған және медресе ашқан Ахметбайды үлгі ретінде көрсеткен Бегалиевтің "Бү қалай?" - деген мақаласы басылса, екінші нөмірінде Ахмет Жанталиннің медреседе оқыған қазақ балаларының тек мұғалім, молда бола алатынын сынай отырып, оларға өмірге практикалық пайдасы бар ғылымдарды үйрену керектігін сөз еткен "Медреседен оқып шыққан шәкірттеріміз не болашақ?" деген мақаласы басылған.

Осындай оқу туралы жазылған ондаған авторлардың мақалаларынан зерттеушілер оқудың ғасыр басында ұлтымыз үшін қандай маңызға ие болып, неліктен өмірлік қажеттілікке айналғанын көре алады. Оқыту ісінің жалпы жағдайы мен қиыншылықтары, оны ұйымдастырудың жолдары, оқу программасы мен оқыту құралдарын бастырып шығару, оқушыларға жәрдем беру туралы т.б. мәліметтер ала алады.

Сонымен қатар, нөмір сайын жарияланып тұрған "Ішкі хабарларда" да көбінде оқу-ағарту ісі туралы айтылған. Олар да маңызды дерек көзі болып табылады. Ақмола, Петропавл,

Қостанай, Қарқаралы, Баянауыл, Қатонқарағай, Шымкент, Қапалда оқу-ағарту ісі, мектеп-медресе салу жұмыстары туралы мағлұматтар сол хабарларда басылған. Осындай хабарлардың бірінде: "Қапал уезінде Тұрысбеков-Мамановтердің мектебінде осы күні 130-дан артық қазақ баласы оқиды екен. Оқытушы бесеу... Маманов, Тұрысбековтер келісіп өз аулында қыздар оқитын мектеп салмақшы болыпты. Ақсу деген жерде тағы да бір мектеп салдыруға ойлары бар дейді. Бұлардың мұнысы басқа қазақтарға үлгі аларлық іс", — деп жазған(522).

Сол "басқа қазақтарға үлгі аларлық іс" істеген, кезінде "Айқап" журналы мен "Қазақ" газетіндегі талай мақалалардың кейіпкері болған Маманов-Тұрысбековтардың оқу-ағарту саласындағы атқарған жұмыстарына нақтырақ тоқталайық.

Жетісудың атакты байы Маманның баласы Есенкүл жастайынан қажыға барып қайтысымен ағайын-туғандарымен ақылдасып, мектеп салуға кіріседі. Семейден қызыл кірпіш, Өскеменнен қарағай, Омбыдан көк қаңылтыр алдырады. Сөйтіп, 1899 жылы Қарағаш мекенінде үш кластық діни мектеп ашады. 1909 жылы ол орыс-қазақ мектебі болып қайта құрылады. Осыған орай белгілі ақын Әсет Найманбайұлы: "Маман медресесі тек қолы жеткендердің оқитын ордасы болмай, кедей-кембағалдардың да білімге сусындайтын ордасы болыпты. Мені ерекше қуантқаны — осы жай, — деп хат жазып (523), —

*Уа, жаным, құтты болсын медресең!
Бек жақсы - жеміс ексең, теріп жесең!
Немерем тәлім алып, тәрбие алып,
Оқыса - өтелгені менің есем",*

деп өлең арнаған.

Мектепте арнаулы оқу орнын бітірген қазақ, татар мұғалімдері сабақ берген. Онда математика, география, тарих, ана тілі мен әдебиеті және дін сабағы оқытылған. Мектеп жанында орыс тілін үйрететін кешкі курс жұмыс істеген (524).

Революция қарсаңында "Мамания" мектебінде (мектепті Маман балалары ашқандықтан осылай аталынған — Қ.А.) 200-ге жуық қазақтың ұл мен қыздары оқыған. Онда кедей-кепшіктердің балаларына оқуға мүмкіндік беретін жатақкана да болған (525). Міне, бізге "Қазақ" газеті жеткізген бір ғана "Ішкі хабардағы" ақпараттың сыры осындай. Ал, ол сияқты қаншама хабарлар газет

бетінде жарияланды? Оларда не туралы айтылды? Мұның бәрі де келешек зерттеу жұмыстарының объектілері.

Ал, "Мамания" мектебінің кейінгі тағдырына келсек, онда мектеп тағдырының жалпы қазақ халқының тағдырымен, өзін салдырған Мамановтар тағдырымен ұқсас болғандығын айтуымыз керек. Мектеп үйі 1918 жылғы большевиктер ұйымдастырған аласапыран кезінде Мамановтардың "көк үйімен" бірге өртенген. Маман балалары ірі бай-шонжарлар ретінде тәркіленіп, жер аударылса, мектеп 1937 жылы Ақсу қыстағына көшіріліп, оған Ыбырай Алтынсариннің аты берілген. Ашылғанына 100 жыл толуы қарсаңында ғана мектепке "Мамания" аты қайтарылды (526).

Оқу-ағарту мәселесі Маман балаларының ұлт үшін еткен қызметтерінің бір ғана саласы. Олардың "Айқап" журналына да "Қазақ" газетіне де үнемі қаржылай көмек көрсетіп тұратындығы туралы да деректер көп. Мысалы, апталық Маманов-Тұрысбековтардың (Маман ұрпағының бір тармағы оның баласы Тұрысбектің атымен осылай аталған – Қ.А.) "Қазақ" газетіне көмегі туралы мынадай ақпарат жариялаған: "Көмек берушілер: Есенкүл қажы Маманов 100 сом, Ғайнижамал Есенкүл қажы жамағаты 100 сом, Тәңірберген қажы Тұрысбеков 429 сом, Айтмұхамет Тұрысбеков 100 сом, Хожа Ахмет Маманов 50 сом, Баймұхамет Тұрысбеков 50 сом, Құдайберген Тұрысбеков 20 сом" (527).

Біздің ойымызша, Маманов-Тұрысбековтер әулетінің ғасыр басында қалыптаса бастаған қазақтың іскер адамдары ретіндегі атқарған жұмыстары, халқына көрсеткен пайдалы еңбектері әлі жан-жақты зерттеліп, өз бағасын алған жоқ.

"Қазақ" газетінің бетінде 1913 жылы жарияланған мақалаларды талдау барысында көзге айқын түсетін ерекшеліктің бірі – мақалалардың басым бөлігін газеттің негізгі үш авторының жазғандығы. Біздің есептеуімізше, Ү. Субханбердинаның аталған мазмұндалған библиографиялық көрсеткішіне енген, 1913 жылы газетте жарияланған, 215 мақаланың 44-ін Әлихан Бөкейхан, 32-ін Міржақып Дулатұлы, 23-ін Ахмет Байтұрсынұлы жазған. Оларға нөмір сайын жарияланып тұрған бас мақалаларды, басқарма атынан басылған басқа да мақалаларды және "Орынбор, 10 февраль" сияқты, авторы көрсетілмегенімен басқарма атынан жазылғандығы анық, мақалаларды қоссақ, онда әлем халықтары

тарихындағы соңғы бейбіт жылы "Қазақ" газетінің бетінде басылған мақалалардың жартысынан көбін аталған авторлардың жазғанын көреміз. Егер, газеттің бірнеше бетінде, тіптен бірнеше нөмірлеріне шыққан "Шаруа жайы", "Қазақтың тарихы", "Құлдар достығы", "Денсаулық жайы" сияқты көлемді мақалалардың да басым бөлігін солардың біреуі жазғандығын ескерсек, онда газеттің көлемі жағынан да жартысынан артығын солар дайындаған деп айта аламыз. Демек, зерттеушілердің "Қазақ" газетінің материалдарын соғыс қарсаңындағы ел тарихы дерегі ретінде пайдалану барысында көбіне сол үш автордың еңбектеріне сүйенерлері анық. Сондықтан, газет авторларының бәрінің мақалаларының деректік ерекшеліктерін көрсете алмағанмен, негізгі авторларының еңбектерінің ерекшеліктеріне тоқталайық.

Алдымен айтарымыз, газеттің негізгі авторларының мақалаларының газеттің алдына қойған негізгі мақсатына сай пайда болғандығы. Газеттің мақсаты оның үшінші нөмірінде былай деп көрсетілді: "Бұл газеттің мақсаты — жұрт пайдасына көз болу, қазақ арасына өнер, ғылым жайылуына басшылық ету, басқа жұрттың хәлінен хабар беріп, таныстыру. Сол мақеүттарды орнына келтіру үшін зәкушіндерді, хакімдердің бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру, Государственная Дума һәм Государственный Совет жұмыстары турасында жете хабар беріп тұру, ішкі һәм сыртқы хабарды жазып тұру, қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу, күнелту, сауда, жер-су, кәсіп, егінтаран, мал шаруасы жайынан кеңесу, оқу, оқыту, мектеп-медресе, школа, ғылым, өнер, тіл-әдебиет турасында жөн көрсету, адам һәм мал дәрігерлігі жайынан жазу" (528).

Зерттеуші Ө. Әбдіманов газет алдына қойған бұл мақсаттарды шартты түрде: саяси-әлеуметтік мәселелер, шаруашылық-экономикалық мәселелер және мәдени-ағартушылық мәселелер деп үш желіге бөле отырып: "Газеттің осы мәселеге қатысты жарық көрген мақалаларын негізінен үш публицист жазып және дайындап отырғаны талассыз шындық. Олар Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов. Қай-қайсысы да кез келген тақырыпқа жаза алар хас шеберлер болғанымен де Әлихан көбінесе саяси-экономикалық, Ахмет — мәдени-ағартушылық, Міржақып әдебиет пен өнер мәселелеріне көбірек барғаны "Қазақ" беттерін ақтарғанда көзге айқын түседі. "Қазақтағы"

көптеген бас мақаларды Ахмет Байтұрсынов жазған және бас жазушы ретінде қандай бір мәселе болмасын өзіндік пікірін, өзіндік көзқарасын білдіріп, газеттің бағдар-бағытын айқындап отырған. Оның кейінірек "батысшылдық" тобының идеологы атануы себепші болған көбіне-көп осы "Қазақтағы" мақалалары арқылы танылуы болса керек-ті" - дейді (529).

Иә, өмірдің қай саласынан болмасын қалам тарта білген бұл үш арыстың жазған мақалаларының өзіндік ерекшеліктері болғандығы рас. Егер, А. Байтұрсынұлына оқу-ағарту, мектеп ісі туралы тақырыптар жақынырақ болғандығы байқалса, Ә. Бөкейхан еңбектері экономикалық мәселелерге жасалған терең талдауларымен, дәйекті ғылыми тұжырымдарымен ерекшелінеді. Ал, М. Дулатұлының еңбектері өмірдің өзі тудырып отырған сауалдарға берген жауабының жеделдігімен көзге түседі. Мысалы, газеттің 1913 жылғы сандарында жарияланған А. Байтұрсынұлының мақалалары "Қазақша оқу жайынан", "Оқу жайы", "Оқыту жайынан", "Жазу мәселесі", "Білім жарысы", "Орысша оқушылар" деп, Ә. Бөкейханның тақырыптары: "Дума һәм казак", "Төртінші Дума һәм казак", "Сайлау", жер нормасына арналған "Ашық хат", "Жауап хат" деп, ал, М. Дулатұлының мақалалары: "Жер аудару", "Сот ісі", "Земство не нәрсе" (газеттің алты бірдей санында басылған), "Арудың аз болуына не керек" (үш нөмірде), "Қазақтың тарихы" (5-нөмірде) деп аталғандығын көреміз.

Бұл мысалдар олардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар публицистер екендігін көрсетеді. Дегенмен, газет материалдары үшеуінің ұлт алдында тұрған өзекті мәселелерге көбіне бірдей көңіл бөліп, газет бетінде көтере білгендіктерін де білдіреді. Мысалы, қазақтың мәңгі уайымы жер мәселесі "Қазақ" газетінің де ең өзекті мәселесіне айналған. Тек, 1913 жылы ғана жер туралы 20-дан астам арнаулы мақалалар жарияланған. Оларға қосымша бас мақалаларда, ішкі хабарларда, тілшілер сөзінде т.б. жер туралы айтылған. Жерге қатысты мақалалардың көбін ғасыр басындағы осы мәселенің ел таныған маманы Әлихан Бөкейхан жазған. Дегенмен, мәселенің өте маңыздылығына, өткір қойылуына байланысты Ахмет Байтұрсынұлы сол жылғы газетке "Қазақ жерін алу турасындағы низам", "Жер жалдау жайында", "Көшпелі һәм отырықшы норма" сияқты мақалалар жазды. Жер мәселесі Міржақып Дулатұлының "Земство не нәрсе" атты

мақалалар сериясында да айтылған. Газет шыға бастаған бірінші жылы қазақ зиялыларының арасында қызу талас тудырған бас қосып, съез өткізу мәселесі туралы да үшеуі бірдей арнайы мақалалар жазған. Аса маңызды мақаланы ("Алаш азаматтарына", 1913 жыл, 31 декабрь) екеуі бірігіп жазғандығын көреміз.

Аталған авторлардың, 1913 жылы, газеттің бір нөміріне екі мақаладан жариялаған кездері жиі кездеседі. Ал, кейде, олардың бір нөмірде 3-4 мақаладан жариялаған уақыттары да болған. Мысалы, апталықтың 7 санында М. Дулатұлының "Құлдар достығы" деген мақаласының жалғасы, "Адрианополи" деген үлкен мақаласы және "Қазақтың тарихының" жалғасы жарияланса, 9 нөмірде: "Қазақ ақыны", "Ғабдолла Тоқаев", "Жер аудару" және "Қазақтың тарихы" атты төрт бірдей мақаласы басылған.

Демек, апталық бетінде жарияланған басқа да мақалалар сияқты, бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы қазақтардың саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірі туралы мақалалардың да көпшілігін сол үш публицист жазған. Бұл жағдай бір жағынан, зерттеу объектісіне қатысты газет материалдарының шынайылық дәрежесінің жоғары екендігін көрсетсе, екінші жағынан, неліктен мақалалардың көбін үш-ақ адам жазған? — деген сұрақ тудырмай қоймайды.

Біздің ойымызша, оның ең басты объективті себебі, басқарма халықтан газетке мақала жазып тұруды қаншама өтінгенімен, жалпы жұрттың газетаға мақала жазатындай білім дәрежесінің, сауаттылығының болмауы. Сонымен қатар, оның бірнеше субъективті себептері де жоқ емес. Біріншіден, халық арасында еңбек етіп жүрген оқығандарымыздың бойындағы қазаққа тән енжарлық пен жалқаулық, оларға ел хабарын айтып газетке хат жазып отыруға кедергі болған сияқты. Әйтпесе, Әлихан Бөкейхан: "Қырда ел ішінде жүрген хат білетін қазақ біздің газетаға тілші-хабаршы болмаса, кім болады? "Қазақ" газетасы қазақ ғұмырына айна болмаса, қазақ өзін өзі қалайша таниды?... Қазаққа тілші-хабаршы болатын азаматтар бармысың жоқпысың? ...Қырда болған саясат ісіне біздің "Қазақ" тіпті сараң. Бізде хабаршы жоқ! Бұл қалай, біздің қырда хат білетін кісі жоқ па?"

...Қырда қанша учитель, мұғалім, болыс тілмашы бар. Тағы қырда адам, мал дәрігері, фельдшерлер бар. Хат білетін қазақ қанша! Осылар хабаршы-тілші болса, мен мұны жазамын ба?"

*Сипалап айналама қол сермедім,
Жастардан еріншекті мен көрмедім!
"Қазаққа" бар білгенін жазып тұрса,
Еріншек біздің жастар мен дер ме едім?*

деп жазбаған болар еді (530).

Екіншіден, басқарма тарапынан газетке хабар жазушыларға бірінші күннен бастап қойылған қатаң талап, көптеген авторлардың мақалаларының газет бетінен орын алуына кедергі болған сияқты. Әсіресе, апталықты шығарушылар тіл мәселесіне ерекше көңіл бөлген деп айтуымызға болады. Мысалы, газеттің екінші санындағы "Оренбург. 10 февраль" – деген мақалада басқарма: "Мұсылманша оқығандарымыз әдеби тілмен сөйлейміз, әдеби тілмен жазамыз, қазақша жазсақ әдеби болмайды деп қазақ тілімен жазуға ұялады, қорынады. Русша оқығандарымыз қазақ тілімен пікірімізді толық айта алмаймыз, жетпейді, русша жазғанымыз оңай дейді. Қысқаша, русша, мұсылманша оқығандарымыз қазақ тілінде жазуға қорланып, біреуі русша жазады, біреуі әдеби тілмен жазады" – делінген (531). Бұл жолдардан өз тілінде жазудан қорланған бауырларымыздың жазғандарының газет бетінде жарияланбағандығын түсіну қиын емес.

Газетті шығарушылардың бұл принципті позициясы қазақ жастарының тілегімен сай келгендігін айтуымыз керек. "Қазақ" газеті жарыққа шығысымен империя астанасында оқып жүрген бір топ қазақ жастары (араларында Мұстафа Шоқай баласы бар) "Құрметті бас жазушыға!" хат жолдап, онда қазақша газет шығуына байланысты өз қуаныштарын айта келе: "Қазаққа" қаламмен жәрдем беретұғын мұсылманша оқыған күрбыларымыз бір нәрсе жазғанда басқа араб, фарсы, ноғай қандастарымыздың сөздерін, орысша оқығандарымыз орыс яки басқа Европа жұртының тілдерін орынсыз көп кірістірмей, өзіміздің қазақтың нағыз қара тілімен жазып тұрса" – деп, тілек білдірген (532). "Қазақ" газетінің материалдары қазақ жастарының мұндай талабының орындалғандығын көрсетеді.

Үшіншіден, апталыққа мақала жазып тұруға мүмкіндігі бар хат білетін аталарымыздың бір бөлігі хатты басқармаға емес, басқарманың үстінен басқаларға жазып тұрған. Дәлірек айтсақ, олар газет шығарушылардың үстінен тиісті орындарға арыз жазумен айналысқан. Ол, әрине, газет ісіне өз зиянын тигізбей қойған жоқ. Басқарма газет шығарумен қатар өз аттарына айтылған өтірік, өсек, жаламен де күресуге мәжбүр болды.

Осындай, Әлихан Бөкейханға қарсы айтылған: "Әлихан Самарада отыр, сондықтан ел жайын жөнді білмейді" – деушілерге қарсы ел атынан "Ел баласы" Оралдан: "... Әлиханға не қыл дейсіндер? Міне біз Әлиханнан басқамыз көршімен ырылдасып, шабынға, жайлауға таласып, жұрттың сәурігінің күйірығын кесіп, елде жүрміз, бұдан не шықты.

Дүниеде екі әділ сыншы бар: халық һәм тарих. Бұл екеуі де кімнің қайда жүргенін тексермейді, кімнің не істегенін тексереді, мұны ұмытпасқа керек." – деп жазса (533), кейінірек Міржакып Дулатұлы өз жақындарынан көрген қорлығы туралы: "Жәбірді жаудан көргеніміз жоқ жақыннан көрдік. Бізге ең қиын жанымызға батқаны жаудың жақыннан шыққаны болды" – деп жазды (534). Осындай және басқа да себептер басқарма мүшелеріне газет шығару ісін негізінен өз қолына алуға мәжбүр етті.

Бұл газет шығаруға өз үлестерін қосқан басқа да ондаған Алаш азаматтарының еңбектерін жоққа шығарғандығымыз емес, "Қазақ" солардың арқасында толық қанды ұлттық басылымға айналды. Дегенмен, ошақтың үш пүтындай "Қазақтың" негізгі үш тірегі Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржакып Дулатұлының болғандығы тарихи шындық.

Сонымен қатар ерекше көңіл аударар тағы бір нәрсе, ол Абай шығармашылығының газет авторларына, солар арқылы газет мазмұнына тигізген оңды ықпалы, үлкен әсері. Абай даналығының "Қазақ" газетіне, оның тіліне, сөзіне, мазмұнына тигізген әсері арнайы тақырып ретінде зерттеуді қажет ететін күрделі проблемалардың бірі. Дегенмен, Абай мен "Қазақ" газетінің кейбір ортақ сәттеріне тоқталайық.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамын өз шығармаларында Абайдай дәл бейнелеп, қалын елі қазағының өмір-салтын, тұрмыс-тіршілігін, бар бітім-болмысын Абайдай дәл суреттей білген адам кемде кем. "Абай сөздері дүнияде қалғаны – қазаққа зор бақ" – деп (535), санаған Ахмет Байтұрсынұлы. Абай шығармаларының деректік ерекшеліктері туралы: "Абайдың "Аттың сыны" деген өлеңін оқығанында көз алдыға сол жақсы аттың өзі тұрғандай, пішіні келіп елестейтіні жақсы атқа бітетін мүшелерінің бірін қалдырмай жазғандықтан. Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайшылыққа

кемшілігі болар деп, тайсақтап тартынбаған. Ақиқатты ақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған" — деп, Абайдың суреткерлік қабілетінің жоғары екендігін және тек ақиқатты ғана жазатын әдетін айтады (536).

Ал, "Қазақ" газетінің "әсерлі анық сөздері" туралы Мұхтар Әуезов: "Сол уақыттарда "Қазақ" газетінің бетінен анда-санда оқып отырған әсерлі анық сөздер қауіптің пішінін айқын қылып көрсетіп, мектептегі жас балалардың сезімін түзу жолға беттеткендей болушы еді. Жас буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын "жол мұндалап", жетегіне алып бара жатқандай байқалушы еді" (537) — дейді.

Демек, Абай туындылары мен "Қазақ" газетінің басты ортақ қасиеттері екеуінің де қазақ өмірі туралы ақиқатты анық айта білгендері, олардың ел тарихының дерегі ретіндегі маңыздылығы, шынайылық дәрежелерінің жоғарылығы және өзара үндестігі.

Кезінде Абайды ойландырған, ақын жанын күйзелткен мәселелердің көбі "Қазақ" газетінің де өзекті мәселелеріне айналды. Абай сынына ұшыраған қазақ қоғамынан орын алған келеңсіз көріністер апталық беттерінде де сыналды. Мысалы, сондай көріністердің бірі, қазақтарды партия-партияға бөліп, бір-бірімен қырылыстырып қойған сайлау туралы Абай:

*"Болды да партия,
Ел іші жарылды.
Әуремін мен тыя
Дауың мен шарыңды" (538)*

десе, бар малын шығындап, күн батқанша шапқылап жүріп болыс болған Күлембайға айтқан өлеңінде:

*"Болыс болдым мінеки,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал
Қалмады елге тығындап" (539)*

дейді.

Сайлау төңірегіндегі дау мен жанжал қазақ даласында Абайдан соң да тоқтау тапқан жоқ. Сондықтан өз кезегінде "Қазақ" газеті де оған қарсы күресуге мәжбүр болды. Оның бетінде сайлауға арналған бірнеше мақалалар жарияланды. Соның бірінде Әлихан Бөкейхан: "Үш жылда бір сайлау сайын жұрт өрт шыққандай, жау шапқандай жанталасып әбігер болады. Әке баладан, аға ініден, туған-туысқанынан айырылып, бірі атқа, бірі асқа сатылып

сандайды. Өсіп жұрт бүлініп іздегендегісі не? Болыстық, билік, ауылдайлық, елубасылық" — деп (540), сайлаудың казак халқына әкелер бар "пайдасын" айтады.

Абайдың да, "Қазак" газеті арқылы Ә.Бөкейханның да, бұл мәселені бекер көтермегендерін, сайлаудың казак даласына бітіспес дау, аяқталмас жанжал әкелетіндігін мұрағат құжаттары да растайды. Мысалы, ҚР ОММ алынған құжаттың бірінде, 1913 жылы 23 маусымда, Лепсі уезінің Қаракөл болысына қарасты Салқынбел шатқалында өткен болыс сайлауы туралы: "На выборах на должность волостного управителя намерены были выставить свою кандидатуру киргизы... Р.Токеев и Ч.Кобентаев. Первый из них происходил из рода "Кыржи", к которому принадлежали 2, 3, 4 и 5 ауылы Каракольской волости, а второй из рода "Тума" к которому принадлежал ауыл 1, 6, 7. Сообразно с этим все киргизы Каракольской волости разделились на 2 партии — Токеева и Кобентаева. Главарем последней партии был киргиз Кобентай Бектурганов — отец Ч.Кобентаева. Видя бесспорный перевес в числе голосов на стороне партии Токеева, главари партии Кобентаева, сознавая свое бессилие при данной группировке голосов ... решили сорвать выборы силой, чтобы воспользоваться затем промежутком времени, который должен был пройти до следующего дня выборов, и перетянуть на свою сторону большее количество голосов. Решение это свое партия держала в большом секрете от посторонних" — деп, жазылған (541). Одан әрі құжатта төбелес шыққандығы, оған қатысқан 41 адамның әр түрлі жаза алғандығы туралы айтылған.

Әрине, бұл Салқынбелдегі төбелестің сайлау төңірегінде болған жалғыз төбелес емес екендігі түсінікті. Ондай оқиғалар казактың қай ауылында да болып тұрған. Сондықтан олар Абайды, Әлиханды толғандырды. Сол туралы жазуға итермеледі.

Сонымен қатар, сайлаудың казак үшін екінші бір зиянды қыры, ол барын салып жүріп сайланған болыс, старшындардың, енді өздерінің шыққан шығындарын қайтарып алу мақсатында және ебін тауып келесі сайлауға дейін көбірек мал жиып алу мақсатында пара алу, өтірік-өсек айту, ұры жұмсау сияқты әр алуан қылмыстарға баруы. Ол туралы Абай өзінің сегізінші кара сөзінде: "Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды?"

Біреу - болыс, біреу - би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тындайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді. Олар өздері де озық кісіміз, өзіміз біреуге үлгі беріп, ақыл айтамыз деп сайланады. Өздері түзеліп жеткен, енді елді түзерлігі-ақ қалған. Ол не қылып тындасын және тындайын десе де қолы тиеме? Басында өзіндік жұмысы бар: ұлығымызға жазалы болып қаламыз ба, яки елдегі бұзақыларымызды бұлдіріп аламыз ба, яки халқымызды бұлдіріп аламыз ба, яки өзіміз шығарған шығынымызды толтыра алмай қаламыз ба? — деген ебіне қарай біреуді жетілтейін, біреуді құтылтайын деген бейнетінің бәрі басында, қолы тимейді" — десе (542), Әлихан: "Өтіріксіз, үрлықсыз бұл сорлылардың арам жемі табылмайды. Қазақтың болыс, би, ауылнай һәм елу-басыларының айтып жүрген өтірігі, қылып жүрген үрлығы нашар бақалшы бір уыс жүнге сатып жүрген оймақ-бойу, қанша жақса да, әуелде жаратылған өз орнына кетеді", — дейді (543).

Егер, Абай мен Ә.Бөкейхан сайлауға байланысты қазақтар арасында қалыптасқан жалпы қоғамдық құбылыс туралы айтса, мұрағат құжаттары бізге жеңіл жолмен мал табамын деп жүріп қылмысқа барған көптеген болыс, би, ауылнайлардың нақты есімдерін жеткізіп отыр. Мысалы, Верный уезінің Көлді болысы Жабықпаев 1915 жылы Желдібаевтан 61 сом 70 тиын табыс салығын алып, оны алғаны туралы ресми қағаз бермей өзі пайдаланып кеткені үшін қылмысқа тартылған (544). Кіші-Алматы болысының 1-ші ауылының старшыны Қабылдай Асыров 1915 жылы 17 наурызда пара алғаны үшін жазаланған (545). Қысқаш-Садыр болысының бұрынғы ауылнайы Сейдін Әбділдин қызмет бабын пайдаланып қылмыс жасағаны үшін, сол жылдың 11 маусымында сотқа тартылған (546).

Бұл бір уездегі бір мезгілде ғана жасалынған қылмыстар. Мұндай мысалдарды қай уезден болса да келтіруге болады. Демек, Абай мен Ә.Бөкейханның жоғарыдағы сөздерді айтуына сайлау төңірегіндегі қазақтар арасында қалыптасқан объективті жағдай себеп болғандығы түсінікті.

Сонымен, "Қазақ" газетінің материалдарының деректік маңызына, ондағы ақпараттардың шынайылық дәрежесіне әсер еткен факторлардың тағы бірі, апталықтың рухани қайнарының бастауын Абайдан алуы деп айта аламыз.

Екіншіден, газетті шығарушылар Абайдан тек рухани нәр алып қана қойған жоқ, сонымен қатар, олар газетте Абай шығармашылығына арналған мақалалар жариялау арқылы абайтану ғылымының қалыптасуына да өз үлестерін қосты. Газет редакторының: "Абайды қолымыздан келгенше қадірлі жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз" (547) – деген сөздерін орындап "Қазақты" екінші Абай мектебіне айналдырды. Осылай, газет арқылы Алаш зиялылары Абай ісін әрі жалғастырды.

Дегенмен, ескеретін бір жағдай, ол Абай мен оның ісін жалғастырушылардың мақсат-мүдделері, арман-тілектері бір болғанымен, олардың өмір сүріп, өз туындыларын дүниеге әкелген орталары мен қолданған күрес тәсілдерінің бөлек болғандығы.

Абай негізінен Шыңғыс тауының стегінде, ел арасында өмір өткізіп, өзін қоршаған ортасына, ағайынға көңілі толмай:

*"Ағайын бек көп,
Айтамын ептеп,
Сөзімді ұғар елім жоқ.
Моласындай бақсының
Жалғыз қалдым – тап шыным"* (548) –

деп, налып, шарасыздықтан жасы ұлғайған шағында қара сөз жазуды қолға алады. Ол туралы Абай өзінің бірінші сөзінде: "Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық - әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің бәрінің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын..."

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ" (549), – дейді.

Ал, оның ізбасарларының Абаймен заманы бір болғанымен өскен орталарының басқа болғандығы тарихтан белгілі. Сондықтан олардың таңдаған күрес жолдары да басқаша болды. Олардың біразы империя орталығында білім алып, сонда саяси

қозғалыстарға қатысса, біразы басқа қалаларда өсіп жетілді, 1905-1907 жылдардағы саяси толқуларға араласып, күрескерлер ретінде қалыптасты, абақтыларда шындалды. Мұның бәрі оларды сол кездегі күрестің өркениетті елдерге тән түріне – газет шығаруға алып келді. Бұл тәсіл көп ұзамай-ақ өзінің тиімді тәсіл екендігін іс жүзінде көрсетті. Осылай, Алаш ардагерлері Абай ісін жаңа жағдайда жалғастырып, жаңа деңгейге көтере білді.

Баспасөздің ұлт мүддесі үшін күресте пайдалы да тиімді екендігін мына фактілерден де байқауға болады. Егер, Ахмет Байтұрсынұлы өзінің Абай өлеңдерімен тек 1903 жылы ғана танысқандығын айта келе: "Ақмоламен сыбайлас Торғай облысында Абайды білетін адам кем, тіпті жоқ деп айтсақ та боларлық. Олай болуы сөзі басылмағандықтан, Абайдың сөздері кітап болып басылып шыққанша Абайдың аты да, сөзі де Торғай облысында естілмеуші еді" (550) – десе, "Қазақ" газетінің бірге толып екіге аяқ басуына арнап жазған мақаласында: "Дүниеге шығып көрінуі мұң-ақ екен, жұрт жабылып көтермелеп кетті. Сондықтан бастауға себепкер біздер болсақ та, жүргізуге себепкер болған жұртқа кірген саңылау нәм сана, яғни ішіндегі сандаулы, саналы адамдар. Жұрт азаматтарының бірсыпыралары пұл жағынан, бірсыпыралары қалам мен білім жағынан, бірсыпыралары екі жағынан да жәрдем етті, баршаларына жұрттың тілі болып, тұрған "Қазақ" атынан тәңір жарылқасын айтасыз!" (551) – деп, Абайды да, "Қазақты" да жұртқа танытқан баспасөз екендігін атап айтты.

Иә, бұл мысалдар баспасөз күдіретінің айқын дәлелі.

Сонымен, қорыта айтсақ, газеттің 1913 жылдың басынан бастап шыға бастауы оны, өзінің еркінен тыс, бірінші әлемдік соғыс қарсаңындағы соңғы бейбіт жылғы қазақтардың саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірінің құнды дерегіне айналдырды. Сол жылғы апталық бетінде жарияланған материалдарға талдау жасау, оның мынадай деректік ерекшеліктері болғандығын көрсетеді:

Біріншіден, газетте басылған мақалалар ел өмірінің барлық жағын дерлік қамтыған. Сондықтан, зерттеушілер олардан ұлтымыздың аласапыран алдындағы бейбіт өміріне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қатысты өздерін қызықтыратын мағлұматтар ала алады.

Екіншіден, газетте жарияланған мақалалардың басым бөлігін, ел жағдайының терең білгірлері, халқымыздың ойлары озық, қаламдары жүйрік азаматтары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатұлы үшеуінің жазғандығы. Бұл фактордың газет материалдарының тарихи дерек ретіндегі шынайылық дәрежесінің жоғары болуына әсер ететін негізгі фактор болғандығы.

Үшіншіден, Абай шығармашылығының, Абай даналығының газеттің негізгі авторларына, солар арқылы газетке тигізген онды ықпалы. Абай ісі, Абай ойы мен тілінің, газет ісі, газет ойы, газет тілімен сәйкестігі.

Зерттеушілердің "Қазақ" газетінің алғашқы жылындағы материалдарының осындай деректік ерекшеліктерін ескеруі, оларға апталықтан құнды мағлұматтар алуына көмектеседі деп ойлаймыз.

5. 1917-1918 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ

5.1. Ақпан төңкерісі және мерзімді басылымдар: ерекшеліктері мен деректік маңыздары

Бұрынғы Ресей империясының құрамындағы халықтар тарихына үлкен өзгерістер мен қоғамдық сілкіністер жылы ретінде енген 1917-1918 жылдардың ХХ ғасыр тарихында алар орындары ерекше. “Қазақ” газетінің айтуынша: “1917 жыл Россия мемлекеті үшін зор өзгерістер, зор уақиғалар, зор бүліншілік жылы болып өтті... Жылдың басы қуаныш, аяғы ренішпен өтті” (552).

Шындығында да, Россия 1917 жылы жалпы адамзат тарихында сирек кездесетін қоғамдық құбылыстарды басынан өткерді. Сол жылдың ақпан және қазан айларында болған мемлекеттік төңкерістер, жер шарының алтыдан бір бөлігін алып жатқан алып елдің тарихын да, тағдырын да түбегейлі өзгерістерге ұшыратты. Дегенмен, өзінің ауқымдылығы жағынан да, салдары жағынан да аса маңызды оқиғалар қатарына жататын ақпан төңкерісінің де, қазан төңкерісінің де тарихы мен маңызы әлі объективті зерттелініп, өздерінің тиісті бағаларын алған жоқ.

Егер, Ресей халықтарына өркениеттілікке бағыт алып, елде демократиялық өзгерістер жасауға мүмкіндік туғызған біріншісінің маңызы, қоғамдық ғылымдарда ұзақ жылдар бойы шексіз үстемдік жүргізген кеңестік тарихнамада саналы түрде төмендетілсе, керісінше, Ресейді адамзаттың жалпы даму жолынан тайдырып алып кетіп, оның халықтарына өлшеусіз қайғы-қасірет әкелген, екіншісінің “маңызы” негізсіз дәріптелді.

Ақпан төңкерісінің демократиялық сипатын толық жоққа шығара алмағанымен, кеңестік тарихшылар оған таптық тұрғыдан қарап, “буржуазиялық революция” деген тар шеңбердегі бағасын берді. Ал, ол төңкерістің және одан кейін елде, соғыс жағдайында, атқарылған істердің бір ғана таптың мүддесі тұрғысынан бағалауға келмейтін, күрделі құбылыс болғандығын байқау қиын емес. Жалпы, 1917 жылдың ақпаны мен қазаны аралығы уақыт өлшемі жағынан қарасақ небары 8 айға созылғанымен, жүргізілген өзгерістердің маңызы жағынан келгенде Ресей халықтарының келешегіне жол ашып, үлкен үміт арттырған ерекше бір тарихи

кезен болды. Сондықтан, тарих ғылымының алдында тұрған міндеттің бірі, кезінде сыңаржақ жазылған 1917 жылдың тарихын қайта зерттеу болып табылады.

Сол бір күрделі кезеңнің қайта зерттелуінің қажеттігі туралы, ғасыр күрдасы, Ғалым Ахмедов: “Осы бір кезең ат үсті, сыңаржақ қарауды көтермейтін, объективті түрде зерттелуді керек қылатын, әлі дұрыс сипаттамасын таппаған бір тарихи тар кезең”, – дейді (553). Бұл бағытта соңғы жылдары Алаш Орда тарихының қайта зерттелуіне байланысты біраз жұмыстар да атқарылды (554). Дегенмен, бұл үлкен істің бастамасы ғана екендігін айтуымыз керек.

Қарама-қайшылықтарға толы, 1917 жылдың тарихын объективті зерттеудің қажеттілігі, сол жылы дүниеге келген деректер комплексін түгел қарастыруды талап етеді. Тек, әр алуан, тіптен кей жағдайларда бірін-бірі жоққа шығаратын деректер тобын мұқият зерттеу, оларды деректанулық “сыннан” өткізу ғана 17-жылдың сыры мен сипатын тереңірек ашуға көмектеседі. Осындай, өз бойына 1917 жылғы қоғамдық құбылыстарға қатысты мол мағлұмат жинаған, өзін мұқият талдауды қажет ететін деректердің үлкен бір тобын мерзімді басылымдар құрайды.

1917 жылы елімізде әр алуан партиялардың, саяси топтар мен ұйымдардың газеттері мен журналдары бірнеше ұлттың тілінде шығып тұрды. Олардың беттерінде жыл барысында калейдоскоптағыдай бірін-бірі ауыстырып жатқан уақиғалар әр түрлі қырларынан бейнеленді. Мерзімді басылымдардың ерекшелігі оларға уақиғаның ізімен “жүріп отырып”, сол уақиға туралы өз бойына мәліметтер жинауға мүмкіндік берді. Егер мұрағат құжаттары зерттеушілерге дерек ретінде жыл бойында болған нақты уақиғаның нақты бір сәттерінен ғана мәлімет бере алса, газеттер сол уақиғаның даму динамикасын толық бақылауға мүмкіндік беретін деректер бере алады. Дегенмен, олар әр түрлі бағыт-бағдарда, белгілі бір мақсатта шығарылғандықтан өздерін деректанулық талдаудан өткізуді қажет етеді.

Ақпан мен қазан аралығында Қазақстанда әр түрлі саяси партиялардың немесе Уақытша үкіметтің жергілікті комитеттерінің органдары ретінде орыс тілінде “Воля народа”, “Голос Алтая”, “Дело”, “Дело народное”, “Заря свободы”, “Свободная речь”, “Семиреченские ведомости” сияқты газеттер, қазақтардың жартысына жуығы мекендеген Түркістан өлкесінің орталығы

Ташкентте “Туркестанские ведомости”, “Туркестанский вестник”, “Туркестанский курьер”, “Наша газеталар” шығып тұрды.

Үстем ұлттың тіліндегі газеттердің қандай бағытта шығып тұрғандығын мына мысалдан байқауға болады. 1917 жылдың 29 шілдесінен бастап Семейде шыға бастаған саяси, қоғамдық, әдеби және экономикалық (Халық бостандығы партиясы комитетінің Семей бөлімінің органы) “Свободная речь” газетінің 1-санындағы оқырмандарға арналған бас мақалада газеттің мақсаты: “Орыс демократиясын нығайту”, “Орыс халқының бостандық үшін күресін қолдау”, “Орыс халқына қызмет ету” – деп көрсетілген. Газеттің өн бойында жергілікті халықтардың да бар екендігі, олардың да өз мақсат-мүдделерінің болатындығы туралы бір ауыз сөз айтылмаған. Қазан бүліншілігіне дейін аталған газеттердің бәрі дерлік осы бағытта шығып тұрды. Олар негізінен майдан хабарларын, Уақытша үкіметтің іс-әрекеттерін, олардың құрамындағы болған өзгерістерді, шет ел жаңалықтарын жариялап отырды. Тек, кейбір нөмірлерде ғана (егер жарнамаларды қоспаса) жергілікті жаңалықтар туралы шағын хабарлар берілген. Большевиктер жағынан төнген қауіп қана олардың көбін жергілікті халықтарды “көруге” мәжбүр етті. Зерттеушілер сол кезеңдегі орыс тіліндегі басылымдардың бұл ерекшелігін де ескерулері керек.

Көрсетілген кезеңдегі бұл газеттердің тағы бір ерекшелігі, оларда жарнамаға бұрынғыдан да көп орын берілуі. Көптеген газеттердің 4 бетінде (кейде басқа беттерінде де) түгел жарнамалар жариялаған. Олардың мәтіні қазіргі “Караван” газетіндегі жарнамалар мәтініне өте ұқсас. Біздің ойымызша бұл ерекше көңіл аударатын принципті мәселелердің бірі. Өйткені ол, бір жағынан, нарықтық қатынастың қозғаушы күші болып табылатын жарнаманың толық іске қосылғанын көрсетсе, екінші жағынан, біздің бірнеше жыл бойы мемлекеттік деңгейде жүргізу арқылы өмірге аса үлкен қиындықтармен енгізіліп отырған жаңа экономикалық саясаттың бір кезде бізде болғандығын және оның жақсы дамығандығын көрсетеді.

Бұл тұжырымның дұрыстығын мұрағат құжаттары да дәлелдейді. Мысалы, Верный округтік сотының шешімімен 1917 жылдың 12 шілдесінде “Верный қаласының дәрігерлер одағының” уставы (555), 16 тамызда “Қаскелең кредиттік серіктігінің” уставы

(556) бекітілсе, 16 кыркүйекте “Етік тігу жұмыскерлер артелі” қоғамының уставы тіркелген (557). Мұндай нарықтық қатынастарға ғана тән мысалдарды көптеп келтіруге болады. Дегенмен, біз солардың тағы біреуіне тоқталайық.

1917 жылдың 28 наурызында Верный округтік сотының атына Лепсі уезінің қазағы Сейтқазы Байтуғановтың атынан арыз түскен. Онда былай деп жазылған: “Просим разрешить открытие кооперативного товарищества на паях, в пределах Мурзатай-Карасуйской волости Батинского участка Лепсинского уезда на урочище Кара-Су для торговых целей, по уставу общества потребителей.

22.5.1917. (558)

Арыз. 1917 жылдың 15 маусымында, Уақытша үкіметтің жарлығы негізінде, Верный округтік сотының ашық отырысында қаратып, Уақытша үкіметтің 1917 жылғы 20 наурызындағы қаулысының III бөліміне және кооперативтік серіктер мен олардың одақтары туралы Ереженің 7-10 баптарына сәйкес, арызда көрсетілген жерден серіктік ашуға рұқсат етілген.

Жаңа ғана монархиялық биліктен құтылып, енді өздерінің қоғамдық-экономикалық қатынастарын демократиялық, құқықтық негізде құра бастаған қарапайым қоғам мүшелерінің күнделікті тіршілігінің барысында пайда болған бұл құжаттар, тарихи дерек ретінде бізге мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, ақпан төңкерісінен кейін елде іскерлік, кәсіпкерлік, шағын бизнес, кооперативтік серіктік, кредит беру жүйесі т.т. бұрынғыдан да тез қарқынмен дами бастаған. Екіншіден, нарықтық қатынастар Уақытша үкіметтің жарлықтарының және қабылданған Ережелерінің негізінде реттеліп отырылған. Үшіншіден, іскерлікпен айналысушыларға рұқсат округтік соттың шешімімен беріліп, әр түрлі одақтар мен серіктердің уставы сонда бекітілген. Төртіншіден, іспен айналысуға тілек білдіргендердің арызы шенеуніктер тарапынан қойылатын бюрократиялық кедергілерге ұшырамай, уақтылы қаралып тұрған. Бесіншіден, өмір талабына сай іскерлікпен ауыл қазақтары да айналыса бастаған.

Демек, біз қазан төңкерісі қарсаңында жалпы адамзаттың экономикалық дамуының бірден-бір дұрыс жолы – нарықтық қатынастар жолында тұрғанбыз. Бізді ол жолдан күштеп бұрып

алып кеткен қазан төңкерісі. Ал, ол төңкерістің ұйымдастырушысы большевиктер партиясы екендігі белгілі. Олай болса, Ресей халықтарының, оның ішінде қазақтардың да, сол төңкерістің салдарынан көрген қайғы-қасіреттеріне, бүгінгі күні көріп отырған қиыншылықтарына кінәлі сол большевиктер партиясы.

Дегенмен, біздің негізгі зерттеу объектіміз қазақ тіліндегі басылымдар болғандықтан, солардың көрсетілген кезеңдегі тарихы мен деректік ерекшеліктеріне кеңірек тоқталайық.

Ақпан төңкерісі қарсаңында елімізде қазақ тілінде "Қазақ" және "Алаш" газеттері ғана шығып тұрды. Ал төңкерістен кейін, сол жылдың жазында, Қазақстанның әр түрлі аймақтарында қазақша басқа да газеттер шыға бастады. Жаңа тарихи жағдайда шыққан газеттердің деректік ерекшелігін анықтауға көмектесетін, олардың пайда болуына қатысты зерттеушілерді қызықтыратын біраз мәліметтерді Сәкен Сейфуллиннің "Тар жол тайғақ кешуінен" кездестіруге болады. Мысалы, қандай газеттің қайда шыққандығы туралы С. Сейфуллин: "Әр жерде-ақ газет шығара бастады. Семейде "Сарыарқа" газеті, Ташкенде "Алаш" газеті, соңынан "Бірлік туы". Бөкейлікте, Астрахань қаласында "Ұран" газеті. Ақмолада "Тіршілік" газеті, Орынборда бұрынғы белгілі "Қазақ" газеті", - десе (559), олардың шығарушылары мен негізгі авторлары туралы: "Сарыарқаны" басқарған - Қалел Ғаппасұлы. Жазушылары: Ермекулы, Бөкейханұлы, Тұрғанбайұлы және басқалар.

"Алашты" басқарған - Көлбай Төгісулы. "Бірлік туын" басқарған - Мұстана Шоқайұлы. Жазушылары: Болғанбайұлы, Төрекүлұлы, Қожанұлы және басқалар. "Ұранды" басқарған - А. Мұсаұлы, "Тіршілікті" басқарған - Рақымжан Дүйсенбайұлы. Жазушылары Салуақас Сейфуллин (мен), Асылбекулы, Өмірбай Дөментайұлы және басқалар. "Қазақты" басқарған - А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлы. Жазушылары: Бөкейханұлы, тағы солар" - дейді (560).

С. Сейфуллиннің ұлттық басылымдардың шығарушылары мен жазушылары туралы жеткізген бұл мағлұматтардың шындыққа сай келетіндігін айтуымыз керек. Оны басқа деректер де дәлелдейді. Осы орайда, халқымыздың тағы бір белгілі жазушысы, Әнуар Әлімжановтың "Бірлік туы" газетінің редакторы туралы: "Бірлік туы" болса, оған... Міржәкып Дулатов редакторлық етті" -- деп, неліктен жазғанын түсінбедік (561). Олай дейтініміз "Бірлік туы" газетінде М. Дулатұлының бірлі-екпін мақалалары басылғаны болмаса, ол еш

уақытта оған редактор болған емес. Оған оның қабілеті жеткенімен, мүмкіндігі болған жоқ. "Бірлік туы" газеті шығып тұрған мезгілде, ол Орынборда "Қазақ" газетін шығарып тұрды.

Ал, зерттеушілерді ерекше қызықтыратын мәселенің бірі, осы газеттердің ұстанған бағыт-бағдарлары туралы С. Сейфуллин: "Бұл газеттер, "Тіршіліктен" басқасының бәрі, бір бетте болды. Бәрі Орынбордағы "Қазақ" газетінің ықпалымен жүрді. Бәрінің кулақ күйін "Қазақ" газеті бұрап беріп, нұсқау беріп отыратын болды. "Қазақтың" басындағылар Қазақстанның әр жеріндегі ниеттес адамдарына нұсқа беріп, хат жазып жатты. Газеттердің бәрі көз жұмбай ұлтшыл болды. Ұлтшыл болған соң, әрине, байшыл болды. Бәрінің ортақ туы "Қазақ" газеті болды", - деп жазды (562).

Бұл жерде С. Сейфуллиннің "Бұл газеттер "Тіршіліктен" басқасының бәрі бір бетте болды" - деуі шындыққа толық сай келеді деуге болады. Сын сағаты соққан сәтте ортақ мақсат пен ұлт мүддесі ұлттық газеттердің "Тіршіліктен" басқасын баррикаданың бір жағына топтастырды. Олардың беттерінде жарияланған мақалалардың көп жағдайда бір-бірімен үндестік тауып жатуы соның дәлелі. С. Сейфуллиннің өз сөзімен айтсақ: "Олардың туы да "Алаш", ұраны да "Алаш" болды (563). Ал, оның "Тіршіліктен" басқаларының бәрі "Қазақтың" айтқанына көніп, айдауында жүрді және бәрі де "ұлтшыл болғандықтан байшыл болды" - деген тұжырымының шындыққа сай келмейтін, автордың таптық сенімінен туындаған, субъективті пікір екендігін зерттеушілер білуі тиіс. Біріншіден, ұлтшыл болу деген сөз байшыл болу деген сөз емес. Ұлттық басылымдардың да, олардың шығарушыларының да еш уақытта байшыл да кедейшіл де болмағандары туралы алдыңғы тарауларда айтылды. Екіншіден, олар бір-бірінен қаражат жағынан да шығарушылары жағынан да тәуелсіз газеттер болатын. Сондықтан, оларды не жазамыз, қалай жазамыз деп, "Қазақтың" аузына қарап отырды деген еш қисыны жоқ.

Ұлы өзгерістер барысында дүниеге келген "Сарыарқа", "Бірлік туы", "Тіршілік" және "Ұран" газеттері күрделі күндер (уақиғалардың аса жылдам қарқынмен дамуы уақытты айлап немесе жылдап емес, күндеп санауға мәжбүр етеді - Қ.А.) шежіресін жазған тарихи дерек ретінде өздерін жан-жақты зерттеуді талап етеді. Сондықтан, аталған газеттердің жақын болашақта деректану ғылымының зерттеу объектісіне айналары-

даусыз. Ал, әзірге біз олардың жазба дерек ретіндегі тек ерекшеліктері мен маңызына ғана тоқталайық.

Ақпан және қазан оқиғалары аралығында шыққан бұл газеттердің басты ерекшеліктері мыналар:

Біріншіден, олардың бәрі де монархиялық жүйенің қиратылып, жаңа демократиялық қатынастар қалыптаса бастаған жағдайдағы өмірлік қажеттіліктің, ұлттық сұраныстың салдарынан туындаған басылымдар. Патша өкіметінің күлатылуы қазақтардың саяси жағдайына түбегейлі өзгерістер енгізіп, ұлт алдына жаңа міндеттер қойды. Ал, ол міндеттерді шешу үшін ұлттық басылымдар қажет болды. Мәселен, Семейде ұлттық басылым шығарудың қажеттілігі, сондықтан оны шығарудың тездетілуі керектігі туралы Семей облыстық қырғыздар (қазақтар) съезінде айтылды (564). Демек, бұл басылымдардың пайда болуы қоғамда болған саяси өзгерістермен тікелей байланысты.

Екіншіден, аталған газеттердің деректік ерекшелігі сол уақыттың ерекшелігінен туындайды. Сөз, баспасөз бостандығы енді газет шығару ісін толығымен жеке адамдар мен саяси ұйымдар қолына берді. Мұндай жағдай газет мазмұнына әсер етпей қоймайды. Әсіресе, мерзімді басылым сияқты өткір қаруды ұлт мүддесіне сай пайдалана білу мәдениетін меңгере қоймаған біздің қазақ зиялылары, оны ұлт пайдасы үшін өздерінің ортақ жауына қарсы емес, өз мүдделері үшін бір-біріне қарсы жұмсап әуре сарсаңға түсті. Ол туралы сол күндердің куәгері С. Сейфуллин: "Міні, сол 1917-18 жылғы ұлы дүбір, ұлы майданда Семейден шыққан "Сарыарқа" газеті "Алаштың" тілі болды... Ақмола губерниясында Ақмолада шыққан "Тіршілік" газеті "Алашты" мінеп, "Алашқа" қарсы жазып жатты. Ақмола губерниясының Қызылжар қаласында "Үш жүз" газеті "Алаштың" азбандарын боқтап жатты", - деп жазды (565).

Үшіншіден, біз сөз етіп отырған басылымдар туралы мұрағат құжаттары жоққа тән десек те болады. Олар туралы мәліметтер негізінен мерзімді басылымдардан алынған.

Төртіншіден, бұл газеттер халықтан жиналған қаражатпен шығарылғандықтан ұлттық сипаттағы басылымдарға жатады. Мысалы, "Сарыарқа" газетін шығару ісін мойнына алған "Теңдік" серіктігіне Иемберді Әділұлы, Сатай Малдыбайұлы 500 сом, Ж. Оразалыұлы 200 сом жарнамен кірді. (566)

Ал “Тіршілік” газеті Сәкен Сейфуллиннің айтуынша “Жас казак” ұйымына мүше болған Ақмола жатақтарының қолдауымен шығып тұрған /567/.

Бесіншіден, егер қоғамда болып жатқан ұлы өзгерістер, жоғарыда айтылғандай, ұлттық басылымдардың дамуына әсер етсе, өз кезегінде, ол басылымдар қоғамдық сананың дамуына әсер етті. 1917 жылдың жазына қарай олар казак зиялыларының саясат ісіне араласуына мүмкіндік беретін орталықтарға айналады. Ол туралы, сол күндердегі әлеумет ісінің белсенді күрескері С.Сейфуллин: “Әлеумет тарихына қарағанда, 1917-1918 жылға саяси күрестің зор майданындай ұлы дүбірлерде оқыған адамдардың саясат, әлеумет күресіне қатысқандардың бәрі де сол заманда шығып тұрған газет, журналдардың айналасына жиналмақ. Егерде әлеумет ісіне қатысқандар маңайындағы газет, журналдың бағытына риза болмаса, өздері бөлек газет, журнал шығарып, майданға шықпақ. Не болмаса басқа жерлердегі бағыты үйлес деген газеттерге пікірлерін жазып майдандаспақ. Бұл - саясат, әлеумет тарихының тәжірибесі. Мұны былай болмаған деп ешкім де айта алмайды” - деп жазды (568). Осылай, ұлттық басылымдар казак оқығандарының “саясат, әлеумет тарихының тәжірибесінен” өтулеріне көмектескен өзіндік мектеп міндетінде қоса атқарды.

Алтыншыдан, ұлттық басылымдар және олардың маңына топтасқан Алаш зиялылары ақпан төңкерісін және Уақытша үкіметтің елде демократиялық өзгерістер жасау мақсатында жүргізген іс-әрекеттерін қолдады. Мысалы, Жүсіпбек Аймауытов 1917 жылдың маусымында “Сарыарқа” газетінде ақпан төңкерісі салдарынан халыққа берілген бостандықтар туралы: “Сөзге... бас қосып, қаулы қылып, ұйым жасап, бірлесіп іс қылуға берілген бостандықтар” - десе, (569) “Бірлік туы” газеті, сол жылдың 20 тамызында, яғни, төңкерістен алты айдан кейін, өзінің бас мақаласында: “Заман - өзгеріс заманы: ескінің қирап жоғалып, оның орнына жаңаның орнап жатқан дәуірі” – деп, жазды (570).

Алаш қозғалысының тарихын зерттеушілердің бірі Д. А. Аманжолова ол қозғалыстың саяси партияға ұласуының, сол 1917 жылдың жазында жүргенін айта келе: “В отличие от всего предшествующего периода, развитие Алаш в 1917 году значительно ускорилось: от культурного просветительства и

оппозиционного либерализма его сторонники прешли к организации политической структуры с четкими национально-государственными демократическими приоритетами, существенно расширили свое влияние в массах", - деп жазды (571). Әрине, мұндай Алаш қозғалысының жаңа сапалық дәрежеге көтерілуіне ұлттық басылымдардың әсері аз болмағандығы анық.

Сонымен, қорыта айтсақ, 1917 жыл қазақтың ұлттық-демократиялық басылымдарының дамуының жаңа өрлеу кезеңі болды.

Біздің мерзімді басылымдарды Қазақстан тарихының дерегі ретінде қарастырып отырған уақыт шеңберінде жалпы сипаты, бағыт-бағдары, мақсаты мен мазмұны бұрынғы басылымдардан бөлек жаңа қазақ баспасөзі пайда болды. Ол большевиктік басылымдар еді.

XX ғасырдың басында, дәлірек айтсақ, 1917-1918 жылдары алғаш рет қазақ топырағында, қазақ тілінде бой көрсете бастаған большевиктік газеттер Кеңес өкіметі жылдарында ұзақ уақыт бойы елімізде шығып тұрған бірден-бір мерзімді басылымға айналды. Демек, бүгінге дейінгі бізге белгілі болған қазақ басылымдарының ішіндегі өмір сүрген уақыты жағынан да саны мен көлемі жағынан да ең көбі большевиктік мерзімді басылым болып отырғандығы өмір шындығы.

Сондықтан, олардың елімізде большевиктік-коммунистік диктатураның орнау, әміршілдік-әкімшілдік басқару жүйесінің қалыптасу және даму тарихының дерегі ретінде деректанулық сыннан өтері күмәнсіз. Ол келешектің ісі. Ал әзірге большевиктік басылымдардың Қазақстан тарихының дерегі ретіндегі маңызын ескеріп, оның пайда болу тарихының және деректік ерекшелігінің кейбір мәселелеріне тоқталайық.

Большевиктік баспасөз - қоғам дамуы барысында қалыптасқан тарихи жағдайға байланысты жүргізілген объективті іс-әрекеттердің субъективті жемісі. Басқаша айтсақ, большевиктер партиясының елімізде өкімет билігін толық өз қолдарына алуы салдарынан, елде орнаған жүйенің мақсатына сай жүргізілген саяси шараларға байланысты нақты субъектілердің (редакторлар, авторлар, баспагерлер т.б.) іс-әрекетінің арқасында дүниеге келген жазба деректер.

Сондықтан, олар, бір жағынан, қоғам дамуының объективті көрінісі ретінде маңызды тарихи дерек көзі міндетін атқарса,

екінші жағынан, өзінің субъективті ерекшеліктерін ескеруді қажет етеді.

Ресми большевиктік газет-журналдарды тарихи дерек көзі ретінде пайдалана білудің, демек, өз дұшпаны кеңес өкіметінің қаруын өзіне қарсы қолдана білудің тамаша үлгісін Мұстафа Шоқайұлы көрсетіп берді. Ол өзінің “Кеңестер билігіндегі Түркістан” деген еңбегінде большевиктік басылымдарды, әсіресе “Қызыл Қазақстан”, “Еңбекші Қазақ” сияқты ұлттық басылымдарды кеңінен пайдалану арқылы большевиктердің Орта Азия мен Қазақстандағы отарлық саясатының мәнін бүкіл әлемге әшкерелеп берді. Ол туралы, сол аталған еңбектің французша басылымының алғы сөзінде, француз жазушысы Пьер Ренодель 1928 жылы: “Қарсыластар сорына қарай Шоқаев мырза ең тиімді, ең сенімді тәсілді пайдаланды. Ол оқырмандарын өзінің байқағандары және ойға түйгендері арқылы сендірмейді. Ол оны большевиктік құжаттар көмегі арқылы жасайды” - десе (572), тарихшы М. Қойгелдиев: “Мұстафа Шоқай сынының ұтымдылығы оның аргументтілігінде, пайдаланған фактілердің бұлтартпас дәлдігінде еді. Ал ол фактілерді М. Шоқай негізінен Түркістандық орыс және қазақ тіліндегі басылымдардан алып отырды”, - дейді (573).

М. Шоқай сынының әсерлілігі соншалықты, оған дүние жүзінің алтыдан бір бөлігін алып жатқан КСРО сияқты елдің басшысы И. Сталиннің өзі көңіл бөліп, Қазақстандық партиялас жолдастарына арнайы хат жазуға мәжбүр болған. Ол өзінің 1925 жылы 29-майдағы Қырғыз өлкелік партия комитетінің бюро мүшелеріне жолдаған хатында: “Я имел возможность на днях познакомиться с журналом “Ак жол”. Я вспомнил в связи с этим некоторые статьи неизвестного Чокаева в белогвардейской печати и, к ужасу своему, открыл некоторое, так сказать, духовное “единство” между этими статьями и журналом “Ак-жол”. Невероятно, но факт. “Ак жол”, конечно, помимо своей воли дает громадный материал Чокаеву. Чокаев, далеко не помимо своей воли обобщает эти материалы и преподносит публике...” - деп, И. Сталин большевиктік басылымның кеңес өкіметінің қас жауына аса үлкен материал беріп отырғанын мойындайды (574).

Әрине, М. Шоқай мен қазіргі зерттеушілердің большевиктік басылымдарды дерек ретінде пайдаланудағы мақсаттары екі басқа.

Егер, М. Шоқай оларды саяси күрес үшін пайдаланса, қазіргі зерттеушілер оларды белгілі бір қоғамдық құбылысты зерттеуге көмектесетін дерек көзі ретінде пайдаланады. Сондықтан олар большевиктік басылымдарды басқа да деректер сияқты деректанулық талдаудан өткізуге тиіс болады.

Большевиктер партиясының, олардың көсемі В. Лениннің мерзімді басылымға қаншалықты көңіл бөлгені, оны өз мақсаттарына жету жолында қалай пайдаланғандығы кеңестік тарихнамалардан жақсы белгілі. Олар мерзімді басылымды коллективті үгіттеуші, коллективті насихаттаушы және коллективті ұйымдастырушы ретінде барынша тиімді пайдалана білді. Газет-журналдарды партияның қуатты қаруы ретінде алдымен патша өкіметіне, кейіннен уақытша өкіметке қарсы шеберлікпен қолданды. Қазан төңкерісі қарсаңында коммунистердің 75 газет пен журналдары болды, оның 25-і күнделікті еді. 1917 жылы қазанда олардың жалпы тиражы аптасына 3,5 миллион данаға жетті. (575)

Осы басылымдар арқылы және де басқа жолдармен кеңінен таратылған үгіт-насихат өз жемісін бермей қойған жоқ. Большевиктердің жалған уәделеріне сенген солдаттар мен жұмысшылар солардың соңынан ерді. Сөйтіп, 1917 жылдың 25 қазанында Россия өзінің келешек қайғы-қасіретіне қарай қадам басты.

Өкімет басына келгеннен кейінгі алғашқы қадамдарын большевиктер баспасөз бостандығы мен сөз бостандығына тыйым салудан бастады. Ол туралы социалист-революционерлер партиясының органы “Семиреченские ведомости” газеті, 1917 жылғы 17-желтоқсандағы 282-санында, большевиктердің өкімет билігін қолына алған күннің ертеңіне, алдымен буржуазиялық, артынша социал-демократиялық бағыттағы барлық газеттерді жапқаны туралы, тіптен ең қаратүнек реакция жылдарында да патшалық самодержавиенің мұндай шектен шыққан сорақылыққа бармағандығын айта келе: “Сөз бостандығына, баспасөз бостандығына қарсы күш қолдану, тек кімнің аузын жапқысы келсе, соған ғана күш қолдану емес, ол кімдер тыңдағысы келеді, оқығысы келеді, соларға да күш көрсету. Большевиктік емес газеттерді жабу және тартып алу арқылы большевиктер өздері қызмет еткісі келген солдаттар мен жұмысшылардың құқына қол суғып отыр.

Өкімет басына келмей тұрғанда большевиктер сөз бостандығы, баспасөз бостандығы үшін жанталаса күресті. Қалай билікке қолдары жетті, солай барлық дерлік газеттерді жапты.

Сөз бостандығы несімен қауіпті? Ол әрбір адам үшін мәселені әр түрлі көзқарас арқылы жан-жақты ашыя көрсетеді. Ал деспот болса, бәрін бірдей мәселеге тек өзіне ғана ұнайтын тұрғыдан қаратқысы келеді” - деп жазды. Пролетариат жазушысы Максим Горький “Наша жизнь” газетінде: “Ленин и Троцкий и сопутствующие им уже отравились гнилым ядом власти, о чем свидетельствует их позорное отношение к свободе слова, личности и ко всей сумме тех прав, за торжество которых боролась демократия”, - дейді (576).

Осылай, билеуші партия ретінде большевиктер өз тарихын сөз бостандығына тыйым салудан, өздеріне ұнамаған басылымдарды күштеп жабудан және олардың материалдық базаларының негізінде өз газет-журналдарын шығарудан бастады.

Қазақстандағы большевиктік басылымдардың қалыптасу және даму тарихы көптеген еңбектерде арнайы зерттелінеді. (577) Дегенмен, елімізде қалыптасқан объективті жағдайларға сай бұл еңбектерде зерттеу объектісіне байланысты көптеген мәселелер бір жақты, тек большевиктік позиция тұрғысынан қаралды және сол тұрғыдан бағаланды. Мұндай жағдайда тарихи шындықтың толық ашылмасы белгілі. Ал, онсыз большевиктік басылымдарды тарихи дерек ретінде пайдалану зерттеушіге ғылыми мәні бар мағлұмат алуға кедергі жасары сөзсіз.

Сондықтан, большевиктік баспасөздің Қазақстанда қалыптасу тарихының кейбір мәселелеріне қазіргі талап тұрғысынан қарап, олардың тарихи дерек ретіндегі ерекшеліктеріне көңіл аударайық.

Орталық Ресейдегі сияқты, Қазақстанда да большевиктер өз үстемдігін тәуелсіз газеттерді күшпен жауып, олардың мүлкін тартып алудан бастады. Мысалы, Семей қалалық жұмысшы және солдаттық депутаттар кеңесінің 1918 жылғы 17-ақпанындағы қабылдаған ең алғашқы шешімдерінің бірі, буржуазиялық “Дело” газетін жауып оның орнына қаладағы тұңғыш Кеңестік (большевиктік) “Известия рабочих и солдатских депутатов” газетін шығару туралы болды. Көп ұзамай кеңес өкіметіне жала жапты деген сылтауымен кадеттердің “Свободная речь” газеті жабылып, мүлкі мен баспаханасы тәркіленді. Наурызда, Павлодарда эсер-

меньшевиктік “Свободная степь”, Өскеменде “Друг народа” газеттері жабылды. Кеңестердің Торғай облыстық съезінің шешімімен кеңес өкіметіне жала жапты деген өздерінің үйреншікті сылтауымен алашордалық “Қазақ” газеті жабылып, (578) оның кезінде Міржақып Дулатұлы: “Жаңа арада “Азамат” серіктігі атына “Қазақ” газеті үшін 30 мың сомға баспахана алдық. Баспахананың екі машинасы бар орысша хәріптері мол, саймандары түгел кұрулы. Мұсылманша хәріпті Қазаннан алдырғалы тұрмыз, заказ беріп қойдық. Сөйтіп барлығы 40 мың сомға түскен қазақша һәм орысша басатын баспаханамыз болды. Көптен көңіл жетсе, қол жетпей, айналып бастан бұлт кетпей жүретін еді, сәті бүгін түсті, қуаныштымыз” (579) - деп жазған баспаханасын большевиктер бір күнде қарақшылықпен тартып алды.

Большевиктер партиясы қолдан жасаған қуыршақ кеңес өкіметі өздерінің зорлықшыл әрекетін одан әрі өрістетіп, бүкіл Қазақстан көлемінде баспаханалар мен қағаз қорларын тартып алуды жалғастырды. Мысалы, Верныйда “Алаш” ұйымының бұрынғы облыстық басқармасының жергілікті баспаханасы және үш кәсіпкердің жекеменшік баспаханалары мемлекет меншігіне өтті деп жарияланды. Түркістан өлкелік Халық комиссарлар Кеңесінің 1918 жылғы 3-сәуірдегі декретімен барлық баспаханалар және литографиялар ұлттың меншігі (большевиктердің меншігі деп оқыңыз - Қ.А.) деп жарияланды. Барлық мүлік ақшалай қаражат және оларды басқару халық шаруашылық кеңесіне өтті. 1918 жылдың сәуірінде Павлодар кеңесі өз қолына жергілікті баспаханаларды толық алып, оларға комиссар тағайындады. Совдеп Ақмоладағы баспаханаларды да тартып алды (580).

Міне, осылай, газет шығарушылардың, іскер адамдардың жылдар бойы еңбек етіп ұйымдастырған баспаханаларын, жинаған қорларын большевиктер айналасы 2-3 айдың ішінде, қазіргі Қазақстан көлемінде, өз қолына түгел жинап алды. Бұл әрекет большевиктердің ішкі табиғатына сай, олардың бітім-болмысынан шыққан, екі жүзділік, халық бұқарасын алдау, жалған уәде беру сияқты бұрыннан жүргізген саясатының заңды жалғасы еді. Тек, өкімет билігін қолдарына алған соң, олар күрес тәсілін біраз өзгертті. Олар енді алдымен зорлық жасайды, күш көрсетеді, заңсыздықтарға барады, содан кейін, ескі, сыннан талай өткен тәсілдері, екі жүзділікті, өтірік айтуды, қарсыластарына жала

жабулды, сол қылмыстарының ізін жасыру үшін пайдаланады. Осы мақсатта оларға бұқаралық ақпарат құралдары, әсіресе газеттер мен журналдар қажет болды.

Сондықтан, демократиялық ұйымдардың баспа органдарын жаба келе, кеңестер және партия ұйымдары Қазақстанда өз газеттерін шығара бастады. Өлкедегі ең алғашқы кеңестік газеттердің бірі - Петропавловскідегі 1917 жылдың желтоқсанының басынан шыға бастаған, алдымен "Известия Петропавловского военно-революционного комитета", кейіннен "Известия Петропавловского Совета рабочих, крестьянских, казачих и киргизских депутатов" деп аталған газет болды. Шығыс Қазақстанда, 1918 жылы 10 сәуірде Өскеменде "Голос Алтая", 16-сәуірде Торғай облыстық Совдептің газеті - "Қазақ мұңы" шыға бастады. (581) Көп ұзамай Қазақстанда тек кеңестік газеттер ғана шығарылатын болды. Олардың жалпы саны 12-ге жетті. Басқа газеттерді сақтау большевиктер үшін аса қауіпті, өз сөздерімен айтсақ "өліммен тең еді". Себебі олар большевиктердің жасаған қылмыстарын әшкере етіп, халық көзінің шындыққа жетуіне көмектесуі мүмкін. Мысалы, "Семиреченские ведомости" газеті: "Большевиктер қалжыраған халық бұқарасына Бейбітшілік, Астық, Жер, Ерік береміз деп уәде етті, бұхара солардың соңынан еріп, қолдарындағы тіл алғыш қаруларына айналды, сөйтіп әскери төңкеріс жасауларына көмектесті.

Бейбітшіліктің орнына олар жаңа, ең жойқын, ағаны - ініге, солдатты - солдатқа қарсы қойған "ішкі майданды" берді.

Жердің орнына олар қағаз жүзінде қалған декретті берді...

Олар астық та берген жоқ, оған қоса көлік жүйесін талқандады. Қорытындысында аштық басталды.

Олар ерік береміз деп уәде етті, бірақ оның орнына сөз бостандығына, баспасөз бостандығына ... тыйым салды" (582) - деп жазды.

Әрине, мұндай ауыр айыппен большевиктер келісе алған жоқ. Тек, олардың барлық өркениетті елдердегі сияқты мұндай мақаланың кеңес өкіметіне жабылған жала екенін сот арқылы дәлелдемей, газетті жауып тастауы, газеттің жаңа билеушілердің көзін шұқитын шындықты айтқанын көрсетеді.

Егер, 1918 жылдың ортасына қарай Қазақстанда шығып тұрған 12 кеңестік газеттерге (583) деректанулық талдау жасасак, олар

тілі жағынан орыс, орыс-қазақ, қазақ, қазақ-татар, ұйғыр тіліндегі газеттер болып бөлінеді. Себебі, мамандардың жетіспеуіне байланысты біраз газеттер аралас тілде шыққан. Территориалдық жағынан, негізінен облыстық және қалалық болып келеді. Ал, газеттерден негізгі мазмұнын анықтайтын, саяси бағыт-бағдарларына келсек, олар әр түрлі дәрежедегі, кеңестердің жұмысшы, солдат, қазақ, шаруалар, қазақтар депутаттарының органы деп аталғанымен, іс жүзінде, түгел дерлік, большевиктік газеттер болды. Олардың негізгі мазмұнын, бет-бейнесін бұрынғыдай газет шығарушылары емес, Москва және оның жергілікті өкілдері анықтап отырды. Ол туралы баспасөз тарихын зерттеуші, ғалым Х. Бекхожин "Бүкіл Россиялық Орталық Атқару комитеті 1918 жылы 3-апрельде арнаулы қаулы қабылдады, барлық газеттерге "ВЦИК пен СНК-ның барлық Декреттері мен жарлықтарын, сондай-ақ жұмысшылар мен шаруалар депутаттарының жергілікті Советтерінің жарлықтарын мен бұйрықтарын бірінші бетке басып отыруды міндеттеді", - деп жазады (584).

Мұндай қазақстандық жұмысшылар мен шаруалар "органдарының" кімге тәуелді екендігін, кімдерге қызмет ететіндігін көрсететін фактілерді зерттеушілер ескеруі тиіс.

Большевиктік газеттерді тек халық бұқарасын алдау үшін, большевиктердің шын мәніндегі бет-бейнесін бүркемелеу үшін ғана шығарылып тұрды десек, онда мәселеге бір жақты қараған болар едік. Бұл басылымдардың тарихи деректік құнын төмендеткендік болар еді.

Бүгінгі күні ұлт болып ұйымдасып, ғасыр соңына қарай өз мемлекетінің іргетасын қалай бастаған қазақ үшін, тарихтың ескерілуге тиіс сабақтарының бірі, ғасыр басында қалыптасып, елінің, жерінің қамын ойлап саяси сахнаға шыққан қазақ зиялыларының жікке, топқа, ең қауіптісі тапқа бөлінуі еді. Халқын теңдікке, өркениеттілікке жеткізудің жолын іздеген зиялылардың бір тобы Алаш туының астына жиналса, енді бір тобы теңдікті тап күресінен іздеді.

С. Сейфуллин, А. Асылбеков, Н. Төреқұлов т.б. қазақ зиялылары большевиктер партиясының, олардың көсемі В. И. Лениннің еңбекшілер үшін әлеуметтік теңдік орнатамыз, езілген ұлттарға өзін-өзі басқару құқықын береміз деген жалған уәделеріне

сенді. Солармен бірге елде кеңес өкіметін орнату үшін күресті. Олардың саясатын газеттер арқылы халыққа жеткізуге белсене араласты. Сол арқылы қазақ еңбекшілерін большевиктер партиясының соңынан ертіп, тап күресіне шығару арқылы теңдікке, бостандыққа жеткіземіз деп ойлады.

Кейін көрнекті мемлекет қайраткері болған Нәзір Төреқұлов алғашқы қазақ тілінде шыққан екі большевиктік газеттің бірі "Қазақ мұңының" редакторы болса, Верныйда Тоқаш Бокин "Заря свободы" газетінде "Қазақ жолдастарға" хат жазып, қазақ еңбекшілерін кеңес өкіметін қолдауға, оның жұмысына белсене араласып, жауларынан қорғауға шақырды.

Журналист Сабыржан Ғаббасов осы газетте: "Мұсылмандардың басынан өткеріп отырған бұл ауыртпалықтарға кім кінәлі? Бұған, сіздер большевиктер кінәлі деп отырған жоқсыздар ма? Жок, туыстарым, жок, мың рет қайталаймын, жок! Большевиктердің бара жатқан жолы - тура жол, дұрыс жол" - деп жазды (585).

Әрине, большевиктердің жолының қандай жол екенін тарихтың ең әділ төрешісі - уақыт көрсетіп берді. Ал, кеңес өкіметінің тағдыры немен аяқталары әлі белгісіз кезде, большевиктер туралы осылай деп жазуға оларды сенім мәжбүр етті. Оны көп ұзамай өмірдің өзі дәлелдеді. Екеуі де сол өздері соңына дейін шексіз сенген кеңес өкіметі үшін күресте құрбан болды. Сондықтан, зерттеушілер аталған азаматтар сияқты жүздеген қазақ зиялыларының сеніміне құрметпен қарай отырып, большевиктік басылымдарды, ондағы нақты деректерді талдау кезінде осындай субъективті факторларды да ескеруі тиіс.

Қазақ зиялыларының тапқа бөлінуі, бір-бірімен бітіспес дұшпандарға айналуы, большевиктік үгіт-насихаттың қазақ даласына әкелген ең алғашқы орны толмас залалы болды. Ол біздің халқымыздың күрделі тарихының бір қыры. Ал, алғашқы большевиктік газеттер сол тарихтың күнды дерегі.

Бұл ретте, сол алғашқы 12 большевиктік газеттердің қазақ тілінде шыққан екі газетінің бірі - "Тіршіліктің" тарихы да, тағдыры да, деректік орны да бөлек. Біріншіден, пайда болу тарихы туралы айтсақ, кейіннен ревкомның, совдептің (сондықтан большевиктік газеттер қатарына жатқызылады) органы болған "Тіршілік" басқа газеттер сияқты кеңес өкіметі тартып алған демократиялық басылымдардың материалдық базасының

негізінде дүниеге келген жоқ. Ол, кеңес өкіметі әлі өмірге келмей тұрып, Қазақстанда шыға бастаған, таптық позициядағы бірден-бір қазақ тіліндегі газет болды. "Тіршілікті" шығарушы, 1917 жылы сәуірде С.Сейфуллин Ақмолада ұйымдастырған, "Жас қазақ" ұйымы. Сол ұйымның мүшелерінің қаражатына "Тіршілік" 1917 жылдың шілдесінен 1918 жылдың шілдесіне дейін Ақмолада кеңес өкіметі құлағанға дейін шығып тұрған (586).

Екіншіден, тағдырына келсек, әрқайсысының өзіндік бет-бейнесі, тарихи деректік орны бар сол алғашқы большевиктік газеттердің бірлі-екілі сандары болмаса, негізінен түтел сақталған. Тек, "Тіршіліктің" ғана бірде-бір саны сақталмаған сияқты. Олай дейтініміз, біріншіден ғылыми еңбектерде, басқа да шығармаларда "Тіршіліктің" нақты сандарына ешқандай сілтемелердің жасалынбауы, екіншіден, ғалымдардың, оның ішінде ұлттық баспасөз тарихымен айналысушылардың, не кітапханалардан, не архивтерден "Тіршіліктің" түпнұсқасын кездестірмеуі. Мысалы, сол газетті шығарушы-лардың бірі, оның белсенді авторы С. Сейфуллин "Тар жол, тайғақ кешуде" "Тіршілік" туралы, ондағы жарияланған өзінің мақалалары туралы нақты сілте-мелер келтірмей, негізінен өз жадына сүйену арқылы айтқан. Х. Бекхожиннің "Қазақ баспасөзі тарихының очеркіндегі", басқа да зерттеу еңбектеріндегі "Тіршілік" туралы жолдар С. Сейфуллиннің сол еңбегінің негізінде жазылған.

Белгілі сәкентанушы ғалым Тұрсынбек Кәкішев, қазан төңкерісіне дейінгі ұлттық мерзімді басылымдарды іздеп тауып, оларды қайта жарыққа шығарушы Ү. Субханбердина, басқа да зерттеушілер "Тіршіліктің" түпнұсқасының ешбір санын кездестіргендерін айтады.

Біздің халық арасына сұрау салып, 1997 жылы "Ана тілі" газетінде "Бар ма екен, "Тіршілікті" көрген адам?" - деген тақырыппен жарияланған мақаламыздан да еш нәтиже шықпады.

Ал, "Тіршіліктің" болғаны, оның бір жылдай шығып тұрғаны анық. Ол туралы сол кездегі "Қазақ", "Сарыарқа" т.б. газеттерде көп айтылған. Тек, қанша саны шықты? Олар қазір қайда? Ол жағы белгісіз.

Үшіншіден, деректік маңызына келсек, тарих үшін деректің бәрі қымбат. Ал, "Тіршілік" сияқты халық тағдырының ең бір күрделі кезеңі туралы өз бойына мағлұмат жинаған, алдымен қазақ

жастарының саяси ұйымының, кейіннен большевиктік ұйымдардың органы болған, өзіндік позициясы, бет-бейнесі бар газеттің дерек ретінде тарихқа берері көп екені даусыз.

Сонымен, қалыптасуы негізінен 1918 жылдың ортасына қарай аяқталған большевиктік мерзімді басылымдар Қазақстан тарихының маңызды жазба деректер тобының бірін құрайды және басқа да деректер түрі сияқты өздерін деректанулық талдаудан, яғни "сыннан" өткізуді қажет етеді. Әсіресе, сол басылымдардың бағыт-бағдарын, мазмұнын анықтап отырған большевиктер партиясының көсемдерінің екі жүзділігін, олардың билік үшін таласта күрестің өтірік айту, жала жабу, алдап-арбау, сатқындыққа бару, зорлық жасау, қажет болса қарсыластарын қырып-жою сияқты түрлерін үнемі қолданып келгендігін және сол күресте мерзімді басылымды өздерінің қолындағы қуатты қару ретінде тиімді пайдаланғандығын ескерсек, онда большевиктік баспасөз мәліметтеріне аса мұқияттылықпен қарау, оларды қатал сыннан өткізу қажеттігі арта түседі.

XX ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттеушілердің басым көпшілігі сол большевиктік басылымдарды дерек ретінде пайдаланғаны рас. Сондықтан, нақты бір тарихи оқиға дерегі ретінде кеңестік большевиктік баспасөзге деректанулық талдау жасай келе, олардың деректік ерекшеліктерін көрсетуге тырысайық. Мысалы, ауыл шаруашылығын жаппай коллективтендіру жылдарындағы газеттерді талдау барысында айқын көзге түскен бір нәрсе, ол партияның мерзімді басылымды халықты алдау, жалған ақпарат тарату мақсатында кеңінен қолданғандығы. Сол кездегі барлық газеттерде күн сайын дерлік қазақ кедей шаруаларының партияның колхоздастыру саясатын терең түсініп, жаппай қолдағаны туралы айтылған. Шындығына келсек, ауылдың қарапайым малшы шаруалары түгіл, сол кездегі көзі ашық сауатты адамдар тобына жататындардың өзі көп нәрсені түсіне бермеген. Мысалы, өлкелік партия комитетінің ресми органы "Советская степь" газетінде жарияланған Сырдария округы Ново-Троицк селосының тұрғыны Н. Топорков өз хатында: "Құрметті редактор жолдас! Маған колхоздың, жерді қоғамдасып ұқсату жөніндегі серіктіктің (ТОЗ) ауыл шаруашылығы коммунасынан және совхоздан қандай айырмашылығы бар екендігін түсіндіріп берсеңіз.

Бізде, Мойынқұм ауданында, аудандық партия комитетінің жауапты хатшысынан бастап кез келген жауапты қызметкерге дейін совхоз, артель және т.б. не екендігінен түсініктері де жоқ. Мен жерді қоғамдасып ұқсату жөніндегі серіктік те, ауыл шаруашылығы артелі де және ауыл шаруашылығы коммунасы да колхоз деп аталатын, тек қана серіктік - оның алғашқысы, артель - екіншісі, ауыл шаруашылығы коммунасы - үшінші сатылары болып табылатынын дәлелдеп бақтым.

Совхоздың бәрі мемлекетке жататынын, онда адамдар жалданып жұмыс істейтіндігін айтып... осылай түсіндіргенім үшін мені шатақшыл, колхоз ісін бүлдіруші деп кінәлауда. Мен колхоздар туралы түсінігімді оқыған мақалаларға сүйеніп негіздедім. Түсіндіруден бас тарта көрмеңіз. Түсінбеушілік бізді ғана емес, барлық ауылдарды азаптап отыр", - деп жазған (587).

Міне, осы хатта айтылғандай "...аудандық партия комитетінің жауапты хатшысынан бастап кез келген жауапты қызметкерлерге дейін совхоз, артель және т.б. не екенінен түсініктері де жоқ" болса, онда қарапайым халық оның бәрін түсініп өз еркімен колхоздарға кіре қойды деп қалай ойлауға болады? Тілшінің бұл хатында айтқандарының шындыққа жақын екендігін елде көп ұзамай басталған ашаршылық дәлелдеп берді.

Бұдан сол жылдардағы барлық баспасөз бетіндегі үздіксіз жарияланып отырған еңбекші шаруалардың партия саясатын "қызу қолдау" туралы сансыз мәліметтердің халық бұқарасын саналы түрде, жүйелі түрде алдау екендігін түсіну қиын емес. Оның айқын айғағы 60 жылдан астам халқымызға күштеп танылып келген колхоздар мен совхоздардың іс жүзінде өзін ақтай алмауы, ел өмірін демократияландыру талаптарына шыдай алмай жаппай күйреуі.

Келтірілген нақты мысал большевиктік басылымдардағы материалдарды ерекше ой елегінен өткізудің, олардың шынайылық дәрежесін анықтаудың қажеттігін дәлелдейді деп ойлаймыз.

20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың басында Қазақстанда елуге жуық газет-журналдар шығып тұрды. Олардың ішінде өлкелік партия комитетінің органдары "Еңбекші қазақ", "Советская степь", "Ленинская смена" сияқты республикалық газеттер, "Кеңес ауылы", "Жаңа арқа", "Жаңа ауыл", "Ленин жолы", "Қызыл Ту" сияқты округтік, "Колхоз", "Колхозшы", "Жаңа арқа",

"Ленин туы", "Сталин жолы" сияқты көптеген аудандық газеттер шығып тұрды. Бұл газеттердің ең басты ерекшеліктері:

а) Олардың бәрі коммунистік партияның әр түрлі сатыдағы ұйымдарының және соған сай келетін кеңес үкіметінің атқарушы мекемелерінің ресми органдары ретінде жарыққа шығып тұрды. Сондықтан олар сол партияның саясатын іс жүзіне асыруға, соған көмектесуге міндетті болды.

ә) Басқа демократиялық елдердегі сияқты немесе өзіміз соңғы жылдары көріп жүрген оппозициялық газеттер, баспасөз бетіндегі плюрализм сияқты түсініктер мүлде болған жоқ. Барлық газеттер тек көсемнің идеяларын дәріптеп, оның одан ұлы шәкірті Сталиннің айтқандарын жариялауға, солардың идеяларын коммунистік партияның басшылығымен елде қалай іс жүзіне асырылып жатқандығын көрсетуге тиіс болды.

Сол жылдары шығып тұрған кез келген газетті талдау осыны көрсетеді. Демек, бріншіден, кеңестік баспасөз ең алдымен 20-жылдың соңына қарай елде тоталитарлық жүйенің негізінен қалыптасып, Сталиндік жеке басқа табынушылықтың етек ала бастағандығының, партия ұйымдарының мемлекеттік мекемелер міндетін заңсыз өз қолына алғандығының бұлғартпас дәлелі болса, екіншіден, онда қоғамда болып жатқан әр алуан оқиғалар қисық айнада бейнеленгендей, бұрмаланып көрсетілді. Бұл факторды зерттеушілер үнемі ескеруге тиіс.

Сонымен, қорыта айтсақ, 1917 жылдың ақпанынан басталған Ресейдегі саяси өзгерістер қазақ баспасөзінің тарихында да терең із қалдырды. Елде қалыптаса бастаған демократиялық ахуал Қазақстанның барлық бөлігінде дерлік жаңа сипаттағы ұлттық-бейресми басылымдардың емін-еркін шығуын мүмкіндік жасады. Бұл басылымдардың бұрынғы басылымдардан басты өзгешеліктері олардың ресми мекемелердің рұқсатынсыз және, ең бастысы, бақылауынсыз шығуы болды. Бұл фактор оларға енген мағлұматтардың шынайылық дәрежесінің жоғары болуына өз әсерін тигізгендігі даусыз.

Сол жылдары қазақ басылымдары арасында өзіндік бет-бейнесі бар, бағыт-бағдары басқалардан бөлек алғашқы большевиктік басылымдар да шыға бастады. Кейіннен бұл газеттер мен журналдар ұзақ жылдар бойы елде шығып тұрған бірден-бір басылымдарға айналды.

5.2 Орыс тіліндегі басылымдар - Түркістандық кеңес органдары мен Түркістан автономиясы тарихын зерттеу көзі

70 жылдан астам уақыт өмір сүрген кеңестік жүйе мен большевиктік диктатураның ел өмірінің шындығына айналып, ұлт тарихынан орын алғандығы рас. Кеңестік немесе большевиктік биліктің ұзақ жылдарға созылар салдарын жою келешектің ісі болса, сол биліктің большевиктер партиясының қолына өту тарихын зерттеу, оны ұлт мүддесіне сай қазіргі талап тұрғысынан пайымдау тарих ғылымының міндеті. Соның бірі, кезінде қазақ халқының жартысына жуығы мекендеген бұрынғы Түркістан генерал-губернаторлығы шеңберінде кеңес өкіметінің орнауы тарихы.

Түбі бір түркі халықтарының ортақ мекені болған қасиетті Түркістан жерінің сан алуан оқиғалардың куәсі болып, талай қоғамдық құбылыстарды басынан өткергендігі тарихтан белгілі. Олардың бірі бүгінгі күні әр түрлі тәуелсіз мемлекеттерде өмір сүріп жатқан туысқан халықтардың ортақ мақтаныштарына айналса, енді бірі олардың ортақ қайғысына айналған. Осындай, бұрынғы түркістандықтар тарихында қайғылы із қалдырған тарихи құбыластардың бірі - өлкеде кеңес өкіметінің орнауы.

Өлкенің сол кездегі жергілікті тұрғындары қазақтармен басқа да халықтардың тағдырын күштеп шешкен кеңес өкіметінің Түркістан шеңберінде орнау тарихы бұрын да көптеген арнаулы ғылыми-зерттеу жұмыстарында айтылды. Дегенмен, оның белгілі себептерге байланысты саналы түрде бұрмаланғандығы, сондықтан ол да қайта қарауды қажет ететіндігі күмәнсіз.

Түркістан сияқты үлкен де бай өлкеде өкімет билігінің жергілікті халыққа жат солдат және жұмысшы депутаттары атынан большевиктер партиясының қолына өтуі сияқты ірі қоғамдық құбылыс тарихының деректері арасында, жазба деректер тобына жататын мерзімді басылымдардың алатын орны ерекше. Мерзімді басылымдар - газеттер мен журналдарда қоғамда болып жатқан әр алуан құбылыстар көрініс табады, даму барысына қарай бейнеленеді. Баспасөздің басқа деректерден ерекшелігінің бірі сонда, олар оқиғаның ізімен "жүріп отырады", сөйтіп оның пайда болуы, барысы, бұрылыстары мен қалтарыстары туралы өз бойына мәлімет жинайды. Сол арқылы

зерттеушілерге құбылыстың пайда болуының алғышарттарын ашуға, даму динамикасын бақылауға, оның немен аяқталғанын көруге көмектеседі.

Демек, Түркістанда басқа басылымдармен қатар шығып тұрған орыс тіліндегі "Туркестанские ведомости", "Туркестанский вестник". "Туркестанский курьер" және "Семиреченские ведомости" газеттері де өлкеде кеңес өкіметінің орнауы тарихына қатысты құнды мағлұматтар бере алады.

Кезінде кеңес өкіметіне қарсы буржуазиялық газеттер ретінде оқуға тыйым салынып, кітапханалар мен мұрағаттардың арнаулы бөлімдерінде тығулы жатқан аталған басылымдардағы мақалаларға деректанулық талдау жасап, олардың шынайылық дәрежесін анықтау, олардан кеңес өкіметінің Түркістанда орнау тарихына байланысты ғылыми құндылығы жоғары мәліметтер алуға мүмкіндік берері анық.

Кез келген дерек сияқты, олардың да субъективті екендігі белгілі. Дегенмен, аталған газеттердің патша өкіметінің Түркістан өлкесін отарлауына байланысты, осында қоныс аударған келімсектердің әр түрлі әлеуметтік топтарының, немесе, 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін пайда болған Уақытша үкіметтің жергілікті мекемелерінің ресми органдары екендігін ескерсек, олардағы кейбір объективті мақалалардың жергілікті мұсылман халықтарының мүддесін қорғағандықтан емес, өмір шындығын амалсыз мойындаудан туындағанын байқауға болады. Бұл жағдай газет беттеріндегі нақты тарихи деректердің субъективтілігін кемітіп, керісінше шынайылық дәрежесін арттыруға әсер ететін факторға жатады.

Әрине, Кеңес өкіметінің Түркістанда бір күнде кездейсоқ орнамағандығы, оның өлке өмірінің даму барысындағы әр түрлі объективті және субъективті факторлардың шиеленісуі нәтижесінде қалыптасқан қоғамдық ахуалдан туындағаны түсінікті. Сондықтан - көрсетілген басылымдардан 1917 жылғы қазан төңкерісі қарсаңындағы Түркістан өлкесінде қалыптасқан әр түрлі ұлттар мен топтардың, қоғамдық ұйымдардың саяси-әлеуметтік қатынастар тарихының жазба деректерінің бірі ретінде құнды ақпараттар алуға болады.

Жоғарыда аталған басылымдардағы материалдарды тарихи дерек көзі ретінде талдау Түркістандық отарлаушылар арасында

1917 жылдың жазына қарай Орталық Ресейдегі сияқты айқын екі бағыттың пайда болғандығын көрсетеді. Біріншісі, Уақытша үкіметті жан-жақты қолдау арқылы соғысты жеңіске дейін жеткізу, өкімет, жер сияқты күрделі мәселелердің шешуін, сол жылдың күзінде шақырылуға тиіс Құрылтай жиналысының ықтиярына қалдыру. Сондықтан, бар күшті майданға көмектесуге және Құрылтайға сайлауды ұйымдастыруға жұмсау. Екіншісі - большевиктік бағыт.

Апрель тезистерінде саяси өкімет билігін өз қолдарына алуды басты мақсат етіп қойған В. Ленин бастаған большевиктер партиясы, көп ұзамай мақсатқа жету жолында еш нәрседен тайынбайтындығын, күрестің қандай түрінен болса да бас тартпайтындығын, тіптен сатқындыққа, екіжүзділікке дейін баруға дайын екендігін көрсетті. Олар күрестің негізгі объектісі етіп солдаттар, жұмысшылар және шаруалар кеңестерін алды. Соғыстан тез арада шығу, өкімет билігін кеңестер арқылы жұмысшыларға беру, тап күресі арқылы қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті жою, жерді шаруаларға беру сияқты жалған уәделер арқылы халықты өз соңдарынан ертуге әрекеттенді. Жалған уәделер берумен қатар, большевиктер қарапайым халықты заңсыздыққа, бүліншілікке, зорлыққа барып, тартып алуға шақырды. Большевиктердің мұндай әрекеттері туралы "Туркестанские ведомости" газеті редакциялық мақалада "Большевиктік-лениндік ұйымдар... өздерінің революция кезіндегі барлық іс-әрекеттерімен, пролетариаттың таптық партиясы ретінде өздерін социал-демократиядан тыс қалдырды.

Олардың іс жүзіндегі әрекеті тартып алу және талқандауды үгіттеумен, қарулы күштерде іріткі салумен шектелді... халыққа да, жұмысшы табына да зиянды. Россияның қоғамдық күштерін бытыратты. Мұндай әрекеттің салдары ішкі бүліншілікке әкелді", - деп жазды (588).

Большевиктердің "Халықтарға бейбітшілік", "Шаруаларға жер", "Кеңестерге билік" сияқты ұрандарына қараңғы, сауатсыз халық бұқарасы түгіл, көзі ашық зиялылардың да бір бөлігінің, оның ішінде қазақ зиялыларының бір тобының сенгені, олардың таптық саясатын қолдағаны, сол үшін күрескені белгілі. Ал өз саясатын қолдамаған, келешекте өздеріне кедергі болуы мүмкін зиялыларға қарсы олар жұмысшыларды айдап салды. Ол туралы

"Семиреченские ведомости" газеті "Интеллигенцияға қарсы жорық" деген мақалада: "Тоқтаусыз ағылған өтірік, тартып алуды насихаттау, көп ұзамай социалистік жұмақ орнату сияқты жалған уәде т.б. халық бұқарасын жолдан тайдырып, басын айналдырды...

Таптық жіктелуді насихаттау, бәрінен бұрын адасқан халық "пролетариат" пен интеллигенттер "буржуалар" арасында жік түсіруге әкелді..." - деп, қалыптасқан жағдайды дәл көрсете білді (589).

Ленин партиясының атына айтылған мұндай ауыр айыптың шындықтан алыс емес екендігін басқа емес, сол партияның өзі дәлелдеп отыр. Мысалы, 1988 жылы шыққан соңғы "КПСС тарихы" лекциялар курсында: "Большевиктік шешендер, үгітшілер мен насихатшылар өз жұмыстарын фабрика және завод цехтарында, окоптар мен казармаларда, ауыл және селоларда жүргізді. Барлық жерде өздерінің тындаушыларын тапты" (590) ... "елдің ұлттық аудандарында үгіт-насихат жұмыстарын 100 мыңнан астам большевиктер жүргізді", - деп жазды (591). Осы еңбекте, мұндай үгіт-насихаттардың не бергені туралы: "Большевиктердің шаруалар арасында жүйелі түрде, мақсатты түрде жүргізген жұмыстары қорытындысында... шаруалар қозғалысы бұқаралық сипат алды... 1917 жылдың қыркүйек-қазан айларында 3866 шаруалар қозғалыстары болды, олардың барысында шаруалар помещиктер жерін, астығын, малын, құрал-саймандарын тартып алды, усадьбаларын өртеді", - деп жазды (592).

Большевиктердің арандатушылығына ерген Түркістандық солдат, жұмысшы және шаруалар кеңестері де өлкеде 1917 жылдың жазында бүліншілік әрекеттерге көше бастады. Сол жылдың күзіне қарай өлкенің қоғамдық өмірінде елеулі роль атқара бастаған, алдымен бүліншілік ұйымдастырып, артынан өлкеде өз үстемдіктерін орнатқан солдат, жұмысшы және шаруалар кеңестерінің жергілікті тұрғын халықпен ара қатынастарын айқын көрсететін мына құжатқа тоқталайық. "Туркестанский курьер" газетінде Ю.Пославский деген азамат өз мақаласында:

"Әр нәрсені өз атымен атауымыз керек.

- Түркістан солдат, жұмысшы және шаруалар депутаттарының Кеңесі халықтың қалың бұқарасына сүйенген, шын мәніндегі демократиялық ұйым болып табыла ма?

Жауап тек біреу ғана болуы мүмкін:

- Табылмайды.

Ташкент қалалық думасына сайлау Кеңестердің түземдік көпшіліктен алшақ тұрғанын айқын көрсетті.

Егер біз кеңестер құрамына көңіл аударсақ, онда, солдат депутаттарының Кеңесінде түземдіктер жоқ екендігін, өйткені жергілікті халықтар әскери міндет атқармайды: жұмысшы депутаттары Кеңесінде түземдіктердің өкілі жоқ екендігін, өйткені олар үшін орыс пролетариатының социалистік идеясы тіптен жат идея, ақырында шаруалардың депутаттар Кеңесі халық бұқарасының емес, шеттен келген ат төбеліндей орыс отаршыларының Кеңесі екендігін көреміз.

Сонымен, осында Түркістанда революциялық орыс демократиясының Кеңестері өлкеде қарулы күштердің қолдауына сүйенген азғана орыс келімсектерінің еркін білдіретін ұйым деп үзілді-кесілді қорытынды жасауға болады", - деп жазды (593).

Мақалада айтылған азшылықтың өкілі ретінде, автордың көп нәрсені өз атымен атағаны күмәнсіз. Автордың жасаған қорытындысының дұрыстығы, аталған кеңестердің мақсат-мүдделерінің жергілікті мұсылман халықтарына жат екендігі Құрылтай жиналысына сайлау барысында, әсіресе, сол кеңестер ұйымдастырған Ташкенттегі қыркүйек бүліншілігінде айқын көрінді.

Большевиктік үгітшілердің арандатушылығымен басталып, бірнеше күнге созылған бұл бүліншілік туралы "Туркестанские ведомости" газеті 17 қыркүйектегі 143-санында: "Ташкент қаласында 10-11 қаңтарда, мұсылман мейрамының қарсаңында, бірінші және екінші Сібір полкының солдаттары кейбіреулердің айдап салуымен Ташкент вокзалында заңсыз әрекеттерге барды, бұзақылық жасады. Солдаттар мұсылман-жолаушыларды вагондардан топ-тобымен түсіріп, қол жүктерін тартып алды, поездардың жүруіне кедергі жасады", - деп хабарлады. Осылай, солдаттардың бейбіт халықты тонаудан бастаған бүліншілігін большевиктер өз мақсаттарына пайдалануға, оған саяси бағыт беруге тырысты. Солардың ұйымдастыруымен "12.IX. сағат 12-де Александровск бағында солдаттар мен жұмысшылардың үлкен митингісі болды. Сөз сөйлеген шешендер халықты өкімет билігін өз қолдарына алуға шақырды.

Барлық өкімет билігін солдаттар мен жұмысшылар Кеңесінің қолына беру... банктерді национализациялау, қоймадағы және көтерме саудагерлердегі товарларды тартып алу туралы қаулы қабылданды.

Осыларды, т.б. шараларды іске асыру үшін 14 адамнан тұратын революциялық комитет құрылды...

Солдаттар мен жұмысшыларды тәртіпке шақыруға келген өлкелік қарулы күштер қолбасшысы, генерал Черкеске бос шыны лақтырып, басын жарды. Қанға боялған генерал қашып құтылуға мәжбүр болды.

Революциялық комитеттің отырысында, генерал Черкестің орнына Өлкелік әскер қолбасшысы болып поручик Перфильев сайланды, комендант болып прапорщик Гриневич тағайындалды", - деп жазды "Туркестанские ведомости" газеті 1917 жылғы 14 қыркүйектегі 141-санында.

Бұл дерек Ташкент бүліншілігінің ұйымдасқан және саяси сипат алғандығын, қабылданған қаулылардың большевиктік бағдарламамен толық сай келетіндігін, күрес тәсілінің де (тартып алу, шыны лақтыру т.б.) солардікі екендігін байқатады.

Уақиғаның одан әрі дамуы туралы, Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің Петроградқа, министрлер Кеңесінің төрағасының атына жолдаған телеграммасында, 12-күнгі оқиғаны айта келе, "...әскери қатынастар бастығы полковник Михайлов, прапорщиктер мектебінің бастығы капитан Фролов тұтқындалды. Үйлерде күндіз-түні тінтулер жүргізілуде. Прапорщиктер мектебі қарусыздандырылды. Әскери училище де комитет жағына шықты" делінген (594).

Өз кезегінде Қысқы сарайдан жолдаған телеграммасында, министрлер Кеңесінің төрағасы Керенский: "... өкімет билігін басып алушылар... жиырма төрт сағаттың ішінде Уақытша үкіметтің жергілікті өкілдеріне бағынбаса заң бойынша қатан жазаланады. Ташкентте барлық тұтқындарды босатып, өкімет билігін барлық жерде қайта қалпына келтіруді ұсынамын. Әскер және пулемет жібердім", - деп хабарлады (595).

Ташкент бүліншілігі теміржолшылардың жаппай ереуіліне ұласты. Қалыптасқан жағдайдың қиындауына байланысты, 20 қыркүйектен бастап Ташкент қаласы әскери жағдайда деп жарияланды. Тек, 24 қыркүйекте қалаға генерал Коровиченко

бастаған әскердің кіруі бүліншілікті тоқтатты. 27 қырк-үйекте Бас комиссар және Түркістан әскери округының бас қолбасшысы, генерал-майор Коровиченконың бұйрығымен, Ташкент қаласындағы әскери жағдай алынды.

Осылай, большевиктердің солдат және жұмысшылар депутаттары кеңесін айдап салуы арқылы ұйымдастырған Ташкент бүліншілігі жеңіліспен аяқталды. Бірақ бұл жеңіліс оларды тоқтата алған жоқ. Олар солдат және жұмысшылар депутаттары Кеңесін жана, шешуші күреске дайындады.

Сонымен, кезінде мерзімді басылым беттерінде объективті қоғамдық құбылыс ретінде әр түрлі дәрежеде бейнеленген әлеуметтік топтардың, таптардың, саяси ұйымдардың, өлкедегі іс-әрекеттерін, өзара қарым-қатынастарын дерек ретінде зерттеу, өлкеде 1917 жылғы қазан төңкерісі қарсаңында қалыптасқан саяси-әлеуметтік жағдайларды түсінуге, саяси күштердің ара салмағын бағалауға мүмкіндік берумен қатар, қауіп-қатерге толы сол күндерде баспасөз беттерінде жарияланған құжаттық деректерді талдау, ықпалды саяси ағымдардың, тіптен тұтас халықтардың өлкеде, қоғам өмірінде болып жатқан оқиғаларға қатысын, көзқарасын немесе оқиғаға байланысты позициясын анықтауға көмектесетіндігін көруге болады.

Осындай, Түркістандық негізгі тұрғын мұсылман халықтарының, большевиктердің өлкедегі іс-әрекеттеріне деген пікірлерін білдіретін құжаттардың бірі - Өлкелік мұсылмандар съезінің қаулысы. Онда большевиктердің сол жылдың күзінде өлкедегі солдат және жұмысшы депутаттарының Кеңестері арасында кең көлемде жүргізген, ақыры Ташкенттегі қыркүйек бүлігіне әкеп соққан іс-әрекеттері туралы, олардың енді өздерінің арандатушылық мақсаттағы үгіт-насихаттарын жергілікті халықтар арасында жүргізе бастағандары туралы айта келе: "Кей жерлерде солдат және жұмысшы депутаттарының Кеңестерінің өкілдерінің араласуымен және кейбір адамдардың қаскүнемдікпен жүргізген үгіт-насихаттарының салдарынан жергілікті мұсылман халықтары арасында күрестің жол беруге болмайтын, сатып алу, ұрып-соғу, бопсалау сияқты түрлерін кеңінен пайдаланғандығы, билік үшін таласқан партиялық тартыс етек алғандығы көрінеді", - деді. Одан әрі қаулыда: "Бірінші өлкелік жалпымұсылмандық төтенше съезі және шаруалар делегациясының Кеңесі мыналарды ескертеді:

1. Тұрғын халықтардың тұрмысы мен өмір салтынан хабары жоқ бөгде ұйымдардың жергілікті әкімшіліктердің (ауыл, болыс, уезд) істеріне заңсыз араласуына принципті түрде жол беруге болмайтындығын;

2. Жауапсыз адамдар тарапынан жүргізілген күш қолдану, тартып алу, жікке, партияға бөлу сияқты зиянды насихаттардың аса қауіпті екендігін ескертеміз", - деп жазылған (596).

Бұл құжаттан, біріншіден, жергілікті халықтар атынан мұсылмандар съезінің большевиктердің өлкедегі бүліншілік іс-әрекеттерін ашық айыптағанын. Екіншіден, Ташкент бүліншілігінен кейін жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесі арқылы халықты жаңа бүліншілікке шақырған большевиктік үгіт-насихаттың өрши түскендігін және олардың жергілікті халықтар арасында да іріткі сала бастағандығын көреміз. Үшіншіден, қаулыда аса қауіпті деп аталған күрес тәсілдерінің большевиктерге тән екендігі еш күмән тудырмаса керек.

Қазан төңкерісі қарсаңындағы өлкеде қалыптасқан саяси-әлеуметтік жағдайды анықтауда баспасөз бетінде жарияланған құжаттық деректермен қатар, жеке адамдық деректердің де маңызы үлкен. Өзінің пайда болу жағынан жеке адамдық деректер тобына жататын бірнеше мақалаларды салыстыру төңкеріс қарсаңындағы большевиктенген солдат және жұмысшы депутаттарының Кеңестерінің жергілікті мұсылман халықтарына, олардың Кеңестеріне, басқа да өкілетті ұйымдарына көзқарасын, ұстанған саясатын түсінуге, оның шын мәнін ашуға көмектеседі.

Мысалы, 1917 жылдың 7 қазанында "Туркестанский курьер" газетінің 218-санындағы, өзінің демократиялық көзқарастарымен бұрыннан белгілі азамат Ю. Пославскийдің "Реальные основания государственной политики в Туркестане" деген, "Туркестанские ведомости" газетінің 11 қазандағы 157-санындағы М. Преображенскийдің "Пора понять" деген мақалаларының көп нәрсенің бетін ашуы мүмкін.

Біріншісінде, автор: "Түркістан өлкесінде жаңа өкімет кімдерге сүйенеді? - деп өзі қойған сұраққа - Сібір солдаттарының найзасына", - деп өзі жауап береді. Одан әрі: "Ал халықтың 98 процентін құрайтын Түркістанның жергілікті халықтары өз бостандықтарын өздері қорғауға қабілетсіз деп есептелінеді. Сондықтан, азғантай өлкеге тіптен жағ адамдар өз күштеріне

сүйеніп, басқарудың жаңа демократиялық жүйелерін өз түсініктерінше ендіруде...

Революциялық-демократиялық кеңестермен түземдіктер көпке дейін өздерінің жарқын болашаққа деген үміттерін байланыстырып келді. Бірақ кеңестер, бұрынғы өкімет сияқты әділетсіздік пен қателіктерге жол берді, өздеріне тіптен жат, түсініксіз өмір саласына араласты, сөйтіп мұсылмандар арасында наразылық туғызып, ашу-ызаларын келтірді.

Кеңестер өз беделін тінтулермен, қарумен қорқытумен емес, өздерінің халық бұқарасына жақындығымен көтере алады... Мұсылмандар бейбіт өмірді сақтау мақсатында кімдердің жағынан болсын, арандатушылыққа, бүліншілікке қарсы күресе алатын үкіметті қолдауға әзір", - деп айтылса, екіншісінде, "Жұмысшы және солдаттар депутаттарының Кеңесінің өлкелік бір съезінде мұсылман съезімен бірігіп отырыс өткізу туралы ұсыныс қолдау таппады. Сол съезде депутаттардың көпшілігінің Түркістанда орыстардың бетпе-бет келіп тұрған маңызды мәселесін тіптен түсінбейтіндігін көрсетті...

Біз, бұрынғы үкіметтің жіберген чиновниктерінің халықтар арасында алауыздық ұрығын сепкендігін, түземдіктерді езгенін және тонағанын көрдік. Біз, орыс адамдарының басым бөлігінің түземдіктерге өз күлдары ретінде қарағандығын, оны барлық реті келген жерде сөзбен де, іспен де көрсетуге тырысқандығын, талай рет орыстардың түземдіктерді аяусыз жазалағандарын көрдік. Әрине мұсылмандардың мұндай жағдайда бізді жақсы көре қоймайтындығы белгілі.

Өз кемшіліктерімізді жоюымыздың орнына, біз, қикар балалар секілді, қателіктерімізді мойындағымыз келмейді, өмірге терең үңілгіміз келмейді...

Біз... түземдіктердің созған қолынан, бірігіп қызмет етуге шақырған ұсынысынан бас тарту дамыз... Созылған қолды қақпауымыз, керісінше, қабылдауымыз, тезірек қабылдауымыз керек.

Егер біз оны істемесек, түземдіктерді өзімізге қарата алмасақ, тарта алмасақ, онда бүгін болмаса ертең бұрқасынған мұсылман теңізі бізді жағаға лақтырып тастайды", - делінген.

Егер бір адамның айтқандарын аса субъективті пікір деп қарайтын болсақ, бір мезгілде, бір-бірінен тәуелсіз екі адамның,

екі түрлі басылымда, өлкеде қалыптасқан саяси-әлеуметтік жағдай туралы ұқсас пікір айтуын, олардың ойларындағы сәйкестіктерді кездейсоқтық деу қиын. Демек, авторлардың ондай пікір айтып, қорытынды жасауларының объективті негіздері болғандығы күмәнсіз. Оның үстіне, екі автордың да сол өздері айыптап отырған ұлттардың өкілдері екендігін ескерсек, онда мақалалардағы ақпараттардың шындыққа жақын екендігі анық.

Екі мақаланы тарихи дерек ретінде салыстыру мыналарды көрсетеді:

1. Түркістан өлкесінде ат төбеліндей келімсектердің патша өкіметінің тұсында да, Уақытша үкімет тұсында да қарулы күшке сүйеніп өлкеде шексіз билік жүргізгендігі;

2. Халықтың 98 процентін құрайтын жергілікті мұсылмандардың ақпан революциясынан кейін де Өлкені басқару ісіне араласа алмауы, олардың азаматтық құқыларының шектелуі;

3. Өлкенің саяси өмірінде ықпалының күннен-күнге артып отырған солдат және жұмысшы депутаттары кеңестерінің жергілікті халыққа отаршылдық тұрғысынан қарауы;

4. Мұсылман халықтарының өлкеде бірлесіп демократиялық қоғам орнату жолындағы ұсыныстарын солдат және жұмысшы депутаттарының Кеңестерінің қабылдамауы, олармен жақындасудан бас тартуы, оларға жоғарыдан кемсітушілікпен қарауы.

Осыған байланысты мұндай материалдардың жариялану себебі не? Авторлардың алдына қойған мақсаттары қандай? деген сұрақтар туындауы мүмкін. Бұл сұрақтарға жауапты сол мақалалардан табуға болады. Мысалы, аталған мақаласында М. Преображенский: "Жақында газеттерде Камчатка Америкаға сатылады деген сөз шықты..."

Мүмкін біз Түркістаннан, қазір армияға жылы киім, мал, мақта, жеміс т.б. жіберіп отырған Түркістаннан да айырылармыз?

Түркістан - үлкен бай өлке. Мұнда кинематографиядағыдай көз алдыңнан әсем, қол тимеген байлығы мол таулар, балығы тайдай тулаған көлдер, таулы ормандар мен ну тоғайларда жүгірген аңдар, әлі игерілмеген тың жерлер өтеді. Мұнда бәрі өзін оятатын адамын күткен ұйқыдағы арудай тұнып тұрған байлық..." - деп жазды.

Иә, бұл жолдар барлық мәселе сол Түркістанның тұнып тұрған байлығында, мақсат сол байлықтан айырылып қалмау екендігін

дәлелдейді. Келтірілген мысалдар келімсектердің басым көпшілігі Түркістан байлығын ескі, тұрпайы отаршылдық тәсілімен пайдалана беруді жақтаса, енді бір тобының ол тәсілдің уақыты өткендігін, егер басқарудың жаңа тәсілдеріне көшпесе, өлкеден мүлдем айырылып қалулары мүмкін екендігін жақсы түсінгендігін көрсетеді.

Бұл пікірдің негізсіз емес екендігін Түркістан әскери округының әскери комиссары Ивановтың, қазанның 25-күнгі "Туркестанские ведомости" газетінің 169-санында жарияланған, солдаттарға арналған телеграммасы да дәлелдейді. Онда: "Түркістанды жоғалту - ол Россия үшін мақта, жүн, тері және басқа да көптеген елімізге қажетті заттар өндіріп отырған өлкені жоғалту... Түркістанды жоғалту - ол бүкіл байтақ Россияға нәр беріп отырған өмірлік қажетті шырынды жоғалту. Біз Ұлы Россияның бір бөлігі Түркістанды жоғалтқымыз келмейді", - дейді. Иә, Түркістан өлкесін билеушілердің түпкі мақсаттарын бұдан ашық айту мүмкін емес сияқты.

Саяси өкімет билігінің формасы өзгергенімен мәнінің өзгермегендігін, өлкеде отарлаушылық саясаттың қазан төңкерісінен кейін де сақталғандығын, жергілікті халықтарды кемсітушіліктің кеңес өкіметі тұсында да өз жалғасын тапқандығын Мұстафа Шоқай, большевик-чекист Петрестің "Правда Востока" газетінің 1934 жылғы 16 маусым мен 21 шілдедегі өзі куә болған, Тәжікстан ОАК-нің төрағасы Шотемор мен Тәжікстан ХКК-нің төрағасы Рахымбаевпен болған жағдайды жазған мақалалары негізінде көрсете отырып, Түркістанда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 18 жыл өткенде билік кімнің қолында екендігі туралы: "Сейчас... никто открыто на улице не ругает туркестанцев. Методы управления стали внешне мягче, но суть осталась та же самая. Диктатура пролетариата в смысле национальном, т.е. как власть или как активно руководящее участие во власти национального пролетариата в Туркестане - пустое слово. Шотеморы и Рахимбаевы тому яркое доказательство", - дейді (597).

Қасиетті Түркістан жерінде большевиктердің 70 жылдан астам қалай билік жүргізгендерінің, қалай басқарғандарының айқын көріністерінің бірі Арал тағдыры.

Түркістанның саяси тағдырында шешуші роль атқарған әлеуметтік топтардың бірі, большевиктер ықпалына түскен солдаттар мен жұмысшылар олардың қарулы көтеріліс арқылы өкімет билігін тартып алу сияқты, авантюристік істерге бару себебі туралы да мерзімді басылым күнды мәлімет береді. Мысалы, солдаттардың төңкеріс қарсаңындағы психологиялық жағдайы, моральдық бет-бейнесі туралы, өлкенің Бас комиссары Коровиченконың сөзінде, солдаттардың арасында большевиктердің үздіксіз жүргізген үгіт-насихаттарының салдарынан армияның ыдырай бастағанын, "ауруға" ұшырағанын айта келе: "... солдаттар бостандықты жас баладай қабылдады. Бостандық - ол өзіне не ұнаса соны істеу, не ұнамаса соны істемеу деп түсінді... Армия емес, үйретілмеген, бірақ қаруланған, өздерінің міндетін ұмытқан... адамдар тобыры пайда болды.

Солдат өзінің тікелей айналысуға тиісті ісінен басқаның бәрімен айналысты. Солдат барлық жерде сауда жасады, алыпсатарлықпен айналысты", - дейді (598).

Генерал сөзінің өмір шындығынан алыс емес екендігіне, өлкелік солдат және жұмысшы депутаттары Кеңесінің 18 тамыздағы отырысында "Қалыптасқан жағдайда солдаттардың қазыналық киім-кешектері жеке адамдарға сатуларына қарсы күрес жүргізу мақсатында ерекше жедел қозғалатын комитеттер құру" туралы қаулы қабылдауы дәлел (599).

Моральдық-психологиялық жағынан қазан төңкерісінің негізгі қозғаушы күштерінің бірі, орыс жұмысшыларының өздерінің одақтастары қарулы солдаттардан алыс кетпегендігін журналист Г. Дмитриев "Эгоистическая тактика рабочего класса" деген мақаласында көрсетіп берді. Ол: "Марксистік ілім орыс жұмысшы табын халықтың басқа бөлігімен толық айырылыстырды және оларды басқа топтарға бөтен, тіпті жау тап ретінде қарсы қойды.

Олар бостандықты тек өзіне қатысты деп түсінді және солдаттармен одақтаса отырып, халықтың басқа топтарына күш қолданудан бас тартқан жоқ: жалақыны көбейтуді үздіксіз талап ету, тартып алу, тінту, тұтқындау т.б. істермен айналысты", - дейді (600).

Иә, мұндай психологиялық өңдеуден өткен солдаттар мен жұмысшылардың қандай істерге болса да баруға дайын екендігіне тандануға болмайды. Оны көп ұзамай тарихтың өзі дәлелдеп берді.

Сонымен, қазан төңкерісі қарсаңындағы Түркістандағы саяси-әлеуметтік жағдайдың баспасөзде бейнеленуі жергілікті мұсылман халықтары мен шеттен келгендердің билік үшін ұмтылған солдат және жұмысшы депутаттары Кеңестері мен Уақытша үкіметтің жергілікті ұйымдарының арасындағы қайшылықтардың шиеленіскендігін көрсетеді. Бұл қайшылықтар көп ұзамай өлкеде саяси билік үшін ашық күреске ұласты.

Кезінде әр түрлі баспасөз бетінде кеңінен жазылған, бірақ белгілі себептерге байланысты, ұзақ уақыт бойы дұрыс бағасын алмаған тарихи оқиғалардың бірі: “Түркістан автономиясы” тарихы еді. Бұл мемлекеттік құрылым Түркістан генерал-губернаторлығы шеңберінде (онда қазақ халқының жартысына жуығы мекендеген) 1917 жылдың қараша айында, 4 өлкелік төтенше жалпы-мұсылмандық съездің шешімімен, Қоқан қаласында дүниеге келді.

Ол туралы ұлттық “Қазақ”, “Сарыарқа”, “Бірлік туы” сияқты газеттермен қатар, сол жылдары Ташкентте шығып тұрған орыс тіліндегі басылымдар да съезд жұмысы аяқталысымен, 1 желтоқсаннан бастап оның қорытындысына арналған көптеген мақалалар жариялады. Бұдан съезде қабылдаған шешімнің, тек жергілікті мұсылман халқы үшін емес, орыс тілді оқырмандар үшін де Түркістан өлкесіндегі үлкен қоғамдық-саяси оқиға ретінде қабылданғанын көреміз.

Ерікті ойлар органы (Түркістанның социал-демократиялық ағымдағы партияларының органы - Қ.А.) “Туркестанский вестник” газеті “Түркістан автономиясы” туралы мүмкіндігінше толық ақпарат беру, съезд жұмысымен өлке тұрғындарын кеңінен таныстыру, оның шешімінің заңдылығын дәлелдеу және әр түрлі жаладан қорғау сияқты көптеген жұмыстар атқарған. Олай дейтініміз, газет бетінде съезд бюллетені, қабылдаған қаулылары, халыққа үндеуі, редакцияның съезд шешімдерін толық қолдайтындығы туралы мақаласы, халық қолдауын көрсететін материалдар жарияланған және де газет большевиктер тарапынан жүргізілген съезге жала жабу әрекетіне қарсы белсенді күрес жүргізген.

Халық комиссарлар кеңесінің органы, большевиктік “Туркестанские ведомости” газеті “Түркістан автономиясы” туралы съезд шешімін жоққа шығару, маңызын төмендету, заңсыздығын дәлелдеу мақсатында бірнеше мақалалар жариялады.

Бір-біріне қарама-қарсы, бірақ “Түркістан автономиясы” туралы мәлімет беретін, оның әр түрлі қырларын ашуға көмектесетін деректер көзі ретінде осы екі газетті алып отырмыз. Ондағы мақсатымыз, “Түркістан автономиясының” тарихын жан-жақты зерттеу емес, оның қоғамдық күбылыс ретінде, сол аталған басылымдарда бейнелену дәрежесін айқындау, оларда салынған ақпараттарды деректанулық талдаулар арқылы автономия тарихына байланысты мәліметтер алу, олардың шынайылық дәрежесін айқындау.

“Туркестанский вестник” 1917 жылғы 9 желтоқсандағы санында Қокан қаласында өткен жалпымұсылмандық съезінің бюллетенін жариялады. Онда: “Қазан айының соңынан бастап дайындық жүргізілген 4-ші өлкелік төтенше жалпымұсылмандық съезд қарашаның 26-сы мен 29-ы аралығында Қоканда өтті.

26 қарашада мандаттары тексерілген және бекітілген жиналғандардың саны 203 адамға жетті.

Күндізгі сағат 12-де, жиналғандардың көңілдерінің көтеріңкі жағдайында ұйымдастыру бюросының мүшесі және өлкелік мұсылмандар кеңесінің өкілі, азамат Мұстафа Шоқаев съезді ашық деп жариялады. Шоқаев бұл жиынды съезд деп санала ма, жоқ жәй кеңес пе деген мәселені дауысқа салды.

Көпшілік дауыспен, 1 адам қарсы, бұл жиынды толық өкілетті съезд деп шешті.

Съездің 10 пункттен тұратын бағдарламасы бекітілді.

Кешкі отырыста азамат Шоқаев қысқаша Ресейде және Түркістанда қалыптасқан саяси және экономикалық жағдайларға тоқтай келе... “Түркістанда қантөгіс арқылы орнаған Кеңес өкіметі мұсылмандармен қандай да болмасын формада өлкені бірігіп басқарудан бас тартып отырғанын, сондықтан мұсылман халқының өз тағдырын өз қолына алу қажеттілігін айтты”, - деп жазылған (601). Сол газеттің 1 желтоқсандағы 15-санында, “Түркістан автономиясы” деген атпен көлемді мақала жарияланды. Онда съезд жұмысына жергілікті мұсылмандар өкілдерінен басқа, қалалық өзін-өзі басқару органдарынан, кейбір демократиялық ұйымдардан, ұлттық және діни топтардан өкілдер қатысқаны айтылған.

Одан әрі мақалада съезде қабылданған, Түркістан тағдыры үшін аса маңызды қаулылардан үзінділер келтірген. Мысалы, съезд 26

Ибрагимовтың Санкт-Петербургте шыққан "Серкесін" есептемесек (оны неге есептемейтіндерді түсініксіз – Қ.А.), онда 1907 жылдың наурызында Троицкіде Андреев пен Ишмұхамед Иманбаев шығарған "Қазақ газеті" жалпы қазақ баспасөзінің қарлығашы болды деуге негіз бар" (265), – дейді.

Ал, журналист Т. Боранғалиұлы: "Серке" мен "Қазақ газетінің" не бары бір-бірден нөмірі шыққанын ескерсек, 1911 жылдың қарлығаштары "Қазақстан" газеті мен "Айқап" журналын ұлттық баспасөздің тұңғышы деуге хақылымыз" (266) – деп, ол екеуін де газет қатарынан мүлдем шығарып тастайды.

Бұған айтарымыз, біріншіден, белгілі бір мерзімде шығып тұрмағанымен, ол екеуінің де көп тиражбен тасқа басылып шығып, көпшілікке таралғаны тарихи факт. Сондықтан, оларды газет емес деп ешкім айта алмайды. Демек, қазақтың тұңғыш ұлттық газеті осы екеуінің біреуі. Екіншіден, баспасөздің маңызы оның шыққан санымен өлшенбейді, ұлтқа сіңірген еңбегімен, ал уақыт контексінде қарасақ, бодандыққа қарсы, ұлт тәуелсіздігі жолындағы күресте көрсеткен ерлігімен өлшенеді. Сондықтан, қазағым деп, елім деп айға шапқан арыстандай мерт болған осы екі газеттің тарихы мен тағдырын тереңірек зерттеу, оларға басқаша көзқарас қалыптастырары даусыз.

Қазақстан баспасөзінің тарихын зерттеушілердің бірі Зарқын Тайшыбай қазақ тілінде жарық көрген алғашқы газеттер "Түркістан уалаятының газеті" мен "Дала уалаятының газеті" туралы айта келе: "Кейінгі "Серке" (1907), "Қазақ газеті" (1911), "Қазақстан" (1911-1913) газеттері, "Айқап" журналы (1911-1915) – бәрі осы "Дала уалаятының" үлгісімен шыққан, соның ізін басқан баспасөз органдары деп сеніммен айтамыз. Оның осы уақытқа дейін өзіне лайық бағасын ала алмай келе жатуының себебі неде?" (267), – дейді.

Мұндағы автордың "Дала уалаяты газетінің" өзіне лайық бағасын ала алмай келе жатыр деген соңғы пікіріне қосыла отырып, "Қазақ газеті" 1911 жылы, демек "Серкеден" төрт жылдан соң шыққан деп көрсетуімен және аталған басылымдардың "Дала уалаятының" үлгісімен шыққан, соның ізін басқан баспасөз органдары деп сеніммен айтқан ойымен келісе алмаймыз.

Біріншіден, "Серкенің" де, "Қазақ газетінің" де 1907 жылдың көктемінде шыққаны анық. Әңгіме тек екеуінің қайсысының бір

күн болса да бұрын шыққандығында. Тіптен қазақ егіз туған екі нәрестенің де арасындағы минуттарын санап бірін үлкені бірін кішісі деп жатпай ма? Ол табиғи заңдылық. Олай болса, қазақтың қазақ болғалы, өзі дүниеге әкелген, тұңғыш бейресми-ұлттық газеті қайсысы екендігін неліктен анықтамасқа?

Екіншіден, "Дала уалаятының газетінің" тарихи орнын да, деректік маңызын да жоғары бағалай отырып, оның материалдарын қазақ тарихының дерегі ретінде арнайы зерттеп, тиісті бағасын беру қажеттігін толық қолдаймыз. Бірақ, жоғарыда аталған басылымдардың пайда болу жағынан да, мақсаттары мен бағыт бағдарлары жағынан да "Дала уалаятының газетінен" бөлек басылымдар болды деп, біз де сеніммен айта аламыз. Егер, олар "Дала уалаятының" үлгісімен шығып, соның ізін басқан болса, "Қазақ газеті" мен "Серке" бірінші нөмірінен кейін-ақ тұтқындалып жабылып қалмаған болар еді. М. Дулатұлы "Қазақ" туралы: "Кешегі өзгеріске шейін тергеу, тексеру, тінту, абақты, штрафтан... көзі ашылған жоқ" (268) – деп жазбаған болар еді.

Сонымен, қазақ тілінде шыққан тұңғыш ұлттық-демократиялық, бейресми газет туралы үш түрлі пікір қалыптасқандығын көреміз. Зерттеушілердің көпшілігі "Серкені" қазақтың тұңғыш ұлттық газеті ретінде атаса, екінші бір тобы, дәл қай күні шыққандығын атап көрсетпесе де, "Қазақ газетін" атайды. Ал, үшіншілері "Қазақстанды" ұлттық баспасөзіміздің төл басы ретінде тануды ұсынады.

Бір қызығы, "Серкені" алғашқы ұлттық газет ретінде атаған М. Дулатов болатын. Ол 1923 жылы "Еңбекші Қазақ" газетінде: "Мерзімді баспасөз бізде қашан туғаны белгілі. Әр жұрттың, әр мемлекеттің мәдениет майданында ілгері-кейінгінің қатесыз бір өлшеуіші – баспасөз болады. Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті, өзі де өнерлі екендігі көрінеді, яки қай жұрт өнерлі болса, оның шексіз баспасөзі күшті болатындығы айдай анық, бұған еш нәрсе білмейтін надандар, соқырлар болмаса, көзі ашық, көңілі тетіктер көптен иман келтірген" (269) – деп, баспасөздің ұлт үшін маңызын көрсете келе: "Қазағы, қырғызы бар Қазақстан, Түркістанды қоса санағанда бұл күнге шейін шығып тоқтаған һәм шығып тұрған газет, журналдар мыналар: 1. "Дала уалаятының газеті", 2. "Серке", 3. "Айқап", 4. "Қазақстан", 5. "Қазақ", 6. "Қазақ газеті" (270) ... деп, ұлттық басылымдардан "Серкені" бірінші етіп көрсеткен.

М. Дулагулының бұл пікірін замандасымыз Д. Исақанұлы бүгін қайталап отыр. Ол 1999 жылы шыққан "Ақиқат" журналының екінші санында: "Қазақ тіліндегі ұлттық бағыттағы газеттер 1907 жылдан бастап шыққан "Серке" мен "Қазақ газеті" болып табылады" (271) – деп, нық сеніммен жазып отыр.

Міне, осылай алғашқы ұлттық төл газетіміз туралы пікірлер әр түрлі басылымдарда 80 жылға жуық уақыт бойы айтылып келеді. Дегенмен, оның нақты қай газет екендігі және дәл қай күні шыққандығы туралы нақты дәлелдермен әлі анық айтылмай отыр. Бұл, бір жағынан, ұлттық басылымдар тарихының ел өмірінен алар орнының маңыздылығын көрсетсе, екінші жағынан, бұл мәселені анықтай түсудің қажеттілігін көрсетеді. Осыған орай, "Ақиқат" журналында 1998 жылы жарияланған, танымал журналистің бір мақаласындағы, ұлттық басылымдар тарихына қатысты айтқан ойларына, осы мәселедегі жаңсақтықтан оқырмандарды сақтандыру мақсатында тоқтай кетейік. Ол мақалада ұлттық басылымдардың шыққан жылдары: "Серке" (1907), "Қазақ" (1907, 1913-1918), "Қазақстан" (1911-1913) (272) – деп көрсетіліп, одан әрі: "Қазақ" газеті 1907 жылы наурыз айында Троицк қаласында шыққан. Бірақ, газеттің бір нөмірі шығып тоқтап қалған. Оның оқырман қауымымен екінші рет жүздесуі 1913 жылғы 2 ақпаннан басталды" (273), – деп жазылған.

Әрине, бұл жерде автордың "Қазақ газетін" кейінгі, көпшілікке танымал болған "Қазақпен" шатастырып отырғандығы түсінікті. Бұған айтарымыз, екеуі де демократиялық бағыттағы, ұлттық-бейресми басылымдар болғанымен, "Қазақ газеті" мен "Қазақ" газеті аттары ұқсас, екі басқа басылымдар. Ал, "Қазақ" газетінің "оқырман қауымымен екінші рет жүздесуіне" келсек, ол тағдырдың жазуымен, тек 1998 жылдың наурызында (демек, 80 жылдан кейін) ғана мүмкін болды. Газет мақалаларының жинағы кітап түрінде қайта басылып шығып, "Қазақ" енді тарих дерегі ретінде оқырмандарымен қайта жүздесті.

"Серкенің" жарыққа шыққан күні туралы барлық еңбектерде 1907 жылдың 28 марты деп нақты айтылса, "Қазақ газетінің" шыққан күні туралы әр түрлі пікірлер айтылады. Мысалы, қазақ баспасөзі тарихын зерттеуші белгілі ғалым Х. Бекхожин "Жалпыхалықтық революциялық қозғалыстың әсерімен 1906 жылы февральда "Қазақ газеті" шықты. Біз "Торғай газетінде"

басылған материалдарды зерттеу үстінде, оның 1906 жылғы бір нөмірінің бетінен "Новая киргизская газета" деген библиографиялық заметканы кездестірдік. Онда "И" деп қол қойған бір автор былай деп жазған: "Біздің қолымызға Оренбург губерниясындағы Троицк қаласында жаңа шыға бастаған "Қазақ газетінің" 2 февральдағы бірінші (пробный) номері келіп түсті". Заметкада бұл "газеттің редакторы Х. Сосновский, бастырушы Қостанайдың қазағы Е. Иманбаев" екенін... айтылған...

Автор өзінің пікірін Сосновский мен Иманбаев қазақ халқының қамқоры болу сияқты ауыр да құрметті міндетті алдына қойып отыр. Іске сәт, ізгі талапкерлер! - деп қорытады, - дейді (274).

1996 жылы шыққан "Қазақ журналистикасының тарихында (1870-1995)" "Қазақ газеті" туралы, "Ол 1907 жылдың наурыз айында жарық көрді. "Торғай газетінің" 1907 жылдың 1-нөміріндегі "Новая киргизская газета" деген библиографиялық мақалада (автор "И" деп қана көрсетілген): "Біздің қолымызға Оренбург губерниясындағы Троицк қаласында жаңа шыға бастаған "Қазақ газетінің" 2-ақпандағы бірінші (пробный) нөмірі келіп түсті" (275) — деп жазылып... Шолу "Сосновский мен Иманбаев қазақ халқының қамқоры болу сияқты ауыр да құрметті міндетті алдына қойып отыр. Іске сәт, ізгі талапкерлер!", — деген жолдармен аяқталған" (276), — делінген.

Келтірілген екі үзіндіден газеттің шыққан жылы әр түрлі көрсетілгенмен екеуі де бір дерекке сүйенгендігін көреміз. Ол "Торгайская газетадағы" "И" деген атпен басылған редакцияның "Қазақ газетінің" бірінші (пробный) нөміріне жасаған библиографиялық шолуы. Екі үзіндіде де "шолушының айтуынша газет 2 ақпанда шыққан", — деп айтылған. Көңіл аударатын тағы бір маңызды мәселе — шолушының, яғни редакцияның, "Қазақ газетін" шығарушы "ізгі талапкерлерге" сәт сапар тілеуі.

Үзінділерде көрсетілгендей, екі үлкен монографиялық зерттеуде де шолу "іске сәт, ізгі талапкерлер!" — деген жақсы тілекпен аяқталды деп жазылған.

Бір қызығы, тура осы жолдар 1998 жылы шыққан С. Қозыбаев, А. Рамазанова, Қ. Аллабергеннің "Әлем баспасөзінің тарихынан" деп аталған еңбектерінде де жолма-жол қайталанған.

Сөйтіп, "Тургайская газетаның" негізгі бағыт-бағдарын ескермей, оның жалпы саяси позициясын анықтамай, мақалада

(тарихи деректе – Қ.А.) айтылған басқа пікірлермен салыстырмай қорытынды жасау, бұл еңбектердің авторларын, өз еріктерінен тыс, "Тургайская газетаның", оның редакциясының "Қазақ газетіне", сол арқылы жалпы қазақ халқына деген теріс көзқарасын бұрмалап, тіптен керісінше көрсетуге әкеп соқтырған.

Біздің ойымызша, "Тургайская газетаның" "қазақ халқының қамқоры болу сияқты ауыр да құрметті міндетті алдына қойып отырған" адамдарға шын ниетімен тілектес бола қоюы екі талай еді. Олай дейтініміз, 1904 жылы "Оренбургский листок" өзінің жаңа жылдық редакциялық мақаласында "Тургайская газетаның" қоршаған өмір шындығынан толық қол үзгендігін және қазақ халқының мүддесіне ашықтан-ашық менсінбеушілікпен қарайтындығын айтып: "Тургайской газете" кроме того желаем быть "Тургайскою". Хотелось бы встречать в ней поменьше полемики с разными "измами", для киргизских, т.е. "тургайских", степей и не понятными и совершенно бесполезными" (277) – деген ескертпесіне "Не будем печатать всякие побасенки, которые киргизское население знает и без того и которые для русского населения совершенно не интересны" (278) – деп, жауап берген газеттің, қазақтардың адам төзгісіз қайыршылануын және олардың жерін жаппай әкімшілік жолмен тартып алуын айтып "Киргизскому вопросу" деген мақала жариялағаны үшін, басқа емес, астаналық "Санктпетербургские ведомости" – газетінің өзіне, барып тұрған ұлыдержавалық шовинизм тұрғысынан: "Не дело прессы разбирать действия правительства, направляемые в данном случае к некоторым изменениям киргизского быта и не дело допускать, чтобы автор статьи разжигал страсти и волновал умы киргизского населения. Правительство лучше знает, что быть должно и как должно быть..." (279) – деп, пілге үрген қандендей, шабуыл жасаған, не туралы жазып, не туралы жазбау керектігін астаналық басылымға үйреткен, нағыз реакцияшыл, қаражүзділік газеттің "Қазақ газетін" шығарушыларды қолдай қоюы мүмкін емес еді.

Сондықтан, тарихи деректану ғылымының түпнұсқалық проблемасының талабына сай, біз сол деректің өзінен яғни түпнұсқасынан үзінді келтірейік. "Библиографическая заметка" "Новая киргизская газета" деп, аталған бұл мақала "Тургайская газетаның" 1907 жылғы 25 наурыздағы 12-санында басылған. Ол:

“Нам доставлен №1 (пробный) от 28 февраля новой издающейся в г. Троицке Оренбургской губернии “Киргизской газеты”. Редактор - небезывестный Оренбургу еврей Х. Сосновский, издатель кустанайский киргиз И. Иманбаев...” (280) – деп басталып, “Итак Сосновский и Иманбаев взяли на себя добровольно почетную и непосильную роль благодетелей киргизского народа. Исполать вам, добрые молодцы, но только не суетесь ли вы в воду, не зная броду?!” “И” (281), – деп, аяқталған.

Бұл келтірілген сілтемелерден біріншіден, “Қазақ газетінің” 1907 жылы 28 ақпанда шыққандығын көреміз, екіншіден, мақаланың соңғы сөздерінен редакцияның газет шығарушыларға сәт сапар тілеу емес, керісінше, шамалары келмейтін істі алғандығын айтып, орыс халқының мақалын қазақша мағанасында айтсақ, “Әлін білмеген әлектің кері келіп жүрмесін” – деп, мысқылмен аяқтағанын байқаймыз.

Өзінің сыртқы формасы жағынан осы мақалаға өте ұқсас, бірақ мазмұны бөлек мақала, 1913 жылы “Қазақ” газетінің бірінші санының жарыққа шығуына байланысты да жарияланды. Ол “Оренбургский край” газетінің “Киргизская газета в Оренбурге” деп аталатын мақала. Мақала: “2-го сего февраля вышел первый номер издающейся в Оренбурге киргизской газеты “Казах” (Киргиз). Редактором газеты состоит известный киргизский писатель Ахмед Байтурсунов, автор популярного среди киргиз сборника “Крык-Мисал” (Сборник басен) (282), - деген жолдармен басталып, газеттің қазақ халқы үшін қажеттілігі, негізгі мақсаттары, атқарар істері туралы айта келе: “Горячо приветствуя появление в Оренбурге киргизской газеты, от души желаем успеха этому молодому печатному органу, призванному служить святому делу просвещения народа.

Пусть газета “Казах” оправдает то общепризнанное мнение, что народ киргизский, имеющий свою обширную литературу, владеющий богатым, самобытным языком достоин иметь и свой самостоятельный печатный орган. В добрый час! “Ш”, - деп аяқталған (283).

Ешқандай мысқылсыз “Қазақ” газетіне шын жүрегімен сәт сапар тілеген бұл мақаланың сыртқы формасы жағынан 1907 жылғы мақалаға соншалықты ұқсас болып келуін кездейсоқтық

деп айту қиын. Ол өзінің демократиялық көзқарастарымен бұрыннан белгілі болған "Оренбургский край" (бұрынғы "Оренбургский листок") газетінің редакция мүшелерінің "Тургайская газетада" істейтін әріптестерінің қазақ тілінде шыққан бірінші бейресми газетаға қатысты жасаған өрескел қылықтарын ұмытпағандығын көрсетеді.

Сонымен, "Тургайская газетада" жарияланған қазақ тіліндегі газет туралы мақаланың түпнұсқасын талқылау, біріншіден, қазақтың тұңғыш бейресми, ұлттық-саяси газеті "Қазақ газеті" болғандығын, оның шыққан күні 1907 жылдың, ескі стиль бойынша, 28 ақпаны екендігін айқын дәлелдесе, екіншіден, ол мақаланы жан-жақты зерттемей пайдалану тәжірибелі зерттеушілердің өздерін жаңсақ тұжырымдар жасауға соқтырғандығын көрсетеді. Бұл мысал кез келген деректі деректанулық талдаудан, тарихи "сыннан" өткізудің қажеттігін дәлелдейді.

Мақаланы одан әрі талдау "Тургайская газетаның", оның қызметкерлерінің қаражүзділік бет-бейнесін аша түседі. Мысалы, олар барынша қырағылық танытып, жаңа шыққан қазақ газетінің саяси жүйе үшін аса қауіпті "солшыл бағыттағы ұйымдардың жауынгер тактикасын ұстайтындығын" сезіп қойып, оны тиісті орындарға білдіруге асықты: "В краткой передовице редакция уклоняется от определения своего политического кредо, но судя по содержанию статей, безошибочно можно сказать, что намерено держаться боевой тактики органов левого направления" деп жазып, одан әрі өздерінің үкіметке деген адалдығын дәлелдеп: "И, конечно, ничего не доказывает, хотя и не жалеет слов на "критику" действий правительства" (284) — деп, "Қазақ газетін" үкіметті еш дәлелсіз "сынағанын" айыптайды. Олар: "Заканчивая заметку, редакция говорит, что оно употребит все свои силы на отстаивание киргизских интересов, в связи с общерусскими" (285) — деп, газет редакциясының негізгі мақсатын әшкерелеуді де ұмытқан жоқ.

Келтірілген мысалдар, бір жағынан, "Тургайская газетаның" ұстаған бағыт-бағдарын, оның патшалық самодержавияның мүддесінің жергілікті жердегі адал күзетшісі екендігін және "Қазақ газетіне" шолу жасағандағы мақсатын айқын көрсетсе, екінші жағынан, өз еркінен тыс қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық газеті туралы қунды мәліметтер беріп отыр. Әсіресе, бүгінгі ұрпақ

үшін, ұлттық тарихымыз үшін бұл заметканың тарихи дерек ретіндегі басты маңызы "Тургайская газетаның" редакциясындағы қазақ халқының жауларының, жаңа ғана шыққан газеттің, отарлаушылар мүддесіне қаншалықты қарсы екендігін ашып көрсету мақсатында "Қазақ газетіне" сілтеме жасап басқан мына жолдары: "Газета в целом ряде статей силится доказать подлежащим сферам, что "колонизация пригодной лишь для скотоводства степи разорит и уничтожит киргиз, обессилит скотоводство и не принесет пользы переселенческому делу" (286).

Бұдан, қазақ атымен аталған бірінші бейресми ұлттық газеттің бірінші және соңғы санындағы бірнеше мақалаларда сол қазақты ширек ғасырдан соң болатын, дәстүрлі малшаруашылығын күштеп талқандау салдарынан туындайтын, жаппай қырғыннан сақтандырмақ болғанын, солай боларын "тиісті орындарға" жеткізбек болғандығын көреміз. Бұл көріпкелділік пе, әлде халық өмірін, дала сырын терең білгендік пе? Әрине, соңғысы.

Сонымен қатар, егер "Қазақ газетінің" түпнұсқасының сақталмағанын ескерсек, бұл мақала газеттің мақсаты мен бағыт-бағдары және неліктен шықпай жатып тұншықтырылғандығы туралы мәлімет беретін бірден-бір дерек көзі болып отыр. Одан кезінде профессор Х. Бекхожин: "Қазақ газетінің" пайда болуының, оның патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы күрес жариялауының, әсіресе, патша үкіметінің ұлт араздығын қоздыру әрекетіне жауап ретінде еврей Хаим Сосновский мен қазақ Ешмұхамет Иманбаев, Жетпісбай Андреевтердің бірлесіп орыс және қазақ газетін шығаруының үлкен саяси мәні бар факт" (287) — деп, бағалаған, "Қазақ газетінің" мақсаты өз халқының мүддесі үшін күрес екендігін бүкпесіз айтқандығын, отаршылдық езгіге қарсы ашық күрес жариялағандығын көреміз. Газеттің шықпай жатып жабылуының басты себебі осы екендігі даусыз.

"Қазақ газеті" туралы Қ. Аллаберген, Ж. Нұсқабай, Ф. Оразай "Қазақ журналистикасының тарихында (1870-1995 жылдар)": "Қазақ газетінің" материалдарынан байқалғанындай, ол "солшыл бағыттағы органдардың тактикасын", яғни революцияшыл бағытты қолдады. Ондағы мақсаты — самодержавиені құлату, буржуазиялық-демократиялық өзгерістер мен бостандық үшін үгіт-насихат жүргізу болды" (288) — деп тұжырым жасаған. Әрине, мұндай шындыққа сай келмейтін, ғылыми негізі жоқ тұжырыммен

келісу қиын. Өйткені, бір ғана нөмірі шығып жабылып қалған "Қазақ газеті" түгіл 6 жыл бойы дерлік шығып тұрған. 265 нөмірі жарық көрген "Қазақ" та өзінің алдына "самодержавиені құлату, буржуазиялық-демократиялық өзгерістер мен бостандық үшін үгіт насихат жүргізу" мақсатын қойған жоқ.

Ондай мақсатты большевиктік "Правда" газеті өз алдына қойса қойған болар, ал біздің, 1917 жылғы ақпан төңкерісіне дейінгі шыққан ұлттық-бейресми басылымдарымыз революцияшыл да, төңкерісшіл де болған жоқ. Оған олардың мүмкіндігі де болған жоқ. Егер, кезінде Х. Бекхожин, 1964 жылы жарық көрген "Қазақ баспасөзінің даму жолдары" деген монографиясында, "Қазақ газетінің" бағыт-бағдары, мақсаты туралы: "... революцияшыл бағытта шыға бастаған. Газетің мақсаты... самодержавиені құлату" (289) — деп жазса, ол зерттеушінің өзін қоршаған саяси жүйенің ерекшелігін тым жақсы білгендіктен, "Қазақ газетіне" "революцияшыл", "патшаға қарсы күрескер" деген жамылғы жауып литодан (большевиктік цензурадан — Қ. А.) өткізіп, өз ұлтына сондай газеттің болғандығын жеткізуі деп түсінуіміз керек. Ал, оның 60 жылдары амалсыз солай жазуға мәжбүр болған сөздерін, тарихилық принципті ескермей, тәуелсіздік жылдарында сол қалпында көшіріп жазу (көп жағдайда еш сілтемесіз) жоғарыдағыдай қателіктерге әкеп соқтырып отыр.

Патша үкіметінің және оның жергілікті жерлердегі әкімшіліктерінің өз үстемдіктеріне қарсы ашықтан-ашық күрес жариялаған басылымның өмір сүруімен келісе алмайтындығы, оны тезірек жабуға ұмтылатындығы келешек газет шығарушыларға сабақ болуға тиіс еді, бірақ бірден олай болмады. "Қазақ газетінің" көзсіз ерлігін де, объективті жағдайды ескеріп өз мақсаттарын бүркемелей алмаған қателіктерін де, тура бір айдан соң, 1907 жылы 28 наурызында "Серке" қайталады.

Ол туралы қазақтың тұңғыш журналы "Айқаптың" редакторы М. Сералин, журналдың 1911 жылы шыққан I-санының бас мақаласында: "Соңғы замандарда біздің қазақ жұртында аз-мәз тіршілік көрсетіп газет шығара беруді қолға алып қараса да не себепті іске ұқсатып шығара алмайды. 1907 жылы II Мемлекеттік думаның жиынымен Шәһмәрден Қошығұлов "Серке" есімді журнал шығара бастап еді. Ұзаққа бармай, үкімет тарапынан тоқтатылды.

Сол жылы Троицкіде Есмағамбет Айманбаев "Киргизская газета" есімді орысша-қазақша бір газет шығармақ болып, алғашқы нөмірді шығарды да тоқтатты..." (290), — дейді.

1907 жылы шыққан "Нәжет" (Азаттық) деген жинақта "Серке" атты екі жетілік газеттің... 28 мартта бірінші саны шықты. Ол "Улфат" газетінің 67 санына қосымша болып шықты" (291) - деп айтылған.

Кейбір деректерде "Серкенің" 3-4 саны шықты деп айтылғанымен (292), әр түрлі деректерді салыстыру оның 1907 жылы 28 мартта (ескі стиль бойынша) бір саны шығып таратылып, екінші санының дайындалып, бірақ таратылып үлгермей тұтқындалғанын көрсетеді.

"Серкенің" не жазғаны, не айтпақ болғаны, жалпы бағыт-бағдары мен мақсаты, неліктен "Серке" атанғандығы туралы газет шығарушылардың бірі, оның 22 жасар албырт авторы Мыржакып Дулатовтың, газеттің бірінші санында жарияланған "Жастарға" деген өлеңі мен екінші санына даярлаған "Біздің мақсатымыз" атты бас мақаладан көруге болады.

Өлеңнің бірінші шумағында:

*Найзамен тұртсе де,
Жатырсың, казак, оянбай.
Мұнша қалың ұйқыны
Бердің бізге, ой, аллай-ай!*

десе, соңғы шумағында:

*Халыққа, жастар, басшы бол!
Қараңғыда жетектеп.
Терең судан өтер ме,
Мың қойды серке бастамай?*

дейді (293).

Бірінші шумақтан М. Дулатовтың бүкіл саналы өмірінің басты мақсатына айналған, қалың ұйқыдағы қазағын оятудың әрекеті байқалса, соңғы шумақта жастарға, қараңғыда халқына жол көрсетер, қой бастаған серкедей, халқын соңына ертер деген үміті байқалады. Және де, осы шумақтан газеттің неліктен "Серке" атанғандығын байқау да қиын емес.

Патшалық Россияның астанасы Петербургта басылып шыққан, алғашқы ұлттық басылымдардың бірі "Серкенің" 2-ші санында, "Арғын" деп қол қойған М. Дулатов "Біздің мақсатымыз" деген мақаласында:

"ҚАЗАҒЫМ МЕНІҢ, ЕЛІМ МЕНІҢ!"

Ең алдымен қазақ халқы – Россияға тәуелді халық... Оның ешқандай правасының жоқтығы ыза мен кек тудырады. Халықтан жиналатын салық қаражатының көп бөлігі халыққа тіптен де керек емес нәрселерге жұмсалады...

... Өздеріңіз көз жазбай байқап отырғандай... Чиновниктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, мал-мүлкін тартып, ойына не келсе соны істеді...

Енді бұл чиновниктер қазақ даласына мыңдаған мүжықтарды жер аударып, қазақтардың даласына суы мен шұрайлы жерлерін тартып, әперуде. Чиновниктерді арқаланған олар өздеріне жайлы қазақ жерлерін еркін иемденуде. Тұтас ауыл болып келсе бұлар сорлы қазақтарды ұрып-соғып бар мал-мүлкін тартып алып кетуде...

Қазақ жеріне бұл мүжықтарды не үшін жер аударды... Әлде Россияда жер аз ба? Шұрайлы жер аз емес, бірақ бәрі байлардың, дворяндардың, помещиктердің қолында, олар өз жерлерін ешқашан тегін бермек емес, ал аштан өлуге шақ жүрген мүжықтардың оны сатып алуға шамасы жоқ. Түрлі деңгейдегі министрлер, жоғары чиновниктер мен генералдар Россияда көбейіп келе жатқан мүжықтардан құтылу үшін оларды біздің қазақтардың арасына жер аударуда...", - дейді (294).

Кезінде Петербург баспасөз істері комитеті, "Полицияға түскен мәліметтер бойынша, бұл қазақ халқын өкімет орындары мен оның өкілдеріне қарсы күреске шақыратын "барлық қазақ халқына арналған үндеу сияқты" – деп "өте жоғары бағалаған", сондықтан, "газеттің осы нөміріне қатысты барлық адамдар жауапқа тартылсын" – деп шешім қабылдаған, өзінің батылдығымен бүкіл Петербург полициясын дүрліктірген мақаланың одан арғы тағдыры туралы мыржақыптанушы ғалым Марат Әбсемет былай дейді: "Полиция қанша іздегенімен мақаланың лақап атпен жүрген авторын таба алмады. Полицияның заңсыз әрекеттері ақын жанына қатты батты".

1912 жылы Петербургтегі баспасөз комитетінің кеңесшісі В. Д. Смирнов Мыржақыптың тәркіленген кітаптарын қарап отырып, одан кезінде үлкен шу болған "Біздің мақсатымыз" деген мақалаға тән тәсіл мен ұқсастықты аңғарып қалады. Тез арада архивтен "Улфат" газеті мен оның қосымшасы "Серке" алынып, сот палатасының шешімі бойынша 1913 жылғы мамырдың 15-күні ол жойылды" (295).

Санкт-Петербург мемлекеттік орталық тарих мұрағатының қорында сақталған құжаттарға негізделіп жазылған бұл ақпарат "Біздің мақсатымыздың" патша сақшыларының есінде жақсы сақталғандығын білдіреді.

Сонымен, ғасыр басындағы қазақ баспасөзін талдау, барлық бейресми, ұлттық басылымдардың өзегі болған негізгі мәселелер – жер мәселесінің, қалың ел қазақты ұйқыдан ояту мәселесінің, баспасөз бетінде, алғаш осы екі газетте көтерілгенін, бұқаралық ақпарат құралдарының бірі – газетті ұлт мүддесі үшін, азаттық үшін күрес жолында пайдалану әрекеті солардан басталғанын көрсетеді. "Қазақ газеті" мен "Серкенің" көзсіз ерлікке тең бұл істері қазақ даласында ізсіз, бекер кеткен жоқ. Көптеген қазақ зиялыларына қозғау салумен қатар, олар, баспасөз арқылы отаршылдық езгіге қарсы күрес жүргізудің алғашқы қадамдары ретінде, келешек бейресми, ұлттық бағыттағы газет шығарушыларға сабақ та болды деп айта аламыз. Өйткені, алғашқы газеттер тағдыры түпкі мақсатқа жету үшін, көп қиындықтармен шығарылған басылымды сақтай білудің керектігін, кейде, айла-тәсілдерге барып, өз ойларын бүркемелей білудің қажеттігін көрсетті. Сөйтіп, кейіннен шыққан "Қазақстан", "Айқап", "Қазақ" сияқты басылымдардың әдәуір өміршең болуына әсер етті.

Ондай тұжырым жасауға, біздің ойымызша, бірнеше негіз бар. Біріншісі, аталған басылымдарды шығарушылардың "Қазақ газеті" мен "Серкенің" тарихын да, тағдырын да жақсы білгендігі. Жоғарыда айтқанымыздай, "Айқап" журналы редакторының бірінші санындағы бас мақалада солар туралы айтуы соның бір дәлелі. Екінші дәлел, "Серкенің" негізгі авторы Міржақып Дулатұлының "Қазақ" газетінің шығарушыларының бірі болуы. Демек, ол өзінің "Серкеден" алған сабағын ескерері түсінікті.

Екіншісі, "Қазақ" газетінің бірінші санының, бірінші жолдарында "Заманына қарай амалы" – деген сөз бар. Мұның мағанасы – заманның түріне қарап іс істеу" (296), – деп басталып, сол өздерінің заманын: "Төңірекке қарасақ түнерген-түнерген бұлттар көрінеді. Түбі қандай белгісіз. Не боларын білмейміз" (297), – деп суреттеуі. Бұл жерде, Ахмет Байтұрсыновтың өзін қоршаған ортаның, саяси құбылыстың көрінісін, осылай, жұмбақтап жеткізуге, "заманына қарай амал" қылуға, мәжбүр болып отырғандығы талас туғызбас деп ойлаймыз.

Үшіншісі, қазақтардың ХХ ғасыр басындағы ұлт азаттығы жолындағы күрестің танымал көсемі, "Қазақ" газетінің негізгі авторларының бірі Әлихан Бөкейхановтың 1913 жылы "Қазақ" газетінің 24-санында "Ашылып ақыл жазатын қалім бар ма? Көкіректе сайрап тұр, қолымды заман байлап тұр" (298) – деуі.

Бұл мысалдар кейінгі мерзімді басылымдарды шығарушылардың "Қазақ газеті" мен "Серкенің" сабақтарын, тарихы мен тағдырларын ескеріп, өздері өмір сүрген уақытпен, қалыптасқан объективті жағдаймен санасуға мәжбүр болғандығын көрсетеді.

Сонымен, тарихы мен тағдыры судың екі тамшысындай ұқсас, "Қазақ газеті" мен "Серке" қазақ халқының алғашқы биресми, ұлттық газеттері ретінде баспасөз тарихынан өз орнын алуға толық құқылы. Егер, бүгінгі ұрпақ алдында тұрған ең басты, ең қасиетті міндет еліміздің тәуелсіздігін сақтау болса, ғасыр басындағы аталарымыз алдында тұрған ең басты, ең қасиетті міндет еліміздің тәуелсіздігіне қол жеткізу болғандығы белгілі. Демек, сол кезеңдегі құндылықтың бәрі де сол міндет, сол мақсат жолында еткен еңбекпен, төккен термен есептелінуі әділеттілік. Олай болса, қазақ зиялыларының тәуелсіздік үшін күрес жолында тұңғыш рет қолданған ұлттық, бұқаралық ақпарат құралы ретінде де екеуінің орны ерекше.

Ақырында, бір-ақ қана нөмірлерінің шығып үлгергеніне қарамастан, екеуінің де тарихы мен тағдыры, қазақ халқының азаттық жолындағы күресі тарихының бір көрінісі ретінде, екеуі де сол күрестің құрбандары ретінде халық жадында мәңгі қалуға тиіс. Ал, екі газеттің қайсысы бірінші болып жарық көрді? – деген принципті сұраққа келсек, онда бірінші шыққан "Қазақ газеті". Ол "Серкеден" тура бір ай бұрын шыққан. Сондықтан "Қазақ газетінің" шыққан күні ескіше 28 ақпан, жаңаша 13 наурыз (1907 жылы ақпан айы 28-мен аяқталған) қазақтың тұңғыш ұлттық бейресми газеті шыққан күн ретінде тарихқа еніп, ұлттық күнтізбектерден, дайындалып жатқан Қазақ энциклопедиясынан өз орнын алуы тиіс.

Тағы бір ұсынысымыз, бізде ұзақ жылдар бойы большевиктік "Правда" газетінің алғаш рет жарыққа шыққан күні 5 мамыр, баспасөз күні ретінде аталып келгендігі белгілі. Еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты баспасөз туралы заң қабылданған 28 маусым баспасөз күні ретінде аталып жүр. Ал, барлық өркениетті елдерде

баспасөз күні ретінде ұлттық басылымның шыққан күні аталады. Оның үстіне, қоғамда болмай қоймайтын өзгерістерге байланысты, қазіргі заң өзгеріп, жаңа заң қабылдануы қажет болады. Ол өмір заңдылығы. Олай болса, баспасөз күні ретінде 28 маусымды да өзгертуге тиіс боламыз. Сондықтан, біз өз тарапымыздан, бұл мәселені ұлттық мүдде тұрғысынан біржола шешу мақсатында, сол қазақтың тұңғыш, демократиялық бағыттағы, ұлттық бейресми басылымы "Қазақ газетінің" шыққан күнін, яғни 13 наурызды "Ұлттық баспасөз күні" деп жариялауды ұсынамыз.

Мұндай шешім қай жағынан болса да әділетті шешім болған болар еді. Ол "Қазағым!", "Елім!" – деп айға шапқан арыстандай, алып Ресей империясына қарсы шауып мерт болған "Қазақ газеті" мен "Серкеге", олардың бүгінгі ұрпақтары атынан қойылған ескерткіші болар еді.

3.2. Ұлттық мерзімді басылымдар: пайда болуы, алғышарттары және тарихи жағдайы

Қазақ халқының жоғын жоқтап, мүддесін қолдаған, елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жерінің тұтастығын қорғаған ұлттық-бейресми басылымдардың пайда болуы, ел өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі болды. Бүгінгі күні халқымыз тарихының баға жетпес дерек көзіне айналған, кезінде белгілі бір мерзімде қазақ тілінде шығып тұрған басылымдардың пайда болып ел арасына таратылуы ғасыр басындағы қазақ өмірінде ерекше қоғамдық құбылыс болған еді. Тарихы да тағдыры да бөлек, қазақ тарихында өзіндік із қалдырған, ұлттық басылымдар туралы біраз еңбектерде айтылды. Тағы да айтылары даусыз. Ал біздің мақсатымыз, сол басылымдардың деректік ерекшеліктерін ашуға, олардан алынған мәліметтердің ғылыми құндылығын анықтауға қатысты кейбір тарихи мәселелерге көңіл аудару.

Егер большевиктер диктатурасына дейінгі дүниеге келген қазақ тіліндегі газет-журналдардың тарихына көз салсақ, онда олардың үш түрлі тарихи жағдайда жарыққа шыққандығын байқауға болады. Мысалы, алғашқы қазақ тілінде шыққан газеттер "Түркістан уалаятының газеті" мен "Дала уалаятының газеті" арнаулы мақсатпен, патша өкіметінің қолдауы арқылы шықса, 1907 жыл мен 1917 жылдың ақпаны аралығындағы шыққан

газеттер мен "Айқап" журналы қазақ зиялыларының ұзақ жылдарға созылған, ерлікке тең, саналы іс-әрекеттерінің арқасында, патша өкіметінің жергілікті жерлердегі әкімшілік органдарының ресми рұқсатынан соң ғана дүниеге келіп, солардың қатаң бақылауымен шығып тұрған. Ал, ақпан төңкерісінен кейін шыққан "Сарыарқа", "Бірлік туы", "Тіршілік", "Үш жүз" және "Ұран" газеттері тіптен басқа тарихи кезеңде, біршама демократиялық жағдайда дүниеге келген.

Басылымдардың дүниеге келуінің тарихи жағдайлары олардың жалпы бағыт-бағдарына, мазмұнына әсер ететін фактордың бірі. Сондықтан, ақпан төңкерісі қарсаңындағы Қазақстан тарихының маңызды жазба деректерінің бірі ретінде, алғашқы қазақ газеттерінің негізгі тобын құрайтын ұлттық басылымдардың пайда болу, өмір сүру, жабылу тарихының кейбір мәселелеріне тоқталайық.

Патшалық самодержавие жағдайында, қазақ сияқты бодандағы ел үшін ұлттық, бейресми газет шығарудың оңай іс емес екендігін, оның кедергісі де, қиыншылығы да көп, әуре-сарсаңы мол жұмыс екендігін екі орыс революциялары аралығында шыққан біздің ұлттық басылымдар тарихынан айқын көруге болады. Ұлт мүддесін көздейтін басылым шығарудың ең басты кедергісі үстемдік етіп отырған саяси жүйе тарапынан қойылған тосқауыл еді. Өз қарауындағы бұратана халықтардың қандай формада болмасын ұлттық мүдде үшін әрекет етуіне мейлінше қарсыласқан патша өкіметі, әр түрлі тәсілдермен ұлттық газеттер шығаруға жол бермеуге, ал шыға қалған жағдайда оларды үнемі бақылап отыруға тырысты.

Ол туралы толып жатқан қазақ деректерін айтпағанда, орыс өлкетанушысы А. Костров, ғасыр басында Жетісу өлкесінде қалыптасқан жағдай туралы айта келе: "Малейшие попытки создания газет на казахском языке немедленно и жестко пресекались. Уездным начальникам Джаркента, Капала и Лепсинска предписывалось усилить наблюдение за настроением умов и о всех антиправительственных выступлениях неблагонадежных лиц немедленно доносить" (299) – деп жазды.

Осындай, отаршылдық саясаттың салдарынан бейресми ұлттық басылымдар шығару тек 1905-1907 жылдардағы толқулардан кейін ғана мүмкін болды.

1907 жылдың көктемінде шыққан алғашқы ұлттық газеттер, олардың тарихы мен тағдыры, деректік маңызы туралы жоғарыда айтылды. Ал, қазақ тілінде белгілі бір мерзімде шығып тұрған, сондықтан мерзімді басылым деген атқа толық сай келетін, ұлттық бейресми басылымдар 1911 жылдан бастап шыға бастады. Олар, патша өкіметінің тұсында шыққан "Қазақстан", "Қазақ", "Алаш" газеттері мен "Айқап" журналы.

Кез келген деректің пайда болуының объективті екендігін, деректің кездейсоқ, өзінен-өзі пайда болмайтындығын ескерсек, онда, Қазақстан тарихының жазба деректерінің үлкен бір тобын құрайтын ұлттық мерзімді басылымдардың пайда болуының объективті алғышарттарының бірі, ол — ғасыр басындағы баспасөзге деген ұлттық қажеттілік, қоғамдық сұраныс деп айтуға болады.

Әлихан Бөкейхановтың 1910 жылы Санкт-Петербургте басылып шыққан "Киргизы" ("Қазақтар") деген еңбегінде: "На киргизском языке пока нет ни одной газеты, точно так же киргизы не располагают до сих пор своей типографией. Мысль о том и другом возникала в Киргизской степи в счастливые дни свободы, но не осуществилась... Киргизская степь покорно несла беззакония, глубоко затаив ненависть и злобу" (300) — деп жазуы сол қажеттіліктен туындаған еді. Ол туралы тарихшы М. Қойгелдиев: "XX ғасырдың алғашқы он жылдығында қазақ ұлттық интеллигенциясы үшін жалпыелдік зәру мәселелерді көтеретін қоғамдық ойға қозғау салып, бағыт бере алатын газет-журналдар шығару үлкен қоғамдық мәселеге айналған болатын. Қарқаралы петициясында өкімет алдына қойылған негізгі талаптардың қатарында қазақтардың "күнделікті мұқтажын айқындап отыру үшін қазақ тілінде газет шығару қажеттілігі" деп айтылған еді" (301), — дейді. Демек, бұл басылымдардың мән-мағынасы да сол жалпыұлттық қажеттілікпен айқындалады.

Қажеттіліктен басқа, баспасөз тасқа басылып шығып, оқырманға жетіп, келешекте тарихи дерекке айналғанға дейін оның мазмұнына, демек, деректік құндылығына әсер ететін бірнеше белестен өтетіндігі белгілі. Аталған басылымдар үшін оның бірінші белесі, белгілі бір топтың, не жеке адамдардың газет шығармақ болып шешім қабылдап, сол мақсатта нақты істерге кірісулері, газет шығарудың қажеттігін негіздеп, тиісті орындардан

рұқсат сұрап арыз беруі болды. Келешек басылымның қандай болып шығары да сол топтың не жеке адамдардың саяси көзқарастарына, қоғамдық позициясына байланысты еді.

"Қазақстан" газетінің шығуы туралы журналист Тілеккабыл Боранғалиұлы: "1911 жылы Жәңгір Ордасында ақындар Шәңгерей Бөкеев пен Ғұмар Қарашев, қайраткер Бакытжан Қаратаев, дәрігер Мәжит Шомбалов, мұғалімдер Сейтқали Меңдешев пен Елеусін Бүйрін өз қаражаттарын ортаға салып, қазақ тілінде газет шығаруға бел байлады", - дейді (302).

"Айқап" журналы оның әрі шығарушысы, әрі редакторы Мұхамеджан Сералиннің белсенді еңбегінің арқасында шықты. "Алаш" газеті ерлі-зайыпты Мәриям және Көлбай Тоғысовтардың әрекеттерінің арқасында дүниеге келді.

Осылай, бүгінгі күні деректік маңызын ешқандай теңеумен айтып жеткізуге болмайтын ұлттық басылымдар, сол кездегі өз заманының озық ойлы адамдарының, ғасыр басындағы қазақ зиялыларының көп жылдық ой-армандарының, мақсатты да тынымсыз еңбектерінің арқасында ғана пайда болды.

Ал, ол басылымдардың заңды негізде дүниеге келуінің нақты қадамы газет шығарушылардың тиісті орындарға арыз берулерінен басталған. Біздің қолымызда, өкінішке орай, әзірге тек Мәриям Тоғысованың "Алаш" газетін шығару үшін рұқсат сұрап жазған арызы ғана бар. Деректану ғылымы үшін ол арызды аталған мерзімді басылымдар тарихының дерегі ретінде талдаудың маңызы үлкен. "Алаш" газетінің ақпан төңкерісіне дейінгі кезеңде шыққан соңғы бейресми ұлттық газет екендігі тарихтан белгілі. Сондықтан, осы арыз арқылы басқа да ұлттық басылымдардың қандай жолмен шыққандығын аңғаруға болады.

Демек, Өзбекстан республикасының орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған М. Тоғысованың арызының түпнұсқасы мен басқа да сол газеттің шығарылуына қатысты құжаттар, жалпы патша өкіметі тұсындағы бейресми басылымдар деректерінің өкілі ретінде, олардың шығу тарихын зерттеуге және деректік мәнін ашуға көмектеседі деп ойлаймыз. Сондықтан, қазақ баспасөзі ішінде, өзіндік ерекше бір топты құрайтын басылымдардың дерегі ретінде М. Тоғысованың арызын түпнұсқадан еш ауытқусыз, сол жазылған тілінде келтірейік:

"Его Превосходительству

Господину Военному Губернатору Сыр-Дарьинской области.
Постоянно проживающей в городе Намангане, Ферганской области, в I части, Мариям Саидовной Тогусовой заявление.

На основании п.15 приложения к ст. 114 Устава о цензуре и печати, имею честь заявить Вашему Превосходительству, что я желаю издавать в городе Ташкенте газету на киргизском языке, а иногда некоторые статьи с переводом на русский и сартский языки, под наименованием "Алаш" (киргиз) - по программе:

1. Приказы и распоряжения Правительства и местной администрации

2. Телеграммы Петроградского телеграфного агентства и собственных корреспондентов

3. Передовые статьи по местным и общим вопросам

4. Фельетоны

5. Местная хроника

6. Внутренние известия

7. Иностранные известия

8. Беллетристика

9. Корреспонденции

10. Научные статьи

11. Отчеты Государственного Совета, Государственной и городской Думы.

12. Судебные отчеты

13. Маленькие фельетоны

14. Портреты и рисунки

15. Объявления

16. Коммерческий отдел, причем это издание будет выходить раз в неделю, с подписной ценой за год 3 р. 50 к., за полгода 2 р. 40 к., за четверть года 1 р. 50 к., а в розницу по 5 коп. каждый номер, и печататься оно будет в типографии "Туркестанского Курьера", находящейся по Шапинской улице.

Обязанности ответственного редактора этой газеты принимаю на себя в полном объеме и заявляю, что я удовлетворяю всем требованиям, указанным в п. 4 приложения к ст.114 Устава о цензуре и печати, т.е. что я русско-подданная, имею от роду 25 лет и обладаю общею гражданскою правоспособностью.

Вследствие изложенного имею честь покорнейше просить Ваше Превосходительство о выдаче мне, согласно п. 17 того же приложения к ст. 114 Устава о цензуре и печати, свидетельства

... право выпуска в свет означенного повременного издания. При сем прилагаю 4 марки по 1 руб. каждая.

Гор. Наманган. Апреля 22 дня 1916 года.

Мариям Сайдовна Тогусова" (303).

Түпнускадан ксерокс арқылы өткізілініп алынған бұл құжаттан, Ферғана облысының тұрғыны М. Тоғысованың, келешек газетті Ташкент қаласында шығармақ болғандықтан, арызды Сырдария облысының әскери губернаторының атына жазғандығын, арыздың "Цензура және баспасөз туралы Уставының", 114 бабының қосымшасының 4, 15 және 17 пункттеріне сай жазылғандығын көреміз. Арызда газеттің атын, қай тілде, қай жерде, қай баспаханада шығатынын, бағасын білдіретін мәліметтер де бар. Сонымен қатар, арыз беруші 25 жасар М. Тоғысованың жауапты редактор ретінде газетке байланысты жауапкершілікті толық өз мойнына алатындығын білдіріп, арыз бергендігі үшін 1 сомдық 4 марканы қоса тапсырғанын айтады. (Маркалар арыз бетінде жапсырылған).

Арыздағы басты мәлімет, келешек газеттің 16 пункттен тұратын бағдарламасы. Онда арыз беруші ең алдымен Үкімет пен жергілікті әкімшіліктің бұйрықтары мен шешімдерін жариялайтындығын айтқан. Бұл пункттің бейресми газеттерге қойылатын басты талап екендігін басқа газеттерге қатысты құжаттар да көрсетеді. Бағдарламада айтылған фельетондар деген сөзді әңгімелер деп түсіну керек. Ол кезде әңгімелер солай аталған.

Бұл мұрағат құжатының басқа да бейресми газеттердің шығу тарихынан түсінік берері даусыз. Сонымен қатар, құжатқа түскен қосымша жазбаларға көңіл аудару, зергтеуші үшін нақты осы газет туралы қосымша мәліметтер беруі мүмкін. Мысалы, жазылған арыздың бірінші бетінің ашық жерінде: "данно свидетельство от 16 июля с/г за № 21329. Получила 18/VII Мариям Тогусова" (304). - деп жазылған.

Бұл жерде М.Тоғысованың газет шығару үшін куәлікті қай күні алғандығынан хабарлар болумен қатар, көңіл аударатын бір нәрсе, мұндағы "Мариям Тогусова" – деген сөздердің жазуды жана ғана үйреніп жүрген, әріптерді зорға жаза алатын адамның қолымен жазылғандығының қарусыз көзге де көрініп тұрғандығы. Демек, куәлікті алу үшін, тәртіп бойынша, М.Тоғысованың өзі амалсыз қол қоюға мәжбүр болған. Сондықтан, маңызды құжатты

алғандығын растап ол жазуды Мәриямның өзі жазғандығы даусыз. Олай болса, аты мен фамилиясын зорға жазған әйелдің бүкіл бір газеттің жауапты редакторы міндетін атқара алуы үлкен күмән туғызады.

Мұндай күдіктің орынды екендігін, М. Тоғысованың газет шығару ісіне қатысы жоқ, тек оның атын ғана пайдаланған бөгде адам (подставное лицо – Қ.А.) екендігін басқа құжаттар да дәлелдейді.

М.Тоғысованың арызының соңында мынандай қосымша жазулар бар:

(секретно

Военному Губернатору Ферганской области.

Препраовождая настоящее прошение, прошу Ваше Превосходительство не отказать сообщить сведения о личности просительницы Тогусовой. г.Ташкент "7" апреля 1916 года.

И.д.Военного Губернатора, генерал-майор (қолы)

И.д. Помощника Губернатора, полковник (қолы)

советник, полковник (қолы)" (305).

Бұл құжат, біріншіден, арыз түсісімен тиісті орындардың арыз берушінің кім екендегін анықтауға кіріскендігін көрсетсе, екіншіден, бұл іспен қандай лауазымды патша шенеуніктерінің, қандай дәрежеде айналысқандығын көруге болады. Бұл жерде көңіл аударатын тағы бір нәрсе, осындай жоғарғы дәрежедегі қатынас қағаздарында да қарапайым қателіктердің кету мүмкіндігі. Сондықтан, зерттеушілердің қандай құжатты болмасын мұқият тексеруді керек ететіндігін есте ұстауы қажет. Мысалы, текстегі: "г.Ташкент "7" Апреля 1916 года" деген жолдардағы "апреля" қате басылған, ол "мая" болуы керек. Олай дейтініміз, арыз 1916 жылдың 22 көкегінде жазылған. Сырдария облыстық басқармасында, арыздың бетіне қойылған белгі (штамп – Қ.А.) бойынша, 26 апрельде 12215 нөмірмен тіркелген. Екінші қойылған белгі бойынша, Ферғана облыстық басқармасына, сол жылдың 10 мамырында келіп түсіп, 595 нөмірмен тіркелген (306). Демек, ол жол "г.Ташкент "7" мая 1916 года" болып оқылуы керек.

Ал, нақты "Алаш" газетіне келетін болсақ, жоғарыдағыдай өтініштен соң, тиісті орындар көп ұзамай-ақ газеттің негізгі шығарушысы да редакторы да Көлбай Тоғысов екендігін толық анықтады.

Ұлттық басылымдардың жарыққа шығуына қарай жасалынатын келесі нақты қадам, ол арнайы мекемелердің оған келісім беруі. Аталған газеттер мен журналдың шығарылуына мүмкіндік берген және олардың мазмұнына тікелей әсер еткен ресми орындардың куәлік қағаздарында, сол басылымдар тарихынан мағлұмат беретін көп материалдар бар. Мысалы, "Қазақстан" газетін шығару туралы Орал облыстық әскери губернаторы Дубасовтың берген куәлігінде: "Настоящее свидетельство выдано Военным губернатором Уральской области имеющему звание народного учителя из киргиз Внутренней орды Илеусину Бюйрину, согласно его заявления, на право издавать под его личным ответственным редактором, газеты на киргизском языке под названием "Казахстан", что означает в переводе "Киргизский край".

Газета будет печататься в собственной типографии Илеусина Бюйрина, под названием "Казахстан", находящейся в г.Уральске на углу Самарской и Сакмарской улице" (307), — делінген.

Мұнда, біріншіден, "Қазақстан" деген атпен, қазақ тілінде шығатын келешек газеттің жауапты редакторы ретінде Ішкі орданың халық мұғалімі Елеусін Бүйринге газет шығару құқы берілгендігі, екіншіден, ол газеттің Елеусін Бүйриннің Орал қаласындағы "Қазақстан" деп аталатын жекеменшік баспаханасында шығарылатындығы айтылған. Соңғы ақпаратқа ерекше көңіл бөлу қажет. Өйткені, дәл осы "жекеменшік баспахана" деген жолдар кейіннен Е.Бүйринге ажырамас пәле болып жабысады.

Дегенмен, бұл жерде көңіл аударатын тағы бір нәрсе, ол газеттің "Қазақстан" деген аты. Ол туралы газет тарихын зерттеушілердің бірі Т.Боранғалиұлы: "Қазақ атымыз мәңгіліктен келе жатқанмен, 1911 жылы газет өзіне ту еткен "Қазақстан" сөзі бұрын-соңды ресми тілде, не жазба шежіреде, орыс тарихшыларының бірде-бір еңбегінде, ауыз әдебиетіміздің нұсқасында кездеспеген тың ұғым еді" (308) — деп, бүгінгі әлем білетін, әрбір қазақ үшін анасының атындай ыстық "Қазақстан" деген сөз осы газетке байланысты бірінші рет пайдаланылды деген пікір айтады. Әрине, бұл тағы да зерттей түсуді қажет ететін тарихымыз үшін де, жалпы таным үшін де өте маңызды да қызықты пікір.

Егер "қазақ" деген сөздің шығуы туралы мәселе қаншама ғылыми-зерттеу жұмыстарына арқау болғанмен әлі күнге дейін толық шешімін таппағанын ескерсек, онда "Қазақстан" деген сөздің жазба деректерде алғаш кімнің, қашан, қайда пайдаланғандығы туралы мәселе арнайы көңіл аударып, анықтауды қажет етуге тұрарлық мәселе екендігі даусыз.

Тек, қазақ баспасөзі тарихында ғана емес, жалпы ұлт тарихындағы елеулі оқиғалардың бірі, ол – тұңғыш қазақ журналы "Айқаптың", 1911 жылдың қаңтарынан бастап шыға бастауы болды. "Айқаптың" шығуы туралы Санкт–Петербургтағы Орталық мемлекеттік тарихи мұрағат қорында сақталған деректе былай делінген: "Орынбор губерниясының Троицк қаласында шығатын қазақ журналы туралы 1910 жылы 18 январда берілген куәлік бойынша Қостанай облысы, Шұбар болысының № 5 аулының қазағы М. Сералиннің редакторлығымен және жауапкершілігімен "Айқап" атты журналды төменгі программамен шығаруға рұқсат берілді.

1. Бас мақала.
2. Шет ел хабарлары.
3. Мұсылман өмірінен мәселелер.
4. Фельетондар мен өлеңдер.
5. Хроника.
6. Библиография және ғылыми мақалалар.
7. Әр түрлі хабарлар мен редакцияға хат (309).

Бұл деректен, біріншіден, журналды шығарушы туралы мәліметтерден басқа, М. Сералинге, рұқсат алғаннан кейін де, журналды шығару үшін тура бір жыл уақыт дайындық жұмыстарына кеткендігін, екіншіден, рұқсат куәліктері негізінен бір форма бойынша берілгенімен, ресми орындардың журнал үшін бекіткен бағдарламасының газет бағдарламасынан біршама айырмашылықтары бар екендігін байқауға болады. Оны "Қазақ" газетін шығаруға берілген, сол Санкт-Петербургтағы аталған мұрағат қорынан алынған ішкі істер министрлігінің рұқсат қағазынан да көруге болады. Ол туралы алдағы тарауларда айтылады.

Газет не журнал шығару үшін қажетті ең басты нәрсе – ақша. Сол ақшаға байланысты шешілетін баспахана мәселесі. Аталған басылымдардың жеке адамдардың, не белгілі бір топтың, не жалпы халықтың қаржыларына шығып тұрғаны белгілі. Олардың ұлттық

синапта болуы да тікелей осы факторға байланысты. Дегенмен, бұл әлі де тереңірек зерттеуді қажет ететін, ұлттық басылымдар тарихындағы күрделі проблемалардың бірі. Өйткені, біріншіден, бұл басылымдардың тағдыры, көп жағдайда, газет шығарушылардың осы проблеманы қалай шеше білгендігіне тікелей байланысты болды, екіншіден, ұлт болып ұйымдасып өзінің ой-тілегін білдіретін баспасөз органын шығару кеңестік дәуірде мүлдем ұмыт болса, тәуелсіздік жылдарында әлі де қалыптасып үлгермеген қазақ халқының тарихындағы ерекше қоғамдық құбылыс екендігі анық.

Соңғы уақыттарда, әр түрлі дәрежеде, қазақ тілінде шыққан біресми басылымдар, әр жерден бой көрсетіп қалып жүргенмен, бүгінгі күні мынау жалпыхалықтық газет еді деп айтатын, қазақ газеті әлі дүниеге келе қоймағандығы да шындық. Сондықтан, бұл проблеманы арнайы зерттеудің танымдық маңызымен қатар тәжірибелік маңызы да жоқ емес.

Жан-жақты зерттеуді мақсат етпегенімен, ұлттық басылымдардың деректік мәнін ашуға көмектесетін факторлардың бірі ретінде, осы мәселеге қысқаша тоқталайық.

Деректерде 1911 жылы "Қазақстан" газетін шығаруға шешім қабылдаған қазақтың бір топ зиялы азаматтары өз қаражаттарын ортаға салып, газет шығару үшін дайындық жұмыстарына кіріскендігі туралы айтылады. Мысалы, "Қазақстанды" шығару үшін: "Әбілқайыр ұрпақтары Шәңгерей Бөкеев өз қаражатынан 1500 сом берсе, Бақытжан Қаратаев қайраткерлік беделін жұмсап қаржы толықтырған. Ғұмар Қарашев Бакуге аттанып, Әзербайжан аумақтысы Зейнелғабиден Тафиевтен газетке шашу ретінде берген 1000 сомын әкелген. Бірі мұғалім, бірі дәрігер ретінде осы өлкеге танымал С. Меңдешев пен М. Шомбалов ел-ағайын арасынан қаржы жинауға ат салысқан" (310).

Бұл азаматтар кейін де, "Қазақстан" газетінде мақалалар жазып, жалпы халықты газетке қаржылай көмек көрсетуге шақырып отырған (311). "Қазақстанның" ақша жоқтығынан тоқтап қалып, 1913 жылдың басында қайта шыққандығы туралы "Қазақ" газеті: "Уральск қаласында он шақты нөмірі шығып тоқтаған "Қазақстан" жаңадан шыға бастады. Уральскіде 20 шақты оқымысты қазақ жастары, ішінде Бақытжан Қаратаев бар, бас қосып, "Қазақстанды" шығарып жүргізіп жіберу туралы турасында кеңесіпті. Кеңестен соң қылған... (өшіп қалған — Қ.А.).

"Қазақстанның" 27 януарда шыққан бірінші нөмірі басқармамызға келді. Кітап формасында сегіз бет болып басылады екен. Аяғында бір беті орысша (312) – деп, "Қазақстан" туралы біраз мағлұматтар береді.

"Қазақстан" газетінің баспаханасы туралы да әр түрлі пікірлер бар. Кейбір әдеби деректерде: "Көпшілік одағының мүшелері 1910 жылы елден қаржы жинап, Орда қаласындағы А. Н. Щелкованың меншікті баспаханасын ұйымдастыруға көмектеседі. Сөйтіп, 1911 жылдың наурыз, мамыр айларында орыс баспаханасынан "Қазақстан" газетінің алғашқы екі нөмірі жарық көреді...

Редакция ұжымы Оралға көшіп келген соң... татар қайраткерлерінің араб әріпімен өз тілдерінде газет, журнал шығарып тұрған баспаханасын несиеге сатып алады" (313) – десе, жоғарыда айтылғандай, генерал Дубасов берген куәлікте: "Газета будет печататься в собственной типографии Илеусина Бюйрина, под названием "Казахстан", находящейся в г.Уральске на углу Самарской и Сакмарской улице" (314) – деп, Е. Бүйриннің жеке меншік баспаханасы болғандығын, оның аты мен мекен жайына дейін көрсеткен.

Ол туралы 1930 жылы Е. Бүйриннің қызы Ғайшаға Мәскеу медицина институтына түсер кезде, әкесі революцияға дейін жеке газет шығарған, баспахана ұстаған деген кінә тағылуына байланысты, Қазақстан оқу-ағарту халық комиссары Сейтқали Мендешевтың өз қолымен жазған хатында: "Небольшая типография, которой руководил гражданин Илеусин Бюрин в 1910-1913 годы, вовсе не принадлежала Бюрину, а была приобретена на нелегально собранные у населения средства, частные пожертвования. Никогда Бюрин не эксплуатировал людей путем содержания типографии. За издание газеты Бюрин терпел немало гонения от царского правительства. Было бы величайшей несправедливостью припятствовать теперь поступлению его дочери в высшую школу за то, что Бюрин издавал и держал типографию.

Все вышесказанное удостоверяю, как современник и как один из инициаторов сбора денег на типографию.

НКПрос Казахстана С. Мендешов 18.IX-1930 г. Алма-Ата" (315) – дейді. Мұндай, жоғары дәрежеде жазылған хат та Бүйринді, оның отбасын қызыл қырғыннан қутқара алмады. Өзіне төнген

қауіпті сезген ол 1932 жылы күзде Сталинабадқа кетуге мәжбүр болды. Көп ұзамай сонда аштық пен жоқшылықта қайтыс болды. 1933 жылы НКВД Бүйриннің 18 жасар ұлы Әнуарды Мәскеуде тұтқындап, оқудан шығартты, 21 жасар қызы Ғайшаны да иниституттан аластатып, Свердловскіге жер аударды. Әнуарды анасымен және алты жасар қарындасы Хадишаны бірге Тагилден 40 шақырым жерде ормандағы "ІІІ Интернационал" кенішіне қара жұмысқа айдады. Қиындық пен қорлық көрген отбасы мерзімін өтеп, 1937 жылы лагерьден босанып, Алматыға жетті (316).

Ия, шын мәніндегі қазақтың тұңғыш ұлттық мерзімді басылымын ұйымдастырушы әрі редакторының тағдыры осылай қайғылы аяқталды. Басқаларының да тағдыры Бүйриннің тағдырынан жақсы болмағаны белгілі.

Дегенмен, жоғарыда келтірілген деректер Бүйриннің шағын болса да жекеменшік баспаханасының болғандығын дәлелдейді деп ойлаймыз.

Халықтың "Айқап" журналы мен "Алаш" газетін шығаруға да, ақша жинап көмек көрсеткені туралы көптеген деректер бар. Мысалы, "Айқап" журналының редакторы М. Сералин журналдың шыға бастауына бір жыл толуына арналған мақаласында өзіне ақшалай көмектескен адамдарға алғыс айтса, (317) 1914 жылы да журналды шығарып тұру үшін қаражат керектігін айтып "қазақтың ұлт қамын ойлайтуғын азаматтарынан" көмек сұраған (318).

Мұндай "Айқапқа" көмекке ақша жинау туралы деректер "Қазақ" газетінде де бар. М. Дулатов: "Ай-қап" журналының "Мәшһүр жиһанкезі аты һәм суреті "Айқапта" басылып жүрген Мұхамет-Салим Кашимов өткен жаз Қоянды жәрмеңкесінде "Айқапқа" жәрдем деп (подписчик ақшасынан басқа) 3-4 жүз сом, күзді күні Зайсан уезінен 3-4 жүз сом жиып әкетіп еді" (319) — десе, мұрағат құжаттарының бірінде Мұхамет-Салим Кашимовтың Қазақстанның оңтүстігінде "Айқап" үшін ақша жинап жүргендігі айтылады (320).

"Қазақ" газеті үшін де алты жыл бойы күн тәртібінен түспеген мәселенің бірі, сол ақша, баспахана мәселесі болды. Газеттің жеке адамдардың қаржылай көмегі арқасында шыққандығы, оның қорында газет шыға бастағанда барлығы 750 сом болғандығы тарихтан белгілі. Газет тарихымен, оның материалдарымен

тереңірек танысу, газет шығарушылардың қаражат көзін табудың жолдарын үздіксіз іздестіргендігін және оны таба білгендігін, өзімен бір уақытта өмір сүрген "Қазақстан", "Айқапқа" қарағанда өмір талабына сай бейімделе білгендігін көрсетеді.

Қазақ баспасөзі тарихына арналған еңбектердің бірінде: "Айқап" журналының тоқталып қалуының ең негізгі себебінің бірі 1913-1914 жылдары "Қазақ" газетінің оған қарсы жүргізген қастандық айтысы болғаны анықталды" (321). — делінген. Әрине, бұл жолдардың уақыт, заман талабына сай жазылғаны, ол автордың шын ойы емес екендігі түсінікті. Дегенмен, бұл басын ашып алатын, тарихымыздың өте бір нәзік тұстарының бірі екендігін де мойындауымыз керек.

"Қазақ" пен "Айқаптың" арасында бірнеше мәселелер бойынша айтыс болғаны рас. Мерзімді басылымдар арасында пікір таластарының болып тұруы әдеттегі нәрселердің бірі. Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екендігін өмірдің өзі көрсетеді. Сондықтан, сол айтыстың кесірінен "Айқап" тоқтап қалды деп ойлау шындыққа сай емес еді. Ал, "Қазақстан" газетінің жабылуына келсек, ол туралы: "Газет 1913 жылы жабылды... негізгі себеп газеттің прогресшіл-демократиялық сарынынан қорыққан патша әкімдерінің кертартпа әрекетінен еді" (322) — деген, пікір айтылған. Әрине, ешкім "Қазақстан" газетінің прогресшіл-демократиялық сарынын, оның кезінде қуғын-сүргін көргендігін жоққа шығармайды. Дегенмен, оның тоқтап қалуын тек сол себептермен түсіндіру жеткіліксіз болар еді.

Мысалы, "Қазақтың" сарынының прогресшіл-демократтығы "Қазақстаннан" кем болған жоқ. Ол үкімет тарапынан қуғын-сүргінге бәрінен көп ұшырады. Әйтседе, "Қазақ" бар мүлкін большевиктер зорлықпен тартып алғанға дейін, яғни 1918 жылдың қазанына дейін өмір сүре алды. Ол фактіні немен түсіндіруге болады?

Біздің ойымызша, бұл жерде басылымдар тағдырында шешуші роль атқарған басқа да объективті және субъективті факторлар жоқ емес.

Ең алдымен, ұлттық басылымдар өмірге келген уақыт Ресейде, оның ішінде Қазақстанда да нарықтық қатынас, бәсекелестік ел өміріне терең ене бастаған кез еді. Сондықтан, газет шығарушылар осы объективті жағдайды ескеріп, тек тауар өндірудің (газет-журнал шығарудың — Қ.А.) жолдарын ғана іздестіріп қоймай,

кез келген іскер адамдар сияқты өз тауарларының өтімді болу жолдарын, демек оның сапасының жақсы болуын, тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыру жолдарын іздестірулері керек еді. Өкінішке орай, бұл нарықтық қатынастардың айнымас заңын, басты талабын ұлттық басылымдарды шығарушылардың бәрі бірдей түсініп, орындай алмады.

Ұлт басылымдар тарихымен танысу, олар жарияланған материалдарды талдау, "Қазақ" газетін шығарушылардың өмірдің осы талабына жақсы түсіне білгендігін, олардың тек тауар өндіріп қана қоймай, шығарған өнімдерінің сапасының үнемі жоғары дәрежеде болуын қамтамасыз ете алғандығын көрсетеді.

Газеттің 6 жылға жуық шығып тұруын, оның жоғары сапасын қамтамасыз ете алған "Қазақ" газетін шығарушылардың ұйымдастырушылық, іскерлік қабілеттерін, кезінде газетті қаржы тұйығынан алып шыққан "Азамат" серіктігін күрудан да байқауға болады.

1913 жылдың соңында А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлы "Алаш азаматтарына" деген ашық хат жариялады. Онда, газет шығару ісінің дамыған елдердегі жолдарына талдау жасай келе, қазақтар үшін газет шығарудың тиімді деген жолын ұсынады. Олар: "Қазақта кесек сома шығарарлық байлар аз болғанымен, аз сомасы мен адамгершілігі мен серіктікке жарайтын азаматтар аз емес. Сондықтан, "Азамат" серіктігін ашып, "Қазақ" газетасын мұнан былай алаш азаматтарының серіктесіп қосылған пұлмен жүргізбекшіміз..." (322) — дейді. Көп ұзамай "Азамат" серіктігі құрылып, жемісті жұмыс істей бастады. Серіктікке сол кездегі қазақ зиялыларының көбі мүше болып, өздерінің аз сомасымен болса да газет шығаруға үлестерін қосты. "Қазақ" газеті өз бетінде "Азамат" серіктігінің мүшелері, қаржысы туралы есебі, баспахана мәселесі, жиналысы т.б. туралы үнемі жариялап отырды. Демек, серіктік ісі ешкімге күдік туғызбайтындай құпиясыз, ашық жүргізілді.

Өмір "Қазақ" газетінің басшыларының сол уақыттағы өз халқына газет шығарудың бірден-бір мүмкін болған жолын дұрыс тандап, ұсына білгендігін көрсетіп берді. Сөйтіп, "Қазақ" газеті нарықтық қатынасқа бейімделуді, тек сөз жүзінде ғана насихаттап қойған жоқ, оны өздері іс жүзінде де көрсете білді.

Сонымен, "Қазак" газетінің басшыларының ұйымдастырушылық және іскерлік қасиеттері, газет авторларына тән кәсібилік қабілет пен журналистік шеберлік газетті басқа ұлт басылымдары жете алмаған табыстарға жеткізді, басқалар шыға алмаған биікке шығарды. Газеттің большевиктер тарабынан күшпен жабылар алдындағы жағдайы туралы М. Дулатұлы, 1922 жылы А. Байтұрсынұлының 50 жылдығына арналған "Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов" деген биографиялық очеркінде: "Қазак" просуществовал до октября 1918 года. Созданная почти из ничего и просуществовавшая в тяжелых условиях царско-полицейского режима, благодаря умелому руководству и самоотверженному труду А. Байтұрсунова, газета перед закрытием имела свою собственную типографию, большой запас бумаги, небольшую библиотеку, тираж превышал 8000.

Таким образом, возглавляемая Ахметом Байтұрсуновым газета "Казах" в истории молодой киргизской прессы заняла первое и почетное место" (324) – деп, "Қазак" газетінің қол жеткізген табыстары мен казак баспасөзі тарихындағы орнын көрсеткен.

Басқа бейресми ұлттық газет-журнал шығарушылардың тарих алдында, халық алдында сіңірген еңбектерін жоғары бағалай отырып, дегенмен, олардың басылымдарының тоқтап қалуының басты себептерінің бірі, сол қаржы тапшылығынан жол тауып шыға алмауы болды деп айта аламыз. Ол туралы, "Қазақстан" газетінің редакциясы, газеттің 1913 жылғы 27 қаңтардағы санында ашық айтса, "Айқап" журналының жарты жылдық жазуларына талдау жасай келе, Азамат Алашұғылы (М. Дулатұлының бүркеншік аты – Қ.А.) өзінің, казак халқының оқыған, іс басындағы бас адамдарына арнаған мақаласында: "Журналдың асыл мақсаты. Қазақ халқының халін, жайын, мұқтажын бір жерге жиып танысу еді ғой. Осы мақсатқа жетпек түгіл, жақындады ма? Жауап қысқа. Бір-екі кісінің жер хақындағы ойымен... Ертегі секілді болып кеткен күрғақ сөздермен халықтың тілегі бір жерге жиылды деуге болмайды. Меніңше, әлі казак пайдаланарлық ьәм пайдаланған сөз көрінбейді" (325) – деп, журналдағы негізгі кемшіліктің бетін ашып көрсетіп, казактың бас адамдарынан журнал материалдарының сапасын көтеру үшін оған сөз жазуға шақырады.

Бұл жерде мына нәрселерді ескеруді өтінер едік. Біріншіден, бұл мақаланы М. Дулатұлының келешекте "Қазақ" газетінің қызметкері ретінде өзі айтысатын "Айқаптың" беделін түсіру үшін жазды деп ойлау орынсыз болар еді. Себебі, бұл мақала жазылған 1911 жылдың ортасында "Қазақ" сияқты газеттің пайда болары әлі белгісіз болатұғын. Олай болса, автордың бұл мақаланы шын жүрегімен "Айқап" журналының жұмысын жақсартуды ойлап жазғандығына еш күмән болмауы керек.

Екіншіден, біздің бәріміз үшін де бірдей қымбат, ұлт басылымдарын бір-бірімен салыстырудағы мақсатымыз, олардың бірін асырып, бірін төмендету емес, салыстыру тәсілінің тарихи таным жолындағы жиі қолданылатын, деректану ғылымының қарапайым тәсілі, ондағы мақсат тарихи шындыққа мүмкіндігінше жақындау екендігі түсінікті шығар деп ойлаймыз.

Ұлттық басылымдардың тарихы мен тағдырына, оларда жарияланған материалдардың мазмұнына, демек деректік ерекшелігіне әсер еткен, зерттеушілер ескеруге тиіс, келесі бір негізгі объективті фактор – жергілікті патша әкімшілігі мен әскери-цензуралық комиссиясы тарапынан бір күн де тоқтамаған бақылау. Ол да ұлттық басылымдар тарихының өзіне тән ажырамас бір қыры.

Цензура туралы тек соңғы жылдары ғана айтыла бастады. Кеңестік тарихнамада жалпы ұлттық басылымдардың тарихы жан-жақты зерттелмеуіне байланысты оның бұл қыры да назардан тыс қалған еді. Ол туралы зерттеуші Р. Құдабаева "Почти всеми исследователями упускался из виду такой важный момент, как национальная периодика и цензура. Между тем многочисленные факты карательных мер со стороны цензурных органов говорят об очень сложном положении издателей прессы на казахском языке. Упущение этого момента означает пренебрежение принципом историзма" (326), – деп жазды.

Шықпай жатып патша өкіметінің жергілікті әкімшілік орындарының жіті қадағалауында болған ұлттық басылымдар, шыға бастаған соң да әрбір сөзіне жауап беруге, алдын ала әскери-цензуралық комиссиясынан өтіп отыруға тиіс болды. Ұлт мәселесін көтеру үшін ұлттық басылымның қажеттігін түсінген қазақ зиялылары өздеріне қойылған мұндай талаптарды амалсыз орындауға мәжбүр еді.

"Қазақ" газетінің тарихын зерттеушілердің бірі М. Қойгелдиев ол туралы: "Жоғары үкімет орындарының арнайы рұқсатымен шыққан газет белгілі бір дәрежеде сол орындардың талап-тілегіне мойынсұнбаса бірден жабылып қалатыны түсінікті... Газет редакторлары мен шығарушылары өкімет тарапынан күдік туғызбау үшін, алғашқы жылдары мойнына алған міндеттерге сай материалдар беріп, түрлі бүркеме айлаларға да барды. Бұл жергілікті биліктің сеніміне кіру, сол арқылы газетті жабылып қалудан сақтау әрекеті болатын" (327), — дейді.

М. Қойгелдиевтің бұл пікіріне толық қосыла отырып, оған қосарымыз, газет шығарушылар тек алғашқы жылдары емес, Ресейде патшалық билік толық жойылғанға дейін, бүркеме айлаларға баруға мәжбүр болды. Өздерінің түпкі мақсаттары "Бостандық, теңдік, туысқандық... Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ" (328) — екендігін 1917 жылдың жазында ғана ашып айта алды.

Оған дейін "Қазақ газеті" мен "Серкенің" сабақтарын ұмыта қоймаған газет редакторлары барынша сақтық танытуға тырысты. Соның өзінде, патша өкіметінің жергілікті қырағы сақшылары ұлттық басылымдарда жарияланған материалдардан үнемі заңға қайшы келетін, саяси құрлысқа қауіп төндірген мақалалар тауып редакторларды айыптап, штраф салумен, газетті жауып тастау қауіпімен қорқытумен болды.

Әрине, ұлттық басылымдар тарихының бұл қыры да әлі зерттей түсуді қажет ететіндігі даусыз. Дегенмен, "Алаштан" басқа ұлт басылымдарының патша әкімшілігі тарапынан көрген қуғын-сүргін тарихы әр түрлі әдебиеттерде біршама айтылды. Сондықтан, ресми жүйенің ұлт басылымдарына қатысты ұстанған саяси бағытынан мағлұмат беретін, нақты қандай орындардың бейресми басылымдарға қарсы, қандай іс-әрекеттер жасағанын көрсететін, жалпы ұлттық газеттердің қандай жағдайда шығып тұратындығынан түсінік беретін, кезінде шекесіне "күпия", "аса күпия" деген белгі салынған, "Алаш" газетіне қатысты мұрағат құжаттарының бірнешеуіне тоқтайық.

Түркістан әскери округінің штаб бастығының Сырдария облысының әскери губернаторына 1916 жылдың 3 желтоқсанында жолдаған хатында, жергілікті "Туркестанский курьер" газетінің, 30 қарашадағы 259-санында, қазақ газеті "Алаштың" бірінші

санының 26 карашада жарық көргені туралы жазғанын айта келе: "Ввиду того, что все газеты на мусульманском языке выходят с предварительной цензурой, прошу распоряжения Вашего Превосходительства сообщить программу газеты "Алаш" и кто состоит редактором, а также обязать этого последнего представлять накануне выхода номера этой газеты, корректурный оттиск такового для предварительного цензурного просмотра в местной военно-цензурной комиссии."

Приложение: Выписка из газеты "Туркестанский курьер" за 30 ноября 1916г. № 259.

За Начальника штаба. Полковник (колы)" (329).

Бұл құжат біріншіден, барлық мұсылман газеттерінің алдын ала жергілікті әскери-цензуралық комиссиядан өту керектігін көрсетсе, екіншіден, сол кездегі Түркістан билеушілерінің "Алаш" газетінің шығуына жедел көңіл аударғандығын көрсетеді.

Екінші бір "Алаш" газетінің шығуы, оның шығарушылары туралы мол мәлімет берген, олардың мақсаттары туралы айтқан, газетке терең және жан-жақты талдау жасаған, деректік маңызы үлкен мұрағат құжаты, сол 1916 жылдың 19 желтоқсанында Түркістан өлкелік қорғау бөлімінің бастығының Түркістан генерал-губернаторының атына жазған 4 беттік үлкен хаты.

Хатта, сол жылдың 16 шілдесінде Сырдария облысының әскери губернаторының Мариям Тоғысоваға Түркістан өлкесінде қазақ тіліндегі бірінші бейресми "Алаш" атты газет шығаруға № 21329 куәлік берілгенін айта келе, "Алаш" деген сөздің мәнін, сол атпен Ташкентте құрылған қоғам туралы және олардың құрушысы туралы: "Слово "Алаш" – "Киргиз" в то же время означает призыв на помощь. Под этим же названием "Алаш" известно целое племя киргизов и существует в Ташкенте культурно-просветительное общество "Алаш", прогрессивного направления членами коего принимаются лица, вносящие не менее 25 рублей в год.

Учредителем сего общества является муж упомянутой Тогусовой киргиз Семипалатинской области Зайсанского уезда, Чарпинской волости Кольбай Тогусович Тогусов, он же Толенгутов, 32 лет" (330) – дейді.

Одан әрі хатта қорғау бөлімінің бастығы К.Тоғысов туралы онша жақсы емес мәліметтер алуыма байланысты мен олардың өмір тарихын тереңірек тексеруге мәжбүр болдым дей келе, Тоғысовтардың Ташкентке қашан келгендігі, К. Тоғысовтың

Зайсан уезінде тұрған кезінде, 1908 жылы тергеуде болғандығын, 1911 жылы сотталып, Семей түрмесінде 1 жыл отырып, 1912 жылы шыққандығы, Наманган уезінде оған қарсы қылмысты іс қозғалғандығы туралы айтып, барлық істері бойынша нақты статьяларын көрсете келе: "По сведениям агентуры, Кольбай Тогусов является фактическим редактором и издателем газеты "Алаш", также как и главным вдохновителем деятельности культурно-просветительного общества того же имени" (331) — деп, К.Тоғысовтың бар өмір тарихын айтып береді. Ал М. Тоғысова туралы қолайсыз мәліметтер табылған жоқ дейді.

Хатта "Алаш" қоғамының алдына өз баспа органын шығарып, қазақтар арасына қазақ тілінде баспа өнімдерін: газет, журнал, кітап тарату арқылы, өз халқын қалың ұйқыдан ояту, ғылымға, білімге, мәдени өмірге тарту, барлық қазақтарды ұлт ретінде бірігуге үгіттеу дей келе: "По словам Тогусова киргиз в России около девяти миллионов и представляется необходимым пробудить их к культурной работе и объединению, чтобы в конечном результате добиться автономии, как для совершенно отдельной национальности" (332) — деп, халықты оятудың, мәдени шаралардың түпкі мақсаты қазақтарға жеке ұлт ретінде автономия әперу екендігін айтады. Одан әрі бұл хаттың көңіл аударатын бір қызықты жері, ол — К. Тоғысовтың неліктен қазақтарды біріктіруге асығуы себебін көрсетуі. Хатта: "Скорейшее объединение киргиз особенно необходимо потому, что в недалеком будущем большую опасность для самобытности киргизского населения Туркестанского края может представить надвигающаяся опасность со стороны их соседей сартов, среди которых за последние время стали усиленно пропагандироваться идеи о необходимости отрешения от первобытного образа жизни и распространения образования. Таким образом, если киргизы теперь-же не пробудятся от вековой спячки и не примут меры к проведению в жизнь национального и культурного объединения, то они рискуют быть поглощенными высшей цивилизацией и навсегда утратят свою национальную самобытность" (333) — деп, Түркістан өлкесінде басталып келе жатқан, қазақ зиялыларын ойландырған қоғамдағы өзгерістерден хабардар етеді.

Ия, бүгінгі күні Өзбекстанда миллионнан астам қазақтардың төл құжаттарына "өзбек" деп жаздырып, "өзбек" болып өмір сүріп

приступил к организации Советской власти. Ставленник Временного правительства Букейханов с приспешниками скрылись от справедливого народного суда, меры к розыску приняты. На днях выезжаю в область для личной организации на местах Советской власти. Помощником народного комиссара Тургайской области мною назначен лично мне известный... Тунгачин, которого прошу утвердить по телефону.

Народный комиссар Тургайской области Джангильдин", - деп жазылған (668).

Мәскеулік қожайындардың өздерінің Қазақстандағы қолшоқпарларының өтінішін ескерусіз қалдырмағандығын РСФСР ішкі істер халық комиссарының Торғай уәздік Кеңесіне 1918 жылдың 21 ақпанында жолдаған теллеграммасынан көруге болады. Онда былай деп жазылған: "Против местных контрреволюционеров подлежит принять самые решительные меры, энергично подавляя малейшую с их стороны попытку к возбуждению масс против Советской власти. Замена административных должностей предоставляется всецело на усмотрение Совета. Кредит в размере 10000 рублей переведен. Одновременно почтой высылаются узаконения правительства, вестник комиссариата внутренних дел и инструкции.

За народного комиссара внутренних дел Лацис" (669).

Қазір Мәскеу архивінде сақтаулы тұрған бұл деректердің ғылым үшін маңызын айтып жеткізу мүмкін емес. Өйткені, большевиктердің өз қолымен жасалынған бұл деректер, біріншіден – Торғай уезіндегі кеңес өкіметінің басшыларының Мәскеуден, тек ақыл-кеңес қана емес, сонымен қатар, нақты нұсқаулар мен ақшалай қаражат алып отырғандарын, екіншіден – олардың алдында есеп беріп, өздерінің кейбір шешімдерін бекіттіріп алып отырғандарын, үшіншіден және ең бастысы, жергілікті жерлерде кеңес өкіметін қолдан орнатқандықтарын көрсетеді. Мұның бәрі Қазақстанда кеңес өкіметі халық бұқарасының қызу қолдауымен және солардың тікелей араласуымен орнады деген лақапты толығымен жоққа шығарады.

Кеңес өкіметінің қазақ топырағында ешқандай негізі жоқ, сырттан күшпен таңылған саяси құрылыс екендігін 1925 жылы өлкені "басқаруға" келген Ф. Голошекиннің, 8 жылдан соң да

елімізден қазан төңкерісінің ешқандай ізін таппай, өз бетінше "кіші қазан" жасамақ болған әрекеті де дәлелдейді.

Ал, 70 жылдан астам уақыт бойы қарулы күшке сүйеніп адам құқын аяқ асты етіп келген кеңес өкіметінің бұрынғы КСРО көлемінде соққан азғана демократия лебіне шыдамай құлап түсуі Алаш ардагерлерінің кезінде оған қарсы жүргізген күрестерінің әділетті күрес болғандығының ең басты көрсеткіші. Демек, олар қазақ даласына зорлықпен қолдан орнатыла бастаған кеңес өкіметінің жаратылысынан алаш баласына жат, бүкіл табиғаты, бітім-болмысы қазаққа қарсы құбылыс екендігін, сол кезде-ақ көре білген.

Алданған орыс солдаттары мен жұмысшы-шаруаларының зеңбірегіне сүйенген большевиктердің қазақ даласында кеңес өкіметін күштеп орнатуы салдарынан, 1918 жылдың 16 қыркүйегіндегі, 265-санынан кейін "Қазақ" газеті өзінің шығуын тоқтатты.

5 жыл бойы өз ұлты — қазағымен біте қайнасып, оның мүддесін қорғап, жоғын жоқтап, өзінің "Қазақ" деген атына сай қызмет еткен, шын мәнінде ұлттық басылым дәрежесіне көтеріле білген газеттің жабылуына қатысты екі нәрсеге көңіл бөлейік. Біріншісі, газеттің соңғы нөміріндегі Басқарма атынан берілген хабарламада: "Январьдың 17-нен бері большевиктің кесірінен "Қазақ" тоқталып тұрды. Енді газет жұмысы реттеліп келеді. Мезгілінде шығып тұрады" — деп, жазылуы (670). Бұдан, газет шығарушыларының оны жабу емес, керісінше, "мезгілінде шығып тұруын" ойлағандығын, демек, кезінде қаражат жоқтығынан тоқтап қалған "Қазақстан" газеті мен "Айқап" журналынан өзгешелігі "Қазақтың" сыртқы күштің зорлығымен жабылғандығының және кімнің "кесірінен" жабылғандығының айқын көрінуі.

Екіншісі, газеттің қыркүйек айында шыққан соңғы үш санын да бірінші беттерінде, газет атының астында, беттің бірі шетінен екінші шетіне дейін созылған, "ЖАСАСЫН АЛАШ АУТОНОМИЯСЫ! КӨРКЕЙСІН АЛАШ!" — деп үлкен әріптермен жазылған, бұрын мерзімді басылымдарда кездеспеген ұран-айдармен шыққандығы.

Осылай, "Қазақ" "Алаш" атымен өмір сүруін тоқтатқан.

Елде Кеңес өкіметінің, большевиктер диктатурасының орнауы "Қазақ" газетінің де, Алаш ардагерлерінің де, мұндай ата салтына, ұлт дәстүріне сай ерлік істерінің бұрынғыдай жыр-дастандарға арқау болып ауыздан-ауызға тарап, атадан-балаға жетіп ұлт, ұрпақ мақтанышына айналуына кедергі болды. Елін сүйген ерлерді өз халқына жау етіп, елін сатқан ездерді ер етіп көрсеткен күндер басталды.

Дегенмен, уақыт бәрін өз орнына қойды. Мезгіл өте келе ел есінен шығып, халық жадында көмескі тарта бастаған аталар ерлігін "Қазақ" газеті қайта жаңғыртты. Оның беттерінде бейнеленген құбылыстар, тасқа басылған дәйекті деректер Алаштың бүгінгі ұрпағына өз аталарының бұдан 82 жыл бұрын жасаған ерлік істерін сол қалпында жеткізді.

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Сонымен, 130 жылдық тарихы бар қазақ мерзімді басылымының ұлтымыздың жазба деректерінің бірі ретінде, ХХ ғасырға Ресей сияқты алып империяның шеткі аймағындағы бұратана халықтардың бірі ретінде еніп, ғасыр барысында тағдырдың өзіне арнаған “сиының” дәмін толығымен татып, сол ғасырдан өз билігі өзіне тиген, әлем таныған мемлекеті бар, тәуелсіз ұлт ретінде шыққаны елдің, ғасыр бойында жүріп өткен жолын айқындап, оның ғылыми тарихын жазуда ерекше орын алары даусыз. Қазаққа әкелген қайғы-қасіреті мен қуанышы қатар жүрген, қарама-қайшылыққа толы күрделі ғасырдың сырын, сол ғасырмен қатарласа пайда болып, ілесе дамыған қазақ баспасөзін тарих дерек көзі ретінде пайдаланбай толық ашу мүмкін емес.

Дегенмен, мерзімді басылымдар да, басқа да тарих деректері сияқты, өздерін “сыннан” өткізуді, яғни деректанулық талдау жасауды қажет етеді. Деректану ғылымының белгілі бір теориялық-методологиялық заңдылықтарына негізделіп, уақыт ерекшеліктерімен байланысты жүргізілген жұмыстар арқылы ғана мерзімді басылымдардан объективті мәлімет алуға болады.

Мерзімді басылымдарға жататын алғашқы қазақ тіліндегі ресми газеттердің, яғни қазақ тарихының жазба деректерінің жаңа түрінің пайда болуының объективтілігі немесе тарихи алғышарты – отаршылдық. Егер, ХІХ ғасырдың екінші жартысында, әр түрлі бағыттағы басылымдардың Ресейде өте тез қарқынмен дамуы, ондағы жүргізілген саяси-экономикалық реформалардың нәтижесі болса, сол жылдары қазақ тіліндегі газеттердің пайда болуы еліміздегі отаршылдық саясаттың одан әрі күшеюінің, ұлттық езгінің тереңдеуінің салдары болды.

Империя тарапынан отаршылдықтың жаңа жолдары мен формаларын іздестіру, ХІХ ғасырдың соңына қарай, уақыт талабына сай келетін, ұлттық езгінің жетілдірілген “өркениетті” тәсілін – бұратана халықтарды өз тілдерінде газет шығару арқылы рухани отарлау тәсілін дүниеге әкелді. Мұндай тәсіл ұлттық езгінің тарихтан бұрыннан да белгілі барлық түрлерінен әлдеқайда қауіпті еді. Өйткені, ол отарлаушыларға жеке адамдарды ғана емес, тұтас бір халықтарды мәңгірттендіруге көмектесті. Патша өкіметінің тұсында басталып кеңес өкіметінің жылдары жалғастырылған бұл тәсіл Қазақстанда өзінің мол “жемісін” берді.

Ширек ғасырдан астам уақыт, алдымен “Түркістан уалаятының газетін”, кейіннен “Дала уалаятының газетін” шығарып тұрғандағы отарлаушылардың мақсаты – Үкімет жарлықтарын халық арасына тез жеткізумен қатар, қазақтарға Ресейге бодан болудың артықшылықтарын көрсетіп, патша мен оның өкілдерінің жергілікті халыққа деген шексіз “камқорлығын” дәріптеу, ең бастысы ХІХ ғасырдың 80 жылдарынан басталған қазақ жерін талаудың кен өріс алуының “заңдылығын” дәлелдеу болды.

Дегенмен, ресми газеттерді шығарушылардың бұл әрекеттері, ол газеттердің Қазақстан тарихының дерегі ретіндегі маңызын жоққа шығара алмайды. Біріншіден, газеттерді патша әкімшілігінің өз мақсатында пайдалануы қазақ жерін одан әрі отарлаудың қандай тәсілдермен жүргізілгендігін көрсетсе, екіншіден, сол газеттерде редактор, тілші, аудармашы болып жұмыс істеген қазақ зиялыларының және басқа да авторлардың ел өмірінің әр алуан саласынан мағлұматтар беретін мақалалар жазуы, оларды құнды жазба дерек көзіне айналдырды.

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қоғамда болған әлеуметтік өзгерістер мен саяси қақтығыстар қазақ даласына да өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Уақыт тарих сахнасына ұлт бостандығы жолындағы күресте жаңа буын өкілдерін – әр тектілерден шыққан ұлт зиялыларын шығарды. Заман талабына сай, жан-жақты білім алған зиялыларымыздың бір тобы, қалыптасқан тарихи жағдайда ұлт мүддесін қорғау үшін газет шығарудың қажеттігін жақсы түсінді. Нәтижесінде, 1907 жылдың наурызынан бастап қазан төңкерісіне дейін қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен бірнеше ұлттық-бейресми басылымдар дүниеге келді.

Қазақ зиялыларының газет шығару ісіндегі алғашқы қадамдары сәтсіз аяқталғанымен, ұлт мақтанышына айналып, атадан-балаға асыл мұра болып қалатын, ұлт мүддесі үшін күресте әлі бірде-бір қазақ басылымы атқарып көрмеген істер атқарған басылымдар да сол жылдары пайда болды. Осылай, әзірге адамзатқа белгілі бұқаралық ақпарат құралдарының туңғышы – мерзімді басылымдардың, бір-біріне карама-қарсы мақсаттағы әлеуметтік топтардың саналы іс-әрекеттерінің нәтижесінде пайда болғанымен, бүгінгі күні бәрі де қазақ тарихының құнды дерек көзіне айналып отыр.

Сонымен, егер алғашқы қазақ тіліндегі ресми газеттердің дүниеге келуінің басты себебі, қазақ жерін одан әрі отарлаудың күшейтілуі болса, ұлттық-бейресми басылымдардың дүниеге келуінің басты себебі, керісінше, сол отарлаушылыққа қарсы күрестің нәтижесі болды. Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ басылымдарының деректік ерекшелігі де осыдан туындайды.

Қазан төңкерісіне дейін елімізде оннан аса ұлттық-бейресми басылымдар жарық көрді. Олар негізінен екі түрлі тарихи жағдайда шығып тұрды. Егер, “Қазақ газеті”, “Серке”, “Қазақстан”, “Қазақ”, “Алаш” газеттері мен “Айқап” журналы патшалық самодержавие тұсында шықса, “Бірлік туы”, “Сарыарқа”, “Ұран” және “Тіршілік” газеттері Уақытша үкімет тұсында, демек, біршама демократиялық өзгерістер кезеңінде дүниеге келді. Бұл объективті жағдай басылымдар мазмұнына ғана емес, олардың тағдырына да әсер етті. Мысалы, “Қазақ газеті” мен “Серкенің” шықпай жатып жабылуының себебі, оларды шығарушылардың тәжірибесіздігінен, уақыт ерекшелігін ескермей, отаршылыққа қарсы өздерінің наразылығын ашық айтуы болды.

Дегенмен, олардың қайғылы тағдыры кейінгі ұлттық басылымдардың шығарушыларына сабақ болды. Оларды өз ойларын, түпкі ниеттерін ашық айтпай бүркемелеуге үйретті. Мұндай тәсіл олардың шығарған басылымдарының біршама өміршең болуына әсер етті.

Ресми орындардың рұқсатымен шығып тұрғанымен ұлттық басылымдардың әрбір саны қатаң тексеріліп отырды. Басылым тек бекітілген бағдарлама бойынша ғана шығуға тиіс болды. Күдікті мақалалар орыс тіліне аударылып, патша өкіметінің жергілікті әкімшілік орындарына жеткізілді. Көпшілік жағдайда “күдікті” мақалалар үшін нақты басылымға айып салынып, оның редакторы жазаланатын болған. Зерттеушілер ақпан төңкерісіне дейін шығып тұрған ұлттық-бейресми басылымдардың мұндай ерекшелігін ескерулері тиіс.

Ұлттық басылымдардың сипатына, бағыт-бағдарына, демек оларда салынған ақпараттардың мазмұнына әсер еткен факторлардың бірі — қаражат көзі. Қазан төңкерісіне дейін шыққан бейресми басылымдардың бәрі де жеке адамның, немесе бір әлеуметтік топтың қаражатына емес, нақты басылымдарды жаздырып алушылардың, ауқатты азаматтардың берген көмегінің

және жарнамалардан түскен ақшаның негізінде шығып тұрған. Сондықтан олар ұлттық сипат алды. “Қазақстан” газеті мен “Айқап” журналы сол қаражаттың жетіспеуінен жабылып қалды. Бұл факт ұзақ жылдар бойы кеңестік тарихнамада жазылып келген “Айқап” пен “Қазақтың” айтысына таптық-антагонистік сипат беру әрекетінің ойдан шығарылған негізсіз әрекет екендігін және “Айқап” журналы “Қазақ” газетінің қастандық әрекетінен жабылып қалды деген тұжырымның шындыққа сай келмейтіндігін дәлелдейді.

Ал, қазақ халқының келешегі туралы мәселе төңірегінде екі ұлттық-бейресми басылымдардың арасындағы айтыс, кез келген адамдар, саяси топтар немесе басылымдар арасында бола беретін қатардағы пікір таласы. Кімнің пікірі дұрыс екендігін әдетте өмірдің өзі көрсете жатады.

Ұлттық басылымдар өмірге келген уақыт Ресейде, оның ішінде Қазақстанда да нарықтық қатынас, бәсекелестік ел өміріне терең ене бастаған кез еді. Сондықтан, газет шығарушылар өз өнімдерінің өтімді болу жолдарын іздестірулері керек болды. Тек, “Қазақ” газетін шығарушылары ғана өмірдің осы талабын жақсы түсіне біліп, шығарған өнімдерінің сапасының үнемі жоғары дәрежеде болуын қамтамасыз ете алды. Олардың іскерлік, ұйымдастырушылық қабілеттері “Азамат” серіктігін құрудан да байқалады. “Қазақ” газетінің басқалардан гөрі біршама өміршен болуының бір себебі осында.

Кез келген деректің өзіне тән проблемалары болады. Ондай проблемалар ұлттық-бейресми басылымдар да бар. Солардың бірі, нақты мақала авторын анықтау проблемасы. Себебі, қазан төңкерісіне дейінгі газет-журналдарда мақалалар көбіне бүркеншік аттармен берілген. Кей авторлар он шақты бүркеншік есімді пайдаланған. Ол кейде нақты мақаланы кімнің жазғандығын білуді қиындатады. Ал, мақала авторын білу ондағы мәліметтердің шынайылық дәрежесін анықтауға көмектеседі. Осындай, “Қазақ” газетіне құнды мақалалар жазған белгісіз авторлардың бірі “Түрік баласы”.

“Түрік баласының” мақалаларын Міржакып Дулатұлы мақалаларымен салыстыру, оның М. Дулатұлының бірнеше рет қолданған бүркеншік аты екендігін көрсетті. Бұл, әрине, ұлттық-бейресми басылымдардағы әлі белгісіз болып отырған жүздеген

бүркеншік есімдердің бірі ғана. Мысалы, “Қазак” газетінде талай өткір мақалалары жарияланған “Сұңқар” кім? Әлихан Бөкейханды жақтап, оның ұлт үшін үлкен істер істеп жүргенін айтып мақала жазған “Ел баласы” кім? Мұндай, кезінде құнды мақалалар жазған, бірақ өздерінің аты әлі белгісіз болып отырған авторлар көп. Демек, деректанушылардың, жалпы зерттеушілердің алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі сол белгісіз есімдерді анықтау.

Ұлттық басылымдарды тарих дерегі ретінде пайдалану барысында туындайтын проблемалардың бірі – түпнұсқалық. Кезінде арап әріптерімен жазылған газет-журналдарды, бүгінгі зерттеушілердің бәрі бірдей түпнұсқасында оқи алмайды. Сондықтан, зерттеушілердің көбі соңғы жылдары шыққан әр түрлі Жинақтарды пайдаланып жүр. Жинақтар зерттеушілерге уақыттарын үнемдеуге, еш қиындықсыз ұлттық басылым материалдарымен танысуға мүмкіндік береді. Дегенмен, мына нәрселерді ескерген дұрыс. Біріншіден, Жинақтарға газет не журнал материалдары толық енбеген. Сондықтан, зерттеуші кейде, өзіне қажетті деректі табу үшін, түпнұсқамен жұмыс істеуі қажет болады. Екіншіден, кей жағдайда, Жинақта мақала авторы дұрыс көрсетілмеген. Бір автордың мақаласы екінші автордың атымен берілген кездер де бар. Үшіншіден, Жинақтарда деректің мәні мен мазмұнына әсер ететін түпнұсқадан ауытқушылықтар да кездеседі. Сондықтан, зерттеушілер өздері пайдаланған мағлұматтарды түпнұсқамен салыстырғаны дұрыс.

Зерттеушілердің әр түрлі себептермен (техникалық, салғырттық немесе басқалардың мәліметін тексерусіз пайдалану т.б.) өз зерттеу жұмыстарында жіберген қателіктері, оның ондаған оқырмандарын, оған сенген басқа зерттеушілерді қателестіреді. Оның айқын мысалы Р. Құдабаеваның француз тарихшыларына сеніп өз кезегінде, өзіне сенген Елбасын қателестіруі. Бұл факті, әсіресе, қазақ баспасөзі туралы жазған шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне аса үлкен сақтықпен қараудың керектігін көрсетеді.

Қазақ баспасөзі тарихына 1911 жыл, қазақ тіліндегі тұңғыш журнал “Айқап” пен “Қазақстан” газеттерінің шыққан жылы ретінде енді. Бұл басылымдар туралы кеңестік тарихнамада біршама айтылғанымен, әр түрлі әдебиеттерге талдау жасау олардың деректік маңызын ашуға көмектесетін, пайда болу

тарихына қатысты кейбір мәліметтердің анықтай түсудің қажеттігін көрсетті. Мысалы, “Айқап” журналын шығаруды Мұхамеджан Сералин, әдебиеттерде айтылғандай, орыс революционерлерінің қатысуымен емес, тәуекелге бел буып, жалғыз бастаған. Демек, журнал таптық позицияда болған деуге ешқандай негіз жоқ.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижесі “Айқап” журналы мен “Қазақ” газетінің басты айырмашылығы, тарихнамада ұзақ жылдар бойы айтылып келгендей, олардың мақсат-мүдделерінің, идеялық бағыттарының өзгешелігінде емес (керісінше, дәл осы мәселелерде олар бір бағытта болған), басылымдарды қаржыландыру жолдарының екі түрті негізде құрылуында болғандығын көрсетті. Егер, “Қазақ” газеті 1914 жылдың басынан бастап нарықтық қатнас талаптарына сай құрылған “Азамат” серіктігінің ақшасына шыға бастаса, “Айқап” журналы бұрынғыдай рухани туысқандық негізінде қаржы жинау жолымен шыға берді. Көп ұзамай уақыт мұндай тәсілдің тиімсіз екендігін толығымен дәлелдеді.

Әр түрлі пікірлер “Қазақстан” газетінің тарихына, жалпы шыққан санына қатысты да айтылып жүр. Деректерге талдау жасау “Қазақстан” газетінің барлығы 16 санының шыққандығын көрсетіп отыр.

Өкінішке орай, қазан төңкерісіне дейін шыққан мерзімді басылымдар тарихына қатысты қате мәліметтер жариялау “дәстүрі” әлі де жалғасып келеді. Ол тіптен ең салиқалы басылымдардың өзін де қамтып отыр. Мысалы, жаңадан шыға бастаған “Қазақстан” Ұлттық энциклопедиясының I томында “Айқап” туралы айта келе: “Оның... алғашқы редакторы М. Сералин. Журналды шығаруға Ә. Ғашымов, С. Торайғыров ат салысқан” - делінген (671). Біріншіден, М. Сералин “Айқап” журналының бірден-бір редакторы. Журналдың одан басқа редакторы болған емес. Екіншіден, журналды шығарушылар арасында Ә. Ғашымов” - деген адам жоқ. С. Торайғыровтың аллында “Айқап” журналының хатшысы болып Әкірам Ғалымов қызмет істеген. Мүмкін, соның фамилиясы қате берілген болар.

Қазан төңкерісіне дейінгі ұлттық басылымдар арасында “Қазақ” газетінің алар орны ерекше екендігі даусыз. Біріншіден, ол 5 жыл бойы үзбей шығып тұрған жалғыз ұлттық басылым.

Екіншіден, казак тарихындағы болған ең күрделі қоғамдық кубылыстар, сол “Қазак” газеті шығып тұрған жылдарға дәл келіп, газет бетінде бейнеленді. Сондықтан, олардың тарихын “Қазак” газетін дерек көзі ретінде пайдаланбай ашып көрсету мүмкін емес.

“Қазак” газеті, басқа да ұлттық басылымдар сияқты ХХ ғасырдың басында, елімізде қалыптасқан қоғамдық сұранысқа сай пайда болған объективті дүние. Ұлт мүддесін білдіретін ортақ басылымның қажеттігін өткір сезінген Алаш зиялыларының, ұзақ жылдарға созылған саналы да мақсатты іс-әрекеттерінің заңды нәтижесі. “Қазак” сияқты жалпыұлттық газеттің ХХ ғасырдың басында пайда болуы, алғышарты толық пісіп жетілген табиғи кубылыс. Газет табысының қайнар көздерінің бірі осында.

“Қазак” газеті, ақын сөзімен айтсақ, қараңғы казак көгіне, өрмелеп шығып күн бола білді. Ол өзі өмір сүрген жылдар ішінде талай күрделі кубылыстардың, қоғамдық сілкіністердің куәсі болды. Сол аласұрған заманның, аласапыран оқиғалардың бел ортасында жүрді. Халық еркінен тыс казак даласында өтіп жатқан саяси кубылыстар туралы жазу арқылы, сол қайнаған кубылыстар барысын суретке түсіргендей өз беттерінде бейнеледі. Олар туралы мәліметтерді тасқа басып өз беттерінде қаттады. Сөйтіп, “Қазак” казак өмірінің аса бір күрделі кезеңінің шежіресіне, баға жетпес дерек көзіне айналды.

Соңғы жылдары “Қазак” газетіне деген жаппай қызығушылықтың артуы, газет материалдарының негізінде орындалған ондаған ғылыми еңбектердің дүниеге келуі, апталық бетінде кезінде жарық көрген мақалалардың біразының әр түрлі жолдармен қайта басылып шығуы соның дәлелі.

Дегенмен, “Қазак” газеті де, басқа да тарихи деректер сияқты, өзін деректанулық “сыннан” өткізуді, ерекшеліктерін ескеруді қажет етеді. Сондай ерекшеліктердің бірі, оның үш түрлі тарихи жағдайда шыққандығы. Саяси жүйенің, соған байланысты қалыптасқан объективті жағдайдың өзгеруі, газеттің сипатын өзгерте алмағанымен, оның бағыт-бағдарына, мазмұнына, мақсат-мүддесіне түбегейлі өзгерістер енгізді. Мысалы, патша өкіметінің жергілікті әкімшілігі тарапынан жүргізілген қатаң бақылау, ресми цензура және үздіксіз жазалау жағдайында шығып тұрған “Қазак” пен, 1917 жылдың наурызынан бастап шыққан “Қазактың” арасында үлкен айырмашылықтар бар. Оны зерттеушілер ескерулері тиіс.

Тағы бір көңіл аударатын нәрсе газеттің 261-санының екі рет шыққандығы. Және де газеттің негізгі шығарушыларының саяси себептерге байланысты біріншісін принципті түрде мойындамауы. Дегенмен, ғылым үшін оның екеуі де құнды тарих дерегі болып табылады.

“Қазақ” газетінің тарих дерегі ретіндегі тағы бір ерекшелігі, одан алынған мағлұматтардың жан-жақтылығы, ел өмірінің барлық салалары туралы толық мәлімет бере алуы және олардың шынайылық дәрежесінің жоғарылығы. Мысалы, газеттің әлем халықтары тарихында болып өткен бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы жылы дүниеге келуі, оны қазақ халқының соңғы бейбіт жылғы өмірінің, тұрмыс-тіршілігінің, қоғамдық қарым-қатынастарының жазба дерегіне айналдырды. Ал, апталықтан алынған ақпараттардың шынайылық дәрежесінің жоғарылығына келсек, ол газеттің негізгі авторларымен тікелей байланысты. Олар, газет материалдарының жартысынан көбін дайындап, жариялаған Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатұлы. Осылардың, және басқа да газетке үзбей мақалалар жариялап тұрған авторлардың терең де жан-жақты энциклопедиялық білімдері, журналистік шеберліктері, ең бастысы, ұлт ісіне шексіз берілгендіктері, газетте жарияланған әрбір мақаланың танымдық деңгейінің, сапалық қасиетінің жоғары болуын қамтамасыз етті.

Осы орайда, Алаш көсемдері Ә.Бөкейхан мен А.Байтұрсынұлының Ш.Уәлихановтан кейінгі, деректану мәселелері туралы өз ойларын айтқан қазақ ғалымдары болғандығын айтуымыз керек. Қазақтың төл, тума жәдігерлерінің ерекшеліктері туралы Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы айтқан ойлары әлі өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Сонымен қатар, ерекше көңіл бөлетін бір нәрсе - Абай шығармашылығының газет авторларына, солар арқылы газет мазмұнына тигізген оңды ықпалы, үлкен әсері. Абай даналығының ізін газеттің тілінен де, сөзінен де, көтерген мәселелерінен де байқау қиын емес. Демек, “Қазақ” табысының қайнар көзі, рухани бастауы Абай болғандығы күмәнсіз.

Ұлттық басылымдар тарихының жаңа кезеңі ақпан революциясымен тікелей байланысты болды. Патша өкіметінің құлатылуы қазақ тілінде жаңа газеттер шығаруға мүмкіндік берді.

1917 жылдың ортасына қарай еліміздің әр түрлі қалаларында, бұрынғы “Қазақ” газетімен қатар, “Сарыарқа”, “Бірлік туы”, “Ұран”, “Тіршілік”, “Үш жүз” сияқты ұлттық-бейресми газеттер шыға бастады. Осы газеттерге және сол кезде қазақтар мекендеген жерлердегі орыс тілінде шығып тұрған басылымдарға дерек ретінде талдау жасау, Ресей халықтарының, оның ішінде қазақтардың да, дамудың өркениетті жолына түскендігін, елде түбегейлі демократиялық өзгерістердің жүргізгенділігін, нарықтық қатынастардың ене бастағандығын көрсетеді. Сонымен қатар, мерзімді басылымдар әр түрлі ұлттар мен әлеуметтік топтардың өз мүдделері үшін жүргізген күрестері тарихынан да мағлұматтар береді.

Ленин бастаған большевиктер партиясының ұйымдастыруымен болған қазан төңкерісінің, бұрынғы империя халықтарына өлшеусіз қайғы-қасірет әкелгендігі және большевиктік зорлық-зомбылыққа қарсы ұлттың шын мәніндегі “ақыл-ойы, ар-ұжданы, абыройы” болған зиялы қауымның қарсы күрескендігі белгілі. Сол, большевизмге қарсы шыққан топтың алдыңғы қатарында Алаш азаматтарының да болғандығын мақтанышпен айта аламыз. Ұзақ жылдар бойы кеңестік тарихнамада өрескел бұрмаланған бұл күрестің шын тарихы жазылар күн алыс емес. Ал оның нақты дәлелі және жазба дерегі - ұлттық басылымдар.

Сонымен, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ тілінде жарық көрген мерзімді басылымдар, отан тарихының аса бір күрделі кезеңінің жазба дерегін кұрайды. Дегенмен, басқа деректер сияқты, олар да өздерін деректанулық “сыннан” өткізуді қажет етеді. Басылымдардың өздеріне ғана тән ерекшеліктерін ескеріп, әр түрлі тәсілдерді пайдалану арқылы жүргізілген деректанулық талдау, олардан шынайылық дәрежесі мен ғылыми құндылығы жоғары мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

Әрине, жұмыста қазан төңкерісіне дейін жарық көрген қазақ тіліндегі мерзімді басылымдарға толық та, жан-жақты деректанулық талдау жасалынды деп айту қиын. Қазақ баспасөзін XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерек көзі ретінде талдау жұмысының алда өз жалғасын табары күмәнсіз. Ол бірнеше бағытта жүргізілуі мүмкін.

Біріншіден, жұмыста зерттеу объектісі ретінде қарастырылған басылымдарды өзіндік дерек көзі ретінде жеке алып талдауға немесе бағыт-бағдарына сай, ресми газеттер мен ұлттық-бейресми басылымдарды бөлек талдауға болады. Мысалы, “ТУГ” мен “ДУГ” зерттеу объектісі ретінде арнайы қарастыру қазақ даласын одан әрі отарлау процесінің тарихына тереңірек үңіліп, әр түрлі қырларын ашуға мүмкіндік берсе, ұлттық басылымдарды терең зерттеу қазақ қоғамының қазан төңкерісі қарсаңындағы өмірінен мол мағлұмат алуға көмектеседі. Сол сияқты жұмыстың хронологиялық шеңберінен тыс қалған, бірақ өздерінің пайда болу жағынан ұлттық бейресми басылымдар тобына жататын “Үш жүз”, “Жас азамат” газеттері мен “Абай” журналын да дерек көздері ретінде арнайы қарастыруға болады.

Екіншіден, кейбір өмірлік маңызы бар түйінді мәселелер туралы барлық басылымдар да жазған. Сондықтан нақты проблемалар бойынша басылымдарға өзекті деректанулық талдаулар жасауға болады. Мысалы, жер мәселесін немесе оқу-ағарту мәселесін т.б. мерзімді басылымдардың өзекті тақырыбы ретінде алып арнайы қарастыру осы мәселелерге деген әр түрлі топтардың көзқарасын анықтауға және оларды бір-бірімен салыстыруға көмектесері даусыз.

Жалпы, қазақ баспасөзін тарихи дерек көзі ретінде әр түрлі бағытта қарастыру ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының тарихын жан-жақты зерттеуге, оның әлі де ғылымға белгісіз жақтарын ашуға мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Оған қажетті материалдар ұлттық басылымдарда жеткілікті. Мысалы, ғасыр басындағы қазақ өмірінде көріне бастаған жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастардың, қазіргі тілмен айтсақ, нарықтық қатынастардың ел арасына енуі мен даму жолдары тек баспасөз деректерінің негізінде ғана толық ашылып көрсетілуі және объективті зерттелуі мүмкін.

Үшіншіден, қазақ баспасөзінің көрсетілген кезеңдегі қазақ халқы тарихының дерек көзі ретіндегі маңыздылығы, оларға қатысты деректанулық зерттеу жұмыстарын кейбір проблемалар бойынша үздіксіз жалғастырып отыруды қажет етеді. Мысалы, газет не журналдың деректік маңызын ашуға көмектесетін нақты басылым тарихына қатысты белгісіз мәліметтерді анықтап,

толықтырып отыру, авторлар туралы мәліметтер жинау, олардың әлеуметтік тегін, мамандықтарын, білім дәрежелерін, саяси көзқарастарын, қоғамдық позицияларын т.б. анықтау, белгісіз бүркеншік есімдерді анықтау, басылымдардың жоғалған сандарын іздестіру т.т. бірнеше зерттеушілерден, тіптен зерттеушілер ұрпақтарынан еңбек жалғастығын талап ететін күрделі проблемаларға жатады.

Сонымен қатар, аталған басылымдарды тарих ғылымының археология, этнология, тарихнама сияқты басқа да салалары бойынша зерттеу объектісі ретінде қарастыруға да болады. Мысалы, алғашқы қазақ басылымдарында, әсіресе, ұлттық бейресми басылымдарда қазақтар тарихына қатысты көптеген мақалалар басылған. Бұл тақырыпты қазақ баспасөзінің өзекті тақырыптарының бірі деп айтуға болады. Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы бастаған ондаған авторлар өз ұлтының тарихы туралы жазып, жалпы тарих ғылымы туралы көзқарастарын білдірген. Олардың баспасөз бетінде қалдырған тарихқа қатысты мол мұраларына тарихнамалық талдау жасау тарих ғылымын байыта түсер еді.

Демек, қазан төңкерісіне дейінгі қазақ баспасөзі өзін әлі де терең талдауды қажет ететін өзіндік ерекшелігі мол дерек көзі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Ключевский В.О. Сочинения в девяти томах. Т.VII. М.: Мысль, 1989. -503 с. (5).
2. Сыздыкова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Алматы: Қазақ университеті, 1991. - 272 б. Б. 37.
3. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы: Санат, 1997. - 320 б. (11).
4. Қозыбаев М. Ғұмырнама жанрын зерттеу мәселелері //Қазақ тарихы. 1997. № 4, 37-44 бб.
5. Сонда.
6. Биск И. Я. Пресса Веймарской республики как исторический источник. Автореф. док.дисс. Томск. 1974. 37 с. (4-5).
7. Сонда. С.14.
8. Черноморский М.Н. Периодическая печать М.: МГУ, 1956; Антонова С. И. Периодическая печать как исторический источник по истории СССР //1895-1917 гг. М.: МГУ, 1966. 56 с.; Панфилова А.М. Советская периодическая печать как исторический источник. М.: МГУ, 1975. 64 с.
9. Ключевский В. О. Сочинения ... С.6.
10. Сонда.
11. Комеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. Алма-Ата: Наука, 1972. 156 с. Соныкі. Арабские и персидские источники по истории кипчаков VIII-XIV вв. Алма-Ата: Наука, 1987. 41 с.
12. Юдин В. П. Орды: Белая, серая, золотая. ВНИ. Утемишходжи. Чингиз-наме. Алма-Ата: Ғылым, 1992. 291 с. (14-89).
13. Хафизова К. Ш. Китайская дипломатия в Центральной Азии (XIV-XIX вв.) Алматы: Ғылым, 1995. 288 с.
14. Сұлтанов Т.И. Кочевые племена Приаралья XV-XVII вв. М.: Наука, 1982. 133 с.
15. Абусейтова М. Х. Казахстан и Центральная Азия: политические, международные и культурные связи (XV-XVII вв.). Автореф. док.дисс. Алматы. 1997. 49 с.
16. Қадыртаева М. А. Документальные материалы ЦГА КазССР по истории освоения целинных и залежных земель как исторический источник. Автореф. канд. дисс. Алматы. 1974. 29 с.

17. Сексенбаева Г. А. Документы фонды народного комиссариата земледелия КазАССР по аграрной реформе в Казахстане в 20-е годы. Автореф. канд. дисс. Алматы. 1994. 21 с.
18. Жакишева С. А. Бай-“полуфедалы” в Казахстане на рубеже 20-30-х годов: историко-источниковедческий анализ проблемы: Автореф. канд. дисс. Алматы. 1996. 25 с.
19. Уәлиханов Ш. Тандамалы. Алматы: Жазушы, 1985, 569 б.
20. Бөкейхан Ә. Тандамалы. Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы. 1995. 480 б.
21. Байтұрсынов А. Ақ жол. Алматы: “Жалын”, 1991. 464 б.
22. Сүлейменов О. АЗиЯ. Алматы: “Еңбек”. 1992. 204 б.
23. Атабаев Қ. Мерзімді басылым ХІХ ғасырдың аяғы ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде. Алматы: “Қазақ университеті”, 1998. 192 б. (15-21).
24. Сонда. Б. 21-27.
25. Сонда. (27-35).
26. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: “Жазушы”. 1985. 368 б.
27. Бекмаханов Е. Қазақстан в 20-40-е годы ХІХ века. Алматы: “Қазақ университеті”, 1992. 400 с.
28. Нұрпейісов К. Алаш ьәм Алашорда. Алматы: “Ататек”, 1995. 256 б.
29. Касымбаев Ж. История города Семипалатинска (1718-1917 гг.). Алматы: 1998. 275 с. Соныкі: Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.) Алматы: Білім, 1999. 288 с.
30. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы: “Санат”, 1995. 368 б.
31. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан кәсіреті. Алматы: Санат. 1997 320 б.
32. Сыздықов С.М., Айдаров Ғ. Орхон жырлары – тарихи дерек. Алматы: 1991. 78 б.
33. Ирмуханов Б.Б. Прошлое Казахстана в письменных источниках. Алматы: Өлке, 1998. 370 с.
34. Кереева-Канафиева К.Ш. Дореволюционная русская печать о Казахстане. Алма-Ата. Казгосиздат, 1963. 303 с.
35. Толочко В.С. Проблемы истории Казахстана ХІХ в. в военной периодической печати. Автореф. канд. дисс. Алма-Ата, 1978.

36. Алексеенко В.Н. Вопросы истории Средней Азии и Казахстана в освещении русских дореволюционных журналов (втор. пол. XIX вв.) Автореф. док. дисс. М., 1989.
37. Бейімбет. “Айқап” ойларында бар ма? //Қазақ. 1915. № 143.
38. “Айқап” тоқтатылу //Қазақ.1915. № 148. 8 сентябрь.
39. Сонда.
40. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы. 1964. 266 б. (101-102).
41. “Қазақтың” жабылуы... //Бірлік туы. 1918. 20(7) февраль. № 22.
42. Әуезов М. (Қоңыр). Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі //Шолпан. 1923. № 4-5.
43. Әуезов М. Ақанның елу жылдық тойы (юбилей) //Ақ жол. 1923. 4 ақпан.
44. Шамил М. (Сейфуллин С.). О киргизской интеллигенции //Жизнь национальностей. № 75. 25 ноября 1920 г.
45. Мұқанов С. Қазақстанда қандай газеттер болды? //Еңбекші қазақ. 1925. 5 мамыр.
46. Байділдаұлы Ә. Баспасөз күніне. //Еңбекші қазақ. 1926. 5 мамыр.
47. Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу. Алматы: Жазушы, 1988. 448 б. (60).
48. Богачев Алаш-Орда. В кн. Г.Сафаров. Колониальная революция (Опыт Туркестана). Алматы: Жалын, 1996. 272 с.
49. Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алашорды. Алма-Ата-Москва: Казахстанское краевое изд-во. 1935. 149 с.
50. Рыскулов Т. Избранные труды, Алма-Ата: “Қазақстан”. 1984. 259 с.
51. Асфендиаров С.Д. Национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане. Алматы: Каз. краев. изд., 1936. 149 с.
52. Нұрпейісов К. Алаш Һәм ... Б.22.
53. Қазақ ССР тарихы. Өңделіп толықтырған 2-ші бас. Алматы, 1949. 527 б.
54. Зиманов С.З., Идрисов К.З. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. Алма-Ата: Наука, 1989. 163 с.
55. Сәбитов Н. Библиографический указатель материалов по истории Казахстана. Алматы: 1947. 36 с.

56. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860-1958). Алматы: Мектеп, 1981. 240 б. (55).
57. Амандосов Т. Верныйдағы большевиктік тұңғыш қазақ газеті. Алматы: Қазмембас, 1959. 36 б.
58. Имашев С. Зарождение коммунистической печати в Казахстане. Алма-Ата: Казахское гос. изд. 1961. 112 с. Соныкі. Свет ленинских идей. Алма-Ата: Казахстан, 1985. 470 с.
59. Фетисов М. Зарождение казахской публицистики. Алма-Ата: Каз.гос. изд. 1961. 440 с.
60. Кенжебаев Б., Қожекеев Т. Қазақ совет баспасөзі тарихынан. Алматы: 1962.
61. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. Алматы: Мектеп, 1981. 240 б.
62. Бекхожин Х., Козыбаев С.К., Матвиенко С.С. Очерки истории журналистики Казахстана. Алма-Ата: Казахстан, 1988. 192 с.
63. Бейсембиев К.Б. Идеино-политические течения в Казахстане конца XIX - начала XX века. Алма-Ата: Изд. АН КазССР. 1961. 309 с.; Соныкі. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана. Алматы: "Қазақстан", 1976, 428 с.
64. Турсунбаев А.Б. Казахский аул в трех революциях. Алматы: Казахстан 1967. 463 с.
65. Кабдиев Д.К. Развитие экономической мысли в Казахстане (конец XIX - начала XX вв.) Алматы: Казахстан, 1978. 192 с.
66. Зиманов С.З., Идрисов К.З. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. Алматы: Наука, 1989. 163 с.
67. Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 гг.) Алма-Ата: Наука, 1984. 272 с.
68. Бейсембиев К.Б. Очерки истории ... С.283.
69. Сонда. С.315.
70. Зиманов С.З., Идрисов К.З. Общественно-политические... С.11.
71. Әбдіқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы: Ғылым. 1971. 188 б.
72. Исаев С. Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы. Алматы: Казахстан, 1963. 240 б.

73. Сармурзин А., Қойгелдиев М. Халықтың жарық жұлдызы //Жұлдыз. 1990. № 9. 189-194 бб; Әлмұханова Р. “Қазақ” газеті жайында //Қазақстан коммунисті. 1991. № 1; Әнесұлы М. Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі //Ана тілі. 1992, 7 мамыр; Дәуітұлы С. Халықтың мұңын мұндап жоғын жоқтаған //Алматы ақшамы. 1993, 2 ақпан; Момынова Б. “Қазақ” газеті және әдеби тіл //Ана тілі. 1993, 28 қаңтар; Оразай Ф. “Қазақ” қайта шыға ма? // Қазақ әдебиеті. 1993, 29 қаңтар; Күмісбайұлы Ш. Атақты мектеп атаусыз қала ма? //Қазақ елі. 1998, 16 қаңтар; Мектептегі А. Алашорданың сырлы шежіресі // Қазақ елі. 1998, 11-шілде; Ыбырайымова М. “Сарыарқа” газетінде көтерілген мәселелер //Қазақ тарихы. 1999. № 3. 67-69 бб. Кәкішұлы Т. “Айқап” пен “Қазақ” арасы //Алматы ақшамы. 1999, № 92-96, 9, 11, 13, 16, 18 тамыз т.б.

74. Омашев Н. Қазақ радиожурналистикасы. Алматы: Қазақ университеті, 1992. 264 б.; Соныкі. Жол үстінде - журналист. Алматы: Атамұра, 1999. 168 б.

75. Әбдіманов Ө. “Қазақ” газеті. Алматы: Қазақстан. 1993. 168 б.

76. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. (1870-1995). Алматы: “Рауан”, 1996. 244 б. Нұсқабайұлы Ж., Аллаберген Қ. Көне басылымдар. Құнды деректер Аяулы есімдер. Алматы: Рауан, 1997. 256 б.

77. Аманжолова Д.А. Партия Алаш: история и историография. Учебное пособие. Семипалатинский педагогический институт им. Шакарима, 1993. 137 с. Соныкі: Казахский автономизм и Россия. Москва. Издательский центр Россия молодая, 1994. 217 с.

78. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы...

79. Нұрпейісов К. Алаш һәм ...

80. Ахмедов Ғ. Алаш “Алаш” болғанда. Алматы: Жалын, 1996, 224 б.

81. Мұхатова О. Қазақстандағы ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарында-ғы аграрлық реформалар тарихнамасы (1900-1929 жылдар). Алматы, 1998. 119 б.

82. Махаева А.Ш. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы. Т.ғ.к. дисс. автореф. Алматы, 1995. 25 б.

83. Мекебаев Т.Қ. Уақытша үкіметтің Қазақстандағы билік органдарының қызметі. Т.ғ.к.дисс.автореф. Алматы, 1996. 26 б.

84. Рүстемов С.К. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі мұсылмандық қозғалыс. Т.ғ.к. дисс. автореф. Алматы, 1997. 26 б.

85. Раджапов А.Ө. Оңтүстік Қазақстан 1917 жылғы қос революция тұсында. т.ғ.к.дисс.автореф. Алматы, 1998. 26 б.

86. Ілиясова К.М. Қазақ съездері: қаралған мәселелері, шешімдері және олардың орындалуы (1917-1919 жж.) т.ғ.к. дисс. автореф. Алматы. 1999. 30 б.

87. Мұстафа Шоқай. Мария Шоқай. Естеліктер. Стамбул, 1997. 272 б.

88. Беннигсен А., Лемерсье-Келькежей Ш. Баспасөз және 1920 жылға дейінгі Россия мұсылмандары арасындағы ұлттық қозғалыс //Қазақстан коммунисті. 1991. № 10. Б.72-78.

89. Дениз Б. Газет неге “Қазақ” аталды? //Қазақ әдебиеті. 1993, 5 наурыз.

90. Беннигсен А., Лемерсье-Келькежей Ш. Баспасөз және ... //Қазақстан коммунисті. 1991. № 10. Б. 77.

91. Кудабаева Р. Газета “Казах” как исторический источник //Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение. Сборник статей. Алматы. 1993. 168 с. (153-163).

92. Сімітқов Ж. Ұлттық басылымдар тарихи дерек ретінде //Қазақ тарихы. 1996. № 5. 62-65 бб.

93. Кудабаева Р. Газета “Казах” как ... С.162.

94. Субханбердина Ү. “Түркістан уалаятының газеті” (1870-1882): /Архив қазынасын ақтарғанда //Білім және еңбек. 1962. № 5. 24-26 бб.; Соныкі. Әйгілі “Қазақ” газеті //Зерде. № 5. 40-42 бб.; Соныкі. “Айқап” туралы ақиқат //Зерде. 1991. № 11.; Соныкі. Қазақ газеттерінің тарихынан. “Қазақ”, “Алаш”, “Сарыарқа”. Алматы: Ғылым, 1993, 200 б. Б.5-19. т.б.

95. “Қазақ” газеті. Жинақ. Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы. 1998. 560 б.

96. Сақов Қ.Ө. “Қазақ” газетіндегі ұлттық-саяси мәселелердің жазылуы. Ф.ғ.к.дисс. автореф. Алматы, 1998. 26 б.

97. Назарбаев Н. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999. 296 б. (162-165).

98. “Дала уалаятының газеті”, Адам, қоғам, табиғат. 1888-1902. Алматы: Ғылым. 1994. 816 б.

99. “Айқап”, Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы. 1995. 368 б.
100. “Қазақ” газеті. Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы. 1998. 560 б.
101. Бөкейхан Ә. Шығармалар. Алматы: Қазақстан, 1994. 334 б. Соныкі, Таңдамалы /Избранное/ Алматы: Қазақ энциклопедиясы. Бас редакциясы. 1995. 480 б.
102. Байтұрсынов А. Шығармалары, Алматы: Жазушы, 1989. 320 б. Соныкі, Ақ жол, Алматы: Жалын. 1991. 464 б.
103. Дулатов М. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1991. 334 б., Дулатұлы М. Шығармалары, 2-т., Алматы: Ғылым, 1997. 344 б.
104. Шонанұлы Т. Жер тағдыры - ел тағдыры. Алматы: Санат, 1995. 224-б.
105. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. Алматы: Атамұра, 1993. 128-б.
106. Ахмедов Ғ. Алаш “Алаш” болғанда. Алматы: Жалын, 1996. 224-б.
107. Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. Алматы: Жеті жарғы, 1996. 224-б.
108. Өзбекұлы С. Арыстары алаштық. Алматы: Жеті жарғы, 1998, 192-б.
109. Қалиұлы Ж. Мамания. Алматы: Атамұра, 1999. 272-б.
110. “Қазақ” газеті: Жинақ. Б. 528-545.
111. 1917 г. В Казахстане. Документы и материалы. Алма-Ата: Казахстан, 1997. 284 с.
112. Субханбердина Ү. “Айқап” бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. Алматы: Қазмембас. 1961. 156 б.; Соныкі, Қазақтық революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. Алматы: ҚазССР ҒА баспасы. 1963. 292 б.; Соныкі, “Қазақ”, “Алаш”, “Сарыарқа”. Алматы: Ғылым, 1993. 200 б.; Соныкі, “Дала уалаятының газеті”, Алматы: “Ғылым”, 1995. 216 б.; Соныкі, Қазақ халқының атамұралары. Алматы: ҚР Орталық ғылыми кітапханасы, 1999. 834-б.
113. Чернышевский Ч.Г. Полн. собр.соч., Т.9, С.-787.
114. Құрметті оқушылар. (Бас мақала) //Қазақ. 1913, № 1, 2 февраль.
115. Әуезов М. Ғылым тілі (Научный термин) //Абай, 1918, № 7.

116. Сонда.
117. Ғылым тілі туралы сұрау //Абай, 1918, № 10, 8-9 бб.
118. Байтұрсынов А. Тезисы о терминологии на тюркских языках //Бюллетень оргкомитета по созыву Всесоюзного тюркологического съезда. № 2, Баку, 28 февраля 1929 года. С.20-22.
119. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1989, Б.215.
120. Азапты айдаудағы арман //Егемен Қазақстан, 1997 ж., 7 мамыр.
121. Ахмедов Ғ. Азалы жылдар //Қазақ әдебиеті, № 21. 1997 ж., 27 мамыр.
122. Қозыбаев М. Ғұмырнама жанрын зерттеу мәселелері // Қазақ тарихы. 1997. № 4. 42-б.
123. Абусейтова М. К проблеме источниковедения средневекового Казахстана. //Отечественная история. 1998. № 1. С.44.
124. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзі тарихынан. Алматы. 1950. Имашев С. Зарождение коммунистической печати в Казахстане. Алма-Ата, 1961.; Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. Алматы, 1964.; Соныкі. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. Алматы, 1981; Бекхожин Х. Н., Қозыбаев С. К., Матвиенко С.С. Очерки истории журналистики Казахстана. Алма-Ата, 1988 т.б.
125. Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеудегі өрескел қтеліктер //Социалистік Қазақстан, 1951 жыл, 17 ноябрь.
126. Сонда.
127. Сонда.
128. Сонда.
129. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. Б.55.
130. “Қазақ әдебиеті”. 1967 жыл 5 май.
131. Дулатұлы М. Шығармалары. II-том. 11-б.
132. Субханбердина Ү. “Қазақ”, “Алаш”, “Сарыарқа”, Б.196-199.
133. Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. Алматы: Жеті жарғы, 1996. Б.224. (26).
134. Кәкішев Т. Садақ. Алматы: Жалын, 1986, 264 б. (129-130).
135. Журнал мақалаларының көрсеткіші. (1917-1930). Алматы. 1985.
136. Сүлейменов О. Азия, Б.5.
137. Сонда. Б.176.

138. Сонда. Б.172.
139. Дулатов М. Жер аудару //Қазақ, 1913, № 9, 6 апрель.
140. Омарбеков Т. Рухани көсем болған //Ақиқат. 1998. № 8. Б.64.
141. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Б.88.
142. Юбилей “Казах”//Оренбургская газета, № 31. 1914, 7 февраля.
143. Сонда.
144. Сонда.
145. Кудабаева Р. Газета “Казах” как исторический источник. В кн.: Казахстан в начале XX века. Сборник статей. Алматы. 1993. Сімітқов Ж. Ұлттық басылымдар тарихи дерек ретінде //Қазақ тарихы. 1996. № 5.
146. Дулатұлы М. Көрсетілген еңбек. Б.275.
147. Кудабаева Р. Көрсетілген еңбек. Б.155.
148. Сонда. Б.157.
149. Назарбаев Н. Тарих толқынында. Б.163.
150. Сүлейменов О. Азия. Б.80.
151. Дениз Б. Газет неге “Қазақ” аталды? //Қазақ әдебиеті. 1993, № 10, 5 наурыз.
152. Сонда.
153. Әбілқасымов Б. Тұңғыштың тынысы //Ана тілі. 1992. № 18.
154. Субханбердина Ү. “Айқап” бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. Алматы, 1964. 4 б.
155. Субханбердина Ү. “Түркістан уалаятының газеті”//Білім және еңбек. 1962 . № 5.
156. Жақып М. Сойыл соғар үнпарақтар //Ақиқат. 1995. № 5, 85-86 бб.
157. Шонанұлы Т. Жер тағдыры - ел тағдыры. Алматы: Санат, 1995. 224 б. (209).
158. Сонда, Б.13.
159. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. 28 б.
160. Сонда. 38-39 бб.
161. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. 128 б. (32).
162. Жақып М. “Түркістан уалаятының газеті” және орыс баспасөзі //Жұлдыз. 1996. № 12. 188-189 бб.
163. Сонда.

164. Сонда.
165. ӨР ОММ. И-І к., І-т., 49а іс, 75 п.
166. ӨР ОММ. И-І қ., 20-т., 1748 іс, ІІ п.
167. Сонда.
168. Сонда. 74-75 пп.
169. ӨР ОММ. И-І к., Іт., 49 а іс, 74 ср.п.
170. Сонда.
- 171..Сонда.
172. Сонда. 74 ср, -75 пп.
173. Сонда. 75 п.
174. ӨР ОММ. И-І к., 28т., 10 іс, 129-130 пп.
175. Сонда. 131 п.
176. Сонда. 131-132 пп.
177. ӨР ОММ. Іқ., 20 т. 2432 іс. 5п.
178. Сонда. И-Іқ., 20т., 10599 іс, 10п.
179. Сонда. 10 ср.п.
180. Сонда. 10-11пп.
181. ӨР ОММ. Іқ., Ііт., 10 іс, 17 п.
182. Тайшыбай З. Қазақтың қазақтан басқа досы жоқ
//Орталық Қазақстан, 1992. 9 мамыр.
183. Кадеев П. Қазақ баспасөзінің тұңғыш қарлығашы
//Оңтүстік Қазақстан, 1993, 8 мамыр.
184. Сонда.
185. Дулатов М. Баспасөз үмесі //Еңбекші қазақ. 1923, 5 мамыр.
186. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер.
1956, Б.15.
187. Бекхожин Х.Н. “Первая казахская газета “Дала уалаяты”
(1888-1902 гг.) Автореф. канд. дисс. Алма-Ата. 1949. 27 с.
188. Ғалым-библиограф. Алматы: Ғылым, 1997. 136 б. (110).
189. Алекторов Е. Указатель книг, журналов и газетных статей
и заметок о киргизах. Казань. 1900. С.358.
190. Жақып М. Сойыл соғар үнпарақтар. Ақиқат. 1995. № 5. 86 б.
191. Тайшыбай З. Көрсетілген еңбек.
192. Субханбердина Ү. Қазақтың революциядан бұрынғы
мерзімді баспасөзіндегі материалдар. Алматы: ҚазССР ҒА
баспасы. 1963. 292 б. Соныкі. Қазақ халқының атамұралары.
Алматы, 199. 834 б. (247-329).
193. ҚР ОММ. 15 к., І т., 1834 іс, 133 п.

194. Шонанұлы Т. Көрсетілген еңбек. Б.84.
195. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Б.84.
196. Бекхожин Х.Н. Автореф. канд. дисс. С.8.
197. Тайшыбай З. Қазақтың қазақтан басқа досы жоқ //Орталық Қазақстан, 1992. 9 мамыр.
198. Сонда.
199. Ом ОММ. 64 қ., 2т., 171 іс, 1-54 пп.
200. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы (1870-1995 жылдар). Б.14-15.
201. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газетінің тілі. Алматы. 1971. Б.-33.
202. Сонда.
203. Сонда.
204. “Дала уалаятының газеті”. Жинақ. Адам, қоғам, табиғат. 1888-1902. Алматы, 1994. Б.22.
205. Сонда. Б.24.
206. Сонда. Б.24-25.
207. ҚР ОМА, 64 қ., I т., 15 іс, 406 б.
208. Тайшыбай З. Қазақтың қазақтан басқа досы жоқ //Орталық Қазақстан, 1992. 9 мамыр.
209. Байтұрсынов А. Ақ жол. Б.280-315.
210. Аймауытов Ж. Қазақ әдебиеті, 1989, 20 ақпан.
211. Шонанұлы Т. Жер тағдыры - ел тағдыры. Б.-13.
212. Беннигсен А., Лемерсье-Келькежей Ш. Баспасөз және 1920 жылға дейінгі Россия мұсылмандары арасындағы ұлттық қозғалыс //Қазақстан коммунисті, 1991, № 10. 72 б.
213. Шонанұлы Т. Көрсетілген еңбек. Б.9.
214. Жақып М. “Түркістан уалаятының газеті” және орыс баспасөзі //Жұлдыз, 1996, № 12, 183-189 бб.
215. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. Б.37.
216. Субханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. Алматы: Қазақстан республикасы. Орталық ғылыми кітапхана, 1999, 834 б. (247-329).
217. Федоровский. Фергана облысында Наманган қаласынан... //Т.У.Г. 1882. № 3. 20 февраль. № 4. 27 февраль, № 14. 31 июль.
218. 2 май айында Түркістан уалаятында хабар алып тұратын телеграф деген сым.//Т.У.Г. 1870. № 4. 6 октябрь.
219. Орыс газетіне жазылыпты Ташкенттен Алматы жақтан

- телеграф менен... Т.У.Г. 1871. №18. 6 ноябрь.
220. Быйылғы жыл Түркістан телеграф Мерке деген қалаға шейін жетсе керек... //Т.У.Г. 1872. № 8. 12 апрель.
221. ӨР ОММ И-І қ., Іт., 66320 іс. 23 п.
222. Сүлейменов О. Азия. Б.46.
223. “Дала уалаятының газеті”. Жинақ. Адам. Қоғам. Табиғат. Б.541-542.
224. Сонда. Б.-543.
225. “ДУГ”. Жинақ. (4-кітап). Б.800.
226. “ДУГ”. 5-кітап. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш.
227. Южков Ю. Итоги 27-летнего управления нашего Туркестанским краем //Русский вестник. -1891. № 7. С.69-74.
228. Ом ОММ 36 қ., I т., 2 іс, 92 п.
229. Сонда.
230. Поклон приятелю в степи //ДУГ. 1888, № 13. 4-ші кітап, Б.27-33.
231. Сонда.
232. Мужской гимназия //ДУГ, №36 4-кітап, Б.19-20.
233. Шорманов С. Қазак халқының тұрақ, мекендері. //ДУГ. 1890, 30 март, № 13. 4-кітап, Б.-125.
234. Степной генерал-губернаторының бұйрықтары// ДУГ 1892, № 26. 4-кітап. Б.145-152.
235. Сонда. Б.-249-256.
236. Хроника //ДУГ, 1891, № 26, 4-кітап, Б.206.
237. Сибирские казаки //ДУГ, 1900, №43, 5-ноябрь, 4-кітап, Б.749.
238. Отношения русских к туземцам Средней Азии //ДУГ, 1888, № 12, 4-кітап, Б.34-35.
239. Жакмон А. К вопросу о колонизации киргизских степей //Московские ведомости. 1892, № 159, № 162.
240. Лекторов А. История Оренбургской губернии. Оренбургский листок, 1883. № 5. 30 января.
241. “Степной край”, 1893, № 49, 16 декабря.
242. Әуезов М. Абай жолы. Бірінші кітап. Алматы: Жазушы, 1989. 608 б. (416).
243. Мейрам болған күн //ДУГ, 1882, № 44, 4-ші кітап. 99 б.
244. Қазақтардың жерін... //ДУГ, 1895, № 17, 4-кітап, Б.439.

245. Қазақ халқына атадан балаға мирас қалған жермен пайдалану //ДУГ, 1895, № 38-40, 4-кітап. Б.465.
246. Қазақ халқының арасында егін егіп тәрбие етпектің маслихаты // ДУГ, 1894, № 10, 4-кітап, Б.310.
- ~ 247. Сонда. Б.311.
248. Сонда.
249. Сонда.
250. Артеменко С. Россия ішінен мужыктардың қыр уалаятына келгені турасынан //ДУГ, 1896, 28 июль, № 30, 4-кітап, Б.547.
251. Сонда. Б.548.
252. Сонда.
253. Сонда.
254. Сонда.
255. Сонда. Б.549.
256. Субханбердина Ү. Қазақ баспасөзі тарихынан //“Айқап”. Жинақ. – Алматы, 1995. Б.6.
257. Беннигсен А., Лемерсье-Келькежей Ш. Қазақ баспасөзі //Қазақстан коммунисті, 1991. № 10. 72-77 бб.
258. “Қазақ”. 1913. № 28.
259. Сейдалин Ж.Ш. Письмо в редакцию //Степь, 1906, №34, 14 июня.
260. Зиманов С.З., Идрисов К.З. Общественно-политические... С.65.
261. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. Алматы. 1964. Б.68. Первая казахская газета “Дала уалаяты” (1888-1902). Автореф. канд. дисс. Алма-Ата. 1949. С.13.
262. Аллаберген К., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасы-ның тарихы (1870-1995). Б.31.
263. Әбдіманов Ө. Қазақ газеті. Б.24.
264. Беннигсен А., Лемерсье-Келькежей Ш. Қазақ баспа сөзі //Қазақстан коммунисті. 1991. № 10. 74 б.
265. Сонда.
266. Боранғалиұлы Т. Ел атауына ақ жол тілеген //Егемен Қазақстан, 1997. 19 қараша.
267. Тайшыбай З. Қазатың қазақтан басқа досы жоқ //Орталық Қазақстан. 1992, 9 мамыр.
268. “Қазақ”, 1917 жыл, № 239.
269. Дулатұлы М. Баспасөз үмесі //Еңбекші қазақ, 1923, 5 мамыр.

270. Сонда.
271. Исақанұлы Д. Барлық мүддеден жоғары //Ақиқат, 1999. № 2. 37 б.
272. Кенжалин Ж. Ұлт рухын ұлығылайтын сөз - баспасөз // Ақиқат, 1998, № 6. 76 б.
273. Сонда.
274. Бекхожин Х. Көрсетілген еңбек. 70 бет.
275. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Көрсетілген еңбек. Б.31.
276. Сонда.
277. "Оренбургский листок". 1904, 1 январь.
278. "Тургайская газета", 1904. 4 январь.
279. "Тургайская газета", 1903. 15 июнь.
280. "И". Новая киргизская газета //Тургайская газета. 1907. 25 март.
281. Сонда.
282. "Ш" Киргизская газета в Оренбурге. //Оренбургский край. 1913. № 80, 6 февраля.
283. Сонда.
284. "И". Новая киргизская газета...
285. Сонда.
286. Сонда.
287. Бекхожин Х. Көрсетілген еңбек. Б.69.
288. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф., Көрсетілген еңбек. Б.32.
289. Бекхожин Х. Көрсетілген еңбек. 69 бет.
290. Сералин М. Құрметті оқушылар! //Айқап, 1911, № 1.
291. "Айқап". Жинақ. Алматы, 1985. Б.20.
292. Сонда.
293. Дулатов М. Шығармалары. Алматы, 1991. 37 б.
294. Дулатұлы М. Шығармалары. Алматы. II-т. Алматы. 1997. 31-32 бб.
295. Сонда. 10-11 бб.
296. "Қазак", 1913, №1.
297. Сонда.
298. Сонда. № 24.
299. Костров А. Печать в дореволюционном Семиречье //Семиреченская правда, 1959, 5 мая.

300. Букейхан А. Избранное. Алматы. 1995. С.75.
301. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Б.141.
302. Боранғалиұлы Т. Ел атауына ақжол тілеген //Егемен Қазақстан, 1997, 19 қараша.
303. ӨР ОММ, 17-Қ.И., 1-т, 17655-іс, 133-п.
304. ӨР ОММ, 17-Қ.И., 1-т., 17655-іс, 133-п.
305. ӨР ОММ, 17-Қ.И., 1-т., 17655-іс, 133-п.
306. ӨР ОММ, 17-Қ.И., 1-т., 17655-іс, 133-п.
307. Боранғалиұлы Т. Көрсет. еңбек.
308. Сонда.
309. "Айқап", Жинақ. Алматы, 1995. Б.25.
310. Боранғалиұлы Т. Көрсет. еңбек.
311. "Қазақстан", 1911, № 2, 1912, № 11 т.б.
312. "Қазақ", 1913, №2, 10 февраль.
313. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы (1870-1995 жылдар). Б.37.
314. Боранғалиұлы Т. Көрсетілген еңбек.
315. Сонда.
316. Сонда.
317. "Айқап". Жинақ. Б.85-86.
318. Сонда. Б.85-86.
319. "Қазақ", 1914. № 53.
320. ОР ОММ. 21 қ. 9 т., 4 іс, 9 п.
321. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. Б.102.
322. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Көрсетілген еңбек. Б.38.
323. "Қазақ", 1913. № 42.
324. Дулатұлы М. Шығармалары. Алматы. 1997. 11 т. Б. 275.
325. "Айқап". Жинақ. 1995. Б.266.
326. Кудабаева Р.С. Дореволюционная национальная периодика Казахстана. Историографический обзор. (1920-1985) //Вопросы истории, историографии и источниковедения Казахстана. Сборник статей. Вып.1. Алматы, 1993. С.25.
327. Қойгелдиев М. Көрсетілген еңбек. Б.147-148.
328. "Қазақ", 1917. № 234.
329. ӨР ОММ, 17- қ.и., 1-т., 17655-іс, 193-п.
330. ӨР ОММ, 17- қ.и., 1-т., 17654-іс, 9-п.
331. ӨР ОММ, 17- қ.и., 1-т., 17654-іс, 10-п.

332. ӨР ОММ, 17- қ.и., 1-т., 17654-іс, 10-п.
333. ӨР ОММ, 17- қ.и., 1-т., 17654-іс, 10-11-пп.
334. ӨР ОММ, 17- қ.и., 1-т., 17654-іс, 11-п.
335. ӨР ОММ, 17- қ.и., 1-т., 17654-іс, 12-п.
336. ӨР ОММ, 17- қ.и., 1-т., 17654-іс, 12-п.
337. Зиманов С. З., Идрисов К. З. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. Алма-Ата: Наука КазССР, 1989. 165. С.64-70.
338. Сонда. Б.68.
339. Сонда. Б.64.
340. Сонда. Б.68.
341. С. М. [Сералин М.] “Айқап”, 1995. Б.85.
342. Алашұғлы Азамат (Дулатов М.) Қазақ халқының бас адамдарына //Айқап, 1911, № 7, Б.2-4.
343. С. М. [Сералин М.] “Айқап”. 1995. Б.85.
344. ОР ОММ 10 қ., 4 т., 442 іс, 138 п.
345. Ор ОММ. 10 қ., 3т., 389 іс, 49 п.
346. Ор ОММ. 10қ., 4т., 442 іс. 148 п.
347. ОР ОММ. 10 қ., 4т., 442 іс, 167 п.
348. Мусульманская печать. //Оренбургский край, 1912. № 155, 14 июля.
349. Сералин М. Құрметті оқушылар! //Айқап, 1991, № 1, 10 январь.
350. Байтұрсынов А. Тағы да жер жайынан. //Айқап, 1911. № 4. Б.1-4.
351. Зиманов С.З., Идрисов К.З. Көрсетілген еңбек. Б.7.
352. Ғалым-библиограф. Алматы: Ғылым, 1997. 136 б. Б.108.
353. Субханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. Алматы. Қазақстан Республикасы, Орталық ғылыми кітапхана, 1999. 834 б. Б.5.
354. Субханбердина Ү. “Айқап” бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. Алматы: Қазмембас, 1961. 156 б. Б.7.
355. Сонда, Б.22.
356. Сонда, Б.51.
357. Сонда, Б.118.
358. Ғалым-библиограф... Б.25-26.
359. Сонда. Б.27.

360. Кенжебаев Б. “Айқап” журналы туралы еңбек //Қазақстан мұғалімі. 1961, № 32, 4 август.

361. Сонда.

362. Ысмағұлов М. “Қазақстан” газетінің шығу тарихы мен оның идеялық мазмұны. Труды Института философии и права АН КазССР. 6-том. 1962. С.275.

363. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. Б.78-104.

364. Нығметов Е. “Қазақстан” газеті. //Білім және еңбек. 1964. № 5.

365. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының... Б.36-52.

366. Бурабаев М.С., Сегізбаев О.А. Идеинные связи общественно-философской мысли Казахстана и России. Алма-Ата, 1987. С.197.

367. Тұрарбеков З. Революцияға дейінгі “Қазақстан” //Зерде. 1990. № 7. Б.46-47.

368. Нығметов Е. “Қазақстан” газеті //Білім және еңбек. 1964. № 5.

369. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің... Б.79.

370. Қазақ журналистикасының... Б.37.

371. Өзбекұлы С. Арыстары алаштың: тарихи очерктер. Алматы: Жеті жарғы. 1998. 192 бет. (52).

372. Субханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары. Б.62.

373. “Қазақ” газеті. Жинақ. 1998. Б.16.

374. Сералин М. Қадірменді оқушылар! //Айқап. 1912. № 1. Жинақ, Б.93.

375. “Қазақстан”, 1911. № 3, 15 декабрь.

376. Бекхожин Х. Көрсетілген еңбек. Б.87.

377. Назарбаев Н. Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын //Егемен Қазақстан. 1998, 15 қаңтар.

378. Ключевский В.О. Көрсетілген еңбек. Б.-8.

379. Не екен ойландырған арыстарды? //Ақиқат, 1998, № 4, Б.78.

380. Нұрпейісов К. Алаш һәм алашорда. Б.26.

381. Қойгелдиев М. Көрсетілген еңбек. Б.141.

382. Сонда. Б.144.

383. Сонда. Б.147.

384. “Қазақ”, 1993, № 266.

385. М.Д. (Дулатов М.) “Айқап” журналы //Қазак, 1914, №51, 21-февраль.
386. Оразай Ф. “Қазак” қайта шыға ма? //Қазак әдебиеті, 1993, 29 қаңтар.
387. Қойгелдиев М. Көрсетілген еңбек. Б.142-143; Әбдіманов Ө. Көрсетілген еңбек. Б.34-35.
388. Қазак газеті. Жинақ. Б.528.
389. Сонда.
390. “Азамат” серіктігі. //Айқап, 1913, № 12. Б.448.
391. Ор ОММ. 10 к., 4 т., 10/17 іс, 49 п.
392. Ор ОММ, 10 к., 4 т., 10/17 іс, 49 п.
393. Ор ОММ. 10 к., 4 т., 10/17 іс. 49 п.
394. Ор ОММ, 10 к, 4 т., 10/17 іс, 48 п.
395. Ор ОММ, 10 к, 4 т., 10/17 іс, 48 п.
396. Ор ОММ; 10 к, 4 т., 10/17 іс, 48 п.
397. Ор ОММ, 10 к, 4 т., 10/17 іс, 48 п.
398. Ор ОММ, 10 к, 4 т., 10/17 іс, 46 п.
399. Ор ОММ. 41 к., 1 т., 81 2іс, 21 п.
400. Қазак, № 91, 1914, 24 декабрь.
401. Ор ОММ, 21 к., 9 т., 4 іс, 326 п.
402. Справочник улиц Оренбурга. 1996. Оренбургское книжное издательство. 160 с. (86).
403. Ор ОММ. 10 к., 2 т., 154 іс, 443 п.
404. Ор ОММ. 10 к., 2 т., 154 іс, 445 п.
405. Ор ОММ. 10 к., 2 т., 154 іс, 444 п.
406. Ор ОММ. 10 к., 2 т., 154 іс, 446 п.
407. “Қазак”, 1913, № 1.
408. Сонда.
409. Сонда, № 2.
410. Сонда. 1917, № 234.
411. Дулатов М. Қазак баспаханасы //Қазак, 1917. № 239.
412. Әбдіманов Ө. Көрсетілген еңбек. Б.40-44.; Қойгелдиев М. Көрсетілген еңбек. Б.149-150.; Субханбеердина Ү. “Қазак”, “Алаш”, “Сарыарқа”, Алматы, 1993, Б.8-9.
413. “Қазак” газеті. Жинақ. Алматы. 1998. 532-бет.
414. ОР ОММ. 21 к., 9 т., 4 іс, 17 п.
415. “Қазак”, 1914, № 76.
416. ОР ОММ. 21 к., 9 т., 4 іс, 331 п.

417. ОР ОММ. 21 қ., 9 т., 4 іс, 332 п.
418. ОР ОММ. 21 қ., 9 т., 4 іс, 332 об. п.
419. Дулатұлы М. Он алтының ойраны //Еңбекші қазақ, 1926, № 45.
420. Бөкейханов Ә. Шығармалар. Б.142.
421. “Қазақ” газеті. Жинақ. Б.421.
422. Победа Вел.Окт.Рев. в Казахстане и образование КазАССР. Док. № 46. Алма-Ата, 1947. С.95.
423. Мадияр (М.Дулатов) Құрметті оқушылар! //Қазақ, 1918. N263.
424. Бекхожин Х. Көрсетілген еңбек. Б.121.
425. “Қазақ” газеті. Жинақ. Б.436.
426. Сонда. Б.444.
427. Сейфуллин С. Бес томдық шығармалар жинағы. 4 том. Тар жол тайғақ кешу. Алматы: Жазушы, 1988. 448 б. Б.114-115.
428. Сонда. Б.-115.
429. “Қазақ” газеті. Жинақ. Б.428.
430. Сейфуллин С. Көрсетілген еңбек. Б.-8.
431. “Қазақ”. Жинақ. Б.-430.
432. Сейфуллин С. Көрсетілген еңбек. Б.123.
433. Сонда. Б.120.
434. Сонда. Б.-121.
435. Сақов Қ. “Қазақ” - өзін-өзі қаржыландырған газет // КазМУ хабаршысы. Журналистика сериясы. 1998. № 2. Б.37.
436. Сонда.
437. Сонда.
438. “Қазақ”, 1993. № 266.
439. Жармұхамедұлы М. Ахмет ишан әулеті //Ана тілі. 1992. № 20, 21 мамыр.
440. Сонда.
441. Тіней Оразайдың Мұртазасының Файзолласы. “Қазақ” қайта шыға ма? //Қазақ әдебиеті. 1993. 29 қаңтар.
442. “Қазақ”. 1914. № 49.
443. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Б.150.
444. Сонда.
445. ОР ОММ. 21 қ., 9 т., 4 іс, 225 п.
446. “Қазақ” 1915. № 101.
447. “Қазақ” газеті. Жинақ. Б.86.

448. Сонда. Б.372.
449. Сонда. Б.432.
450. Әуезов М. Ақанның елу жылдық тойы (юбилей) //Ақ жол. 1923, 4 февраль.
451. Сонда.
452. “Қазақ” 1913. № 1.
453. Әуезов М. Көрсетілген еңбек.
454. Әлихан (Бөкейханов) Роман бәйгесі //Қазақ. 1915. № 120. 18 апрель.
455. ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архиві, 011494-іс, 6-томы, 1929 ж. 1 қаңтар //Ақиқат. 1998. № 3, Б.68.
456. Құрметті оқушылар! //Қазақ, 1913, № 1, 2 январь.
457. Орынбор, 2 февраль //Қазақ, № 216. 2 февраль.
458. Сонда.
459. Жер мәселесі //Қазақ, 1913. № 10, 12 апрель.
460. “Қазақ” газеті. Жинақ. Б.321-323.
461. Орынбор, 2 февраль //Қазақ, 1917. № 216, 2 февраль.
462. Әуезов М. Көрсетілген еңбек.
463. “Қазақ” газеті. Жинақ. Б.328.
464. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы. 1989. Б.30.
465. Дулатов М. Шығармалары. Алматы. 1991. Б.214.
466. “Қазақ”. 1913. № 1.
467. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Алматы. 1995. Б.88.
468. Сонда. 421 б.
469. “Қазақ”, 1913. № 12. 28 апрель
470. Бөкейханов Ә. Шығармалар. Б.299-300.
471. Сонда. Б.302.
472. Сүлейменов О. Азия. Б.175.
473. Бөкейханов Ә. Көрсетілген еңбек. Б.302.
474. Сонда.
475. Сонда. Б.303.
476. Сонда. Б.305.
477. Сонда. Б.307.
478. Байтұрсынов А. Ақ жол. Б.399.
479. Сонда.
480. Сонда.
481. Сонда.
482. Сонда.

483. Сонда.
484. Сонда. Б.398.
485. Сонда.
486. Сонда.
487. Сонда.
488. Сонда.
489. Сонда.
490. Сонда.
491. Қозыбаев М. Ғұмырнама жанрын зерттеу мәселелері // Қазақ тарихы, 1997. № 4. 42 б.
492. "Қазақ" газеті. Жинақ. 157 б.
493. Сонда. 258-259 бб.
494. Сонда. 259-бет.
495. Сонда. 363-бет.
496. "Қазақ". 1913. № 1.
497. "Қазақ" газеті. Жинақ. 82 б.
498. "Қазақ" газеті. Жинақ. Б.557.
499. Дулатұлы М. Көрсетілген еңбек. Б.30.
500. "Қазақ" газеті. Жинақ. Б.16.
501. Сонда. Б.20.
502. Байтұрсынов А. Ақ жол. Б.399.
503. Дулатұлы М. Көрсетілген еңбек. Б.285.
504. Дулатұлы М. Қазақ-қырғыз тарихы туралы //Шолпан, 1923. № 3-5 //Қызыл Қазақстан. 1923 ж. № 17-18.
505. "Қазақ" газеті. Жинақ. Б.15-16.
506. Сонда. Б.103.
507. Сонда. Б.209.
508. Субханбердина Ү. Көрсетілген еңбек. Б.86.
509. Дулатұлы М. Көрсетілген еңбек. Б.287.
510. Сонда. Б.-285.
511. "Қазақ" газеті Жинақ. 15 бет.
512. Дулатұлы М. Көрсетілген еңбек. 282 б.
513. //Түркістан газеті. 1997 ж. 16-22 көкек.
514. Егізбаев Қ. Алаштың арысы - Райымжан Мәрсеков //Қазақ тарихы. 1999, № 2. Б.43.
515. Ом ОММ, 25 к., 2 т., 1 іс, 5 п.
516. Ом ОММ, 25 к., 2 т., 1 іс, 21 п.
517. Ом ОММ, 25 к., 2 т., 1 іс, 29 п.

518. Назарбаев Н. Тарих толқынында. Б.163.
519. Басқарма. Орынбор. 9 январь //Қазақ, 1914, № 45, 9 январь.
520. Субханбердина Ү. “Қазақ”, “Алаш”, “Сарыарқа”. Б.200.
521. Бөкейханов Ә. Тағы соғыс //Қазақ. Жинақ. Б.104.
522. Ішкі хабарлар //Қазақ 1913. № 10.
523. Күмісбайұлы Ш. Атақты мектеп атаусыз қала ма? //Қазақ елі. 1998, 16 қаңтар.
524. Сонда.
525. Мамания: Тарихи деректер, естеліктер, өлеңдер, құжаттар, пікірлер (Құраст.: Ж.Қалиұлы). Алматы: Атамұра, 1999. 272 б.
526. Сонда.
527. “Қазақ” газеті. Жинақ. Б.232.
528. “Қазақ”, 1913, № 3.
529. Әбдіманов Ө. “Қазақ” газеті. Б.44.
530. Бөкейханов Ә. Шығармалар. Б.172-173.
531. “Қазақ” газеті. Жинақ. Б.15.
532. Құрметті, бас жазушы! //Қазақ. Жинақ. Б.25-26.
533. Сонда. Б.117.
534. Дулатов М. Шығармалар. II-том. Б.249.
535. “Қазақ” газеті. Жинақ. 73 б.
536. Сонда. Б.74.
537. Әуезов М. Көрсетілген еңбек.
538. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. I-том. Алматы: Жазушы, 1986. 304 б. Б.222.
539. Сонда. Б.76.
540. Қыр баласы. Сайлау //“Қазақ”, № 17.1913, 9 июнь.
541. ҚР ОММ. 77 к., 601 іс, 129-131 пп.
542. Абай. Көрсетілген еңбек. 104 б.
543. “Қазақ”, 1913, №17.
544. ҚР ОММ. 76 к., 1 т., 464 а іс, 7 п.
545. ҚР ОММ. 76 к., 1 т., 455 іс, 44 п.
546. ҚР ОММ. 76 к., 1 т., 471 іс, 62 п.
547. “Қазақ” газеті. Жинақ. Б.75.
548. Абай. Көрсетілген еңбек. I том. Б.90.
549. Сонда. II-том. Б.-95-96.
550. А.Б. Қазақтың бас ақыны. “Қазақ” газеті. Жинақ. 71 бет.
551. 2 февраль //“Қазақ”, 1914. № 49. 7 февраль.

552. Өткен жыл қазаққа қалай болды? //“Қазақ” газеті. Жинақ. Б.418.
553. Ахмедов Ғ. Ахаңның өмір кезеңдері //Жұлдыз. 1989. № 6, 110 б.
554. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. М., 1994; Нүрпейісов К. Алаш Һәм Алаш орда. Алматы, 1995; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы. 1995.
555. ҚР ОММ. 77 қ., 1 т., 2397 іс, 1-3 п.
556. ҚР ОММ. 77 қ., 1 т., 2404 іс, 1-3 п.
557. ҚР ОММ. 77 қ., 1 т., 2411 іс, 1-3 п.
558. ҚР ОММ. 77 қ., 1 т., 2419 іс, 1-4 п.
559. Сейфуллин С. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.4. Тар жол тайғақ кешу. Алматы. 1988. Б.60.
560. Сонда.
561. Әлімжанов Ә. Мұстафа Шоқай!... Ол кім? //Қазақ әдебиеті. 1991 жыл, 24 мамыр.
562. Сейфуллин С. Көрсетілген еңбек. Б.60.
563. Сонда. Б.74.
564. ҚР ОММ. 15 қор, 2 тізбе., 422 іс, 47 п.
565. Сейфуллин С. Көрсетілген еңбек. Б.181.
566. “Сарыарқа” газеті, 1917 жыл, 15 шілде. № 5.
567. Сейфуллин С. Көрсетілген еңбек. Б.74.
568. Сонда. Б.180.
569. Аймауытов Ж. Түр, бұқара //Сарыарқа, 1917, № 2.
570. Ташкент, 20-шы август //Бірлік туы, № 6, 20 август.
571. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. М., 1994. С. 26.
572. Чокаев М. Туркестан под властью Советов. Алма-Ата, 1993. С.78.
573. Қойгелдиев М. Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқайұлы. Алматы. 1997. Б.-41.
574. ҚР ПМ. 141-қ., I-т., 479 “А” - іс, 1-2 бб.
575. Печать СССР за 50 лет. Статические очерки. М., 1967, С.131.
576. “Туркестанские ведомости”, 1917 г. 16 декабрь.
577. Амандосов Т. Верныйдағы большевиктік туңғыш қазақ газеті. Алматы. 1959. Имашев С. Зарождение коммунистической печати в Казахстане. Алма-Ата. 1961. Т.б.

578. Имашев С. Свет ленинских идей. Алма-Ата, 1985. С.81.
579. "Қазақ", 1917 жыл, 11 август.
580. Имашев С. Көрсететілген еңбек. С.59-60, 81.
581. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. Б.59-60.
582. "Семиреченские ведомости", 1917 год, 17 декабрь
583. Имашев Х. Аталған еңбек. Б.59.
584. Бекхожин Х. Аталған еңбек. Б.59.
585. Сонда. Б.62-63.
586. Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу. Б.77-79.
587. "Советская степь", 1930 г., 15 апрель.
588. Туркестанские ведомости. 1917. 8 август.
589. "Семиреченские ведомости". 1917. 12 август.
590. КПСС тарихы. Лекциялар курсы. 1988. Б.416.
591. Сонда. Б.419.
592. Сонда. Б.420.
593. Пословский Ю. Түркістандағы революциялық-демократиялық органдардың мемлекеттік маңызы //Туркестанский курьер. 1917 г., 5 сентябрь.
594. "Туркестанские ведомости". 1917 год, 16 сентябрь.
595. Сонда. 17 сентябрь.
596. Өлкелік мұсылмандар съезінің қаулысы //Туркестанские ведомости. 1917 жыл, 6 қазан.
597. Чокаев М. Туркестан под властью Советов. Алма-Ата, 1993. С.16-19.
598. "Туркестанские ведомости". 1917 год, 36 октябрь.
599. "Туркестанский курьер". 1917 год, 23 август.
600. Дмитриев Г. Эгоистическая тактика рабочего класса //Туркестанский курьер. 1917 год, 23 август.
601. "Туркестанский вестник", 1917 год, № 21, 9 декабрь.
602. Автономия Туркестана //Туркестанский вестник. 1917, № 15, 1 декабрь.
603. Сонда.
604. Сонда.
605. Сонда.
606. Үндеу //Туркестанский вестник, № 18, 1917, 5 декабрь.
607. Сонда.
608. "Туркестанский вестник, № 206, 1917, 8 декабрь.
609. Сонда.

610. К автономии Туркестана //Туркестанские ведомости. № 185, 1917, 2 декабрь.
611. Мұсылмандар кіммен бірге? //Туркестанские ведомости. № 186, 1917, 3 декабрь.
612. Пославский Ю. Воля Туркестана к самоопределению //Туркестанский вестник. № 19, 1917, 6 декабрь.
613. Телеграмма //Туркестанский вестник, № 21, 1917, 9 декабрь.
614. “Бірлік туы” газеті. № 14, 1917, 8 ноябрь.
615. Екі талай күндер //Бірлік туы, № 14, 1917, 8 ноябрь.
616. Мемлекет халі //Бірлік туы, № 14, 1917, 8 ноябрь.
617. Сонда.
618. Түркістан автономиясы //Бірлік туы, 1917. № 17.
619. Қазіргі күй //Бірлік туы, 1917, № 15.
620. Сонда.
621. Қожанов С. Большевиктер //Бірлік туы, 1917, № 16.
622. Сонда.
623. Қожанов С. Өзіміздің большевиксінгендерге //Бірлік туы. 1918, № 22.
624. Сонда. 1918. № 23.
625. Сонда.
626. Сонда.
627. Сонда.
628. Сонда.
629. Сонда.
630. Сонда.
631. Қоқан қырғыны //Бірлік туы, 1918, № 25.
632. Сонда.
633. Сафаров Г. Колониальная революция. Алматы, 1996. С.130.
634. “Бірлік туы”, 1918. № 28.
635. Сонда, 1918. № 29.
636. Сонда.
637. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. Алматы, 1992. Б.76.
638. Сафаров Г. Колониальная революция. С.115.
639. Сонда.
640. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Б.343-344.
641. Назарбаев Н. Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын //Егемен Қазақстан. 1998, 15 қаңтар.

642. “Қазақ”, 1918, № 258.
643. Сонда.
644. Мадияр. Құрметті оқушылар! //Қазақ. № 261. 23 июль.
645. Орынбор, 1 январь. //Қазақ. 1918. № 258. 5 январь.
646. Сонда.
647. Сонда.
648. Демагогия //Қазақ. № 259, 1918. 12 январь.
649. Сонда.
650. Торғай облысының халқын. //Қазақ. Жинақ. Б.426.
651. Сонда.
652. Сонда.
653. Ж. Ж. Аттан Алаш азаматы //Қазақ. № 262, 1918. 30 июнь.
654. Мадияр. Қайтсек жұрт боламыз //Қазақ. № 264, 1918. 10 сентябрь.
655. Сонда.
656. Жолаушылар //Қазақ. Жинақ. Б.431.
657. Сонда.
658. Жәнібеков Ж. Алаш құрбандары //Қазақ. № 262, 1918. 30 июнь.
659. Міржақып. Тағы құрбан //Қазақ. Жинақ. Б.435.
660. Ахмедов Ғ. Алаш “Алаш” болғанда. Алматы. 1996. 20 б.
661. “Сарыарқа”. 1918. 18 март, № 34.
662. “Қазақ”, № 262, 1918. 30 июль.
663. Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу. Б.136.
664. “Қазақ”, № 261, 1918. 23 июль.
665. Сонда.
666. Сейфуллин С. Көрсетілген еңбек. Б.121-122.
667. ЦГА ОР. Ф393, оп.2, д.99, лл.6-10. Победа Вел. Окт. соц. рев. в Казахстане 1917-1918 гг. Сб. документов и материалов. Алма-Ата, 1957. № 175, 182.
668. ЦГА ОР. Ф393, оп.2, д.64, л.3. Победа Вел.Окт.
669. ЦГА ОР. Ф393, оп.2, д.64, л.3. Победа Вел.Окт.
670. “Қазақ” газеті. Жинақ. Б.445.
671. “Қазақстан ұлттық энциклопедиясы”. Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998. 720 б. (132).